



«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ» ЖОБАСЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Көшербаев Қ.Е., төраға

Әзібаева Б.У.
Әлбеков Т.К.
Жүсіпов Н.Қ.
Керім Ш.Т.
Қазтуғанова А.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қирабаев С.С.
Қоңыратбай Т.Ә.
Қорабай С.С.
Матыжанов К.І.
Пангереев А.Ш.
Рахымов Б.С.
Ыбыраев Ш.Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

7

ТОМ

ПРОЗАЛЫҚ
ФОЛЬКЛОР

Ертегілер

Алматы, 2020

УДК 398
ББК 82.3
Д15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Матыжанов К.І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*),
Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*),
Елесбай Н. (*жауапты шығарушы*),
Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: Профессор, доктор Мехмет Нажы Онал (*Түркия*),
филология ғылымдарының докторы, профессор Сейітжанов З.,
филология ғылымдарының кандидаты Әбжет Б.

Д 15 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 7: Прозалық фольклор:
Ертегілер / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Елесбай Н.,
Набиолла Н. – Алматы: Brand Book, 2020.

ISBN 978-601-08-0093-9

Т. 7: Прозалық фольклор: Ертегілер. – 2020. 488 б.

Дала фольклоры антологиясының 7-томы «Прозалық фольклордың» ертегі жанрына арналған. Томға хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық, сатиралық ертегілердің таңдаулы үлгілері топтастырылды.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82.3

ISBN 978-601-08-0093-9

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2020



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

... Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемге дәріптеуге тиіспіз.

**Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Дала фольклорының антологиясы» он томдығының 7-томына ертегілердің таңдаулы үлгілері енгізілді. Ертегі — халық прозасының дамыған, көркемделген арналы бір саласы. Бұл жанрдың түп-төркіні алғашқы қауымда пайда болған көне мифтен, аңшылар туралы әңгімеден, хикаядан, түрлі наным-сенімдерден бастау алады. Ол даму үрдісінде осы жанрлардың қажетті қасиеттерін бойына сіңіріп, толығып отырды. Ертегі көркем жанр, сөз өнері ретінде алғашқы қауымның таптық қоғамға ауысқан кезінде қалыптасқан. Ол сан ғасырлық тарихында әр дәуірдің, түрлі қоғамның болмысы мен түсінік-пайымдарының ықпалын, қалдырған ізін кейінгі заманға жеткізді. Әсіресе көшпелі қоғамның бүкіл өмір шындығын көркем бейнеледі. Ертегілердегі хандық кезеңнің көрініс беруі де осыдан. Қазақ хандығының тұсында ертегі халық әдебиетінің барлық жанрларымен тығыз байланысып, біртұтас фольклорлық жүйенің құрамында дамыды.

Ертегінің жанрлық түрлері туралы ғалымдар арасында түрлі пікірлер қалыптасқан. Томды баспаға дайындау барысында жетекші фольклортанушылардың, ғылыми сарапшылардың, құрастырушылардың қолдауымен қазіргі фольклортану ғылымында орныққан академик С. Қасқабасовтың жүйесі қабылданып, оның жанрлық түрлері хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық, сатиралық ертегілер деп алынды.

Ертегілердің ел арасынан жиналып, хатқа түсуі, жариялануы, зерттелуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталып, ХХ ғасырда ерекше белең алды. Бұл бағытта Ш. Уәлиханов, Ү. Алтынсарин, Г. Потанин, В. Радлов, А. Алекторов, А. Васильев, Н. Пантусов, Ә. Диваев, О. Әлжанов, М. Көпеев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Б. Адамбаев, Ф. Ғабитова т.б. ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері елеулі еңбек етті. Олардың арасынан В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири

и Джунгарской степи» (1870), Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (1879), Г. Потаниннің «Казахские, алтайские предания, легенды и сказки» (1916) т.б. атты еңбектерін атап өтуге болады. Кеңестік кезеңде жинау, жариялау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, Ә. Диваевтың «Тарту», (1924) жинағында, кейін үш томдық «Қазақ ертегілері» (1957 – 1964) «Хайуанаттар туралы ертегілер» (1979), «Халық әдебиеті» сериясымен жарық көрген төрт томдық «Қазақ ертегілері» (1988 – 1989), ел тәуелсіздігінен кейінгі жылдары «Бабалар сөзі» жүз томдығы аясында дайындалған бес томдық топтамада басылым көрді.

Ертегінің тарихилығы, типологиялық сипаттары, нұсқалық ерекшеліктері, текстологиясы, көркемдік табиғаты туралы әр кезеңдерде М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов, Е. Костюхин, Е. Тұрсынов, Б. Әбжет, З. Искакова т.б. ғалымдар арнайы еңбектер жазды.

Баспаға дайындау барысында томның құрылымдық жүйесі «Дала фольклорының антологиясы» он томдығының талаптары бойынша жасақталды. Жинақталған ертегілер қадым, латын жазуындағы түпнұсқа мәтіндерімен салыстырылып, қате оқылған сөздер, қалып қойған, болмаса редакцияланған сөз, сөйлемдер, тіркестер қайта қалпына келтірілді. Антологиялық жинақ негізінен, оқушылар мен студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналғандықтан, мәтіндерде кездесетін кейбір бейәдеп сөздер мен тіркестер қысқартылып, орнына көп нүкте, не болмаса баламасы тік жақшаға алынып берілді. Ішінара мәтіндерде оқырмандарға оғаш көрінетін «арақ, шарап» сөздері кездеседі. Олар негізінен бас қаһарманды алдап-арбау, қолға түсіру мақсатында қолданылады. Сондықтан мұндай сөздер түпнұсқа бойынша жіберілді. Мәтіндерде кездесетін түсініксіз, көнерген, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге түсінік берілді. Ертегінің түрлері туралы сипаттамаларға С. Қасқабасовтың зерттеу еңбектері, иллюстрациялық әрлеу жұмыстарына Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының қорындағы суреттер және Е. Оспанұлының суреттері пайдаланылды.

Томның қосымшасында ертегінің жанрлық түрлеріне қысқаша сипаттамалар жазылып, иллюстрациялық суреттер, белгілі жинаушы-зерттеушілердің фотосуреттері мен қысқаша өмірбаяндары, ертегі кейіпкерлеріне байланысты танымдық суретті сөздік,

пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) берілді. Томның электронды, аудио нұсқалары қатар дайындалды. Ертегілердің мәтіндерін оқуға елімізге танымал актерлер мен дикторлар тартылып, арнайы аудиостудияда жазылды. Олардың дерегін білдіретін арнайы коды кітаптың мұқабасында көрсетіліп, электронды нұсқасы Қазақстанда беделді сайттар мен порталдарға жүктелді.

Томның кітаби, электронды және аудио нұсқаларының сапалы дайындалып, әлемдік стандарттарға сәйкес шығуына атсалысқан ғалымдарға, редактор мен корректорларға, мәтін оқушыларға, студия мамандары мен техникалық қызметкерлерге, барша жанашыр қауымға ризашылығымызды білдіреміз.



Түлкі мен бөдененің жолдас болуы.
Суретші А. Дүзелханов.

ХАЙУАНАТТАР ТУРАЛЫ ЕРТЕГІЛЕР

Хайуанаттар туралы ертегілердің түп негізі ежелгі замандағы көне ұғымдар мен наным-сенімдерден, мифтен, аңшылық әңгімелерден бастау алады. Олар ішкі жанрлық сипаты жағынан үш топқа жіктеледі. Алғашқысы – этиологиялық ертегілер. Оның шығу тегі көне мифтермен тығыз байланысты болғандықтан, шығармаларда хайуанаттардың мінез-құлқының, іс-әрекеттерінің ерекшеліктері, пайда болуы кеңінен түсіндіріледі. Этиологиялық ертегіні өзге жанрлық түрлерден таралап тұратын басты ерекшелік – оның сипаты түсіндірмелі, себеп-салдарлы болып келеді. Атап айтқанда, бұған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Бөгененің құйрығы неге қысқа?», «Қасқыр неге ұлиды?» сияқты ертегілердің тақырыптары айқын дәлел болады. Шығармаларда «Аң-құс не себепті белгілі сипаттармен тараланады?» деген сұраққа жауап беріледі.

Екінші топтағы хайуанаттар туралы классикалық ертегілер аса мол сақталып, халық арасында кеңінен таралған. Олардың өзіндік ерекшелігі – этиологиялық ертегілер сияқты көне мифтік және діни ұғымдар көп кездесе бермейді. Бұл санаттағы ертегілердің негізгі сюжеттері әлем халықтарының фольклорында қалыптасып, тұрақталып қалған оқиғалардан құрылады. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл ертегілердің көбі типологиялық жағдайда әр халықта болған ұқсас қоғамдық, әлеуметтік себептен туындаған. Екіншіден, қазақ халқының этногенезін құраған рулар мен тайпалар бірнеше түркі тектес халықтардың құрамында кездеседі. Яғни халықтың сыртқы эмиграциясы әдеби-мәдени құндылықтардың да кеңінен таралуына ықпал етті. Сондықтан қандас, туыстас елдердің ертегілік сюжеттерінің ұқсас болып келуі – заңдылық. Үшіншіден, қазақ халқының әлемнің өзге елдерімен тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік, сауда-саттық қарым-қатынастары арқылы ауыс-түйіске түскен сюжеттер де аз емес.

Хайуанаттар туралы ертегілердің соңғы тобын мысал ертегілер құрайды. Бұл шығармаларда жануарлар бейнесі шартты түрде алынғанымен, мән-маңызы ашық айтылады. Туындының мазмұны белгілі бір моральдық қағида мен тұжырымдарды дәлелдеуге бағытталады. Сол себепті де ертегінің қорытынды-түйіні афоризмге аяқталып отырады. Ертегінің айтылу мақсаты да осыны дәлелдеуді көздейді.

Хайуанаттар туралы ертегілердің тарихилығы, типологиялық сипаттары, нұсқалық ерекшеліктері, көркемдік табиғаты туралы М. Әуезов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов т.б. фольклортанушы ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Томды баспаға дайындау барысында ертегілердің қолжазба нұсқалары, әр жылдары жарияланған басылымдары өзара салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде таңдаулы үлгілері іріктеліп, томға ұсынылды.

Қарлығаштың құйрығы неге айыр?

Күндердің бір күні жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға мынадай арыз айтады:

— Мені Тәңірім сендердің бәріңнен кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ, басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендердің бәрің бір бүтін тілдісіңдер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздың ішіндегі сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсыңның жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың, ондайлар әрдайым әділ келеді, сен барлығымызға патша да бола аласың», — деп, сөзбен болса да жұбатып кетпейсіңдер, — деп, ол екі көзінен қанды жасын сорғалатып, ағыл-тегіл жылайды.

Жанды-жансыздардың барлығы жыланға аяныш білдіріп, өкпесін орынды көреді. «Қарасың деп қақпайтын, қара қылды қақ жарған, ақ жүрек ақылшымыз болар», — десіп, өздеріне патша етіп сайлайды.

Жыл артынан жыл, күн артынан күн өтіп жатады.

Күндердің күнінде жыланекең: «Бүкіл әлемге патша болып, барлық билікті өз қолыма алсам, бұдан да жақсы тұрар едім. Көзіме көрінген тамақты ішпей, дүниедегі жандылардың ең тәтті қандысын жер едім», — деп қиялдайды. Қан дәмін айыра алатындарды шақырады. Қос қанатын делдитіп, аяқтарын шілтитіп, қуарып шіркей, тұмсығын едірейтіп сона — патшаның көңілін табам деушілердің бәрі келеді.

Патша осылардың ішінен шіркей мен сонаға:

— Жер жүзін аралап, өсімдіктердің дәмін татып, жанды-жансыздың қанын сорып қайтыңдар. Тек бұлар ғана емес, қаттыдан тастың, жұмсақтан топырақтың да дәмін алыңдар. Дүниедегі ең тәтті зат бұдан былай менің тамағым болатындай етіңдер, — деп, уақыт кесіп, бүкіл әлемді шарлатып жіберіпті.

Күн артынан күн өтіп, патшаның кесіп берген мезгілі де жетеді.

Шіркей әлсіздігінен жел болса, шөптің түбіне қашып тығылып, тымықта ыңылдап ән салғансып жүріп кешігіп қалады. Ал сона өсімдік пен жандылардың ең тәттісін біліп алып, патшасына қарай әуелей ұшып, әндетіп келе жатқанда, қарлығаш кез болады да:

— Иә, досым, патшамызға ең тәтті тамақ іздеп кетті деп естіп едік, таптың ба? — дейді.

Сона қарлығашты менсінбей, сұрағына жауап қатпай, бұрынғыдан да бетер зулай жөнелді.

— Ә-ә, түсіндім, түсіндім! Жолың болып, іздегеніңді тапқан екенсің, досым... Азаматсың өзің! Сенің ептілігіңді, еш нәрседен тайынбайтын беттілігіңді білгенмін. Осы қасиетіңді енді барлық қанаттыларға айта жүретін боламыз, — деп, қарлығаш сонадан сыр тартып, мадақтай сөйлейді.

Бұл мақтауға сонаның есі шыға мақтанып:

— Патшамыздың тамағына кімді тапқанымды білесің бе?

— Е, сона досым, мен не білуші едім? Сізден денемнің үлкендігі болмаса, ақылым аз емес пе? Сіз патшаның ақылшысысыз. Кәне, төрем, айтыңызшы, ардақты патшамыздың тамағына кімді таптыңыз?

Сона еліре түсіп:

— Дүниеде патшамызға лайықты ең тәтті тамақ адам қаны екен.

«Ім, адам сияқты ақылды да айлалы жан домаланған сілімтік жарым-жанға жем болып қала ма?!» — деп, қарлығаш бір амал ойлайды.

— Менің ақылымның қысқалығы осы емес пе, сона төрем! Адамның қаны тәтті дегеніңізге сенер-сенбесімді білмей келем. «Дүниеде тәтті қанды тауып, дәмін татқанның тіліне алтын мөр¹ түсіп қалады», — деп, шешем көп айтушы еді. Кәне, тіліңізді шығарып, мөріңізді көрсетіңізші. Алтын мөрге көз салғанның өзі біз үшін үлкен бір медеу ғой.

Бұл мақтауға елірген ессіз сона:

— Көрсең, көре ғой, байғұс! — деп тілін ұсынады. Қарлығаш шап беріп, сонаның тілін жұлып алғанда, ол сөйлей алмай, ыз-ыз етіп, патшасы жыланға қарай ұша жөнеледі.

«Қош, тілің жұлынды. Аузыңа құм құйылды. Адамның қанының тәттілігін енді қалай түсіндірер екенсің!» деген оймен қарлығаш артынан ұшады.

Сона бірдемелерді айтқысы келіп, ыз-ыз етіп зар қағады. Бірақ жыланға еш нәрсені түсіндіре алмайды.

— Мұның тілі аузынан түсіп қалған ба? Жыңданған ба? Мынаның не деп тұрғанын түсінгендерің бар ма? — деп, жылан тұрғандарға қарайды.

— Өте түсінікті, патшам! — дейді қарлығаш сонда.

— Түк көрмей кетейін бірдеңе ұқсам, кәне, түсінсең айтшы, не деп тұр?

— «Бізыңдап ұшып жүріп бүкіл әлемді араладым. Бірақ неше түрлі өсімдікті өзі өсіріп шығарған топырақтан басқа еш нәрсені таппадым», — дейді, патшам!

Тілі сөйлеуге жарамаса да, құлағы сау сона мұны естігенде жаны шығып кете жаздайды. Ол ызыңдап кеп қарлығашқа екі-үш рет соқтығады да, жыланның алдына барып, жылап жібереді.

— Ә-ә, мұның тіліне бір пәле қылған сен екенсің ғой! — деп, жылан қарлығашқа атылып кеп кетеді. Қарлығаш ұша жөнеледі.

Жылан ұша жөнелген қарлығаштың құйрығын ғана тістеп қалады. Жылан содан былай топырақ жалап, ал сона ызылдап қалады. Адам жылан көрсе, өлтіріп езетін болады. Қарлығаш жыланнан қорқып, адамды дос тұтып, үйдің ішкі төбесіне ұя салады, бірақ оның құйрығы кем — екі айыр болып қалады.

¹ Мөр — 1) бір нәрсені растау, куәландыру үшін басатын, бетін ойып жазған жазуы бар мемлекеттік мекеме белгісі, 2) мөрдің қағазға түскен таңбасы.

Бөдененің құйрығы неге қысқа?

Бұл былай болған екен. Ертеде мынау төмен жақта бір биік тау болыпты. Ол таудан әрі қарай ешбір құс асып өте алмапты. Нелер ұшқыр, қыран құстар талаптанып көріпті. Бірақ шамалары келмепті. Бүркіттің ұшқыш қыраны келіпті, аса алмапты. Қырғидың атақтысы келіпті, ол да аса алмапты. Ең соңында енді кім қалды дегенде, бөденеден басқаның бәрі сыннан өтіп біткен екен. Бөдененің атақтысы шақырылыпты.

«Тәуекел!» — деп, бөдене ұша жөнеліпті. Шырқап көтеріліп барып, таудан ол да аса алмапты. Содан соң ызаланған бөдене зымырап құйылғаннан құйылып кеп тауды көкірегімен соққан екен дейді. Сонда ол таудың ар жағынан бір-ақ шығыпты. Міне, содан бері қарай бөдене қонғанда аяғымен қонбайды, көкірегін жерге соға қонады. Ал құйрығы неге қысқа десек, әлгі тау тесігінің арасында жұлынып қалып қойыпты... Әйтпесе бұрын бөдененің құйрығы қырғауылдың құйрығындай ұзын болған екен.

Сөйтіп биік таудан аса алмаған құстар ары қарай бөдене тескен тесіктен өтіп барыпты дейді.

Мысық неліктен тышқан жейді?

Ерте, ерте, ертеде мысық пен тышқан өте тату жүретін дос екен. Олар тапқандарын бөліп жеп, ойнап-күліп жүріпті.

Сол кезде адамзат жыл мүшелдерін белгілеу үшін бір жылы хайуанаттарды жинап, сайлам жүргізбек болыпты, бұл сайламға хайуанаттардың барлығы қатысуы керек екен. Ертең сайлам жүргізіледі деген күні ұйқышыл мысық таңертең ұйықтап қалып сайламнан құр қалмайын деген ойымен қағылез досы тышқанға:

— Ағайын, ертең сайламға бірлікте барайық. Ұйқының қаттылығын өзің білесің, таңертең мені сөзсіз оятып қой, ертерек барайық, — депті.

— Қам жеме, мысық аға, мен таң атпай оянғаныммен, сені оятпай қайтіп жалғыз барамын, — депті тышқан. Бірақ ол түніменен ойға батып, сайламға қатынасатындардың саны көбейіп кетсе, маған жыл тимей қалуы мүмкін деген байламға келіпті. Таңертең елең-алаңда орнынан тұрып, қасындағы мысықты оятпай, өзі жалғыз сайламға жетіп барады.

Сайлам барысында тышқанның жолы оңынан келіп, он екі жыл мүшелінің біріншісі болып сайланады.

Тышқан қайта оралғанда орнынан енді тұрған мысық:

— Сайламға қашан барамыз? — деп сұрайды.

— Әлі ұйықтап түс көріп тұрсың ба?! — дейді тышқан мазақтай күліп. — Сайлам аяқталғалы қашан, мен сайланып қана қоймастан, біріншілікті қолдан бермедім.

— Мені неге оята салмадың?! — дейді мысық ренжіп.

— Ұмытып қалыпшын, — дейді тышқан.

Ашуланған мысық мұртын едірейтіп: «Оңбаған, бетсіз! Тұқымыңды құртайын!» — деп, оқша атылып барып, тышқанды бассалып, қылғындырып өлтіреді де, жеп қояды. Бірақ мысық әлгі тышқанды өлтіргенімен, өзі жыл мүшелігіне ие бола алмайды. Сөйтіп күні бүгінге дейін мысық тышқанды көрсе, бассалып қысып, мылжа-мылжасын шығарып жеп алатын болыпты.

Ит неліктен ырылдайды?

Бұрынғы заманда бір байдың бір ит, бір мысығы бар екен. Иті кәрі, мысығы жас екен. Күндердің бір күнінде әлгі бай ит пен мысыққа жұмыс тапсырыпты. Ол:

— Екеулерің ана ауылдағы қызыма мына алтын жүзікті апарып беріңдер. Мысық, сен жүзікті алып жүр, ит саған жол бастасын. Сақтанып жүріңдер, жүзікті жоғалтып қоймаңдар, — дейді.

Олар жолға шығып, жарым жолға жеткенде алдарынан бір өзен кез болады. Өзенде көпір жоқ екен. Сонан олар өзеннен малтып өтпек болады. Мысықтың жүзуге онша шебер емес екенін білетін ит жүзіктен алаңдап:

— Ей, мысық, өзеннен өткенше жүзікті маған бер, сен жоғалтып аларсың, — дейді.

— Болмайды, — дейді мысық, — қожайын маған жүзікті сен алып жүр деген, саған бере алмаймын.

— Мен саған қарағанда мұқияттаумын, өзеннен өткенше жүзікті маған бер, аузыма салып алайын, өзеннен өткен соң өзіңе беремін, — дейді ит.

Ақыры мысық жүзікті итке береді. Олар өзеннің ортан беліне барғанда ит:

— Ойбай! Жүзік аузымнан түсіп кетті! — дейді.

— Енді қайттік?! — дейді мысық.

— Мен іздеп көрейін — дейді ит. Алайда қанша іздегенімен жүзікті таба алмайды. Ақыры олар жағдайды қожайынға айту үшін үйге қайтады. Үйге таяғанда ит жазаланудан қорқып, орманға кіріп, ғайып болады.

Мысықтың тез қайтып келгендігін көрген қожайын алаңдап:

— Ит қайда? — дейді.

— Жүзікті жоғалтып қойып қашып кетті, — дейді мысық. Ашуланған бай иттің танауын тартпақ болып, ауылдағы басқа иттерді жинап алып оларға:

— Қайтсеңдер де әлгі итті тауып әкеліңдер! — дейді.

— Біз ол итті басқа бейуаз иттерден қалай айырамыз? — деп сұрайды әлгі иттер.

— Ол қатты қартайып кеткен, аузында бір тісі жоқ. Сендер оның тісіне қарасандар, оңай тани аласыңдар, — дейді бай.

Сонымен, иттердің барлығын әлгі кәрі итті ұстап әкелу үшін жан-жақтан іздеуге аттандырады. Олар талай тау-тасты басып, өзен-тоғайды аралап, алыс-жақындағы қалалардың барлығына барады. Алайда әлгі итті ешқандай жерден таба алмайды. Күні бүгінге дейін иттер алтын жүзікті жоғалтқан сол итті таба алмапты. Сол үшін қазір де иттер бір-біріне кездесе қалғанда: «Байдың алтын жүзігін жоғалтқан ит мен емес, сенбесең, қарап көр, тісім сау», — деп, тістерін ақситып, ырылдап қояды екен.

Қоянның құйрығы қалайша шолақ?

Сонау ерте заманда қоянның құйрығы ұзын болған екен. Ендеше қоянның құйрығы қазір қалайша шолақ болып қалған? Бұл жөнінде ел аузында таралып жүрген мынадай ертегі бар.

Ертеде екі қоян өзен бойында асыр салып ойнап жүріп қарсы жағадағы жайқалып тұрған көкпеңбек шөпті көріп қалады. Олар «Өзеннен өтіп, әттең, құмардан шыққанша жесек!» — деп ойлайды. Бірақ екі қоян суда жүзе білмейтіндіктен, өзеннен өтудің ешқандай шарасын таба алмайды.

Олар сөйтіп тұрғанда, су баяу толқып, бір үлкен тасбақа шұр-шұр етіп су бетіне шыға келеді. Тасбақаны көрген қояндар бір-біріне қарап, көздерін алақтатып, судан өтудің бір айласын ойлап табады.

— Тасбақа әжей, осы өзенді сіздің әулетіңіз сұрайды деседі ғой, рас па? — дейді. Мұны естіген тасбақа әжей қатты қуанып:

— Ол рас, бұл өзенде менің әулетім сан жеткісіз. Егер олар өзеннің бетіне қаз-қатар қалқып тұра қалса, екі қатар көпір болады, — дейді.

— Әулетіңіздің соншалық көптігіне көзім жетпейді, қалайда біздің әулеттен көп болмас, — дейді қоян.

— Сендердің әулеттерің соншама көп болса, мен қалайша көрмеймін? — дейді тасбақа.

— Егер біздің балаларымыз түгел осында келсе, өзеннің жағасына сыймай қалуы мүмкін, — дейді екінші қоян.

— Мақтанып тұрған шығарсыңдар, — дейді тасбақа.

— Сенбесеңіз, өзара салыстырып көрейік, кімнің әулетінің көп екенін сонда бір-ақ білесіз, — дейді қояндардың біреуі.

— Бұл не дегеніңіз, оларды қайтіп салыстыруға болады? — дейді тасбақа.

— Алдымен сіз әулетіңізді тұтасымен шақырып келіңіз, олар су бетінде қалқып тұрсын. Біз өзеннің мына шетінен ана шетіне дейін санап шығамыз. Санап болған соң, біз де әулетімізді жинап келіп, өзеннің жағасына қатар тұрғызамыз, сонан сіз санап шығарсыз, — дейді екінші қоян.

— Болады, — деп, тасбақа өзенге шөгіп кетіп, әулетін түгел шақырып келіп, су бетіне екі қатар етіп тізе қояды. Олар шығысымен-ақ өзенге салынған екі қатар көпір бола қалады.

Екі қоян қатар салынған «Тасбақа көпірге» шығып, әрбіреуі өз қатарын санаған болып, қарсы жағаға ілінеді. Құлығымызды асырдық деп ойлаған екі қоян жағаға шыға беріп:

— Біздің әулетіміз қайдан көп болсын, мақсатымызға жеттік-ау әйтеуір, — дейді. Бірақ бұл кезде екі қоян секіріп жағаға шыққанымен, олардың шұбатылған ұзын құйрықтары судан әлі шығып болмаған еді. Қояндардың әлгі сөзін естіп қалған тасбақалар екі қоянның құйрығынан ала түседі. Сасқалақтаған екі қоян жұлқи тартқанда құйрықтары түбінен үзіліп, шолақ болып қалады.

Кейін бұл екі қоян көп әулетті болады. Бірақ көжектері мен немерешөберелерінің барлығы шолақ құйрық болып туылады.

Түйені көрсе, жылқы неге қалтырайды?

Ертеде жылқы күнге қарап былай дейді:

— О, барлық жан-жануарларға тіршілік сыйлаған қайырымды күн! Мені жануарлардың арасындағы ең сұлулардың бірі деседі жұрт. Солай екенін өзім де сеземін. Сонда да кейбір дене мүшелерімді бұдан да әдемірек етуге болар еді-ау деп ойлаймын.

— Сонда қай жеріңді түзей түсуге болар еді деп ойлайсың? — деп сұрайды күн күлімсіреп.

— Егер, — дейді жылқы, — сирақтарым бұдан да ұзындау әрі сидаңдау болса, мен тіпті алдына жан салмайтын жүйрік болар едім. Мойным аққудың мойнындай ұзын болса, маған ол бұдан да әсем көрік бітірер еді. Төсім жалпақтау келсе, қазіргіден де алымдырақ болар еді. Оның үстіне адамзатты арқалап жүру үшін жотамнан мәңгі алынбайтын ер болса, тіпті жарасып тұрар еді.

— Жақсы, қалағаның болсын, — дейді күн жайраңдап, — сәл күте тұр.

Соны айтады да, күн жерге түйені түсіреді. Денесі алпамсадай, тұрқы арбиған жануарды көрген жылқы әрі қорыққанынан, әрі жиіркенгенінен қалшылдап қоя береді.

— Міне, сен қалағандай ұзын да сидаң аяқ, аққудың мойнындай ұзын мойын, жалпақ кеуде, ері де дайын. Қалай, сенің де осындай болғың келе ме? — деп сұрайды күн.

— Жоқ-жоқ! — дейді тілі күрмеліп.

— Ендеше жөніңе жүр, — дейді күн жылқыға. — Саған өз бойыңдағы да жетеді! Әркім өз қасиетін бағалауы тиіс.

Содан бері жер бетінде түйе де өсіп-өне бастайды. Ал жылқы болса, түйені көрген сайын әлі күнге дейін денесі дір ете түсіп, қалтырай бастайды екен.

Қасқыр неге ұлиды?

Ертеде Халық деген бір кедей өмір сүріпті. Мал дегенде он шақты ешкісі, жалғыз аты және алтын қауырсынды қоразы болыпты. Ол кезде қораз айғай салып, ешкі де бақырмайды екен.

Күндердің бір күнінде ақсиган тісі бар, адам қорқар түсі бар бір аң келіп, кедейдің екі ешкісін алып кетеді.

— Өзі барып тұрған қаскүнем екен, қырды да кетті, — деп күйінеді Халық кемпірі мен баласына.

— Ол өзі бізге қас, ешкілерді қырды, демек, ол қасқыр ғой, — деп қалады бала. Содан бастап қасқыр «қасқыр» атанған екен.

Қасқырлар кедейдің малын қыруды қоймайды. Қараңғы түскенде тіпті қамаулы тұрған ешкіні қораға түсіп алып кететін болады. Ондайда ешкінің бар бітіретіні — сақалы шошаңдап бақырады екен. Қораз болса алтын қанатын қағып-қағып жіберіп «ку-ка-ре-ку!» деген айғайға басады. Онысы: «Қасқырлар келді, қуа гөр!», — деп, Халық атайға хабар бергені екен деседі. Сол түн, сол күннен бастап қораз шақыратын, ешкі бақыратын болыпты.

Халық атай күнде үйіне қайтқанда өрістен қасқырлар жемей тастап кеткен ешкінің құйыршықтарын бір етек қып жинап ала келеді. Бір күні кедейдікіне сақалы беліне түскен бір ақсақал келеді. Ол:

— Жауыздықпен күресу менің парызым еді. Мә, мына кітапты ал. Оқы. Оқығаныңды көңілге тоқи біл. Ерінбесең, дұшпаныңнан құтыласың, — деп кедейдің баласына бір кітап береді.

Сол күннен бастап бала кітаптан көз алмайды. Оның бар ойы жауыз қасқырды өлтіретін дәрі жасап шығару болады. Ақыры, бірнеше шөп тамырын қайнатып, дәрі жасайды. Оны апарып құйыршық жемтікке сеуіп қояды. Ешкілерді үйге қамайды. Қасқырлар бірінші күні келіп, үйді ториды, ешкілер көрінбейді. Екінші күні келеді, ешкілер шықпайды. Үшінші күні қасқырлар ырылдап келіп, үйдің іргесін қаза бастайды. Бірақ үйге кіруге батпайды. Ешкіден күдер үзген соң, жауыздар құйыршық жемтікке жиналады. Қомағайлау біреуі келген бетінде арс етіп жемтікті қауып өтеді де, «у-у-у!» деп, мұрнынан шаншыла құлап түседі. Қалғандары басы ауған жаққа қаша жөнеледі.

Содан бері қасқырлар «у-у-у..» деп ұлитынды шығарыпты.

Ит пен мысық адамға қалай үйренді?

Баяғы заманда бір кемпір мен шал болыпты. Балалары жоқ екен. Шал егін егіп, жинаған астығын қамбаға тығып қояды да, шетінен базарға апарып сатып, шай-тұзын айырады екен.

Бір күні шал қамбадағы астығынан алып, базарға апарып сатпақ болады. Қамбаның есігін ашып қалса, тышқандардың өріп жүргенін көреді. Бірде-бір дәні бүтін астық қалмапты. Тышқандар жегенін жеп,

жемегенін ортасынан қақ бөліп, шаша беріпті. Мұның зардабынан кемпір мен шал қайғырыпты:

— Осы астықпен күн көруші едік, енді қайтеміз?! — деп зар еңірепті.

Сол кезде бұлардың тұсынан өтіп бара жатқан мысық мұңдарын естіп, қастарына келеді де:

— Неге сонша қайғырып тұрсыңдар? — деп, құйрығын бұлғандатып, жөн сұрайды.

— Қайғырмай қайтейік! — дейді шал мұңын шағып. — Алаяқ тышқандар қамбадағы астығымызды талан-таражға салыпты. Соның жазасын беретін біреу табылар ма екен бұл дүниеден?!

— Сол айтқаныңды мен орындаймын. Кәне, көрсетші сұмырай ұры тышқандарды, — деп, мысық құйрығын бұлғандатады батырсынып.

— Ендеше бері жүр, — деп, шал мысыққа қамбаның есігін ашып береді. Мысық құжынаған тышқандарды көреді.

— Енді есікті жауып қой да, кете бер, — дейді мысық шалға.

Үй-үйдің арасын шарлап, аштықтан ішегі шұрылдап, қарны қабысып жүрген мысық қалың тышқанмен айқаса кетеді. Әп-сәтте бесалтауын ұстап, қылғытып салады да, тойып алады. Үйсіз-күйсіз айдалада қаңғып жүруші еді, енді су өтіп, жаңбыр тимейтін қамбада тұратын болды.

Сөйтіп біраз уақыттан кейін тышқандар бұл маңнан біржола безіп, жоламай кетіпті. Соның салдарынан тамағы азая бастаған мысық кемпір мен шалдан:

— Кәне, тағы қандай жұмыстарың бар? — деп сұрапты. Кемпір мысықтың жылтылдаған жүнін сипалап еркелетеді. Тышқаннан құтылғандарына қуанысады.

— Не қалайсың, кәне айт, тілегіңді орындауға әзірмін, — депті шал.

Мысық өзінің қалауын айтады:

— Мен көп нәрсе сұрамаймын. Менің жалғыз-ақ тілегім бар. Тек үйлеріңнің бір бұрышынан орын берсеңдер болғаны.

Кемпір мен шал мысықтың қалауын қабыл алып, үйлеріне кіргізеді. Мысыққа үй ішінде не істесе де ерік беріпті. Қайда жатам десе де тыйым салмапты. Үшеуі тату-тәтті бірге тұратын болыпты.

Мысыққа кемпір күніне бір тостаған сүт береді. Сүтке тойып алған мысық жылы үйде пырылдап ұйықтап жатады. Тамақ іздеп ешқайда қаңғымайды.

Бір күні түн ішінде шалдың қорасына қасқыр түсіп, бір-екі қойын жеп, басқасын жаралап кетеді. Мұны көріп шал қатты қамығады.

— Осы қойдың сүтін қорек етуші едік. Енді қалай күн көреміз? Бұл зұлымдардың зауалын беретін² біреу табыла ма?

Сол кезде мысық шалдың қасына келеді де, құйрығын бұлғандатып еркелей сөйлейді.

— Бар ондай батыр. Мен соны іздеп тауып, ертіп келейін, — деп, айдалаға қарай жүгіре жөнеледі.

² Зауалын беру — жазасын тарттыру, сазайын беру.

Мысық жалпақ даланы шарлап, итті іздейді. Бір кезде жер тіміскілеп, сүмендеп жүрген итті көреді. Қасына барады да:

— Мен сені іздеп келдім, — дейді құйрығын бұлғандата маңғазданып. — Саған бір ақыл айтайын. Бүйтіп көрінген інді қазып, сүмендеп, тіміскіленіп жүргенше адамның қорасын күзетсең, қарның тоқ болады. Жылы, жайлы жерде тұрасың.

Аштықтан бұралып жүрген ит айтқанына көнеді де:

— Баста ендеше сол адамның қорасына! — деп құлшынады.

— Ал кеттік онда, — деп, мысық соңынан итті ертіп ауылға келеді.

Шалдың үйіне келген соң, кемпір итке тамақ береді. Қарны тойған ит қораның аузына барып күзетке тұрады. Түнімен көз ілмейді. Түн қараңғылығы сейіліп, бозарып таң атқан кезде бір қасқыр қой қораға ентелеп жетіп келеді. Аңдып жатқан ит шап беріп алқымынан ала түседі. Қасқыр өлдім-талдым дегенде зорға құтылып, қаша жөнеледі

Иттің ерлігін көрген кемпір мен шал:

— Сен де бір ержүрек екенсің!.. — деп, итті тамаққа тойдырады. Есік алдына үйшік салып береді.

Сөйтіп кемпір мен шал, мысық, ит — төртеуі біріне-бірі көмектесіп, қамсыз тұра береді.

Мысық пен ит адам баласының қолына ең алғаш осылайша үйреніпті.

Ит пен мысық неге араз?

Ертеде ит пен мысық өте тату болған екен. Екеуін де адам асырап, үйінде ұстапты.

Күндердің бір күнінде бір адамның май сіңген тері дорбаға салып сақтап жүрген алтыны жоғалады. Қанша іздесе де, табылмайды. Алтыннан айырылған адамның күйі тайып, жүдеулене бастайды. Тапқан-таянғаны ішіп-жеуге жетпеуге айналады. Мұны көрген ит пен мысық қатты қынжылып, қожасының жоғалған алтынын іздеуге кіріседі. Екеуі ой-қырды аралап, бармаған тауы, баспаған жері қалмайды. Ақыры титығып, үйлеріне қайтады.

Ит пен мысық ұнжырғасы түсіп үнсіз келе жатқанда, кенет қожасының май сіңген дорбасының иісі мұрындарын жарып жібере жаздайды. Қуанғаннан ит қыңсылап, мысық мияулап жібереді.

Ит айнала жүгіріп, тіміскілеп, ақыры бір тышқанның інін тырналап қаза бастайды. Мысықтың қуанышы қойнына симай, аңдып қарап отыра береді. Ит көп азаптанып тышқан інінің түбіне жетсе, алтын салынған майлы дорбаны тышқан осында тығып қойған екен. Ит: «Мынаны көрдің бе?» — деп, алтынды мысықтың алдына лақтырып тастайды. Мысық сол кезде иесіне жақсы атанбақ болып, иттен бұрын алтынды ала қашады. Мысық үй-үйдің төбесімен қарғи жүгіріп, иесіне жетеді де, алтынды тастай салады. Мұны көріп, қожасы қуанып кетеді. Мысықты бауырына

басып, аймалай береді. Сөйтіп тұрғанда қара терге түсіп, сабалақ-сабалақ болып, арсалаңдап ит те жетеді. Келген бойда қожасының аяғына оралып, қыңсылай еркелейді. Ештеңені түсінбеген ол итін теуіп, жекіріп қуып тастайды. Жәбір көрген ит ызаланып, мысыққа тап береді. Қожасы арашалап, екеуін зорға айырып алады да, мысықты үйіне алып кетеді. Сол күннен бастап итті үйіне жолатпайды.

Мінеки, содан бері ит пен мысық бірімен-бірі араз болып қалыпты. Мысықтың тышқанға өштесуі де сол күннен басталыпты.

Суыр сұңқар, су қайда?

Ерте заманда сиыр сызылған кербез, суырыла шапқан жүйрік болыпты. Әрі асқан тәкаппар, мақтаншақ та екен.

Бір күні әлгі сиыр атпен ерегісіп қалып, екеуі жарысқа түсуге уәде байласады. Бұрынғы өткен жарыстардың бәрінде сиыр бәйге бермейді екен. Осы жолы аттан да озып, төрт аяқты жануарлардың арасындағы ең жүйрігі деген атаққа біржола ие болуды мақсат етеді.

Көмбеге төреші болып арыстан келеді. Бәстің жайын ұққан соң ат пен сиырды бір күншілік жолға жолбарыс айдап барып, екеуін қатар тұрғызып қояды да, ақырып тұрып кері қайтуға белгі береді.

Құйрығын көкке шаншып алып, танауы пысылдап, сиыр ә дегеннен-ақ қарасын үзіп, заулай жөнеледі.

Сиырдың артынан желдей жүйткіп, үдей шауып ат келе жатады. Жол ортасында бәсекелесушілерге сусын беру үшін суыр тосып отырады.

Бір кезде оза шауып, елірген сиыр суырға жетіп келеді де:

— Суыр сасық, су қайда? — дейді.

Сиырдың тәкаппар мінезіне ренжіп қалған суыр:

— Сиыр сасық, су мұнда, — деп, сасып, борсып кеткен лай суды ұстата салады. Шаңырқап, шөлдеп келген сиыр судың қандай екеніне қарамастан сіміріп жібереді де, одан әрі шаба жөнеледі.

Әрі-беріден соң суырдың қасына шөлдеп ат келеді.

— Суыр сұңқар, су қайда? — депті еркелетіп.

— Жылқы тұлпар, су мұнда! — деп, суыр мөлдір, тұнық суды атқа ұстата береді. Таза, тұнық суға қанып алған ат бойына тың қуат қосылғандай болып, құстай ұшып, самғай жөнеледі.

Сасық, лай су кеудесін алып қалған сиыр онша ұзып кете алмайды да, екі-үш қырды асқан соң ат қуып жетіп, жанынан желдей жүйткіп өте шығады. Содан көмбеге бірінші болып жетеді.

Содан бері жылқы төрт аяқты жануарлардың ішіндегі ең жүйрігі болып есептеліпті. Кеудесін лай, сасық су алып қалған сиыр сол күннен бері шабандап, жүгіре алмайтын күйге түсіпті. Сиырдың жатқан кезде ыңырана күрсінетіні — өзінің астамшылық етіп, суырға айтқан дөрекі сөзіне күні бүгінге дейін өкінгені екен деседі.

Әтеш пен тоты

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты. Сондықтан ол өте тәкаппар екен. Жүріп-тұрса да маңғазданып, сылаңдай басады екен. Қоқыраяды да жүреді екен. Бірде-бір аңмен, құспен сөйлеспейді. Жалғыз серігі тотықұс болыпты.

Тоты байғұстың үстінде жібі түзу жөнді киімі жоқ екен. Бір күні тоты құс әлгі кербез әтешке келіп:

— Досым, мен бүгін қонаққа бармақ едім. Жөнді киімім де жоқ. Мына түріммен қалай барамын? Мені сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіндегі әдемі киіміңді бере тұршы, — деп қиыла жалыныпты.

Әтеш досының сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп тотықұс жасанып тұрып киініп алады. Қай мезгілде келетінін айтады.

— Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр. Келмей жатсам, тағы да шақыр, даусыңды естисін, — дейді.

Сөйтіп тотықұс әсем киініп тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды. Әтеш оны естисін деп үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды.

Содан күні бүгінге дейін әтеш тотықұс пен әдемі киімін іздеп, таң қылаң бергеннен күн батқанға дейін айғайлап шақыра береді екен.

Жылқы мен бұғы

Баяғы заманда жылқы өз бетімен емін-еркін жүрген жабайы аң екен. Ешқандай айдау-қайыруды білмепті. Қыстыгүні қары жұқа жазық даланы, шөбі қалың тоғайды, өзен бойындағы құрақты жерлерді, көл жағасындағы қалың қопаны мекендепті. Ал жаздыгүні тауға шығып, суы мол сай-салада жайылып жүріпті. Қалың қарағай арасындағы алқаптар мен құйқалы жон-жотаны шарлап, сол маңда жусапты.

Бір күні жылқы қатпар-қатпар тау арасындағы бір алқапқа барып, сондағы шүйгін шөпке, көкорай шалғынға малтыға көміліп, бейқам жайылып жүріпті. Өрісі кең, жайылымы мол болып, көңілі жай екен. Сөйтіп жүргенде осы араға бір бұғы ауып келіпті. Шұрайлы алқаптың шөбі мол болған соң, жылқы «екеумізге де жетеді ғой» деп, оған қызғаныш білдірмепті. Екеуі қатар жайыла беріпті.

Келе-келе бұғы осы бір шұрайлы алқапты тек жалғыз өзі ғана мекендеуді мақсат етеді. Содан көрінген жерде жылқыға тиісіп, мүйіздей бастапты.

Тыныштығы бұзылып, келімсек бұғыдан жәбір көрген жылқы адамға арыз айта барыпты.

— Мен тау қойнауындағы шалғынды алқапта емін-еркін жайылып жүр едім, ешкімге кесір келтірмедім. Содан қасыма бұғы келді. Шөпте, жайылым да жететін болған соң, жайылым мол ғой деп, оны еркіне

жібердім. Үндегем жоқ. Бірақ соңғы уақытта бұғы мені мүйіздеп қуа бастады. Тыныштық бермей, жәбірлейтін болды. Енді оны өз мекенімнен қалай қуамын? Сен көмектеспес пе екенсің? — деп қиыла өтініпті.

Қолға түспей жүрген асау жылқының бұл мұңын естіген соң, адам оған шарт қойыпты:

— Мен бұғыны қуып тастаймын, ол қолдан келеді. Бірақ мен жаяуым ғой. Ол үшін сенің үстіңе мініп алуым керек.

Бұғыдан көрген жәбір-жапасы үшін жылқы амалсыздан адамның айтқан шартына көніпті.

Сол жерде адам жылқыны ноқталап мініп алады да, бұғы жүрген алқапқа келеді. Қолына ұзын сойыл ұстаған адамның қарасын көрген заматта³ бұғы жан сақтау үшін тау-тастан асып, қалың орманның ішіне сіңіп кетіпті.

— Рақмет саған, адам! Сен менің жалғыз досым екенсің, — депті өлердегі сөзін айтып. — Енді мен саған қандай қызмет етсем екен?

Сонда адам ойланып тұрып, өз қалауын айтыпты:

— Сен осы шалғынға жайылып жүре бер, — депті алдағы ісін түсіндіріп. — Бұдан былай сен менен қашушы болма. Саған қиянат жасамайтыныма көзің жетті ғой. Маған қажет бола қалсаң, өзім келіп ұстап мінітетін болайын.

Жылқы адамның айтқанына көніпті. Сөйтіп содан бері жылқы адамға қызмет етіп келеді екен. Шаруасы біткен соң адам босатып жіберсе, тау арасындағы шалғынға барып, аунап-қунап жүре береді екен.

Ал бұғы адаммен достасқан жылқының маңына жоламай, орман арасын, таудың ішін жайлап, қашықта жүреді екен.

Сүлеймен патша мен байғыз

Сүлеймен патша бір қатынын мейлінше жақсы көріп, соның не айтқанын орындайды екен. Бір күні сол қатыны Сүлейменге: «Дүниедегі тамам құстардың сүйегінен сарай салып бер», — деп айтыпты. Сонда патша қаршығаны шақырып алып, тамам құстарды жиюға бұйырыпты. Сонда қаршыға бұйрықты орнына келтіріп, құстарды тегіс жинағанда, кіп-кішкене құс — байғыз келмей қалыпты. Сонда патша қаһарланып, қаршығаны қайтадан жіберіп: «Байғызды я тірі, я өлі алып кел!» — депті. Қаршыға барып мәнісін айтқанда, байғыз: «Мені патша неге шақырады? Мендей кішкене құс оған неге керек? Бірақ мен кішкене болсам да ақылым көп», — депті. Сонда қаршыға: «Егер бармасаң, өлтірсем де алып кетемін», — депті. Сонан соң байғыз амал таба алмай келіпті. Сонда Сүлеймен патша ашуланып:

— Әуелі шақырғанда неге келмедің? — депті. Байғыз:

— Үйде отырып ой ойладым, — депті.

³ Заматта — уақытта, кезде, мезгілде, лезде, демде.

— Сен сондай кішкене құссың, не ойладың? — деп жауап сұрағанда, байғыз айтыпты:

— Я, патшам, дүниеде өлі көп пе, тірі көп пе? деп санап едім, — депті.

Патша:

— Қандай болып шықты? — депті. Байғыз:

— Қанша санасам да, өлінің бірі артық болды, — депті. Патша:

— Олай емес, маған тірі көп көрінеді, — депті. Сонда байғыз айтыпты:

— Мен қисаптағанда⁴ ұйықтағандарды да өлі деп санадым, ояу жүріп, Құдайға құлшылық қылмағандарды ұйықтаушы деп білемін, сол себептен өлі көп шықты, — депті. Патша:

— Мұндай қулықпен құтылмайсың, мұны сенсіз де кітаптан білемін. Егер де сен бірдемемен өзіңді ақтамасаң, қаршығаға жегіземін, — депті қаһарланып.

— Дат, патшам, мен дүниеде еркек көп пе, ұрғашы көп пе деп, тағы да қисап қылып едім, ұрғашының біреуі артық шықты, — депті. Патша:

— Не айтып тұрсың, еркектің көптігін әркім біледі, не санадың? — депті.

— Дат, патша, мен қисаптағанда ұрғашының тілін алып, қыл дегенін қылған еркекті ұрғашы деп санадым, сол үшін ұрғашының бірі артық болды, — дейді.

Сонда Тақ Сүлеймен ойланып отырып: «Сен рас айтасың, байғыз, мен сенің ойыңды білдім, мен қатынымның тілін алып, жазасыз сендердің сүйектеріңнен сарай салып беруді ойлап едім», — дейді. Патша қаршығаны шақырып алып: «Құстарды босатып қоя бер, һәм олар өздерін құтқарып алғаны үшін байғызға алғыс айтсын», — депті.

Сауысқан мен көкек

Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «Ұя керек, ұя керек», — деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне:

— Екеуміз бірігіп берік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, — дейді. Көкек:

— Менің ұя салатын қуатым да, қауқарым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным ғой, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, — деп келіспейді.

Сауысқан көкектің көмегін күтпей-ақ ұя салуға кірісті. Ол ұясының қабырғаларын жас бұтақтармен мықтап байланыстырды. Іші-тысын саз балшықпен сылады. Кішкене бұтақтардан құрастырып, шағын қақпалы есік жасады. Ұяның астына мамықтан төсеніш төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай-қақсай даусы қарлығып, тілі сақау болды. Ол

⁴ Қисаптағанда (Хисаптау) /а/ — есептегенде.

кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р»-ды айта алмай, «керек» деудің орнына «келек, келек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін «өзімдікі» деген ұясы да, үй іші де жоқ. Жұмыртқасын кез келген ұяға табады, оны басқа құстар басып, балапан шығарады. Шібилер⁵ жетім өседі.

Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан

Жапанда жалғыз тағы боп жүрген бір түйеге қаңғыған бір жалғыз түлкі ұшырапты. Екеуі жолдас болып кете беріпті.

Бұларға бір қасқыр кездесіп, үшеу болыпты. Үшеуі жолдас болып кете барыпты. Сөйтіп келе жатса, алдарынан бір арыстан жолығыпты. Төртеу болған соң «түгел болдық» деп қуанысып:

— «Біреуден екеу жақсы, екеуден үшеу жақсы» деген осы екен-ау! Айлас-мұңдас, ордалы құлан, рулы ел, ұялы терекпіз, — десіп жүріпті.

Шөп табылады, су да табылады. Түйенің азығы түгел болған соң екі өркеші екі баладай, әбден жетіліп семіріпті.

Түлкіге тышқан жоқ, қасқырға қой жоқ, арыстанға ең аяғы қоян да жоқ. Бұларға арықтық кіріп, аштық жүдете бастайды. Үшеуі түйені күндеп, семіздігіне сұқтанып, көзін жоғалтуға ұйғарысыпты.

— Бұған әлімжеттік қылып, тарпа бас салуымыз ұят болар, жолдас ақысы бар ғой. Мұның есебін қалай табамыз? — деп үшеуі кеңесіпті.

Сонда түлкі бәлекет жымың етіп:

— Маған ерік берсеңдер, мен оны өз ырзалығымен-ақ қарасын батырып, үнін өшірер едім, — депті. Арыстан да, қасқыр да:

— Е, жарайды, бізге тек есебін тауып, тамақ түсірудің қамын қыл, — десіпті.

Анау екеуі тамақ аулап кеткенде, түлкі түйенің қасына келіп, солқ-солқ етіп жылай береді.

Сонда түйе маңқиып:

— Түлкішегім, қарындасым, неге жылайсың? — деп сұрапты.

— Жыламай қайтейін, мына өзге үшеуіміз бір төбе, сен бір төбе едің. Көрнектіміз де, көріктіміз де сен едің. Қараңды көріп, ішпей мас, жемей тоқ боп жүруші едік. Сенен айырылып қалсақ, құтымыз қашады-ау, қарнымыз ашады-ау деп жылаймын, — дегенде түйе шошып кетіп:

— Түлкішегім, әлде жаман түс көрдің бе? — депті.

— Тәйірі, түсті айтып тұрғанын. Бұрынғылар «түс — түлкінің боғы» демеді ме? Қылышын сүйретіп қыс келеді. Түйенің шудасынан⁶ қар жауады, оңды-терісті боран соғады. Шөп қар астында қалады. Мына үшеуіміз інге кірсек те жан сақтаймыз. Сенің құрықтай⁷ мойның бар, сырықтай

⁵ Шібилер — көкектің, тауықтың балапандары, шөжелері.

⁶ Шуда — түйенің өркешіне, желкесіне, тізесінің үстіне және мойнының астына шыққан ұзын қылшық жүн.

⁷ Құрық — жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп байлаған ұзын сырық.

сирағың бар, екі өркешің анау-мынау қораға сыяр емес. «Осы байғұс жел өтпейтін жабуға сүйеніп, асты құрғақ жылы қорада жатып, жан сақтап жүрген мал еді. Үскірік аязда босқа өліп қалады-ау!» — деп, ішім елжіреп, бүйрегім бұралып, бауырым езіліп, сені қимай жылап тұрғаным ғой, — дегенде, түйе түлкінің бұл сөзіне қатықтай қатып, сүттей ұйып:

— Маған бір ақыл тауып бер, — депті.

— Таптым ақылды. Мына арыстан, қасқыр, мен — үшеуміз сенің құныңды он екі қойға кесеміз. Біз не қыламыз десек те, сен көне бер. Сол көнген ақыңа жарқырап жаз шыққанда, жүнін желкілдетіп, құйрығын жайқандатып он екі қойды алдыңа салып берейік. Он екі қойдың жабағысы өзіңе қандай жылы жабу болады! Көдеден өзім жіп ширатып, селеуден⁸ ине істеп, ұқсатып сырып жабу істеп беремін. Келер қыста қандай сұрапыл боран соқса да тоңбайсың, — деген соң, түйе есі шығып:

— Жарайды, түлкішегім, — деп көне қойыпты.

Арыстан мен қасқыр келген соң, олар да түлкінің айтқанын құптап, түйе де:

— Оған ырзамын. Тек қойды жарамды ғып берсеңдер болады, — дей беріпті.

Түлкі мен қасқыр түйені сойып жатыр дейді. Сонда түлкі:

— Бұл жарықтығыңның өзге еті бір төбе, ішек-қарны бір төбе ғой. Дүниеде түйенің ішек-қарнынан тәтті тамақ болады деймісің, — деп күбірлей берді дейді.

Түлкі соны айтқанда қасқыр мен арыстан:

— Е, оны қалай жейміз, былғаныш қой? — депті.

Сонда түлкі тұрып:

— Жаман-жұман қатындардың өзі оңдап аршып, судан таза, сүттен ақ қылады! Айналайын арысекем, өзің барып, дария көлге малшып-малшып алып келсең, қандай тап-таза болады! — деген соң, арыстан дырдай болып мақтанып:

— Мен болмасам, сен итке тазалық қайда? — деп, ішек-қарынды арқалап ала жөнеледі.

Түлкі мен қасқыр арыстаннан айбынып, қаһарынан қаймығып, бір жапырақ тата алмай, өліп-өшіп ынтасы кетіп, құлқыны құрып барады екен. Әбден шыдамы таусылған түлкі қасқырға:

— Жерік асың ғой, көзін ойып жей ғой, мен миын жейін. Арыстан жоқтамас, жоқтай қалса, мидың жауабы даяр. «Көзін неге жедің?» десе, маған жалт қара, жауабын мен беремін, — депті.

Бір мезгілде арыстан келіп, түйенің етін түгендеп, шекенің ішінде мидың жоғын көріп:

— Ми қайда? — дегенде, түлкі жұлып алғандай:

— Тақсыр, сізге не болды? Түйеде ми болушы ма еді? Миы болса, өзін-өзі он екі қойға саудалап, өлімге басын байлай ма? — дегенде, арыстан басын изеп:

⁸ Селеу — далалы жерде селдірлеу болып өсетін астық тұқымдас шөп.

— Оның да дұрыс-ау! Түйеде ми болады деп тұрғаным менің де миым жоқтығы ғой, — депті.

Арыстан көздің жоқтығын көріп:

— Көзі қайда? — дегенде, қасқыр түлкіге жалт қарапты. Түлкі:

— Маған несіне қарайсың! Мана саған жеме дегенде тыңдап па едің, «жеме» десем, тіл алмайсың, түйеде көз болмайды деп, өмірі айтпаған өтірікті қалай айта алам? — дегенде, арыстан қасқырға тап беріпті. Қасқыр қаша жөнеліпті. Екеуі бірін-бірі қуып, дөңнен дөң асып көрінбей кетіпті.

Түлкі түйенің қаны-жынын, бір тал түгін қалдырмай іннен інге, көрден көрге тығып, жып-жылмағай, жым-жылас қып қарап отырыпты.

Бір мезгілде әбден алқынып, ырсылдап, екі танауы шелектей боп арыстан келіпті. Келіп, жан-жағына алақ-жұлақ етіп:

— Е, түйенің еті қайда? — дегенде, түлкі дым көрмеген немеше:

— Ойбай, сендер жемей жатып қырық пышақ болып жанжалға кірістіңдер. Біріңе-бірің бір жапырақ етті қимай, аласұрып берекелерің қашты. «Өзді-өзің бүйтіп жатқанда, соңыра маған он екі қойды қалай бересіңдер?» — деп, түйе ұшып түрегеліп, тайраңдап-тайраңдап кетіп қалды, — деген соң, арыстан аңқиып тұрды да қалды дейді.

Түлкі мен бөдененің жолдас болуы

Өткен кезде түлкі мен бөдене жолдас болыпты. Бірнеше күн өтеді. Түлкінің қарны ашса да, бөденеге ештеңе деп айта алмайды. Ол досы бөденені жегісі келіп, амал ойластырады. Бір күні бұтаның басында отырған бөденеге барып:

— Е, бөдене-екем, сізбен жолдас болғалы біраз уақыт болды. Сізден де ұялып біттім. Сізге беретін қолымда ештеңе жоқ, құр жолдас болып жүрміз ғой, — дейді.

— Алла ырза болсын, рақмет, тамағым тоқ. Қайта сізді мен сыйлай алмай жүрмін, — депті бөдене.

— Сізге ештеңе бере алмай қысылдым деп айтқаныңызға мың рақмет! Келіңіз, әңгімелесейік, — депті түлкі.

— Ойбай, рақмет, жерге қонбаушы едім, — деп, түлкінің алдағанын біліп, бөдене жерге қонбапты. Енді не істерін білмей түлкі жаман сасып, әрі ойлап, бері ойлап, ақыры қарнының ашқанын бөденеге айтуға тура келеді.

— Бөдене-еке, сізбен жолдас болғалы қарным аш. Ал сіздің қарныңыз тоқ екен. Осы менің бүгін аш қарнымды тоқ қылсаңыз, өле-өлгенше сізді ұмытпас едім, — дейді түлкі.

Бөдене аз ойланып отырып:

— Жарайды, ондай болса, қазір тойғызамын, — дейді.

— Қалай тойғызасыз, қолыңызда ештеңе жоқ қой, — деп, түлкі езу тартып күліпті.

— Қазір осы жерден атасына сыбаға алып Жарықбайдың келіні өтеді. Қолында бір табақ еті бар, соны саған алып берейін, — дейді түлкіге.

— Оны маған қалай алып бересің? — дейді түлкі.

— Сен жеуді біл, алып беруді мен білейін, — дейді бөдене. — Сіз осы арада көрінбей отырыңыз. Келіншек осы арадан өтеді. Жанында кішкентай қызы бар. Соның алдына мен барып қонып, аяғымды ақсаңда тамын. Сонда бағанағы кішкентай қыз мені көріп жылайды. «Апа, мына торғайды маған ұстап бер», — дейді. Мен келіншек таяна бергенде ұшып кетемін. Тағы қуады. Ақыры қызығып, табақты тастай бере қуады. Сол кезде сіз етті жеп бітіретіндей аузыңыз бар ма? — депті бөдене.

Өстіп отырғанда қолында дәу табақ еті бар келіншек келіп қалады.

— Ал, түлкі, ыңғайлана бер, мен ұшып барып қонамын, — дейді бөдене. Түлкі де ыңғайланып тасада тығылып жатады. Әбден таянғанда бөдене ұшып, екеуінің алдына қонады. Айтқанындай, бала жылайды.

— Апа, мынау торғайды маған ұстап бер, — дейді. Келіншек таяна бергенде бөдене ұшып, қайта қонады, тағы қуады. Ақыры келіншек табағын сол жерге тастай салып қуады, қыз артынан ереді. Бұлар табақтағы еттен көп ұзап кетеді. Сол екі ортада біраз уақыт өтеді. Біресе ана жерге, біресе мына жерге қонып, бөдене де тыным таппайды. Әлден уақта жеп болды ма екен деп бөдене жоғарылап ұшып қараса, етке тойып алған түлкі кетіп қалыпты. Тағы жерге қонып, келіншек таяна бергенде жоғары ұшып біржолата ұзап кетеді.

— Ай, қызым-ай, еркесің-ау, ұстатпайды десем болдың ба, ұшып кетті, — деп қызына ұрсып, табаққа келсе, ештеңе жоқ. Құр табақтың өзі жатыр. Қызды онан сайын қарғап-сілеп, ары отырып, бері отырып, қайтадан ауылға қарай аяңдай беріпті...

Түлкі мен бөдене әлден уақыттан соң жолығыпты.

— Қалай, түлкім, тойдың ба? — депті бөдене.

— Тойғанда қандай, әбден тойдым, рақмет сізге, — дейді түлкі.

Осыдан кейін арада бірнеше күн өтеді. Түлкіге ойын-сауық, күлкі керек болады. Тағы аяңдап бөдененің жанына келеді.

— Е, бөдеке, хал қалай? — депті түлкі.

— Жаман емес, жақсы, өзіңнің халің қалай, жақсы ма? — депті бөдене түлкіге.

— Менің халімді сұрамаңыз, өте жаман болып тұр, — дейді түлкі.

— Неге? — дейді бөдене.

— Жаман болмағанда қайтеді, осы сізбен бірге жолдас болғалы бір күлмедім, не сіз күлдірмедіңіз, — депті.

— Арманың ол болса, қазір орындалады. Күлдіріп берейін. Қазір менің соңымнан ер, — дейді бөдене. Түлкі бөденеге еріп жүріпті. Бір ауылдың сыртына алып келіп:

— Сіз осы жерде ешкімге көрінбей жатыңыз, мен анау түйе тұрған үйге барамын. Содан соң түйе сауып отырған әйелдің басына барып қонамын. Онан соң арғы қызықты өзің көре жатасың, — дейді бөдене.

Түлкі еріп келіп ауылдың сыртында баспалап қарап отырады. Бір мезгілде бөдене түйе сауып тұрған қатынның басына барып қонады. Сол кезде есік алдындағы ағаш шауып отырған ұста көріп:

— Қатын, қатын, қозғалма, басыңда тұрған бөденені ұрып алайын, — дейді. Әйел қозғалмай тұрады. Ағаштың астына жаңғырық⁹ қылып отырған тоқпақпен¹⁰ әйелді періп қалады. Әйел көп кешікпей-ақ жан тапсырады. Сауған сүті ұстаның бетіне шашырап, не болғанын түсінбеген ол талып қалыпты. Бөдене қайтып айналып түлкінің жатқан жеріне келеді.

— Қалай, түлкім, күлкі ұнады ма? Ақымақ әйелін қалай өлтіріп алды? — депті.

— Бұған күлмегенде неге күлейін. Күлгенде ішек-сілем қатты, ырзамын сізге, — депті түлкі.

Түлкі күлкіні де жақсы көреді, сонан соң қорыққанды да мақсат көреді.

— Бөдене-еке, сіздің арқаңызда тоқшылықты да, аштықты да көреді екенмін. Күлкіні де көрдім. Енді сіз мені қорқытыңызшы, — дейді. Бөдене ары ойлап, бері ойлап:

— Жарайды, қорқытайын, бірақ менің айтқанымға көнсеңіз, — дейді.

— Сіздің айтқаныңызға мен көнемін, не қыл десеңіз де істеп беремін, — депті түлкі.

— Ондай болса, көзіңді жұм да, менің құйрығымнан тістеп отыр. Қашан «көзіңді аш» дегенімде ашасың. Осыған көнсеңіз, істеймін, — депті бөдене.

— Жарайды, — депті түлкі.

Түлкі көзін жұмып ілесіп отырады, бөдене оны көшіп келе жатқан қалың елдің арасына қарай бастап жүреді. Бір мезгілде жан-жақтан айтақтаған иттері бар қуып келе жатқан елді көріп, ол:

— Әй, түлкім, көзіңді ашуыңа болады, — дейді. Өзі аспандай ұшып құтылып кетіпті. Түлкі елсіз жаққа қарай бетті бұрып алып, бар күшін салып қашады. Содан түлкі сорлы қуғыншылардан өлдім-талдым дегенде әрең құтылып, бір жерге келіп тынығып отырса, бөдене қасына қонып:

— Түкіш-түкіш, шаршап жатырсың ба? — депті. Түлкі өзін жаудың ортасына қалдырып кеткен бөденені көріп:

— Қорқыт, қорқыт дегенде өстіп қорқытар ма едің, — деп, түлкі бөденені жұтып қойыпты.

Сонда ішінде жатып бөдененің айтқаны:

— Көп жолдас болып едік қой, ең құрыса демімді алғызбадыңыз, түлкім-ай, Құдай үшін аузыңды ашшы, кішкентай дем алайын, — депті. Түлкі аузын аша бергенде бөдене «пыр» деп ұша жөнеліпті. Бөдене түлкінің аузынан шыға бергенде түлкі қайтадан аузын жауып қалып,

⁹ Жаңғырық — отын, тағы басқа заттарды шапқанда оның астына қоятын дөңгелек ағаш.

¹⁰ Тоқпақ — қазықты жерге ұрып қағатын жуантық келген кеспелтек қолағаш.

бөдененің құйрығын жұлып қалыпты. Сол себепті бөдене осы күнге дейін шолақ құйрық болып жүр екен.

Сөйтіп екеуінің жолдастықтары ұзаққа созылмапты.

Залым түлкі

Бір күні арыстан ұйқыдан жаңа оянып есінеп отырса, қасына салып ұрып түлкі келеді.

— Саламатсыз ба, арыстан аға, сізді әдейі іздеп келдім, — дейді түлкі.

— Жай ма? — деп сұрайды арыстан.

— Арыстан аға, сонау қарлы таудың ар жағында балбырап тұрған бау бар. Баудан шыға берісте көкорай шалғын сай бар. Сол сайдың бойында маңырап жайылып жүрген сансыз көп қой бар. Қасыңызға біраз нөкер ертіп алып барсаңыз, шіркін-ай, шылқа майға бір кенелер едік-ау!

— Мынауың ақыл екен! — дейді қарны ашып отырған арыстан.

— Ол қойларға тезірек жетейік. Қасымызға кімдерді алсақ екен? Жүректіден жолбарысты, білектіден аюды, қарулыдан қасқырды алайық! — дейді түлкі.

— Өңкей батырдың ортасында бір қорқақ та керек болар, қоянды да ала кетейік.

Арыстан түлкінің тілін алады. Сөйтіп арыстан, жолбарыс, аю, қасқыр, түлкі, қоян жолдас болып, сапарға шығады. Кешке қарай орманның ашықтау бір алаңқайына жетіп, түнемекші болады.

Арыстан қанталаған көзімен серіктерін бір шолады да:

— А-а-а, қарнымыз ашты ғой, не жейміз?! — деп ақырады.

Сонда түлкі арыстанның алдына келіп, қол қусырып тұрып былай дейді:

— Арыстан — біздің ағамыз, ағамызға кім тисін? Аю — біздің апамыз, апамызға кім тисін? Жолбарыс — біздің жолым би, жолым биге кім тисін? Қасқыр — біздің қабан би, қабан биге кім тисін? Түлкі — біздің түмен би, түмен биге кім тисін? Қоян — біздің қойымыз, қойымызды сойыңыз!

Қарындары ашып отырған аңдар қоянды тарпа бассалады. Ол күні қоянды бөліп жеп, «барымен базар» десіп жатады да, ертеңіне тағы да жол жүреді. Күнімен демалмастан жүріп, кешке қонаға бір сайдың басына келіп тоқтайды. Арыстан түлкіге қарай бұрылып: «А-а-а, қарнымыз ашты, не жейміз?» — дейді. Түлкі қол қусырып тұра қалып, былай дейді:

— Арыстан — біздің ағамыз, ағамызға кім тисін? Жолбарыс — біздің жолым би, жолым биге кім тисін? Қасқыр — біздің қабан би, қабан биге кім тисін? Түлкі — біздің түмен би, түмен биге кім тисін? Аю — біздің қоңыр қой, қоңыр қойды жық та сой!

Түлкінің сөзін естісімен жолбарыс аюды алып ұрып, жәукемдей бастайды. Төртеуі аюдың етіне тойып алып ұйықтайды да, ертеңінде тағы да жолға шығады.

Төртеуі қас қарая бір өзеннің жағасына келіп тоқтайды. Арыстан тағы да үйреншікті әніне басады: «А-а-а, қарнымыз ашты, не жейміз?» — дейді. Сонда түлкі орнынан ұшып тұрып, былай дейді:

— Арыстан — біздің ағамыз, ағамызға кім тисін? Жолбарыс — біздің жолым би, жолым биге кім тисін? Түлкі — біздің түмен би, түмен биге кім тисін? Қасқыр — біздің қасымыз, бүгін жейтін асымыз.

Түлкі сөзін аяқтасымен-ақ жолбарыс қасқырды жарып салады. Үшеуі оны жеп алып ұйықтайды. Таңертең тағы да жолға шығады. Күнімен жүріп отырып, кешке қарай бір таудың етегіне келеді. Сол арада түнемекші болады. Үшеуі үш жерге шоқшиып отырады. Сол кезде дәндеген арыстан тағы да түлкіге қарап: «А-а-а, қарнымыз ашты ғой, не жейміз?» — дейді. Түлкі арыстанның ар жағына шығып, қол қусырып тұрып былай дейді:

— Арыстан — біздің ағамыз, ағамызға кім тисін? Түлкі — біздің түмен би, түмен биге кім тисін? Жолбарыс — бізге жолазық, бүгін таңға мол азық!

Осы сәтте арыстан ағаң жолбарысты бассалады. Жолбарыс тыпырлауын қойған кезде түлкі де келіп, терісін сыпыруға кіріседі. Екеуі жолбарысты жеп болып, ұйықтайды. Таңертең екі дос арып-талып тау басына әрең шығады. Арыстан солықтап¹¹ шаршап тұрса, түлкі бір биік шыңның басына шығып:

— Арыстан аға, тезірек бері келіңіз, — деп шақырады.

— Не боп қалды?

— Төменде қаптаған қой жайылып жүр.

Ентігіп арыстан жетеді.

— Кәне!?

Түлкі алақанын шапалақтап: «Жап-жақын тұр, әнекей. Секірейік, кәнекей, әуіп!» — дегенде, арыстан шыңнан секіріп кетеді де, тастан тасқа соғылып, қызыл-жоса қан болып, өліп қалады. Мұны көрген түлкі: «Арыстан аға, дос едік қой, өлімтігіңді қарға-құзғынға жем қылмаймын», — деп, арыстанның терісін сыпыра бастаған екен дейді.

Ақымақ қасқыр

Өрісте жайылып жүрген көп қойдың ішінен бір арық саулық қой жалғыз бөлініп қала беріпті.

Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға келіп:

— Е, жерік асым, қайдан жүрсің? Издегенде мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ! Енді сені жеймін, — дейді. Қой:

— Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарны қампиған, бұты тыртиған, аузында ақ тісі жоқ, бір асам еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің? Мені босат, қоралы қойға қайтайын, қозымды саған әкеліп тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді? — дейді.

¹¹ Сольқтап — бүйрегін соғу, ентігу.

«Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді.

Қасқыр жұтынып, қойдың бағланын күтеді. Қой да, бағлан да жоқ. Қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар, барып көрейін!» — деп, жорта жөнеледі.

Бір белеске шығып төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт-күрт шайнап бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста екен. «Іздегенім сен едің», — деп, қасқыр ешкіні бассалады. «Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен?» — деп, ешкі мынаны айтады:

— Атаң да, анаң да жақсы еді. Қой тұрғанда олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі де емеспін, тойда билеп, торқа киген ешкімін! — деп судыратады.

— Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса, көрсет, — дейді қасқыр. Ешкі:

— Ендеше көз аудармай, аяғыма қара да тұр, мен бір билеп көрейін, — дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп көп қойдың арасына кіреді де кетеді.

Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.

Қырық қасқыр, екі ешкі

Жартыбай дейтін кісінің мал дегеннен екі ешкісі ғана болған екен. Ол екі ешкісі елдің малына қосылмай, өз алдына бөлек жайылып өскен екен. Бір күні Жартыбай ауырып үйде қалса, екі ешкісі елдің қойына қосылмай далада қалыпты. Күнде соңынан қалмай жүретін Жартыбайды іздеп, тастан-тасқа секіреді, таба алмайды, таудан-тауға шығады, таба алмайды. Сонан кейін Жартыбайға ашуланып, басқа бір жаққа қашып кетпекші болып, екеуі бір жолға түседі де, жүріп береді. Келе жатып жолдан бір қап тауып алады, сонан соң біреуі тұрып айтады:

— Қой, біз бүйтпейік. Жартыбайдай иені біз таба алмаспыз. Біз кейін қайтайық. Ол бізге өкпелер, өкпесін тарқату үшін оған тезек теріп апарайық, — дейді. Бұған қасындағы ешкі де қосылып, екеуі тезек теруге кіріседі.

Ауылды бетке алып тезек теріп келе жатса, алдарында өлген қасқырдың екі қу басы жатыр екен. Мұнан екеуі қорқып, кейін қарай қайтпақшы болады. Бірақ кейін қарай қайтса, жолда қасқыр көп, бұларды жеп қоюы мүмкін. Содан екеуі әрі-бері кеңесіп, әлгі қасқырдың екі қу басын қаптарына салып алады да, тағы да жүріп кетеді. Бір кезде алдарында от жағып отырған көпті көріп, тезірек жүгіре басып қастарына келсе, олар жиылыс ашып отырған қырық қасқыр екен. Келген екі ешкіні көреді де, біріне-бірі сыбырлап:

— Мына ешкілерді қараңдар! Тамақты уайымдап отырғанда өздерінің кез келуін, — дейді. Бұларды қасқырлардың бәрі көреді де, «тамақ табылды» деп қарқ-қарқ күліседі. Сонда екі ешкі тұрып:

– Жоқ, мырзалар, біз сендерге жегізбейміз. Біз сендер сияқты талай қасқырдың басын жеп көргенбіз, — дейді. Бұған қасқырлар нанбайды да:

– Ондай күшті сендерге кім берсін, — дейді. Сонда ешкілер:

– Кім бергенін көресіңдер ғой, мына қаптың ішінде қырық қасқырдың басы бар, қазір сендердің бастарыңды қосамыз, сонда барлығы сексен болады, — дейді де, бір ешкі бастың біреуін қаптан суырып алғанда, қасқырлар қорқа бастайды. Сонда қорықпайтын көкжалдың біреуі отырады да:

– Кәне, екіншісін көрсетші, — дейді. Ешкілер қолдарына алған басты қапқа қайта салып, біреуін суырып алғанда, қасқырлар үрейленіп кейін шегіне бастайды. Олардың қорыққанын ешкілер байқайды да:

– Кәне, біздің қасқыр етін жемей қарнымыз ашқанына көп болды. Өздеріңе жан керек болса, біреуіңді сойып, бізді қонақ қылыңдар, — дейді. Бұған қасқырлар амалсыздан көнеді де, ешкілерді төрге шығарып, әуелі су әкелмек боп төртеу-бесеуін жібереді. Олар кеткеннен кейін суға кеткендерді тез ертіп келмек болып он шақтысы кетеді. Сүйте-сүйте қасқырдың бірі қалмастан қашып кетеді.

Қасқырлардың бұл қылығын мазақтап күле-күле екі ешкі Жартыбайға қайтып кепті.

Қасқыр мен лақтар

Бір ешкі тоғайда үй жасап, лақтарыменен сонда тұрыпты. Күндіз өзі тоғайға жайылуға барады да, лақтарына айтады екен: «Есікті мықтап бекітіп отырыңдар, ешкімге есік ашпаңдар», — дейді екен. Ешкі үйіне қайтып, мүйізімен есікті қағып өлеңдетеді:

— Лақтарым, қарақтарым,
Естіді ме құлақтарың?
Сүтін жинап келді әжең,
Еміп, тойсын тамақтарың,
Аш есікті, шырақтарым!

Шешесінің дауысын естіп балалары есікті ашады. Балаларын емізіп тойғызады да, қайтадан тоғайға кетеді. Мұны қасқыр көріп тұрып лақтарды жегісі келді. Ешкі кеткен соң, есік алдына келіп өлеңдете бастайды:

— Лақтарым, қарақтарым,
Естіді ме құлақтарың?
Сүтін жинап келді әжең,
Еміп, тойсын тамақтарың,
Аш есікті, шырақтарым!

Лақтар дауысты естіді, шешесінің дауысына ұқсамайды, қасқыр екенін білді. «Естідік, естідік, сенің дауысың әжемнің дауысына келмейді, қасқыр екеніңді кім білмейді? Әйде, жөніңе жүре бер», — депті.

Есікті ашпады, қасқыр күтіп отырды-отырды, аузына түк түспеді де кетті. Онан соң шешесі келді, сөзін тыңдағаны үшін балаларын мақтады: «Міне, есті болыңдар, балаларым, есікті ашсаңдар, сендерді қасқыр жер еді, аналарың жылап қалар еді», — дейді.

Қартайған арыстан

Бір заманда үлкен тауды бір арыстан жайлапты. Ол басқа аңдарға зорлық-зомбылықты хадден¹² асыра істеген. Бірақ қандай қиянат көрсе де, оған ешқандай жануар теріс келмейді. Өйткені қарсыласарлық шамасы жоқ. Сондықтан әлсіз жануарлар бірнеше жыл жәбірлік көріп, қолдан келері жоқ, іштен тынып, тістерін қайрап, шыдап жүре береді.

Арыстанның мейманасы асқаны¹³ сондай — ол жемді өз аяғымен жүріп іздемейді. Оған өзінің бұйрығы бойынша семіз сиыр, семіз жылқы, қой, бұғы-марал секілді жануарлар белгілі «тәртіп» бойынша келіп тұрады. Соятын — жолбарыс, бұзып-жаратын — аю, тәтті-дәмділерін патшаға тасып беріп жүретін епті даяшы тұлкі екен.

Арыстан әбден ұйқысы қанып, жайланып тамаққа тойғаннан кейін, оның көңілі қалауынша әркім әртүрлі сауық жасап батырдың көңілін жұбатады. Бұлбұл сайрайды, көкек зікір салады, шымшық билейді. Маймыл түрлі ойындар көрсетеді. Тұлкі күлдіргі қулықтарын айтады. Топас аю, аңқау қарға, меңіреу есек оларға келемеж күлкі болады. Ал батырдың тыныштық тауып жатқан кезінде төрт мысық табандарын жалап маужыратып ұйықтатады. Әлдеқалай оның ұйқысын бөліп, дыбысын шығарған қылжақбас аңдар бола қалса, ауыр жазаға кіріптар болады.

Сол сияқты мейманасы асқан арыстан күндердің бір күні әбден қартайып, алжуға айналады. Ақырында орнынан тұруға шамасы келмей әлі бітеді. Тістері түгелдей түскен, тырнақтары тұқыл болған, буындарында әл жоқ. Осы жайды көрген аңдар енді батырдан қорықпады. Оны сыйлауды қойды. Тамақ болу үшін де ешкім келмеді. Аштан өлер болып діңкесі құрып жатқанда, одан бұрын жәбір көрген аңдар кезекпен келіп бұрынғы өштерін алған екен.

Ішіне қанды кек қатқан жануарлар жаны ерекше қиналатын жерін таңдап тұрып, өз шамаларынша батырға жаза беріпті.

Ит қабады, қасқыр талайды, ат тебеді, сиыр сүзеді, тышқан тістейді. Бір мезгілде салпаң құлақ есек келіп: «Қай жерін тепсем, оның жанына қатты батар еді?» — деп, батырдың денесіндегі жанды жерін таңдайды. Осы кезде талықсып жатқан арыстанның есі кіріп, көзін ашады. Ол қасында тепкелі тұрған есекті көріп өте назаланады:

¹² Хадден /а/ — шектен, шамадан тыс.

¹³ Мейманасы асты — көңілі өсті, масаттанды.

— Кешегі дәурен баста тұрған кезде бұл шірікті жан деп те есептеген жоқ едім, бұл күнде бұ да маған қорлық көрсетпек болып аяқ көтеріп тұр. Ә, Тәңірім, менің жанымды бұл жаманның қорлығына көрсетпей ал! — деп жан тәсілім еткен екен.

«Не ексең, соны орасың» деген мәтел осыған келеді.

Айлакер қоян

Бір қоян өте айлакер екен. Байқаусызда өзін ұстап алған қасқырдан да, түлкіден де айламен құтылып кетіп жүреді.

Бір күні қалың бұталы сайды аралап келе жатады да, апанының аузында алқынып, шаршап отырған аюды көреді. Қалқыып қарсы алдына тұра қалады да, оны мазақтап, әндете бастайды

— Әй, Қорбаңбай, Қорбаңбай,
Күнің қараң болған ба-ай?
Кезіп қалың ағашты,
Жүруші едің ордандай.
Әлің бітіп қалыпты,
Енді өлесің, сормаңдай!..

Оның бұл қылығына ыза болған аю тап берген кезде, қоян зыта жөнеледі. Түбір-түбіртіктерден орғып, ұстатпай кетеді. Сол бетімен бұта-бұтаны аралап, әр жерде жүрген қояндарды жинап алады.

— Жүріңдер, мен сендерге бір қызық көрсетейін, — дейді. Оның лепіргеніне қояндар таңданысады. Сонда да әуестеніп:

— Ол қандай қызық? — деп сұрасады.

— Еріңдер соңымнан, барған соң білесіңдер.

— Жүр ендеше, — деп, басқа қояндар соңына ілеседі.

Сытырлаған сыбырды естіген аю қалың бұтаның арасына тығыла қалады. Әлгі қоян аюды апанында жатқан шығар деп ойлап, тақап барады да:

— Әй, Қорбаңбай, тыңда, — дейді де, әндете өлең айту үшін тамағын кенейді. Сол кезде тасада тұрған аю шап беріп, қоянның едірейген құлағынан ұстай алады.

— Ә, бәлем, түстің бе қолға? — деп кіжінеді. Мұндай оқиғаны күтпеген қоянның зәресі ұшады.

Басқа қояндардың күліп тұрғанын байқаған соң барып, тез есін жинайды да:

— Аю аға, жаңағы ағаттығым үшін мен өзіңнен кешірім сұрағалы келіп ем, — дейді жалбарына айлаға басып. — Мына қояндарды куә болсын деп, әдейі ертіп келіп ем.

Мұны естіген соң:

— А, солай ма? — деп, аңқау аю қоянды босатып қоя береді. Сөйтіп айлакер қоян тағы да амалын асырған екен.

Тапқыр қоян

Аңдардың патшасы арыстан бәйге жариялапты. Бір қазан суды қайнаттырып қойып:

— Осы суды кім ішіп қойса, көп сыйлық беремін, — деген шарт қойыпты.

Аңдар бірінен соң бірі келіп, қанша өжеттенсе де, қайнап тұрған суды ішуге батылдары бармапты.

Ең соңында қоян келіп, қып-қызыл шоқта тұрған қазанды көтеріп алады да:

— Ыстықтай ішуді өте жақсы көремін, — деп, жан-жағына қарайды.

— Ендеше іше ғой, — дейді аңдар аңтарылып.

Қоян ұзыннан-ұзақ, қаз-қатар тізіліп тұрған аңдарды жағалай жүріп:

— Мінеки, достарым, мынау, ыстық су. Көздеріңмен көріңдер, — деп, бас-басына көрсетіп шығады.

Сөйтіп қоян аңдарды басынан аяғына дейін аралап шыққанша, қазандағы су суып қалады. Сол кезде қоян суды басына бір-ақ көтеріп, сіміріп салады. Шошынған аңдар ауыздарын ашып, көздерін жұмысады.

Ал алданған арыстан патша қоянға көп-көп сыйлықтар бергізіп:

— Міне, нағыз ер! — деп мақтапты.

Мақта қыз бен мысық

Мақта қыз бен мысық екеуі дос болып жүреді. Бір күні Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады. Мысықты шақырады. Шақырады — келмейді, шақырады — келмейді, сосын: «Келмесең, келме», — деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп: «Неге шақырдың?» — деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сосын мысық айтады: «Ендеше қатығыңды төгем», — дейді. Мақта қыз: «Мен құйрығыңды кесіп аламын», — дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. «Апа, апа, құйрығымды берші», — дейді. Сосын Мақта қыз: «Менің қатығымды төлеп бер», — дейді. Мысық сиырға барады. «Сиыр, сиыр, маған қатық берші», — дейді. Сиыр оған: «Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп бер», — дейді. Мысық ағашқа барып: «Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші!» — дейді. Ағаш: «Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең, жапырақ беремін», — дейді. Суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп: «Қыздар, қыздар, маған су беріңізші», — дейді. Қыздар: «Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз», — дейді. Мысық дүкенге барады: «Ай, дүкенші, маған сағыз берші», — дейді. Дүкенші: «Маған тұқым¹⁴ бер», — дейді. Мысық тауыққа барады: «Тауық, тауық, маған тұқым берші», — дейді. Тауықтар: «Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз», — дейді. Мысық: «Енді не қыламын?» — деп бара жатса,

¹⁴ Тұқым /п/ — жұмыртқа.

бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып: «Жаның барында айт, үйіңде не бар?» — дейді. Тышқан қорыққанынан: «Үйімде бір батпан¹⁵ тарым бар», — дейді. Мысық: «Маған бір уыс тары бер», — дейді. Тышқан үйіне барып, бір уыс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді, тауық тұқым береді. Тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді. Сағызды апарып қыздарға береді. Қыздар су береді, суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырағын береді. Жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызға береді. Мақта қыз мысықтың құйрығын береді.

Құмырсқаның қанағаты

Ертеде бір данышпан кісі болыпты. Ол кісі жан-жануарлардың, құрт-құмырсқаның тілін біледі екен.

Бір күні әлгі данышпан жолаушылап келе жатыпты. Жарты жолға келгенде ат шалдырып, демалып отырса, кішкентай бір құмырсқаның дән тасып жүргенін көреді. Оны жерден көтеріп алады да, алақанына салып тұрып:

- Кәне, құмырсқа, айтшы, дәнді қайда алып барасың? — деп сұрайды.
- Илеуіме апарамын, — дейді құмырсқа. Адам сұрайды:
- Оны қайтесің?
- Кейінге сақтаймын, — дейді құмырсқа. Адам:
- Көп жинайсың ба? — деп сұрайды.

Құмырсқа өз шаруасының жайын былайша баяндайды:

— Жаздай жұмыс істеп, жейтін азығымды жинаймын да, қыстыгүні қаннен қаперсіз тынығып жатамын.

Данышпан құмырсқаны шыр айналдыра қарай бастайды:

- Басың неге үлкен?
- Аз сөйлеп, көп ойлаймын.
- Белің неге қылдырықтай?
- Қомағай емеспін.
- Жылына қанша дән жейсің?
- Бір дән жеймін...
- Соған қанағат етесің бе?
- Одан көп жей берсем, жер бетіндегі басқа құмырсқалар аш қалмай ма? Қанағат керек қой!

Құмырсқаның ақылына, қанағатына, көрегендігіне сүйсінген данышпан оны сынап көрмек болады. Қорапқа бір дән салады да, құмырсқаны соған қоса қамайды. Сонан соң су тимейтін бір жайлы жерге орналастырады.

¹⁵ Батпан /т/ — ежелгі шығыс елдерінде қабылданған салмақ өлшемі. Әр елде өлшем әртүрлі. Көне Бұхарада бір батпан 8 пұтқа тең, ал кейбір жерде 4 пұтқа тең. Ферғанада екі пұт деп саналған. Қазақ өлшемінде ауыр салмақ, үлкен, көп деген мағынада қолданылады.

— Бір жылдан кейін келемін. Дәнің бар жейтін, қамсыз жата бер, — дейді данышпан құмырсқаға ескертіп. Осылайша құмырсқаның азықты қалай үнемдейтінін білгісі келеді.

Бір жыл өткен соң данышпан әлгі құмырсқаға қайта оралады. Өзі қойып кеткен жерден қорапты тауып алады. Құмырсқаның өлі-тірісін білмек болып, қорапты ашады. Қараса, құмырсқа тірі екен. Қасына қалдырған жалғыз дәннің жартысын ғана жепті. Бұған таңданған данышпан:

— Ей, құмырсқа, — депті мұның себебін білмек ниетпен, — сен жылына бір дән жеймін деп едің ғой. Мына дәнді неге түгел жемей, жартысын қалдырғансың? Не себептен сонша үнемдедің?

Сонда құмырсқа былай депті:

— Айтқаның дұрыс, мен жылына бір дән жеймін, ол рас. Ал сен болсаң мені қорапқа салып, қамап кеттің. Сыртқа шыға алмаймын. Егер сен мені бұл қамаудан босатуды ұмытып кетсең, тағы да бір жыл қамауда жататын едім. Бір дәнді түгел жеп қойсам, аштан өлетін едім. Соны ойлап, қанағат еттім.

Данышпан құмырсқаның шыдамдылығы мен тастай берік қанағатына қайран қалыпты. Оны қамап кеткенінің қиянат болғанын, азапқа салғанын енді түсініп:

— Менің істегенім дұрыс болмапты, кешір! — депті де, құмырсқаны қамаудан босатып жіберген екен.

Содан кейін данышпан қанағаттың қасиетін өзге адам баласына үйретіпті.

Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер

Жер-дүниенің патшасы Сүлеймен пайғамбар кірпі мен қарғаға былай деп бұйрық қылды.

— Сен, қарға, бар! Бір түнде жер-дүниені аралап, бір жақсы сайрайтын құс тап. Бұл құсты үйдің бас жағындағы тұрған қапасқа¹⁶ отырғыз. Таң атқанда бұл құс мені сайраған даусымен оятсын!

— Сен, кірпі, барып жердің жүзін тінтіп, маған бір жұмсақ нәрсе тап, бұл нәрсені әкеліп, дәл менің жастығымның үстіне, бетіме таяу қой! Құс сайрағанымен оянып, қапасқа қарай бергенде, бетім бұл нәрсеге тисін, — деді.

Қарға дамыл таппай көп жерлерді аралап, құстардың сайрағанын естиді. Бұған бір де құстың сайрағаны жақпайды. Мұның ойлауынша, бұл бұл, сандуғаш һәм басқа құстар жаман сайрайтын көрінеді. Даусы жақсы құсты таба алмай, қарға сорлы: «Енді маған өлім келеді ғой», — деп қайғырды. Таң мезгілде талып, шаршап, балаларын бір көріп, амандасып

¹⁶ Қапас — мәтін бойынша құсты қамайтын шарбақ.

кетейін деп қарға ұясына қайтты. Пақыр анасын көріп аш балапандар шиқылдап, қарқылдай бастады. Бұлардың қарқылдағаны қарғаға сондай жақсы, нәзік көрінді. Бұлардың қасында бұлбұл, сандуғаш әлдеқайда жаман сайрайтын көрінеді. Қарға сорлы қуанып, балаларын Сүлейменге әкеліп, мұның қапасына отырғызады.

Кірпі түні бойы дамыл таппай жердің жүзін кезіп, жұмсақ нәрсе іздейді, іздесе де таба алмайды. Бұл да шаршап шалдығып, үңгіріне қайтып келеді. Пақыр анасын көріп, мұның балалары алдынан шығып құшақтайды, кірпі де құшақтайды. Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ көрінеді. Бұл: «Жердің үстінде өзімнің балаларымнан жұмсақ нәрсе болмас» деп ойлайды. Көп ойланбай, кірпі балаларын Сүлейменнің жастығының үстіне әкеліп қояды.

Таң атады. Қарғаның балалары қарқылдап, кірпінің балалары шиқылдай бастайды. Сүлеймен: «Бұл не?» — деп, қапасақ қарай бергенде мұның бетіне тікенектер кіріп кетеді. Қараса, қапаста қарғаның балалары отыр, жастығының үстінде кірпінің балалары жатыр.

Сүлеймен ашуланып, қарға мен кірпіні шақырып алып, бұлардың басын кесуге бұйрық қылады. Жазалы болған кірпі мен қарға: «Дат, тақсыр», — дейді. Сүлеймен «дат» береді. Екеуі бастан-аяқ қылғандарын баян етіп еді, патша ойға түсті. Бұл ойлайды: «Әркімдікі өзінікі өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық хәм мамықтан жұмсақ екен ғой», — деп ойлап, қарға мен кірпіні босатып жібереді.

Бозінген

Бұрынғы заманда Бағланбай деген бай бар екен. Оның дүние малы көп екен. Көп малының ішінде Бозінген деген бір жақсы түйесі бар екен. Бозінгенді барлық малынан жақсы көреді екен. Бірақ Бозінген ешбір бота таппаған екен. Бір күні бай ел-жұртын жинап, бірнеше бие сойып той қылып, жұртынан кеңес сұрапты:

— Менің жақсы көретін түйем Бозінген бота таппады. Сол туралы не ақыл бересіңдер? — дейді.

Жиналған жұрттың ешбіреуі жауап бере алмайды. Сонда босағадан сығалап тұрған бір жеті жасар жетім бала былай деп сөз бастапты:

— Айналайын, ағалар,
Өткен екен дүниеден
Мың бір-екі бабалар.
Ажал жетіп күн бітсе,
Бұл дүниеде кім қалар?!
Мендей жетім балалар
Босағадан сығалар!
Ақсақалдар, қақпасаң,
Мен бір сөзді айтайын,

Құлақ салып тыңдасаң,
 Ашу, жанжал қылмасаң,
 Тойыңды жеп қайтамын,
 Бозінгенді алдырсаң,
 Үстіне кілем жаптырсаң,
 Жібектен бұйда тақтырсаң,
 Жітірме¹⁷ қазық қақтырсаң,
 Бозінген бота табады,
 Бір кедейге ырым қылып бақтырсаң, —

дейді. Бай баланың сөзін мақұл алып Бозінгенге:

Қалы кілем¹⁸ жаптырып,
 Жібек бұйда тақтырды,
 Жітірме қазық қақтырды,
 Ырым қылып, бота табар деп,
 Бір кедейге бақтырды.

Ай төбеден толып, жыл мүшелі болып, Бозінген қайып, туатын уақыты жетіп, бір күні басы алтын, бөксесі күміс бота туады. Бағып жүрген кедей кемпір-шал қуанып: «Байдан сүйінші алайық!» — деп бара жатса, ауылындағылардың барлығы да кедей екен. Кемпір-шалдан:

— Қайда барасыңдар? — деп сұрайды.

Сонда кемпір-шал:

— Бағланбайға барып сүйінші аламыз! Түйесі басы алтын, бөксесі күміс бота туыпты, — дейді.

Сонда ауылдағылар айтады:

— Сен жалғыз барып байдан сүйінші алып, бай болып, бастарыңа мүйіз шықпайды. Не де болса, барлығымыз тең көреміз. Ингенді сатып, пұлын аламыз. Ботасын жеті қабат темір үйге кіргізіп бағып, өскен соң, оны да сатамыз, — дейді.

Кемпір мен шал көнбейді. Аяғында олар кемпір мен шалды өлтірмекші болады. Осыдан кейін кемпір мен шал қорыққанынан лажсыз көнеді. Бозінгенді ботасынан айырып, базарға апарып алпыс ділдаға сатады. Керуеншілер түйелеріне қосып тіркеп, алып кетеді. Сонда Бозінген керуеншілердің қолында ботасын сағынып, боздап айтқаны:

— Жаратқан жалғыз Құдая,
 Күйіп жаным, сабылдым.
 Үстіме кілем жамылдым.
 Ырым қылып бала үшін,
 Кекілімді үкілеп,
 Жібектен бұйда тағындым.
 Бір бота үшін толғанып,

¹⁷ Жітірме — қым-қиғаш, шым-шытырық.

¹⁸ Қалы кілем — түрлі түсті ою-өрнектермен безендірілген, қымбат бағалы түкті кілем.

Бір өзіңе жалындым.
 Ақырында аңырап,
 Ақырында, Құдая,
 Базар түсіп сатылдым.
 Жас ботамнан айырылып,
 Мен Құдайға не қылдым?!
 Мына жалған дүниеде
 Көрер күнім болар ма?
 Мен ботамды сағындым!
 Неше күндей жол бастым,
 Көзімнен жасым ағызып,
 Емшектің сүтін тамызып,
 Өлгенде көрген ботамды
 Емізбедім жағызып¹⁹!
 Боташымнан айырылып,
 Ішім оттай күйеді.
 Жүйкем босап сағынып,
 Тұла бойым иеді.
 Бағланбайдың алдында,
 Тұра алмадым, Құдая,
 Келіндерге сауғызып.

Кеш болған соң кірекештер²⁰ келіп бір жерге қонады. Бозінген арман, дерті ішіне толып, әуедегі ұшқан құстарға қарап, ботасын сұрап зарланғаны:

– Қалықтаған аспанда
 Ителгі менен сұңқарсың.
 Ертеменен жем алсаң,
 Сәскеде барып ұшарсың!
 Аспандап ұшып келдің бе?
 Ел ішінде қайғырған,
 Енесінен айырылған,
 Қу кедейлер жәй қылған
 Жетім бота көрдің бе?
 «Қандай бота?» дедің бе?
 Мен Құдайға не жаздым?
 Аспанда ұшып айналған,
 Түлкі көрсе, сайланған,
 Иесі алып байланған,
 Қара ала баршын бүркітім,
 Аспандап ұшып келдің бе?

¹⁹ Жағызып — сүтке тоймаған жас төлді сүтке тойдыру, емізу. Көбінде енесі жарыта алмаған жас төл басқа малға телінеді.

²⁰ Кірекеш — кіремен жүк тасушы, жүкші, кіреші.

Ел ішінде боздаған,
 Ішкі дертін қозғаған,
 Кедейлер сатып тоймаған,
 Еркіменен қоймаған
 Жетім бота көрдің бе?
 «Қандай бота?» дедің бе?
 Шарықтаған күшіген²¹,
 Аспанды кезген жорысың²²,
 Тамам құстың зорысың.
 Бес тырнақтың зарпынан²³,
 Тамам құстың қорысың.
 Жөндеп ұшып келдің бе?
 Ел ішінде боздаған,
 Ішкі дертін қозғаған
 Жетім бота көрдің бе?
 «Қандай бота?» дедің бе?
 Аспандап ұшқан ақсарысың²⁴,
 Бір күндерде мыңды іліп,
 Алақан қысып тастарсың.
 Сен де сорлы құс төрем,
 Балаң үшін қақсарсың,
 Аспандап ұшып келдің бе?
 Ел ішінде қайғырған,
 Енесінен айырылған
 Жетім бота көрдің бе?
 Күндіз ұшпай, түнде ұшқан,
 Көбелекпенен бірге ұшқан
 Көзі қызыл үкісің.
 Түндерде ұшып келдің бе?
 Енесінен айырылған,
 Аққудай мойны қайырылған.
 Күндіз-түн зарлап боздаған,
 Көзінен жасы парлаған
 Жетім бота көрдің бе?
 «Қандай бота?» дедің бе?
 Омырауы жасқа малынып,
 Көрінген құсқа жалынып.
 Ботасына зар күйін,
 Қайнаған іште бар күйін
 «Жеткіз» деп жылап тапсырды

²¹ Күшіген (күшеген) — бүркіт тұқымдас жыртқыш құс.

²² Жорысың — мағынасы белгісіз, мәтін бойынша «қыран» деген мағынада.

²³ Зарпынан /а/ — зардабынан, қайғысынан.

²⁴ Ақсар (Ақсары) — бүркіт тұқымдас жыртқыш құс.

Кемпір мен шалдың үйіне.
 Ұшқан құс таяды,
 Мойындары иіле.
 Тау мен тас та күңіренді
 Бозінгеннің күйіне.

Сөйтіп зарлап, көрінген құстан сұрай беріпті. Ешбіреуінен жауап ала алмапты. Содан кейін Бозінген қайғыланып: «Ботам өлген екен, Алладан хукім келген екен, аманат басын берген екен», — деп айтқаны:

— Мен — ботамнан айырылған,
 Қарайлап мойыны қайырылған,
 Сағынып, зарлап егілген,
 Көзінен жасы төгілген,
 Күнә қылмас айуан,
 Не жазығым бар еді,
 Жаратқан Жаппар Құдайым?!
 Екі көзді сел алып,
 Жылай-жылай шел алып,
 Тәңірден тілеп зарласам,
 Тілегімді берер ме,
 Ботақаным келер ме?!
 Зарланғаным Тәңірдің,
 Құлағына жетер ме?
 Не жазығым бар еді,
 Жаратқан Тәңір иеме?
 Керуеннің қолынан
 Бозінген қайтып келе ме?
 Тілегімді бере ме?
 Не жазығым бар еді?
 Жаратқан Жаппар иеме?!
 Ботақаным келер ме? —

деп, боздап кете береді. Керуеншілер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындырмаққа тоқтап, бес-алты күн еру болып жатады.

Сол кезде Бағланбайдың Ойсын, Ойсыл деген екі ұлы бар еді. Қалаға мал айдап апарып сатып, жолда қайтып келе жатып, боздаған бозінгеннің дауысын естіп, таниды. Сонда бұлар: «Бұл қайдан жүр? Әлде керуенге еріп кетті ме? Әлде боталау үшін бошалап жүр ме, іздеп табайық» — деп, екеуі жорғаларына мініп алып іздеп кетеді. Қоржын-нәрселерін жолдастарына тапсырып: «Жолмен жүре беріңдер», — дейді. Бұлар іздеп жүріп отырып, жолда нешелеген көп малдарды аралап таба алмай, ертеңінде келіп керуендерден табады. «Түйені ұстап алып, жүре берейік», — деп ойлайды да: «Қой, мұнымыз ұят болар, жайын сұрайық», — деп, керуендерге келіп сұрайды.

— Ассалаумағалайкүм,
Қонып жатқан керуендер!
Алтын, күміс артынып,
Жалғаншы адам құныкер²⁵,
Ай түбіне бардыңыз,
Айға сұрау салдыңыз.
Бағланбайдың Бозінгенін
Қайдан сатып алдыңыз?
Алтын, күміс артты екен,
Ай қызарып батты екен,
Бағланбайдың інгенін
Қандай адам сатты екен?
Ай, жарықтық, Бозінген,
Қандай бота тапты екен?
Шешесінен айырылып,
Адасқан құдай қайырылып,
Ботақаны ыңырсып,
Қайтып тірі жатты екен?
Бағланбай деген бай еді,
Төрт түлікке сай еді.
Байдың жақсы көретін
Бозінгені бар еді,
Бір ботаға зар еді.
Оймалы, шайы кілемді,
Оңдап, солдап жапсырған,
Жібектен бұйда тақтырған,
Жітірме қазық қақтырған,
«Бозінген бота табар» деп,
Ырым қылып бақтырған.
Бағланбайдың інгенін
Қандай адам саттырған?
Аттың басын бұрам ба,
Кешке дейін тұрам ба?
Мінген атым қарагер,
Ертерек бізге жауап бер!
Сөзімді қабыл алыңыз,
Бұл сөзіме наныңыз.
Артынан хабар алайын,
Жеті күн тоқтап беріңіз!
Атқа мініп шабайын,
Сатқанды іздеп табайын,
Пұлыңды алып берейік,
Інгенді алып қалайық, — дейді.

²⁵ Құныкер — айыпкер, құн төлейтін адам.

Сонда керуенбасы айтады: «Біз талай үлкен қалаларға бардық. Қайтуға жақындағанда бір қалада біреу әкеп сатты. Алпыс ділда беріп сатып алдық. Ондай ботасы болатын болса, обалына қалмайық, он күн тоқтап тұрамыз. Пұлын әкеп беріп, алып қалыңыз. Он күннен кешіксеңіз, кетіп қаламыз. Онда қалғаныңыз, — дейді.

Екі мырза жүріп отырып, бес күнде кемпір-шалдың үйіне келеді. Мырзалардың келе жатқанын көріп, кемпір-шал жасырынып қалады.

Мырзалардың ауылға келіп айтқаны:

— Мінген атым қарагер,
Келген жерім талай жер.
Бозінгенді сұраймыз,
Кемпір-шал, шығып жауап бер!
Әуеден ұшқан сары екен,
Анаға бала зар екен.
Кемпір-шал, шығып жауап бер!
Бағланбайдың Бозінген,
Аман-есен бар ма екен!

Кемпір-шал шықпайды. Екі кішкене қыз бала шығып, мырзаларға берген жауабы:

— Адырға шыққан бадал²⁶ ма?
Мал-жаныңыз аман ба?
Сіздер сұрап тұрғанда,
Айтып тұрған заман ба?
Айналайын, мырзалар,
Тәңірі қылса хал қанша.
Байға Қыдыр²⁷ дарып тұр,
Бозінгені қайып тұр.
Ай төбеден толыпты,
Жыл мүшелі болыпты,
Боталар уағы жетіпті,
Бозінгені құрысын,
Боталап қашып кетіпті!
Екі қыз қылды амалды,
Кемпір-шалдан хабар жоқ,
Әлі күнге таба алмай,
Кемпір-шалды бар ма екен,
Тірі көрер заман-ай?!

Екі мырза ойлайды: «Ешкім сатқан емес екен, өзі боталап қашып кеткен екен, керуендер бізді алдаған екен. Енді біз барғанша керуендер

²⁶ Бадал — тұтасып қалың өскен тоғайлы, бұталы жер.

²⁷ Қыдыр — халық аңыздарында кездесетін ақ сақалды қарт бейнелі, ел аралап жүретін әулие, Қызыр.

көшіп кетеді. Біз бара алмайтын болдық!» — деп қапаланып тұрады. Сол уақытта Бозінгеннің ботасы емізік еметін уақыты болып, боздайды. Ботаның дауысын есітіп, екі қызға мырзалардың айтқаны:

— Жалмаңдаған сары қар,
Жалынға күйген қара қар.
Енесінен айырып,
Жас ботаны қылдың зар!
Екі жерде зарлатып,
Кемпір мен шалдың пейілі тар.
Ыңырсыған үйінде
Жас ботаның үні бар.
Тау менен тас күңіренді,
Бозінгеннің күйіне,
Жаратқан Жаппар Құдая,
Енесінен айырылған,
Жетім бота тірі ме?!

Мұны естіп, кемпір-шал өздері шығып, мырзаларға жалынып: «Күнәмді кешкін!» — дейді. Мырзалар кемпір-шалдың күнәсін кешеді.

Алпыс ділдәні²⁸ алып, күн-түн қатып, сыдыртып барса, керуендер түстен кейін көшуге қамданып жатыр екен. Ділдәсін беріп, түйені алып келе жатқанда: «Ботам өлі ме? Тірі ме?» — деп, Бозінгеннің зарлағаны:

— Құдайым берді тілегім,
Қуанып келеді жүрегім!
Мен ботамнан айырылып,
Еңіреп, боздап келемін.
Аман-есен бар ма екен?!
Ботамды көріп, Құдая,
Жарылар ма екен жүрегім?
Жолға түсіп желемін.
Керуеннің қолынан
Аман қайтып келемін.
Өлерде көрген ботамды
Қайткенде тірі көремін?!
Керуені құрысын,
Ауыр жүкті көп артып,
Жауыр қылды арқамды-ай,
Қуанғаннан, Құдай-ай,
Келемін зарлап шыдамай.
Тірі көрер күн бар ма,
Боташымды, қалқамды-ай?!
Түзелді, Құдай, жүрісім,

²⁸ Ділдә (ділда) — алтын ақша.

Ойымнан кетті керісім,
 Шындап, Құдай, жаратсаң,
 Көрсетпе ботам терісін!
 Қоқтыға²⁹ біткен шайыр-ды,
 Қойшылар қойын қайырды.
 Өлерде көрген ботамнан,
 Аямас қулар айырды.
 Боташымнан айырылып,
 Артыма жылап қайырылып,
 Жат қолында қаңғырдым,
 Еңіреген зар күйіме
 Жер менен көк жаңғырды.
 Сүймеген Тәңір залымды,
 Есітті мұңлы зарымды.
 Қу кедейлер айырды!
 Кедейлер білген байырды,
 Мен ботамнан айырылып,
 Бір Құдай білді зарымды, —

деп, түйе бұрқырап-боздап күндік жерге келеді. Ботаның қарасын көргенде, тұла бойы еріп, түйенің бақылдап боздап арман қылып айтқаны:

— Аман көріп ботамды,
 Емізер күнім бар ма екен?
 Жар жағалай жүгіріп,
 Тал бүршігін сыдырып,
 Жегізер күнім бар ма екен?
 Аман көріп ботамды,
 Емізер күнім бар ма екен?
 Айналайын жан ботам,
 Немене болып қалды екен!
 Кекіре³⁰ біткен көк ойға,
 Көлбетер күнім болар ма?
 Сарымсақты сары ойға,
 Ойнатар күнім болар ма?
 Айналайын жан ботам,
 Немене болып қалды екен?
 Сайға шыққан сарымсақ
 Жегізер күнім бар ма екен?!
 Бауырымдағы қара емшек
 Емізер күнім болар ма?
 Айналайын жан ботам,
 Немене болып қалды екен?

²⁹ Қоқты — өзен, көл жағалауындағы қалың өскен, малға пана боларлық жер, жыныс.

³⁰ Кекіре — тікенжапырақты көп жылдық шөп.

Көнге³¹ біткен көк шалғын
 Жегізер күнім бар ма екен?!
 Көнектей³² толған қара емшек
 Емізер күнім бар ма екен?
 Айналайын жан ботам,
 Немене болып қалды екен?!
 Жібектен бұйда мұрнымда
 Шұбылтар күнім болар ма?
 Бағланбайдың Бозінгені
 «Алтын бота тапты» деп,
 Қуантар күнім бар ма екен?
 Жібектен бұйда мұрнымда
 Түйілтер күнім бар ма екен?
 Бағланбайдың інгені
 «Күміс бота тапты» деп,
 Сүйінтер күнім бар ма екен?
 Серке беріп көкпарға
 Көкпарға нар беріп,
 Елі-жұртын аулына,
 Жиылтар күнің бар ма екен?!
 Ей, Құдая, жан ботам
 Немене болып қалды екен?!
 Мен ботамды ерітіп,
 Тел қозыдай телшітіп,
 Бағланбайдың аулына
 Барар күнім бар ма екен!
 Айналайын боташым,
 Немене болып қалды екен?!
 Түйе аунаған шаңдаққа
 Аунатар күнім бар ма екен?!
 Түйе ішінде секіріп,
 Ойнатар күнім бар ма екен?!
 Ұйықтап жатқан жерінде,
 Қабырғадан тістелеп,
 Қақ төсінен иіскелеп,
 Оятар күнім бар ма екен!? —

деп боздаған Бозінген ботасына келіп қосылып, мауқын басады. Бай түйесі мен ботасын алып қуанады. Елі-жұртын жинап той қылып, мұратына жетеді.

³¹ Көн — тура мағынасында ірі қара малдың қатты терісі. Мәтін бойынша «құйқалы, құнарлы жер» деген мағына береді.

³² Көнек — көбінесе бие саууға арналған, көннен жасалған ыдыс.

Ботаның кешірмесі

Бір байдың қызы бір төренің ұлына ұзатылып, оның жасауына бай жүз ақ түйе беретін болыпты. Енесін еміп жүрген бір жас ботаны да енесінен мезгілсіз айырып, сан толтыру үшін сол түйелердің қатарында беріпті.

Ботасынан айырылған інген ботақанын сағынып зарықса, бота енесін онан бетер сағынып зарығыпты.

Сонан әлгі жас бота жол-жөнекей түйелерден бөлініп, қашып шығыпты.

Оның есіл-дерті енесін бір көру болыпты.

Ол қалың шилеуітті³³ аралап, құлағын тіге жортып келе жатады.

Ол қоғалы қамысқа жетеді. Оның ішін аралап бір мезет екпіндей желді де, құлағын тігіп тұра қалады.

— Өркешіңе бас қойып, аяулы анам,
Ұйықтар күнім бар ма екен?
Қарақат көзіңе қадалып, анам,
Ұйықтар күнім бар ма екен?
Көнектей болған емшегіңді, анам,
Емер күнім бар ма екен?
Қақ төсіңді иіскелеп, анам,
Еркелер күнім бар ма екен?! —

деп іштей зарлайды. Сонан ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін шалқар көлге келіп бөгеледі. Бота онан өтудің амалын таба алмай дағдарып тұрғанда, көл ішінен үлкен бір балық шоршып шыға келеді. Ол балық ботаға жаны ашып, оны көлден өткізіп қояды. Бірақ ботаның қуанышы ұзаққа бармайды. Ол тағы бір пәлеге тап болады. Бір түйеші оны ұстап алып, өзінің бурасына қосақтайды. Енесін қатты сағынған бота зарлаумен болады.

Бура оның мән-жайын сұрайды, бота оған басынан кешкенін түгел айтады.

Бура да ботаны қатты аяп кетеді. Сонан ол бұйданы тісімен қиып, түйешіге білдірмей ботаны босатып қоя береді. Жүрісін жеделдеткен бота көп өтпей өзінің байырғы мекеніне келіп, енесін табады.

Інген ботақанын ойлай-ойлай оттаудан қалып, өлуге жеткен еді, ол орнынан тұра алмай, ботасына телміре қарап, көз жасын көлдетеді:

— Мен енді өлемін, мен өлгеннен кейін сен солтүстікті бетке алып ағанды ізде, ағаңның бойы тапалдау, шудалы, өзің сықылды ақ. Онымен бірге болсаң, алаңсыз өмір өткізесің. Есіңде болсын: ағанды іздеп шыққан жолыңда жал басына түнеме, ескі жұртқа әсте түнеуші болма, төбешік кезіксе, оның оңтүстік жағына түсіп түнегейсің, ал ағаң бар керуенді тапсаң, ағаңның артында, түйелердің ортасын ала жүр, — деп ақыл айтады.

³³ Шилеуітті — басқа өсімдіктермен қоса шиі де бар жер.

Сөзін бітірген інген жасты көзбен дүние салады.

Сонан бота солтүстікті бетке алып, ағасын іздеп жол жүріп кетеді. Жол-жөнекей енесінің сөзін есіне алған бота: «Не болар екен, жал басына түнеп, бір байқап көрейін», — деп, жал басына түнейді. Жал басы желді, суық еді. Енесінің өсиетін ойлаған бота: «Анамның жал басына қонба дегені жал басы жалтаң, суық, тоңасың дегені екен ғой», — деп ойлайды. Бота енді «Ескі жұртқа түнеп байқайын», — деп, мұны да білгісі келеді.

Сөйтіп ол ертеңінде бір ескі жұртқа түнейді, жыртқыш хайуандар ескі жұрттан тіміскілеп, жем іздеп көп келіп, ол сол түні көз ілмей шығады. Енесінің өсиетін есіне алған бота: «Анамның ескі жұртқа қонба деуінің себебі осы екен ғой», — деп ойлайды.

Бота үшінші күні бір төбешікті тауып, соның оңтүстік жағына түсіп түнейді. Ол сол күні тоңбайды, түні бойы жем іздеп, мазалап, тіміскілеп жүретін жабайы хайуандардан да аман болады. Төртінші күні ол ағасы бар керуенді тауып, ағасымен кездеседі. Сонан ол: «Шешем ағаңның артында, түйелердің ортасында жүр деп неге айтты екен, осы сөздің сырын білейінші», — деген ойға келеді.

Сонан ол әдейі түйелердің алдына шығып алады. Оны басқа түйелер санынан тістеп, маза бермейді. Бұл болмаған соң, бота кейін ығысып, түйелердің ең артында қалады. Бұл жолы бір бақташы қыз қамшының астына алады. Сонан бота түйелердің қатарынан шығып жанасалай жүреді, бұл да болмайды. Құм, топырақ кіріп көзін аштырмайды.

Сөйтіп бота түйелер қатарындағы ағасының артына келіп, түйелердің ортасын ала жүреді, бұл жолы бәрінен тыныш болады.

Ағасы қарайласып шөптің жақсысын жеп, судың тұнығын ішіп, жанашылықтан құтылады. Ағасы оған үнемі күлдіргі әңгімелер айтып беріп, көңілін аулайды. Шат-шадыман тұрмыс кешіреді.

Сонымен, бота: «Анамның айтқан сөздерінде титтей де ағаттық жоқ екен-ау!» — деген ойға келеді.

Домбырашы теке

Күндерде бір күн қошқар, теке, бұзау үшеуі жолдас болып, алыс сапарға шығыпты. Үшеуі жолда келе жатып, екі қос уыстай сұлы тауып алышты. Енді мұны үшеуіміз қалай тең бөлісіп жесек екен деген кеңеске кіріседі. Сонда теке тұрып:

— Мен таптым, — дейді. Оның өзі лақ теке болса керек.

— Үшеуіміздің ең кішіміз сен екенсің, олай болса, айта ғой, не істеу керек, — депті қошқар мен бұзау.

— Меніңше, бұзау ағайдың аузы үлкен ғой, алдымен бір асасын, одан аузы кішірек қошқар ағай екі асасын, сонан соң ең аузы кіші мен үш асайын, сонда үшеуіміз де бірдей асаған боламыз, — депті теке. Оны ана екеуі де теріс көрмепті.

Сөйтіп үшеуі сұлыны бөліп жеп алып, тағы жүреді. Бір жерге келгенде үшеуінің алдыларынан бір өлген түлкі кез болыпты.

— Мұны қайтеміз? — дейді қошқар.

— Бұл да жолымыздан табылған олжа ғой, керек болар, ала жүрелік, — дейді бұзау.

— Бұны кім алып жүреді? — дейді қошқар. Сонда теке тұрып:

— Бұзау ағай бізден үлкендеу ғой, мұны сол арқалап жүрсін, — депті. Мұны бәрі де мақұл десіп, өлген түлкіні бұзау алып жүреді. Үшеуі сол бетімен келе жатып бір иесіз ескі тамға кез болады.

— Үй ішінде не бар екен? — деп, өлген түлкіні далаға қоя салып, үшеуі бірдей кіріп барса, домбыра шертіп отырған түлкіні, оны тыңдап отырған аю мен қасқырды көріпті.

— Е, жақсы келдіңдер ғой, отыра қалыңдар, домбыра шертісейік, — деп түлкі домбырасын текеге ұсынады.

— Жоқ, алдымен сіз шертіп өнер көрсетіңіз! — деп, теке домбыраны алмапты. Сонда түлкі домбыраны шертіп жіберіп:

— Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Лақ біздің бір түстік.
Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Қошқар біздің бір күндік.
Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Бұзау біздің бір түндік, —

дейді де, домбыраны текеге ұсынады. Теке домбыраны ала салып:

— Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Түлкі бізге тұмақтық.
Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Аю бізге төсектік.
Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Қасқыр бізге ішіктік.
Міңгір-міңгір, міңгірлек,
Ал тамды қират, дүңгірлет, —

депті де, домбыраны шертіп-шертіп жіберіпті. Сонда түлкі:

— Бұлардың соңында әскерлері бар шығар, — деп, далаға жүгіріп шықса, өліп жатқан түлкіге көзі түседі.

«Таптым, бұлар аң аулап жүрген аңшылар екен, енді бұл жерден тез қашпасақ, бұлар бізді де мына түлкі сияқты соғып алады!» — деп ойлайды да, дереу аю мен қасқырға хабар беріп, өзі қаша жөнеледі. Оның артынан екеуі де қашады. Бірақ қарны ашқан қасқыр алақтап қала береді. «Бұлар не істер екен», — деп, тамның сыртынан тыңдап тұрады. Бір кезде текенің: «Әлгілердің өзін қорқытып қашырдық-ау!» — деп күлгенін естіген қасқыр:

— Әй, не айтып тұрсыңдар? Теке, алдымен сені жайратпасам ба! — деп, тұра ұмтылады, ана үшеуі қаша жөнеледі. Бізаланған қасқыр

бұлардың соңынан қуа береді. Бір жерге барғанда, алдыларынан үлкен бір ін кездесіп, әлгі үшеуі соған кіріп кетеді. Іннің екінші жағы тесік екен. Бір кезде қасқыр да жетіп, інге басын сұға бергенде теке аңдып тұрып, қасқырдың басын мүйізімен қыса қойыпты да:

— Ал, қошқар аға, шамаң болса, ұмтыл! — депті. Сол кезде қошқар іннің ана жағынан шыға сала жетіп барып, қасқырды соғыпты-ау келіп. Қасқыр ойбай салып, зорға құтылыпты да, тұмсығының қанын сорғалатып қаша жөнеліпті.

Сол қашқаннан бір биік таудың басына шығып ұлып, қасқырларды шақырыпты. Жиналған қасқырлар одан:

— Не болды? — деп сұрапты.

— Ойбай, ана жақта бір... сондай, үш ұста бар екен, солар кездесіп қалып, жалғыз өзімді ұстап алды да, біреуі қысқашымен³⁴ мойнымнан қысып тұрып, екіншісі балғамен ұрып-ұрып қоя берді, — дейді. Сонда басқа қасқырлар тұрып:

— Жүр ендеше, ол ұсталарды бізге көрсет, бәріміз жабыла барып, балғасын өздерінің тұмсығына соғайық! — деседі де, ұсталарды іздеуге жүреді. Бұлардың алыстан қаптап келе жатқанын қошқар көріп:

— Ойбай, қасқырлар келе жатыр, қашайық, — дейді. Үшеуі қашады. Бір жерге келгенде, алдыларынан бір бәйтерек кез болыпты. Теке алдымен бұзау мен қошқарды теректің басына шығарып, онан соң өзі шығып, биігірек жеріне орнығып отырып алады. Бір заманда қалың қасқыр келіп, теректің басынан үшеуін көреді.

— Енді бұлар құтыла алмайды! — деп, қасқырлар бірінің үстіне бірі шығып, теректің басына жақындайды. Сол кезде теке тұрып:

— Жақсы болды. Мына қасқырлар келген екен. Ал, қошқар аға, мен қысқашыммен тұмсықтарын қыса берейін, сіз балғаңызбен соғып құлата беріңіз! — депті. Сол-ақ екен, алғашқы таяқ жеген қасқыр ең астында тұр екен. Қорқып қалған сорлы, текенің сөзін естігенде тұра қашады. Оның үстіндегі қасқырлардың бәрі құлап, өлгені өліп, мерткікені мертгігіп, қалған саулары әлгі қасқырлармен еріп зыта жөнеліпті. Сөйтіп теке лақтың айласымен үшеуі аман құтылыпты.

Қошқар мен теке

Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Өздері кедей екен. Күн көрерлік бар малы — бес қой мен бес ешкі екен. Олардың сүтін ішіп, құрт-майын және жыл сайынғы өсімді төлін сойып жейді. Терісін, жүн-жұрқасын үстеріне киім қып киеді. Бес қой мен бес ешкі не көбеймейді, не азаймайды.

Бес қой мен бес ешкі өріске өздері жайылып, бұлаққа өздері барып су ішіп қайтады. Олар не ит-құсқа, не ұры-қарыға жем болмапты. Шал мен

³⁴ Қысқаш — шымшуыр, шоқ қысқыш.

кемпір оларды кешке өрістен қайтқанда түгендеп қораға кіргізіп алады да, ертемен түгендеп шығарып салады. Бес қой мен бес ешкіні аман-есен сақтап, бағып-қағып өсіретін бақташы да, күзетші де қошқар мен теке еді.

Қошқар мен теке шал мен кемпірдің жанындай ең жақсы көретін малы еді. Мал емес-ау, өздерінің туған баласы сияқты еді. Қошқар мен теке шал мен кемпірдің не айтқанын түгел ұғатын, түгел орындайтын. Шал мен кемпір де текенің естілігіне сенетін. Теке қой мен ешкіні өрістен ертіп мезгілінен ерте қайтатын болса, күн райы бұзылып жауын-шашын, боран боларын сезіп, алдын ала сақтық жасайды.

Қошқар мен текенің бастауымен ешкі мен қойлар шу көтеріп маңырап, үркіп-үрпісетін болса, жақын жерде бұлардың ізін аңдып қасқыр мен ұры жүргенін сезіп, алдын ала сақтық жасайтын-ды.

Қошқар мен теке екеуі жандай дос еді, біріне-бірі қамқор, ақылшы, серік болатын. Сонымен бірге олардың бірінде жоқ мінез-қасиет екіншісінде бар еді. Қошқар аңқау, аңғал мінезді, қорқақтау еді. Бірақ қайратқа мықты, текеге сенетін. Ал теке айлалы, ақылды, көп жайды күні бұрын болжап білгіш көреген еді. Осындай мінез-қасиеттерін жақсы білетін шал мен кемпір қошқар мен текені азғана малымның құты — иесі, күн көрерлік ауқатымның таяныш-сүйеніші деп білуші еді.

Күндерде бір күні шал қатты ауырып, төсек тартып жатып қалды. Кемпір шалының аузына су тамызып, күні-түні қасынан шықпайды. Қошқар мен теке бұл жайды әбден түсініп, шал мен кемпірді жоқтатқан жоқ, өздері қорадан шығып жайылып, өздері қайтып келіп жүрді. Үй қасынан алыстап кетпей, сақтанып жайылатын болды. Шал науқасынан жазылмады, халі күннен-күнге ауырлай берді. Кемпір жасын көлдей төгіп, жылаудан басқа түк бітірмеді. Шал осындай әл үстінде жатқан кезде ел аралаған қара бақсы келді. Қобызын ойнап, шалдың тамырын ұстап қарады да, емін айтты. «Ең жақсы көретін, қасиет тұтатын бір малыңды сойып, қан-жынымен ұшықтап, емдеу керек», — деді.

Мына сөзден шал мен кемпір шошып кетті, ең жақсы көретін малы — қошқар мен текені қалай өлімге қимақ?!

— Қасиет тұтатын қошқар мен текені бұл құрбандыққа қимаймыз, басқа бір қоймен емдеңіз, — деді шал мен кемпір қара бақсыға жалынып. Бақсы айтқанынан қарысып қайтпады.

— Нағыз жаныңа бататын қимасыңды құрбандыққа шалып емдеген ем қонады. Басқа малмен мен емдемеймін, — деді.

Шал мен кемпірдің амал-айласы құрыды. Екеуі бірдей егіліп жылады. Қошқар мен текенің бірін сойып емдемесе, шал жазылмайтын сияқты болып көрінді.

Ал соятын болса, бар күн көріп, қорек қылып отырған аз ғана малы бірге құритындай көрінді.

Бәрінен де жан тәтті, адам өмірі ардақты ғой. Шал мен кемпір әрі жылап, бері жылап, басқа қылар ақыл-айласы таусылып, ақыры қошқар мен текенің бірін соймақшы болды.

Теке бұл жайдың бәрін сезіп білді. Түн ішінде қошқарды оятып алып, оған сұмдық хабарды естіртті. Әрі жылап, әрі ыза болған екеуі уәде байласты да, түн ішінде ешкімге сездірмей туып-өскен мекенін тастап жүріп кетті. Ойласқандары — шал мен кемпірді емдейтін дәрі шөп іздеп таппақ.

Қошқар мен текені іздеп артынан қуған ешкім болған жоқ. Кім қуады? Шал ауру, кемпір өз бетімен мал іздей алмайды. Сонымен қошқар мен теке сол кеткеннен кете барды. Елсіз даланы, сай-саланы, таулы орман араларын, өзен-бұлақ бойларын аралап, от оттап, суын ішіп бірнеше күн жол жүрді. Қауіп-қатер аяқ аттаған сайын бұларға кездесті. Бірде қасқыр сияқты жыртқыш аңдардың кезіп-жортқан іздеріне душар болады. Кейде түн ішінде айналада ұлыған қасқырдың үнін, ақырған аюдың, қорсылдаған қабанның дауыстарын естіп, жандары алқымға тығыла үрейленді. Бәрінен де жасырынып, сыбдырын сездірмей жүріп қашып өтеді.

Қайда барарын, қайда мекендеп өмір сүрерін қошқар мен теке әлі анықтаған жоқ. Елсіз дала, тау, орман арасында дәрі шөптің қайда екенін де білмейді. Онда жыртқыш аңдарға кездессе, бассалып талап жеп қояды. Ал ел қарасына жақындап, адамның көзіне түссе, екеуінің бірін бассалып сойып жеп қоюы мүмкін. Бірақ елсіз, адамсыз жерде тіршілік етіп өмір сүру тағы мүмкін еместігін екеуі де жақсы түсінеді. Құтылатын жалғыз жол — шалды жазатын дәрі шөп. Ол табылса, қорықпай үйге қайтып бармақ.

Осылайша қошқар мен теке жазық бір далада келе жатыр еді. Теке жел жақтан көтерілген бұлтқа қарап тұрды да:

— Бүгін сұрапыл жауын болады екен, кел, қошеке, күрке жасап алайық, — деді.

— Өзің сыятын шағын күрке жаса, менің жүнім қалың, етім майлы, жауын астында жатсам да түк етпеймін ғой, — деді. Теке «маһм-маһм» деп жүріп жұлып шөп жинайды, бір шоқ тобылғының түбіне шөпті үйіп, өзі сыйғандай етіп жылы күрке жасап шықты. Кешке қарай күн райы бұзылды, кілегей қара бұлт аспанды түгел жауып, сапырлап ағылып, сатыр-күтір, жарқ-жүрқ етіп нажағай ойнады. Нөсер жауын шелектеп құйғандай үдеп жауа берді.

Асты-үсті, жан-жағы шөппен жабылып қымталған жылы күркенің ішінде теке мынадай сұрапыл жауынға ұрынбастан үсті-басы құрғақ, жайбарақат тынығып жатты. Ал қошқар төңкерген қазаңдай семіз құйрығын жел ұрған жауынның бетіне тосып, күркені ықтай жатты. Бірақ қошқар көпке шыдай алмады, асты-үстінен бірдей сорғалаған мұздай суық су, азынап ұйытқып соққан жел қошқардың қалың жабағы жапқан семіз терісінен етіне өтіп, етінен сүйегіне жетті. Қошқар дірілдеп-қалшылдап тоңа бастады.

Ақыры шыдамы таусылып: «Теке, ә, теке! Мен жаурадым, менде бір білместік болды. Мені жылытпасаң, халім нашарлап барады», — деп жалынды қошқар. Теке:

— Ендігәрі ондай ақылсыздық істеме, — деп, тар болса да күркесіне қошқарды кіргізіп алды.

Ертеңіне жауын басылды. Күн ашылды. Қошқар мен теке жолға шығып жүріп келе жатты. Түске таман аспандағы ыдырап бітпеген бұлттардың қозғалысына қадала қарап тұрған теке:

— Бүгін қар жауып, боран болуы ықтимал. Күрке жасап алайық, қошеке! — деді. Бұған қошқар абыржи қоймады.

— Қар қалың, жүннен өтіп кететін жаңбырдың суық суы емес қой. Құйрығымды желге төсеп жата берем. Қылшығың селдір, терің жұқа саған күрке жасап алу әбден дұрыс, — деді қошқар.

Теке жолдасына қайырып тіл қатпады. «Маһм-маһм» деп жүріп, жұлып шөп жинады. Бір шоқ ақ шидің ығына шөпті қалқалай үйіп-үйіп, өзі сыйғандай етіп жылы күрке жасап шықты.

Кешке қарай күн райы бұзылды. Ала бұлттар аспанда жөңкіліп, жапа-лақтап қар жауа бастады. Құйындатқан суық жел соғып, аспан мен жерді ұйытқыған ақ түтек боран жауып кетті. Мынадай сұрапыл боранда теке жылы күрке ішінде жайланып, тынығып жататын болса, төңкерген қазандай семіз құйрығын боранға тосып күркенің қасында жатқан қошқардың халі мүшкіл еді. Ұйытқыған боран, азынаған суық аяз қошқарды әбден жауратты. Қошқар ақыры шыдамы таусылып: «Теке, ә, теке! Менің халім бітуге айналды, күркеңе кіргізбесең, енді құритын түрім бар. Ендігәрі айтқаныңды екі етпеймін», — деп жалынды. Теке:

— Ендігәрі ондай ақылсыздық істеме, — деп, тар болса да, жаураған досын күркеге кіргізіп алды.

Ертеңіне боран басылды, күн ашылып жылынды. Қошқар мен теке жолға шығып, жүріп келе жатты. Келе жатып теке жер шолып отырды. Құс ойнаған, қасқыр, қоян жүрген жымдарды, аю, қабан жортқан соқпақтарды қадағалап, барлап біліп, сақтық жасап отырды. Күн кешкіріп, ымырт жабылар кезде теке тоқтай қалды.

— Қошеке! Қасқыр апанының үстінен шығыппыз, жан-жағына тарап кеткен іздер сайрап жатыр ғой, міне! — деді.

— Ойбай, теке! Енді біржола құрыдық қой! — деп, қошқар қорқып дірілдей бастады. Бірақ теке саспады, абыржымады, қорықпады да.

— Бұдан қашып құтыла алмаймыз, ізімізді сезеді де, қайда кетсек те қуып жетіп құртады. Құтылатын жалғыз амал сол — қасқыр апанының өзіне тығылу, — деді. Бұдан тіпті шошынған қошқар: «Не дейді мынау! Не дейді!..» — дей берді қалшылдап. Алайда теке досының ақылына енді қарсы болуға шамасы да қалмады. Текенің артынан ере берді.

Теке бастап жүріп отырып, көп ұзамай қасқыр апанына келді. Кең апанның бір жағы қуалап қазылған үңгір ін екен. Екеуі де ішіне кіріп, дәл кіреберіс тар ауызда теке өзі тұрды да, бір жақ бүйірін ала қалтарысқа қошқарды қойып: «Мен соқ дегенде қасқырды аямай мүйіздеп соға бер, қорықпа», — деп ақылын айтты, түні бойы қасқырдың түнгі жорықтан қайтуын ұзақ күтті.

Таңға жақын түнгі жорықтан қалжыраған, еш нәрседен хабарсыз қасқыр жалқау басып келіп апанға секіріп түсті де, інге кіре берді.

Теке найзағайдай шаншылған екі тік мүйізін қасқырдың қыл тамағынан орай қылғындырып, іннің төбесіне тіреп тұра қалып: «Тоқтым, тоқтым, соқ», — деп айғай салды. Қошқар бөгелген жоқ, доғадай иілген тастай ауыр мүйізін қадай бар пәрменімен қасқырды бүйірден қойып-қойып жіберді. Қасқыр бір жақ қабырғасы мен алдыңғы аяғының бір жіліншігі жазым болғандай қыңсылап, өкіре бір құлап түсті де, жан беру оңай ма, бұрылып алып шойнаңдап қаша жөнелді. Артынан қошқар мен теке недәуір жерге қуып тастады. Қуып бара жатып: «Тоқтым, тоқтым, соқ!» — деп қояды теке. Осы дауысты естіген қасқыр одан сайын үрейлене зытты.

Таң атып, күн шықты. Қошқар мен теке отын оттап, суын ішіп жүріп келе жатты. Жолшыбай дәрі шөпті іздейді. Сәске мезгілінде теке жерден із шолып келе жатып:

— Апырай, бізді он екі қасқыр іздеп келе жатқан екен, енді тезірек жүріп, анау көрінген бәйтерекке жетіп алайық, — деп, аяғын тездетте басты. Қошқар мен теке терең жайқын дарияның жағасындағы биік жарға біткен бәйтерекке жақындап келгенде, алыстан шаңдатып, шапқыласып келе жатқан бір топ қасқыр да көрінді. Бәйтерекке жетісімен теке бұтағына оңай секіріп, басына тез өрмелеп шықты. Ал қошқар ауыр денесін, майлы құйрығын көтеріп бәйтерекке шыға алмады. Теке жерге қайта жылжып түсті де, қошқарды құйрығынан сүйемелдеп көмектесіп, бәйтеректің ең төменгі бұтағына шығарды. Өзі одан жоғары бір бұтаққа өрмелеп шығып, келе жатқан он екі қасқырға қарап отырды. Он екі қасқырдың бірі түндегі бір аяғы мертліккен ақсақ қасқыр екен, бәрі де бәйтерекке шығып отырған қошқар мен текені көріп тілдерін салақтатып, сілекейін шұбыртып, қуаныса іске кірісті.

Әуелі бәйтеректі құлатпақ болып, жан-жағынан тырнап қаза бастады. Бірақ жуан бәйтеректің жер астын алыстап қуалаған тамырлары да жуан, берік еді, топырағын қазып жуан тамырға жеткенде қасқырлар басын шайқап тұрып қалды.

Бәйтерекке секіріп, өрмелеп шықпақ болып еді, одан еш нәрсе өнбеді. Жығылып түсе берді. Ақыры бірін-бірі сатылап көтеріліп, бәйтерек бұтағындағы қошқар мен текені қолға түсірмек болды. Ең астыңғы саты болып ақсақ қасқыр тұрды, онан кейін басқалары бірінің үстіне бірі сатылап шығып, он екінші қасқыр төменгі бұтақта отырған қошқарға жетіп майлы құйрығына арс етіп ауыз сала бергенде, амалы құрыған теке:

— Тоқтым, тоқтым, соқ! — деген айғайды ғана айтып салды. Осыны естіген баяғы ақсақ қасқыр тағы да қабырғама тепкілейді екен деп, зәресі ұшып саты болып тұрған орнынан қаша жөнелді. Тіреусіз қалған басқа он бір қасқыр биік жардан құлап дарияға топылдап түсіп, малтып шыға алмай ағып кете барды. Бәйтерекке өрмелеген қасқырлардан қорқып, есі ауып талып қалған қошқар сірескен жабағы жүннен бәйтерек бұтағына ілініп, аман қалды. Ақсақ қасқыр артына жалтақ-жалтақ қарай зытып отырды.

Қошқар мен теке отын оттап, суын ішіп тағы да жүріп келе жатты. Олар таулы-тасты, қалың тоғайдың ішіне келіп кірді. Күн кешкірді, қас қарайып ымырт жабылды. Жазықтан гөрі тоғай арасының қорқынышы көбірек. Жан-жағына алақтап, қорқып келе жатқанда әр шоқша қарағай шоқшиып отырған аюға ұқсайды. Сытыр еткен ағаш бұтақтарының сыбдыры бассалғалы тұрған аш қасқырды елестетеді. Осылай қорқып келе жатқанда теке кенет жуан қарағайдың түбіне тоқтай қалды.

— Қошеке, көрдің бе мынаны, аңшы өлтіріп, терісін сыпырып әкеткен қасқырдың басы мен сүйектерін? — деді. Қошқар өлген қасқырдың денесінен шошып, досына еш нәрсе айта алмады. Теке «мұның бір керегі болады» деп, қасқырдың басын қошқардың жалпақ құйрығының үстіне таңып берді. Екеуі тағы да жүріп кетті.

Қап-қараңғы түн болды. Айналаның бәрі тау-тас, қалың тоғай түгел мүлгігендей. Тек ақырын аттаған қошқар мен текенің өз аяқтарының тықыры, өз жүректерінің дүрсілі ғана естілетіндей. Осылай қорқа, жан-жақтарына алаңдай жүріп келе жатқан екеуі ашық алаңға шыға келіп еді. Жанған отты айнала қақтанып отырған бір топ қасқырдың үстінен шықты. Енді қашып кетуге болмайды, өйткені қасқырлар сезіп қалды. Теке қошқар досына: «Қорықпа, мынау басты осы жерге қойып кет те, менің артымнан ере бер», — деп, ілгері батылдана басып, отты айнала шоқиып-шоқиып отырған қасқырлардың ортасына жетіп келді.

— Ассалаумағалайкүм, — деді теке оттың дәл жанына жайланып отыра беріп. Қорыққан қошқар текенің артын ала тұрып қалды. Қасқырлар таң-тамаша қалып, мейлінше қуанысып, бір-біріне қарап жымыңдап, мәз бола күлді.

— Құдай сендерді біздің ортамызға қалай айдап әкелді? — деді қасқырдың бір арланы. Теке бұлардың енді бас салғалы отырған ыңғайын байқаса да, сыр білдірместен:

— Иә, дәм айдап сендерге қонаққа келдік. Сендер әрдайым қой етіне құштар болсаңдар, Құдай әмірі бойынша енді біз қасқыр етіне құштар болдық, — деді. Қасқырлар тағы да бір-біріне аң-таң болып қарасып алды. Арлан тәкашпарлықпен: «Ім, ім! Қонақасыларың дайын ғой!» — деп кекете бастап еді, теке қорқып қалтырап тұрған қошқар досына қарап:

— Бұлар бізге оңайлықпен қонақасы берер түрі жоқ көрінеді. Анау байлаудағы он бір қасқырдың біреуінің басын жұлып алып келші, мынау отқа үйітіп жейік, — деді. Қошқар аяғын жайлап басып, тастап кеткен басқа қарай жүре берді. Мына сөзді естіген қасқырларда үрей қалмады. Барлығы да қошқар кеткен жаққа қарай алаңдап қарай берді. «Мен байқайыншы», — деп, бір-екеуі тайып тұрды. Біраздан соң:

— Әлгілер неге кешікті, — деп, тағы бір-екеуі жөнелді. Бір кезде қанын ағызған қасқырдың басын оттың жарығына көрсетіп жақындай берген қошқарды көргенде арлан бастаған қалған қасқырлар дүркіреп қаша жөнелді. Басты жарық оттың жиегіне қақтап қойып, түні бойы қошқар мен теке жайбарақат демалып, ұйықтап шықты.

Ертеңінде қошқар мен теке тағы да жолға шықты. Қалың тоғай арасын кезіп келе жатты. Бір мезгілде теке тоғай ішінен соқпақ іздерді байқап, әрі алыстан даурығып сөйлеген қасқырлардың дауысын естіді.

— Түндегі қасқырлар аюға хабар берген екен, ізімізге түсіп, бәрі бізді іздеп келеді. Енді тезірек ыңғайлы бір қарағайдың басына шығып жасырынайық, — деді теке.

Жуан, бұтағы қалың қарағайға теке әуелі қошқарды сүйемелдеп шығарды да, артынан бір секіріп өзі шықты. Осы кезде балпаң басқан дәу қара қоңыр аю бастаған он шақты қасқыр дабырлап сөйлесіп, дәл қошқар мен теке орналасқан қарағайдың жанына жақын келді.

— Ақымақсындар, Құдайдың өзі айдап әкелген майлы тамақтан айырылып қалған сендердей ақымақты көргенім жоқ. «Қорқақ қойдан батыр қасқыр қорқып қашып кетіпті» деген атақтың өзі масқарашылық қой! — деді аю.

— Иә, ақымақ болдық, масқара болдық, аюеке! — деп шуласты қасқырлар.

— Әй! Менің қолыма бір тисе. Им...ім... мына найзалы саусақпен мытыр едім келіп... Осы жерде бір бал ашып алайықшы, бүгін бір майлы құйрыққа ауыз толар ма екен, — деп, аю арбаңдай басып, қошқар мен теке отырған қарағайдың түбіне шалқая келіп отырды. Он шақты қасқыр да көздерін қызартып, тілдерін салақтатып, аюды айнала шоқайып отыра бастады. Осыларды көргенде зәресі ұшып, есі ауып кетті. Қошқар аяқтарымен тіреп, салмағын тең ұстап отырмағандықтан, астындағы бұтағы сатыр етіп сынып, өзі төмен құлап бара жатты. Мұны көріп отырған теке:

— Ең мықтысын қарма! Ең семізін қарма! — деп айғайлады. Сөйткенше болмады, қошқар бар пәрменімен келіп аюдың дәл төбесінен шаншыла құлап түсті. Қасқырлар тым-тырақай қаша жөнелді. Мойны үзіліп өкірген аю біраз жатып жан тапсырды. Теке денесі ауырлап домалап жатқан қошқар досын сүйемелдеп тұрғызып алып, тағы жүріп кетті.

Қошқар мен теке отын оттап, суын ішіп, қалың тоғай арасында бірнеше күн жол жүрді. Әлі дәрі шөп табылар емес. Қашып кеткен қасқырлар тоғай ішін шулата ұлып, ұрандасқанын, аю мен жолбарысқа дейін барып арыз етіп, тоғай ішінде емін-еркін сайрандап жүрген қошқар мен текеден кек алудың керектігін айтып жар салғанын, өздерінің ізіне түсіп, іздеп жүргенін қошқар мен теке біліп келе жатты. Бір күні кешке таман теке соқпақ іздері мен алыстан талып жеткен шаң-шұң дауыстарды байқап:

— Көп жау ізімізге түсіп қуып келеді. Тез жүрейік, салқын лебі келеді, алдымызда үлкен дария болуы керек, соған жетейік, — деді. Жүгіре басып, тездете жүріп отырып, көлденең керіліп жатқан үлкен дарияның жағасынан келіп шықты. Дарияның ортасы кең арал, аралдың арғы жағы тағы жайқын су, судың арғы жағы тағы құрғақ жер еді. Бәрін де қошқар мен теке шамалап байқап көріп тұр. Ұлып, шулап, гүрілдеп, ақырып аю, жолбарыс, қасқырлар арттан жақындап келіп қалды.

Теке досы қошқарға:

— Жол бастап, ажалдан алып қалар кезек енді саған келді. Мен жүзуге жоқпын, сен жүзуге мықтысың, бастап түс мына дарияға, мен сенің құйрығыңа асылып отырып малтиын. Тура аралға тарт! — деді. Бұл жерде қошқар бөгелген жоқ. Майлы құйрығының үстіне текенің екі аяғын асылтып, терең дарияға қайықтай қалқып жүзе жөнелді. Түнімен ұлып, шулап жеткен қасқырлар жағада аңтарылып тұрып қалды. Ыза болған жалбыр жүнді қара аю ақырып:

— Құтылмайсыңдар, бәлемдер! Ал, артынан суға түсіңдер, алып келіңдер алдыма мыналарды сүйретіп! — деп, қасқырларға әмір беріп тұрды. Баяғы түнгі от басында қорқып қашқан арлан бастаған бір топ қасқыр күмп беріп дарияға түсіп, жылжып жүзе жөнелді. Оның артынан іркестіркес қасқырлар тобы да дарияға түсіп, қошқар мен текеге қарай бет алды. Бірақ қасқырлардың жүзүінде айла-тәсіл, еркіндік жоқ сияқты еді, бір батып, бір шығып, суды шалпылдата жылжумен болды. Кейбірі біріне-бірі қақтығып, судың тереңіне батып кетіп жатты. Аздан кейін олардың көбі жүзудің бағытынан айырылып, әрқайсысы әр жаққа қарай малтып, енді жан сақтаудың амалына кірісіп кетті.

Ал қошқар мен теке болса бөгелместен жүзіп отырып, дарияның ортасындағы аралға шықты. Су бетінде бір батып, бір шығып, жанталасып малтып жүрген қасқырларға қошқар әрі қуана, әрі үрейлене қарап тұрды. Қасқырлар жүзіп аралға өтер ме екен? Жоқ, кейін қайтып кетер ме екен? Қаншасы суға батып кетер екен? Теке еш нәрседен қуыстанбай, дереу аралдағы шөптерді тінтіп, дәрі шөп іздеді. Аралда жануарлар сирек еді. Қалың өскен әртектес шөптер жабағыдай боп ұйысып кеткен екен. Кішкене төмпешіктің жақпар тастары арасына өскен гүлдер жайқалып-ақ тұр. Міне, осы жақпар тастың шетінен теке бір топ дәрі шөпті табады. Оны жапырақпен орап, қошқардың мүйізінің түбіне мықтап бекітіп байлайды. Қошқар мен текені қуған қасқырлар елу-алпыс шамалы еді. Жүзе алмауына, суға батып кетіп жатқандарына қарамастан, жағадағы аю ақырып, бұйрық беріп, қасқырдың жаңа топтарын суға түсіріп жатыр. Кейбір жүзгіштері тобын жазбай, қинала малтып аралға тура тартып келеді. Мұны да қошқар мен теке байқап тұр. Енді белгілі болды. Қасқырлардың бәрі болмаса да, бірталайы аралға жүзіп жетуі мүмкін. Сондықтан екеуі аралдың қарсы жағындағы жағаға қарай жүзуге дайындалып тұрды. Қасқырлардың алды аралға аяқ баса бергенде қошқар мен теке тағы да дарияға түсіп, алдағы жағаға қарай тартты. Қапы қалған қасқырлар тілдерін тістеп жалақтатып, қатты ызаланып, аралдың жағасында тағы да аңтарылып қалды.

Қошқар мен теке енді қайтып артына бұрылған жоқ. Арғы жағаға жүзіп өтіп шықты да бөгелместен ілгері жүріп кетті. Таң атпаған, әлі қараңғы түн еді. Түн болса да текенің ақылымен тоқтамай жүре берді.

— Қасқырлардың бір тобы бергі жағаға өтуі мүмкін, әйтеуір, аралда қалмайды. Бері өткендері дереу ізімізге түсіп қуатыны белгілі. Қалай

да таң атпай бір бекініске жетуіміз кажет, — деп ақыл айтады теке досы қошқарға. Қошқар текенің ақылдылығына әбден сенген. Енді ешбір күдік келтірмейді. Теке досы не айтса, қошқар көбіне үндемей мақұлдап бас изейді. Бұлар кең жазық алаңға жетті. Бірақ жазық алаңқай жалаңаш емес, шабылған шөптен үйілген жыпырлаған шөмелелер³⁵ еді.

Теке қошқарды ертіп, шөмелелерді түгел аралап, жан-жағын түгел айналып шықты. Қошқар текенің бұл қылығына қайран қалғандай.

— Біреуіне тоқтамай айнала шарлауымыздың не жөні бар еді? — деп сұрады.

— Из тастап жүрміз. Енді бір шөмеленің астына кіріп жасырынамыз. Қасқырлар келсе, біздің ізімізбен осы жыпырылған шөмелелердің барлығын ақтарыстырып қарайды. Бірден таба қоймайды. Оның үстіне шөмелелерді ақтарып жүргенде шөп иелері де келіп қалар, — деді. Досының мұншалық терең, алдын ала болжағыштық ақылына жаны сүйсініп: «Текежаным-ай! Ақылыңнан айналайын-ай!» — деп, оны қатты қысып құшақтады. Теке де досын құшақтап жылады. Екеуі де шөмеленің астына тығылып, ұйықтап жатып қалды.

Таңға жақын бұл жерге ұлып, шулап қасқырлар да жетті. Шарлаған ізді қуалап, шөмелелерді асты-үстіне шығарып тінтіп, қошқар мен текені іздей бастады. Ала көбең таң атқан кезде ұлыған, шулаған қасқырлардың айғайын естіп оянған шөпшілер шөмелелерді талқандап жүрген қасқырларды көріп, айыр, тырма, шалғыларын қолына ұстап, айғай салып қасқырларға ұмтылды. Дәл шөпшілер оянып шу көтерген кезде бір топ қасқыр теке мен қошқар жатқан шөмелені бұзып, шаша бастап еді. Енді бірер құшақ шөпті лақтырса, дірілдеп жатқан қошқардың майлы құйрығына қасқырдың тісі тиетін еді. Шөпшілердің айғайын естісімен қасқырлар дүркіреп қаша жөнелді.

Шөпшілер жақындап келгенде теке мен қошқар да шөмеле астынан шығып, шөпшілерге қарай жүріп келіп, алдарына жата-жата қалып ботадай боздап жылады. Шөпшілердің бәрі қасқырлардың шөмелелерді неге талқандап жүрген себебін енді түсінді. Егіліп жылаған қошқар мен текені аяп кетті.

— Бұл екеуіне тимейік. Малдың құты болар, ауылға апарып қой мен ешкіге қосайық, — деді бір шал тұрып. Осыны естігенде қошқар мен теке дереу жасын тыйып, шалдың алдына келіп бас изеп тағзым етісті.

— Апырым-ай, мына жануарлар есті екен ғой, айтқанға түсініп тұр ғой. Тимейік сорлыларға, — деді тағы бір шөпші. Қошқар мен теке бұған да келіп бас иді.

Шөпшілер қошқар мен текені басынан сипап, арқаларынан қағып еркелетіп, жатқан қостарына ертіп әкелгенде ондағы қалған шөпшілердің бірі:

— Ойбай-ау, мыналарың Ақшоқыдағы шал мен кемпірдің текесі мен қошқары ғой. Сорлылар шарқ ұрып сұрау салып іздеп жүр, — деді.

³⁵ Шөмеле — шабылған шөпті кепкеннен кейін тасуға қолайлы болу үшін және жаңбыр суынан көгермеуі үшін арнайы шошайтып үйеді. Осы үйіндіні «шөмеле» деп атайды.

Қошқар мен теке сол күні туып-өскен мекенінен қашып шыққалы бірінші рет қауіп-қатерсіз, алаңсыз рақаттанып ұйықтап еді.

Ертеңінде шөпшілер ауылға әкеліп екеуін қойға қосып жіберді де, артынан шал мен кемпірге жеткізіп берді. Шал теке тауып әкелген дәрі шөптен жазылып, бұлар бұрынғыша тыныш өмір сүре берді.

Кім неден күшті?

Ерте-ерте ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауыл жүні қызыл екен,
Құйрығының жүні ұзын екен.
Мұзға тайып жығылып,
Жамбасын сындырған екен.

Сол уақытта Құдай Тағала мұздан сұрапты:

- Мұз-мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, күн көзі жарқырап шыққаннан құрымас едім.
- Күн-күн, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, бетімді бұлт басар ма еді?
- Бұлт-бұлт, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, жауа-жауа жусанның басын көгертпес пе едім?
- Жусан-жусан, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, қошақан басымды жер ме еді?
- Қошақан-қошақан, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, құйрығымды қасқыр тартар ма еді?
- Қасқыр-қасқыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, мерген атып алар ма еді?
- Мерген-мерген, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, мылтығымның бауын тышқан қияр ма еді?
- Тышқан-тышқан, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам, ала жаздай тасыған азығымды құмырсқа теріп кетер ме еді?
- Құмырсқа-құмырсқа, сен неден күшті болдың?
- Мен арқаммен алты батпан, желкемен жеті батпан шойынды көтергендіктен күшті болдым, — дегенде:
- Е, сен Құдайсыз күшті болған екенсің ғой, олай болса, — деп, белден қылышпенен бір салғанда, қылдай болған. Өзіндей бұйымды көтеру де содан қалған.

Торғай мен адам

Бір саятшы тор құрып, аң мен құс ұстап күн көреді екен. Бір күні құрып қойған торына бармақтай ғана торғай түсіп қалыпты. Саятшы

торғайды тордан босатып алады да, уысына қыса ұстап, үйіне қайтады. Жолда келе жатқанда торғай адамға жалынады:

— Мен бармақтай ғана торғаймын, аузың толып асайтын етім жоқ. Союға жарамаймын, қабырғам қылтандай, сирағым шидей. Қапасқа қамап қойсаң, босқа құсадан өлемін ғой. Менің аспан астында шарықтай ұшып жүруім керек. Қанатымды сермеп, еркімше самғауым керек. Қоя берші мені, жіберші кең дүниеге. Торғайдың арманы мен тілегін қызық көрген адам:

— Босатып жіберсем, не бересің? — депті әзілдей күліп. Сонда торғай: «Өзім білетін екі өсиетім бар еді, соны үйретейін», — депті.

— Ал ендеше үйрет сол өсиетіңді, — депті адам сенер-сенбесін білмей.

— Жарайды. Бір өсиетімді қолыңда тұрып-ақ айтайын. Тағы біреуін сен босатқан соң жерге түсіп тұрып айтайын. Әйтпесе сен қос қолдап уысыңды қысып ұстап тұрғанда, өкпем аузыма тығылып, жөндеп сөйлей де алатын емеспін, — депті торғай қиналып. Сонан соң адам торғайды уысынан босатып жіберіпті. «Мейлі, қиналма, еркін тұрып-ақ айта ғой», — депті.

— Бірінші өсиетім, — депті торғай адамның уысынан босанған соң бойын жазып, — өткен іске өкінбе! Екінші өсиетім — көзіңмен көрмегенге еш уақытта сенбе!

— Өсиетіңнің бар-жоғы осы ма? Оны өзім де білемін, — депті адам онша разы болмай.

— Жоқ, сен ештеңені де түсінбедің, — депті торғай. Бұған адам таң қалады.

— Қалайша, нені түсінбедің дейсің?

— Менің бөтегемде жұдырықтай гауһар жатыр еді, — депті торғай күліп.

Мұны естігенде адам қарсы алдындағы шөпке қонып отырған торғайды ұстамақ болып, тұра ұмтылады. Торғай пыр етіп ұшып, әр жерге бір қонып, ұстатпай қояды. Сонан соң адам өзін алдаған торғайға наразылығын білдіріп:

— Сен мені алдап соқтың, — деп өкпе айтыпты. Сонда торғай:

— Жоқ, мен сені алдаған жоқпын, сынадым, — депті сендіріп. — Менің жаңағы айтқан өсиетіме сен әлі түсінбеген екенсің. Өзің ойлашы, менің бүкіл тұрқымның бар-жоғы бармақтай ғана, оған жұдырықтай гауһар қалай сыяды? — депті.

Қотыр торғай

Бұрынғы күнде бір қотыр торғай болыпты. Қотыр торғай шеңгелге қоныпты. Шеңгел қотырын тырнап алыпты. Торғай: «Қап, сені ешкіге айтармын», — депті. Ешкі дегенін істемесе: «Қап, сені қасқырға айтармын», — депті. Қасқырға айтса: «Өзім күшіктей алмай жатырмын», — депті. Торғай: «Қап, сені байдың жылқышысына айтам», — депті.

Байдың жылқышысы: «Жылқы баға алмай жүрмін», — депті. Оны барып байға айтыпты. Бай: «Бие сойып, соны жұмыстап жатырмын», — депті. «Қап, сені қабыңды тесетін тышқанға айтамын», — депті. Тышқан: «Ін қаза алмай жатырмын», — депті. «Қап, сені балаларға айтамын», — депті. Балалар: «Бұзау жая алмай жүрміз», — депті. «Қап, сені шешеңе айтамын», — депті. Шешесі: «Өрмек тоқи алмай жатырмын», — депті. «Сені құйынға айтамын», — депті. Құйынға айтса, құйын өрмекті үзіпті. Өрмекші қатын баланы ұрыпты. Бала тышқанды ұрыпты. Тышқан қапты тесіпті. Бай жылқышысын ұрыпты. Жылқышы қасқырды соғыпты. Сонан барып қасқыр ешкіні талайды, ешкі шеңгелді жеген екен.

Ұлар мен қарға

Бір таудың шағыл тасты бөктеріндегі арса-арса жартастың қуысын қара қарға мекендепті. Одан жоғары көгалды жерді ұлар жайлапты. Бұлар көрші болған соң, көпке дейін бір-біріне барыс-келіс жасап жүріпті. Екеуі ұзақ-ұзақ әңгімелеседі екен. Содан соң сөзден-сөз туындап, бір күні екеуі өз артықшылықтарын айтып мақтана бастайды. Мақтан таласқа ауысады.

Ақыры екеуі кімнің күшті, кімнің әлсіз екенін сынап көрудің амалын ойласады. Сөйтіп ұлар мен қарға күресіп, күш сынасуға келіседі. Жыққаны жығылғанын жеуге тиіс деген шарт қойысады.

Осылайша ерегіскен екі құс алыса кетеді. Өрі ырғасып, бері ырғасып, бірін-бірі ала алмайды. Арпалыс жеті күн, жеті түнге созылыпты. Ешқайсысы жығылмапты. Сегізінші күні сәске кезінде өліп-талып, барын салған қарға сүрініп кеткен ұларды басып қалыпты. Кеудесіне мініп алады да:

— Енді мен сені жеймін! — депті қоқиланып. Сонда ұлар:

— Ей, қарға, серттен таятын өзің, мен емеспін, — депті қайсарланып. — Дұрыс, сен жықтың, мен жығылдым. Сен енді мені жеуге хақылысың. Бірақ бір өтінішімді орында.

Қарға сырлас, тату көршісінің көңілін қимай:

— Мен де тасбауыр емеспін. Өлер алдындағы тілегіңді айт ендеше, — депті.

Сонда ұлар ақтық өтінішін айтыпты:

— Қарға, сен жерге жатқанның бәрін талғамай шоқи бересің, рас па?

— Тамақ іздеген соң, шоқу керек қой, — депті қарға мойындап.

— Демек, содан тұмсығыңның кірі бес батпан. Менің етім сүттен ақ, қардан таза. Мені сол таза қалпымда жесең, өмір бақи аузыңнан етімнің дәмі кетпейді. Сондықтан бұлақ басына бар да, тұмсығыңды жуып, таза-лап кел.

Ұлардың бұл өтінішін қарға мақұл көреді де, ұша жөнеледі. Сонан өзі су ішіп жүретін жіңішке бұлаққа барады. Көздей ғана жылып аққан судың жағасында отырып, алдымен өзінің шөлін қандырып алмақ болады

да, суды сіміре бастайды. Күні-түні алысып әбден қаталап қалған екен, бұлақтың бармақтай көзінен жылтылдап шығып жататын су таусылып, суалып қалады. Қарғаның тұмсығы қара батпаққа батып кетеді де, бұрынғыдан бетер былғанады. Енді еркін жуынатын үлкен су іздеп табу үшін таудан-тауды асып, сай-саланы кезеді. Ақыры түбінде мөлдір суы мөлтілдеп тұрған бір құдыққа тап болады. Құдықтың мөлдіреген тұнық суына қызығады. Одан суды қалай аларын білмей, басы қатады, ешбір амалын таппайды. Содан құдыққа өтініш айтады:

— Құдық досым, мына мөлдір суыңнан берші? Онымен тұмсығымды жуайын да, ұлардың тәтті етіне бір тояйын.

Бұған құдық қарқ-қарқ күледі:

— Мен бұл суды ыстықта шөлдеп сусағандардың сусынын қандыру үшін сақтап отырмын. Олай-былай өткен жолаушылар соны ішіп шөлін басады. Сенің лас тұмсығыңды батырып былғауыңа көне алмаймын. Егер керек болса, бар да шелек тауып кел. Соған құйып берейін.

Қарға шелекті қайдан аларын білмей, ойланып тұрады да, тәуекел деп ұша жөнеледі. Күні бойы жерге қонбай қалықтап жүріп бір ауылға келеді. Ауыл үстін айналып біраз ұшады. Бір кезде күресінде жатқан түбі тесік көзеге көзі түсіпті. Қуанып кетіп, көзенің қасына барып қонады. Отыра салып:

— Көзе досым, бір жолға тілімді алшы. Саған құдықтың суын құйып тұмсығымды жуайын да, ұлардың тәтті етіне бір тояйын, — деп қиылышты.

Түбі тесік көзе орнынан әзер тұрады да:

— Сен мені күресінде жатыр екен деп мазақтама, — дейді ашуға бұлығып, — маған да талай күш, ақыл-ой, өнер жұмсалған!

Шошып кеткен қарға:

— Мен мазақтап тұрғаным жоқ. Сен маған өте қажетсің! — деп, барлық сырын айтады.

Қарғаның мұңын естіп, көзенің жаны ашиды:

— Ендеше, сағыз топырақ тауып әкеліп, балшық иле. Сонан соң менің түбімді жама да, тесігімді біте. Одан кейін құдыққа барып су құйып ал, — деп кеңес беріпті.

Қарға өлер-тірілеріне қарамай сағыз топырақты іздейді. Оны бір адырдан табады да, қасына жүгініп отыра қалады.

— Сағыз досым, топырағыңнан берші. Онымен көзенің түбін жамаймын. Бүтіндеген соң құдықтан су алып, тұмсығымды жуайын да, ұлардың етіне бір тояйын.

— Тіленшіге берер балшығым жоқ, — депті сағыз топырақ сазара қырыстанып, — менен көп адам көзе жасайды. Маңдай терін төгіп, өздері қазып алады. Алда-жалда өте қажет болса, киіктің мүйізін тауып әкеліп, өзің қазып ал!

Қарғаның амалы таусылып, қатты қиналады. Осымен-ақ қоя салайын десе, ұлар етінің тәттілігі құлқынын қышытып, өңешін жыбырлатады.

Содан кейін тәуекелге бел байлап, тағы да құлшына қанат қағып, әлемді шарлап жүріп, жалпақ далада қос құралайын ертіп жайылып жүрген киікке кездеседі. Қалбалақтап қасына жетіп барады. Жалынышты кейіппен:

— Киік досым, маған мүйізінді берші. Онымен сағыз топырақты қазып алып, көзені жамаймын. Бүтінделген көземен құдықтан су тартып, тұмсығымды жуайын да, ұлардың тәтті етіне бір тояйын, — деп өтініпті. Қарғаның жалынышты үніне киіктің жүрегі елжіреп, жаны ашиды да, өзінің ақылын айтады:

— Әй, қарға-ай, мен мына шөл далада ылғи қауіп-қатердің ортасында өмір сүремін. Оның үстіне, міне, көріп тұрсың, балаларым да жас, өз күндерін өздері көре алмайды. Сондықтан мүйізім балаларымды жыртқыштардан қорғау үшін өзіме де керек. Алайда, сен соншама шалғайдан әдейі іздеп келген екенсің, меселінді қайтармайын, берейін. Ол үшін сен менің мүйізім қайта өсіп жетілгенше балаларыма жатып жейтін шөп жинап бер.

Қарға істің барған сайын қиындап бара жатқанына күйінсе де, ұлардың тәтті етін ойлағанда таңдайы жыбырлап, еріксіз тамсанды. Басқа амалы болмаған соң, қайғысын басып, әрі қарай сапар шегеді. Бірнеше күн жерге қонбай ұшып, көгөрай шалғыны жайқалған көгілдір тауға жетеді. Етегіне қонып демін алған соң, тауға мұңын шағады.

— Тау досым, сенің шөбіңді киікке апарып берейін. Киіктің мүйізін алып, сағыз топырақты қазып, көзенің түбін жамайын да, құдықтың суын құйайын, сол сумен тұмсығымды жуып, ұлардың тәтті етіне бір тояйын.

Қалың шөбі толқындай ширатылған тау қарғаның зарын естіген соң:

— Шөпті мен саған қалай беремін? Адам баласы өз қолымен орып алады. Еңбек етеді, тер төгеді. Алыстан іздеп келген екенсің, егер қатты қажет болса, орақ тауып әкел де, қалағаныңша орып ала ғой, — депті ырзалығын беріп.

Орақ тауып келуден басқа амалы болмаған соң, орақ іздеп қарға тағы да ұшыпты. Ел-елді шарлап жүріп, егін орып жатқан бір орақтың үстінен түсіпті. Қуанып кеткен қарға:

— Орақ досым, — деп қиыла айтыпты өтінішін, — сенімен шөп орып алайыншы. Сол шөпті киікке апарып берейін. Киіктің мүйізін алып, сағыз топырақ қазайын. Онымен көзенің түбін жамап, құдықтан су алайын да, тұмсығымды жуып, ұлардың тәтті етіне бір тояйын!

— Ей, қарғам-ай, мені тыңда, — депті орақ белін бүкірейтіп тұрып. — Мен өздігімнен орақ бола қалғаным жоқ. Менің темірімді ұста отқа салып қыздырған, балғамен соғып шыңдаған. Суға салып пісірген, маңдай терін сорғалатып, осы халге жеткізген. Сол ұстаға бар да, тілегінді айтып, жаңа орақ соқтырып ал. Мұнда өзімнің де атқаратын жұмысым басымнан асып жатыр. Тілегінді орындай алмаймын, ренжіме!

Қарға енді ұлармен күресіп, өзінің жыққанына қынжылыпты. Егер ұлар жықса ғой, бұл азапты сол шегер ме еді, қайтер еді. Ары ойлап, бері

ойлап, қарға ақыры ұстаның дүкеніне барады. Ұстаға шеккен азабын айтып, зар еңіреді. Қарғаның көрген азабын естіген соң, ұстаның оған жаны ашиды. Сонан соң ұста:

— Орақ соғып берсем, қалай алып кетесің? — деп сұрайды. Қарға ұстаның сөзіне қуанып, өз білгенін айтады:

— Аяғыма қыстырып аламын ғой...

— Ол болмайды. Көтеріп кетуге әлің жетпейді, жерге құлап түседі. Шеңгелдеп ұстап жүретін қауқар сенде жоқ. Құлатып алсаң, жерге түсіп, біреуді жазым етерсің.


— Ендеше мойныма іле сал, — депті қарға орақты алып кетуге ынтығып.

— Жарайды, қалағаның болсын, — деп күлген ұста қарғаның мойнына қылып етсе қыл қиятын өткір орақты іліп береді.

Енді барлық мақсаты орындалатынына масайраған қарға қуанышы қойнына сыймай, отырған жерінен ұмсына ұмтылып, көкке шапшиды. Жерден қарыстай көтеріле бергенде, алмастай өткір орақ қарғаның мойнын қырқып түсіпті.

«Ақылсыздың істеген ісінің ақыры өзін көрге жығады», — депті мұны көргендер.





Қотыр торғай.

Орталық ғылыми кітапхананың
сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (140-бума)



Алтын сақа.
суретші Е. Оспанұлы

ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕР

Қиял-ғажайып ертегілер — оқиға сюжеттерінде алғашқы қауымдық дәуірдің және матриархат қоғамының белгілері, ерте заманғы анимизм, тотемизм, магия сияқты діни нанымдар мен сенімдердің көріністері сақталған ертегінің жанрлық түрі. Халық көне дәуірдің бұл көріністерін қиялдың белгісі деп түсінгендіктен, ертегішілердің көбі әңгімесінің ерте уақытта болғанын ескертегі.

Қазақ қиял-ғажайып ертегілері ішкі жанрлық ерекшелігі жағынан біркелкі емес. Оның құрамында алғашқы қоғамға тән қарапайым әңгімелер де, батырлық ертегілер де кездеседі. Сондықтан ертегінің бұл түрі жанр жағынан синкретті болып табылады. Бұл санаттағы шығармалардың басты қаһарманы, эстетикалық мұраты халық идеалынан туындаған. Ілгеріде кейіпкер табиғаттың тылсым күштерімен, жыртқыш аңдармен өз өмірі үшін күресуші аңшы-мерген ретінде бейнеленсе, рулық қоғам орныққан тұста өзінің туыстарын жаулардың шапқыншылығынан қорғаған батыр образында дәріптелді. Ал рулық қоғам ыдырағаннан кейінгі кезеңде идеал өзгеріске түсті. Ол енді ата жолын қуушы, қара шаңырақтың иесі — кенже бала рөлін иеленеді. Сондықтан кейбір қазақ ертегілерінде кенже бала бас қаһарманның бейнесінде көрініс береді.

Қиял-ғажайып ертегілердің негізгі сюжеттерінде бас кейіпкер сиқырлы заттардың, болмаса керемет өнер иелерінің көмегімен түрлі ғажайыптар мен қиындықтарды жеңіп, мұратына жетеді. Көбіне әділеттілік жеңіп, зұлымдық әшкерленіп отырады. Олардың құрылымы классикалық тип — қаһарманды өзге дүниеге аттандыру, ғажайып құралдарды табу, қиын тапсырмаларды орындау, құда түсу, жауыз күштерден құтылу сияқты композициялық бөлшектерді қамтиды. Ертегідегі оқиға желісі жер үстінен басталып, жер асты (аруақтар әлемі), жеті қат көк (космос әлемі) сияқты ғажайып орындарда өтеді. Сондықтан әлгі тылсым әлемге тап болған қаһарманның басты мақсаты да — сондағы зұлым күштерді жеңу, сиқырлы заттардың көмегімен құтылып, жер бетіне оралу. Мұнан халықтың қоршаған ортаны, әлемді танып-білуге деген талпынысын, ізденісін көруге болады.

Қиял-ғажайып ертегілер туралы А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жазып, іргелі монографиялық еңбектер жарық көргі.

Томды баспаға дайындау барысында ертегілердің қолжазба нұсқалары, әр жылдары жарияланым көрген басылымдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар қорында сақталған түпнұсқалармен салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде таңдаулы үлгілері іріктеліп, томға ұсынылды.

Жүсіп мерген

Бір күні Жүсіп өзінің шиті мылтығын алып келе жатса, бір ағаштың басында қарақұс отыр екен. Жүсіп атайын деп оқтала бергенде, қарақұс: «Мерген, сен мені атпай-ақ қой», — дейді. Әуелі таңғалып қалған Жүсіп ойланып: «Осы қарақұстың тірі жүргенінен өлгені артық болар», — деп, атуға екінші рет оқталады. Қарақұс тағы да: «Мерген, мені атпай-ақ қой!» — дейді. Жүсіп тағы да ойланып, үшінші рет қарақұсты қарауылға алғанда: «Мен сенің қолыңа қонайын, сен мені бақ», — дейді.

Жүсіп құстың айтқанын жасайды. Бір күні қарақұс Жүсіпке: «Сен арқама мін, орманға апарайын», — дейді де, Жүсіпке арқасын тосады. Жүсіп мысықтай ырғып құстың арқасына отырып, қалың тоғайға келеді.

— Сен осының ішінен бір үлкен ағаш таңда! — дейді қарақұс. Жүсіп көрсеткен ағашқа қарақұс қонады да, ағашты сілкілейді, бірақ оған ағаш сына қоймайды. Қарақұс: «Мені әлі де бақ», — дейді. Жүсіп құсты екі ай бағып қайта әкелгенде, Жүсіптің таңдаған ағашы шорт сынады. Сонда қарақұс: «Сен менің арқама мін», — деп әмір етеді. Жүсіп қарақұсқа мініп, аспанға ұшады. Қарақұс аспанға шарықтап, бір теңіздің үстіне келе бергенде Жүсіпті тастап жібереді де, суға жақын келгенде іліп әкетеді. Екінші рет жанып жатқан өрттің үстінен тастап жіберіп, отқа жақын қалғанда іліп әкетеді. Үшінші рет құздың үстінен тастайды да, тасқа жақын қалғанда қағып әкетеді. Қарақұс бір төбеге қонып, Жүсіптен: «Сен жаңағы судан, өрттен, таудан қорықтың ба?» — деп сұрайды.

— Қорықпағанда ше, жаным көзіме көрінді, — дейді Жүсіп.

— Е, көзіңе көрінсе, мені әуелі «атам» деп жанымды көзіме көрсеткенсің! Ал, Жүсіп, осы төбенің етегінде менің елім бар. Соған сен барып әкемнен сүйінші сұра. Менің мұндай халге жеткенім — соғыста қолымнан, аяғымнан айырылдым, мені Құдай осындай халге жеткізді. Сен әкеме барғанда қанша мал берем десе де алма, тек кішкентай қызыл сандық бар, соны алам де, — дейді. Осы сөз бойынша барған Жүсіп құстың айтқанын айтады. Әкесі сонда: «Жан дегенде жалғыз баламнан аяғанымды ит жесін», — дейді де, сандықты береді. «Сен бұл сандықты ашпа, ашсаң, көп қиындық көресің», — дейді. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасағаннан кейін қарақұстың әкесі қырық уәзірін қосып, Жүсіпті еліне аттандырыпты. Жүсіп бір аралға келгенде осы сандықта не бар екен деп ашып қалса, сол бойда бірдеме жалт ете түседі де, Жүсіптің үстіне алтын мұнара тігіле қалады. Қырық уәзір қырық жерден «жүр-жүрлеп» айғайлапты. Жүсіп жүре алмайды. Жүре алмай жылап отырған Жүсіптің қасына бір мыстан кемпір келіп: «Үйіңе барғанда үйіңде сен танымайтын бір бала бар, соны осы аралға әкеп тастап кет», — деп бұйырады.

— Жарайды. Әйтеуір, осы үйді қайтадан сандыққа салып бер, — деп жалынады Жүсіп. Мыстан келісіп, үйді сандыққа салып береді.

Көп кешікпей Жүсіп үйіне келеді. Үйінде өзі кеткеннен кейін туған баласы бар екен. Баласының аты Серік екен. Жүсіп сол Серікті әлгі

аралға тастап кет деп, қырық уәзірге қосып жібереді. Қырық уәзір жолда аралға тастап кеткеннен кейін Серік жылап отырса, мыстан келіп: «Балам, жылама! Судың ортасына барып бойлап қолыңды серме, сонда қолыңа есіктің тұтқасы ілінер, сол есікті аш та, жүгіре бер. Алдыңнан тағы бір есік шығар. Сол есікті ашсаң, алдыңнан хан шығар, сол саған бір жұмыс тапсырар», — дейді.

Мыстанның айтқанын Серік мүлтіксіз орындайды. Хан: «Бүгін тынық, ертең бір жұмыс тапсырамын», — дейді. Ертеңіне Серікке ұшы-қиыры көрінбейтін бидайды таң атқанша орып бер деп бұйырады хан. Сол кезде ханның бес қызы бар екен, ең кішісі Серікпен жасты екен. Серік жылап отырса: «Сен неге жылайсың?» — дейді қыз. Серік қызға жайын айтады. Сонда қыз тұрып: «Түһ, со да сөз бе екен, жүр, екеуіміз орып келейік», — дейді. Қыз барады да, бес бауға толтырып «ә» дегенше орып тастайды. Ертеңіне хан Серікті далаға ертіп шығады. Дала алай-дүлей жел екен, сол желге барып бес қап тарыны ұшырады да: «Таң атқанша жина», — деп бұйырады. Серік қызға келеді, қыз екеуі тарыны лезде бес қапқа жинап салып, аузын буып қояды. Енді хан «ат үйрет» дегенде, Серік қуанып кетеді. Сонда қыз: «Ол — тағы¹, саған үйрету қиынға түседі. Сен мына екі шоқпардың біреуін ал, үстіне мінгенде ат көкке ұшады. Сонда сен осы шоқпармен атты бастан ұр. Ол сенің ұрғаныңа қарамас, қолың талар, бірақ қолыңның талғанына қарама, ұра бер. Егер ұрмасаң, сол аттың үстінде өлесің», — дейді қыз. Серік қыздың айтқанын дәл орындайды. Серік ертеңіне хан ордасына келсе, ханның басы көкпеңбек болып ісіп кеткен екен. Бұған себеп — кешегі ат болып жүрген ханның өзі еді. Қызының Серікке көңіл қосқысы келетіндігін аңғарып, хан Серікке: «Енді бес ат келеді, соның ішінен таңдағаныңды ал», — дейді. Таң ата бес ат келеді, төртеуі — тұлпар, біреуі — ақсақ тай. Серік ақсақ тайға жабысады. Хан тұрып: «Төрт тұлпардың біреуін алмай, ақсақ тайды неге аласың?» — дегенде, Серік: «Өзім жаман адаммын, маған жаман ат жарайды», — деп жауап қайтарады. Енді бес қызын хан жерге көмеді де: «Осы қыздардан сүйген қызыңды тауып ал», — дейді. Серік іздеп-іздеп бір жерді қазса, өзінің сүйген қызы Гүлбаршын шығады. Бұл баяғы өзіне көмектесетін ханның кіші қызы еді. Хан Серік пен Гүлбаршынды қосады.

Гүлбаршын асқан сиқыршы болады. Бір күні Серік елін ойлап қамығып отырғанда Гүлбаршын: «Неге қамығасың?» — дейді. Серік елін сағынғанын айтады. Қыз сонда:

— Жолға даярлану керек, — деп, жол жабдығына кіріседі.

Бір күні кешке Гүлбаршын екеуі қашып кетеді. Кетерде Гүлбаршын шынашағын кеседі де, жататын жеріне бір, жуынатын жеріне бір, шығатын есікке бір тамшы қан тамызып кетеді. Таңертең хан қызметшілеріне: «Күйеу баланы шақырып кел!» — дейді. Қызметші келіп: «Жаңа киініп жатыр», — дейді. Екінші ретінде «жуынып жатыр» дейді. Үшінші ретінде «келе жатыр» деп хабарлайды. Күте-күте келмеген соң, ханның өзі

¹ Тағы — жабайы, асау.

келсе, манағы қызметшінің көріп жүргені Гүлбаршынның қаны екен. Қызының қашып кеткенін білген соң, хан қырық уәзіріне қызын қудырады. Қырық уәзір Серікке жақындай бергенде Гүлбаршын — қызғалдақ, екі ат — қой, Серік — қойшы болып қалады. Қырық уәзір қайта қуғанда, Гүлбаршын — ай, екі ат — мола, Серік молда бола қалады. Уәзірлер қашқан қыз бен күйеуді ұстай алмай қайтып келеді. Келіп көргендерін ханға айтады. Хан енді өзі іздеп шығады. Хан Серікке жақындайды. Сонда Серік — қасқыр, Гүлбаршын — балық, аттар — су бола қалады. Хан келіп суды іше бергенде, қасқыр келіп ұрттан алады. Хан сол кезде қырық уәзіріне: «Қой, бұл қыз бір шіріген жұмыртқа болар», — деп, үйіне қайтады. Серік пен Гүлбаршын өзінің дегеніне жетеді.

Алтын құс пен сұр қасқыр

Бұрынғы заманда бір патша болыпты. Ол патшаның үш ұлы һәм бір үлкен бақшасы бар екен. Сондай бақша мақтауға келетін еді. Мұндай бақша ол заманда дүние жүзінде болмаған. Егер бұл бақшаға қайғылы ма, ауру ма, сондай бір кісі кірсе, қайғылы кісінің қайғысы кетіп, ауру кісі ауруынан саламат болып шығатын еді. Бұл бақшада дүние жүзіндегі неше түрлі жемістер бар еді. Патша бақшасындағы осы жеміс ағаштарының ішінен биік өскен бір алма ағашын жан-тәнімен жақсы көреді екен. Ол ағашта өскен бір алманың біреуі алтынға, біреуі күміске, яғни әртүрлі түске айналып тұрады екен. Бір заманда бұл бақшаға бір алтын құс келген. Алтын құстың әрбір жүні алтын секілді жалт-жұлт етіп тұрған һәм көзі гауһар секілді ойнап тұрған. Бұл әр күні түнімен бұл патшаның бақшасына ұшып келіп қонады екен. Әлгі патшаның сүйікті алма ағашының әр түні бір алмасын шұқып, басқасын қиып түсіріп кетеді екен. Күндерде бір күн патша бақшасына шықса керек. Алма ағашының алмасын қараса, алтын секілді жақсы алмасы аз қалған. Патша бұл істі көріп қапа болған, қайғыра бастаған. Бір күні патша өзінің үш ұлын шақырып айтқан.

— Әй, әзиз² ұлдарым, бақшаға келіп жүретін алтын құсты маған тірідей ұстап беру қайсыңыздың қолыңнан келер екен? Қайсыңыз ұстасаңыз, өз өмірімде жарты патшалығымды беремін һәм өлген уақытымда барлық патшалығымды өсиет айтып қалдырамын, — деген. Осы сөзді патшадан ұлдары есітіп: «Қайғырмаңыз, не қылсақ та ұстармыз», — деген.

Бұлар кезектесіп қарауылға тұра бастайды. Әуелі үлкен ұлы бақшаға барып, түнде қарауылға тұрған. Әлгі алма ағаштың түбінде отырады. Патша ұлы ұйықтап кеткен. Сол арада алтын құс келіп, алмаларын қиып, бір алмасын алып кеткен. Патша ұлы оянып кеткен. Көрді, алмалар қиылған. Бір алмасы жоқ. Патша тұрған, үлкен ұлын шақыртқан һәм сұраған: «Әй, сүйікті ұлым, әлгі құсты көрдің бе?» — деген. Ұлы шындығын айтқан: «Ей, ғазиз ата, көрмедім», — деген. Екінші күні қарауылға екінші ұлы

² Әзиз /а/ — қымбатты, аяулы, ардақты.

кеткен. Әлгі алма ағаш түбіне барып отырған. Біраздан соң тағы ұйықтап кеткен. Сол арада құс келіп, алманы қиып, бір алмасын алып кеткен. Ертеңгісін патша ұлын шақыртқан. Ол да үлкен ұлы секілді жауап берген. Үшінші ұлына кезек келіп, үшінші ұлы бақшаға барып алма ағашы түбінде еш ұйықтамаған. Біраздан соң бақшаға от секілді жалт етіп жарық болған, құс келіп қонған да, алмаларды қия бастаған. Патшаның ұлы хайла³ қылып құйрығынан ұстаған. Бірақ ұстай алмай қалған. Алтын құс олай бұлай етіп ұшып кеткен. Патша ұлының қолында қалғаны бір қауырсын. Патша тұрған, ұлын шақыртқан, ұлы әлгі қауырсынды алып барып атасына берген. Патша қайран қалып, тіпті қуанған. Өйткені ол қауырсын қараңғы түнді күндізге айналдырған. Патша: «Бұл қауырсын жоғалуға тиіс емес», — деп, оны өзі отыратұғын үйге қойған. Мұнан соң алтын құс бақшаға тіпті келмеген. Көп уақыт өткен соң, патша жанына ұлдарын шақырып айтқан: «Ей, менің сүйікті ұлдарым, не болса да, сол алтын құсты тірілей ұстап әкелгеніңізге бұрынғы айтқан өсиетімді орнына келтіремін», — дейді. Сол арада үлкен ұлы мен ортаншы ұлы інісіне ашуы келіп, не болса да бірге іздейміз деп кеңес етіп айтып қойған еді.

Мұнан соң үлкен ұлы мен ортаншы ұлы атасынан рұқсат сұрап хәм қабыл дұғасын алып, алтын құсты іздеп шығып кеткен. Ағалары шығып кеткен соң, патшаның кіші ұлы атасына жалына бастады: «Әй, ата, мені де жібер іздеуге?» — дейді. Атасы: «Сүйікті ұлым, сен жас баласың, ұзақ жолға жүріп көрмегенсің, межелі жерге әлі ағаларың бармаған да болар», — деген екен. Күн сайын, сағат сайын кіші ұлы атасынан өтініп тілеген: «Не болса да, батаңызды беріп, рұқсат етіңіз», — деп. Ақыры патша кіші ұлын жібермесе болмайтын болды. Атасы көп қайыр дұға қылып, кіші ұлы бір атқа мініп жолға шығып кеткен. Бара-бара өзі де қай жаққа барғанын білмеген. Кетіп бара жатып ойлай бастаған: «Алыс па екен, жақын ба екен, биік пе екен, аласа ма екен?» Жүріп барып бір жерге жеткен. Ол бір жақсы сахара — жасыл шөпті, бұлақтар ағып тұрған. Ертеңіне тағы бір кеш жүрген, алдынан тақыр шөл кездескен. Біраз демін алған соң әлгі тақыр шөлден кеткен. Біраз барған соң бір биік ағашты көреді. Ағашқа жазылған жазу бар екен. Жазуды оқыпты. Ағашқа жазылған сөздер: «Осы ағаш жанында үш жол бар: оңға, солға, тура. Тура жолмен кетсе, ол кісі аш-жалаңаш болып, саламат қалады. Оң жақтағы жолға түссе, атты болса, аты өліп, өзі тірі қалады. Ағаштан сол жаққа кетсе, ол кісі өліп, аты қалар» деп жазылған. Патшаның ұлының іші пысып, өзін Құдайға тапсырып, ағаштан оң жаққа қараған жолға түсіп жүріп кеткен. Патша ұлы: «Атым өлсе, өзім қалсам, мал табылар», — деп ойлап, бір күн жүрген, екі күн жүрген. Үшінші күн болғанда бұған бір жақтан келіп бір сұр қасқыр жолықты. Бұл сұр қасқыр тілге келіп айтты: «Ей, жас жігіт, сен әулиесің. Ағаштағы жазуды көргенсің. Онда жазған оң тарапқа кетсең, атың жоғалады деп. Сол арада «патшада ат көп» деп, бұл баланың атын бір шетке алып барып жей бастаған. Патшаның баласы

³ Хайла /а/ — айла, ылаж, шара; қулық; тәсіл, амал.

атынан айырылған соң, өзімен бірге туған-туысқанынан айырылған секілді шетке барып жылай бастаған.

Біраздан соң жаяулап жүріп кетті. Бір күн, бір түн жүріп бала мүлде шаршады. Біраз демін алуға отырды. Сол арада артынан сұр қасқыр шауып келіп һәм оны қуып жетіп: «Патша ұлы, жайлау баруыңды қызғаныш етіп һәм атыңды мен жедім», — дейді. Сұр қасқыр бұл баладан сұрай бастады: «Әй, патшаның ұлы, сен не жұмыспен жүрсің? Жұмысыңды маған айт», — дейді. Патша ұлы жұмысының бәрін сұр қасқырға айтады. Сұр қасқыр: «Менің үстіме мін», — дейді. Бала мінді, қасқыр жортып кетті. Сонда шапшаң жүргені соншалық, жүйрік ат болса да, қасқыр артынан жетерлік емес. Бара-бара күн кеш болды. Күн кеш болған соң, бұлар бір тас жолға келіп жетті. Ол тас жол шектен тыс биік екен. Сұр қасқыр айтты: «Уақыт жетті, түс менің үстімнен. Осы тас жолға өрмелеп шық. Осы жолдан түскен соң бір бақша көрерсің. Сол бақшада бір алтын қапас ішінде алтын құс болады, аларсың, бірақ қапасқа тиме. Егер де қапасқа тисең, өлесің. Неге десең, сол сәтте қарауылшыларға хабар тиіп, ол бақшадан шығып кету мүмкін болмайды. Сол сағатта сені ұстап алады», — дейді.

Патша ұлы жол бойымен өрмелеп шығып бақшаға кірді һәм алтын құсты көрді. Қапастан алып шыға бастағанда патша ұлына ой түсті. Өз-өзіне айтты: «Алтын қапассыз құсты алып жүру қиын болар», — деп ойлады. Қайта барып алтын қапасты шешіп алам деп, қапасты шешетастағанда бақшаның іші шуға толып кетті. Қапасты байлаған жерде темір шыбықтың бір басы патшаның үйіне кірген екен. Ең басына үлкен қоңырау байлаған екен. Ол қоңыраудың сылдыраған даусымен қарауылшылар бұл жігітті келіп ұстайды. Алтын құстың иесі ол жердің патшасы Алматхан атты хан екен. Алмат патша ашушаң кісі екен. Бұл патша баласына бек қатты ашуланып: «Ұят емес пе саған осындай іс істеп жүруің? Өзің қандай адамсың? Қай патшаның еліненсің, атың кім?» — дейді. Жігіт қорқып кетіп: «Мен Хикмет деген патшаның ұлымын. Менің атым — Фәрмүч», — дейді. Алмат жігіттен сұрайды: «Сен мұнда неге келдің?» — дейді. Фәрмүч былай деп жауап береді: «Біздің патшамыздың бақшасын бір алтын құс иеленіп алған еді. Күн сайын түнде келіп бақшамыздағы алма ағашынан алма қиятын еді һәм бір алма алып кететін еді. Соның үшін оны ұстап әкелуге мені атам жіберді», — дейді. Алмат патша айтты: «Ей, жас жігіт, өзің патша ұлы бола тұрып бұл іс саған керек емес еді», — дейді. Жігіт айтады: «Егер осы алтын құсты ұстап әкелсем, атам орныма патша етіп қоямын деген. Соның үшін менің келгенім», — дейді.

Алмат айтты: «Сен ондай болса, жақсылықпен сұрасаң, бір ауыз сөз сөйлемей-ақ берер едім. Сенің осы ісінді бірнеше ағыламнама⁴ жаздырып, әрбір жерге таратсам, жақсы бола ма? Маған сен бір қызмет көрсетсең, жастығыңды ескеріп сені құтқарамын һәм көп мал беремін. Ол қызмет — бәлен деген үшінші патша мемлекетінде бір алтын жалды ат бар.

⁴ Ағыламнама — жарлық, жар салу.

Ол мемлекет осы шаһардан мың шақырым жерде, бір үлкен теңіздің арғы жағында. Егер сен маған сол алтын жалды атты тауып әкелсең, саған бір сөз айтпай осы алтын құсты беремін. Егер осы қызметті қылмасаң, қарақ⁵ атыңды бүкіл дүниеге жаямын», — дейді. Бұл жігіт Алмат патшаға атты тауып келмекші болып бас иіп шығып кетеді. Қасқырдың жанына келген жігіт, сұр қасқырға басынан өткен істерінің бәрін сөйлеп береді.

Қасқыр: «Әй, жігіт, менің айтқанымды неге тыңдамадың? Неге алдың алтын қапасты?» — дейді. Патша ұлы қасқырға: «Сенің алдында айып-тымын», — дейді. Қасқыр айтады: «Қайыр, Құдайдың ісі шығар, енді сен менің үстіме мін, қайда барсаң, мен сені сонда алып барамын», — дейді. Патша ұлы қасқырдың желкесіне мінеді. Сұр қасқыр атқан оқ секілді шабады. Бір заманнан соң патша айтқан мемлекетке түнде барып жетіп, нақ түн ортасында ақ тастан істеген албардың⁶ қасына келеді. Қасқыр жігітке: «Бар, тез осы албарға кір, қазір қарауылшылар ұйықтаған соң атты, яғни алтын жалды атты алып шық. Бірақ дуалда алтын жүген болар, оған тие, егер тисең, өлесің», — дейді. Патша ұлы албарға кіреді. Атты алады. Сол арада жігіттің көзі дуалдағы алтын жүгенге түсіп, жігіт жүгенге қызықты. Алғысы келіп алғанда, албар шу-шу ете қалып, қарауылшылар оянып, албарға кіріп, патша ұлын ұстап, патшаның алдына кіргізді. Патша жігіттен сұрай бастайды: «Қай елденсің һәм қандай адамның ұлысың?» — дейді. Патша ұлы қандай кісінің ұлы екенін айтты. Патша жігітке: «Саған мұндай іс істеу жарай ма, өзің бір патшаның ұлы екенсің, маған бір қызмет істесең, бұл күнәнді кешемін. Қызмет — сол бір мемлекетте бір патша бар, оның бір сұлу қызы бар. Мен оған ғашық болдым, қызын маған берсін деп, бірнеше рет жаушы жібердім, ол маған қызын бермеді. Егер сол қызды әкеліп берсең, барлық күнәнді кешемін. Егер әкелмесең, қарақтығыңды әр мемлекетке жазу жазып таратамын һәм қарақтығыңды әрбір кісі біліп мазақ қылар. Егер осы істі орнына келтірсең, алтын жалды атты, алтын жүгенді өз ықтиярыммен саған беремін. Егер сіз бастан жақсылықпен сұрасаң, бір ауыз сөз айтпай беруші едім», — дейді.

Патша ұлы көп заман ойлап тұрды да, сонан соң уәде беріп, қызды әкелмек болып, жылай-жылай сұр қасқырдың жанына келді. Қасқырға жай-күйін бастан-аяқ айтады. Қасқыр: «Неге айтқан сөзді тыңдамадың, неге тидің ол алтын жүгенге?» — дейді. Жігіт: «Айып менде, Құдай солай мені бастады», — дейді. Қасқыр айтты: «Жарайды, болары болды енді. Жүр, менің үстіме мін, қайда болса да, мен сені сонда алып барамын», — деді. Қасқыр қатты жүгіреді, сөйлеуге хал жоқ. Біраз уақыт өткен соң әлгі қыздың еліне барып жетті. Шаһары алтын ришаткамен⁷ айналдырған, ішінде бақша. Сұр қасқыр жігітке: «Түс үстімнен һәм өзіңді Аллаға тапсырып бар. Біз келген жолмен қайтып, жол үстіндегі емен ағаш түбінде мені күтіп тұр», — дейді. Патша ұлы қасқыр айтқандай барып емен

⁵ Қарақ — ашқарақ, ашкөз, тойымсыз, ұры.

⁶ Албар — үй айналасындағы төбесі ашық қоршаған жер.

⁷ Ришатка (решатка) — тор, шарбақ.

түбінде күтіп тұрады. Сұр қасқыр алтын ришатканың жанына барып бұғып тұрады.

Патша қызы бақшаға шыққан. Күн батқан соң өзінің бірге жүретін қыздарымен патша қызы жүре-жүре сұр қасқыр жанына бір-ақ келген. Сол арада сұр қасқыр ришатка үстінен секіріп түсіп, патша қызын көтеріп алып желкесіне салып, секіріп шықты да шауып кетті. Қатты шабумен біраз уақыттан соң өзі айтқан жасыл емен түбіне келіп жетті. Патша ұлын да қызбен бірге арқасына мінгізіп алды.

Олар кете берсін. Енді біз патша қызы жүрген бақшаға келейік. Қасқыр патша қызын алып шығып кеткен соң, жанында бірге жүрген қыздар патшаға кіріп айтты. Патша бұл сөзді естіген соң жүйрік атпен қасқырды артынан қуарға шықты. Бірақ жете алмады.

Енді сұр қасқыр үстіндегі патша қызы мен патша ұлына келейік. Мұнда қызға жігіт ғашық болады, қыз жігітке ғашық болады. Қызды алып кел деген патшаға жақындайды. Жігіт қайғыра бастады һәм қызды патшаға бергісі келмей, жігіттің көзінен жастары домалап түсе бастады. Жігіттің мұндай болғанын сұр қасқыр көріп жігітке: «Неге қайғырасың?» — дейді. Жігіт сұр қасқырға: «Әй, жан достым сұр қасқыр, неге жыламайын? Мен не қылам, жан-тәніммен, қаныммен бұл патша қызына ғашық болдым. Онан бір сәтке айырылып тұруға халім жоқ. Патшаға айтсам, қызды бермейді. Басқадай халім жоқ, егер алтын жалды ат үшін бермесем, менің уәдесіз атым һәр жаққа жайылады. Осы істер үшін қайғырам, қасқыр досым», — деп жауап береді.

Сұр қасқыр: «Ей, жігіт, мен саған көп қызмет еттім және бір қызмет көрсетейін. Мен қазір сол қыз болайын. Мені патша жанына алып барып һәм алтын жалды атты ал да, алысқа кет. Мен біраз уақыт өткен соң патшадан далаға шығып жүруге сұрармын. Ол мені өзінің бағушы қыздарымен жіберер. Сол уақытта мен сенің жаныңда боламын», — дейді. Осы сөздерді сұр қасқыр айтады да, көзді ашып-жұмғанша патша қызы болды. Тіпті айырарлық болмады. Жігіт әуелі қызға пәлен жерге барып тұр деп, қыз форымындағы қасқырды жетектеп патшаға кіреді. Патша көрген соң, жан-тәніммен қуанғаннан не қыларын білмейді. Шаттанып, өтірік қыз болған қасқырды алады да һәм алтын жалды атты жігітке береді. Жігіт қуанып, алтын жалды атқа мініп, өзі ғашық болған қыздың жанына барып, бірге алып кетеді. Патшаның жанында сұр қасқыр патша қызы болып үш күн тұрды. Төртінші күн сұр қасқыр патшадан далаға шығып жүруге рұқсат сұрады. Патша: «Мен сені жүруге неге шығармайын, жаным, сенің үшін жаным құрбан болсын», — деп, өзінің қызметкер қыздарымен далаға шығуға рұқсат береді.

Әлгі жігіт пен шын патша қызы сұр қасқырды ұмытады. Бірде жігіттің есіне жан досы сұр қасқыр түседі. «Менің жан досым сұр қасқыр қайда екен?» — дегенде, сол арада олардың көзіне сұр қасқыр көрінді. Сұр қасқыр келіп амандасып, хал-ахуал сұрап, жігіт пен қыз сұр қасқырға мінеді. Алтын жалды атты бұлар өздерімен бірге ертіп кетеді. «Алтын жалды

атты алып кел» деген патшаға жетуге аз қалғанда бұлар бір жерге тоқтайды. Жігіт сұр қасқырға жалынады: «Сұр қасқырым, сен маған көп қызмет қылдың, рақмет, Алла разы болсын. Енді тағы бір қызмет қылсаң, мұнан соң қызмет қоспас едім. Бұл алтын жалды атты иелендім, тіпті айырылғым келмейді», — дейді. Сұр қасқыр «болады» деп, жерге аунап, алтын жалды ат болады. Жігіт сұлу қызы мен алтын жалды атын қалдырып, өзі алтын жалды ат болған сұр қасқырды мініп, патша жанына кіреді. Патша бұларды көріп қатты қуанады. Қарсы шығып, жігіттің қолын сүйіп, өзінің салтанатты үйіне алып кіреді. Жігіттің құрметіне жақсы зияпат⁸ береді. Жақсы құрметтейді. Түрлі-түрлі тағамдар болды. Зияпатында отырып, біраздан соң жігіт патшаға өзінің еліне қайтатын уақыты болғанын ескертеді. Патша бұған «жарайды» деп, алтын құс пен алтын қапасты беріп жібереді. Жігіт бұларды алып, қаладан шығып кетті хәм өзінің сұлу қызының жанына барды. Екеуі алтын жалды атқа мініп, хәм алтын құс пен алтын қапасты алып кетті. Бір күн өткен соң, баяғы патша өзінің жалған алтын жалды атын ерттеп аңға шықпақшы болып қызметшілеріне ерттетеді. Патша мініп шығып кетті. Патша алтын жалды атты ұра бастаған еді, ашуланған алтын жалды ат сұр қасқыр бола кетті. Патшаны үстінен жығып түсірді. Өзі шауып кетті. Сұр қасқыр шауып отырып, шын алтын жалдыға мініп кеткен жігіт пен шын патша қызының артынан жетті. Сұр қасқырға жігіт мініп, қыз алтын жалды атқа мінеді. Сөйтіп бұлар алғашқыда сұр қасқыр жігіттің атын жеген жерге жетіп тоқтайды.

Сұр қасқыр: «Мен саған шын ықыласыммен көп қызмет еттім. Осы орында сенің атыңды жедім, сол орынға жеткіздім. Енді менің үстімнен түс. Мін өзіңнің алтын жалды атыңа хәм қайда барсаң, сонда бар. Қош, сау бол», — дейді. Патша ұлы сұр қасқырмен жылап қоштасады. Бұлар өз жолымен жүре-жүре шаршаған. Күн ыссы болған. Өздерінің шаһарларына аз жер қалғанда тоғай жанындағы бір ағаш түбіне демалу үшін жатады. Алтын жалды атты сол ағашқа байлап қойған. Алтын құсты алтын қапаспен өздерінің бас жағына қойып, өздері жұмсақ шөптің үстіне жатқан. Сөйлесе-сөйлесе бұлар ұйықтап кеткен. Сол уақытта бұл жігіттің екі ағасы алтын құсты іздеп кеткен жерлерінен бос қайтып келе жатыр екен. Інісі жатқан жерге келіп жеткен ағалары алтын құс пен алтын қапасты көріп қатты қызықты. Өзінің інісін өлтірмекші болып, бір ағасы қанжарын қынабынан шығарып, інісін жарып тастады. Патша қызын оятып одан: «Атың кім, қай жердің, қай патшаның, қай шаһардың қызысың?» — деп сұрайды. Патша қызы өзінің ғашық болған жігітінің қанжармен жарылып қалғанын көріп, қатты жылап айтады: «Мен сондай деген патшаның қызымын. Мені әкелген сіздің інісіңіз. Оны ұйықтаған уақытта қайсыңыз өлтірдіңіз? Бұл батырлық емес қой. Егер сіздер оны ояу уақытында өлтірген болсаңыз, ол уақытта бір сөз болмас еді», — дейді.

Екі ағасы қыздың сөзін керек те қылмайды. Алтын жалды ат, алтын құс, қызды алып, шаһарына келеді. Хан үлкен той қылып, қызды үлкен

⁸ Зияпат — біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш.

баласына қоспақ болады. Қыз ханға: «Арызым бар, соны айтқасын қосыңыз», — дейді. Хан:

— Қандай арыз, айт, — дейді. Қыз бастан-аяқ көргендерін баян қылады. Хан нанарын да, нанбасын да білмей, сол арада дереу кіші баласының өлігіне кісі аттандырады. Кісілер барса, басында бір сұр қасқыр хан баласының жараларын жалап жазып, тірілтіп алып отыр екен. Келгендер жылап көріседі. Қасқырмен қош айтысады. Біреулері сүйінші сұрап ханға қайта шабады, Шаһарға келген соң әкесімен көрісіп, екі ағасын хан малын бағатын құл қылып қояды. Хан мына баласына сүйікті қызын қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, өз орнына хан қойыпты.

Алтын сақа

Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, етек жеңін сыдырып, әулие қоймай қыдырып, бір бала сұрап алыпты. Бай бір күні жылқысын суаруға көлге құлатса, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Әлгі жерде бай жылқыларын иіріп, құрықтап қанша айдаса да, суға жаба алмайды.

Сол кезде бай тұрып судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен тартып кетеді. Өкпе суға батып кетеді де, әлдене уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да, байдың жағасынан ала кетеді. Байдың көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалмауыз кемпірге:

— Ат басындай алтын берейін, қоя бер, — дейді.

Жалмауыз кемпір жібермейді.

— Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, — дейді.

Кемпір тілге көнбейді.

Бай кемпірден сасып:

— Енді не берейін? — дегенде, кемпір:

— Жалғыз балаңды бер, жіберейін, — дейді. Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді. Кемпір байға:

— Балаңды қай жерде бересің? — дейді. Сонда бай:

— Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырасың, — дейді.

Сонымен бай жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап кетіп қалады.

Ертеңінде бай көшеді, жалғыз баласының алтын асығын ұмыттырып жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Ойнайын десе асық, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап жылайды.

Сонда әкесі:

— Кеше көшіп жүргенде жұртта қалыпты. Барып алып келе ғой, — дейді.

Бала бармақшы болады да, әкесінен:

— Әке, қандай тайға мініп барайын? — деп сұрайды.

— Жылқышыдан сұрап мін, — дейді бай.

Жылқышы балаға:

— Құрығыңды құлдыратып, жүгеніңді сылдыратып жылқыға бар. Қай тай бетіңе қараса, соны мін, — дейді.

Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да жүгендейді. Жүгендегенде, тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала қуанып, үстіне қарғып мінгенде тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді. Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен. Бала кемпірге:

— Шеше, анау жатқан сақамды алып берші! — дейді. Сонда кемпір:

— Шырағым, өзің түсіп ал, өте кәрімін. Отырсам, тұра алмаймын, тұрсам, отыра алмаймын, — дейді.

Сонда бала:

— Мен өте жаспын, түссем, міне алмаймын, мінсем, түсе алмаймын, — дейді.

Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала үзеңгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра қашады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң, кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай шаршайын дейді. Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір тағы бір тісін жұлып алып, бәйтеректің түбін қазады, кешке дейін қазады.

Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге:

— Шеше, шаршаған екенсің, мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демал, — дейді.

Кемпір тісін түлкіге беріп, өзі ұйықтап жатады. Түлкі тісті суға атады да, қазған шұқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір тұра келсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен⁹ қылып, бәйтеректі қаза береді.

Бір уақытта тағы да бір түлкі келіп:

— Шеше, кетпеніңді маған бере тұр, сен шаршаған шығарсың, мен қазайын, — дейді.

Сонда жалмауыз кемпір:

— Сен тағы да кетпенімді алып қашып кетерсің, — дейді.

Сонда түлкі:

— Ол қырдың қызыл түлкісі, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл баланың әкесі аң аулап жүргенде мені қуып, соға жаздаған болатын. Сондықтан бұл балада менің кегім бар, — дейді.

⁹ Кетпен — жер қазуға, өңдеуге жұмсалатын құрал.

Жалмауыз кемпір тұлкінің сөзіне сеніп, тағы да кетпенді тұлкіге беріп, өзі ұйқыға кіріседі. Тұлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де, шұқырды бітеп, өзі қашып кетеді. Кемпір тұрса, тағы да кетпені де жоқ, тұлкі де жоқ. «Алда, ойбай-ай, алдаған екен ғой!» — деп, тағы бір тісін суырып кетпен қылып, бәйтеректің түбін қаза береді. Сонда кемпір аузын ашса, бір-ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза құлатуға жақындайды.

Бір заманда баланың төбесінен бір топ қарға өтеді. Бала қарғаға:

— Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар. Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені жалмауыз кемпірден арашалап алсын, — дейді.

Сонда қарғалар «қарқ-қарқ» етіп ұшып кетеді. Бір мезгілде үйректер төбеден ұшып өтеді, бала оларға да айтады. Олар да үндемей ұшып кете береді. Бір мезгілде бір қарлығаш бәйтеректің төбесінен әрлі-берлі ұшып жүреді де, баланың төбесіне келіп қонады. Бала қарлығашқа жылап тұрып, тапсырады. Бұрын қыстауындағы ұя салған қарлығаштың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жібереді екен. Сондықтан бала қарлығашпен дос екен. Сонымен, қарлығаш баланың төбеттеріне тапсырғанын айтып барады: «Осындай пәлен жердегі бәйтеректің басында бала тұр, бәйтеректің түбін жалмауыз кемпір қазып жақындатқан, енді құлатуға таяу тұр», — дейді қарлығаш баланың төбеттеріне.

Мұны естіген соң төбеттер шапқаннан шауып отырып, бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтерек те жерге құлайды.

Баланың төбеттері жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, түте-түтесін шығарып талап өлтіреді. Бала бес төбетіне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді. Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне не әке-шешесі қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады.

Сонымен неше күндер өткен соң, баяғы жалмауыз кемпірдің қызы құлаған бәйтеректің жанына келеді. Келсе, шешесі түте-түтесі шығып, өліп қалған. Кім өлтіргенін білу үшін сол жерді қарап жүрсе, иттердің ізі көрінеді. Мұнан соң қыз иттердің ізіне түсіп келе жатса, көп жылқыға кез болады. Енді ауыл жақын екенін біліп келе жатады. Иттердің ізі тұп-тура байдың қотанына алып барады. Бұл кезде бес төбет қотанға баяғы жалмауыз кемпірдің қызының келгенін біліп, жалма-жан тұра ұмтылады. Қыз кемпірдей емес, өте күшті екен, бес төбетке бой бермейді. Сол арада бала садақпен атып, қыздың көзін шығарады. Садақпен екінші атқанда қызды өлтіреді. Сөйтіп жалмауыздан мәңгі құтылады.

Арзы саудагер

Бұрынғы уақытта Қырым қаласында Арзы деген атақты саудагер болыпты. Өзі сауда жасағанымен, қарауындағы жұмсайтын адамдар мен кедейлерге қайырымды болыпты. Соның үшін оны халық жақсы көріп, «Арзы мырза» деп атаған екен.

Кейіннен соның малын алып, сонымен байыған адамдар Арзымен санаспай, онымен байлық салыстырып, қарсы болғандар көп болыпты.

Себебі Арзының жалғыз баласы бар екен. Ол да жас болған. Осыны пайдаланып Арзының саудасын жасап жүрген сатушылар үш жыл бойына Арзыға зияннан басқа пайда бермеді. Арзының өзі керуен тартып сауда жасауға кеткенде үйіндегі арғы-бергісін басқаратын адамы болмапты.

Содан кейін он екі жасар Махмұт деген жалғыз баласын шақырып алып: «Балам, мен болсам қартайдым және өзім кетсем, үйдегі жұмысты тындыратын адам жоқ, сондықтан, балам, басқа адамдардың маған келтірген зиянын өзің-ақ келтір. Сөйтіп жүріп үйренерсің. Өстіп жүргенде мен өліп қалсам, сен бәрінен де құр қаларсың», — депті.

Әкесінің бұл сөзі баласының көкейіне қона кетеді.

— Әке, мені жіберетін болсаңыз, бірінші сапарда маған көп қазына бермей-ақ қойыңыз. Қасыма өзіңізге сенімді адамнан бес адам қосыңыз, — депті баласы.

Арзы баласынан бұл сөзді есіткен соң қуанып, балам қатарынан жаман болмас деп, баласының жолға шығар тойын беріпті. Тоғыз түйеге зат артып, баласының қасына бес жігіт қосыпты. Арзы баласы жолға жүрейін деп жатқанда екі түрлі өсиет айтады:

— Жолда кетіп бара жатқанда, кеш болды деп терең сайлы жерге қонба! Панасы бар екен деп ескі қыстаулы жерге қонба! Себебі ұры-қарақшы сондай жерлерді паналайды, — дейді.

Махмұт жолдастарымен бірге шығып, екі күн жүріп, үшінші күні кешке қарай бір қапталдың астында аты бар, белінде шолақ қылышы бар, орта жасқа келген бір адамға ұшырасыпты. Ол Махмұттан:

— Қай жерден шығып, қайсы қалаға барасыңдар? — деп сұрапты. Сонда Махмұт өздерінің Қырымнан шыққанын, енді алдындағы бара жатқан қаласының атын айтыпты. Махмұт кездескен үлкен кісінің сұрауына жауап беріп болған соң:

— Ата, өзіңіз қай жерден шығып, енді қайда барасыз? — деп сұрапты.

Сонда баяғы кез болған адам айтыпты.

— Біздің ауылымыз онша алыс емес, осы жерден түстік жерде, мен де сендер баратын қалаға барамын. Астымдағы мінген атым жарамсыз еді, сіздерге ілесіп жүруге бола ма? — депті.

Сонда Махмұттың қасындағы жолдастары бұл адамның бірге жүруіне қарсы болыпты. «Арзы баласын жібергенде бізге сеніп жіберген еді, бұл адамның қолында жаман болса да қару бар екен. Біз Арзыға пайда келтіреміз деп жүргенде, жалғыз баласы Махмұттан айырылармыз. Себебі, біздің нағыз сауда жасап бара жатқанымызды білсе, өзімізге дұшпаншылық етер», — деп қорқады.

Бірақ Махмұт жас та болса, әкесі Арзының адамдарға істейтін жақсылығын біледі екен. «Не де болса жол үстінде кездескен адамнан қашпа дейтін әкем. Кездескен адамның досын, қасын айырмай тұрып, ол адамға сырыңды алдырма дейтін әкем. Сол үшін қашан осы адамның өзінен

жамандық шыққанша, өзімізбен бірдей болып жүре берсін», — депті Махмұт.

Махмұт оған:

— Аға, жақсы болды, бізге де өзіңіз сияқты жол білетін адам керек еді. Жолдас болып бірге жүріңіз, — депті. Сол уақытта күн батып, намазшам болыпты. Астындағы аттары, түйелері шаршап, «қонайық» деп қараса, үлкен сайдың бойы екен. Махмұт әкесінің тапсыруы бойынша ол жерге қонғысы келмейді.

Сонда жолдан кез болған адам айтыпты: «Тәуекел, қона берейік, осы сайдан болатын пәлені мен көтерейін», — депті. Мұны есіткен соң Махмұт та: «Үлкеннің тілін алған азбайды деген, қонсақ, қонайық!» — депті.

Барлығы ұйықтаған уақытта, таңға жақын ысқырған, желдетіп келе жатқан бір дыбыс жолдан қосылған адамның құлағына естіліпті. Орнынан тұрып қараса, бір айдаһар бұларды жұтайын деп келе жатыр екен. Сол кезде бұл адам қолына шолақ қылышын кесе ұстап, айдаһарға қарсы жүре беріпті. Айдаһар өзіне қарай тартқан уақытта, қарсы ұстаған қылышпен айдаһардың аузынан кіріп, құйрығына дейін тіліп, екі айырып өлтіреді. Бұл істі Махмұтқа да, оның қасындағы жолдастарына да сездірмей, айдаһарды ұзаққа апарып өртеп, күлін қалтаға салып алыпты. Содан кейін өз орнына қайта келіп жатыпты. Азанда аман-сау тұрып, жүргіншілер асуын ішіп, жүріп кетіпті. Кешке дейін жүріп, кеш болғанда бір ескі қыстаудың қасына келіпті. Қонуға қорқып тұрғанда, баяғы адам: «Тәуекел, қонайық», — депті. Түн жарымы ауғанда бәрі де ұйықтап қалады.

Жолдан қосылған адам аңдып жатса, жаман қыстаудан ащы дауыс естіледі. Шолақ қылышын қолына алып дауыс шыққан жерге келсе, бір ескі үй тұр. Оның үш қабат есігі бар, екі есіктен өтіп, ең соңғы есікке келіп қараса, бір сұлу қыз бен жеті дәудің отырғанын көреді. Сұлу қызды қайсысы аларын білмей, таласып жатқан солардың дауыстары екен. Соны көрген шолақ қылышты адам есікті айқара ашып, қайта шығып, ең ақырғы тар есіктің босағасында жасырынып тұрыпты.

Көп ұзамай дәулердің ішіндегі ең үлкені:

— Адамзаттың иісі шығып барады, мен байқап келейін, — деп, орнынан тұрады. Далаға шығу үшін екі есіктен өтіп, енді тар есікке еңкейе бергенде, жолаушы дәудің басын қағып алыпты. Осылайша біртіндеп қалған дәулерді де өлтіріп, үйге кірсе, бір сұлу жас қыз: «Менің де адам баласын көретін күнім бар екен ғой!» — деп, жылап жіберіпті.

Жолаушы қыздан:

— Сен қалайша дәулердің қолына түстің? — деп сұрапты.

Сонда қыз:

— Мен Мерін қаласындағы ханның бас уәзірінің қызы едім. Атағымның шыға бастағанына тек алты ай болып еді. Осылар мені естіп, елімізге соғыс ашып, мені тартып алып осы жерге әкелгеніне үш күн болды. Бірақ бұлардың әдеті бойынша біреуі меншіктеп алғанша тимейді

екен, әзір жәбіршілік көргем жоқ. Үш күннен бері өзара таласумен болды. Енді сіз бұл жерден кетіңіз. Өлген мен-ақ өлейін. Жаңа бұлар адамзаттың иісі шықты деп сізді іздеп далада жүр. Сіз осылардан аман құтылсаңыз, менің еліме барып, мені көргеніңізді және менің сәлемімді айтыңыз, сізден өтінемін, — дейді қыз.

Сонда дәулерді өлтірген адам:

— Қызым, енді сен қам жеме, мен сенің дұшпаның — жеті дәуді өлтірдім. Сен енді осы отырған жерінде отыра бер. Өзім қайтарда елге алып қайтармын, саған енді келетін пәле жоқ, — депті.

Қыз дәулердің өлігін көріп қуанып, бұл адамның келуін күтіп сол жерде қала беріпті. Махмұттың өзі де, қасындағы жолдастары да сайға қонған күнгі және жаман қыстауда қонған жердегі оқиғаны білмепті. Азанда аман-сау жүріп кетіпті.

Бірнеше күн жүрген соң елдің үстінен шығыпты. Келсе, ол елдің адамдары тегіс бір қол, бір аяқтарынан айырылған екен. Мәнісін сұраса, бұл елдің адамдары баяғы сайға қонған жердің халқы екен. Сол жерде тұрғанда, сол сайдың бойында айына бір адам жеп тұратын айдаһар бар екен. Содан құтылу үшін осы жерге көшіп келіп орналасқан екен. Осында келгенсін халқы тегісінен бір қол, бір аяқтан айырылыпты.

Сонда жолдан қосылған адам олардан:

— Енді сендерді немен емдесе құтыласыңдар? — деп сұрапты.

Сонда бұлар айтыпты:

— Біздер дұрыс адам болу үшін бізді сол айдаһардың уыменен емдеген адам ғана бізді жаза алады, — дейді. Сосын Махмұттың қасындағы адам: «Сендерді осы аурудан жазған адамға не берер едіңдер?» — деп сұрайды.

Мұны естіген майып¹⁰ адамдар айтыпты:

— Бізді осы аурудан жазсаң, қолыңдағы тоғыз түйең көтергенше алтын және асыл гауһар берер едік, — дейді.

Махмұт «беремін» деген алтын мен гауһарға қызығып, жолдан қосылған адамға қарап: «Бұл адамның қолынан бұл ауруды жазу келмесе, сұрамас еді, шынында да бұл адам білімді адам болуы керек. Мен неше күн жолдас болып келіп, бұл адамның атын сұрамадым. Мүмкін, бұл адам осыларды жазып жіберсе, өзімнің жолға бірінші шыққан сапарымда олжалы болып қайтармын, не де болса осы адамның атын сұрайын», — деп ойлады.

— Ата, атыңыз кім? — деп сұрайды. Сонда ол кісі: «Атым — Жолдас», — деп жауап береді. Сонда Махмұт айтады:

— Ата, осы адамдардың ауруы қайткенде жазылады? Білмесеңіз, сұрамаған болар едіңіз, халқының жай-жапсарын түгел сұрадыңыз ғой. Бұлар да бізден жасырмастан бастарынан кешкендерін қалдырмай айтты. Соның үшін қолыңыздан келсе, халқын емдеңіз. «Жақсыдан шарапат» деген, сіздің арқаңызда бұл халық жазылып қалсын. Біз де тоғыз түйе қызыл алтын алып, бөлісейік! — деді.

¹⁰ Майып — кемтар, мүгедек.

Сол уақытта Жолдас айтты:

— Мен дүние үшін жүрген адам емеспін, осы жолға сен үшін жүріп келемін. Сондықтан осы халықты жеті күн емдеп жазамын. Бұлар қанша зат берсе де сенікі, — депті.

Сөйтіп бірінші сайға қонған күні айдаһарды өлтіріп, қалтаға салып алған құлмен ол бір қол, бір аяғы жоқтарды емдеп, барлық мүгедектерді жазады. Аурудан жазылған халық оларға уәделері бойынша тоғыз түйе мен мінген аттары көтергенше қызыл алтын беріпті.

Мұны көрген Махмұт та апарған затын аурудан жазылған адамдарға таратып береді. Махмұттың қасындағы жолдастары да қызыл алтыннан керегінше алады. Сол жерде жұмысын бітірген Махмұт екі апта дегенде еліне қайтады. Арада үш күн қонып, баяғы қыз жатқан ескі қыстауға келіп жетеді.

Сол күні Жолдас баяғы қызды отаудан алып келеді. Қыз сол уақытта он төрт жасар, өзі дүниедегі сұлудың бірі екен. Бұны көрген Махмұт та, оның басқа жолдастары да таңғалысып, тістерінің суын сорып отыра берген.

Жолдас жоқ жерде өздері ойласыпты: «Жолдас ата бізге бірінші олжаны берді, енді бұны бізге бермес және біз мұны да бізге бер десек, ұят болар», — десіпті.

Таң атқан соң қызды алып, керуен еліне қарай жүреді. Кеш болғанда Махмұттың елінің шетіне жетеді. Соған дейін Жолдас Махмұтқа ешқандай сыр бермепті. Бір уақыттары Жолдас қасына Махмұтты шақырып алып, оңашада былай депті:

— Сендердің елдеріңнен шыққандарыңа бір ай уақыт болыпты. Мен де сол бір айдан бері сендермен жолдас болып, бір табақтан ас ішіп келемін. Бірақ осы бүгінге дейін мен саған бір ауыз сыр, ақыл айтпадым. Енді көп ұзамай бір-бірден бөлек кететін боламыз. Махмұт балам, сен әлі жассың, өміріңде бірінші рет жолға шығып қайттың. Сенің көргеніңнен көрмегенің әлі көп, дегенмен саған сырымды айтайын. Мен осы Қырым ханының атақты батыры болдым. Сөйтіп жүріп, ханның Алтын Орда хандығынан әкелген Зейнеп деген кіші әйелімен көңіл қосып, оны Қырымнан басқа бір елге алып қаштым. Содан бері отыз үш жыл болды. Мені сенің әкең Арзы жақсы біледі. Енді саған айтарым, сенің әкең Арзы менің бірге туған екі туысыма көп жақсылық етті. Оларды байытты. Бірақ менің туыстарым сенің әкең Арзының ол жақсылықтарын білмеді. Сондықтан әкеңнің оларға істеген жақсылығын осы сапарда сен арқылы мен қайтарып отырмын. Енді өз еліңе келдің, мына қыз да, тоғыз түйе алтын да сенікі. Осының өзі сенің өміріңе, кісіге қайыр етуіңе де жетеді. Өзің енді ұзақ жолға шықпа. Мына қыз — сенің адал жарың. Мен енді өз еліме кетемін. Сен бұл сырды өлгеніңше тісіңнен шығарма, — деп, Жолдас өз жөнімен жүре беріпті. Сол күні кеште Махмұт өз үйіне аман-сау келіп, ата-анасына қауышқан екен. Арзы да баласының бірінші шыққан сапарында тауып қайтқан олжасына қатты қуанған

екен. Әкелген қызын Махмұтқа некелеп, неше күн той жасап, алтын қабақ¹¹ аттырады. Сол күннен бастап Махмұт сауда жасауды да, ұзақ жолға шығуды да қойыпты.

Жылан қабықты жігіт

Баяғыда бір кедей шал менен кемпір болған. Қолында мал дегеннен жалғыз есегі бар екен. Қалаға отын сатып күн көреді екен. Шал менен кемпірдің жасы алпысқа келгенше бір перзентке зар болып, күні-түні жылап жүргенде шалдың кемпірі жерік болыпты. Ол кемпір жерігенде айдаһардың құйрық жағындағы бір бөлек етіне жеріпті. Соны шалы іздеп жүрсе, бір үлкен қара таудың етегінде бұрқыраған шаңды көріпті. Шал шаңға жақындаса, бір қара айдаһар мен бір сары айдаһар төбелесіп жатыр екен. Баяғы алыстан көрінген бұрқыраған шаң сол екі айдаһардың алысқан шаңы болып шығады. Көп ұзамай-ақ қара айдаһар сары айдаһарды өлтіріпті. Шал жасырынып тұрып қара айдаһар ұзап кеткесін өлген сары айдаһардың сан етінен кесіп алып үйіне келсе, кемпірі жерік асы табылмаған соң қатты ауырып жатыр екен. Шал келіп: «Ау, кемпір, сүйінші бер! Жерік асың табылды!» — депті. Аңсап жатқан кемпір орнынан ұшып тұрып, шалдың әкелген етінен шикідей екі рет аузы толғанша жепті. Жерігі қанып, кемпір тоғыз ай, тоғыз күнде аман-есен босанған екен. Бірақ бала жыланға ұқсаған екен дейді. Кемпір-шал не де болса ішінен шыққан соң асырай беріпті. Қазақтағы «іштен шыққан шұбар жыланды беліңе үш орап таста» деген нақыл содан қалыпты. Бала тек жыландай иретіліп жатқаны болмаса, сөйлеген сөзі, ақылы адамнан айырмасы болмаған. Бір күні баласы әкесін қасына шақырып алып: «Әке, менің үйленетін уақытым болды. Осы елдің ханы Бабаханның жұрттан асқан сұлу қызы бар, соны әпер», — дейді.

Әкесі айтады: «Ей, балам, мал дегенде қолдағы отын сатып күн көріп отырған жалғыз көк есектен басқа еш нәрсе жоқ. Өзі халықтың ханы, саған малсыз қызын бере ме?» — дейді. Баласы айтып қоймағансын: «Көп болса, хан мені өлтірер, не де болса барайын», — деп келе жатса, шалдың алдынан ханның бір жеңдеті шығыпты. Жеңдет шалға: «Нағып жүрсің?» — депті. Сонда шал айтыпты: «Менің жалғыз балам бар еді. Сол маған Бабахан ханның қызын алып бермесең болмайды, басқа адамның қызын пері болса да алмаймын деп мазамды алған соң, тәуекел деп Бабаханға келе жатырмын», — депті. Оған жеңдет айтады: «Сенің балаң жоқ еді, күні кеше есекпен отын сатып жүр едің. Ол бала саған қайдан пайда болды?» — депті. Тағы да: «Егер балаң бар болса, балаңның аты кім?» — дейді. Шал: «Баламның аты Шаһимардан», — деп жауап берді. Сонда жеңдет: «Бабаханға беретін малың жоқ. Ханға қызыңды бер

¹¹ Алтын қабақ — садақ тартқыш жігіттердің бәсеке сайысында атып түсіруге арналған алтыннан жасалған бұйым, теңге.

десең, ол саған ашуланып, басыңды алады ғой. Онан да басың аманында осы жерден тіке үйіңе қайт», — деп ақыл береді. Шал не болса да көрейін деп, Бабаханның үйіне келеді. Шал ханмен амандасып болған соң, шалға хан: «Не жұмыспен жүрген адамсың?» — депті. Сонда шал айтады:

— Тақсыр, менің Шаһимардан деген жалғыз ұлым бар еді. Ол бала маған Бабахан ханның қызын алып бер деп мазамды алып, үйімде отырғызбады. Соған бола, тақсыр, сіздің алдыңызға келіп отырмын, — дейді. Бұған ханның ашуы келіп, жеңдеттерді шақыртып: «Шалды өлтіріп, тең ортасынан екі бөліп, есегіне теңдеп үйіне қарай айдап жіберіңдер», — деп әмір етеді. Қасапшының итіндей жалаңдаған жеңдеттер шалды ортаға алып, буындырып өлтіріп, ортасынан екі бөліп, қапқа салып, есегіне теңдеп жіберіпті. Жем жеп үйренген есек басқа жаққа бұрылмастан өз үйіне келеді. Есек келсе, үстінде шал жоқ. Теңдеулі тұрған екі қапты көріпті. Сонда кемпірі: «Құдай, маған кәрі шалды да көпсіндің бе?» — деп, жылай беріпті.

Кемпірдің баласы: «Шеше, сен жылама, маған әкемнің өлігін әкеп бер», — дейді. Өлікті алдарына қойған соң, бала үш рет дем салса, әкесі тіріледі. Таң атқан соң баласы: «Әке, сен Бабаханға қайта бар, ол саған білгенін істер, сен қорқушы болма», — дейді. Шал баласының сөзін қимай, ханға қайта барып, қызын тағы сұраған екен. Хан: «Мына тамағын таппай жүрген шал меніменен әбден ойнады ғой!» — деп, жеңдеттерін тағы шақырып, шалды майдалап он екі жілікке бөліп, есегіне арттырып жібереді. Баласы әкесінің сүйегін, етін қайта құрастырып тірілтіп алған. Үшінші рет тағы жіберген. Енді хан ашуланып, айналып тұрған жел диірменнің арасына салып майдалатқан. «Бұл шалға, сірә, өлім жоқ шығар, тағы бір көрейін», — деп, шалды есегіне теңдеп жіберген. Баласы күндегі әдеті бойынша әкесін тағы тірілтіп, төртінші рет ханға жібереді. Енді хан қорқып: «Бұл шалдың баласы менің түбіме жететін бәле шығар, не де болса, дымы жоқ адам ғой, қызымды бермейін демейін, бұл шалдан көп мал сұрайын», — деген ақылға келіпті.

Хан шалды алдына шақыртып: «Мен қашсам да сен қоймадың, не де болса қызымды сенің балаңа берейін. Бірақ менің қызымды анық алатын болсаң, менің қаламның үстінен көп жылқы айдап өтесің, сонда жылқының көптігінен қала көрінбей қалатын болса, қызымды беремін. Егер оны таба алмасаң, енді қайтып менің алдыма келме!» — депті.

Шал үйіне келіп, баласына ханның айтқанын айтады. Баласы: «Азанда менің ізіме еріп жүріп отыр. Екеуіміз бір жерге барамыз», — депті. Бір жерге келгенсін, баласы әкесіне өткір алмас қылыш беріпті. «Қазір біз бір іннің аузына барамыз, сол іннен ұзын қара жылан шығады, соны өзінен бұрын көріп басын қағып алмасаң, онда ол сені өлтіреді, одан соң дүниеге қайта келмейсің», — дейді. Осыны айтып болып, бала інге кіріп кетеді. Көптен кейін ұзын қара жылан іннен шығады. Аңдып тұрған шал жыланның басын шауып түсіреді. Содан кейін іннен қаптаған қалың жылқы шұбырып шығып, ханның қаласының үстін басады. Ханның

әмірі бойынша жылқының көптігінен қала көрінбей қалады. Бұл істі көзі көрген хан қатты қорқып: «Бұл бала емес, пәле шығар, не болса да бұған қызымды беріп құтылмасам болмас», — деп, хан еріксіз қызын шалдың баласына беретін болыпты.

Сөйтіп он бес күннен кейін қызын беретін болады. Уәделі күн біткесін шал кемпірін алып, баласын ертіп, ханның ауылына құда түсе келіпті. Күйеу келді деп, қыз-келіншектер алдынан шықса, аттың мойнына оралған сары жыланды көріп: «Ау, мынау кемпір-шалдың баласы қайда?» — депті. Бұл сөзді естіген хан да, оның әйелі де, қыз да қатты қорқады. Сөйтсе де ханға бұл пәледен құтылу өте қиын болған. Ханның жалғыз қызының күйеуі келеді деп, оңаша жерге алтындаған ақ отау тіктіріп қойған екен. Не де болса соған апарып күйеуді кіргізеді. Күйеу төсектің үстінде үйіндегі жатысындай домаланып жатпай, ұзынынан жатады. Кеш болғанда халықтың әдеті бойынша қызды күйеуге күйеулетіп қасына апарды да, өздері бұл жылан не қылар екен деп, сыртта жасырынып тұрады. Қыз үйге келсе де, баланың қасына баруға қорқып, жақын бармайды. Сонда жігіт айтады: «Сен менен қорықпа, қасыма келіп, басымнан аяғыма дейін сипа», — дейді. Қорқып тұрған қыз амалсыз жыланды басынан аяғына дейін сипайды. Сол уақытта жігіттің сыртындағы жылан қабығы сыпырылып түсіп, дүниеде жоқ бір сұлу жігіт болып отырады. Қыз жігіттің сұлулығына қызығып кетіп, есі ауады, сонда жігіт қызға айтады: «Мынау жылан қабық — менің екінші жаным. Соны адамға сездірме және адамға көрсетпе, өзің де жоғалта көрме! Егер жоғалтып алсақ, мен саған жоқпын!» — дейді. Қыз жігіттің жылан қабығын орамалына орап, көйлегінің ішінен қолтығының астына тігіп қояды. Бірақ бұл сырды не істер екен деп сырттан аңдып тұрған адамдар «ол не деп» қыздан сұраса, қыз не екенін айтпайды. Сонсын аңдып тұрған адамдар қыздан тартып алуға айналғанда жігіт қыздың қолтығының астындағы өзінің жылан қабығын қағып алып, қарлығаш болып ұшып, шаңыраққа қонып отырып, қызға айтады: «Енді саған мен жоқпын. Мені іздей қалсаң, басыңдағы қалпағың оймақтай, қолға ұстаған темір таяғың тебеңдей болғанда табасың», — деп, қызға «көргенше, қош бол» деп, қарлығаш ұшып кетеді. Қыздың жігітке есі ауғаны сонша — үш күнге дейін ас-су ішпестен шаңыраққа қарауменен отырады. Мұны естіген Бабахан құдасы мен құдағиы шал-кемпірді шақыртып алып былай дейді: «Менің жалғыз қызым да, сенің жалғыз балаң да енді бізге жоқ екен. Менің басымнан хандық таятын болды. Сенің көзің өлгенше жылаумен өтетін болды. Бұл халық маған дұшпан екен. Енді қашан басымызға іс түскенше көре берейік, сендер де елдеріңе қайтыңдар», — депті.

Шал үйіне қайтып кеткенсін, Бабахан ханның қызы Нұрсұлу әкесіне келіп: «Әке, енді мені басқа бір адамға беремін деген үміттен күдер үзіңіз. Енді менің қалған өмірім сол жылан қабықты жігіттің жолына құрбан болады. Сондықтан соны өлгенімше іздеуге ұлықсат етіңіз», — депті. Сонда хан: «Не де болса, үлкен істі өзің баста, бар, балам», — деп, күйеуді

іздеуіне ұлықсат береді. Кетерінде Нұрсұлу туған елге, ата-анаға, жасынан көрген қызық дәуреніне қош айтып, басына қалпақ киіп, қолына темір таяқ алып жолға шығады. Екі ай жүріп, табаны тілініп, жүруте дәрмені болмай, зарығып келе жатып, бір үлкен бәйтеректің түбіне келіп демалып отырып, зарланып өлең айтады:

Қызы едім Бабаханның Нұрсұлужан,
Еш қызық көре алмадым дүниядан.
Қарлығаш көз алдымнан болды ғайып,
Дерегін іздеп табам енді қайдан?!
Жаратқан, жас тілегі кетті қайда,
Ішімде кеткені ме шықпай арман.
«Шаһимардан» деді атын сұрағанда,
Кеткенше ізденермін дүниядан!
Жаныма жалғыз сәуле болар ма екен,
Жолыңа безіп шықтым ата-анадан.
«Іздесең, табасың» деп берді ишарат,
Мен қаңғып қайдан табам айдаладан?!

Осы өлеңді айтып өзіне-өзі қуат беріп, аздап демалғансын бәйтеректің биік басына шығып қараса, айдалада көз ұшында тігулі тұрған жалғыз ақ отауды көріпті. «Не де болса осы отауға барып, ұшқан құс көрген жан бар ма екен, бір хабарын білейін», — деп жүре беріпті. Отауға келсе, ішінде бір сұлу келіншек отыр екен. Ол келіншек қызды көріп орнынан ұшып тұрып, тас қылып құшақтап, қызға жылап көріседі. Содан кейін қыз айтады: «Нағып отырған жансың айдалада бір өзің?» — дейді. Келіншек айтады: «Мен Гүлстан патшасының қызы едім, атым Маржан еді. Менің атағымды дию патшасы естіп, өзінің бес дәуін жіберіп, олар менің әкемнің әскерін қиратып, мені тартып алып осы жерге әкелгеніне биыл бес жыл болды. Содан бері адам баласын көрген емеспін. Соның үшін сені көргенде ел-жұртымды тегіс көргендей болып, мұңымды шағып жатқаным ғой», — депті.

Сонда қыз да өзінің басынан өткен оқиғаны түгел айтып, енді сол сүйген жігітінің көз алдынан қарлығаш болып ұшып кеткенін айтып, екеуі мұңдасады. Сол уақытта келіншектің күйеуі Қарадәудің келетін уақыты жақындаған. Сосын келіншек айтады: «Менің күйеуімнің келетін уақыты болды. Сені мен жасырайын, мынау үлкен қазанның астына кір», — деп, қызды жасырады. Бір уақыттары бүркітін шаңқылдатып, тазысын ертіп келген дәу үйіне түседі. Аттан түскен бойда Қарадәу келіншектен: «Бұл жерге адам келді ме, адамзаттың иісі шықты ғой?» — деп сұрайды. Сонда келіншек байын сендіру үшін былай дейді: «Менің сеніменен өмірлік жолдас болғаныма биыл бес жыл болды. Сен үйден кетсең, қашан қайтып келгенше шыдамым болмай, мен біресе далаға, біресе үйге кіріп кеземін де жүремін. Сен ойыңның бөлектігін білдіріп, менің иісімді басқа адамның иісі деп сенбейсің. Өйтетін болсаң, жалғыз сүйгенім де

сен, көргенім де сен, олай десең, маған өмірдің керегі жоқ, өзімді өзім өлтіріп, бұл дүниеден күдер үземін», — депті.

Мұны естіген Қарадәу Маржанды аяп: «Саған ойнап айтамын», — деген екен. Сонда отырып Маржан дәуден сұрайды: «Бұл жақта ұшқан құс, жүгірген аң болмай ма? Менің саған қосылып серік болғаныма бес жыл болды, содан бері даладан келсең, көрдім-білдім деп еш нәрсе айтпайсың. Маған ең болмаса қарлығаш көрсең де айтып келсең, менің көңілім хош болып қалар еді», — депті. Маржанның бұл сөзіне еліткен Қарадәу айтады: «Осыдан төрт ай бұрын аң аулап жүрсем, бір қара қарлығаш Арқадан Құбылаға қарай ұшып бара жатыр екен. Соны саған атып әкеп берейін деп садақ тарттым, бірақ оғым жетпеді. Оны қуа бермедім», — дейді. Бұл сөзді есіткен Маржан: «Ол қарлығаштың қайда бара жатқаны, жақын жерде ел бар ма, болмаса көл бар ма? Ескіден келе жатқан адам бармайтын жер бар ма?» — деп сұрапты. Сонда дәу айтыпты: «Осы арадан үш күндік жерде ескіден келе жатқан бір Мертік деген қала бар еді, соны бір кезде осы дәу патшалығы ханын өлтіріп, халқын тоздырып жіберген екен. Содан кейін ол Мертік қаласы жын-шайтан, перілердің ордасына айналып кеткен. Ол қарлығаш сол жерге барып тоқтауы мүмкін. Болмаса бұл маңайда одан басқа адам түгіл құс айналатын жер жоқ», — деп дәу сөзін аяқтайды. Мұны қазан астында жасырынып жатқан Нұрсұлу да естіп, жата береді. Сол жерде жатып Нұрсұлу: «Қайда әлсіз жан болса, қайдағы күшті жауыздардың тырнағының ұшында жүреді екен ғой. Әрбір мақұлық, әрбір жәндік және өсімдіктер өзінің негізіне тартпай қалмайды екен. Соның үшін мына дәудің өмірлік жолдасым деп алған Маржаны, асылы адам болғаны үшін, менің сөзімді сөйлеп, менің жанған жүрегімді басқандай не сөз айтар деп, дәуді арбап, біраз сөздерді сұрады. Не де болса, осыдан аман құтылып, іздеген өзімнің Шаһимарданымды табатын күн болса, осы Маржанды Қарадәуден құтқарып өз нәсіліне, адам баласына қосуға серт етер едім», — деп ойлады. Сөйтіп отырғанда дәу күндегі әдеті бойынша құсын қолына қондырып, тазысын ертіп, атына мініп, аңға шығып кетеді. Дәу кеткен соң, Нұрсұлу да қазан астынан шығып, Маржанменен қоштасып жолға шығады. Дәудің айтқан шамасыменен осы жерден үш күндік жол деген Мертік қаласын іздейді. Сол жүріспен іздеп, Мертік қаласын төрт жылда зорға табады. Түн ішінде ескі бір қаланың үстінен түседі. Қаланы аралап жүрсе, ол қаладан қыбырлаған бір жан таба алмайды. Тек бір тартылған қобыздың үні естіледі. Сол үннің шыққан жағына қарай жүріп отырса, түн ортасы ауған уақта бір үлкен сарайдың ішінен жарық көрінеді. Соған келсе, ол сарай алтыннан салынған, ішіне гауһар мен жақұттан жарық беріп қойыпты. Қыз келіп, сарайдың әйнегінің сыртынан сығалап қараса, қобыз тартып отырған баяғы өзінің қарлығаш болып көз алдынан ғайып болған сүйген жігіті Шаһимардан екен. Алтын тақтың үстінде отырып түрлі қайғылы күйлерді тартып отыр екен. Қыз тыңдап тұрса, қобызға қосылып ыңылдап, төмендегі сөздерді айтады:

— Тумадым мен анадан болып адам,
 Не көрді тілеп алып ата-анам.
 Есітіп хабарымды кеткеннен соң,
 Байқалды халық үшін менің шамам.
 Нұрсұлу, жаным сүйген өмір серік,
 Жолымда осы күні іздеп табам.
 Зарлаған зары келіп құлағыма,
 Сенімен қашан, жаным, ұшырасам? —

деп, зарығып отырған жігіт өзінен-өзі ойламаған жерден секем алып, орнынан тұрып, үстіне жылан қабығын киіп, қарлығаш болып ұшып әйнектен шығып кетеді.

Бұны көрген қыз жасырынып қалып, қарлығаш кеткесін сарайға кіріп, жігіттің төсегінің астына тығылып жатады. Мұнан хабарсыз қарлығаш қайтып келіп, үстіндегі жылан қабық киімін шешіп, баяғы қайғылы күйлерді тарта беріпті. Тыққан жерінен жігіттің жылан қабықты қасиетті киімін қыз ұрлап алып, төсектің астынан шыға келіпті. Сонда жігіт не істерін білмей сасып қалады.

Содан соң екеуі бастарынан өткен өмірлерін сыр етіп айтады. Екеуі айырылысқаннан бері жеті жыл уақыт өткен екен. Қыз ғашық жарын іздеп жолға шыққанда басына темір қалпақ киіп, қолына темір таяқ ұстап шыққан екен. Жігіттің қарлығаш болып ұшарда айтқанындай, қыз ғашығын темір қалпағы теңгедей болғанда тауып кездесіпті.

Оған разы болған жігіт: «Нұрсұлужан, мен саған енді шын сендім, менің өмірлік жолдасым сенсің», — депті.

Дүниеге келгелі біріне-бірі ғашық болған екеуі қосылып, жеті күн қызға дем беріп, өздерінің туған еліне қайтуға бел байлапты.

Сонда тұрып Нұрсұлу: «Менің сені тауып алуыма себепші болған бір жан бар. Сол жаннан сенің дерегіңді білгеніме қазір төрт жыл болды. Ол осыдан алыс емес, сол жанды темір тордан құтқарып ала кетейік», — депті.

Сонда жігіт: «Ол қандай жан?» — дейді.

Нұрсұлу айтады: «Гүлстан патшасының Қарадәу тартып әкеткен қызы Маржан. Соны қалай болса да босатып, елге ала кетейік», — деп өтініпті. Бұған Шаһимардан да қарсы болмайды.

Сол жерде қарлығаш үлкен қарақұс болып, сарайдан керегінше алатын, гауһар алып, қызды үстіне мінгізіп ұшыпты. Ұшарда қызға айтады: «Өзің жолын білесің, кіріптар болып отырған қыздың үстіне барғанда желке жағымнан бір тал шашымды тарт, сонда жерге қонамын», — дейді. Қарақұстың үстінде келе жатқан Нұрсұлу бір жерге келгенде құстың бір тал қанатын тартып, құсты жерге қондырса, баяғы Қарадәудің мекенінің үстінен шығыпты. Баяғы отау орнында әлі тұр екен.

Нұрсұлу отауға келсе, Қарадәу жоқ, Маржан ғана отыр екен. Құшақтасып көрісіп болғансын, Нұрсұлу Маржанға: «Кетеміз бе?» — депті. Сонда Маржан: «Мені қалай алып жүресіңдер, екі адам бір құстың

үстіне жайғаса ма?» — депті. «Егер кеткің келсе, екеуіңді де алып кете аламын», — депті жігіт. Сөйтіп жігіт Маржанды да үстіне мінгізіп ұшып, еліне келіпті.

Келсе, жалғыз қызынан айырылған Бабахан жылаумен екі көзінен айырылып, соқыр болып қалыпты. Хандықтан айырылып, қаңғып қалыпты. Шаһимардан соқыр болып қалған Бабахан ханның екі көзіне сүрме деген дәрі құйып ашыпты. Өзінің әке-шешесінің өмірлерін ұзартып, Бабаханды қайтадан хан қойыпты.

Әуезханның қырық ұлы

Баяғыда Әуезхан деген хан болыпты. Ханның қырық баласы бар екен. «Осы балаларыма бір жерден қалың берсем екен», — деп ойлайды екен.

Бірнеше жыл өткеннен кейін хан бір байдың қырық қызы бар деп естиді. Соған қалыңмалына сөйлесіп, құда түсіп келуге жаушы жіберіпті. Жаушы барып: «Бізді хан жіберді. Балаларына қызын берсін» деп, соған келдік», — дейді. Бай айтты:

— Қыздарыма қалыңмал алмаймын. Менің үйімнен өздерінің үйіне шейін түп-тура жол болсын, жолдың екі жағында бау-ағаш, түптерінен су шығып, бұлбұлдар сайрап тұрсын. Осы айтқандарымды бір жылдың беделінде¹² бітіресіңдер, — депті.

Бұл сөзін жаушылар ханға айтып келіпті. Хан «мақұл» деп, қырық баласын шақырып алып, отыз тоғыз баласын бірнеше нөкерімен әлгі жұмысты бітіріп келуге жіберіпті де, ең кенжесін алып қалады. Балалары бірнеше ай жүріп, бітіре алмай келеді. Онан кейін үйде қалған кенже баласы:

— Әке, мені жібер, мен бітіріп келейін! — дейді.

Әкесі:

— Қой, балам! Отыз тоғыз ағаң бітіре алмағанда, сен қайдан бітірейін деп едің? — дейді.

— Жоқ, барамын, — деген соң, әкесі баласын жібереді. Баласы үйінен жолдас ертпестен бір ұзын жолмен келе жатса, бір аппақ киімді ақсақалды кісі ұшырайды да, оған сәлем береді. Ол сәлемін алады.

Шал:

— Қарағым, қайда барасың? — деп сұраса, бала баяғы тілектерінің бәрін бастан-аяқ баян етеді.

Шал:

— Балам, мен тілегіңді берейін, көзіңді жұм! — дейді. Бала көзін жұмады. Бір уақытта:

— Көзіңді аш! — дейді шал.

Көзін ашып жіберсе, баяғы тілегінің бәрі қабыл болып, адам таңғаларлық болып қалыпты. Балаға кездескен Қыдыр еді.

¹² Беделінде — межесінде, шамасында.

Шал:

— Балам! Үйіңе барған соң қайныңа барма, ағаларың барсын. Ағаларың барып, бірнеше ай жатып қайтар. Қайтарыңда қатты боран болады және бір әдемі аппақ там тұрады, ол тамға ағаларың бармасын, — депті де, ғайып болып, ұшып кетіпті.

Бала үйіне келіпті.

Ағалары: «Не қылдың?» — дейді.

— Бітірдім, — деп жауап береді.

Онан кейін хан кіші баласын алып қалып, отыз тоғыз баласын қайнына жіберіпті. Кенже баласы ағаларына бағанағы шалдың айтқанын айтып жіберіпті. Ағалары қайнына барады. Барғаннан кейін бірнеше ай жатып, қалыңдықтарын алып, керней-сырнайларын тартып келе жатса, баяғы шалдың айтқанындай, қатты боран болады. Жолда айналасында ағаштар жайнап тұрған аппақ там, баяғы «кірме» деген сөз естерінде. Алдыңғылары кірместен көшті бастап жүре береді. Артта келе жатқан адамдары білместен шауып барып, аттарын байлап, кіріп кете береді. Алдыңғылары оларды көріп, шауып келіп тағы кіреді. Кіріп қараса, бір айдаһар ысқырып:

— Бәріңді жұтайын ба? Жоқ, болмаса, үйлеріңдегі кіші інілеріңді әкеліп бересіңдер ме? — дейді.

— Ойбай, әкеліп берейік! — деп уәде беріп, жүріп кетеді. Бұлар жүре тұрсын.

Үйде қалған інісі ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде баяғы ағаларының «әкеліп береміз» деп уәде қылғанын сезеді. Тұра келіп, жаман киім киіп алып, үйден шығып, қолына таяқ алып келе жатса, баяғы ағалары кетіп бара жатыр екен. Олардың бұл баламен ісі болмайды. Бұл бала айдаһарға өзі келеді. Келсе:

— Балам, жақсы келдің, арқама мін! — дейді. Бала айдаһардың арқасына мінеді. Мінген соң:

— Көзіңді жұм! — дейді.

Бала көзін жұмады, жердің бір шетіне қарай бірнеше уақыт ұшады.

Айдаһар:

— Көзіңді аш! Көзіңе не көрінеді? — дейді. Бала:

— Анау жерде бір ұзын ағаш тұр, ол ағаштың басында бір қыз отыр, — дейді. Айдаһар:

— Ендеше түс! — дейді.

Бала түседі. Айдаһар:

— Сол қызды әкеліп берсең, мен сені жұтпаймын, болмаса жұтпаймын, — дейді. Бала:

— Болады, — деп, жүріп келе жатса, бір түлкінің патшасының аяғы сынып жатыр екен. Бала:

— Мен аяғыңа ем қылайын ба? — дейді. Түлкі:

— Ем қыл, — дейді.

Бала сынығын орнына салып, бір мәрте дұға қып жіберген екен, жазылып кетіпті. Түлкі айтты:

— Мына жүнімді ал. Мен қай жерде керек болсам, жүнімнің бір талын тұтатып жіберсең, дайын боламын, — депті.

Онан шығып келе жатса, бір құмырсқаның патшасы жаралы болып жатыр екен. Бала:

— Мен аяғыңа ем қылайын ба? — дейді. Құмырсқа:

— Болады, ем қыл, — дейді.

Бала «сүф» деп жіберген екен, жазылып кетіпті. Ол да бір тас беріпті.

— Қай жерде керек қылсаң, мына тасты отқа сал, сонда мен дайын боламын, — депті.

Онан соң бала қызға келіпті. Қыздың қасында қырық дәу ұйықтап жатыр екен. Қыз:

— Қай жақтан келе жатқан (қыздың қасындағы қырық дәу бір ұйықтаса, қырық күн ұйықтайды екен), қандай адамсың? Бұрын бұл жерге адам келіп көрген жоқ еді, — дейді. Бала:

— Мен ханның баласы едім. Әкеміз түсінде сізді көріп, ғашық болып: «Іздеп тауып кел!» — деп, мені жіберіп еді. Мен бірнеше жыл кезіп жүріп, сізге кездесіп отырмын, — дейді.

Қыз ойланып отырып:

— Мен саған ерейін, бірақ екі мақсатым бар, соны бітірсең, барамын, болмаса, бармаймын, — дейді. Бала:

— Мақсатыңды айт, бітірейін, — дейді. Қыз:

— Мына екі түлкімді кешке дейін жаяу қуып ұстап бер және мына бір қап бидайды құмға сеуіп жіберемін, бір дәнін кем қылмастан теріп берерсің, — дейді. Бала:

— Болады! — депті.

Қыз екі түлкіні жіберіпті, бидайды құмға шашыпты.

Баяғы түлкі патшасының жүнін тұтатып жіберген екен, түлкінің патшасы дайын болыпты. Бала:

— Анау екі түлкіні ұстап бер! — депті. Ол ұстап беріпті.

Сосын баяғы құмырсқаның патшасының берген тасын отқа салған екен, ол даяр болыпты. Бала:

— Мына бидайдың бір дәнін кем қылмастан жинатып бер! — дейді. Ол құмырсқаларын жинап алып, бидайдың бір дәнін кем қылмастан балаға әкеліп беріпті. Бала әкеліп қызға береді. Қыз:

— Жарайсың! Енді сенімен жүрейін, — депті. Бала қызды ертіп әкеле жатады. Бірнеше күн өткеннен кейін бала қызға:

— Мен сені алдап ертіп келе жатырмын, — дейді де, баяғы істерін бастан-аяқ баян етеді. Қыз:

— Мен де біліп келе жатырмын, бірақ оған бір амал қылайық, — дейді.

Бала:

— Оған не амал бар? — дейді. Қыз:

— Сен оған менен бір күн бұрын озып кет. Сонан соң үйіне бар. Барған соң айдаһар: «Қызды әкелдің бе?» — дер. Сонда сен: «Қыз түстік жерде келе жатыр», — дерсің. Сол уақытта айдаһар далаға шығып, ысқырады, сол уақытта сен сандығындағы екі кептердің басын жұлып алсаң, айдаһар өліп қалады, — дейді.

Бала айдаһарға келеді, келген соң айдаһар:

— Әкелдің бе? — дейді. Бала:

— Қызың түстік жерде келе жатыр, — депті.

Айдаһар далаға шығып ысқырған кезде, бала барып кептерлердің басын жұлып тастап далаға шыға келсе, айдаһар өліп жатыр екен. Бала сұлу қызды алып, мұратына жетіпті.

Асан батыр

Баяғыда бір Естеміс деген шалдың үш баласы болыпты. Ең кішісі — Асан. Асан жас кезінен бастап-ақ көзге көріне берген.

Естеміс бір күні Асанға: «Ал, балам, менің өлер алдындағы өсиетімді тыңда. Сен осы күндердің өзінен бастап-ақ өз күшіңе сиынып, кім болса сонымен керісіп жүресің. Одан аулақ бол», — деген екен.

Күні жетіп өліп кеткен Естемістен қалған үш баласы өздері күн көру тәсілін ойлаған. Бір күні аңшылықпен айналысып жүрген Асанның алдынан үш атты кісі шыға келеді де, Асанға дүрсе қоя береді. Асан үшеуіне де тойтарыс беріп, аттарын, құралдарын тартып алып, өздерін өлтіреді.

Сол ауылдың ханының үш қызы болады. Хан қызын ұзатуға кісі шақырады да: «Осы қыздарымды дәу қара тасты қақ жарған кісіге беремін», — дейді. Кезек күткен жігіттер жара алмай, ақырғы кезек Асанға келеді. Асан ханның шартын мүлтіксіз орындайды. Бірақ хан оңай бергісі келмейді. Асанды қанша бөлеге жұмсағанмен Асан одан қорықпай тірі келіп, әрі айтқанын түгел орындайды. Амалы құрыған хан қыздарын оған береді. Асан ағаларына екеуін беріп, өзі кіші қызды алады. Сөйтіп жүргенде ағаларының көңіліне қара шауып: «Осы бәріміз бір тудық, Асан бізден қалай артық болып жүр?» — деген пікірге келеді. Сонымен Асанды қалай өлтіру тәсілін қарастырады. Содан: «Осы Асан әйеліне барлық сырын айтатын шығар, содан сұрайық», — деген келісімге келген ағалары келінінен сұраса, келіні Асанның жаны кеудесінде емес, басқа жақта екенін айтады. Сонда ағалары: «Бұлай өлтіре алмаймыз, ең болмаса қор болсын», — деп, Асан ұйықтап жатқанда есіктің алдына ортаншы ағасы қылыш ұстап тұрыпты да, үлкені: «Елге жау шапты!» — деп айғай салыпты. Ұйқылы-ояу Асан тұра жүтіргенде, ортаншысы қылышпен салып қалғанда, аяғын кесіп кетіпті. Ағалары Асан сондай халге келгесін бөліне көшіп, інісін жұртқа тастап кетеді. Асан еңбектеп далаға шығып отырса, бір кісі киік қуып жүр екен, бірақ ұстай алмайды. Содан Асан шақырса, жаңағы қасына келіпті.

«Неғып жүрсің?» — дегенде, «Қолым жоқ, аң қуып жүрмін, бірақ ұстай алмаймын», — дейді. Сөйтіп жаңағы келген адамға Асан мініп, киік ұстап күн көріпті. Бір күні жақын ауылда той болыпты. Сол тойға Асан мен қасындағы досы екеуі бірге барады. Тойдан келе жатса, алдынан бір қыз шығады. Соны Асан ала қашады. Қызды өз мекеніне алып келгесін: «Ал, қарындас, саған біз ештеңе қылмаймыз, тек қана ұстап алған аңымызды пісіріп, көйлектерімізді жуып бер», — депті.

Бір күні қыз отты сөндіріп алып, енді қалай жағарын білмей отырғанда алыстан от көрінеді. Барса, от басында мыстан кемпір отырады. Қыз барып сол мыстаннан от алып қайтады. Қыз от алып келе жатқанда мыстан артынан бағып, қыздың қайда барғанын аңдып жүреді. Ертеңіне Асан кеткесін мыстан жетіп келіп, қызға: «Қызым, басымды қарашы?» — дейді де, қыздың балтырынан қанын сорып жата береді. Асан келерден бұрын кетіп қалады. Сөйтіп қыз күннен-күнге ари береді. Асан: «Осының сырын білейін», — деп, сыртқа беттеген болып тығылып қалады. Бір мезгілде мыстан кіріп келгенде, бағып отырған Асан аяғынан ала түседі. Кемпірдің алқымынан алып өлтіруге аз қалғанда мыстан жалынады: «Аяғы жоғыңа аяқ, қолы жоғыңа қол берейін», — дейді. Асан: «Айтқан серттеріңді қазір орында», — депті. Сол бойда мыстан айтқанын түгелдей орындайды.

Асан қызды аулына апарып тастайды да, өзі үйін іздеп тайып отырады. Келе жатса, алдынан бір қойшы бала көрінеді. Сұраса, бұл өзінің баласы болып шығады. Ағалары баласын қойшы, әйелін қатын қылып алған екен. Кешке қарай Асан ағасының аулына келеді. Өзінің әйелінің үйіне келіп жатып алады. Таң ата ағалары балаға «қойға бар» деп айтайын деп келсе, өзінің жұртында қалған інісін көреді. Асан атып тұрып: «Ағалар, маған жасаған қиындықтарың аз емес, бірақ бұл істеріңді кешірем, екінші бұндай істеріңді қайталамауларыңа тілектестік білдірем», — деп, ағаларымен достасады. Сөйтіп бай болып, барша мұратына жетеді.

Сұрмергеннің ажалы

Бұрынғы заманда атақты бір мерген болыпты. Аты Сұрмерген екен. Сұрмерген аң қарап келе жатса, жолда екі жылан төбелесіп жатады. Жыланның бірі қара да, бірі ақ. Келіп қараса, қара жыланның түсі суық, өте ызғарлы екен. Мерген қара жыланды өлтіріп, ақ жыланға болысады. Сонан соң ақ жылан мергенге қарап қойып, бір тасты жалап алады. «Маған да жала деп тұр ма?» — деп, мерген де әлгі тасты жалап алады. Жалап алған сағатында мерген жер үстіндегі барлық хайуандардың тілін түгел түсінетін болады. Мерген бірінші жыланмен сөйлеседі. Жылан: «Екеуіміз енді дос болдық. Және тіл білдім деп кісіге айтпа!» — деп, ат басындай алтын береді. «Тіл білдім деп біреуге айтсаң, өлесің», — дейді. Жыланмен дос болып, мерген үйіне қайтады. Алтынды үйіне апарып

тастап, қайтадан аң қарап жүріп, бір байдың үйіне келіп қонады. Қонса, түнде боран болып, қой үркіп, қасқыр ұлиды. Қасқырға байдың төбеті де үріп жауап береді. Олардың тілін қонақ түсініп отырады.

— Қой жеймін, болмаса қонағының атын жеймін, — дейді қасқыр.

— Мен саған қой да жегізбеймін, қонағымның атын да жегізбеймін, — дейді қара төбет. Қонақ итке іштей разы болып, алдына келген еттің жартысын итке бергізеді. Түнімен боран соғып, қойлар ығып кетеді, қоймен бірге ат та кетеді. Бай: «Малым қырылатын болды-ау, құтты қонақ болса, мұндай болмас еді!» — деп уайымдайды.

— Бай, жылама, малың аман, ыққаны табылады, — деп, мерген шешініп, алаңсыз ұйықтай береді. Таң атқан соң бай мен қонақ екеуі мал мен атты іздеп келе жатса, қара төбет бәрін иіріп, айналып жүр екен. Қасқыр бір мал ала алмай, малды төңіректен жүр екен. Адамды көріп, қасқыр қаша жөнеледі. Бірақ төбет қайырмалап, қасқырды да жібермейді. Қасқыр қолға түседі. Қонақтың аты да, байдың қойлары да аман екен. Бай қуанып: «Қонақ, сен құтты қонақ болдың, қалағаныңды алып кет!» — дейді мергенге.

Сонда бір ұрғашы сары бас тоқты маңырап мергенге қарай береді.

Маңырағандағысы — «Бес жылда мың болам» дегені екен. Мұны мерген түсініп, тоқтыға ен салады. «Бес жылдан кейін келіп аламын, ол уақытта осы тоқты мың болады», — дейді байға.

Бес жыл толғаннан кейін мерген байдың үйіне келіп, уәделі қойымды бер десе, бай: «Қой беремін деп айтқан жоқпын», — деп, уәдесінен танады. Екеуі бір биге келіп жүгініп, айтылған сөзді бастан-аяқ баяндайды. Сонда қазы: «Қойыңды екі айыр жолмен айда, мергеннің үйіне қарай жүрген қойды Мерген алсын, өз үйіңе қарай жүрген қойды сен ал!» — деп билік айтады. Бай бұл билікке көніп, қойды екі айыр жолмен айдайды. Мерген жаққа қарап сары бас тоқты бастап мың қой шығады. Мерген сол мың қойды алып үйіне қайтады.

Сұрмерген бір күні қатынына еріп, әйелінің төркініне барады. Әйелге төркіні артынан тайы ерген буаз бие мінгізеді. Сөйтіп мергеннің өзі, екі қабат қатыны, бесіктегі баласымен буаз биеге мініп қайтады. Қайтып бара жатқанда тай енесін емейін десе, енесі тепкілеп, кісінеп, тайын қасына жуытпайды. Кісінегенде: «Үстімде үшеу, ішімде біреу, өзім шаршап өлгелі келем», — дейді бие. Оны мерген түсініп, күліп жібереді. «Сен неге күлдің?» — дейді қатыны. Түсінгенін айтса, өледі, айтпаса, қатыны өкпелейді. Мерген қысылғаннан: «Үйге барғанда айтайын», — дейді. Үйіне келген соң: «Сен жолдағы сөзді айт!» — деп, қатыны болмайды. Мерген бір мал сойып, жұртын жиып, жөнін айтпақ болады. Малын сойып, жұртқа, сыртқа шығарып қатынына айтайын деп отырғанда, үйге бір әтеш, бір шіби, екі тауық кіреді. Шіби әтештің алдындағы бір бидайын алып жей бергенде: «Мен Сұрмерген емеспін қатынына сырын айтып өлгелі отырған», — деп, әтеш шібиін шоқып, талап тастайды. Осыны естіген мерген қатынына хайуанның тілін білетінін айтпай, бір ажалдан аман қалады.

Тағы бір күні мерген аң қарап жүріп, бір тауешкіні атып алады. Атып алып, етін жеп отырғанда, құлағына бір дауыс келеді. Дауыс: «Жалғыз ешкімді атып алдың, жазаңды қасқыр берсін!» — дейді. Мерген оны тыңдамастан үйіне қайтады. Кешке таман жолда бір керуен қонып жатыр екен, мерген сол керуенмен бірге далаға қонады. Қонып отырғанда, түнде қасқыр ұлиды. Қасқыр ұлығанда: «Сұрмергенді бүтін не қылсам да жеймін», — дейді. Мерген керуеншілерге: «Не білдіңдер?» — дейді. Керуеншілер: «Ештеңе білгеніміз жоқ», — дейді. Мерген: «Білмесеңдер, қасқыр мені жеймін деп тұр», — дейді. Керуеншілер жер қазып, Сұрмергенді жерге тығып, үстіне киіз төсеп жасырып тастайды. «Қап бәлем, енді қайтер екенсің?» — деп жатып, ертеңіне керуеншілер тұрса, қасқыр бір жағынан қазып келіп мергенді жеп кетіпті.

Сиқырлы тас

Баяғы өткен жақсы заманда бір үлкен бай болған екен. Сол байдың жалғыз баласы болыпты. Жалғыз баласының жасы толған соң, бай: «Баламның қызығын көремін», — деп, жыл сайын жақын маңдағы жәрмеңкеге жібереді екен. Сауданың жөнін білмейтұғын баласы сол жолы әкесінің берген мың теңге ақшасына бір мысық сатып алыпты. Өз үйіне қайтқан соң бай баласының келгенін есітіп: «Балам не нәрсе сатып алып қайтты екен», — деп, қуаныш көріп, баласына келіп амандасып болған соң: «Әй, қарағым, сен берген ақшама не сатып алып қайттың?» — депті. Баласы жауап береді: «Әке, мен бір түрлі хайуан сатып алдым, өзінің өнері — бұл жер үстіндегі тышқаннан тышқан қалдырмайды екен», — депті. Бай баласының бұл сөзіне ешбір жауап айтпай, үйіне қайтты дейді.

Келер жылы сол уақытта тағы да баласының қызығын көрмекке, саудаға екі мың теңге ақша беріп, базарға жібереді. Бұл жолы баласы базардан екі мың теңгеге бір бүркіт сатып алыпты. Үйіне қайтып келген соң, тағы да әкесіне айтады: «Әй, әке, бұл жолы мен бір түрлі құс сатып алдым. Сол құсым көктегі құстан құс қалдырмаса керек, бәрін қырып, жойып бітіреді», — дейді. Әкесі бұл сөзіне де еш жауап қайтармапты. Келер жылы тағы да сол уақытта үш мың теңге беріп, тағы да базарға жібереді. Бұл жолы баласы бір тазы ит сатып алып қайтады. Үйіне келіп, әкесіне мақтаныш қылып: «Әке, мен бұл жолы бір тазы ит сатып алып қайттым, оның өнері — жер үстіндегі қояннан, түлкіден, қасқырдан түк қалдырмайды», — депті. Атасы еш жауап айтпай қойыпты. Төртінші жылы төрт мың теңге ақша беріп, бай баласын тағы да базарға жіберіпті. Баласы бұл жолы кілтіменен бір үлкен сандық сатып алыпты, ішінде не бар-жоғын білмейді. Сатқан кісі бұған: «Бұл сандықты ашпай, бір бек қиын уақытта ашыңыз, егер де жай уақытта ашсаңыз, өзіңізге зиян келтіреді», — депті.

Байдың баласы сандықты үйіне алып келіп, әкесіне қуаныш қылып: «Бұл жолы мен берген төрт мың теңге ақшаңызға бір сандық сатып алып

қайттым», — депті. Әкесі баласының ақымақтығын біліп, еш жауап бермей, өз үйінен біржолата қуып жібереді, өзінің сатып алған мысығын, бүркітін, итін һәм сандығын беріпті. Байдың баласы жылай-жылай өз үйінен шығып, жұртынан ұялғанынан біржолата айдалаға шығып кетеді, сандықты арқасына салып алыпты.

Жасынан мұндай жамандықты көрмеген байдың баласы біраздан кейін шаршайды. Бір жерге демалуға сандығын жерге қойып, өзі ойланып отырса, осы сандықты сатып алғандағы сатушының айтқан сөзі ойына түседі. Сандықты сол жерде ашып қараса, ішінде бір үлкен жылан жатыр екен. Жыланды бала көріп талып қалыпты. Көптен соң көзін ашып қараса, жылан адамның тілімен сөйлепті: «Әй, жігіт, сені мен көрдім, мені сатып алғаныңа Алла көптен-көп разы болсын! Енді сен мені өз үйіме жеткіз. Ондағы менің аталарым сенің қылған жақсылығыңа қарай шамасы келгенінше жақсылық қылар», — депті. Байдың баласы олай ойлап, былай ойлап, не болса да бағымды сынап көрейін деп, жылан жатқан сандықтың қақпағын жауып, қайтадан арқалап, жыланның айтқан жеріне жол жүріпті. Недәуірден соң бір сайдың ішіне келсе, іші толған жылан екен, адамзатты көріп, жыландар бәрі басын көтеріп алып ысқырыпты. Байдың баласы туғаннан бері мұндай істі көрмеген, қорыққанынан арқасындағы сандықты жылдам жерге қойып, қақпағын ашып, ішіндегі жыланды босатып қоя береді. Жылан сандықтан шығып, өз тілінше ысқырады. Бастарын көтерген жыландар қайтадан өз орындарында жатады. Сонда жылан жорғалап өз ініне жүре бастапты. Байдың баласы соңынан қалмай, жүгіріп отырыпты. Недәуірден соң жылан бір үлкен інге келіп кіріп кетіпті. Байдың баласы іннің аузында тұрып қалыпты. Біраздан соң жылан іннен шығып, адам тілімен көп-көп рақмет айтып, бір жасыл тас беріп қоя береді. «Бұл тас қыл дегенінді қылады, бірақ бос жерге тастаушы болма», — депті.

Байдың баласы қуанып, сол жерде тасқа: «Мені жылдам итіме, құсыма жеткіз!» — депті. Сонда көзді ашып жұмғанның арасында байдың баласын айтқан жеріне жеткізіпті. Байдың баласы бұл тастың қасиетін білген соң, бек қуанып, мысығын, бүркітін, итін алып, тасқа: «Енді бізді ешкім білмейтін патшаның жеріне жеткіз», — депті. Тас оның айтқанын мақұл көріп, көзді ашып-жұмғанша бай баласын барша хайуандарымен бірге қалаған жеріне жеткізеді. Жерге түскен соң жан-жағына қараса, алыстан бір үлкен шаһар көрінеді. Бай баласы итін, құсын, мысығын алып шаһарға келіп, ең шетіндегі бір үйге сөйлесе, ол үйде бір шал мен бір кемпірден басқа ешкім жоқ екен. Ол шал мен кемпір бай баласын біржолата бала қылып алыпты. Баласы күнде таңертең аңға шығып, құс әкеліп, шал-кемпірді асырап жүріпті. Бір күні бай баласы күн шықпай далаға аңға шығып бара жатып, күннің екі бөлік болып шығып келе жатқанын көріп, аң-таң қалып, қайтадан шал мен кемпірге келіп: «Мұның себебі не?» — деп сұрайды. «Қарағым, бұл жерде күн біреу-ақ, екінші — күнмен қатар таласып шыққан хан қызының нұры», — дейді.

Бай баласы сол жерде хан қызының нұрына ғашық болып: «Не болса да мұны мен алайын» деп ойлап, алмақшы болыпты. Сол көңілімен келер күні байдың баласы: «Ханның қызын айттырып кел», — деп, кемпірді жібереді. Туғалы мұндайды есітпеген кемпір әуелі шошып, бай баласы тілеп сұраған соң, бармақшы болыпты. Бай баласы оған үйретіпті: «Ертең ерте таң атпай сен ханның ордасына барып есігінің алдын сыпырып тұрғайсың. Хан тұрған соң, бұл не қылып жүрген кемпір деп сұраса: «Ханның қызын балама айттырғалы жүрмін», — деп сен өз жайыңды айтқайсың, — дейді. Хан сонда ашуланып, құлдарына сені зынданға сал деп бұйырар, құлдар сені зынданға тастап жібергенде, сен аман-есен өз үйіңе келесің», — дейді.

Сонымен бейшара кемпір ертеңіне орнынан ерте тұрып, ханның қызын айттырмаққа ханның ордасына барады. Хан оянған соң кемпірді көріп: «Не жаймен жүрген кемпірсің?» — деп сұрайды. «Мен сіздің қызыңызды айттырғалы келіп едім», — дейді кемпір. Сонда хан ашуланып, құлдарына бұйырады: «Дереу кемпірді зынданға салыңдар», — дейді. Құлдары кемпірді қолынан ұстап апарып зынданға тастап жіберді, кемпір зынданға түспей, аман-есен өз үйіне қайтып барады.

Кемпір өңі не түсі екенін білмей жатып, көптен соң есі кіріп, баласына жайын айтыпты. Баласы ертеңіне кемпірді тағы да ханның қызын айттыруға жібереді. Кемпір ханның үйіне келіп, тағы да есігінің алдын тазалап жүргенін хан көреді. Кешегі кемпір екенін білген соң, құлдарына сенбей, зынданға тастауға ханшаларын қосып жіберіпті. Құлдары ханшалардың көзінше кемпірді зынданға тастап жіберіпті. Ал кемпір тағы да өз үйіне келіпті. Келген соң баласына жай-күйін айтыпты. Байдың баласы кемпірді үшінші мәрте ханның қызын айттыруға жіберіпті. Үшінші рет барғанда әдейі ханның өзі шығып, кемпірді өз қолынан кескілеп, отқа жандырып жіберіпті.

Бұдан кейін баяғы жасыл тасының күлін жиып алып, кемпірді тағы да тірілтіп, өз үйіне әкеліпті. Кемпір өлмесін білген соң, ертеңіне тағы да барып, ханның қызын сұрапты. Хан кемпірді көріп, мұның өлместігіне көзі жеткен соң: «Мұнан бүйтіп құтыла алмаспын, қалыңмалды көп сұрап, шошытып құтылайын», — деп, кемпірге: «Әй, кемпір, мен саған қызымды берейін, бірақ қалыңмалына қырық қара ала аяқ жорға, қырық қара жүйрік ат бер, ені-түсі бірдей болсын. Қырық нар түйе бер, түсі бірдей болсын, бір түсті қырық сиыр, қырық қой бер, ені-түсі бірдей болсын, қырық ешкі бер, ені-түсі бірдей болсын, онан соң бір түннен қалдырмай жерде тіреуі жоқ, жерде де емес, көкте де емес, алтын сарай жаса; екі бәйтерек орнат, бірі алтын, бірі күмістен болсын және екі бәйтеректің түбінен бұлақ ағызып қой. Сонда мен қызымды беремін», — депті. Кемпірді хан сол сөзімен жұбаттым, құтылдым деп жіберіпті. Кемпір үйіне келіп, баласына ханның тілегенін, қалыңмалын бастан-аяқ айтыпты. Байдың баласы кемпірді тамаққа тойғызып, өзін жатқызып, өзі далаға шығып, жасыл тасты алып, бастан-аяқ ханның сұраған қалың малын

айтып, бек қатты бұйырып, тасты қоя беріп, өзі үйге келіп жатыпты. Ертеңінде орнынан тұрса, бәрі де айтқанындай екен.

Хан тұрып қараса, өңі не түсі екенін білмейті, біраздан соң есі кіріп қараса, кешегі сұраған қалыңмалының бәрі у-шу, азан-қазан болып, ордасының жанында жүр екен. Не көкте емес, не жерде емес, алтыннан жасалған сарай күнмен шағылысып тұр, гауһар тастан жасалған, күмістен орнатылған екі бәйтерек тұр. Оның түбінен бұлақ ағып жатыр. Хан аң-таң қалып, кемпірдің баласына қызын бермекші болып, күйеуді шақыртып алып, бастан-аяқ хал-жайын сұрап, байдың баласына қызын отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып ұзатты. Байдың баласын өзінің орнына хан қылып, біраздан соң хан дүниеден қайтты. Хан өлген соң барша жұрты байдың баласына қарап қалды. Байдың баласы хан болса да, жасынан үйренген әдеті, күнде ерте тұрып, итін ертіп, құсын алып, аң аулап жүреді екен. Бір күні айдалада аң аулап жүргенде бір қу аяқ кемпір кез болады. Кемпірді көріп, хан аяп, өз үйіне қызмет қылуға әкеп қояды. Кемпір ханның үйінде ханшасынан басқа адамды көрмейді. Не жұмысы болса да өзі істеліп, өзі бітіп тұрғанын көреді. Кемпір мұны көріп, ханға айтуға батпай, ханшадан сұрапты. Ханша: «Ханның бір жасыл тасы бар, осы жұмысты сол істейді», — дейді. Сонда кемпір айтады: «Маған жұмыс қылғызғанша, бәрін сол тасқа істетейік, хан аң аулап кеткенде, тасын үйге тастап жүрсін. Соны сұрап алып қал» — дейді. Ханым мұны мақұл көріп, тасты ханнан сұрап алып қалған екен. Бір күні тас кемпірдің қолына тиген соң, тасты алып, айтады: «Осы ханшаны алтын сарайымен, менімен, Қарақұл деген ханның жұртына көзді ашып-жұмғанша апар», — дейді. Тас айтқанын орнына келтіреді. Кемпір Қарақұл деген ханның кемпірі екен. Ханның ханшасына қыз күнінен ғашық болып жүреді екен. «Осы ханның ханшасын алып кел», — деп жіберген кісісі екен. Қарақұл ханның жұртына келген соң, Қарақұл хан отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, баяғы ханның қызын алып қатын қылады, өмірі дәурен сүріп тұрады.

Байдың баласы аңнан қайтса, үйінің орнында жұрттан басқа жоқ, зар-зар жылап, ел-жұртынан айырылып, бүркітін, итін, мысығын алып, айдалаға шығып, адам жүрмейтін, құлақ естімейтін жердегі бір үлкен өзеннің бойына барып, балық аулап, тамағын асырап тұрады. Сөйтіп жүріп көп жылдар өтеді. Бір күні мысығы менен иті екеуі отырып, өзді-өзі ақылдасып: «Бұл біздің байымыз бізге қанша ақша шығарып сатып алды, бізді осы күнге шейін асырап-сақтап тұрды. Біз бұған бір жақсылық көрсеткен жоқпыз», — десті. «Енді біз байымыздың жоғалтқан тасын іздеп тауып берелік, — депті. Соныменен иесі ұйықтап жатқанда ит пен мысық екеуі тасты іздеуге сапар шегіпті. Көп күндер, көп айлар, көп жылдар өткен уақытта ит пен мысық бір үлкен шаһарға келіпті. Шаһардың ішін аралап жүрсе, не көкте емес, не жерде емес, бір алтын сарайды көреді. Көріп, баяғы өз байының сарайы екенін танып, сол сарайдың жанынан шықпай жүріпті. Бір күні Қарақұл хан көріп, мысық пен итке

тамақ бергізіпті. Ит пен мысық сол үйді бірі ішінен, бірі тысынан күзетіп жүріпті. Сөйтіп жүріп, мысықты Қарақұл хан жақсы көріп, тамақ ішкенде жанына отырғызатын болыпты. Мысық тастың ханның өзінде екенін біліп, итке айтыпты. Ит бұған ақыл үйретіпті: «Сен бір күні хан тамақ ішіп отырғанда бір тышқан ұстап алып, тірідей жұтып қой, хан мұны көріп, мырс етіп күліп, сені қабырғаға түртіп жіберер, сонда сен тышқанды қайтадан құсып жібер, сонда хан жүрегі айнып «қақ» дегенде, аузындағы жасыл тас ұшып жерге түсер. Сонда сен тасты қағып алып маған бер. Мен тасты аузыма салып, сені арқама мінгізіп қашып, тасты байымызға апарып береміз», — депті.

Иттің үйреткенін мысық мақұл көріп, бір күні хан тамақ ішіп отырғанда иттің айтқанындай істепті. Хан «қақ» дегенде аузындағы жасыл тас ұшып жерге түсіпті, сонда мысық тасты ала қашып, итке беріпті. Ит мысықты арқасына мінгізіп алып қашып, көп күннен соң баланың балық аулап жатқан жеріне келіпті. Өзеннің бойына келген соң ит пен мысық дауласыпты. Судан өтерде мысық: «Тасты сен маған бер, сенің аузың үлкен, шаршағанда қырылдап тас суға кетер», — депті. Ит бұл ақылға көнбей, судың ортасына келген уақытта мысықтың айтқаны келіп, иттің аузынан тас түсіп кетіпті. Сол уақытта ұшып келе жатқан үйрек тасты қағып алып, жұтып қойып, кете барыпты. Арғы жақтағы байдың баласының бүркіті мұны көріп, ұшып барып үйректі ұстап алып, иесіне беріпті. Ит пен мысық судан шыққан соң болған жайды айтыпты. Байдың баласы иті мен мысығына риза болып, үйректі сойып жіберсе, үйректің ішінде тас жатыр екен. Ол бек қатты қуанып, сол жерде тасқа бұйырады: «Көзді ашып-жұмғанша Қарақұл ханның қатынын, кемпірін, өзін барша алтын сарайымен баяғы орнына алып кел!» — депті. Тас бәрін алып келеді. Байдың баласы жұртына келіп, елінің көзінше Қарақұл ханды, өзінің қатынын, кемпірді — бәрін қылыштап өлтіріпті. Онан кейін өзінің орнына бір жақсы адамды хан қылып отырғызып, өзі итімен, мысығымен, бүркітімен, тасымен бірге, «Бұл дүниенің баяны жоқ», — деп, жаһан кезіп кетіпті.

Күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құс

Ерте заманда бір патша болыпты. Патшаның үш баласы бар екен. Ең үлкенінің аты — Асан, ортаншысының аты — Үсен, ал ең кенже баласының аты Хасан екен. Хасан өте сұлу, ақылды әрі батыр, ақкөңіл бала болып өседі. Патша ұйықтап жатып түс көреді, түсінде бір ғажайып құс көреді. Күлсе, құстың аузынан будақ-будақ гүл түседі, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түседі. Міне, патша осы құсқа ынтық болады. Дереву орнынан тұрысымен Асан мен Үсенді шақырып алып айтады: «Мен түсімде бір тамаша, өмірімде көрмеген құсты көрдім. Өзі өте сұлу,

күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түседі, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түседі. Осы құсты қайдан да болса маған тауып әкеп бересіңдер, — деп бұйрық береді.

— Егер де тауып әкеп бермесендер, бастарыңды аламын, — деп қатуланады.

Асан мен Үсен әкесінен қорыққанынан: «Қайдан да болса тауып әкеп береміз», — деп уәде береді де жол жүріп кетеді. Бұл уақиғаны Хасан білмейді. Хасан әкесінің Асан мен Үсенді күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құсқа жұмсағанын қырық күннен кейін барып біледі. Асан мен Үсенді осындай алыс жолға жұмсап, өзінің үйде қалғанына қапа болып, әкесіне жылап келеді.

— Әке, — дейді Хасан, — Асан мен Үсенді жұмсаған жаққа мені неге жұмсамадыңыз? Әлде мені ол екеуінен жек көресіз бе, я болмаса, маған сенбедіңіз бе? Патша айтады: «Жоқ, балам, олай емес, мен Асан мен Үсенді өте қатерлі, қиын жолға жұмсадым. Ал сені ол қиын сапарға жұмсауға көзім қимады!» — депті.

Хасан әкесіне жалынып, сол құсты іздеуге разылығын алып, ел-жұртымен қош айтысып, екі ағасының артынан кетеді. Қырық күн бұрын кеткен ағаларын Хасан қуып жетеді. Ағайыңды үшеуі бір үлкен жолға түсіп, жүре береді. Бір күндері бұлардың жүріп келе жатқан жолы үш айырылады: бір жол оңға, бір жол солға, бір жол тура бетімен. Әр жолдың басында үлкен тас тұр, тастың бетіне ойып жазған жазуы бар. Бірінші жолда — «Барса, келер», екінші жолда — «Барса, мүмкін келер, мүмкін келмес», үшінші жолда «Барса, келмес» деп жазылған. Асан «Барса, келер» жолына түседі. Үсен «Барса, мүмкін келер» жолына түседі, ал Хасан «Барса, келмес» жолына түсіп жүре береді. Бірнеше ай, бірнеше күн жүргеннен кейін Хасанның алдынан үлкен қала көрінеді, қаланың айналасында көп киік жайылып жүр. Хасанның осы кезде азығы таусылып, бірнеше күннен бері ас ішпей, ашығып келе жатқан кезі екен. Киіктің біреуін атып алайын деп, беліне асынған садағын алып кезене бергенде, киіктердің бәрі маңырап Хасанды қоршап алып, мұңлы дауыспен шулап кетеді.

Хасан киіктерді атпайды. «Бұл жануарларға не болған?», — деп ойлап, еш нәрсеге түсінбестен қаланың ішіне кіреді. Бір үлкен сарайдың ішіне кіріп: «Кім бар?» — деп дауыстап еді, ешкім жауап бермеді, жан-жағына қарап еді, бір алтын табақ тола қуырылған етті көреді. Әбден ашыққан Хасан етті жемекші болып, табаққа қолын сала бергенде: «Әй, адамзат, тарт қолыңды!» — деп, үсті-басы алба-жұлба, тісі ақсиган, түсінен адам қорқатын бір кемпір келіп, бір нәрселерді айтып аузын күбірлетті де, жерді теуіп қалды. Осы кезде Хасан киікке айналды. Әлгі кемпір Хасанның мойнынан жетектеп, жаңағы маңырап Хасанның алдынан шыққан киіктерге апарып қосты. Хасан адам түрінен айырылғанмен, ақылынан адаспады. Көп киіктерден бөлініп, жаңағы өзі келген жолына түсіп, келген жағына қарай жүре береді. Бірнеше күн өткеннен кейін

алдынан жаңадан соғылған үлкен сәулетті бір сарай көрінеді. Киік болған Хасан сол сәулетті сарайдың ішіне кірді. Алдынан бір сұлу қыз шығып, киікке қарап: «Сен киік емессің ғой, адамзатсың ғой, егер де мен сені адам қалпына келтірсем, сен мені аласың ба?» — деп сұрап еді, киік-Хасан тіл қатпады. Қыз: «Сені киікке айналдырып жіберген менің залым анам ғой, сенің тіліңді де сөйлетпей қойыпты ғой», — деді де киік-Хасанның бетіне бір уыс топырақ шашып жіберіп еді, Хасан бұрынғысынан да сұлу жігіт болып шықты. Хасан адам калпына келген соң қызбен сыпайы амандасып, қызға үлкен алғыс айтты және де басынан өткізген тарихын баян етті. Қыз да басынан өткен-кеткенін Хасанға айтып берді. Қыз айтты: «Мен сол сені киікке айналдырған жалмауыз кемпірдің жалғыз қызы едім, шешемнің адамға жасаған дұшпандығына төзе алмай, еншімді алып бөлек шығып едім. Мен өмірімде адам баласын көрмей жалғыз өтермін деп қапалықта отыр едім, Құдай сені маған кездестірді, мен сенің соңыңнан қалмаймын», — деді. Хасан: «Мен әкеме берген уәдемді орындамай, саған үйлене алмаймын», — деді. Қыз одан: «Әкеңе қандай уәде берген едің?» — деп сұрады. Хасан әкесінің түсінде бір тамаша құсты көргенін, күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түсетінін, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түсетінін айтты. Сол құсқа әкесінің құмар болып, екі ағасын тауып әкеліндер деп жұмсағанын, ағаларының артынан өзі өтініп, қандай қиындық болса да төзіп, қайдан да болса тауып әкеліп беремін деген уәдесін айтты.

Қыз Хасанның бұл сөзін естіп жылай берді. «Сен бұл құсты іздейтін болсаң, маған жоқсың. Бұл құс менің құсым еді, адамша сөйлей алатын еді. Менен бұл құсты пері патшасының Күлжамал деген қызы әскерімен келіп тұрып алып кеткен еді. Ол перінің елін іздеп табарсың-ау, бірақ та құсты саған оңайлықпен алдыра қоймас», — дейді. Хасан: «Мен қандай қиындыққа болса да төзуге тиіспін, қандай да болса құсты әкеме тауып апарып беру міндетім және борышым. Ал құсты аман-есен тауып алып қайтсам, алдымен саған келемін, сенен басқа ешкімге үйленбеймін», — дейді.

Қыз Хасанның беттеген жағынан қайтпайтұғынын білген соң, Хасанға рұқсат беріп, жөн сілтеді.

— Батысқа қарай тоқсан күн жүресің, одан кейін алдыңнан аспанмен таласқан биік тау кездеседі, сен ол таудың ар жағына тоқсан күн дегенде өтерсің. Сол таудың арғы түбінде үлкен жалғыз түп бәйтерек бар, сол бәйтеректің басында самұрық құстың ұясы бар. Сені мүмкін сол самұрық перінің еліне жеткізер, — дейді. Содан кейін қыз айтты: «Менің залым шешем тірі тұрғанда екеумізді бірге өмір сүргізіп қоймайды, бір зиянын тигізеді, менің шешемнің ажалы мынадан болады, — деп, бір садақтың оғын берді. — Қалай қарап атсаң да, менің шешемнің маңдайына тиеді, — дейді. Хасан садақтың оғын алып, көп кідірместен атып жібереді, атылған оқ жалмауыз кемпірдің маңдайынан тиіп, сол заматта өлді. Бұдан кейін Хасан қызбен қош айтысып, батысқа қарай жүріп кетті. Қыз

айтқандай, Хасан тоқсан күн жүріп аспанмен таласқан үлкен тауға кездесті, таудың ар жағына тоқсан күн дегенде зорға асып түсті. Үлкен жалғыз түп бәйтерекке келіп, саясында демалып отыр еді: «Әй, адамзат, бізді өлімнен құтқар, құтқар!» — деп шырылдаған самұрық құстың балапандарының даусын естіді. Хасан: «Бұл мүсәпірлерге¹³ не болды?» — деп қарап еді, бір үлкен айдаһар жылан балапандарды жұтуға әзірленіп, бәйтеректің басына қарай өрмелеп бара жатыр екен. Хасан көп ойланбай, дереу қынаптағы қылышын суырып алып, айдаһарды бірнеше жерден шауып өлтірді. Самұрық құстың балапандары өлімнен аман-есен құтылғанын біліп, Хасанға көп рақмет айтты, ашығып отырған балапандар айдаһардың етін жеп тойып алды. Дәл осы кезде қатты жел тұрып, нөсер жаңбыр жауды. Хасан балапандардан: «Бұл не қылған жел, не деген нөсер жаңбыр?» — деп сұрады. Балапандар: «Бұл жел емес, біздің анамыздың қанатының лебі, ал жаңбыр дегеніміз — біздің анамыздың көз жасы. Біздің анамыз жылда осы бәйтеректің басына жұмыртқалап, балапан басып шығарады екен. Анамыз балапандарына тамақ іздеп кеткенде, жаңағы сіз өлтірген айдаһар інінен шығып, біздің анамыздың басып шығарған балапандарын жеп қояды екен, біздің анамыз келгенше қайтып ініне тығылып қалады екен. Қазір біздің анамыз аң аулап қайтып келе жатыр, біздерді тірі көремін бе, әлде айдаһар жеп қойды ма деп жылап келе жатыр. Міне, жаңбыр емес, біздің анамыздың көз жасы. Біздің анамыз, — деді балапандар, — адамзаттың етіне сондай құмар. Сізді көрсе, дереу жұтып жіберуі мүмкін, сондықтан сіз біздің қанатымыздың астына жасырына тұрыңыз», — дейді.

Хасан балапандардың қанатының астына жасырынды. Бір мезгілден кейін самұрық құс келіп бәйтеректің басына қонды. Самұрық құстың салмағынан бәйтерек иіліп жерге тиді. Балапандарының тамағына көп бұғы, киік, тағы басқа аңдарды алып келіп үйіп тастады. Балапандарының тірісін көріп көз жасы тыйылып, қуанып кетті. Дәл осы кезде жадырап күн де шығып, қатты жел де тыйылды. Бір кезде самұрық құс тамсанып жан-жағына қарай берді: «Адамзаттың иісі шығады, сендер көрген жоқсыңдар ма?» — деді. Балапандар: «Егер сіз бір қасық қанын кешсеңіз, біз адамзатты көрсетелік», — деді. Самұрық «мақұл» дегендей бас изеді, балапандар қанатының астындағы Хасанды көрсетіп еді, самұрық Хасанды жұтып жіберді. Балапандар шыр-шыр етіп, анасының тамағынан ұстай алды. Самұрық Хасанды қайта тастады. Содан кейін самұрық балапандарынан: «Бұл адамзат сендерге қандай жақсылық істеді?» — деп сұрады. Балапандар: «Бұл адамзат айдаһарды өлтіріп, бізді ажалдан құтқарды», — деді. Самұрық Хасанға үлкен алғыс айтып, не жұмыспен келгенін сұрады. «Қандай жәрдем керек?» — деді. Хасан басынан кешкен уақығаны жасырмай тегіс айтып берді және перілердің жеріне жеткізіп тастауды өтінді. Самұрық «мақұл» деп, жол қамына кірісті. Балапандарына өзі қайтып келгенше жетерлік ауқат жинап беріп, жолда жейтін ауқатын

¹³ Мүсәпір /а/ — жолаушы, бейшара, байғұс.

алып, үстіне Хасанды мінгізіп, перінің жеріне қарай ұшады. Самұрық бір жеті ұшады, мұхиттан өтеді, шөлден өтеді, от дариясынан өтуге жақын-дағанда жейтін тамағы таусылып, басы айналып, көзі қарауытқан самұрық қатты сасады.

— Ей, адамзат, баратын жерімізге жете алмаймыз-ау, менің әлім құрыды, құлауға айналдым! — дейді. Хасан дереу екі санының етінен екі жапырақ ет кесіп, самұрықтың аузына тосты. Самұрық Хасанның берген етін жеп, күшіне келеді. Содан кейін самұрық Хасаннан сұрайды: «Бұл қайдан шыққан ет? Сондай дәмді, әрі күш беретін ет екен», — дейді. Хасан айтты: «Мен сізге санымның етін кесіп бердім». Самұрық Хасанның екі санындағы жарасын дереу қанатымен сипап еді, жара жазылып кетті. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ самұрық пен Хасан перінің жеріне келіп жетті. Самұрық: «Перілер бір ұйықтаса, қырық күн ұйықтайды. Перілердің ұйықтағанына қазір үш күн бопты. Мен сені осы жерде үш күн күтемін, үш күнде қайтып келмесең, мен саған қарамай-ақ ұшып кете берем», — дейді.

Хасан үш күнде қайтып келуге уәде беріп, қалаға қарай кетеді. Қала өте сұлу екен, ылғи алтыннан соғылған, бұрын мұндай сұлу қала көрмеген Хасан қаланы тамашалап, құсты да, самұрықты да ұмытып кетеді. Хасан бір кезде қаланы аралап жүріп, бір үлкен тамаша соғылған сарайға кіреді. Сарайдың ішінде қырық қыз ұйықтап жатыр, ар жағында оңаша бір бөлмеде алтын кереуеттің үстінде тағы бір қыз ұйықтап жатыр. Одан әрі тағы бір бөлмеге кіріп еді — жаюлы дастарқан, неше түрлі тамақ. Тамақтан алып жейін деп еді, бір нәрсе шаңқ ете қалды. «Әй, адамзат, біреудің тамағын неге рұқсатсыз жейсің?» — деп күліп жібергенде, аузынан будақ-будақ гүл түседі. Хасан қараса, өзінің іздеп жүрген құсы екен, алтын қапаста отыр. Хасан қуанып кетті. Құсты алып самұрыққа тез қайтпақшы болып, құсқа ұмтылғанда, құс шар ете түсті. «Сен мені алып кете алмайсың. Егер де мен ащы даусыммен сайрасам, осы қаладағы ұйықтап жатқан перілердің бәрі оянады. Ал сенің бір мысқал¹⁴ етің бұл жерде мың ділда тұрады, мені ескертпеді деп өкпелеме, ендігісін өзің біл», — деді.

Хасан құсқа жалынып жылай берді. Жолда көрген уақиғаларын және де құстың бұрынғы егесімен қосылмақшы болып уәделескенін айтты. Құс Хасанның көңілін қимай: «Мақұл, мені алып кете ғой, бірақ жолда көрген оқиғаларыңды айтып хат жазып, ана бөлек бөлмеде ұйықтап жатқан қыздың қалтасына сал», — деді. Хасан құстың айтқанын орындады. Содан кейін құсты алып самұрыққа келді. Самұрық енді болмаса ұшып кетейін деп отыр екен. Хасан құсымен самұрықтың арқасына мініп, көп қиындық көрмей, самұрықтың балапандарына аман-есен жетті. Ар жағына жету үшін самұрық қанатының бір қауырсынын үзіп берді. Хасан құспен бірге самұрықтың қанатының қауырсынына мініп, уәделескен қызына келді. Қыз қуанып, Хасанды, құсты бар ынтасымен

¹⁴ Мысқал /а/ — жиырма бес грамға тең салмақ.

қарсы алды. Бірнеше күн демалған соң, Хасан қызды, құсты алып, самұрық берген қауырсынға мініп еліне қарай жүріп кетті. Бірнеше күн жүрген соң, алдынан жаяу келе жатқан бір адамға жолықты. Қараса, өзінің ортаншы ағасы Үсен екен, жолда қаражаты таусылып, бір байдың малын бағып күнін көрген, содан кейін еліне жаяу қайтып келе жатыр екен. Өзі әбден аштықтан азған, киімдері тозған. Хасан Үсенді суға түсіріп, үстіне жаңа киім кигізді, тамаққа әбден тойғызды. Сөйтіп өздерімен бірге қауырсынға мінгізіп келе жатса, Үсеннің халінен де жаман азып-тозған, мойны ырғайдай, биті торғайдай болған Асанға кездеседі. Хасан Асанды да Үсен сияқты тамаққа тойғызып, киіндіріп алып, қауырсынға мінгізіп алып жүреді. Бір күні бұлар бір жерге келіп қонады. Осы кезде Асан мен Үсен екеуі ақылдасады. «Біздің әкеміз бұрын да біз екеумізден Хасанды жақсы көруші еді, енді Хасан елге барған соң құсты мен таптым, қызды да өзім таптым дер, ал бізді аштан өлейін деп келе жатқан жерінен өзім тамаққа тойыңдырып алдым дер. Әкеміз екеуміздің байға жалданып мал баққанымызды естісе, «менің атыма дақ келтірдіңдер» деп, дарға асуы да мүмкін. Қайткен күнде де Хасанның көзін жою керек, содан кейін құсты өзіміз тауып алып келдік дейміз», — дейді. Екеуі осылай етіп келісіп, Хасанға келеді. «Бізге құдықтан су алып бер», — дейді. Хасан «мақұл» деп, беліне жіп байлап терең шыңырау құдыққа түседі. Асан мен Үсен Хасан құдықтың дәл ортасына жетісімен жіпті пышақпен кесіп жібереді. Хасанды құдыққа тастағаннан кейін Асан мен Үсен қызды «мен аламын», «мен аламын» деп таласып қалады. Қыз екеуіне де тимей, айдалаға қаңғырып кетеді. Асан мен Үсен құсты алып еліне келеді. Әкесіне құсты алып келгенін баяндайды. Патша Асан мен Үсеннен: «Хасан қайда?» — деп сұрайды. Асан мен Үсен: «Хасан біздің айтқанымызға көнбей, теңіздің суына шомылып жатқанда, жайын жұтып қойды. Бірақ біз жайынды өлтірдік, Хасанның кегін алдық», — дейді. Патша Хасанның өлгенін естіп, қатты қайғырып, басын көтермей, күн-түн жатып алады.

Дәл сол күні перілер ұйқысынан оянады, пері патшасының қызы қапастағы құстың жоқ екенін біліп, қалаға жар салады. Қалтасындағы хатты көріп, құсты адамзаттың алып кеткенін біліп, пері патшасының қызы әскерімен құсты іздеуге аспанға ұшады. Хасанның әкесі бір күні өзі орнынан тұрмастан: «Құсты сайратыңдар!» — деп бұйрық береді. Құсты алтын қапасқа отырғызып сайратады. Құс қайғылы, мұңлы үн, ащы дауыспен сайрайды. Дәл осы кезде аспанда ұшып, құсты іздеп кең аспанды кезіп жүрген перінің қызының әскерлері Хасанның елінің үстінен адам болып түсе береді. Аспаннан адам жауған соң, Хасанның елінің адамдары үрейленіп, қорқып, патшаға келіп тығылады. Пері патшасының қызы әскерімен құстың тұрған жеріне келіп, патшаны алдына шақырады. Патша жатқан орнынан тұрып, киімін киіп, белін буынып, Аллаға сиынып, пері патшасының алдына келеді. Пері қызы патшадан сұрайды: «Ей, адамзаттың патшасы! Мына құсты қай балаңыз алып келді, соны маған көрсетіңіз, мен сіздің сол балаңызбен сөйлесер едім», — дейді. «Әй, пері қызы!

Осы құсыңды мен түсімде көріп, бір көруге құмар болғаным рас. Алып келіңдер деп үш баламды жұмсағаным рас. Ал сол үш баламның екеуі аман қайтып келді, ал ең кішісі — жақсы көретін балам қайтпады, жолда балық жұтып кетті деп келді, өтірік-расын әлі анықтағаным жоқ. Ал сол баламның қайғысынан мына құсты осы бірінші рет көріп тұрмын, ендігісін ана тірі келген екі баладан сұраңыз!» — деді де патша үйіне кетті. Пері қызы Асан мен Үсенді шақырып: «Қалай алып қайттыңдар, соны айттып беріңдер», — деді. Асан мен Үсен: «Е, қалай алып қайттыңдар дейтін несі бар, жүйрік атпен бардық та, алып қайттық», — деді. Пері қызы айтты: «Сендер шындықтарыңды айтпай отырсыңдар, бәрібір мен қазір құсты сөйлетемін, құс барлық шындықты айтып, сендердің сөздерің өтірік болса, бастарыңды аламын!» — деді де, құсқа «сөйле» деп белгі берді. Құс жолда болған оқиғаның бәрін айтты: «Хасан ақкөңіл, қайырымды жігіт екен, жылап қоймаған соң, ергенім рас. Хасан мені алып, менің бұрынғы иемнің үйіне әкелді. Содан кейін бәріміз осы жаққа қарай келе жатқанымызда, жолда азып-тозып, ашығып келе жатқан Асан мен Үсенді кездестірдік. Хасан бұл екеуін тамаққа тойындырып, киім киіндіріп еді, бұлар Хасанға қастық ойлап, құдыққа алдап түсіріп, тастап кетті. Содан кейін менің бұрынғы иемді екеуі «мен аламын», «мен аламын» деп таласып еді, ол қыз екеуіне де тимей, айдалаға қаңғырып кетті. Олардың аштан өлетін уағы болған жоқ, әлі тірі болуы мүмкін», — деді.

Пері қызының бір әскері жер жүзін бір сағатта айналып шығатын жүйрік екен, пері қызы сол жүйрікті жұмсады. Ал Асан мен Үсеннің басын кесіп алды. Пері қызының мұнысына патша қарсы болған жоқ. Асан мен Үсеннің басы алынып болған кезде жүйрік пері Хасан мен қызды алып келді. Пері қызы Хасанның батырлығына, адамгершілігіне риза болып, құсты өз қолынан Хасанның әкесіне сыйлайды. Патша пері қызына алғыс айтып, қырық күн той, отыз күн ойын жасады. Пері қызы әскерімен қонақ болды. Сонымен адамзат пен пері араласқан, қой мен бөрі араласқан үлкен той болыпты.

Көк сиыр

Баяғыда Әлболсын деген бір қоңырқай шаруа болыпты. Оның әйелі мен бір қызы болыпты. Күндердің бірінде Әлболсын тоқал алуды арман етіпті. Әлболсын тоқал алуды, бір жақтан, жұрт көзіне түсу, екінші жақтан, үй тіршілігінде қол ұзарту деп түсінетін болса керек. Күндердің бірінде Әлболсын арманына жетіп тоқал алады. Ол да қыз табады. Өзі ұл таппаған бәйбіше тоқалдың да ұл таппауын тілейді екен. Іштей қуана отырып, ұл таппады деп жазғырып, «әдіре қалсын, күң неме» деп, тоқалды басынып алыпты, оған күн көрсетпепті. Тоқал байғұс арқалап отын, шелектеп су тасыпты, сиырды сауатын да, атты ерттейтін де, жүн түтіп, жіп иіріп, қап тоқитын да сол болыпты. Қыста суыққа тоңып, жазда

ыстыққа қарылып, аш-жалаңаш жүріпті. Жаман сырма киіз етігін үсті-үстіне жамап киіп, бақытсыз қызын баспақ теріге орап өсіріпті.

Бәйбішенің қызы Әлболсынның тапқанын киіп, тоқалдың қызы ысытып берген сумен басын жуып, шашын тарап білгенін істепті. Еркелікпен аузына келген сөзді сөйлеп, бәдік және дәрекі болып өсіпті.

Әлболсын осы екі қыздан кейін перзент көрмепті. Күндер өтіп, ай толышты, айлар өтіп, жыл толышты, жылдан жыл өтіп, екі қыз бойжетіпті.

Тоқалдың қызы күң атаныпты. Анасының толып жатқан қиыншылықтарын өз үстіне алып, отын тасып, су әкелетін, ыдыс-аяқ жуатын, сиыр бағатын болыпты.

Бәйбішенің қызы бәйбішеліктің әрекет-кимылын, тәкаппарлығын, зілін және жасанды маңғаздықтарын келтіре алмай, шешесінен күнде сөз естіп, таяқ жеп, соның салдарынан өтірікші, жалтарғыш қу болып өсіпті. Бір күні шешесі ұрып-ұрып қуып шығыпты. Ол жүгірген бойы сиыр бағып жүрген күнге барыпты. Барса, күң бір шидің түбінде бірдемені жеп отыр екен. Аң-таң болып біраз тұрыпты, тоқалдың қызы оны байқамай қолындағы өрік-мейіздерін жеп отыра беріпті. Бәйбішенің қызы дереу өзгеріп:

— Сіңлім, не жеп отырсың, маған да берші! — деп сұрапты. Байқамай қалған күң сасып:

— Ойбай, не жеп отырушы едім, қарным ашқан соң бұталардың басындағы бірдеңелерді теріп жеп отырмын, — деп, өрік-мейіздерін тыға қойыпты. Ана қыз:

— Әкелші, не болса да мен көрейін, — деп, қадалып тұрып алғаннан кейін, күң лажсыздан бір тал мейіз беріпті. Бәйбішенің қызы қолына мейіз тиісімен ұшып шешесіне келіп:

— Апа, «айдалада сиыр бағып, қаңырығы түтеп¹⁵, жұлығы¹⁶ шығып, үйге келсе, жуынды ішіп, отымен кіріп, күлімен шығып жүрген әлгі қу күң құрлы ақыл, ес болмады сен албастыда» деп, маған кешке шейін ұрсасың. Ол сияқты күнде өрік-мейіз жесем, мен де ақылды болар едім, — депті.

Шешесі жалма-жан қызының қолындағы мейізді алып татып көріп, қызына:

— Күңнің артынан аңдып жүр, қайтер екен, — деп тапсырыпты. Сөйтсе, сиырдың ішінде бір көк сиыр бар екен. Ол өріске барғанда күнге өрік-мейіз құсып беріп жүреді екен. Күң жартысын өзі жеп, жартысын шешесіне әкеліп беріп жүреді екен. Бұл оқиғаны қызына аңдытып жүріп әбден білгеннен кейін бәйбіше Әлболсынның мазасын алыпты. Ақыры қояр да қоймай жүріп, көк сиырды сойғызатын болыпты.

Күң көк сиырды әкелуге жылай-жылай барады. Көк сиыр жылап келген қызды көріп, жерге қарап мөңіреп, көкке қарап есінеп: «Жылама, мен тегінде сен үшін жаралғанмын, мені сойғанда ешкімге сездірмей

¹⁵ Қаңырығы түтеді — шөлдеді, қаталады.

¹⁶ Жұлығы — аяқ киімнің ұлтаны мен басының және жиегінің ұштасқан, жалғасқан жері.

төрт сирағымды, жалбыршақ қарнымды, екі мүйізімді, қарнымды, тілімді ал, ішегімнен бір-екі құлаш ал, сөйт те, барлығын мен күнде мейіз құсып беріп жүрген жерге апарып көм. Үш күннен кейін аш», — депті.

Күң сиырдың сирақтары мен мүйіздерін оңай алса да, ішек-қарнын әрең алыпты. «Түнде ит алып кетті» қылып ұрлапты. Сөйтіпті де, түн ішінде апарып сиырдың айтқан жеріне көміпті. Бір күн өтіпті, екі күн өтіпті, енді қайтер екен деп, бәйбішенің қызы бірінші, екінші күні де аңдып, оның соңынан қалмапты. Бірақ бұл күннің ішінде күң еш нәрсе істемей тек жүргендіктен, бәйбіше қызының көңілі жай тауып, аңдымайтын болыпты.

Үшінші күні күң әлгі жерді ашса, келіскен бір пар етік, бір көйлек, жекей бөрік, жібек орамал тұр екен. Алып киіп көрсе, сондай жарасыпты. Бірақ көк сиыр сойылғанда, тілі басымен бірге қазанға түсіп кеткендіктен, оны ала алмай қалған еді, егер ол да болған болса, келіскен күміс тарақ болып шықпақ екен.

Бұл киімдерді көрген күң бұрынғысынан әрі шаттанып, суға барып әбден шомылыпты, басын жуып, шашын қолымен болса да әдемілеп тарапты. Әлгі киімді сиыр баққанда киіп, үйіне қайтқанда өз орнына тығып қойып кетіп жүріпті.

Күң бұрынғысынан әрі жарқын, жеңіл, епшіл, сүйкімді бола түскендіктен, бәйбіше онан әрі күндестік қылып, өз қызына ұрса бастапты.

Бірақ істі бір рет байқатып алған күң ендігі сырын бәйбіше мен оның қызына сездірмепті. Күндердің бірінде сиырға оқыра тиіп, бір сиыр табыннан бөлініп шыға қашыпты. Соны қайырамын деп күң жүгіріпті. Сиырға жету қиын болыпты, сонда күң етігі ауырлап, оны шешіп, қолына ала жүгірген екен. Сиыр тіпті бой бермегеннен кейін, бір сыңарын лақтырыпты. Сиыр сонда да қайыру бермепті. Күңнің етікке қайырылуға мұршасы келмей, қуа беріпті, ақыры сиырды зорға дегенде тоқтатыпты. Қайда қалғанын болжай алмай кеткендіктен, қайтып келіп етікті әрі іздепті, бері іздепті, таба алмапты, ақыры үмітін үзіпті.

Бір күні бір жігіт сол жерден өтіп бара жатып, әлгі етікті тауып алыпты. Бұл әкесі үш қатын алған бір байдың баласы екен. Үш қатынның пәлесінен үйінде тыныштықтың болмағанынан әбден тойып, ержеткенде көп қатын алып мынадай азапта жүргенше, таңдап тұрып сүйген біреуімді алайын деп жүрген жігіт екен. Әлгі етік оған әбден ұнапты. «Апырай, — депті ол ішінен, — осы етік аяғына дәл келетін қызда мін болар ма екен?»

Сөйтіп ол етікті алып, ел аралапты: «Осы етік кімде-кімнің аяғына дәл келсе, соны аламын», — деп жар салыпты. Байға қолы жетсе, аспанға қолы жеткендей болатын надан ел қандай, Әлболсынның бәйбішесі сияқты талай бәйбіше қыздарын әкеліп етікті кигізіп көріпті. Бірақ біреуінің де аяғына сыймай, талай қыз таяқ жепті шешелерінен. Ал етік аяғына сыйған қыздар тым кішкене қыздар болыпты. Жігіт: «Апырай, осынша елден ешкімнің шықпағаны ма», — деп, қайтып келе жатып,

жолда әлгі сиыр бағып жүрген күнге кездесіпті. Жекей бөрікті сәндеп киген, жібек орамалды мойнына бос салып алған, бір қолында сыңар етігі бар жалаң аяқ қызды көрген жерде жігіт аттан ұшып түсіпті. Қыз да етігін бас салыпты.

— Ағатай-ай, мынау менің етігім ғой, қайдан тауып алдыңыз? — деп сұрапты күң. Жігіт қыздың аты-жөнін сұрап ала салып, үйіне қарай шауыпты. Күң етігімді беріп кетіңіз деп айғай салса қарамапты. Ол үйіне бара салып әкесіне айтып, ертеңіне күңнің үйіне кісі салыпты.

Бәйбіше жер-көкке сыймай қуанып, қызын шомылдырып, шашын тарап даярлатып тұрыпты. Немене, ай-үй дегенше әзірліктерін істеп жіберіп жігіт келіпті. Келсе, әлгі қыз жоқ, ерні қалың, кабағы түксиген бір сары қыз отыр екен. Жігіт ренжіпті. Әлболсынның үйі жігіттің ренжігенін біліп, лажсыздан күңнің қызын көрсетіпті. Бірақ баяғыдағы киімдері жоқ, сөйтсе де сүйек сымбаты ұқсап тұр. Көзі-көзіне бір-екі рет тоқталғанда-ақ жігіт қызды тани қойыпты. Кұралайдың көзіндей жалтырап күлімдеген көзге жігіт ойы сүріне беріпті. Қолындағы сыңар етікті кигізсе, дәл келе кетіпті. Жігіт таңғалып, не істерін білмепті. Ақыры күң оқиганы бастан-аяқ айтып берген соң, жігіт мықты сенімге келеді. Әлболсын қарбанып тойын жасап, қызды ұзатыпты.

Сөйтіп ақылды қызы мен тоқалдың аз да болса қадірі асып қалады. Ал бәйбіше қызын төмпештей береді. Шыдатар болмаған соң, қыз бір күні ұзатылған сіңлісіне келеді. Сіңлісімен біраз мұң айтысқан болып отырып, суға шомылып келуге ұсыныс етеді. Сіңлісі мақұл болады. Екеуі бір кішкене көлге келеді. Бәйбішенің қызы:

— Мынау көл шомылғанға жағдайсыздау екен, жиегіңде тұрып бір-бірімізді қолымыздан ұстап шомылмасақ болмайды, мен үлкенмін ғой, алдымен мен шомылайын, сен мені қолымнан ұстап тұрып көлге үш рет матырып ал, одан соң мен сені сүйтем, — депті. Сонымен сіңлісі әпкесін шомылдырыпты. Енді әпкесі сіңлісін екі рет матырып, үшіншіге келгенде көлдің түбіне қарай итеріп жіберіпті. Сіңлісі бақыра-бақыра көлдің ортасына қарай батып, көрінбей кетіпті. Бәйбішенің қызы жалма-жан суда өлген сіңлісінің киімдерін киіп, о жақ-бұ жағына қарап, сіңлісіне ұқсаған болып, үйіне барып сызылып отырыпты.

Кешінде әлгі жігіт келіпті. Даладан ері келгенде күнде жарастықты мінезбен қарсы алатын әйелі бүгін ондай етпепті. Сөйтсе, бәйбішенің қызы күңнің бұл әдетін байқамаған екен. Жігіт: «Әке-ау, бұл қалай?!» — деп, атын байлап үйге кіріпті. Әйелінің қимылы өрескел, қамшысын бергенде орнына қоймай, басқа жерге қойыпты. Дегенмен көп көңіл бөле қоймай, жігіт орнына барып отырыпты. Күндегідей бабымен даярланған тамақтың да мәнісі жоқ. Әрі-беріден соң жігіт күдіктеніп, әйелінен:

— Өзіңе не болған? — деп сұрапты. Әйелі:

— Еш нәрсе, әншейін, бағана күндіз ұйықтап едім, сонан бойым байсал¹⁷ тартып қалған ғой, — депті. Оның арасында сырттан дабырлаған

¹⁷ Байсал — тыным табу, жайлану.

дауыс шығыпты, қараса, бір-екі адам қонақ келіпті. Сонымен әйелі жайындағы әңгіме қалып, жігіт қонақтарға айналып отыра беріпті. Қонаққа сойыс мал әкеліпті, ет пісіп, қолға су құймақ болыпты. Күтуші жігіт су әкелгенде шелекке бір бақа ілесе келіпті. Бәйбішенің қызы қатты шошып, бақаны далаға лақтырып жіберіпті. Жігіт: «Апыр-ай, албаты бақасақа, қоңыз сияқтылардан орынсыз қорықпаушы еді, бұған бірдеме болған екен, бетін жақсы байқай алмай отырғаным-ай», — деп, іштей ойланып қойыпты.

Ертеңінде далаға шықса, есік алдында бір үлкен бәйтеректің көктеп тұрғанын көріпті. Жігіт бұл кереметті көріп секем алыпты. Әйелінің өзгеріп қалғанын, есік алдына мына бәйтеректің орнап қалғанын — барлығын «тіл-көздің ісі» деп түсініп, молда іздепті. Бәйбішенің қызы осы болып жатқан құбылыстарды сезіп, байқап жүрген екен. Қыз бәйтеректі кесіп тастауға бұйырады. Бір жігіт келіп балтамен шауып қалғанда ұшар басында тұрған бір тал жапырақ ұшып кетеді. Оны ешкім байқамапты. Ағашты кесіп тастапты. Жігіт үйіне молда әкеліп, кітап аштырады.

Әлгі жапырақ ұшқаннан ұшып отырып, бір ауылдың шетіндегі киізі қырық жамау қараша үйдің шаңырағына келіп, үйде көйлегінің жыртығын жамап отырған кемпірдің алдына түседі. Кемпір «жақын арада ағаш жоқ, бұл жарықтық қайдан келді екен» деп ырым қылыпты. Оны көріп, балта саптап отырған шал қолын соза бергенде, жапырақ бу болып бұрқете түседі. Кемпір мен шал талып қалады. Бір кезде естерін жиса, үйлерінде ай мен күндей бір сұлу қыздың отырғанын көреді. Қыз сондайлық сыпайылықпен сызылып: «Апа, инеңізді мен сабақтап берейін», — деп, кемпірдің қасына келеді. Кемпір-шал сұстанып тұрып қалыпты. Ақыры қыз оларды өзіне тартып, бір-біріне үйренісіп, сол үйге бала болып кетеді.

Жігіт молдадан еш нәрсе өнбеген соң, не істерін білмей құса болып, қолына қаршығасын қондырып жүріп кетеді. Бір жерге келгенде бір қоян қашады. Қаршығаны қоя берсе, қоянға қарамай, ұшқан бойынша әлгі жапырақ түскен үйдің шаңырағына барып қонып отырып алады. Әрі шақырса келмейді, бері шақырса келмейді. Ақыры жігіт үйдің қасына келеді. Қаршыға шаңырақтан үйдің ішіне үңіліп отыр екен. Айғай салып шақырса да қарамапты. «Әке-ау, бұл қалай?» — деп, атынан түсіп, үйге кіруге рұқсат сұрайды. Кемпір шығып:

— Кірсең кір, қарағым, жалғыз-ақ буының берік болсын, — дейді. Жігіт «бұнысы несі екен» деп, кіріп келіп, ай мен күндей болып бұралып бір қыздың отырғанын көреді. Қыз орнынан тұрып, төріне алаша төсеп, жігітті қарсы алады. Жігіт қыздың бас-аяғына көзінің қырын салып барып отыра бергенде, қыздың көзіне көзі түсіп кетіп талып қалады. Су бүріккен соң есін жияды. Жігіт қызды танып, ішіндегі бар әңгіме-сырларын баяндайды. Қыз да өзінің басынан кешірген оқиғаларын айтыпты. Бірақ, осы үйде қыз қалпына келгеннен бұрынғы оқиғаларын білмейді екен. Ол тек осы үйде туып, осы үйде өстім деп түсінеді. Ақыры жігіт кемпір мен шалдың қызына құда түсіп, тиісті той-тамашаларын жасап,

қызды алыпты. Баяғы көк сиырдан қалған киімдерін әкеліп кигізгенде, қыз сонда ғана бұрынғылары есіне келеді де, бастан кешкен барлық оқиғаларын түгел айтады.

Ол кездегі елде «Береке түбі — мереке, мереке бұзғанға — бейнет» деген бір жол бар екен. Бұл оқиға сол жол бойынша тектеліп, жексұрын бәйбішенің жазасы беріліпті. Әлболсын мен тоқал бірге өмір кешіріпті. Тоқалдың қызы мен жігіт қосылып, мұрат-мақсаттарына жетіпті.

Адам болған жылан

Баяғы өткен заманда бір байдың Құрман қойшы деген қойшысы болыпты. Құрман сол байдың он сегіз-жиырма жыл қойын бағыпты. Алатын ақысы бір жылға екі тоқтылы қой екен. Егер қой жоғалтса, ақысын бермей, соның есебіне алады екен. Құрман қойшының тапқаны киіміне жарамай, сол байдың қойын бағып жүре беріпті. Құрман қойшы бір күні қойын бағып тұрғанда төрт-бес шақырым жерден жанған от көреді. От жанған қалпында тура қойшыға қарай тартады. Құрман қойшы: «Апырмай, мынау от қалай жүреді? От болса, жан-жағына тарап жанар еді және қара түтін шығар еді. Ал мына от жайылып жанбай, тура тартып келе жатыр», — деп тұрғанда, от Құрман қойшыға жақындап келеді. Анықтап қараса, оттың алдында ұзындығы бір құлаштай ақ жылан қашып келеді екен. От «қайтсем де сені күйдірем» деп келеді екен, ал жылан қашып келеді екен. Жылан қашқан қалпында Құрман қойшының шалбарының балағынан кіреді. Ол жыланды балағынан кіргізеуге үлгіре алмайды. От та кіруге ыңғайланғанда сабап сөндіреді. Жылан жорғалай омырауынан шығып, оттың өшкенін көріп, жерге түседі.

Жерге түскеннен кейін адам тілімен сөйлей бастайды. «Сен мені өлімнен құтқардың, мен сенің жақсылығыңды өмірі ұмытпаймын. Сен мына қойды таста да, менің соңымнан ер, мен саған өзімнің қызымды беремін», — дейді. Қойшы байғұс қуанады, бірақ қойды тастап кете алмаймын дейді. «Сен қойға қам жеме, қойың кешке аман-есен үйлеріне барады», — дейді. Қойшы амалсыздан жыланға ілесіп кете барады. Бір жерге барғанда бір тесікке кіріп, сонан екеуі жер астымен кете барады. Бір жерге келгенде төбедей үйілген көп жыланға кез келеді. Құрман қойшы: «Осынша жыланға жем қылуға алып келе жатыр екен», — деп, зәресі зәр түбіне кетіп, өңі қашып тұра қалады. Жылан оның қорқып тұрып қалғанын біліп: «Жүр, саған олар тимейді», — деді, ол амалсыз ере берді. Жылан үйілген жыланға келгенде қатты ысқырып еді, жыландар екі жаққа айырылып, ортасынан қақ бөлініп жол берді. Екеуі біраз жүргеннен кейін алдарынан үлкен ақ үй көрінеді, біраз жүріп ақ үйге келеді. Жылан: «Осы үй — біздің үй», — деді. Екеуі үйге кірді. Құрман қойшы: «Бұл мені қызымды беремін деп ертіп келіп еді ғой, бұның қызы тұрмақ ештеңесі көрінбейді», — деп ойлап отыра берді. Бір уақытта ас

дайындап алып келді. Жылан үйінде бір ақ, бір қара қалайы сандық бар екен, екеуін төр алдына жинап қойыпты. Ақ қалайы сандықты қойшыға алып берді. «Жер бетіне шыққан соң алты қанат ақ үйдің орнындай жерді дөңгелектеп сызып, соның ортасына осы қалайы сандықты басыңа жастап ұйықта», — деп, жыландардан өткізіп жіберіп, қош айтысып қала береді.

Құрман қойшы жер бетіне шыққаннан кейін бір жерді таңдап алып, алты қанат ақ үйдің орнындай жерді дөңгелектеп сызып, сандықты басына жастай жатып ұйықтайды. Ертеңгісін оянса, аппақ ақ үйдің ішінде жатыр екен, оң жағына қараса, аппақ сұлу қыз ұйықтап жатыр. Қойшы қорқып қалады, қорыққанынан айғайлап жібере жаздайды. «Бұл пәленің қасына қалай, қайдан жаттым», — деп, білдіртпей төсектен түсіп, өзінің жаман шалбары мен тонын іздесе, ондай жаман нәрсе ол үйден табылмайды. Білгі асыл киімнен басқа ештеңесі жоқ. Асыл киімді киіп үйден шықса, мал деген жердің жүзін, күннің көзін алады. Бұл жерде ешқандай мал жоқ болатын. Барып қойшыдан сұраса, «Құрманның қойы» дейді, «қай Құрман?» десе, өзінің әкесін және елін айтады. «Апырмай, бұл жынданған қойшы ғой, менің атымды басқа біреудің атына шатастырып тұр», — деп, сиыршыға барып сұраса, ол да соны айтады, жылқышыға барса, ол да соны айтады. Бұл қайтып үйге келе жатып ойлайды: «Бұл қалай, маған мұнша мал қайдан бітті?» Ойлап келе жатып: «Бұл әлгі жылан берген ақ қалайы сандық екен ғой, ана үйдегі қыз соның берем деген қызы екен, мына мал соның еншісі екен», — дейді. Сонымен ойланып үйіне келеді. Үйіне келсе, әйелі шай қойып жүр екен. «Байеке, қайда барып қайттыңыз?» — дейді. «Е, мына малшылар жер жайын білмейді ғой, соларға жер жағдайын түсіндірдім», — деп шынын айтпайды. Сонымен бірнеше уақыт өмір сүреді. Бір күні: «Бұл үйде кім бар?» — деген дауыс естиді. Әйел далаға шықса, патша киімін киген және уәзір киімін киген бірнеше адам есік алдында тұр екен. Әйелді көріп, патшаның дегбірі қалмай, көзі алақтап, біресе әйелге, біресе жолдастарына қарап, не айтарын білмей қалады. «Бұл кімнің үйі?» — деп сұрайды. Әйел: «Құрман байдың үйі», — дейді. «Күйеуің қайда кетті?» — дейді. «Аң аулай кетті», — дейді әйел. Патша айтады: «Мен осы елдің патшасы боламын, күйеуің ертең біздің ордаға келсін», — деп, кетіп қалады. Кешке Құрман келеді, әйелі болған жағдайды айтады: «Патша ертең ордаға келсін деп кетті», — дейді.

Ертемен ерте тұрып атына мініп, патша ордасына барады. Патша Құрманның келуін тосып отыр екен, Құрманды өте жылы жүзбен қарсы алады, дастарқан жайғызып, ас пен сусын құйғызып тамақтандырады. Тамақтанып болған соң, патша: «Әй, Құрман, екеуміз бұғынбақ ойнаймыз, үш күн мен тығылам, үш күн сен тығыласың. Үш рет мен тапсам, сен маған әйеліңді, малыңды бересің, сонан соң басыңды аламын. Егер мен сені үш рет таппасам, мен саған қырық әйелімді, патшалығымды, мал-мүлкімді берем де, атыма мініп кете берем. Осыған қалай қарайсың? Егер сен ойнамасаң да, әйеліңді тартып алам, — дейді.

Сонымен амалдың жоғынан көніп, үйіне барып, болған жағдайды айтады. Әйелі ойнауына қарсы болмайды. Патша артынан хабаршы жіберіпті. «Ертең мен бұғынамын, мені іздесін», — деп хабар беріпті. Ертеңгісін ерте тұрып, бір атты мініп ханды іздеуге кетеді. Әйелі артынан шығып қараса, атқа мініп ханды іздемекке кетіп барады екен. Әйелі айғай салып ерін шақырып алып: «Қайда барасыз?» — деп сұрайды. «Кеше патша бұғынбақ ойнаймыз деп еді ғой, соны іздеуге бара жатырмын», — дейді. Әйелі: «Сіз олай бармаңыз, сіз қазір жылқыдан таңдатып ең жүйрік ат мініңіз, қолыңа темір құрық алыңыз, сонымен хан ауылына барыңыз. Ауылына жақындағанда төбенің үстінде үлкен қара төбет ит жатыр, сіз жақын барғанда сізге үріп жүгіреді, сіз оны жақындатпай қашыңыз, сонан сіз беталды қаша беріңіз. Бір уақытта сізді қуып жетеді. Сол уақытта қайта бұрылып, итті сіз қуыңыз, сол итті өлтіріп, патшаны сонан соң іздеңіз», — дейді.

Хабаршы жіберіп, жылқышылардан «ең жүйрік ат ұстап бер» деп сұрайды. Жылқышылар жүйрік ат әкеп береді. Қолына темір құрық алып, патшаның сарайына қарай кете береді. Патшаның ауылына жақындағанда, айтқандай, төбенің үстінде үлкен қара ит жатыр екен. Құрман жақындап келгенде арпылдай үріп, тұра ұмтылады. Құрман жалт беріп беталды қаша жөнеледі, ит те қуады. Қаша-қаша талай жерге барғанда, ит қуып жете бергенде, атын кілт бұрып, итті қайта қуады. Ит қашады, ол қуады. Әрі-бері қуғаннан соң ит шаршайды. Итті қуып жетіп, құрықпен соғып, іннен-інге тығып өлтіре сабайды. Ит өлетін болып, бір қуысқа тығылады. Атынан түсіп итті құрықпен түрткілеп өлтіруге жақындайды. Өлуге таянғанда: «Ей, өлетін болдым, енді қой», — деп, адам қалпына кіреді. Қараса, әлгі бұғынам деген патша екен. «Ертең тағы тығыламын, келіп тауып ал», — деп, үйіне кетеді.

Ертеңіне ертемен тұрып кешегі атына мініп, құрығын қолына алып, патшаны іздеймін деп кетіп бара жатқанда, әйелі шақырып алып: «Қайда барасың?» — деп сұрайды. «Патшаға барам, кешегі итті қуам, әйтпесе бір жерде жүрген шығар», — дейді. «Жоқ, сен олай етпе, құрығыңды таста да, үйіне бар, «патша қайда» деп әйелдерінен сұра, әйелдері «білмейміз» дер. Сен үйінен шығып, тауға қарай біраз жүрсең, алдыңнан үлкен кержол шығады, сонымен батысқа қарай жүре берсең, сол үлкен кержолдан тауға қарай жалғызаяқ жол шығады, сол жолмен біраз жүрсең, сайға түсесің, сайдың арғы қабағында бір түп тобылғы тұр, сол тобылғының ішінде қамшы сапқа жарайтын үш тобылғы бар, екеуі сары, бірақ түзу, ал қалған біреуі қисық, бірақ өте қызыл. «Мына қисық тобылғы қамшыға шыдамды, берік сап болушы еді және өзі қызыл екен», — деп, сол қисық тобылғыны кесіп ал, сонан соң патшаны іздесең, тауып аласың», — дейді.

Қолындағы құрығын тастап, патшаның ауылына келеді. Келіп, патшаның қатындарынан: «Патша қайда кетті?» — деп сұрайды. Қатындары: «Білмейміз», — деп жауап береді. Ауылынан шыққан үлкен кержолға

түсіп жүре береді. Біраз жүргеннен кейін алдынан тауға қарай жалғыз-аяқ жол шығады. Сол жолға түсіп алып тауға қарай жүреді. Бір сайға түскенде арғы бетінде бір түп тобылғыны көреді. Барлық тобылғыдан биік үш тобылғы көрінеді. «Осы тобылғыда қамшы сапқа жарайтын тобылғы бар ма екен, көрейінші», — деп, атынан түседі. Әлгі сапқа жарайтын үш тобылғыны көріп: «Осылардың бәрін (үшеуін де) алуға болмайды, мұның қайсысын алайын?» — деп біраз ойланған болады да: «Осы қисығы қамшыға мықты болушы еді ғой», — деп, бәкісін алып, қисық тобылғыны кесе бергенде: «Ей, Құдай атқыр, бұл мен едім», — деп, патша шыға келіпті. Сонда Құрман: «Ой, тақсыр, мұнда неғып жүр едің?» — депті.

Патша қабағы салыңқы күйде ауылына қайтады. Ауылына жақындағанда, Құрман өз ауылына кететін болады. Сонда патша: «Әй, Құрман, сен мені екі рет таптың, ертең тағы бұғынам, келіп мені ізде», — деп, үйіне жүре беріпті. Құрман үйіне келіп, ертеңгісін атына мініп кетіп барады екен, әйелі көріп: «Құрман, атыңның басын бұра кет, қайда барасың?» — депті. Құрман патшаны іздейтінін айтады. Әйелі: «Сен патшаның үйіне барған соң, әйелдерінен «патша қайда?» деп сұра, әйелдері «білмейміз» дейді. Сен қора-қопсысын, жер асты-жер үстіндегі қазынасын тегіс көр, сонда бірталай қызық көресің. Сонан соң үйін қара, патша жататын төсектің бас жағында үш ақ семсер (қылыш), аяқ жағында үш семсер жатыр. «Ойпырмай, мынау не деген семсер, мұның қайсысы өткір болды екен», — деп, бәрін бір-бір ұстап көр де, бас жағында жатқан үш семсердің ортасындағысын алып далаға шығып, үйінің алдында үлкен тас бар, сол тасқа қылыштың өткірлігін білу үшін шауып жібер, сонан соң ханды тез табасың», — дейді.

Құрман патшаның үйіне барып, кілет¹⁸ қорасын қарап, онан жер үстіндегі қазынасын, онан кейін жер астындағы қазынасын көріп, түс қайтқанша серуеңдеп, түс қайта патшаның үйіне келіп, қатындарынан сұрайды. Қатындары «білмейміз» дейді. «Осы хан таптырмайтын жаққа шықты», — деп, төсегін ақтара бастайды. Айтқандай, төсегінің аяғында үш, басында үш ақ семсер жатыр екен. Солардың әрқайсысын бір ұстап көріп: «Ойпырмай, мынаның қайсысы асыл болды екен, шамасы наркескен¹⁹ деген семсерлер осы болғаны ғой», — деп, бас жағындағы үш семсердің ортасындағыны алып, далаға шыға үлкен бір тасқа енді шабайын дегенде: «Ағатай-ай, мен едім ғой», — деп, патша шыға келіпті. «Ал енді сен мені үш рет таптың, ертеңнен бастап сен тығыл, мен сені іздеп табамын», — деп, Құрманды үйіне қайтарады.

Құрман ертең ерте тұрып, ауыл қасында үлкен жар бар еді, соған қарай безіп бара жатқанда, әйелі шақырып алады да: «Қайда барасың?» — деп сұрайды. «Әлгі патша келмек еді, ол маған сен бүгін тығыл, мен іздеймін деген, сол енді ана жарлардың бір жерінен орын дайындап қойып едім, соған тығылайын деп барамын», — дейді.

¹⁸ Кілет — азық-түлік тағы басқа да заттар сақтайтын бөлме.

¹⁹ Наркескен — болаттан жасалған екі жүзді алмас қылыш.

Әйелі: «Хан кеше кісі жіберген, ертең тығылмай-ақ қойсын, іздемеймін депті. Үйде отыра бер», — деп, үйіне отырғызып қойыпты. Әйелі шай қайнатып әкеліп, екеуі шай ішіп отырғанда патшаның ауыл жағына қараса, патша келе жатыр екен дейді. Құрман ішіп отырған шайын тастай салып, кебеженің ішіне кіріп кетіпті. «Әй, саған не болып қалды?» десе, «Ойбай, патша келіп қалды!» — дейді. «Ендеше, кебежені салдыратпай бері кел, мына жерге тығыл», — депті. Көзі жәутендей қай жерге тығыламын деп, әйелінің қасына келіпті. Әйелі аузы күбірлеп «тіпу» деп еді, ұршық болып кетті, Әйелі шәйді жинап, ұршық иіріп отыра беріпті.

Патша келіп: «Құрман қайда кетті?» — деп, әйелінен сұрайды, әйелі: «Білмеймін, тақсыр», — дейді. Патша үйін түгел қарайды, бірақ үйінен таппайды. Ауыл төңірегін қарайды, еш жерден таппай, үйін қайта қарайды. Бірақ таппайды, хан қайтар болып атына мініп тұрып, «таппадым» деп айғай салады, әйелі ұршықты шанши салып еді, «мұндамын» деп, Құрман үйден шыға келді. «Ертең тағы тығыл», — деп, хан ауылына кетеді.

Хан келе жатып: «Бұл қайда тығылды, осының өзі алаңғасарлау екен, бұл Құрманда ешқандай қасиет жоқ, осы кептің бәрі әйелден-ау», — деп ойлайды. «Бұл үйінен басқа жерге тығылмайды, ертең таң ата адам жіберіп бақтырайын, егер үйінен ешқайда шықпаса, бұны ертең қайтсем де табам», — деген қорытындыға келеді. Үйіне келе өзі епті бір қуды шақырып алып: «Саған мен жұмыс тапсырамын, соны орындасаң, ат басындай алтын беремін, бірақ мұны өзің және менен басқа ешкім білмейтін болсын», — дейді. «Құп, тақсыр, не бұйырсаңыз да орындауға мен дайын!» — деп, екі көзі алтыңды естіген соң жасаурап, патшаның алдына жүгініп отыра кетеді. Сонда патша: «Сен көрінбей Құрманның ауылына барып, Құрман қайда барар екен, соны бақ, бірақ көрініп қалып жүрме. Ертең ерте мен ауылдан шыққанда қайда екенін маған айтып, өзің көрінбей ауылға қайтатын бол», — деп тапсырады.

Ертең ерте тұрып патша Құрманды іздеуге келе жатқанда алдынан өзінің тыңшысын кездестіреді. Тыңшысы: «Құрман үйінен ешқайда шыққан жоқ, қазір де үйінде жүр, тақсыр», — дейді. Патша: «Жарайды, бара бер», — дейді де, Құрманның үйіне кете береді. Құрман әйелі екеуі шай ішіп отырғанда патшаның келе жатқанын Құрман көре салып, күндегідей қайда болса сонда тығылмай, әйелінің кереметі барын біліп: «Патша мені тауып алуға келе жатқанын қара!» — деп өзінің абыржып отырғанын сездірмей күледі. Әйелі патшаны көріп, дастарқанын тез жинап «тіпу» дейді. Сонда Құрман ине болып кетеді. Инені қамзолының жағасына түйрей салып, ұршығын қолына алып, жіп иіріп отыра береді. Патша келіп: «Құрман қайда?» — деп сұрайды. «Білмеймін, кеше кешке таман кеткен, сонан әлі оралған жоқ», — дейді. Патша ертеңгісін үйінде жүргенін біледі. Үйді қарай бастайды, бірақ үйден күдікті ештеңе табылмай әбден сандалады. Кешке дейін ананы бір ұстап, мынаны бір ұстап таппай, таппасына көзі жеткен соң: «Құрман, мен таппадым!» — деп

айғай салады. Сонда әйелі инені жерге қадай салғанда, «мен мұндамын» деп үйінен шыға келеді. Патша: «Ертең тағы бұғын, таппасам, патшалығымды берем», — дейді де, кете барады.

Құрман ертемен тұрып шаруасын істеп, ертеңгі асын ішіп отырғанда, үй артына білдіртпей келіп түсіп жатқан патшаны әйелі сезіп қалып, «тіпу» деп жібергенде Құрман қайрақ болып кетеді. Қайрақты әйелі күлдің ішіне тастай салады. Сол кезде патша жетіп келеді. Келсе, қазір екеуі сөйлесіп отырғанын естіген болатын, қайқайып әйелі жалғыз отыр екен. «Құрман қайда?» — деп сұрайды, әйелі: «Көргенім жоқ», — деп жауап береді. Патша үйдің ішін ары-бері қарап, «таппадым», — деп айғай салады. «Мен мұндамын», — деп, күлдің арасынан шыға келеді. Сонымен хан жеңіліп, патшалығын бермек болады. «Ертең кел түске таман, мен елімді жинап отырамын. Ел алдында патшалығыңды өткізіп ал», — деп, атына мініп кетіп қалады.

Құрман ертемен тұрып, атын алдырып мініп, патшаның ауылына жүрмек болады. Сонда әйелі: «Сіз барып хандығыңды, қазынаңды өткізіп алғаннан кейін бір түнеп, қайтып келіңіз», — дейді. «Жарайды», — деп, Құрман жүріп кетеді.

Құрман патшаның ауылына келсе, патша елді жинап, Құрманға қарап отыр екен. Құрманды аттан көтеріп алып, астына кілем төсеп төрге отырғызып, патша жиналысын ашады. Жиналысында Құрман екеуінің бұғынбақ ойнағанын, пенделік жасап Құрманның әйеліне қызыққанын айтады. «Енді маған обал жоқ, тұрмайтын нәрсеге әуреленіп», — деп, өзінің кем ақылдығын ел алдында жасырмай айтып, Құрманға былай дейді: «Ел бастаған адам дүниеге қызықпауы керек, міне, мен сияқты қызығам десең, менің қалпыма түсесің. Ал, ел-жұрт, мен патшалығымды мына Құрманға бердім, енді осы кісі сіздердің патшаларыңыз болады, қош, сау болыңдар», — деп, тағынан түсіп, Құрманға тәж кигізіп, таққа отырғызады. Патшаның қазынасын, малын, қырық қатынын бәрін алып, орда кісілеріне ескі дәстүрмен жаңа киім беріп, кешке бір әйелдің үйіне түнеп, ертеңіне қайтайын десе, «Анадан мені жек көресің бе?» — деп, қалған әйелдері жібермейді. Қырық қатынның үйіне қырық түнеп, қырық күннен кейін өз әйеліне келеді. Келсе, әйелі бұртиып ашуланып отыр екен. «Саған мен бір түнеп қайтып кел дегенім қайда, сен қырық түнедің. «Уәде — Құдай үйі» деген ата-бабамыз, сен уәдеде неге тұрмайсың?» — деп Құрманмен ұрсыса кетті. Құрман: «Сен неге қақшаңдайсың, мен патшамын, бұрынғы Құрман екен деме!» — деп қожандайды. «Сен немене, менің тілімді алуға тиістісің, сенің қолыңды патшалыққа жеткізген мен», — дейді әйелі. Құрман: «Сен емес, мені патша еткен Алла Тағала, олай деп былжырама», — дейді. Сонымен екеуі ұрсысып төсекке жатады. Төсекке жатқанда әйелі ашуланып жатады. Сонда Құрман: «Әй, әрі таман жатшы, жылан иісің шығып кетті», — дейді. Әйелі: «Рас айтасың ба?» — дейді. «Рас айтпағанда», — деп, Құрман теріс қарап жатады. Әйелі: «Сонда жылан иісің шықты деп сен мені тастайсың ба?» — дейді. «Тастаймын,

қайтесің!» — дейді. «Рас айтасың ба?» — дейді. «Рас айтамын», — дейді Құрман. «Онда қайталай үш рет айтшы», — дейді әйелі. «Рас, рас, рас!» — деп айғай салады Құрман. Әйел төр алдына төсек салып жата береді.

Құрман ертеңгісін ұйқысынан оянып көзін ашып қараса, айдалада үй де жоқ, бұрынғы киіп жүрген асыл киім де, сықырлаған етік те жоқ, өзінің бұрынғы қойшы күйінде киіп жүрген жаман тоны мен жаман шалбары, одан басқа ештеңе қалмапты. «Енді не істеймін», — деп, аң-таң болып тұрып артына қараса, арт жағында баяғы өзі бағып жүрген бір қора қой мен астына мініп жүрген қызыл өгізі тұр. Өгізіне мініп, қойын өргізіп: «Мен патша болдым, қырық әйелім бар, бұл қойды сонда айдап барайын», — деп, қойды айдап, ханның ордасының жанына апарып иіріп тастап, құрттаған бір қойды өңгеріп, патшаның ордасына барып: «Ей, қатындарым, мына қойды түсіріп алыңдар!» — деп, өгіздің үстінде тұрып айғай салады. Қатындары даусын танып үйден жүгіре шықса, бір қойшы қой өңгеріп келіп тұр. Құрман аңырып қарап қалған қатындарына ақырып: «Ал, мына қойды, неғып мелшиіп тұрсыңдар!» — деп балағаттайды. Қатындар қойшының балағаттағанына шыдай алмай, қырық қатын қырық сойыл алып, Құрманды сойылдың астына алып береді. Құрман қашады, өгіз жаяудан оза алмайды. Есі танып, өгізден өкіре құлап жер қабады. Қатындар: «Сендей қойшыға сол керек, біздің байымыздың даусын салып, бізді алдамақшы» — деп, алдындағы күлге көміп кетіп қалады. Бір уақыттар болғанда Құрман есін жиса, күлдің ішінде жатыр, күлмен көміп, аяқ жағына бір жалпақ тас бастырып кетіп қалыпты. Тасты аударып тастап, көрден шыққандай үсті-басы жұлма-жұлма болып түрегеліп, жан-жағына қарайды. Сол жерде қанша жатқанын да білмейді, қазір таң атып келе ме, күн батып келе ме, әйтеуір, ала көлеңке уақыт. Біраз тұрып, басы айналып қайта құлап қалады.

Қозғалмай сол орнында біраз жатып, аздап есін жиып болған соң жағдайдың бәрін көз алдына елестетіп, Құрман ойланады. «Қой, бүйтіп өлуге болмас, қайтадан жыланға барайын, болған кемшілікті айтып жалынайын, оны ажалдан алып қалып едім, менің істеген бір кемшілігімді неге бір жолға кешірмес екен», — деген ойға келіп, орнынан тұрып, үсті-басын қағып, қасында ағып жатқан бұлаққа барып жуынып, ауылдан аулақ барып бір жерге жатып, таңның атуын күтеді. Бір уақытта күткен таң да атады. Таң атқан соң баяғы өзі көрген жыланның ауылына тартады. Соған келіп, өзін жылан ертіп келген шұңқырдан түсіп, жер астындағы үңгірмен жүре береді.

Баяғы үйіліп жатқан жыланға келеді. Жыландардың үстін басып жүруге болмайды, айналып өтейін деп, айналып жолдан шығып бара жатқанда жыландар өзінен-өзі қақ айырылып ортасынан жол ашады. Қайта жолға түсіп, жүріп кетеді. Өзі көрген үлкен ақ үйге жақындап келгенде ішінде күбірлеп сөйлескен адам даусын естиді. «Бұл не болды екен?» — деп, үй сыртында тыңдап тұрса, қызбен сөйлесіп отырған әлгі жылан екен. Қызға шешесі: «Неге қайтып келдің?» — деп отыр екен. Қыз

жылап, болған уақиғаның бәрін айтады. «Сонан үйдің бәрін көшіріп осы жер астына кіретін есіктің алдында «әлі де артымнан келер» деп бір күн отырдым. Бірақ ол келмеді. Сонан соң келдім. Енді ол келсе, сіз маған қайта бар деп қинамаңыз. Мен енді оған қайта бармаймын, ол мені «алмаймын» деп үш қайыра айтты. Мен оған сонша жақсылық жасадым, қойшы басын патшалыққа көтердім, ол сонда да жақсылықты білмейді», — деп, қыз солқылдап жылап жіберді. Қыз жылағанда шешесі ашуланып: «Егер оны енді көрсем, шағып өлтіремін!» — деп қаһарланды. Ол бәрін естіп тұрып, жаңа келе жатқан адамша тарсылдатып үйіне жақындады. Сонда қыздың шешесі «осы келе жатқан күйеу ғой» деп, адам бейнесінен жылан бейнесіне енді. «Ассалаумағалайкум», — деп кіріп барғаныңда, шешесі қаһарланып орнынан ысқыра тұра келді. Ол екі қолын қусырып, бар-жоқты айтып жалынып, болған кемшілікті кешіруін сұрады. Жылан райынан қайтып, адам қалпына түсті, келбетті келген кемпір екен. Ол кемпір болса да, оған берген қызынан он есе сұлу екен. Сонда кемпір: «Қызымды неге қуып жібердің?» — деді. Құрман болған жағдайдың бәрін айтты. Екеуінің сөзін ой таразысына тартқандай біраз үндемей отырып, әлден кейін: «Жарайды, әлде де тексерем», — деп, ас әзірлеуге тысқа шығып кетті. Даладан бір қайнап тұрған самауыр әкелді, екеуі отырып шай ішті. Шай ішіп отырғанда ол сөз бастады. «Ене, анадағы сізді қуған от не, сол маған жұмбақ, маған соның сырын айтыңызшы», — деді. Сонда кемпір ауыр бір күрсініп, былай деді: «Ол мені жастайымнан оқытқан молда еді, өзі аса сиқыр адам еді, мені оқытып, өзінің молдалық дәрежесіне жеткізіп, бірақ маған сиқыр оқуын оқытпады. Сиқыр кітабы бар еді, сол кітапты өзінен тастамайтын. Ол әрбір айда бір жеті ұйықтайтын еді. Мен сол ұйықтағанда сиқыр кітабын алып, оқи беретін болдым. Айына жеті күн сабақ оқимын, ол оянар алдында кітабын орнына қоямын. Сонан қойшы, сиқыр кітапты түгел оқып бітуге жақындадым, бірақ жылан болу және қайта адам болу өнерін ғана тез үйрендім, басқасын тез үйрене алмадым. Менің оқуым бітуге жақындағанда молда: «Оқуың бітуге жақындады, енді сен үйіңе қайтасың», — деді. Мен оқуды бітіргеннен кейін үйіме қайтпадым, сондағы ойым — әлгі сиқыр кітаптың бәрін жатқа біліп алу. Оқуың бітті, үйіңе апарамын десе, әзір осы жерде тұрам деп көнбедім. Сөйтсем мен білмеймін, мен қайтпаймын дегенге әлгі құзғын «менде кеуілі бар екен» деп ойлапты. Бір күні маған әйел бол дегендей сөз айтты. Мен ашуланып, сиқырмен оны тышқан етіп жібердім. Ол «Қап!» деп қапы қалды. Ол менің неге қайтпай жүргенімді сонда бір-ақ білді де, бармағын тістеп қала берді.

Мен кітапты алып еліме қайттым. Өзімнің сүйген кісіме қосылдым. Сонан екі-үш бала тудым, біз қартайдық. Кейін әлгі кітапты ақ матаға орап, теңге салып қойдым. Сөйтсем, әлгі құзғын молда соны бағып жүріпті де, теңге тесіп кіріп, адам болдыратын қағазын жеп, адам қалпына түсіпті. Түн ортасы болғанда үстіме біреу ыстық суды шашып жіберді. Көзімді ашып алсам, әлгі молда шалыма пышақ салып өлтіріп, енді мені

іздеп жүр екен. Мен дереу жылан бола кеттім. Сөйткенде әлгі от болып маған лап етті, мен атылып қаштым. Ол мені құды, сонан саған тап болдым. Сен оны өлтіріп, мені жауымнан құтқардың. Ажалдан құтылған соң мен саған қызымды бердім. Ақыры сен де қызымды тастадың. Бүгін келмей қалғаныңда мен сені шағып өлтіремін деп отыр едім. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген, сондықтан сен маған қайта күйеу бала бола аласың», — дейді.

Ас ішіп болған соң бір қалайы қоңыр сандық алып қолыма ұстатты да: «Жер үстіне шыққан соң төрт қанат ақ отаудың орнындай жерді дөңгелетіп сызып алып, мынаны басыңа жастанып жатып ұйықта», — дейді.

Кемпірмен қош айтысып кетіп қалады. Жер бетіне шыққан соң, төрт қанат ақ отаудың орнындай жер сызып алып ұйықтайды. Ертеңгісін тұрса, төрт қанат ақ отаудың ішінде жатыр, қасында бір қыз жатыр, анадағы қыздай сұлу емес екен. Далаға шықса, малы да шамалы, алғашқыдай көп емес екен, үйге келіп киінейін деп қараса, әлгі оның патшалық киімін ала келген екен, патшалық киімін киіп барып өзінің тағына отырады. Сонан әйелін ордаға көшіріп алып, бірнеше жыл патшалық өмір сүрген екен. Тату-тәтті тұрып, дүниеден олар да кеткен екен дейді.

Майлықарашаның ертегісі

Ертеде бір бай болыпты. Ол байдың үш баласы бар екен. Үлкенінің аты — Жандос, ортаншысының аты Табанақ екен. Ең кішісінің аты Майлықараша екен. Майлықараша үш жасар екен.

Бір күні екі ағасы мал табамыз деп жолға шықты. Майлықараша: «Әй, ағалар, мен бірге барамын», — деді. Ағалары: «Жарайды, жүрсең жүр», — деді. Үшеуі ата-шешесіменен амандасып кетті. Келе жатып бір үлкен тасқа келді. Сол тастың түбінде қонды. Үшеуі жатты. Майлықараша: «Әй, ағаларым, орталарыңа жатқыз, мен қорқамын», — деді. Екі ағасы жатқызады. Майлықараша үш күн, үш түн ұйықтайды екен. Екі ағасы қастық қылып бір үйдей тасқа байлап кетті. Ұйқысы қанды, Майлықараша оянды. Екі ағасының қастық қылып байлап кеткенін білді. Біліп, тасты көтеріп, екі ағасына алып келді. Екі ағасы: «Мұны не қыласың?» — деді. Майлықараша: «Шешемнің ұршығының басы жоқ еді, соған бас қыламын», — деді. Екі ағасы жіпті шешіп тастады. Тағы да келе жатып бір терек түбіне келді. Үшеуі сол жерге қонды. Майлықараша: «Әй, ағаларым, қорқамын, орталарыңа жатқыз», — деді. Екі ағасы жатқызды. Тағы да сол терекке байлап кетті. Үш күннен соң ұйқысы қанып оянды. Теректі тағы да көтеріп екі ағасына алып келді. Екі ағасы: «Мұны не қыласың?» — деді. Майлықараша: «Шешемнің ұршығының сабы жоқ еді, соған сап қыламын», — деді. Екі ағасы жіпті шешіп тастады. Майлықараша құлан мен бұланды атып алып, екі ағасына таудай қылып үйіп беріп, мал табам деп кетті. Күн батыс жақта үш алып бар екен. Сол батырларды іздеп

кетті. Бір уақытта жетіп, үлкенінің үйіне келді. Бір сұлу қатын отыр екен, ол қатын: «Әй, бишара, байымның келетұғын уақыты болды. Кішкене қымыз ішіп шыға ғой», — деді. Майлықараша: «Қымызыңды сабасыменен ішіп қоймасам, Майлықараша атым құрысын! Байыңның жолы қайсы?» — деді. Қатын байының жолын көрсетті. Майлықараша жолына келіп жатты. Алып келе жатыр екен. Майлықараша: «Атыспақ керек пе, алыспақ керек пе?» — деді. Сонда алып айтты: «Атыспақ атаң басы деген, алыспақ керек», — деді. Екеуі алыса кетіп еді, Майлықараша алып ұрып, басын кесті.

Ортаншысының үйіне келді. Алыптың қатынына: «Байың қайда?» — деді. Қатын: «Аңға кетті», — деді. Майлықараша барып жолында жатты. Келе жатқанында түрегеліп: «Атыспақ керек пе, алыспақ керек пе?» — деді. «Атыспақ атаң басы деген, алыспақ керек», — деді. Екеуі алысып еді, Майлықараша алып ұрып басын кесті.

Енді ең кішісінің үйіне келді. Бір айдай сұлу келіншек отыр екен. «Байың қайда?» — деді. Келіншек: «Аңға кетті», — деді. Майлықараша: «Байыңның жолы қайсысы?» — деді. Қатын көрсетті. Майлықараша келіп жолында жатты. Алып келе жатқанда ұшып түрегеліп: «Атыспақ керек пе, алыспақ керек пе?» — деді. «Атыспақ атаң басы деген, алыспақ керек», — деді. Екеуі үш күн, үш түн алысты, ақыры Майлықараша алып ұрып, басын кесті. Үшеуінің үйін көшіріп алып келді. Үлкенінің үйін үлкен ағасына, ортаншысының үйін ортаншы ағасына берді. Кішісінің үйін өзі алды.

Сөйтіп үш ауыл болып отырды. Бір заманда екі ағасы бұл кіші інісін күндеп, «өлтірейік» дейді. «Өзі сұлу қатын алды, — деп екеуі ақылдасып, — мұны қалай өлтіреміз?» — дейді. Бір уақытта: «Өзінің қанжарын ұрлап алып, есікке көлденең байлап қояйық», — деді. Қанжарын ұрлап алып, есікке байлап қойды. Жылқыны дүркіретіп айдап: «Майлықараша, Майлықараша, жылқыны ұры алды!» — деп айғай салды. Майлықараша жүгіріп шықты. Аяғын қанжары кесіп түсті. Таң атқанда екі ағасы көшіп кеткелі жатыр екен. Майлықараша жұртында қалды. Қатынын, ат-айғырын алып кетті. Қатыны оған қанжарын, шақпағын тауып беріп, жылай-жылай кетті.

Бір заманда бір мұрны жоқ келді. Майлықараша: «Неғып жүрген адамсың?» — деді. Мұрны жоқ: «Екі ағам бар еді. Өзім жер дүниедегіні иіскеп білуші едім. Екі ағам күндеп, мұрнымды шауып тастады», — деді. Екеуі жолдас болды.

Бір уақытта бір көзі жоқ келді. Оған: «Сенің көзің қайда?» — деді. Көзі жоқ: «Екі ағам бар еді, өзім қырағы едім. Күндеп, көзімді ойып тастады», — деді. Үшеуі жолдас болды.

Тағы бір уақытта бір қолы жоқ келді. Майлықараша: «Қолың қайда?» — деді. Қолы жоқ кісі: «Екі ағам бар еді, өзім елде жоқ шебер едім. Екеуі күндеп, қолымды шауып тастады», — деді. Төртеуі жолдас болды. Аяқ-қолдары тәуір болып жазылайын деді. Майлықараша мұрыны

жоққа: «Иіскеші, — деді, — не бар екен?» Мұрны жоқ иіскеп: «Анау жақта бір хан бар, сол ханның күйеуі келіп, қызын ұзатқалы той қылып жатыр», — деді. Майлықараша құбылады екен, бір күміс ер-тоқымды қара жорға ат болып кетті. Ханның күйеуі, қызы сейілге шығып жүр екен. Майлықараша күйеуінің алдынан өте берді. Күйеу мен бозбалалар жиылып құды, ұстатпады. Енді қыздарының алдынан өте берді. Қыздар құды. Ханның қызы алдынан шығып еді, Майлықараша тұра қалды. Қара жорғаны мініп алды. Майлықараша алдын ашық, артын тұман қылып, қашып кетті. Жолдастарына алып келді. Қызды қатын қылып алмады. Қарындас қылып алды.

Күндердің күні болғанда, Майлықарашалар аңға шыққалы жатқанда, қыз Майлықарашаға: «Маған бір мысық тауып бер», — деді. Майлықараша бір мысық тауып берді. Қызға: «Анау тауға шықпа», — деді де, аңға кетті.

Күндердің күні болғанда қыз бір мейіз тауып алып мысығына: «Мысығым, келе ғой, бір мейіз тауып едім, жей ғой», — деді. Мысық: «Тұра тұр, барамын», — деді де, ойнап кетті. Қыз мысық келмеген соң, мейізді өзі жеп қойды. Бір уақытта мысық: «Мейіз қайда?» — деді. Қыз енді: «Ойбұй, жеп қойып едім!» — деді. Мысық ашуланып, құйрығымен отын сөндіріп, қашып кетті. Қыз Майлықарашаларға ас қылып қоюға от таба алмады. Манағы шықпа деген тауға келіп қараса, бір жаман қараша үй тұр екен. Қараша үйге жүгіріп келді. Бір кемпір отыр екен. Жаман кемпір: «Шырағым, басымды қарап берші?» — деді. Қыз кемпірдің басын қарап отырды. Кемпір тізесінен қанын сорып отырды. Өзі жалмауыз кемпір екен. Қыз от алып келді. Бір уақытта Майлықараша келді. Қыздың бетінде қан жоқ, құп-қу боп отыр екен. Білді. Мұрны жоқты тастап, аңға кетті.

Мұрны жоқ есіктің алдынан бір ор қазып алып, тығылып жатты. Аяғын аңдап басып кемпір келді: «Майлықараша үйде ме, сайман-садақ қолда ма?» — деді. Қыз оған: «Майлықараша үйде жоқ, сайман-садақ қолда жоқ», — деді. Кемпір келіп басын қаратып, қанын сорып-сорып кетті. Шыға берейін дегенде мұрны жоқ ұстай алды. Мұрынға қойып қалып еді, мұрны ауырып айырылып қалды. Кемпір қашып кетті. Кешке Майлықарашалар келді. Енді Майлықараша өзі қалды. Таң атты. Аналар аңға кетті. Кемпір келіп, басын қаратып, қанын сорып, шығайын дей бергенде, Майлықараша ұстап алды. Кешке басқалар келді. Кемпір: «Мені өлтірмеңдер, мен қолы жоғыңа қол, мұрны жоғыңа мұрын, көзі жоғыңа көз бітіремін», — деді. Майлықараша: «Жарайды», — деді. Майлықараша қызға айтты: «Мыналардың бәрін жұтып, таста дегенде тастар. Мені жұтып, таста дегенде, тастамас. Сонда менің қанжарымды алып басын кесіп, бір де башпайын қоймай шаққайсың!» — деді. Аналардың бәрін жұтып, таста деп айтты, тастады. Қолы жоққа қол, мұрны жоққа мұрын, көзі жоққа көз бітіп шықты. Енді Майлықарашаны жұтқанда таста деп еді, тастамады. Қыз басын кесіп, бір бақайын қоймай

шақты. Майлықарашаны таба алмады. Бір бармағы «көкек» деп ұшып-қонып, ұшып-қонып жүр екен. Қыз ұстап алып шақса, Майлықараша ішінде отыр екен. Майлықарашаның аяғы жазылды. Майлықараша: «Енді, Құдайға шүкір, аяғымыз жазылды. Елімізді табайық», — деді. «Қызды қайтеміз?» — деді. Майлықараша: «Әрқайсымыз өз жолымызға жүрейік. Қыз қайсымыздың артымыздан жүрсе, сол апарып салғай», — деді. Әрқайсысы өз жөніне жүрді. Қыз Майлықарашаның артынан жүрді. Майлықараша үйінің жанына алып барып тастады да, өз жолына кетті. Келе жатып, екі ағасына келді. Екі ағасы мұны танымады. Майлықараша екі ағасына жөнін айтып еді, екеуі маңайына жуытқысы келмеді. Майлықараша екеуінің де басын алды. Сөйтіп екі ағасының қатынын өзі алып, малын малданып, жанын жаңданып, бай болып отырды, барша мұрат басына қонды.

Күн астындағы Күнікей қыз

Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің перзент дегенде жалғыз баласы болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болыпты. Бала ешкілерін бағып жүреді. Бір күндерде ешкілерін далада жайып жүріп, бір топ киікті көреді, оның ішінде бір алтын мүйізді киік жүреді. Бала бұл киіктерді күнде көріп жүріп, бір күндері шешесіне келіп:

— Далада бір топ киік көрдім, ішінде алтын мүйізді бір шұбар киік бар. Осы шұбар киікті ұстап алып, ханға тарту қылсам, хан маған сыйлық берер ме еді? — дейді.

Шешесі:

— Ұстай алсаң, алып бар, хан сыйлық берер, — дейді. Бір күндері бала далада ешкілерін жайып жүріп, алтын мүйізді шұбар киікті тағы да көреді. Сол арада бала әлгі шұбар киікті ұстап алады. Ханға алып жүреді. Ханға апара жатқанда, ханның үйінің жанында уәзір көреді де:

— Мұныңды ханға апармай-ақ қой, маған сыйлап кет, — дейді. Бала:

— Жоқ, саған әкеле жатқаным жоқ, ханның өзіне апарам, — деп уәзірге бермейді.

Бала алтын мүйізді шұбар киікті ханға тарту қылады. Хан уәзірін шақырып алып:

— Бұл баланың тартуына сыйлық беруге бола ма? — дейді. Сонда уәзір:

— Жоқ, бұған сыйлық беруге болмайды. Бұл киіктің астына қоятын бір тақ болады, оның екі қанаты болады: бірі алтын, бірі күміс. Бірі алтын суына малынған, бірі күміс суына малынған. Киік сол алтын тақтың үстінде тұрып ойнағанда, дүниенің қызығын көргендей боласыз. Сіздің салтанатыңыз сонда келіседі. Бала соны тауып әкелсін, сонда сыйлық беруге болады, — дейді.

Сонда хан балаға:

— Бұл киіктің астына қоятын тағы болады, оның екі жағында екі қанаты болады. Екі қанатының бірі алтын, екіншісі күміс суына малынған. Соны тауып кел. Сонда сыйлық беремін, ал таба алмасаң, басыңды аламын, — дейді.

Бала мұны естіп, жылап шешесіне келеді. Шешесі:

— Ойбай, балам! Бұған бола жыламай-ақ қой, өзім іздеп тауып әкелейін, — деп, жолға шығады.

Бір жерлерге келсе, бір топ киік далада жайылып жүреді. Топ киіктің ар жағында жердің жарығын жамап бір кемпір отыр екен, бұған келіп, жұмысының мәнін айтады. Сонда жер жамап отырған кемпір:

— Мысыр шаһарының бер жағында бір шаһар бар. Киіктің тағын істесе, сонда істейді, баланың қолына мың ділдә беріп, соған жібер, — дейді.

Сонан баланың шешесі үйіне қайтып келіп, барлық дүние-мүлкін беріп, ешкілерінің барлығын да беріп, оның үстіне өзі неше жыл мал бағуға бір байға жалданыпты. Сөйтіп баласына мың ділдә құрастырып береді.

Бала мың ділдәні алып, киік астына қоятын тақты жасайтын Мысыр шаһарының жанындағы шеберге жүреді. Бірнеше күн жүріп шеберге келеді. Бала шеберге келіп, осындай киік астына төсейтін тақты істетуге келгенін айтады. Сонда шебер:

— Мың ділдә берсең, істей аламын, — дейді.

Сонымен мың ділдәсін шеберге беріп, киік астына қоятын тақты істеп алып, бала үйіне қайтады. Келе жатса, жолында бір үлкен бәйтерек тұр екен, оның түбіне келсе, екі құдық бар екен, біріншісінде алтын су, екіншісінде күміс су бар. Бала сол арада алып келе жатқан тақтың бір қанатын алтын құдыққа, екінші қанатын күміс құдыққа малып-малып алады. Бала тақты алып, үйіне келеді. Ертеңінде ханға алып барады. Айтқанындай тақты баяғы алтын мүйізді шұбар киіктің астына қойғанда, киік ойнап, сән-салтанатын келтіріп тұрады. Хан уәзірін шақырып алып, ақылдасады.

Сонда уәзір:

— Жоқ, тақсыр. Мұнысына да әлі сыйлық беруге болмайды. Енді жер астында өскен бір сұлу алтын ағаш бар, соны әкеліп сіздің есік алдына орнатса, сән-салтанатыңыз мұнан әрі келісер еді. Бала соны тауып әкелсін, есік алдына орнатсын. Сол уақытта сыйлық беруге болады, — дейді.

Сонда хан:

— Сол жердің астында өскен алтын ағашты әкеліп, менің есігімнің алдына орнат, сонда сыйлық беремін, — дейді.

Бала тағы да алтын ағашты іздеп кетеді. Бірнеше күн жол жүріп, бір жерлерге келсе, алдынан бір ақ сақалды шал шығады. Бала өзінің іздеп келе жатқан жұмысының мән-жайын әлгі шалға айтады.

Ақ сақалды шал:

— Осы бетіңмен жүре бер. Бір жерлерге барғанда биік тауларға кездесесің. Таудың бауырынан бір қоян қашар, сен сол қоянды қуа бер. Ол қоян барып бір жердің үңгіріне кірер. Сонда ол сол жақтағы үңгірге кірер, сен оң жақтағы үңгірге кір. Сонда қырық ұрыға кездесерсің.

Олар сені «өлтіреміз» дер. Сонда сен: «Мен әп-сәттің ішінде ет пісіре аламын», — де. Сол уақытта қырық ұры саған ет пісіртіп, қарап тұрар. Сен етті қазанға салып, мына кездікпен түртіп қалсаң, ет өзінен-өзі пісіп шығады, — деп балаға бір күміс сапты кездік береді. — Сонымен бірнеше күнге дейін сонда ет пісіруші болып жүресің. Қырық ұры сені үңгірге тастап, өздері сыртқа шығады. Сол уақытта түкпірдегі бір ақ сандыққа көзің түсер. Сол ақ сандықты ашсаң, ішінде бір көк сандық бар, соны ашсаң, ішінде қағазға ораулы дәріні көресің. Сол дәріні ал да, пісулі тұрған етке сал. Сол уақытта қырық ұры кезек-кезек келіп, есік алдында өле береді. Сонан кейін сол үңгірдің ішін аралап жүрсең, іздеген алтын ағашың сонда тұрар. Сен сол арада дәрет алып, екі парыз намаз өте де, алтын ағаштың бұтағынан қолыңмен қысып ұстарсың. Екі аяғыңмен ағаштың түпкі тамырын басып, екі көзіңді жұмсаң, сонда таң ата ханның есігінің алдына ағаш өзі келіп орнар, — дейді.

Бала шалдың айтуымен жүріп келе жатса, таудың үңгірінен бір қоян қашады. Бала қашқан қоянды қуа береді. Қоян бір жердің үңгіріне кіреді, бала да кіріп кетеді. Айтқанындай, үңгірде екі тесік кездесіп, қоян сол жақтағы үңгірге, бала оң жақтағы үңгірге кіріп кетеді.

Үңгірдің ішіне кіріп келсе, балаға қырық ұры кездеседі. Бұлар баланы өлтірмекші болады. Сол арада бала лезде ет пісіре алатынын айтады. Бала етті қазанға салып, баяғы шал берген кездікпен етті түртіп қалғанда, ет өзінен-өзі пісіп болады.

Сонымен олар баланы өлтірмейтін болып, ет пісіруге қояды. Бала бірсыпыра уақыт сол қырық ұрыға ет пісіріп жүреді. Бір күндерде бала ұйықтап жатса, бүйірінен баяғы ақ сақалды шал түртіп: «Етке тойған соң ұмыттың ба?» — дейді. Бала оянса, түсі екен. Сол арада ойлап тұрса, баяғы шалдың айтқандары есіне түседі, жан-жағына қарайды. Шал айтқанындай, бір бұрышта ақ сандық тұр екен. Жалма-жан кілтті іздеп тауып алып, ақ сандықты ашса, ішінде көк сандық бар екен. Оның ішін қараса, қағазға ораулы дәріге көзі түседі. Бала дәріні алып, ұрылардың сыртқа шығуын аңдиды. Бір күндері қырық ұры үңгірінен сыртқа шығады. Бала жалма-жан етті пісіреді де, дәріні етке шашып жібереді. Сол арада қырық ұры бірінен соң бірі, кезек-кезек есік алдына келіп, топырлап өле береді. Бала жан-жағына қарап, үңгірдің ішін еркінше аралап жүрсе, жер астында жалғыз өсіп тұрған ағашты көреді. Сол арада алтын ағашты қолымен мықтап ұстайды да, екі аяғымен түпкі тамырын басып, екі көзін жұмады.

Бала көзін ашып қараса, таң сарғайып атқан, алтын ағаштың хан есігінің алдында тұрғанын бір-ақ көреді.

Таңертең хан уәзірлерімен алтын ағашты көреді. Бұрынғы бұрынғы ма, ханның салтанаты тіпті артып кетеді. Алтын қанатты тақтың үстінде алтын мүйізді шұбар киік ойнап тұрады.

Мұны көріп хан балаға риза болып, сыйлық беруге уәзірлерін шақырып алып ақылдасады. Баланың бүйтіп бақыты артқанын көре алмай, уәзірлері күндейді. Сонда уәзірлері жиылып ақылдасады: «Ханға айтып бұл

баланы тағы да бір келмейтін жерге жұмсайық. Күн астындағы Күнікей қызды тапсын. Мұны болса да таба алмай өледі, енді оны іздеп барушылардың өлмей қайтқаны жоқ. Баланы сонда жіберейік», — дейді.

Хан уәзірлерімен ақылдасады:

— Кәні, балаға қандай сыйлық береміз? — дейді. Сонда баяғы уәзір тұрып:

— Тақсыр, сіз өзіңіз болсаңыз қартайдыңыз. Сізде перзент жоқ. Біздің ойымызша, қартайған шағыңызда сізге серікке жарайтын Күн астында Күнікей деген қыз бар. Бұл бала сол қызды тауып әкелсін, сонда мықтап сыйлық беруіңізге болады, — дейді.

Хан тағы да балаға:

— Сол Күн астындағы Күнікей қызды тауып әкел, сыйлықты сонда беремін, — дейді.

Бала Күнікей қызды іздеп кетеді. Бірнеше күн жүріп келе жатса, алдынан екі алақанына екі тауды салып жүрген бір дәу кездеседі. Бала бұл дәуден жөн сұрайды, сонда дәу:

— Күн астындағы Күнікей сұлуды іздеп бара жатқан бала сен болсаң, мен жолдас болғалы жүрмін, — дейді.

Бала:

— Сол бала мен боламын, — дейді.

Сонымен екеуі жолдас болып келе жатып жер тыңдаушыға кез болады. Бұл да балаға жолдас болып ереді. Тағы да жүріп келе жатса, алдынан екі көлдің суын екі ұртына ұрттап жүрген тағы бір дәу кез болады.

Бала жөн сұрайды. Екі көлдің суын екі ұртына ұрттаушы:

— Күн астындағы Күнікей қызды іздеп жүрген балаға жолдас болғалы жүрмін, — дейді.

Сонда бала:

— Ендеше, мен сол боламын, — дейді.

Сонымен бұл да үшеуіне қосылып, төртеуі жолдас болып жүре береді. Келе жатса, екі аяғына екі батпан тас байлап алған, ойдан-қырдан жүгіріп жүрген желаяққа кез болады.

Бала жөн сұрайды. Желаяқ:

— Мен Күн астындағы Күнікей қызды іздеп бара жатқан балаға жолдас болғалы жүрмін, — дейді.

Бала:

— Ендеше, мен сол боламын, — дейді.

Сонымен бесеуі жолдас болып жүріп келе жатса, бір шұқанақтан көп балаларымен тырмысып шыға алмай жатқан бір құмырсқаны көреді.

Бала құмырсқаны балаларымен шұңқырдан шығарып жібереді. Сонда құмырсқа балаға риза болып:

— Мені шұңқырдан шығарып жібердіңіздер, осы жақсылықтарыңызды мен де алдарыңызға тіріде бір келтірермін. Мен мына бір қанатымды жұлып берейін, керек болған кезде тұтатсаң, дайын боламын, — деп бір қанатын балаға жұлып береді.

Бұлар Күн астындағы Күнікей қызды іздеп жүріп кетеді. Күн астындағы Күнікей қыз От тауының ар жағында тұратын бір ханның қызы екен. Ол ханның бір үлкен көк төбет иті бар екен. Сол ит Күн астындағы Күнікей қызға келе жатқан адам болса, соның дыбысын сезіп, жүз шақырым жерден алдынан шығады екен. Қандай батыр, мықты адамдар болса да көк төбет ит барлығын да жалғыз өзі қиратып салады екен. Қызды іздеп барған адам сау қайтпайтын болған. Мұны білген адамдар көк төбеттен қорқып, қызға бара алмайды екен.

Баланың жолдастарымен келе жатқанын ит жүз шақырымнан біліп алдарынан шығады. Бір мезгілде көк төбет арсылдап, жер дүниенің шаңын боратып келе жатыр екен. Баяғы тау көтерген дәу қолындағы бір тауын итке жіберіп қалғанда, төбет иттің төбесінен жай түскендей болып, ит таудың астында қалып, табанда сеспей қатады.

Итті таумен бастырып өлтіріп тастап, бұлар тағы жүріп кетеді. Бір уақытта бұлар Күн астындағы Күнікей қыздың үйіне жетеді. Хан бұлардан жөн сұрайды. Сонда бұлар:

— Осы жақтағы Күн астындағы Күнікей қызды іздеп келеміз. Іздеп келуші — мына отырған бала, біз жанына ерген жолдастарымыз, — дейді.

Сонда хан:

— Жолдарыңда бір көк төбет ит кездесті ме? — деп сұрайды. Бұлар:

— Жолда бір күшікке кездесіп едік, біздің лақтырған кесегіміздің астында үні өшіп, өліп қалды, — дейді.

Хан бұлардың күшіне қайран қалып отырады. Хан ертеңіне ел-жұртын жиып, балуан күрестіреді.

— Осы топта кімде-кім күресіп жығып, күші асса, қызымды соған беремін, — дейді.

Ханның елі жағынан бір өгіз балуан шығады. Бала жағынан екі қолына екі тау ұстап жүруші дәу шығады. Екі балуан күресіп, дәу жығып кетеді. Бірақ хан сөзінен танып, бұл жолы қызын бермей:

— Енді жаяу бәйгеден озып келгенге беремін, — дейді. Жаяу бәйгеге ханның елінен бір жүйрік мыстан кемпір шығады. Мыстан кемпір қолына екі шыны [ұйқы дәрісін] ұстап шығады да, жолда желаяққа ішкізіп [ұйықтатады да], өзі жүгіріп кетеді. Бала тыңшыға:

— Кім келе жатыр екен, соны тыңдашы, — дейді.

Тыңшы тұра қалып тыңдап: «Кемпірдің дыбысы білінеді, желаяқтың дыбысы білінбейді», — дейді. Бала сол арада баяғы қолындағы кездікті ұстап еді, ұйықтап жатқан желаяққа дыбыс беріп оянады, сол арада жалама-жан жүгіріп отырып, кемпірге жетеді. Қолына бір уыс топырақ алады да, кемпірдің алдынан өте беріп, топырақты көзіне шашып жібереді. Кемпір көзін уқалап аша алмай жатқанда, желаяқ озып келеді. Хан сонда да қызын бермейді. Қызын жасырып тығып қояды да:

— Кімде-кім қызымның қай жерде екенін тапса, соған беремін, — дейді.

Бір мезгілде тыңшы тыңдап жүрсе, хан қызын жер астындағы бір үйге жасырып қойған екен. Қыз сол үйде кесте тігіп отырып, қолындағы инесін жерге түсіріп алады. Тыңшы тыңдап біліп, тауып алады.

Хан бұларды темірден салынған қонақ үйге жатқызады. Қонақтар жатқан үйді сыртынан өртейді. Бұлар түн ортасында оянып кетсе, үй өртеніп бара жатыр екен. Бәрі де сасады. Сол жерде көл ұрттаушы дәу ұртындағы бір көлдің суын бүркіп жіберіп, өртті сөндіреді. Бұлар тып-тыныш ұйқыда жата береді. Хан бұларды өлді деп, күлін қарайын деп келсе, бәрі де тып-тыныш ұйықтап жатыр екен. Хан тағы ойлап, бір амал табады. Ертеңінде:

— Қырық қызбен қызымды қатар тұрғызам, солардың ішінен танып алғанға қызымды беремін, — дейді. Ертеңіне қырық қызды бір түсті киіндіріп, қатарлап қояды. Қараса, бәрінің киген киімінің түсі бір, ешкім таба алмайды.

Бала сол уақытта баяғы құмырсқаның қанатын тұтатып жібергенде, құмырсқа келіп қырық қыздың ішіндегі Күн астындағы Күнікей қыздың алдынан шығады. Бала Күн астындағы Күнікей қызды таниды. Сонымен ханның басқа істейтін амалы болмайды.

Хан амалы таусылып, ақыры Күн астындағы Күнікей қызды балаға береді.

Күн астындағы Күнікей қызды алып, бұлар еліне қайтады. Баяғы ерген жолдастары баламен қоштасып, жолда қалып отырады. Бір жерлерге келгенде тыңшы қалады. Тағы бір тауға келгенде, баяғы тау көтеруші дәу қалады. Бір көлдің жанына келгенде баяғы екі көлдің суын ұрттаушы қалады. Бір жерлерге келгенде желаяқ қалады.

Бала келе жатып, өзінің басынан кешірген уақиғаларын қызға түгелінен баян етіп, оны ханға апаратынын айтады. Қыз оқымысты, сиқыршы екен. Баланың ерлігіне сүйсініп, әбден сүйеді. Бірсыпыра жер жүрген соң қыз:

— Ханның еліне жетуге қанша күн қалды? — деп сұрайды.

Бала:

— Екі күншілік жер қалды, — дейді.

Сонда қыз:

— Сен озып ханға бар, менің алдымнан шықсын. Ең алдымен хан, оның соңынан қырық уәзір жүрсін, ең артында өзің жүр, — дейді.

Бала ханға барып, қыздың алдынан шығарады. Қыз келе жатқан ханды қасқыр, уәзірлерді түлкі қылып жібереді. Олар бірін-бірі қуып кетеді. Сонымен Күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап қосылады. Ел-жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды.

Алтын жүзік

Баяғыда Мұрат деген кісі жол жүріп келе жатып қатты шаршайды, шөлдейді. Бір уақытта жалғыз үйге кез келеді. Үйге келсе, бір әйел отыр, әйелдің қасында екі күшік жүгіріп жүр. Мұрат бүгін осында қонайын деп үйге түседі. Өзінің қатты шаршап келе жатқанын Мұрат жаңағы үй иесі

әйелге: «Нансаңыз, мен бір жолаушымын, жол үстінде дәм айдап осы үйге келіп отырмын. Бар тамағыңды пісір, бізге ақың кетпес, пұлын берем», — дейді. Жаңағы әйел етке, қымызға Мұратты тойғызады, тамақ ішіп болғаннан кейін бір-бірінен жөн сұрасады. Әуелі Мұрат келе жатқан жағын айтады.

Жаңағы бейтаныс әйел осы иен далада неғып отырғанын айтады.

— Менің күйеуімнің бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс. Ол қазір адам іздеп, әрі малын бағып далада жүр, кешке қарай келеді. Ал маған көрсеткен қорлығы ұшан-теңіз. Мен адам атаулыны көрмегелі бірталай жылдар болды. Енді адам атаулыдан сізді көріп отырмын. Мені осы пәледен құтқара көріңіз, — дейді. Мұрат бұған ықылас білдіреді. Әйел: «Енді оның келуі алыс емес, біз кететін болсақ, тез кеткеніміз жөн, өйткені ол сондай жүйрік, біздің бір күнде жүрген жерімізге ол көзді ашып-жұмғанша жетеді. Ал енді біз осы үйді жығып тастап, әр затын әр жерге қояйық. Сосын балаларының бәрін үйден алыстатып — біреуін батысқа, біреуін шығысқа, енді біреуін темірқазық жұлдызының бағытына қарай апарып тастайық. Содан кейін тез кетейік. Ол балаларын жинап, заттарын түгендеп жүргенде біз біраз жерге барып қалармыз», — дейді. Мұрат пен әйел осының бәрін істейді де, кетіп қалады. Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс үйге келіп заттарын түгендеп болып, енді әйелін іздеуге кіріседі.

Бұл кезде Мұрат әйелмен екеуі біраз жерге жүргеннен кейін аттарын сұрасады. Жаңағы әйелдің аты Ханым болып шығады. Мұрат: «Мұның қолына қалай түсіп жүрсің?» — деп сұрайды.

— Біздің үйдің бір қолға тұрмайтын асау аты болатын, соны іздеймін деп елден алысқа шығып кетіпмін. Бір мезгілде қарасам, атым бір бұтада байлаулы тұр екен. Бұл бұта болмай, сақалы қырық қарыс сиқыршы болып шықты. Атымды ұстайын деп жақындап келгенімде, ол мені шап беріп, ұстай алып аяқ-қолымды буды да, үйіне алып келді. Атымды ертеңіне сойып жеді. Күніне бір қара жейді. Сізге жолыққанға дейін маған көрсетпеген қорлығы жоқ, жүрісті тездете түсейік, манағы енді ауылға келді, қаттырақ жүру керек, — дейді Ханым. — Егер бізге жететін болса, онда сіз биік талдың басына шығып кетіңіз. Талға шығам десе, оның сақалы талдың бұтағына оралып қалады. Сіз сол кезде оны бар күшіңізбен ұрыңыз, сонда ол өледі, ал бұдан басқа жаққа барсаң, құрыдың, — дейді.

Олар бір жерге келіп жатады. Таңертең тұрса, қасындағы Ханым жоқ болып шығады. Бір уақытта бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс келеді. Мұрат қаша жөнеледі. Қашып келе жатып, бір теректің басына шығып кетеді. Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс терекке қарғиды. Қарғығанда бұтаққа сақалы ілініп, сақалынан тартып теректің басына шығады. Мұрат енді теректен түсе қашып, бір тауға келеді. Таудың басына шығып, бойы бір қарысты таспен атқылайды. Бойы бір қарыс лақтырған тасты қағып алып, өзіне қайта лақтырады. Сөйтіп екеуі көп атқыласады. Ақыры бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс теректен түсіп, енді таудың басына шығып келе жатқанда аяғы тайып кетіп, сайға құлап өледі.

Мұрат баяғы бағытымен жүре береді. Мұрат бейқам келе жатса, алдынан төбелесіп жатқан бір ақ жылан, бір қара жылан кездеседі. Мұрат тұра қалып, төбелеске қарап тұрады. Қара жылан ақ жыланға едәуір қысым көрсетіп, тықсырып бара жатады. Мұрат «осы ақ қой» деп, ақ жыланға болысып, қара жыланды жығып береді. Қара жылан өлгеннен кейін ақ жылан бір сілкініп, сұлу жігіт болып шыға келеді. «Осы көмегің үшін мен сізге не сыйласам екен? Біз екеуіміз де патша едік, қара жыланның ақ жыланға бір жыланы қосылып кеткен еді, сол үшін төбелесіп жатқан едік. Менің халімді өзің көрдің, енді болмағанда өлер едім. Мені сен арашаладың, саған мен үйдегі алтын жүзігімді берейін. Ол жүзік қолда тұрса, бай да боласың, патша да боласың. Болмайтын затың жоқ. Енді мен соны саған берейін, ренжімей ал. Қазір менің арқама мін де, көзіңді жұмып отыр, «аш» деген уақытта көзіңді ашарсың», — дейді ақ жігіт.

Мұрат жігіттің арқасына мініп, көзін жұмып отырады. Бір уақытта «аш» дейді. Көзін ашса, қасында ақ боз ат байлаулы бір үй тұр. Ішінде бір кемпір-шал отыр, бұлар жаңағы жігіттің әке-шешесі екен. Жігіт шешесінен жүзігін сұрайды. Шешесі бергісі келмей, бірақ баласының көңілін қимай, жүзікті алып береді. Мұрат жүзікті алғаннан кейін бұрынғы бағытымен жүре береді. Ақыры бір елге келіп, сол елде тұрақтайды. Мұрат жүзікті алғаннан кейін бай бола бастайды.

Бұның қалай байып жүргенін жұрт біліп қалады. Бір күні Мұрат шарап ішіп мас болып отырып, қасындағы жолдастарына бар сырын айттып қояды. Бұны жолдастары халыққа жайып: «Мұраттың үйінде керемет бар екен», — деседі. Бір күні осы үйге кемпір келіп қызметші болады. Ол осы үйге сіңіп алып, шаруашылығына да араласа бастайды. Ол текеметтің арасындағы жасырып қойған жүзікті ұрлап алып, кетіп қалады. Мұрат сөйтіп жүзіктен айырылады. Бірақ жүзікті осы үйдегі мысық пен тазы іздеп шығады. Кемпірдің үйі көп үйдің ішінде екен дейді. Мысық пен тазы жолға шыққан соң «кемпірдің үйін қалай табамыз» деп ақылдасады. Тазы: «Ол үйге мен барайын», — дейді. Сонда мысық тұрып: «Қайта мен баруым керек, сені ол ауылдың иттері жарып тастайды, ал мен болсам, иттер келіп қалғанда секіріп талдың басына шығып кетемін. Сен жұрт ұйықтағанда кел», — дейді. Сөйтіп кемпірдікіне әуелі мысық кетеді. Мысық үйге бара бергенде бес-алты ит көріп қалып, қуып береді. Мысық үйдің үстіне шығып кетеді. Үйдің үстіне шыққан мысық жарықтан сығалап, үйдің ішіндегінің бәрін көреді. Төрде бұрынғы кемпір отыр, қасында екі-үш баласы бар. Бұл күндері байи бастаған кемпірдің есігінің алдында екі жүздеу қой жайылып жүр.

Жұрт жатып, көздері ұйқыға кеткенде мысық тазыны үйге шақырады. Кемпір қолына жүзік түскесін мас болып: «Жүзік түгіл, Мұраттың үйінің құты мына мысық пен тазы да маған келіп отыр», — деп күпінеді. Мысық пен тазы осы үйге сіңіп алады. Бір күні кемпірдің үйінде адам қалмайды, бәрі шаруашылығына кетеді. Үйде қалған мысық пен тазы жүзікті іздей

бастайды. Жүзікті кемпір сандыққа салып қойған екен. Бұлар оны тауып алып, қашып кетеді.

Жүзікті Мұратқа әкеліп береді. Мұрат мысық пен тазыға разы болып, күтіп, тамағын тойғызып бағады. Жүзікті күндіз мысық, түнде тазы күзетеді. Сөйтіп жүзік ешкімнің қолына түспей, Мұратты байлыққа, бақытқа жеткізеді.

Түс көрген патша

Ескі заманда бір патша өзіне қарасты жұртын жинап: «Түс көрдім, түсімде не көрдім?» — деп қинай береді. «Не көрдіңіз?» десе, айтпайды. «Көргенімді табасың!» — деп, ашуланып, ақыры қырық күн мерзім қояды. «Осы күнге дейін табасың, таппасаң, бәріңнің басыңды аламын. Маған қарасты бірің аман қалмайсың!» — дейді. Бұның жұрты күңіренеді, жылайды, теңселеді, тебіренеді. Құмырсқадай қалың ел біреуі де таба алмай, мерзімді күнде патша бәрін жиып сұрап, таппаған соң қыратын болып: «Маған қарасты жаннан есін білген, ақылын таныған, қартайып алжығаннан бөлек адам, ішкері-тысқары жолаушы жүрген, келмей қалған адам бар ма?» — деп сұратады.

Сонда біреу:

— Тақсыр, ауыл шетінде сізге қарасты жұрт пен бөлек ханның шеғарасындағы пәлен тауда төрт ешкілі бір кедей бар, сол келген жоқ, онан бөлек бір адам да қалған жоқ, — деп айтқан соң, патша:

— Бір өзі қалғанда жұртқа тұтқа болар дейсің бе? Таба алмаса, қырынның ішінде о да бірге кетсін, айдап кел! — деп жасауыл жібереді.

Бұ сөз мұнда тұрсын.

Ол кедейдің өзі жалқаулау еді, жалғыз ешкісі бар еді. Соның сүтін пісіріп, айран қып ішіп, күн көріп жүруші еді. Бір күні кеседе сүт тұр еді, даладан бір жылан келіп кеседегі сүтті ішеді де, бір теңге тастап, жылжып жүре береді. Сонда кедей: «Бұл тәуір болды-ау, жылан тағы келсе-ші», — деп, қуанып қала береді. Сонымен, ертеңіне абайланып, ойланып отырса, кешегідей жылан тағы келе жатады. Алдын ала қамданып, жүгіріп барып кесеге тағы сүт құйып қойды. Жылан тағы да кеседегі сүтті ішіп, кешегі бір теңге тастап, жылжып кете береді. Сол күйінше күнге келіп сүт ішіп, теңге тастайтұғын болды. Сонымен, кедейдің теңгесі көбейіп, үш ешкі сатып алып қосып, сүт жыланға да, өзіне де жеткілікті боп, артылған теңгесін жамбасына басып жата береді. Мынау жылан сүт ішіп болған соң, бір төбенің басына шығып, інінің аузына жақын жерде арқасын күнге беріп олай-былай аударылып жатады да қояды. Оның жайына кедей әбден сыралғы болды.

Солай жүргенде осы кедейге патшадан жасауыл барды. Жұрттың күйзелгенін, қиналғанын, патшаның көрген түсін айта алмағанын, бәрінің жайын айтып: «Көптің бірі болып таба алмасаң, сен де өлесің,

жүр», — дейді. Сонда кедей: «Барайын, артыңнан қалмайын», — деп, рұқсат сұрап жасауылды қайтарып жіберіп, жыланға оңаша келіп сәлемдесіп: «Әй, Мар ата, басыңды көтер», — дейді. Сонда: «Не дейсің, жазған?» — деп еді, кедей:

— Әй, Мар ата, сізбен қанша уақыттан бері қарай тұздас, дәмдес болып едім, басыма осындай бір қиындық түсті. Патша осындай бір түс көрдім, соны табасың, болмаса тегіс қырамын депті. Жұрт тербелді, ел күйзелді. Түсін таба алмасам, мен де өлемін. Осының жайын білесіз бе? Бір мен емес, жұрт үшін айтсаңыз, — дейді. Жылан: «Айтайын, тапқаныңа серік қыласың ба?» — деді. Сонда кедей: «Бәрін алсаңыз да айтыңыз!» — деді. Сонда жылан: «Бірақ мен айтты деп айтпа, ханға жолықпай басқаға сөйлеме. Патшаң түсінде түлкі көрді», — дейді.

Соған кедей қуанып, патшаға барған соң, патша: «Қалған адам осы ма?» — деп еді, жұрт: «Осы», — деді. Сонда хан: «Тапсаң, көп сый-сияпат аласың, таппасаң, жұрттың қатарыңда сен де баратұғын жеріңе барасың», — деді. Сонда кедей: «Қайыр, тақсыр, тапсам, айтайын, таппасам, көптің бірімін де», — деді.

Сонда патша: «Түсімде не көрдім?» — деп түксиіп адыраяды. Сонда кедей: «Қайдам, тақсыр, жаңылып жазбасам, түлкі көрдіңіз», — деп еді, патша тұрып: «Бәрекедді, осы адам әулие», — деп, жұртқа азаттық беріп, әлгі кедейге бір көтерім сауқат деп алтын беріп жөнелтті. Сонда кедей келе жатып ойланып, «Осы алған олжаны жылан білер ме екен, білмес пе екен?» — деп көп толғанады. «Қой, не де болса жоқшылықтың зарын тарттым ғой, мұны өзімнің үйімнен, жыланның інінен аулақ жерге жоғалмайтуғын қылып белгілеп көмейін. Бір қарын ашқан уақытта керек болар», — деп, жайлап жүре берді. Жылан не алып келдің, не қылдың деп сұрамады. Осы қалпынша неше жыл, неше айлар өте берді. Бұл жылан да баяғы әдетімен сүтін ішіп, бір теңгесін тастап жүре берді. Кедей дүниесі көбейсе де, төрт ешкіден бөлек мал алмай, киім-кешектен артылған теңгесін жамбасына басып жата берді.

Ал енді бір күндерде ай өтіп, жыл өтіп, патша жұртын баяғыдай жинап алып: «Түс көрдім, түсімде не көрдім?» — деп қинай бастайды. Сонда жұрт күйзеліп, күңіреніп: «Ойбай, тақсыр-ау, баяғы сый-сияпат алатұғын әулиеңіз — жалғыз ешкілі кедей бар емес пе еді?» — деп шулай бастады.

Сонда патшаның ілгергі түсін жорыған кедей есіне түсіп ойланып, кедейді жылдам айдап кел деп жасауыл жіберді. Ілгергі әдетімен кедей «артыңнан барайын, жүре бер» деп жасауылды жөнелтіп, тағы да жыланға келіп сәлемдесіп, жөн сұрады. «Әй, Мар ата, басыңды көтер!» — деді.

Сонда жылан: «Қош, кедейім, не жұмыспен келдің, сөйле!» — деді. Сонда кедей: «Әй, Мар ата, патшамыз шақыртыпты тағы да. «Түс көрдім, түсімде не көрдім?» деп жұртты қинап жатыр деп жасауыл келді. Соған не дейін?» — деп еді, жылан: «Тапқаныңа серік қыласың

ба?» — деді тағы да. Сонда кедей: «Серік қылайын, бәрін алсаңыз да айтыңыз», — дейді. Сонда жылан: «Мақұл, айтайын, ханға өз аузыңмен айт, түсінде патшаң қасқыр көрді», — деді. Кедей байғұс қуанып, аттап-бұттап елеуреп ханға барып еді, жұрт алдынан шығып көтермелеп орын беріп, «әулие не сөйлер екен» деп тыңдап тұрды. Сонда жауаптасып болған соң: «Менің түсімді жорисыз ба?» — деп еді, кедей ілгергі әдетімен: «Қайдам, тақсыр, білсем айтайын, білмесем көптің бірімінде», — дейді. Сонда хан: «Білсеңіз айтшы, түсімде не көрдім?» — дейді. Кедей тұрып: «Өзіңізге аян, басқаға күмән, түсінде қасқыр көрдің-ау деп ойлаймын», — деді. Патша шаттанып: «Осы азамат — білімпаз әулие», — деп, тағы да сияпатқа бір көтерім ділдә алтын беріп ізетпен жөнелтті. Ал енді кедей келе жатып ойланды: «Осы алып жүрген алтын олжаларды жылан білер ме екен, білмес пе екен? Әй, оны да біледі-ау», — деп, көп толғанып, ойланып: «Қой, білсе керек-ау», — деп қиялданады. «Түбінде жылан дүниені көбейтейін деп қиялданып жүрген шығар. Онан да бұл алтындарды ілгергіден бөлек жерге белгілеп көмейін де, қолыма бір үлкен тас алып қамданып барып, жыланды абайсызда ұрып өлтірейін», — деп, ділдәні көміп, ауыр тас алып жыланға барып, қақ басына таспенен періп жібергенде, жыланның басы жарылып, ирелеңдеп ініне кіріп кетті. Өлген-өлмегені белгісіз боп қауіпте жүрген кедей байғұс бірнеше күн ұйықтай алмай жүрді. Арада апта, он күн өткенде бір күні кедей жалтаңдап қуыстанып отырса, жылан ішке сүйрелеңдеп кіріп келе жатыр екен. Кедей ырғып тұрып, бір кесеге сүт құйып даярлап, анадай жерде одағайлап байқап тұрып еді, жылан ілгергі әдетімен сүт ішіп, теңге тастап, жайына кете берді. Сүйте-сүйте жылан күніге келіп сүт ішіп, теңге тастап, оған кедейдің еті үйреніп, қауіп кетіп, ілгергі қалпындай боп жүре берді. Тағы бірнеше заман, бірнеше жыл өткенде бір күні патша түс көрдім деп жұртына жар шақыртып, үлкен-кішісін қоймай жинай бастап, түс жоруын сұрады. Жұрт даңғыл жолдай болып қалған танымалы кедейді ұмытсын ба! «Ойбай, тақсыр-ау, әуелгі сапар түсіңізді айтып, көп дүниеңізді алған әулие кедейіңіз бар ғой!» — деп, жалбарына шулаған соң, патша тағы жасауыл жіберді. Сонда кедей ілгергі қалпымен «артынан барамын, бара беріңдер» деп рұқсат сұрап, төбедегі жыланға келіп: «Әй, Мар ата, басыңызды көтер. Бір іс боп қалды», — деген соң жылан: «Қош, не сөзің бар, сөйле», — деді. Сонда кедей:

— Патша тағы түс көрдім деп шақыртыпты. Сіздің айту, жоруыңызбен патшаға да, елге де танымал боп қалдым ғой. Тағы да жоруын айтсаңыз, — деп еді, жылан:

— Олжаңа серік қыласың ба? — деді. Кедей: «Серік болыңыз, патша не берсе берейін, алыңыз», — дейді.

Сонда жылан: «Патшаң түсінде қой көрді», — дейді. Кедей байғұс елбеңдеп қатты жүріп, қалың ел ошарылып тұрған ханның ордасына қадам басты. Жұрт «әулие келе жатыр» деп жарылып жол беріп, не сөйлер екен деп тыңдап тұрды.

Сонда патша: «Әй, білгіш, түс жорығыш, тағы сұрайтын мәулетім²⁰ болды. Жорып бересіз бе?» — дейді. Кедей: «Сұрай беріңіз, жаңылсам, пендемін, тапсам, «әулие» дерсіз. Еркіңіз», — деді. Сонда хан: «Түсімде не көрдің?» — деді. Сонда кедей: «Тақсыр-ау, шамамда қой көрдіңіз-ау», — деп еді, патша шаттанып: «Осы айғақ, сіз — әулие, керемет адамсыз, жұрт, мұның қадірін біліңдер!» — деп, жұртты тарқатып, тағы да бір көтерім ділдә беріп жөнелтті.

Кедей байғұс табысын арқалап келе жатып ойланды. «Осы мен жыланмен тұздас, дәмдес, жолдас боп жүріп зиян көргенім жоқ. Өзінің бір теңгелеп берген ақшасы мұнша болды. Тағы ханнан алған ақшаларым да рулы ел тойғандай көбейді. Қой, мен де ынсап қылайын, анау көмген ақша өз жайында тұра берсін. Мынаны жыланға арқалап алып барайын. Қиса, жарымын берер, қимаса, бәрін де ала қояр», — деп, көтеріп жыланға кеп: «Әй, Мар ата, басыңды көтер, мен олжалы боп келдім. Үш сапар түсін жорып, әуел-ақыры бергені мынау. Қисаң, жарымын бер, қимасаң, бәрін де ал», — деп қарап тұрды.

Сонда жылан басын көтеріп: «Адамзат, опаң жоқ-ау! Сен, кедей, әдемілеп тыңда, мен саған түсінді сөз етейін. Осылар патшаның түсінде емес, өңінде болған іс еді. Әуелі барғанда «түлкі көрдің» дедің бе? Сол күндерде заман түлкі боп, біреуді біреу алдап-арбап жесем деген пиғылда еді. Патша халқының пиғылын, ниетін болжап айтқан еді. Сенің де пейіл, ниетің бұзылып, берген ақшасын жасырып, пәлен жерге көміп келдің. Пәлендей белгің бар, рас па? Сөйтіп мені алдаймын дедің.

Екінші барғаныңда «түсінде қасқыр көрдің» дедің. Бұл күндерде жұрт бірін-бірі басып жеп, ұят, абыройды қойып жемек пәйтінде²¹ еді. Сен де сонымен қатар ділдәні пәлен сайға көміп, жылан біледі-ау деп, ақырында ұятты қойып, мені таспен ұрып жаралы қылдың. Мен де заманы қасқыр болған соң қылды-ау деп айып көрмедім, бұл да рас па?

Үшінші барғаныңда «қой көрдің» дедің ғой. Жұрттың бәрі қойдан қоңыр боп алмақ-бермек болып еді. Сен де ынсапқа кеп, анау екі көмген дүнием аштан өлтірмес, жыланның берген ақшасы да аз емес, мынаны алып барайын, қиса, жарымын берер, қимаса, бәрін де алар дедің де, алып кеп тұрсың ғой. Қош, енді досым, неше тұздас, дәмдес болып ек, мынау ақшалардың бәрі де сенікі, көмгендерің де өзіңе бұйырсын. Ділдәларыңа мен зарлы емеспін. Бұл күннен кейін мен саған жоқ, сен маған жоқ, жолдастығыңа риза бол», — деп, жылан ғайып болды.

Қасқыр мен жігіт

Бір байдың сансыз көп малы болған екен. Малының көбі жылқы екен. Бір жылы қыста қар қалың түсіп, жұт болып, бай жылқысын алыс отарға шығарады. Қыс өтіп, жаз жақындаса да, жылқысы келмейді,

²⁰ Мәулет — мұрсат, мүмкіндік, еркіндік.

²¹ Пәйт /п/ — орай, ыңғай.

жылқышылардан хабар-ошар болмайды. Бай жалғыз баласын жолдас-жорасымен жылқысын іздетіп жолға аттандырады.

Күндерден күн өтіп, арып-ашып, жылқыны таба алмай жүргенде, іздеушілер бір ескі қосқа келеді. Қостың ішінде шіріген ет, ыдыс-аяқ, тағы басқа заттар жатыр екен. Мұны көрген соң, іздеушілер өз жылқышыларының бұрын қонып аттанған жері екенін топшылайды. Сол жобамен маңайдағы шаттардан, сай-саладан іздеп жүріп, айғыр үйір шолақ жылқыға кездеседі. Сол кезде бір жақтан ағып келіп, бір көк шолақ қасқыр бір қара ту биені иығына салып ала жөнеледі. Мұны көріп іздеушілер тұра қуады. Байдың баласы қасқырға бәрінен бұрын жетіп, ұрмақшы болып төніп келе жатқанда, қасқыр артына қайырылып:

– Тарт қолыңды! – дейді.

Бала есі шығып қалады. Артында қалған қуғыншылар жетіп келіп, балаға:

– Неге ұрмадың? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– Қасқыр «ұрма» деді, – дейді.

– Ойбай, қуайық, ұрмасы несі?! Қасқыр сөйлей ме екен? Егер де ұра алмасаң, атты бізге бер! – деп, аналар кеу-кеулеп еді, балаға жел бітіп, серіктерінің сөзіне еріп, қасқырға тағы бұрын келіп жетеді. Ұрайын деп ұмтылып еді, қасқыр тағы да:

– Ұрма, мен саған жалғыз қарындасымды беремін, – дейді.

Бала тағы да сілейіп тұрып қалады. Артынан қуғыншылар келіп:

– Неге ұрмадың? – деп сұрасады.

– Маған қарындасын бермек болды, – деп жауап қайырады бала.

– Мынау не айтып тұр өзі?! Қасқырдың қарындасы бола ма екен? Түс, астыңдағы атты бізге бер! – деп, жолдастары тұс-тұстан баланы ортаға алады.

Бала:

– Жарайды, енді ұрайын, – деп уәдесін беріп, тағы қуып жөнеледі.

Қасқырға жетіп келіп ұра бергенде, қасқыр тағы да:

– Тарт қолыңды! Жігіт болсаң, маған еріп, үйге жүр, жалғыз қарындасымды алып қайт, – дейді.

Бала тағы тайсалып қалады. Артынан келген жолдастарына:

– Сендер енді қайтыңдар! Мен осы қасқырдың үйіне барып, қарындасын алып қайтам, – дейді. «Қой, барма, қарағым», – деп жабысқандарына қарамайды.

– Енді қасыңа жолдас ертіп ал, – десті жолдастары. Бала оған да көнбеді.

– Өй, қарағым-ау, сенің денің сау емес шығар. Қасқырдың қызын алғанды қай атаңда көріп едің? – деп еді, бала бұған да тоқтамады.

– Менде жұмыстарың болмасын, байға сәлем айтарсыңдар, мен сол қасқырдың қарындасын алып қайтам, – деп, жүріп кетті.

– Жарайды. Бұған шара болмас! – деп, жолдастары кейін қайтты.

Бала қасқырдың соңынан еріп кетеді. Қасқыр бір иіннен келіп түсіп, биені көтерген бойынша бір үңгірге келіп кіреді. Үйден бір қаншық қасқыр шығып, баланың шылбырына жабысып, атын байлайды. Атын байлап, үңгірге алып кіреді. Іннің аузында жатқан өңкей бөлтіріктер ыңырысып, анталап тұра жүгіріп еді, баланың қасындағы қаншық қасқыр «қыңқ» ете түскенде, бөлтіріктер тегіс жатып қалды. Онан екінші бөлмеге кірді. Онда кірсе, бір көкжал қасқыр мен кәрі өлекшін²² ырылдап, тұра ұмтылды. Өзін ертіп келген қасқыр төргі үйден шыға келіп:

— Қойыңыздар! Жалғыз балаларыңның күйеуі осы болады. Қыстайғы жеген жылқы еті осы жігіттің жылқысы болатын, — дейді.

Екі үлкен қасқыр шегініп барып жатты. Қасындағы қаншық қасқыр баланы ертіп алып келіп, арсалақтап бір оңаша бөлмеге әкеп кіргізді. Түрлі тамақ дайын болды. Жігітті сырттан ертіп келген қаншық қасқыр бәрін жайлап беріп, тамақ ішкенде жігіттің жанына келіп отырды.

Кеш болды. Күн батысымен әлгі қаншық қасқыр төсек салып, жігітке шымылдық құрып, оңаша тастайды. Өзі алдыңғы бөлмеге шығып кетіп, бір бұраң қаққан ақ қаншық қасқырды алып келеді. Екеуін таныстырады.

— Мынау қалыңдығың... Мынау күйеу, — дейді.

Сонан соң бұрынғы қаншық қасқыр шығып кетті. Күйеуі төсекке жатысымен-ақ, ақ қаншық қасқыр кебін шешіп тастап, бір сұлу қыз болды да, күйеуінің қасына келіп жатты. «Не болдыға» жолығып отырған күйеу мұны көріп, қуанып кетеді.

Сонымен бірнеше күндей қызыққа батты, күндіз тілеген тамағы дайын тұрады, түнде қалыңдықпен қауышады. Қараңғы түсе ат бағуға жас өлекшіндердің біреуі шығады. Жігіт мәз-мейрам боп тынығып бірнеше күн жатты. Қалыңдық түнде қыз болып келіп, қасына жатады. Күндіз қасқыр киімін киіп, қасқырдың ішіне кетіп қалады. Бала таң-тамаша. «Бұл не нәрсе? Осы түсім емес пе?» — деп, өзіне өзі сұрақ қойып жүреді.

Күндерден күн өтіп, бір күні қыз бөрі мен күйеуді аттандырмақ болады. Үлкен кәрі қаншық күйеудің алдына келіп, шоқиып отырып:

— Иә, балам, сен келгелі бір ай болды. Сенің де ел-жұртың бар шығар. Енді осындай ауырмай-сырқамай тұрғанда еліңе қайт! — дейді.

Мұны бала да мақұл көреді.

Енесі баланың қолына бір қайрақ береді.

— Қысылған күнде керек болар, қарағым! Жаныңа қысым келсе, жерге салып қойып, бір теп. Не бол десең де, айтқаның болады, — дейді.

Бала қайрақты қойнына салып алады. Атына мініп, қайын жұртымен қоштасып, бұлаңдаған ақ қасқырды шылбырына байлайды.

Енесі:

— Қарағым, қырық күнге толмай қалыңдығыңның қасқыр кебін алушы болма, — деп тапсырады.

Бала ақ қаншық қасқырды жетелеп жүріп кетті.

²² Өлекшін — қасқыр мен иттің, жолбарыстың ұрғашысы.

Жолда қай жерге қонса, сол жерде отау тігіледі. Түрлі тамақтар дайын болады. Тамақты ішіп алып, таң атқан соң жүріп кетеді. Сөйте-сөйте, бірнеше күннен соң жігіт өзінің ауылына келеді. Ауылға жақындап келіп, қасқыр қалыңдығын бұтаға байлап қойып, өзі ауылға келеді.

– Мен әйел әкелдім, – дейді.

– Әйелің қайда? – деп сұрайды ауылдағылар.

– Сонау бұтаның түбінде отыр, – дейді жігіт.

Ауылдың қыз-келіншегі жас келіншектің алдынан шығуға жөнеледі. Шашу шашуға шешесі дайындалып жүр. Айтқан жеріне келсе, бір ақ қасқыр байлаулы тұр.

– Ой, қасқыры несі?! – десіп, келгендер келіншекті алыстан қарасып жүр.

Біреуі тұрып:

– Осы қасқырдың қызын аламын деп еріп кетті деп еді. Мұның келіншегі осы қасқыр болып жүрмесін? – деп таңырқасып, шуласып тұрғанда, күйеудің өзі жетіп келіп:

– Алдынан шыққандарың қалай, ауылға апармай тұрғандарың қалай? – деп ұрсып, ақ қаншық қасқырды алып барып, бөлек отау тіккізіп, сол отауда қасқыр келіншегімен жата береді.

Күндіз – қасқыр, түнде – қасқыр киімін шешіп тастап, қараңғы үйді жарық қылатын сұлу келіншек болып қойнына жатады. Сонымен бай баласы жата береді. Құрбы-құрдастары, ауыл аймағы: «Бұл жынданып, қасқырдан қатын алып жатыр, байдың баласы аң болуға айналды», – деседі. Құрбы-құрдастары анда-санда күліп: «Қасқырдың байы», – деп шақырады. Сондықтан байдың баласы үйінен шықпайтын болады.

Бұған қайтсе де қырық күн өткізу керек. Қырық күнді өткізгенше шыдап келеді. Бірақ байдың баласы сарғайып, әбден жүдеп кетеді. Өзінен өзі қапаланып жүрген ол қырық күнге жеткізбей, отыз жеті күнде әйелінің қасқыр көйлегін түнде шешініп жатқан жерде алып, жырттып-жырттып, отқа тастап жібереді. Әйелі ренжиді:

– Саған жақсы болмайды, сен енеңнің айтқан шартын орындамадың, – дейді.

Жігіт:

– Несіне болса да шыдадым, әбден қапа болып, өлуге айналдым. Сондықтан мұнан да сол көретін кеселдің өзін көріп алғаным жақсы! – дейді.

Таң атты. Күндегі мазақтап жүретін байдың баласына елдің бәрі таңырқап, әйелін көргендер талып жығылып жатты.

Бай жұртты жиып, той қыла бастайды. Жұрттың барлығы таң-тамаша. Сөйтіп бірнеше күннен соң той өтеді.

«Осында пәленше байдың баласы әйел алыпты, әйелі жаннан асқан сұлу екен!» – десіп, елдің бәрі шулайды. Кейбіреулері: «Қараға лайық емес, ханға лайық кісі екен!» – деп желпіндіреді. Бұл хабарды осы елдің ханы естиді. Хан көрмек болып, қолына қаршыға алып, сол байдың

ауылына қарай қаршыға салған болып шығады. Ауылға жақындағанда қаршығасын қоя береді. Қаршыға байдың баласының отауының төбесіне келіп қонады. Хан үйдің сыртында тұрып айғай салады.

— Ау, үйде кім бар? Мына құсымды әперіп жібер, — дейді. Сол дауысты естіп, байдың келіні үйден шыға келгенде, хан аттан құлап, талып түседі.

Байдың келіні ханды қолтығынан алып аттандырып:

— Хан басыңызбен қарадан шошығаныңыз не? — деп, құсты қолына алып беріп, қоя береді.

Хан әлгі әйелге ғашық болады. «Өттең, сол әйелге қалай қосылам?! Осының жөнін тауып, маған сол әйелді алып беретін кісі бар ма?» — деп еліне жар салады.

Сонда бір мыстан кемпір:

— Мұның жөнін мен тауып, алып берем, — дейді.

Хан бұл кемпірдің қалағанын бермек болады. Кемпір:

— Сіз байдың баласын шақырыңыз да, оған мынадай әмір беріңіз: «Баяғыда пәлендей жердегі көлге әкемнің ат басындай алтыны жоғалған, соны тауып әкеп бер. Егер таба алмасаң, қайтып келме!» деңіз. Соны іздеп таба алмай, өзі де жоғалады, — дейді.

Хан байдың баласын шақырып алып, әмір етеді. Бай баласы жылап-еңіреп әйеліне келеді. Әйелі:

— Мұның жарасы жеңіл, үш-төрт күнге рұқсат сұрап алып кел, — дейді.

Бай баласы ханнан үш күн сұрайды. Хан үш күн рұқсат береді. Қайтып әйеліне келеді.

Әйелі:

— Жарайды. Әзірше демінді алып жата бер, — дейді. Жігіт жата береді. Әйел күндіз-түні ұйықтамай, әшекейлеп, алтындап, жібектен неше түрлі гүл жасайды. Гүл қараңғы үйді жарық қылатын өте тамаша болады. Бір күні түнде әйел күйеуін оятып:

— Осыны алып бар да, сол ханның айтқан көліне қармаққа байлап сал да отыр. Оны сол көлдегі балықтың патшасынан басқа балық тістемейді. Балықтың патшасы келіп тістей қалса, сол бойында суырып, судың шетіне шығарып алып, хан айтқан алтынды тауып беруге аузынан уәде ал, оның уәдесіне де сенбе, қанатын жұлып алып қал, — дейді.

Айтқандай, суға барып, жібек алтын гүлін салып отырып еді, бірнеше балық келсе де тістемеді. Әлдене уақытта үлкен ақ балық жарқылдап келіп, қармақпен қосып гүлді бір-ақ асады. Суырып шетке шығарып алды. Әлгі балық «қоя бер!» деп қатты жалынды. Жігіт жібермеді. Алтынды тауып беруге аузынан уәде алып, қанатын жұлып алып қалды. Зар илеп балықтың патшасы кетті.

Балықтың патшасы барысыменен өзіне қараған барлық балықты жинап алып:

— Осында ханның әкесінің ат басындай алтыны жоғалыпты. Сол алтынды қайсың білесіңдер? — деп сұрайды балық ханы.

Сонда жиналып келген көп балық:

— Бәлен жерде бір жүз қырық жасқа келген бір кәрі балық бар, сол білмесе, біз білмейміз. Ол «бара алмаймын» деп жатып алды! — дейді.

Хан өзінің жеңдеттеріне:

— Бар да алып кел. Тез келсін! — деп әмір берді.

Жеңдеттер келіп:

— Сізді хан шақырады! — деп еді, әлгі кәрі балық тұрмады.

— Хан мені не қылады? Тұруға халім жоқ, — деп жата берді.

Жеңдеттер болмай, кәрі балықты орнынан сүйреп тұрғызса, ат басындай алтын сол кәрі балықтың астында жатыр екен. Балықты тастап, жеңдеттер алтынды патшаға алып келеді. Балықтың патшасы алтынды судан сыртқа лақтырып, жігіттен өзінің қанатын алады. Сөйтіп кәрі балық жүз қырық жасағанда, сол алтынның буымен жасаған екен. Алтынды алып кеткен соң, кәрі балық өліп қалады.

Жігіт алтынды ханға әкеліп береді. Хан дереу кемпірді шақырып алып:

— Ал, сенің келмейді дегенің қайда? Мынау алтынды алып келіп қалды. Мен сенің басыңды алам, — дейді.

Кемпір:

— Дат, тақсыр! Ер кезегі үшке дейін. Мұны тағы бір жерге жіберіңіз, өмірінде келмейді, — дейді.

— Ал, тез айта ғой! — дейді хан.

— Айтсам, сіздің әкеңіздің бір қысырағының үйірі жоғалған. Сол қысырақтың үйірі осы күнде тағы болып кетті, соны тауып, айдап келсін, — деді кемпір.

Хан мұны мақұл көрді. Шақырып алып, жігітке тағы айтты. Жігіт жылап әйеліне келді. Әйелі:

— Алты күнге рұқсат алып кел, — дейді.

Жігіт ханнан алты күнге рұқсат сұрайды. Хан алты күнге алты күн қосып, он екі күнге рұқсат береді. Әйелі жігіттің қолына жазуы бар бір таяқ береді.

— Осы таяқты ал да, көзіңді жұм, бетіңді осы солтүстікке қарат, — дейді. Сонан соң мына таяқтағы дұғаны оқы, — деп үйретеді. — Осы дұғаны оқып отырсаң, таяғың тура сол қысырақтың айғырына апарады. Айғырдың үстіне қарғып мініп ал. Басқа-көзге төпеп, үстінен түспе. Әрі-беріден кейін айғырды қалай айдасаң, жылқының бәрі жиылып, соның артынан ереді. Сонымен тура ханның ауылына бар, — дейді.

Таяқты алып, дұғаны оқып, жігіт, айтқандай, көк айғырға сарт еткізіп мініп алады. Айғыр мөңкиді, әрі-беріден соң жөнге жүреді. Жігіт ханның алдына келіп:

— Мына жылқыларыңды ұстап алыңдар, — деп айғай салады.

Өңкей тағы жылқы ауылды ойран-топыр қылып қырып кете жаздайды.

Хан:

— Ойбай, керегі жоқ, елді қырады, тарт аулақ, — деп азарда-безер болады.

— Керегі жоқ болса, жарайды, — деп, жігіт жылқыны қоя беріп, қайтып келеді.

Хан кемпірді шақырып алып, оның басын тағы алмақ болады.

Кемпір:

— Ойбай, тақсыр, дат!

Хан:

— Ал, датыңды айт, — дейді.

— Датымды айтсам, тағы жұмсаңыз. Осыны таба алмай өледі. Егер осыдан қайтып келсе, менің басымды алыңыз! — дейді кемпір,

— Ал, айт! — дейді хан.

— Айтсам, баяғыда сіздің әкеңіздің қырқына берген көк айғыр бар, сол айғырды тауып алып келсін, — дейді.

Хан жігітті шақырып алып:

— Дереву көк айғырды тауып алып кел! — деп әмір етеді.

Жігіт әйеліне келеді.

Әйелі:

— Мұның жайын білмеймін, енді енеңе бар, сол бір ақыл табар, — дейді.

Жігіт уайымдайды.

Әйелі айтады:

— Бұған үш ай сұра, үш айдан кемде таба алмайсың, — дейді.

Жігіт барып ханнан үш ай сұрайды. Үш айдың үстіне үш ай қосып, хан алты ай береді. Жігіт үйге келеді.

Әйелі айтады:

— Сен келгенше хан мені қоймайды. Сен қырық күнге шыдасаң, мұндай болмас еді, — дейді.

Жігіт қысылады. Айла азайды. Сонда тағы да әйелі айтады:

— Қой, саспа! Сен енең берген қайрақты жерге қойып бір тепсең, ол не бол десең, сол болады. «Үш қабат үй сал» деп теп те, мені сол үйдің астыңғы қабатына түсіріп кет, — дейді.

Жігіт қайрақты жерге қойып, «үш қабат үй бол» деп теуіп еді, үш қабат үй болады. Соның ең астыңғы қабатына әйелін түсіріп, жігіт қасқыр қайнына жөнеледі. Сонымен бірнеше күнде қайнына келіп жетеді. Келген жұмысының бетін айтады.

— Әй, балам-ай, бәрі өзіңнен! Қырық күнге шыдасаң ғой, онда мұндай пәлеге душар болмас едің. Жарайды, қайыр. Енді ақыл табылар, — деп, қасқыр енесі күтіп, жатқызады.

Ертеңіне енесі мынадай ақыл береді:

– Сен жатпа, балам. Осыдан барасың, барсаң пәлен жерде ханның әкесінің моласы бар. Сол молаға барып, ханның әкесінің қабірін қазып, сүйегін жиып алып, бесікке салып тербет. Сонан соң ол ойбай салады: «Тынышыңды алғыр, менде қайсыңның ақың бар?» – дейді. Сонда сен: «Мен емес, менің тынышымды сенің балаң алды, сенің тынышыңды мен алып отырмын!» де. Сонда әкесі: «Баламның менде несі бар?» – дейді. Сен: «Балаң қырқыңа бір айғыр сойған екен, соны тауып бер деп жатыр» де. Сонда ол айғырды тауып береді, – дейді.

Айтқанындай, жігіт қабірге келіп, сүйекті бесікке салып алып, тербете бастайды. Әрі-беріден соң ол ойбайлап:

– Тынышымды алма! – дейді.

– Мен емес, менің тынышымды сенің балаң алды, мен сенің тынышыңды алып жатырмын! – дейді жігіт.

– Баламның менде несі бар?

– Балаң сенің қырқыңа айғыр сойған екен, соны менен даулап жатыр, мен сенен сұрап отырмын. Сен сол айғырды тауып бер.

– Ой, арамнан туған! Маған берген бір айғыры көп пе еді? Сұрайтын болса, бердім. Арамнан туған! – деп, айғырды көрден сыртқа лақтырып жібереді.

Жігіт қараса, айғырдың артқы аяғы жоқ.

– Ойбай, артқы бір аяғы қайда?

– Оны маған берген жоқ. Арамнан туғанға айт, бар! Бір санын әйелімен екеуі жеген.

Жігіт айғырды жетелеп, екі айда елге келіп, ханға айғырды тапсырып, әкесінің сәлемін айтады. Сол кезде хан қарамағындағы барлық ұстаны жиып, үш қабат үйді бұздырып, екі қабатын бұзып, үшінші қабатына кірісіп жатыр екен.

Барлық тапсырманы орындағаннан кейін, хан ойланып, қатесін мойындап, кемпірдің басын алып, жігітке өзінің қызын қосып, орнынан түсіп, тағын береді.

Жігіттің әуелгі алғаны қасқырдың қызы емес, перінің қызы екен. Сөйтіп ол мұратына жетіпті.

Бекболат

Ертеде бір кедей болыпты, оның төрт баласы болыпты. Кішісінің аты Бекболат екен.

Бір күні ол кедей «тілімді алмайсың» деп, Бекболатты үйден қуып жібереді. Бекболат қаңғырып келе жатып, көлдің жиегіндегі жалғыз үйге сәлем беріп кіріп келсе, бір шал мен кемпір отыр екен. Олар жөн сұраса, Бекболат:

– Әке-шешем жоқ, қаңғырып жүрген жетім баламын, баласы жоққа бала болар едім, – дейді.

Бұған шал мен кемпір қуанып, Бекболатты бала қылады да, азын-аулақ малы бар екен, соны баққызып қояды. Шал өзі қармақ салады екен. Біраз күннен кейін Бекболат атасынан рұқсат алып, қармақ салатын болады да, шал қой бағады.

Күндерде бір күн Бекболаттың қармағына бір үлкен балық ілінген екен, соны Бекболат жалғыз өзі ала алмай, әке-шешесі келіп, үшеуінің әлі жетпей, ақырында шал:

— Балам, сен қармағыңды мықтап ұстай тұр. Кемпір, сен үйге барып қазаныңды даярла. Мен мынау ауылдың жігіттерін шақырып келейін, — деп, көрші ауылға кеткен кезде, әл бермей жатқан балық судан шыға келіп, Бекболатқа:

— Сен мені босат, қысылған жерде бір көмек көрсетермін, — дейді.

— Сен су астына кетесің, мен жерде жүрем, қалай көмек көрсетесің? — дейді Бекболат.

Сонда балық тұрып:

— Менің бір қабыршағымды жұлып алып қал. Керек уақытыңда соны тұтатсаң, саған өзім келемін, — дейді.

Бекболат ойланып тұрады да, балықтың бір қабыршағын жұлып алып, өзін қоя береді. Сол уақытта қараса, әкесі көп жұртты жинап алып келеді екен. Мұны көріп Бекболат қармағын суға тастап жібереді. Әкесі келіп:

— Балық қайда? — дейді.

— Балығы құрсын! Өзімді қармақпен бірге суға әкете жаздады, — дейді Бекболат.

Сол жерде шал ашуланып:

— Қаңғырған ит, біреуге сатып жібердің ғой! — деп, Бекболатты ұрып-ұрып, қуып жібереді.

Соры қайнап, ел кезіп келе жатқанда, бір жез шудалы боз тайлақты бір қасқыр қуып келеді екен. Қасқырдан қорыққан тайлақ Бекболатқа келіп:

— Мына қасқырдан құтқара көр! Қысылған жерде мен де саған бір жәрдем көрсетермін, — дейді.

Сонда Бекболат:

— Сен өзің кетіп бара жатырсың, қайтіп маған жәрдем көрсетесің? — дейді.

Жез шудалы боз тайлақ:

— Менің шудамнан бір талын жұлып алып қал. Қысылған жерде тұтатасың, мен келемін, — дейді.

Бала тайлақтың айтқанын істеп, оны қасқырдан құтқарып жібереді.

Мұнан соң келе жатса, бір үлкен құс екі самұрықты қуып келеді екен. Самұрықтар жаныңда келе жатқан баланы көріп: «Адамзат қой, бізді құтқарса, осы құтқарар», — деп Бекболатқа келіп:

— Мына жаудан құтқар! Біз де бір керегіңе жарармыз, — дейді.

— Сендерді мен аспаннан қалай табамын? — дейді.

Сонда самұрықтар:

— Сен екеумізден екі қауырсын жұлып алып қал. Қысылған жерде қауырсынымызды тұтатсаң, біз келеміз, — дейді.

Бекболат олардың да тілегін орындап, самұрықтарды құтқарады.

Тағы да келе жатса, бір түлкіні бір бүркіт қуып келеді екен. Адамды жау көретін түлкі не істерін білмей, аңырып тұрып қалады да, бүркіт өзіне шүйіле берген кезде Бекболатқа жетіп келіп:

— Ойбай, ағатай, мені мына жаудан құтқар! Мен де жәрдем көрсетермін, — дейді.

Мұны естіп Бекболат:

— Сен қазір тауға, тасқа өз жайыңмен кетесің. Мен сені қайдан табам? Сендей жүйрік емеспін, — дейді.

Сонда түлкі:

— Менің бір тал қылшығымды жұлып алып қал. Соны тұтатқанда иісі шығар, мен сол жерде дайын боламын, — дейді.

Бекболат түлкінің айтқанын істеп, келе жатқан жауынан құтқарады.

Сонан тірі жетім Бекболат зарлап келе жатса, көз ұшында бір үй көрінеді. Жақындап келіп байқаса, көп ауыл екен. Соның шетіндегі бір қосқа келіп, тыңдап тұрса, шалдың кемпірге ұрысқан даусы шығады. «Қабағың жаман қақбас, бір бала таппай... мына қалған ірімшік, мына қалған май, қаймақты кім жейді?!» — деп шал кемпіріне жырлап отыр екен, сол кезде Бекболат сәлем беріп, кіріп келеді.

— Е, балам, жоғары шық! — деп шал жөн сұрайды.

Бекболат:

— Әке-шешем өліп, қаңғырып жүрген сорлымын, — дейді.

Мұны естіп шал қуанып:

— Маған бала боламысың? — дейді.

Бекболат: «Құп!» — деп, шалға бала болады. Шалдың азын-аулақ малын бағып, кешке шал мен кемпірдің қасында алданыш болып жүреді.

Сол елдің Ақбұзау деген ханы бар екен. Күндерде бір күн «ханның Қараю деген сұлу қызы қалыңмалсыз күйеуге тиеді» деген хабар шығады. Мұның қалай екенін түсіне алмай Бекболат сол елдің жігіттерінен анықтап сұраса, ол былай екен. Қараюды алуға дәмеленіп барған адам үш рет жасырынады екен. Сол уақытта Қараю ол адамды таба алмаса, соған тимек екен. Егер тауып алса, басын алады екен. Қараюды алуға дәмеленген жас та, кәрі де — бәрі ханның ордасына жиналып, қандай жерге тығылса да, Қараю тауып ала береді екен. Бір күні бір жігіт құдықтың ішіне түсіп, жатып алған екен. Алтын тақта отырған Қараю оны да тауып алыпты. Өзі ай мен күндей сұлу екен. Мұның жолында нелер жас жігіттер өлген екен.

Бекболат тәуекелге бел байлап, бармақ болады. Асырап отырған шал мен кемпір Бекболатты сондай жақсы көреді екен.

Кемпір-шалдың: «Шырағым, Болатжан, сен барма, босқа өлесің, талайлар ол қыздың қолынан өлген!» — деп, зарланғанына Бекболат құлақ аспай, жүріп кетеді.

Ақбұзау ханның ордасының алдына барса, Қараюдың бір жеңгесі келген адамдарды қызға жіберіп тұрады екен. Бекболат солардан рұқсат алып, Қараюдың сарайына барады.

— Еркежан-ай, сені алу үшін талай жақсы да, жаман да таласып болды-ау! Бір жаман қара бала келіп тұр. Соны кіргізбей-ақ қойсақ қайтеді? — дейді жеңгесі.

Мұны естіген Қараю күліп:

— Жоқ, жеңеше! Көп адамның бірі болар, кіргізіңіз, — дейді. Жеңгесі кіргізеді, сонда Қараю:

— Ал, бала, үшке шейін тығыл! — дейді.

Бекболат:

— Рұқсат берсең, төртке дейін тығылам. Әйтпесе, әуре болмай, қайта берем, — деген соң, Қараю таңданып, рұқсат етеді.

Бекболат далаға шыға сала, боз тайлақтың қылын тұтатқан екен, боз тайлақ жетіп келіпті. Сонан соң ол боз тайлақтың үстіне мінеді де, адам өтпес, аң жүрмес қалың тоғайдың ар жағына өтіп кетеді, мұз дарияға жетеді. Қараю уақыты болған соң қарап тұрып:

— Сен, бала, боз тайлақтың үстінде, қара шидің ар жағында, мұз дарияның бер жағында тұрсың, — дейді.

Сонда Бекболат:

— Мұның рас! — деп, жетіп келеді.

Қараю оны екінші рет жасырынуға жібереді. Бекболат үйден шыға сала, балықтың қабығын тұтатқан екен, балық жетіп келеді. Оған да жоғарыдағыдай, Қараюмен серттескен сертін айтқан соң, балық баланы ішіне салып алып, дарияның астына түсіп, жардың көлеңкесіне барып жатады. Қыз уақыты болғанда қарап тұрып:

— Бекболат, дарияның түбінде, ақ жайынның ішінде жатырсың, шық бері! — дейді.

— Оның рас! — деп, Бекболат жетіп келеді.

Үшінші рет рұқсат бергенде екі самұрықтың қанатын тұтатқан екен, екеуі жетіп келіп, Бекболатты жеті қабат көкке алып кетіпті.

Қараю сұлу қарап-қарап:

— Бекболат, сен жеті қабат көктен әрі, самұрықтың қанатының үстінде жүрсің, түс! — деген соң, Бекболат:

— Оның рас! — деп, жетіп келеді.

Қараю сұлу:

— Ақырғы кезегің, өлім уақытың таянды, бар, тығыл! — дейді.

Сонда Бекболат түлкінің қылын тұтатып жібергенде:

— Ләшпай, тақсыр, не бұйырасың? — деп, құйрығын бұлаңдатып, түлкі жетіп келеді.

Бекболат сол уақытта көзіне жас алып: «Өлім уақыты таянды, түлкім! Осындай Қараю деген Ақбұзау ханның қызымен серттесіп едім, енді сенен жәрдем болмаса, өлдім! Мені жасыр», — дейді.

Сонда түлкі күннің шығысынан қазған інінің аузын Қараю сұлудың тағының астынан шығарады да, Бекболатқа:

— Ол қыз неше айлакер болса да, енді сен аласың! Ол қыз қазір: «Бекболат, сен жоқсың!» — дер, онан соң тағы: «Жоқсың!» — дер, сен орныңнан қозғалма да, үндеме де. Ол қыз ең аяғында: «Күннің шығысынан бір, батысынан бір ін шыққан. Мұнда, Бекболатым, сен жоқсың!» — дер, сол уақытта сен: «Мен мұндамын!» деп шыға кел, — дейді түлкі.

Бекболат досына қош айтысып, жүріп кетеді. Мұнан соң Қараю сұлу қарап таба алмай, екі рет:

— Сен жоқсың! — деп айғайлайды.

Үшінші рет: «Күннің шығысынан қазылған іннің батысынан шыққан аузы бар. Бірақ ол інде, Бекболатым, жоқсың!» — дегенде, Бекболат:

— Мен мұндамын! — деп, шыға келіпті.

Сонымен қыз да, үйінің іші де, туған-туысқандары да, қыздың барлық ел-жұрты да риза болып, қызды Бекболатқа қосады. Ханның өзі қартайған екен. «Жетім де болсаң, ел билеуге лайық екенсің» — деп, Бекболатты өзінің орнына хан қойып, тағын беріп, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды.

Мұнан соң Бекболат баяғы өзінің әке-шеше, ағаларын іздетіп алғызып, кешірім сұрап, әкесімен татуласады.

Қаратай

Ерте заманда үш ағайынды жігіт болыпты: үлкенінің аты — Сарытай, ортаншысы — Торытай, ең кішісі — Қаратай.

Жігіттер аң аулаумен кәсіп етіпті. Әр күнде кішісі аңға шығып аң аулады, үлкен Сарытай үйде қалып аңшыларға ас даярлаушы еді.

Бір уақытта Сарытай үйде ет пісіріп отырса, даладан бір зор дауыс естілді. Сарытай қорыққанынан жалма-жан орнынан тұра келіп, далаға шықты. Далада ол не көрді? Сақалы қырық тұтам, бойы бармақтай, түсі суық адамды көріп, қорыққанынан өле жаздады.

Құдайдың кем жасаған байғұсы Сарытайға қатты ақырды хәм оған:: «Мені аттан түсіріп ал!» — деп бұйырды. Сарытай есі шығып кетіп, қорыққанынан шалға жетіп келіп, атынан түсіріп хәм үйге әкелді. Үйде ет ошақ үстінде тұр еді.

Ергежейлі шал Сарытайға: «Ет бер!» — деп бұйырды. Байғұс Сарытай оның барша бұйырғанын орнына келтіре бастады. Қазаннан етті түсіріп алып, шақырмаған қонағының алдына қойды.

Қонақ кірпік қаққанша табақты тазалап, тағы да ет сұрай бастады. Сарытай қазаннан бәрін алып, жалмауыз қартқа берді.

Бір жапырақ еттің артынан бір жапырақ ет біздің батырдың аузына қарай жұмарланған уақытта Сарытайдың көзі ілеспеді.

Астан соң қонақ атына мініп үйіне қайтты. Сарытай інілері аңнан келген шақта оларға болған уақиғаны айтты.

Екінші күні үйді қарауылдауға һәм ас даярлауға ортаншысы Торытай қалды. Оған тағы да баяғы біздің алып келді. Қазанды тазалап үйіне қайтты. Міне, кезек ең кішісі Қаратайға келіп, ол үй күзетіп, ас даярлап тұруға үйде қалды.

Қаратай өлең айтып отыр еді, кенеттен шыңғырған дауыс естілді.

Қаратай батыр далаға шығып, қырық тұтам сақалды шалды көрді. Баяғы әдетінше ергежейлі Қаратайға: «Мені аттан түсіріп ал!» — деп қышқырды²³.

Қаратай қорықпай, жай тұрып: «Бізге келген қонақ аттан өзі де түсетін. Оның мұнда қызметкері жоқ», — деді.

Қаратайдан қарсылық көрген соң, біздің батыр ергежейлі шал ақырын жұмсап һәм даусын төмендетті. Баланың қимылдамай, ешбір жалтақтамай тұрғанын көріп, ергежейлі аттан өзі түсіп һәм ет асулы тұрған үйге өзі кірді. Ергежейлі Қаратайға қарап: «Сен маған қазаннан ет алып бер!» — деді.

Бала қазаннан етті түсірді, табаққа салды, оны шақырмаған қонақтың алдына қойды. Қонақ еттің бәрін жеп, тағы да ет сұрайды. Сонда Қаратай оған: «Біздің қонақтарымыз бұрын бір табақтан көп жемейтін еді һәм сұраудың да реті жоқ. Мұнда ағаларымның да сыбағасы бар. Олар аңнан қайтса керек һәм қазанда қалған етті жесе керек», — дейді.

Жігіттің бұл айтқанына ілтипат етпей, ергежейлі етті өзі-ақ билеп-төстей бастады. Жас жігіт ергежейлінің өз бетімен істеген ісіне намыстанып, жігері қайнап, алысуға бар күшімен ұмтылып, ұзын сақалынан алды. Ілездің арасында зор төбелес болды. Ақырында Қаратай жеңіп, шалды сақалынан үлкен бәйтерекке байлап қойды.

Түнде ергежейлі сақалын үзіп алды да, қашуға бет қойды. Ертеңінде балалар шалдың бәйтеректе жоқ екенін көрді. Бірақ орнында баяғы өзі байлаған сақалы бәйтеректе қалыпты. Балалар кегін алуды ойлап жүр еді, қууға артынан кетеді. Жігіттер көп іздеп, еш жерден таппады. Міне, ақырында жердегі тесікке келді. Қаратай өзінің тілеуі бойынша арқаннан ұстап төмен қарай түсіп кетті. Ағалары арқанды ұстап қалды. Ол шұңқыр түбінде аппақ сүттей бір үйді көрді. Қаратай бұл үйге кіріп, ондағы сұлу үш қызды көрді. Үш сұлу жас жігітті көрген соң, тиісті әдеппен тұра келіп, орындарынан тағызымшылық²⁴ көрсетісті. Сұлулар үндемей тұрды. Қаратай оларға қарап: «Қарындастарым, сақалсыз, бойы бір тұтам кісі көрдіңдер ме?» — деп сұрады. «Көрдік! — деді қыздар. — Жігіт, сақтанғайсың ол залымдардан, барсаң, сені өлтірер, біз сені аяймыз! Ол біздің көрші үйде жатады», — дейді. «Жоқ! Мен барамын ол залымға! — дейді Қаратай. — Егер де ол төбелес ете бастаса, сұлулар, сіздер қайсымызға болысар едіңіздер?» — деп сұрады Қаратай. «Сізге болысар едік», — деді қыздар. Қызу жігіт Құдайға сиынып, қашқын жатқан үйге қарай бет қойды. Қаратай онымен көп

²³ Қышқырды — айғайлады, бақырды.

²⁴ Тағызымшылық — ізет, құрмет, қошемет ету.

алысып, ақырында шаршап, күші азая бастады. Қаратай су ішкісі келген соң, шөлін қандыруға ергежейліге қарап біздің Қаратай: «Қарт, жібер мені су ішуге!» — дейді. Қарт көптен-ақ осындайды тілеп тұрған, біздің батырға рұқсат берді. Қаратай баяғы таныс сұлуларға келіп, олардан ішуге су сұрады. Сұлулар жас бозбалаға жай су бермей, адамға күш беретін су берді. Қаратай суды ішіп, көп күштің пайда болғанын денесі сезді. Ергежейлінің де су ішкісі келді, ол да қыздарға келіп су сұрады. Айлакер, мікір²⁵ [сұлулар] сүймейтін шалына адамның күшін азайтатын су берді. Көкмойын сұлулардың суыменен күшейген Қаратай бір қойып, қыздардың суымен күші кеткен шалды өлтірді де, тілеген мұратына жетті.

Қаратай шалды өлтіріп, өзіне жақсылық еткен сұлуларына келді хәм оларға: «Сүйікті сұлуларым, неге сіздер жер астында тұрасыздар, сіздерді Құдай ұрған залым алып қашқан жоқ па?» — дейді. Осы сөзді естіген шақта сұлулардың көздеріне жас толып, басын төмен салып, ең үлкені көзіндегі жасыменен өзінің қайғылы хикаятын бастады:

— Зейініңді салып тыңдағайсың, мен өзімнің хикаямды айтайын. Біз үшеуіміз бір туысқан едік. Жер үстінде тұрушы Сарманқұл деген тәуір байдың қыздары едік. Ол біздің атамыз бүкіл дүниеге мағлұм еді. Өзінің нағыз алтыннан салдырған әйбат сарайы хәм бақшасы, оның ішінде әртүрлі дүниенің кереметі бар еді. Біздер осы әйбат сарайдың ішінде тәрбиеленіп едік. Әр күн шешеміздің күңінің қарауында бақшаға барып сайран етуші едік, бейне бір жұмақтың құсына ұқсап сайрап мереке етуші едік. Ол бақшаның ішінде әртүрлі құстар сайрап, гүлдер жақсы иіс беріп, ақ күмістей бұлақтар ағып, жыл бойы әртүрлі жемістер пісіп тұрушы еді.

Бірде бақшаның қызығымен алданып, кештің болғанын білмей қалыппыз. Кенеттен күн түнеріп, жел шығып, сөйте-сөйте ұлғайып дауыл тұрды. Күн күркіреп, нажағай ойнап, жер солқылдады. Біздерді бір нәрсе білінбей төмен тартты. Көзді ашып-жұмғанша біз осы ақ үйдің ішінде болдық.

Осы үйдің иесі — ергежейлі қарт, оны сен, жігіт, қазір өлтіріп, тағдыры кіріптарлыққа түскен бізді құтқардың. Сенің сипатыңды, өзіміздің құтқарушымызды көріп тұрмыз. Бүкіл өміріміз бойынша Құдайдан тілеуіміз — бізді құтқарғаныңыз үшін сізге зор рақмет етсін!

Жас жігіт байғұстардың айтқан сөзіне рақымы келіп, бақытсыздықтарына көп қапаланды. Ол бақыттың құсын бұлардың басына қондыруды, жарық дүниені көрсетіп, некелі жар етуді өзіне өзі міндет етті.

Қаратайды арқан ұшына байлап тесікке жібергендегі сияқты осы арқанның ұшына үлкен қызды байлап, тарт дегендей белгі еткенде, ағалары арқанды тартып, оған Құдайдың жарығын көрсетті. Арқан ұшында інісінің орнында қызды көріп, шошып кеткендіктен, тіпті жеткізіп айтуға мүмкін емес! Жүректеріне қан толып, бейне ақымақ әйелше ақыра

²⁵ Мікір — мықыр, қортық.

бастады. Ақылды қыз оқиғаның баршасын айтып еді, жігіттер басылды. Арқанды тағы төмен жіберіп, қыздарды жарыққа шығарды.

Әлгі қыздардың сұлулығына қызығып, алуға талап еткен ағалары залымдық іске бел байлайды. Қаратайды жер астында қалдырып, өздері қымбат та бағалы дүниелерді алып жөнеледі. Екі жігіттің дінсіздігін көрген кіші қыз бәрінен сұлу һәм ақылды еді, екі мырзаға қарап: «Ей, жақсы жігіттер, ініңізді не себептен мәңгі азапқа тастайсыздар? Ол нендей жазасымен осындай азапқа лайық? Осындай таза жігітті шынымен-ақ өлімге қиғандарыңыз ба? Қаратай сіздердің де, біздің де құтқарушымыз емес пе? Құдайдан қорқыңыздар, біреуді бақытсыз етіп бақытты боламын деп ойламаңыздар. Сіздер еш уақытта бақытты болмайсыздар, бүгін болмаса, ертең оның кебі бастарыңызға келеді. Құдай аққа береді, ол жаза етер», — деді.

Бұл айтқаны залымдарға еш әсер етпеді. Сонда кіші қыз жылап тұрып: «Мен сіздермен жүрмеймін, оның жанында қаламын, маған осы жердегі өлім сүйкімдірек, сендермен қайғы жұтып жүргенімнен», — деп, байғұс зар жылап, ақырында өзін өлтіруге бел байлайды. Жігіттер оны өзін-өзі өлтіруге жібермей, қол-аяғын байлап тастап, өздері кете берді.

Қайыр, жігіттер жүре тұрсын, біз Қаратайға қайталық. Қаратайдың іші бәрін де сезді. Залымдығы үшін ағаларын қарғамай, Құдайға жалбарынды. «Оларды ақылды ет», — деп, Құдайға тапсырды. Жер астынан бір үлкен тесік көрді. Тесікке кіріп еді, бір ақ сақалды шал отыр екен. Оның алдында сөнбейтін от жанып тұр. Ол барша зейінімен үлкен дұғалық кітап оқып отырды. Шал келушіні байқамай, кітабын оқи берді. Қаратайдың сөзіменен оқуы бөлінді. «Ассалаумағалейкүм, Құдай рақметі сізге болсын», — деді. Қаратайды көргенде оның көзі оттай жайнап, күлімдеп, үнін жұмсарта: «Қош келдіңіз, сүйікті ұғылым, Қаратай», — деді. Бейтаныс қарт атын атағандығына Қаратай қайран қалды. Шал күлімсіреп: «Міне, енді келді көп күткен қонақ. Отыр, адам ұланы һәм тыңда менің қайғылы хикаямды. Менің бұл шұңқырда тұрғаным қырық жыл. Дұғалық кітап оқуға бүкіл өмірімді сарп еттім. Бізді тағдыр өзі қосты, сен маған ұғыл боларсың, мен саған ата болармын. Сенің маңдайың жарық, бақытың жарқырап тұр. Ағаларың уақытша қорлық еткен һәм уақытша ғашығыңнан айырылыпсың, ол әлі сені ұмытқан жоқ. Күнімен сені ойлайды. Сенің ағаларың арам қолдарымен гүл секілді тәнін ұстамаққа талап етеді, бірақ көрінбес періште сен үшін денесін қорғайды. Ол сенікі. Екеуіңіз бақытты болып, некеменен қосылып өмірді рақатта өткізерсіз. Осындай зор мәртебеге досың сүйініп, дұшпаның күйінер. Міне, саған тағы бір сөз: ағаларыңның айыбын кеш, зор кінә етті олар, сені жер астына тастап, сенің қалыңдығыңды алайын деп, ол байғұстар да зор азап тартады. Оның үшін Құдай сені жарылқар, оның рақметіменен мәңгі кең дүниеге шығасың. Енді ұйықта, қайғыменен жолдан шаршаған шығарсың», — деді. Шалдың сөзі Қаратайды қуантты. Шалдың аяғына жығылып, қолын сүйді. Ол барша азабын һәм шаршағанын ұмытып,

ақырындап тәтті ұйқыға кетті. Сол уақытта шал ұйықтамай, өзінің тәуір көретін кітабын оқи берді. Кенеттен ол әйдік²⁶ ақ құс болып, ұйқыдағы Қаратайды арқасына мінгізіп, көзді ашып-жұмғанша Құдайдың жарығына шығарды. Үш жұма, үш күн өтті. Қаратай әлі ұйқыда. Шал оны бір залым залал етер деп күзетіп отырды. Міне, батыр оянды, жан-жағына қарап тауларды көрді, ормандарды, тез аққан өзендерді, айналасына көз жетпейтін көк ауаны көрді. Осының бәріне сенбей, Қаратай қуанып, сақылдап күлді. «Ей, Құдайым, қандайлықпен мен жарық дүниеге шықтым?! Сен Құдайым, маған құдіретті, күшті һәм әділ шал сипатындағы құтқарушы жібердің», – деді. Осылай деп шалдың мойнынан құшақтап сүйіп, «ата-анам, құтқарушым!» – деді. Шал: «Сені Құдайға тапсырдым», – деп көзден ғайып болды. Қаратай шалдың ақкөңілді екеніне, жаны жұмсақтығына, әсіресе көзді ашып-жұмғанша ғайып болғанына ғажапқа қалып һәм бірнеше минуттай қимылсыз қалды.

Бұл шал Қызыр пайғамбар еді. Құдайым оны бейшара болған Қаратайға жіберіп еді, жер астында жатып көп жалбарынып еді. Қаратай тез серпіліп, күш-жігері тасып, өз ғашығын іздеп шығуға асықты. Қаны тасып, көзіне қан толып, ашудан бойы дірілдеп, қызға ғашықтықтан шөлдеді. Нақ осы уақытта: «Қапаланба, бәрі де болар, тез алдыңнан шығар!» деген дауысты естіді.

Шалдың айтқаны келді. Қаратай ашуменен қайда барарын білмей отырғанда, оның жанына ағалары келді. Ағалары інісін көріп қорыққанынан өле жаздап, оның аяғына жығылды.

Сұлудың қуанғанынан жүрегі жарылып кете жаздады. Қуанғанынан өзін ұмытып, қуаныштың көз жасы батырдың мойнын жуды. Батыр оның бетін шөпілдете сүйіп, сүйіктісі көкірегіне басын қойды... Ақкөңіл Қаратай ағаларының айыбын кешті, бізге белгілі өз сұлуын алып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, бақытқа кенелді. Мұраты асыл болып, мұнан соң да Қаратай қосағымен көп өмір сүрді. Сүйікті қосағынан балалар туып, олар да әкесіндей батыр болды.

Алтын жүзікті қыз

Ертеде бір ханның бір ұлы, екі қызы болыпты. Үлкен қызы жаннан асқан сұлу екен. Күндердің бір күнінде қыз қолындағы алтын жүзігін жоғалтып алыпты. Әкесі: «Кімде-кім қызымның алтын жүзігін тауып берсе, қызымды соған беремін», – деп, ел-елге жар салыпты. Қызды аламыз деп дәме қылған адамдардың ешқайсысы да жүзікті іздеп таба алмапты. Хан жарлығын естімеген баласы қорадан тауып алған жүзігін әкесіне әкеп беріпті. «Хан жарлығы екі болмайды» деген оймен хан қызын өз ұлына қоспақшы болып, көрші ел халықтарын тойға шақыртады. Жан-жаққа кісі шаптырады. «Хан қызын ұлына беретін болыпты»

²⁶ Әйдік – үлкен, зор, еңселі.

деген лақап тарайды. Бұл сұмдықты естіген қыз арсыз әкенің әміріне көніп, өз ағама әйел болғанша қаңғырып өлейін деп, той болар алдындағы түні жасырынып, өз үйінен қашып шығады. Бірнеше күн жүріп, тау ішіндегі бір үйге келіп паналайды. Хан қызының жоғалып кеткенін естіп, тас-талқан болып ашуланып, жан-жаққа іздеушілер жібереді. Қаншама нөкерімен ханның өзі де іздеп шығады. Айлар, күндер іздеп, қызды таба алмайды. Бір күні қыз өзінің үңгірінен шығып, тау бөктерінде жидек теріп жүргенде, хан көріп қалып, қызына қарай айғайлап жүгіреді. Бірақ қыз тез әулие үңгірге кіріп кеткенде, есік тарс жабылып қалады. Үңгірдің есігі «ашыл» десе ашылып, ашылма десе ашылмайды екен. Сонда хан келіп:

— Ашыл, мүлдем ашыл,
Дидарыңмен шашыл!
Мен қызымды көрейін,
Шашын талдап өрейін! —

деп жылайды. Есік түбінде қыз тұрып:

— Ашылма, мүлдем ашылма,
Дидарыңмен шашылма!
Мен әкемді көрмейін,
Өрмей-ақ қойсын шашымды! —

депті. Жабылған есік қайта ашылмапты. Хан есіктің ашылмайтынын біліп, жылап үйіне кетіпті. Ханнан кейін қыздың шешесі мен ағасы келіп ашылуын сұрайды. Қыз бұларға әкесіне берген жауапты беріп, есікті ашпай қояды. Ең ақырында қыздың он жасар сіңлісі келіп:

— Ашыл, мүлдем ашыл!
Дидарыңмен шашыл.
Мен тәтемді көрейін
Шашын өріп берейін! —

депті. Тәтесі сіңлісінің даусын естіп, қаншалықты өзін берік ұстаса да, көңілі босап, жылап жібереді. Сонда да есікті ашпауға тырысады:

— Ашылма мүлдем ашылма,
Дидарыңмен шашылма!
Мен сіңлімді көрмейін,
Өрмей-ақ қойсын шашымды! —

депті. Кішкене сіңлісі енді не істерін білмей тұрғанда, екінші бір сайдан келе жатқан бір топ қасқырды көріп, шырылдап жылап жібереді. «Қасқырға жем етемін демесең, есікті аш!» — дейді. Тәтесі шыдап тұра алмай есікті ашып жібереді. Бірін-бірі сағынған апалы-сіңлілі екі қыз жылап көріседі. Тәтесіне қараса, әбден жүдеген, бұрынғы алмадай ал қызыл беті бозарып солған, көп жылағандықтан ісініп, мөлдір қара көздері ыстық жасқа толған, қылтадан төмен түсетін ұзын, қою қолаң шашы

тарқатылған. Сіңлісі қайғылы тәтесінің бауырына кіре түседі. Екі бауыр құшақтасып отырып, мауқын басады.

Бұлар енді елге қайтпақшы болып, сіңлісі екеуі күн-түн демей жол жүріпті. Бір күні күн ыстық болыпты. Кішкене қыз келе жатып жолдағы қара судан еңкейіп су ішіпті де, маралға айналып кетіпті. Қыз тағы да бір бақытсыздыққа ұшырағанына қапаланып, маралын жетектеп жылап келе жатып бір ауылдың сыртындағы құдықтың түбіне келіп, оны суарып, құдықтың түбіндегі терекке байлап, өзі теректің басына шығып отырады.

Бір күні мыстан кемпір су алуға құдыққа келеді. Құдыққа тал басында отырған қыздың суреті түсіп тұрады. Мыстан қызды құдықтың ішінде отыр екен деп, ханның уәзірлеріне хабар береді.

Ханның қырық уәзірі ұзындығы қырық құлаш арқанмен құдыққа келіп, арқанды құдыққа салып, өздері бірінің артынан бірі ұстап тұрып, тартып қалғанда, бәрі шалқасынан құлапты. Сонда теректің басында отырған қызды көріп, сұлулығына таңданып, қызды ханға ертіп әкеледі.

Ханға қыз өте ұнайды. Ханның жас әрі көрікті баласы болады. Қыз балаға да ұнайды. Хан қызды баласына әпермекші болады. Бірақ қыз оларға:

— Кімде-кім менің маралымды бағып-қағып өсірсе, соған күйеуге шығамын, — дейді. Хан қыздың тілегін береді.

Қызға да хан баласы ұнапты. Сөйтіп хан жан-жаққа жар салып, ел жинап, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қызды баласына қосыпты. Осыдан бастап бұлар бақытты тұрыпты. Маралы қайтадан адамға айналып, сіңлісі қыз қалпына келіпті. Ол бойжетіп, тәтесінің орнын басып, үлкен қыз болыпты. Ханның баласы мал малданып, жан жанданып, балашағалы болыпты. Апалы-сіңлілі екі қыз да мұраттарына жетіпті.

Ай астындағы Айбарша сұлу

Баяғыда «Күлмесхан» деген хан болыпты. Оның шын аты Баяухан екен. Күлмесхан аталған себебі, Баяуханның заманында жаугершілік қатты болып, бір ел бір елді шауып ала береді. Содан кейін Баяухан бір күні жұртын жиып, бірнеше әскер алып, «жұртқа тыю саламын, әлемге әділдік орнатамын» деп, жер қайысқан қолмен аттанған екен. Жарты жолға жеткен соң, Баяуханның пір тұтып жүрген бір абызы бар екен, сол есіне түседі. Баяухан: «Қой, мен қайда барсам да, не істесем де абыздан рұқсат алушы едім ғой. Абыздан бата, ақыл алмай кеткенім қате болған екен», — деп, әскерін сол араға қалдырып, бас уәзір екеуі абызға келіпті. Абыз:

— Уа, ұлым, қайда аттандың? — деп сұрапты. Баяухан:

— Уа, баба, сізден бата ала кеткелі келдім. Жер қайысқан қол жиып, дүниеге тыныштық, әділдік орнатқалы аттандым, — дейді. Сонда абыз отырып:

— Ә, балам, тиыштық, әділдік орнатам деп соғысқа аттандым де, — деген екен де, үндемей отырған екен. Сонда Баяуханның тыныштық орнатам деп, жер қайысқан қолмен қырғынға аттанған қатесі ойына түсе қалып: «Енді аяғын айтпаңыз, абыз, мен тоқтадым, өз жазамды өзім айттайын. Менің жазам өмір бойы күлмеу болсын», — деген екен. Баяухан сонан былай тәубаға келіп, әскерін таратып, «Күлмесхан» атаныпты. Күлмесханнан содан кейін бір ұл туып, абызды шақырып, оның атын «Өлмес» деп қойыпты. Өлмес он беске келген соң, қасына нөкер ертіп, аңға шығатын болады. Жүйрік атпен киік қуғанды жақсы көреді екен.

Бір күні аңнан еліне қайтып келе жатса, дәл шаһарының сыртындағы бір жалғыз ағаштың түбінен басы алтын, арты күміс бір киік тұра қашады. Өлмес нөкерімен жабыла қуған екен, киік қарасын бір-ақ үзіп, жоқ болыпты. Қанша ұмтылып соңынан қалмаймын десе де, ізін таптырмай адастырып кетіпті. Амал жоқ, ханның баласы санын бір соғып, дал болып қала беріпті.

Содан кейін ханның баласы бірнеше рет сол жермен жүрсе, жүрген сайын әлгі басы алтын, арты күміс киік қашатын болыпты. Қандай жүйрік тұлпармен қуса да жеткізбейді, құс екенін, жын екенін білмейді, жоқ болып қарасын үзеді де кетеді. Тағы бір күні ханның баласы есепсіз көп әскермен ерте келіп, киік жататын жерді алыстан ине шаншар жер қалдырмай қамайды, содан соң бәрі бірден киікке қарай жүреді. Сонда ханның баласы әмір етіп: «Кімде-кімнің басынан киік қарғып кетсе, сол адамның басын аламын», — депті. Бір заманда киік орталарында қалған екен, ерсілі-қарсылы шауып, қайтерін білмей жүріп, әбден қысылған кезде ханның баласының басынан бір-ақ қарғып, жоқ болыпты. Содан кейін ханның баласы барлық нөкерін еліне қайтарып, қару-жарағын, қанша алтын алып, азық-түлігін бір тұлпарға теңдеп, қос тұлпармен киікті іздеп жөнеліпті.

Бірнеше күн жүріп келе жатса, алдынан жиналған қалың топты көреді. Жақындай келсе, бір жалаңаш адамды шынжырлап байлап, жан-жағынан найзамен шаншып алып келе жатыр екен. Ханның баласы жиылған топқа келіп:

— Бұл мұнша қинағандай неғылған адам, не жазасы бар? — деп сұрапты. Сонда жиылған топ шуылдап қоя беріпті:

— Мұның жазасы көп, істемегені қалмады, не керек қылса да сұраусыз алып жүре береді. «Қыран қарақшы» деген жүгенсіз жүйрік қарақшы осы. Жүйріктігі сондай, ел болып неше жылдай ұстай алмай жүр едік. Бүгін ұйықтап жатқан жерінен қамап тұрып ұстап алдық. Босатсаң, қолға түсуі жоқ, — депті. Содан кейін ханның баласы Қыран қарақшының тегін адам емес екенін біліп, мынадай қорлық көргенін аяп, бірнеше ділдә алтын беріп сатып алмақ болыпты. Жиылған жұрт: «Алсаңыз алыңыз, бірақ қол-аяғын босатқан соң, біз міндетті емеспіз. Бұл бәрі-бір сізді де алдайды, қашса, тұлпар түгіл құсқа да жеткізбейді», — дейді. Оған болмай, қайтсе де ризамын деп ханның баласы Қыран қарақшыны

босатып алыпты. Қол-аяғы босауы-ақ мұң екен, Қыран қарақшы алдындағы тауға қарай бір-ақ заулайды. Соңынан қос тұлпармен Өлмес қуған екен, шаңын бір-ақ көрсетіпті. Содан кейін ханның баласының салы суға кетіп, жылай-жылай соның кеткен жолымен тоқтамай жүре береді. Түн болыпты, сонда да келе жатса, бір таудың арасында екі шырақ жанып тұр екен дейді. Не болса да соған жетейін деп, түп-тура соған қарай жүреді. Әлгі жанып тұрған от олай-бұлай қозғалғандай болады. Ханның баласы келуін келсе де: «Бұл жын ба, пері ме, әлде жезтырнақ па?» деп, қорқып тұрып қалыпты. Сонда біреу: «Е, мырза, ханның тұқымы ер келмей ме екен, қорықпа, мен өзің босатқан Қыран қарақшымын», — депті. Сонда ханның баласы қуанып, аттан түсіп, құшақтасып, Қыран қарақшымен қияметтік дос болысады. Екеуі тамақтанып, тұлпарларды аунатып, сол жерде қоныпты. Қыран қарақшы отырып: «Ал, достым, мен жайымды айтайын, тыңда», — депті. Ханның баласы тыңдайды. Қыран жайын айтады.

— Мен үлкен ғалым адамның қолына түсіп, ес білгенше оқыдым. Әкешешемнің кім екенін де білмеймін. Содан жер үстіндегі ғылымды тауысқан соң жер астына түсіп, жер асты ұжым ғылымын²⁷ оқи бастадым. Бір күні ұстазымның қызына көңілім ауып, ұстазым оны біліп қалды да, мені жер үстіне шығартып жіберді. Бұрын кәсіп қылып көргем жоқ, сондықтан дүниенің төрт бұрышын кезіп, көзіме көрінгенді алып қашып күн көрдім. Менің үй-күйім осы таудың іші. Егер де сіз кездеспегенде бағанағы жұрт мені өлтіретін еді. Сен мені ажалдан құтқардың, кәне, достым, не мұңың бар, айт, қолымнан келгенше аянбайын, — депті.

Сонда ханның баласы іздеп шыққан киіктің оқиғасын бастан-аяқ баяндайды.

Қыран қарақшы: «Мен оны білем, ол Құддыс ханның қызы екен ғой. О да пері оқуын оқыған адам. Ол саған ғашық болған екен, оны қолға түсіру аса қиын», — дейді де, жүгіріп кетеді. Әп-сәтте үйме қылып етегіне тезек толтырып әкеледі. Үш рет сөйткен екен, үш отаудай тезекті үш жерге үйіп тастапты.

Сонан соң ханның баласына:

— Сен мына тезектің бірін тұтат, осы күлге айналғанша келсем — келдім, келмесем — жоқ. Өйткені, ол қыздың шаһарының айналасында неше қатар күзеткен әскер бар. Одан кейін қыздың үйі тоғыз есік, әрбір есігінде күзетші бар. Ең түпкі үйдің есігінде бір мыстан жатады. Бәрінен қиыны — мыстан кемпір. Егер оның қолына түсетін болсам, маған тіршілік жоқ, — дейді.

Ханның баласы Қыран қарақшы айтқанындай, тезектің бірін жағады. Қыран қарақшы екі етегін түріп алып жоқ болады. Құддыс ханның шаһарына келеді, айнала күзет екен, әзер дегенде ұрланып кіреді. Тоғыз есіктен өтіп келсе, Айбарша сұлу алтын тақтың үстінде ұйықтап жатыр екен. Қыран қарақшы Айбаршаны қолтығына қысып ала жөнеліпті. Мыстан

²⁷ Ұжым ғылымын — барлық ғылымын.

кемпір ұйқылы қолымен сермеп қалғанда Қыранның оң етегіне ілініпті. Оң етегі мыстанның қолында қала береді. Қыран әскердің бірінің басын, бірінің иығын баса құстай ұшып, Айбарша сұлуды алып жоғалыпты.

Ханның баласының оты қызыл шоқ болып, енді қайтер екен, күл болып сөнсе, Қыранның біткені ғой деп қорқып отырғанда, Қыран қарақшы айдай Айбарша сұлуды қолтығына қысып, жетіп келеді. Ханның баласы шаттанып, бұрынғысынан да артық нұрына келіпті. Сонда Қыран қарақшы: «Ендігі міндет өзіңде, мен міндеттен құтылдым, жалғыз-ақ айтатыным мынау — бүгін түнде қалай да болса ұйықтама, күн шығып, таң әбден атқан соң ұйықтарсың, әйтпесе Айбаршадан айырыласың. Бұл қанша айтқанмен перінің шәкірті, көргенін істейді. Көзіңді жұмсаң, ол саған дұшпан, қашып кетеді», — депті.

Ханның баласы: «Достым, мақұл», — деп, алтын шатырды құрып, Айбаршаны қасына алып жатады. Таң білінгенше көзін жұмбап жатып, дәл күн шығарға таянғанда болар-болмас қалғып кетсе керек, көзін ашса, қасында Айбарша сұлу түгіл сайтан да жоқ.

Ойбайды салып, зар илеп, жүгіріп барып Қыран қарақшыны оятыпты. Сонда Қыран қарақшы: «Тезектің енді ана ортадағысын тұтат», — деп, шаңды құйынша боратып жоқ болыпты. Ханның баласы тезекті жылдам тұтатып жаға бастайды.

Бір заманда тезек қызып жанып орталай бергенде, Қыран қарақшы Айбаршаны алып тағы жетіп, ханның баласына: «Енді ұйықтап айырылсаң, маған айтпа, менің күшім жетпейді, осы әкелуім — ең соңғы әкелу», — дейді.

Содан кейін ханның баласы осы түн ұйықтамасқа бекиді де, Қыран қарақшыға уәде беріпті. Күндіз ойнап-күліп отырып, кеш батқан соң ханның баласы мен Айбарша алтын шатырға тағы жатады. Ханның баласы енді мен бүгін қайтсем де шыдайын деп бекініп ұйықтамай жатады. Таң атып, күн шығуға таянғанда көзі аз ғана жұмылып кетіп еді, Айбарша тағы да жоқ болды. Ханның баласы ойбай салып, зарлай түрегеледі. Қыран досына тағы да жалынады. Қыран қарақшы енді дауа жоқ десе де, досын қимай, үшінші үйген тезекті тұтаттырып, ханның баласына:

— Егер де мына тезек жанып күл болғанша мен келмесем, мені де, Айбаршаны да күтпе, үйіңе қайтып жүре бер. Енді үміт аз, ол бүгін үйіне жетіп қалды, мыстан кемпірге жетсе, мен оны ала алмаймын. Қолына түссем, өлтіреді, — депті. Сонан соң Қыран қарақшы шаңын аспанға шығарып жоқ болыпты. Ханның баласы отты жағып, жанып бітуі жақындаған сайын жаны шығып, екі көзі Қыран қарақшының кеткен жағында болады. От қызыл шоқ болып күлге айнала бастайды, Қыраннан әлі белгі жоқ. Ханның баласы күдерін үзіп, зарланып жылай бастайды. От сөніп, күлдің сырты бітіп, астында ғана аздап шоқ қалады. Ханның ұлы жер бауырлап жылаудан басқаны білмейді. Әбден үміт үзіп, Қыран қарақшы мен Айбаршаны енді көру жоқ деген кезде күннің оңтүстік жағынан бұрқыраған шаң көрініпті. Ханның баласы қуанғаннан есі кетіп,

тала берген екен дейді. Айбаршаны қолтығына қысып, Қыран қарақшы көзді ашып-жұмғанша қасына жетіп келіпті.

Сонда ханның баласы Қыран қарақшыны қыздан бұрын құшақтап шын достығын көрсеткен екен дейді.

Қыран қарақшы:

— Енді менің саған бұдан артық достық істеуге, жолдас болуға уақытым жоқ. Осы жолы ажалдан аз қалдым. Айбарша шеттегі күзеткен әскерінен өтіп, сарайына енді кіре бергенде ұстадым. Мыстаны түскір күттіп отыр екен, сермегенде қолы маған жетпей, сол жақ өңірімді ұстады. Өңірім сол қалпымен қолыңда қалды. Құстай ұшып, қалың әскердің бірінің басынан қарғып, бірінің арасынан өтіп зорға құтылдым. Садақтың оғынан жараланбаған жерім жоқ, енді айырылсаң, өз обалың өзіңе, — деп, Қыран қарақшы қош айтпастан шаңды аспанға шығарып жоқ болды дейді.

Ханның баласы досы Қыран қарақшыға бір ауыз сөз айта алмай шермеңде болып қала берген екен.

Келер түні ханның баласы қалай да болса шыдап ұйықтамай, көрер таңды көзімен атқызып, күн шыққан соң Айбаршамен далаға шығады да, жан-жаққа қарап, Қыран досын арман қылып ойлап отырған екен. Айбарша сұлу: «Мен енді сенікі болдым, бірақ бір тілегім бар, соны орындасаң, тиемін», — депті.

Ханның баласы: «Сен мендік болсаң, әуелі перінің кебінін маған бер, әйтпесе сен адам қалпыңнан өзгеріп, тағы да қашып кетесің, берген соң мен сенің тілегіңді орындаймын», — депті.

Айбарша сұлу қанша жалынса да, ханның баласы көнбей, Айбаршаның киік бейнесіне түсетін кебін шешіп алады. Сол уақытта: «Досым, рас, ханның баласы екенсің», — деп, Қыран қарақшы жетіп келіпті.

Содан кейін ханның баласы Айбаршаның кебін бойына бекітеді де, Айбаршаның тілегін сұрайды. Айбарша сұлу:

— Осы күн жақта бір шаһар бар, ол шаһардың патшасы менің үлкен ағам еді. Қап тауындағы дәулер біздің тұқымымызды құртуға қам қылып, менің сол ағамның шаһарын қатырып қойды. Менің әкемнің інісі де пері оқуын оқыған еді. Барлық шамасы келгені — осы күнде сол қатып қалған шаһардың маңында сандалып жүр. Ешбір сырын айтпайды. Міне, менің тілегім осы, — депті.

Сонда ханның баласы жауап бермей ойланып отырып қалған екен, Қыран іле-шала жұлып алғандай: «Мен білемін оны, орындайық», — деп, ханның ұлының бетіне қарапты. Ханның ұлы: «Иә, орындайық», — дейді. Содан былай үшеуі сол Айбаршаның ағасының шаһарына жөнеледі. Бірнеше күн жүріп, алты айда келіп жетеді. Шаһарға келсе, бау-бақшасы райхан гүлін төсеген сияқты, адам есінен танғандай екен. Барлық адамдары тұрған-тұрған жерлерінде қатып қалыпты. Біреу жүріп бара жатып, біреулері сөйлеп тұрып, тағы басқалары сауда-саттығын істеп жатып сол қалпында қалған екен. Шаһардың неше түрлі алтын сарайлары бар екен.

Ханның баласы, Қыран қарақшы, Айбарша үшеуі таң-тамаша қалып аралап жүрсе, сақалы белуарына түскен бір қария бір сарайдан: «Қош келдіңіздер!» — деп, шыға келіпті.

Қариядан жөн сұрап, үшеуі ортаға ала бастайды. Сонда қария: «Шырақтарым, мен Құддыс хан деген ханның досы едім. Оның туысқанын дәулер қатырып кетті. Мен осылардың шаһарының күзетшісі болып жүрмін. Сендер тегін адамдар емес шығарсыңдар, қонақ болып жата беріңдер, мен енді қырық күнде келемін, оған шейін осы шаһарда болыңыздар. Менің баратын зәру жұмысым бар еді, жалғыз-ақ анау тұрған алтын сарайды ашпаңдар, одан басқаларын аралауға болады», — депті. Ханның баласы: «Мақұл, қария», — деп, шалға рұқсат беріп, өздері сол шаһарда қала береді.

Үшеуі шаһардың барлық тамашасын көріп, саяхат құрып бірнеше күн жүргеннен кейін, ханның баласы: «Осы қария бізге бау-бақшаның, хан сарайларының бәрін көруге рұқсат қылды да, анау сарайдың кілтін берместен кете берді. Мұнда не сыр бар, біздің мұны білмей қоюымыз дұрыс емес», — деп, Қыран мен Айбаршаны бастап, бағанағы «ашпаңдар» деген сарайдың құлпын бұзып, қақпасын ашады. Қақпаны ашса, екі қара арғымақ шынжырлап байлаулы тұр, қабырғалары қабысып арып, жадап қалған екен. Ханның баласы Қыран қарақшыға: «Тез екеуін де босат, бұл жануарлардың не жазығы бар», — деп, бұйырғанда, Айбарша: «Ойбай, босатпа», — деп, ара түседі. Ханның баласы: «Ей, әйелдікпен айтасың, малда не жазық бар?» — деп босаттырады. Екі арғымақ босанысымен сілкініп, екі дәу болып, көз алдарында ұшып кете беріпті. Үшеуі не қыларын білмей, дәулердің артынан қарап, дал болып тұрып қалған екен дейді. Содан кейін баяғы күзетші шал келіпті.

— Өзгенің бәрін араласаң да, осы сарайдың маңына келмеңдер дегенім қайда! Осы шаһарды қатырған екі дәу осы еді, ол дәулерді қапылыста суға түсіп жүрген жерінен арғымақ бейнесіне түсіріп байлаған мен едім. Сол екі арғымақ аштан бұралып өлген күні осы шаһардың барлық адамына жан бітетін еді. Енді бұл дәулердің қолға түсетін дауасын мен таба алмаймын, — дейді.

Ханның баласы қатты қайғырып шерменде болып тұрғанда, Қыран қарақшы мен Айбарша: «Дәулердің кеткен жөнін іздейік, бәлкім, табармыз», — дейді. Содан кейін үшеуі сол дәулерді іздеп, кеткен жағына қарай жүріп береді. Содан бірнеше ай жүріп, арып-ашып келе жатса, бір-екі аққу сыңқылдап ұшып барады екен. Қыран қарақшы зулап, екеуінің астында көп уақыт бірге ұшып отырады. Қыран құстың тілін біледі екен. Тыңдаса, екі аққу сөйлесіп, біріне-бірі айтыпты: «Мынау келе жатқан Қыран қарақшы, ханның баласы мен Айбарша үшеуі шаһарларын қатырып кеткен дәулерді іздеп келеді. Бұлар осы бетімен жүре берсе, алдындағы дарияның жағасында бір қара апан бар, сол апанның ішін ақтарса, толған балық, ең астында бір қара балық бар, соны алып, ішін жарса, алдындағы дариядан екі дәудің жанын сақтаған екі алтын сандық су бетіне

шығады. Сол екі сандықта екі шабақ бар. Шабақты қысса, екеуі жалынып, жетіп келеді. Не айтқандарын істеп береді. Ол дәулерге бір шаһарды екінші жерге көшіру — көзді ашып-жұмғанша ғана жұмыс. Егер де шабақты турап өлтірсе, екі дәу де өлер еді, — дейді. Содан Қыран қарақшы қуанып келіп, Айбарша мен ханның ұлына айтып береді.

Үшеуі сол бетімен тоқтаусыз жүріп дарияға келген екен. Келіп қарап жүрсе, айтқанындай бір қара апан бар екен дейді. Бетін ашып көрсе, толған балық екен. Бетінен бір-бірлеп алып лақтыра беріпті. Әбден бәрін алып болғанда, ең астынан үлкен қара балық шығыпты. Оны алып, ішін жарған екен, дарияның беті шымырлай қайнап, екі алтын саңдық судың бетіне шығыпты. Сандықты дариядан алып, ашып жіберсе, бір ақ бас, бір қара бас шабақ жатыр екен. Балықты алып қысып-қысып қойған екен, теңіздің үстінен бұлт болып көрініп: «Алдияр, не қыл дейсіз?» — деп, екі дәу жетіп келіпті. Сонда ханның баласы: «Тез, ана шаһардың қатып қалған адамдарын тірілтіп, баяғы қалпына түсір», — депті. Екі дәу бұлт боп кетіп, әлгідей уақыт болмай қайтып келіп: «Тақсыр, айтқаныңыз орындалды», — депті.

— Енді үшеумізді қазір сол шаһарға жеткіз, — депті ханның баласы.

— Көздеріңізді жұм, — депті. Үшеуі көзін жұмып, қайта ашса, баяғы қатып қалған шаһарда хан сарайының алдында тұр екен. Ханның баласы балықты қысып-қысып қойған екен: «Тақсыр алдияр, не қыл дейсіз?» — деп, екі дәу шыбын жаны қалмай жалыныпты.

Ханның баласы: «Менің әкемнің шаһарын және Айбаршаның шаһарын сол қалпында тез осы жерге орнат», — дегенде, бір түннің ішінде орнатыпты. Таңертең ханның баласы далаға шықса, әкесінің және қайын жұртының шаһары түгелімен көшіріліп орнатылған екен. Өлместің әкесі Күлмесханның екі көзі көр болып көруден қалған екен дейді. Жалғыз баласы Өлместен тірідей айырылған соң, қайғырып жатып қалған екен. Ұлы Өлместі көргенде екі көзі шырадай ашылып, өткен қайғыларын ұмытып, жасарған екен.

Ханның баласы, Қыран қарақшы екеуі әбден тілегін орындаған соң, дәудің жаны — екі шабақты турап-турап өлтіргенде, қаны сыртына шығып, екі дәу жерге түсіпті. Өлмес қарындасы Қаламқасты Қыран қарақшыға беріп, әкесі Күлмесханның орнына хан болады.

Үш шаһардың ханы Өлмес, оның бас уәзірі Қыран қарақшы болып, екеуі барша мұратына жеткен екен.

Жақсылық пен Жамандық жолдас болған

Бұрынғы заманда Жақсылық пен Жамандық жолдас болып жүріпті. Екеуінің де аты, тоны, азығы болыпты. Екеуі де Жақсылықтың азығын жеп жүріпті. Жеп жүргенде Жақсылықтың азығы таусылыпты. Жамандық: «Жақсылығым, азығың таусылды, енді қайтесің?» — депті. «Жамандығым, өзің біл!» — депті Жақсылық. «Өзім білсем, атыңды

соғайық», — депті. Жақсылықтың атын сойып, оның етін екеуі жеп жүріпті, азық тағы таусылыпты. «Жақсылығым, енді қайтесің, атыңның еті таусылды», — депті. «Жамандығым, әлі де болса өзіңіз біліңіз», — депті. «Өзім білсем, Жақсылығым, бір құлағыңды кесіп, пісіріп, өзіңе берейін, жеймісің?» — депті. «Жеймін, Жамандығым», — депті. Бір құлағы бір күнге азық болды. Жамандық айтты: «Бір құлағыңды бір күнге тағы да асып берейін», — депті. «Тағы да азық таусылды, Жақсылығым, енді қайтейін», — депті. «Әлі де болса, Жамандығым, өзің біл», — депті. «Жақсылығым, өзім білсем, бір көзіңді ойып, бір күнге азық қылып берейін», — депті. Бір көзін тағы да ойып, бір күнге азық қылып береді.

Жақсылықтың ат-тоны, азығы, құлағы, көзі бітеді. Жамандық Жақсылықтың азығын бірге жеп түгеткен. Жақсылықтың азығы таусылған соң, Жамандық азығынан бермеді. «Жақсылығым, атыңды сойып жедік. Екі көзіңді ойып, құлағыңды кесіп, төрт күн азық қылып бердім. Жақсылығым, енді қайтесің? Енді құлағың жоқ, көзің жоқ. Жақсылық, енді сені тастап кетемін», — деді. «Жамандығым, тастап кетсең, бір қалың қара тоғайдың ішіне таста», — деді. Жамандық Жақсылықты қалың қара тоғайдың ішіне алып келіп тастап кетті.

Жақсылық тоғайдың ішінде отырса, жолбарыс, түлкі, қасқыр үшеуі кеңескенін естиді.

Қасқыр: «Жолбарысым, сен осы тоғайдан шықпайсың, сен бұл тоғайда не істеп жүресің?» — дейді.

«Бұл тоғайда екі бәйтерек бар, көзсізге көз береді, құлақсызға құлақ береді. Мен соны аңдып жүремін», — дейді жолбарыс.

Жолбарыс: «Сен, қасқырым, осы жерден шықпайсың, неғылып жүресің?» — дейді.

«Мына жерде бір мың қойлы бай бар, ол байдың бір қара төбеті бар, осы қара төбеттің сүйегі өлген кісіге жан береді. Мен соны алайын деп жүрмін», — дейді.

Қасқыр: «Сен, түлкім, қара обаның²⁸ түбінен шықпайсың, неғылып жүресің?» — дейді.

«Қара обаның түбінде ат басындай алтын бар, соны аңдып жүрмін», — дейді түлкі.

Бағанағы Жақсылық үшеуінің сөзін естіп, тоғайдың ішін аралады, аралап жүргенде екі бәйтерек қолына түсті. Көзін үйкеді, көзі бітті, құлағын үйкеп еді, екі құлақ бітті. Жақсылық тоғайдан шығып, бағанағы қара обаның түбіне келді. Түлкінің қарап жүрген ат басындай алтынын алды. Ат басындай алтынды алып, мың қойлы байдікіне келді. «Бай, қара төбетіңді сатамысың?» — деді. «Не бересің?» — деді. «Ат басындай алтын берейін», — деді. «Ат басындай алтын берсең, ал!» — деді. Қара төбетті ат басындай алтын беріп алды да, қара төбетті жетелеп далаға шықты. Қара төбетті бір жерге әкеліп ұрып өлтірді. Жақсылық шақпағын

²⁸ Оба — тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әртүрлі үлкен төбешік, ежелгі қорым.

шағып, от жақты да, қара төбетті өртеді. Қара төбеттің құр сүйегі қалды. Жақсылық сүйегін шүберекке түйіп екі шонтайға²⁹ салып алды, жүріп бір хандікіне келді.

«Неғып жүрген адамсың?» — дейді оған.

«Ұлсызға ұл болайын деп, қызсызға қыз болайын деп жүрмін», — дейді. Ханның ханшасы: «Ұлсызға ұл болсаң, маған ұл бол! Менің ұлым жоқ, хан ауырып жатыр», — дейді. «Ұл болайын саған», — дейді.

Ұл болып жылқыға кетті. Кешке Жақсылық жылқыдан келсе, хан өліп қалыпты. Ханша жылап отыр екен. Жақсылық: «Жылама, тірілер», — дейді. Бағанағы қара төбеттің сүйегі өлген кісіге жан береді екен. Қара төбеттің сүйегінен Жақсылық ханшаға кішкене береді. «Апарып ханның аузына сал!» — дейді. Ханша барып ханның аузына салып еді, хан: «Қатты ұйықтап кеткенім», — деп, түрегеледі.

Ертесі хан елі-жұртын жиды. Ханшаға: «Хан ел-жұртына маған жақсылық қылған кісі бар ма деп сұраса, мені айтпа», — деп, Жақсылық жылқыға кетеді.

Ертесі хан елі-жұртынан: «Маған жақсылық қылған кісі бар ма?» — деп сұрайды. «Ешкім жақсылық қылған жоқ», — дейді ханша. Ел-жұрты тарқап кетті. «Енді кім қалды?» — дейді. Ханша: «Ханым, сен ауырып жатқанда мен бір жігітті бала қылып алып едім. Жылқыда сол қалды, шақыр соны», — дейді.

Хан Жақсылықты шақыртып алды. «Сен маған жақсылық қылдың ба?» — дейді. «Мен сізге көп жақсылық қылғаным жоқ, — дейді. Ханшаға бір кішкене ақ дәрі беріп едім, ханша апарып сіздің аузыңызға салды. Сіз «қатты ұйықтап кеткен екенмін» деп түрегелдіңіз. Мен сонан басқа жақсылық қылғаным жоқ», — дейді.

«Ханша, дәрі бергені шын ба?» — деп сұрайды хан. Ханша: «Шын», — деп айтты. Хан алтын тағынан түсіп, оны Жақсылыққа береді. Ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлу қызы бар екен. «Маған жақсылық қылсаң, қызымды саған берейін», — дейді. Жалғыз қызын береді. Қара қылдай қақ жарып малын беріп, күйеу қылып алады. Жақсылық байып кетеді.

Жақсылық бір күні жылқыда жүрсе, баяғы жолдас болған Жамандық кез келеді. «Жақсылық, сен не қылып адам болдың?» — дейді ол.

Мен сөйтіп-сөйтіп жүрдім деп, Жақсылық бар шынын айтады.

Жамандық: «Жақсылығым, мені қалың қара тоғайдың ішіне апарып тасташы, мен де сендей адам болар ма екенмін? — деді. Мен сенің екі көзіңді, екі құлағыңды алып, сені тоғайдың ішіне тастап кетіп, сен енді адам болыпсың. Менің екі көзімді ойып, екі құлағымды кесіп тастап, өзің адам болған тоғайға мені де апарып тасташы», — дейді. Жақсылық Жамандықты апарып тоғайдың ішіне тастайды. Түлкі менен қасқыр, жолбарыс үшеуі тоғайдың ішін аралап жүріп, бір жерден Жамандықты тауып алады да, «Жақсылыққа жақсылық, жамандыққа жамандық деген осы», — деп, үшеуі оны жеп қояды.

²⁹ Шонтай — насыбай салатын дорба.

Аққоян

Ерте заманда бір шалдың үш баласы болады. Мал дегенде бір ала биесі бар екен. Осы ала биесі күнге қарап буаз болып, айға қарап құлындайды екен. Бірақ күн сайын құлындаса да, күнде құлыны жоғала беретін болған. Балалары кезек күзетсе де, құлыны күнде жоғала береді екен. Құлын ұрланудан тыйылмайды. Бір күні Аққоян атты кіші баласы биенің құлындайтын уақытында ұйықтамай күзетеді. Әкесі ұлықсат берген соң Аққоян биені күзетіп, түнде аман-есен құлындатады. Құлынның түсі — ала. Алтын жал, күміс құйрық құлын екен.

Құлынды көріп ауыздандырып, анадай жерге барып отырғанда аспаннан бір қара бұлт шүйіліп келіп, құлынды сыпырып ала жөнеледі. Ол уақытта күзетіп отырған Аққоян жақ³⁰ мылтығымен басып қалады. Атқан уағында шылдыр етіп бір нәрсе жерге түседі. Барып қараса, құлынды іліп алып кеткен екен де, сылдырап жерге түскен мылтықтың оғы түбінен қиып түсірген құлынның құйрығы екен. Құлыннан айырылып қалғасын таңертең Аққоян әкесіне көргенін бастан-аяқ айтып, құлынды іздеймін деп, рұқсат сұрайды. Әкесі: «Балам, іздесең, ізде!» — деген соң, Аққоян темір етік киіп, темірден таяқ соқтырып алып, құлынды жаяу іздеп жүріп кетті. Сонан кейін Аққоян жүре-жүре келе жатса, арада бірнеше уақыт өтіп, темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалады. Содан жүріп келе жатса, айдалада үш ақ отауға кез болады. Бұл отауға кіріп келсе, үш әйел отыр екен. Амандасып, жөн сұрайды. Әйелдер:

— Үшеуміз де адамзаттың, кедейдің қызы едік. Осы үйдей алып қара құс деген үш ағайынды дәу екен. Бізді еріксіз әкеліп, қатын қылып отыр, — дейді де, — Қайдан әкелетінін білмейміз, әйтеуір, күн сайын ұшып барып, ылғи алтын жал, күміс құйрық құлын ұрлап әкеледі. Жылқысының көптігі екі мыңдай болды, — дейді. Сонда Аққоян:

— Бұларды қалай аламын? — дейді. Әйелдер: «Екеуін өлтірсең, ең кішісі болмайды», — дейді. Сонан соң Аққоян бұлардың келетін жолын тосып жатып екеуін өлтіріп, үшіншісін қалай өлтірудің аяласын үйге келіп, әйелінен сұрайды.

— Менің күйеуім бәрінен де мықты. Мұны өлтіру қиын. Мұның табанының астындағы ұлтарағында қырық кез ақ семсері бар. Осы ұзын семсерін қолыңа түсіріп алып, шауып өлтірмесең, басқа сайман мұның денесіне өтпейді, — дейді. Сонан соң Аққоян әйелмен ақылдасып, оның байын өлтірмекші болып отырғанда, ұрлыққа кеткен дәу бір түйені ұрлап әкеліп, сойып, тайқазанға астырып, табақпен алдына әкелдіріп жейді. Етті жеп отырып, түйенің тоқпан жілігін сол қалпында жұтады. Жілік тамағына барып не әрі, не бері кетпей қақалып, әйеліне: «Қанжарымды әпер!» деп айғай салады. Әйелі қанжарын ұлтарағынан алып берген соң, жілікті ішіне қарай қанжармен итермекші болып, бер жағынан семсерін итереді. Бұл қанжармен итеріп жатқанда, Аққоян қолының үстінен

³⁰ Жақ /к/ — кермесіне жебе салып тартатын қару, садақтың бір түрі.

жұдырықпен қойып кеп жібереді. Сонда семсердің ұшы желкесінен шығады. Сонан дәу шалқасынан түсіп, жантәсілім қылады. Аққоян дәудің үшеуін де өлтіріп болып, бағанағы ұрланған құлынын түгендесе, ылғи алтын жал, күміс құйрық ала жылқы мың жарым болған екен. Аққоян үш келіншекті үйлерімен көшіріп, мың жарым жылқыны айдап еліне қайтады. Келген соң Аққоян екі әйелді ағаларына беріп, кіші әйелді өзі алып, бір заман тынығып жатып, өзінің екі ағасына жылқы бақтырып, байытады.

Екі ағасы жылқы бағып, мал қарап, шаруа істейді. Сөйтіп жүріп екі ағасы байыған соң, інісін көре алмай күндейді. Біріне-бірі: «Аққоян бізге неге мал бақтырады? Неге кісі жалдамайды? Өзі шалқасынан түсіп жатып алады? Өлтірейік», — деп, ақыл қосады. Ортаншы ағасы үлкен ағасына: «Мен Аққоянның алты кез ақ семсерін ұрлап алып, кешке таман киіз үйдің есігіне жүзін ішіне қаратып байлап кетейін. Түн ортасында жылқыны үйге қарай тасырлатып қуайық. «Жылқыға ұры тиді! Аққоян, неғып жатырсың?!» деп айғай салайық. Сонда Аққоян далаға жүгіріп шығарда есіктегі ақ семсерге ортан белінен кесіліп, мұрттай ұшар», — дейді. Айтқанындай, қанжарды есікке көлденең байлап кетіп, түнде жылқыны айғай салып қуады. Бұлардың даусымен жылқыға ұры тиген екен деп Аққоян үйден жүгіре шыққанда, көлденең тұрған ақ семсерге екі тізесінен қырқылып, домалап мұрттай ұшады. Мұның ертеңінде екі ағасы үйлерін жығып, барлық малын айдап, Аққоянға бір қос қылып беріп, тамағына жылқы сойып беріп, жалғыз тастап, өздері көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа көшіп кете барады. Содан соң Аққоян жалғыз ешқайда бара алмай, қостың ішінде садақ істеп, тамағын ішіп отырады. Күндердің күні болғанда екі қолы жоқ шолақ кісі бір киікті осылай қуып келе жатыр екен. Жетеді, бірақ ұстайын десе, қолдары жоқ. Сонда қостың ішінде отырып, Аққоян айғай салады:

— О, кісім, киікті маған қарай қайыра бер! — дейді. Кісі қайыра бергенде Аққоян садақпен атып жығады. Сөйтіп шолақ қол Аққоянды қара тұтып, екеуі бірлесіп барып киікті әкеліп сойып, етін асып жеп отырады. Сол кезде екі көзі жоқ бір соқыр адам бір тұлкіні дүбірімен қуып келе жатады. Аққоян: «Бері қайыр!» — деп айғай салады. Соқыр қайырғанда, бұл мылтықпен атып жығады да, соқырды шақырып алады. Шолақ қол соқырды жетектеп, ал соқыр Аққоянды арқалап, үшеуі бірлесіп барып тұлкіні алып келеді. Осымен біраз заман бірлесіп күн көріп жүріп, бір күні үшеуі ақылдасады. «Біз бүйтіп жүріп күн көре алмаймыз, кір-қоңды жуып, ас істеп беріп отыратын бізге бір әйел керек», — дейді. «Олай болса, әйел тауып алу оңай», — дейді шолақ. «Ал, қалай?» — дейді екеуі. Сонда шолақ қол:

— Менде мынадай өнер бар. Мен шылбырын сүйреткен, тайпалған қара жорға бола аламын, — дейді.

Соқырға:

— Сенің қандай өнерің бар? — дегенде, ол:

– Қатты айғайлап, аузымнан леп шығарсам, айналамды қап-қараңғы тұман қылып жіберемін, – дейді.

– Жарайды, ал, Аққоян, сенің қандай өнерің бар? – дейді. Аққоян:

– Мен асқан мергенмін. Көз ұшындағы шымшық торғайды атқанда көзінен өткізем, – дейді. «Олай болса, үшеуіміз елден барып әйел әкелейік», – деп, үшеуі елге жөнеледі. Бір елдің жанына барып, ауылдан алты шақырымдай жерге Аққоянды жатқызып, үш шақырымдай жерге соқырды жатқызып, шолақ қол өзі үстінде күміс ер-тоқым, күміс жүгені бар тайпалған қара жорға болып ауылға барады. Жаздың шілде ыстық күні екен. Шылбырын сүйретіп, қотанда жүреді. Ұстаймын деп, анау да, мынау да ұмтылса, ұстатпайды. Құрт жайып отырған он бестің шамасындағы бір байдың қызы ұстағалы келгенде, тұра қалады. Қыз шылбырдан ұстап алады да, мініп кеп қалғанда, қызды ала жөнеледі. Даяр отырған ел кермедегі атты мініп алып, үш жүздей кісі қыздың соңынан жабыла қуады. Ауылдан үш шақырымдай шығып, әне жетемін, міне жетемін деп келе жатқанда, соқырдың тұсына келген кезде соқыр қатты айғайлап, аузынан леп шығарады. Төңіректің бәрі түк көрінбейтін тұман болып кетеді. Сонда қуып келе жатқан кісілер адасып, бірінен-бірі ұстап, үйлерін әрең табады. Бұлар қызды алып келіп, орталарында қарындас қылып, ас қылдырып, кірін жудырып, біраз уақыт күн көріп жүреді. Бір күні ағалары аңға кетіп, келер кезде қыз ас қылайын десе, оты сөніп қалыпты. Қыз сасқалақтап, далаға шығып қарап тұрса, күннің батысында бір жылтыраған от көрінеді. Қыз етек-жеңін түріп алып, үкідей ұшып келсе, тары көже қылып отырған қу аяқ кемпір екен. Кемпірден от сұрап алып қайтайын десе, кемпір: «Басымның битін қарап бере кет», – дейді.

Қыз бір тізерлеп отырып, басының битін қарағанда, қыздың етегін шұрқ-шұрқ тесе береді. Сөйтіп қыз кетерінде етегіне бір аяқ тары салып беріп: «Ағаларыңа ас қылып бер», – дейді. Қыз ұшып қосқа келсе, тарыдан дым жоқ. Бәрі жол бойы түсіп қалған. Мұның мәнісі, тарының шашылған ізімен қыздың үйін тауып алу үшін жасаған кемпірдің аялауы екен. Қыз ағаларына ас істеп береді. Ертеңінде қу аяқ кемпір келіп, қызға басын қаратып кетіп отырады. Кемпір басын қаратқан сайын қыздың санынан қан сора береді. Қыз аппақ шөлмектей болып, қаны азайып жүдейді. Ағалары: «Неге қаның қашып, жүдеп жүрсің?» – десе, айтпайды. Ағалары сұрап қоймаған соң, бір күні кемпірді айтады. Содан соң сол күні ағалары аңға шықпай үйде тығылып жатып, қу аяқ кемпірді ұстайтын болады. Қу аяқ кемпір келіп кіргенде, шолақ есікте тұра қалады. Кемпір шыға жөнелгенде ұстайтын қолы жоқ аяғымен теуіп қалып қоя береді. Шолақ қол соқырды жетектеп, соқыр Аққоянды арқалап, үшеуі бірлесіп қуып, қу аяқ кемпірді ұстап алып, өлтірмекші болады. Кемпір бұларға жалынып: «Аяғы жоққа аяқ, қолы жоққа қол, көзі жоққа көз саламын, мені өлтірме», – дейді.

Содан соң бұлар кемпірді үйіне алып келіп, Аққоян алдымен кемпірге: «Соқырды жұтып, қазір көз бітір», – деп бұйырады. Кемпір соқырды

жұтып, көз, қолсызды жұтып, қол бітіреді. Ең ақырында Аққоянды жұтпақшы болғанда, Аққоян жолдастарына: «Мынау мені жұтып, қайта тастамауы мүмкін. Қолдарыңа қылыштарыңды алып тұрыңдар. Мені шығармаса, дереу басын алыңдар!» — дейді. Айтқанындай, Аққоянды қайта тастамайды. Қыз үшеуі жабылып, кемпірдің басын алып, бір бақайшағының ішінен аяғы жазылған Аққоянды тауып алады.

Мұның артынан Аққоян елін іздеп келсе, екі ағасы Аққояннан құтылғанына қуанып, елін көшіріп әкетіп, той қылып жатыр екен. Әкешесін құл қылып, қатынын күң қылған екен. Сол жерде Аққоян барған соң, ағалары қорқып қашады. Оларды ұстап алып, халықты жинап, өміріндегі көргенін көпшілікке айтқан соң, көпшілік екі ағасын ұстап өлтіріпті. Бүкіл ел Аққоянның аман-есен келгендігіне отыз күн ойын, қырық күн тойын істепті. Аққоян осымен мұратына жеткен екен.

Ұшар ханның баласы

Баяғы өткен заманда Ұшар хан деген хан болыпты. Сол хан жас кезінде ай десе аузы, күн десе көзі бар, асқан тамаша бір сұлу қызға ғашық болады. Қызды іздеп, жер бетінен еш таба алмайды. Хан қызды таба алмаған соң, бір өнерпаздан оқып, аспанға ұшу өнерін үйренеді. Сол өнері бойынша аспанға ұшып, қызды отыз жыл іздеп, қолына түсіре алмайды. Қыздың ұстатпайтынына көзі жеткен соң, хан қыздың суретін іздеп тауып алады да: «Қой, жас болса өтіп барады, енді әйел алып, үй болатын уақыт жетті», — деп, басқа әйелге үйленіп, өмір сүре береді. Күндерде бір күн алған әйелінен бір ұл туады. Ұлының атын «Жандыбатыр» деп қояды.

Жандыбатыр ержетіп, он бес-он алтыға келеді. Сол кезде балаға бақ қонып батыр болады, өзі алпауыт дәу болады, отырған орнынан жетпіс кісі тұрғыза алмайтын болады.

Бір күні Жандыбатырға ой түседі. «Осы мен әкемнің үлкен қорғанының сарайларын ашып, не заттары бар екен, бәрін көріп, қазына-дүниелерінің түс-тұрпатын байқасам қайтеді?» — дейді. Сонсоң әкесінен қырық үйдің кілтін сұрап алып, тамам есіктерін ашады, сарайдың ішіндегі қазыналарын көреді. Отыз тоғыз үйді тегіс ашып көріп, енді қырқыншы үйді ашуға келгенде, бұл үйдің кілті жоқ болып шығады.

Әрі айналдырып, бері айналдырып, қырқыншы үйдің есігін аша алмайды. Жандыбатыр жылап шешесіне келеді.

— Апа, ана қырқыншы үйдің кілті қайда? Әрі айналдырып, бері айналдырып аша алмадым. Сендер менен үйдің кілтін жасырыпсыңдар, — дейді.

— Шырағым, менің әкеңе қосылғаныма жиырма жыл болды, осы өмірімде ол үйдің кілті түгіл қасына барып көрген емеспін. Ол үйдің кілтін білмеймін, — дейді шешесі. Жандыбатыр: «Олай болса, маған бидай қуырып бергін», — дейді. Әрине, жалғыз баласының айтқанына

ешқандай лаж жоқ. Бидай қуырып береді. Бала: «Шеше, егер мені балам десеңіз, маған бидайды өз қолыңызбен уыстап беріңіз», — дейді. Шешесі екі қолымен қос уыстап ыстық бидайды сала бергенде бала шешесінің екі қолын қапсыра ұстайды. «Маған анау үйдің кілтін бермесеңіз, иә болмаса кілтінің қайда екендігін айтпасаңыз, қолыңызды жібермеймін», — деп, қарысып тұрып алады. Шешесінің қолын ыстық бидай күйдіріп бара жатқан соң шынын айтады. «Шырағым, кілт әкеңнің төс қалтасында сақталады. Қазір ұйқыда жатыр, ұрлап алмасаң, оңайлықпен бермес», — дейді. Бала кілттің жатқан жерін білген соң, шешесінің қолын тастай бере әкесіне келеді. Әкесі қатты ұйықтап жатыр екен, бала әкесінің төсқалтасынан кілтті алады. Кілтті қолына түсірген бала есікті ашып жібергенде, бала өмірінде көрмеген, сезбеген, үйдің төрінде ілулі тұрған пері қызының суретіне көзі түсіп, қыздың сұлулығына ғашық болып, талып жығылады. Әкесі ұйқысынан оянып, орнынан тұрып, кілтін қараса (кілтіне сақ болатындығы сондай, орнынан тұрғанда тексеріп, көріп, қайта салып қоятын), кілті жоқ. Баласы Жандыбатырдың қалтасына түскенін сезеді де, жүгіріп сарайға келеді. Келсе, баласы аузынан сілекейі ағып, есін білмей дел-сал болып талып жатқанының үстінен түседі.

Әлдене уақытта баласы есін жиып, әкесіне:

— Маған осы қызды алып бермесеңіз, мен сізден безем, — дейді. Әкесі:

— Шырағым! Мен бұл қызды сендей кезімде отыз жыл аспанда, алты жыл жер бетінде дұғамен ұшып жүріп ұстай алған пенде емеспін. Ақыры болмаған соң, осы суретін түсіріп алғанмын. Сондықтан мен «Ұшар хан» атандым, — дейді.

Бала әкесінен әрі-бері сұрап көріп еді, одан еш нәрсе шықпады. Сосын бір түнде екі етегін беліне түріп алып, үйден шығып кетті. «Сол қызды іздеп қаңғырып жүріп өлсем де арманым жоқ!» — деп, елінен безіп кетеді.

Күндер өтеді, айлар өтеді. Бала бір шаһарға қарай жол тартып жүріп келе жатса, ат көтере алмаған соң ағаш атқа мінген, екі аяғы жер сызған бір дәуге кез болады. Жандыбатыр дәуге сәлем береді. Дәу сәлем алып:

— Жол болсын! — дейді маңғазданып.

— Әлей болсын! — дейді Жандыбатыр.

— Ұшар хан деген ханның шаһарында Жандыбатыр деген шығыпты, сол батырмен күрескелі бара жатырмын, — дейді дәу.

— Олай болса, мені жықсаңыз, Жандыбатырды да жыққаныңыз, ең әуелі менімен күресіңіз, — дейді бала.

— Әй, сенімен күресіп әуре болғанша, анау таудан асып кетпеймін бе? — деп, баланы менсінбей тарта жөнеледі.

— Дәуім, босқа әуре болып барасың-ау, жолың болсын! — дейді де, жүре береді бала.

Бұл сөзге намыстанып, дәу балаға қайта келеді. Баламен күреске түскенде: «Арманда кетерсің», — деп, кезекті балаға береді. Бала дәуді

аспанға үш рет қатарынан лақтырып атып жіберіп, үш рет қағып алады. Кезек дәуге келгенде, дәу баланы көтере алмай, екі мұрнынан дірдек-дірдек қан кетеді.

Сонан кейін дәу балаға бағынады да, жөн сұрайды. Бала перінің қызын іздеп келе жатқанын айтады. Ал дәу өз жайын айтқанда, бойында: аспандағы жұлдызды санаумен кімнің қашан өлгенін, жоғалғанын іздеп табатын өнерінің барлығын айтады. Содан кейін екеуі қол ұстасып, ілгері қарай тарта береді.

Екеуі күн жүреді, түн жүреді, ашығады, тарығады. Нелер қиын-қыстау жолдардан жортып өтіп келе жатқанда, екі ат көтере алмаған, екі ағаш атқа қатар мінген, екі аяғы жолды сызып келе жатқан бір дәуге кез болады.

— Жолыңыз болсын! — дейді бала. Дәу үндемейді.

— Қайда барасыз? — дейді бала.

Дәу тағы үндемейді. Бала ашуланып кетіп:

— Тілің күрмелген не деген пендесің? — дейді. Сонда дәу ашуланып:

— Тарт тіліңді, мен пенде емеспін. Жандыбатыр деген дәумен күресуге бара жатқан дәумін, — дейді.

Бала бұл дәуге де:

— Алдымен мені жықсаң, оны да жығасың, ол үшін тәуекелге бел байлап менімен күрес, — дейді.

— Мен инелікке ұқсаған жандармен күреспейтін кісімін, сендермен күресу маған ұят, соған бола атымнан түсіп, әуре болар жайым жоқ, жолымнан қалдырма! — дейді дәу.

Сонда бала тұрып:

— Сорлы дәуім, артық бейнет көріп, аяғыңның басы ұстараның жүзіндей болып қайтқың келсе, жолың болсын! — дейді.

— Олай болса, сені бір өлім түртіп тұрған шығар, кел! — деп, дәу шіреніп ағаш атынан түседі.

Бірінші кезек тағы да балаға тиеді. Бала аясын ба, адам орнына көрмей мазақ қып тұрған дәуді әуеге үш рет қатарынан лақтырып жіберіп, үш рет қағып алды да, жерге қойды. Ендігі кезек дәуге тиді. Дәу баланың бөлінен ұстап, әрі әлектеніп, бері әлектеніп, баланы орнынан қозғалта алмай, екі мұрнынан шүмектеп қаны сорғалайды. Сонан соң дәу:

— Мен саған ризамын. Мен дәумін деп жүрсем, менен де зор дәулер бар екен. Біқтиярың өзінде, не қылсаң да өзің біл! — деп, балаға жалынады.

Бала оған ешқандай жауап қатпай, келе жатқан сапарын айтып, бұл екінші дәудің кім екенін, қай шаһардан келе жатқанын және қандай өнерінің барлығын сұрайды. Дәу оған өз жерінде аты шығып, күресте өзіне ешбір дәу шақ келмеген соң, әдейі сол Жандыбатырмен күрескелі бара жатқанын және өзінің кітапқа қарап біреудің өлген-тірілгенін, күніне жер жүзінде қанша кісі өліп, қанша кісі туатынын біліп отыратын өнері барлығын баяндайды.

Мұны естіген бала дәудің өнеріне таң-тамаша қалып, тарыққан кезде бір іске жарар деген оймен бұл дәуді де өзіне дос қылып алады. Үшеуі тағы да кете барады.

Нелер күн, нелер жұмалар, нелер айлар өтеді. Бұлар бірнеше шөлдерден, неше таулар мен сулардан өтеді.

Бұлар келе жатып жазық жолға шығады. Алдарынан көз көрім жерде бір тау көрінеді. Бұлар енді сол тауға қарап жүре бастайды. Тауға жақындаған сайын жаңағы тау да бұларға қарай жүріп келе жатқан сияқты болады. Бұл үшеуі тауға жақындап келгенде, тау дегені нақ таудай үлкен дәу болып шығады.

Бұл дәуге жеткен соң, үшеуі оған сәлем береді.

— Жол болсын, дәуім! — дейді бала.

— Жандыбатыр деген ермен күрескелі барамын, — дейді дәу.

— Олай болса, Жандыбатырдан бұрын менімен күресіңіз, мені жықсаңыз, оны да жығасыз, — дейді бала.

Оған дәу ашуланып:

— Сендей инелікпен күресіп уақыт өткізбеймін, — деп, жауабын бірақ қайырды да, жүре берді.

— Күшіңді жинап, күресуге бара жатқан кісіңді таба алмай, оны іздеп сергелдеңге түсіп қайтуға асықсаң, жолың болсын! — деп, бала мазақ қып күледі.

Дәу баланың сөзіне шыдамай ашуланып:

— Әй, не дейсің? Бері келші, жағаңнан сілкіп, жерге тығып жіберейін! — деп, күресуге ыңғайланды.

Бірінші кезекті бала алмай, дәуге берді. Дәу баланы аспанға қатарынан үш рет атып жіберді. Бірақ қағып ала алмай құлап қалады. Кезек балаға келгенде, бала ашумен дәудің белінен ұстап жерге соққанда, дәу тізесінен жерге кіреді. Дәуді суырып алғанда, дәу есеңгіреп қалады.

Өмірінде мұндай соққы көрмеген дәу баланың күшіне риза болып, қол беріп, дос болуды сұрайды. Бала ашуын басып, дәудің кім екенін, қай шаһардан келе жатқанын, қандай өнерінің барлығын сұрайды.

Дәу басынан кешкен өмірбаянын тегіс айтып шығады және өзінің суға түсіп кеткен инені де тауып аларлық сушылық қасиеті бар екенін айтады.

Сонымен бұл екеуі қол алысып, төс қағысып дос болады. Енді Жандыбатыр төрт кісі болып ілгері жолға шығады.

Бұл төртеуі бірнеше күн жүргеннен кейін бір шаһарға келеді. Шаһардың шет жағындағы бір шайханаға түседі. Күн бата жолаушылар шайхананың түбіне тігілген отауды, оның ішіне жиналған жасауларды, байланған он шақты қой, тағы басқа да нәрселердің әкелініп қойғанын көреді.

Бала шайханашыдан:

— Мынау не қылған заттар, мұны не үшін істеп жатыр? — деп сұрайды.

— Мұны білмейтін кімсіңдер? — дейді шайханашы.

— Біз бір жүрген мүсәпірміз, — дейді бала.

— Олай деп айтушы болмаңдар, айдаһардың аузына түсіп кетесіңдер, өйткені мынау берілейін деп отырған заттар — патшаның жұмасына бір рет беріп тұратын борышы. Бұл заттарды жұма сайын таң ата айдаһар келіп жұтады. Егер бұл қарызды өтеп тұрмаса, бүкіл елді жұтып жіберуден тайынбайды, — дейді шайханашы.

Мұны естіген бала түні бойы ұйқылы-ояу жатып, таң атар мезгілде жолдастарына білдірмей, айдаһардың келетін жолына қарай сытылып шығып кетеді де, айдаһардың жолын тосып отырды. Бір уақытта борандатып, дауылдатып келе жатқан айдаһардың дауысы естілді. Артынша айдаһар да келіп жетеді. Сол кезде Жандыбатыр ұлтарағының астына салып сақтайтын қырық құлаш семсерді суырып алып, айдаһардың алдына қарама-қарсы шығады. Айдаһар да көмекейін ашып келе жатыр екен, баланы көрген жерден семсер-мемсерімен жұтып жіберді. Бала қырық құлаш семсерін көлденең ұстап тұра қалған екен, семсер айдаһарды екі бөліп түседі. Бала айдаһарды өлтіргенінің белгісі үшін оның жонынан екі тілім таспа алып, қалтасына салып алады. Сөйтеді де, еш адамға білдірместен жолдастарының қасына келіп жатады.

Таң атады. Жұрт у-шу болады. Кешегі тігулі тұрған үйлер, онда байланған малдардың бәрі де аман-сау тұр. Көшедегі халықтың бәрі де қуанышты. Біреулер қолдарына айыр, балта, шоқпар ұстаған. Енді біреулері қолдарындағы қаруларын қанға бояп алған, «айдаһарды мен өлтірдім» деген дауыстар гу-гу етеді. Айдаһардың өлтірілгендігі, мал-мүліктің аман қалған хабары ханға барып жетеді. Айдаһарды кім өлтіргенін білу үшін хан жария салып, халықты жияды. Айдаһарды өлтірген адамда қандай белгісі барын сұрағанда, біреу қаруын, біреу қанданған киімін көрсетеді. Бірақ ешкімнің айдаһарды өлтірген белгісі дәлелді болмайды.

Сонда хан тұрып:

— Бұл шаһарда адам баласынан біреу қалды ма? — деп сұрады. Біреулер:

— Ешкім қалған жоқ, бірақ шайханада үш-төрт мүсәпір жатса керек, оларды жиынға шақырғанымыз жоқ, — дейді.

— Олай болса, олар да адам баласы ғой, шақырыңдар! — дейді хан.

Шайханадағы кісілер шақырылды. Жандыбатыр патшаның өзіне:

— Тақсыр, айдаһарды өлтірген адам мен едім, — деп, айдаһардың бір тілім таспасын ұстатады.

Патша:

— Мен хан емес екем, сен хан екенсің! — деп, халқының алдында тағынан түсіп, өзі уәзір болып, бір қызын Жандыбатырға қалыңдыққа беріп, дүние-мүлік, қазынасының жарымын қоса береді.

Жандыбатыр хандықты өзінің досы — бірінші дәуге береді. Дәу хан болады. Екі-үш күн тыныққан соң, Жандыбатыр бірінші дәумен қош айтысып, қалған дәулермен қызды іздеп, тағы жол тартады.

Күндерден күн өткізіп, бұлар екінші шаһарға жетеді. Бұл шаһардан да өткен шаһарда болған уақиға шығады. Бірақ ондай емес, бұл шаһардағы тігіліп жатқан отаулар, байланып жатқан адамдар мен малдар өткен шаһардағыдан екі есе үлкен және көп екен.

Бұлар бұл шаһардың шайханасынан барып орын алады. Шайхана-шыдан мына тігілген үйлер мен байланған мал-жанның мәнін сұрайды.

— Мұны білмейтін неткен жансыздар? — дейді шайханашы.

— Біздер жолымызды әрең тауып келе жатқан мүсәпір кісілерміз, — дейді жолаушылар.

— Олай болса, сіздер мынау сөздеріңізді менен басқа ешкімге айта көрмеңіздер, әйтпесе бұл сөздеріңізді хан я ханның шабармандары естесе, мынау болып жатқан топалаңға салып жібереді. Бұл топалаңның жайы мынау, — деп, шайханашы әңгімесін бастайды. — Осы жерде, үш патшалық елдің ортасында, бір тажал³¹ жылан бар, ұзындығы қырық құлаш, көлденеңі қырық құлаш, аузының үлкендігі сондай, көшкен ел қалай болса солай сыйып кетеді. Міне, сол жыланның бүгін бізден алым алатын кезегі келіп, соған дайындап жатқан жайымыз осы. Бұл заттар кешке тұрғанымен, түн ортасы ауа жоқ болады. Шулаған мал, жылаған адамдардың дауысы шаһардың ішін жаңғыртады. Сөйтіп осындай бір зор пәлеге, үлкен апатқа кездесіп, неше жыл бойы осы жыланның зардабын бастан кешіріп жатқан елміз, — деп, шайханашы сөзін аяқтайды.

Түн болды. Жолдастары ұйықтаған кезде, Жандыбатыр жыланның жолын тосуға аттанады. Түн ортасы ауа бастағанда бір сасық желдің иісі Жандыбатырдың мұрнын жара бастайды. Алпыс-жетпіс кісі орнынан тұрғыза алмайтын Жандыбатырды тай шаптырымдай жерден-ақ жыланның демі орнынан қозғалтып қояды. Қырық құлаш семсерін қолына алып, жыланның алдына кезей ұстап тұра қалады. Аш қарыны жалаңдап келе жатқан жылан баланы жұтып жібереді. Ол да жұтып болды, бұл да тіліп, жыланды қақ жарып құйрығынан бір-ақ шығады.

Өткен айдаһардан бұл жылан басым екен. Бала жыланның уытына уланыңқырап, етпісірім уақыт талып жатады. Бірақ аздан соң суға түсіп, жыланның жонынан таспа тіліп алды да, ешкімге сездірместен орнына келіп жатады. Ертеңіне, өткен шаһардағыдай, бұл шаһарда да жиын болды. Хан тағын, хандығын Жандыбатырға береді. Жандыбатыр хандықты екінші дәу — кітапшы досына беріп, қалған дәумен екеуі тағы да жолға түседі.

Бұлар сапар шегіп, тағы бір шаһарға кез болады. Бұл шаһардың халқы басқа шаһардың халқына қарағанда өзгеше болып шығады. Шаһардағы барлық халықтың өңдері сап-сары, бірде-бір адамның түсі ақ, қызыл шырайлы, қара емес. Үлкені де, кішісі де, әйелі де, баласы да бір-бірінен айыра алмайтын сап-сары. Бұлар біраз күн шаһарда болып тынығады, жөн сұрасады. Ақырында халықтың барлығының сары болуы мынау

³¹ Тажал — ауыспалы мағынасында «бәлекет» деген ұғымды білдіреді.

болып шықты: Шаһар халқының пайдаланатын үлкен дариясын бір дәу аударып-төңкеріп бір шұқырдан екінші шұқырға ұрттап құйып отырады екен де, судың ішіндегі балық, түрлі жәндіктерді, ең аяғы өсімдік атаулыны дәу ылғи жұтып жеп қояды екен. Судың бәрі дәудің ішіне түсіп ішек-қарнын аралап, дарияға қайта құяды екен. Өмірінде таза су ішпей, өне бойы сасық су ішкендіктен, шаһар халқы осындай сап-сары болып кеткен екен.

Мұны естіген Жандыбатыр жыландарға істегеніндей етіп, түн ортасы ауа дәудің сапырыстыратын суына келеді. Келсе, дәу жаңа ғана жұмысына кірісіп жатыр екен. Бер жағынан барған баланы қоса жұтайын деп, Жандыбатырға жақындай бергенде, Жандыбатыр қырық құлаш семсерді қолына ұстап тұра қалады. Сөйтіп, дәуді жарып өлтіреді де, жонынан бір тілім таспасын кесіп алып, жолдасының жанына келіп жатып қалады. Таң ата бір бала суға келсе, су түп-тұнық. Бала бір тостаған суды құйып алып, балтасын ұстап ханға келіп: «Дәуді мен өлтірдім. Нанбасаңыз, суды қараңыз!» — деп, суды көрсеткенде, мұндай суды өзі туып, хан болғалы ішіп көрмеген хан алтын тақтан атып тұрады.

Көшеге халық сыймай, шелек-шелек су алып: «Мен өлтірдім, мен өлтірдім», — деп даурығысады. Хан бүкіл халқын тегіс жинап: «Қалада қалған басқа кім бар?» — деп сұрағанда: «Шайханада бір-екі мүсәпір жатыр», — деген дауыстар шығады.

— Адам баласы ғой, шақырыңдар! — дейді хан.

Жандыбатыр келген бетте дәудің жон таспасын ханның қолына ұстап береді. Хан: «Неше жылдан бері хандық құрып, шаһарды билеп отырып, бір дәуге күш көрсетіп, жеңе алмай, сасық, лай сумен халықты сарғайтып, бекер хан болып жүр екем!» — деп, халықтың алдында тағынан түсіп, бір қызын және мал-мүлкінің жарымын Жандыбатырға беріп, өзі уәзір болады. Неше ай, неше жыл сапар шегіп, іздеген мақсатына жете алмай келе жатқан Жандыбатыр тақты да, қызды да, малды да жанындағы үшінші дәу — досына беріп, қош айтысып, құшақтасып айырылады. Ол шаһардан жалғыз шығып, басқа жаққа бет алады.

Жандыбатыр жолдастарымен қош айтысып шыққаннан кейін нелер азап-қиыншылықтарды басынан өткізіп, тағы бір шаһарға келіп кіреді. Бұл шаһарда біраз күн өмір өткізіп, ақыры бір қасапшы шалға өгей бала болады.

Сонымен, Жандыбатыр күндерде бір күн дарияның басына келіп шомылып жатса, су бетіне айнаның сәулесіндей бір жарық сәуле түседі. Анықтап қараса, баяғы әкесінің отыз жыл бойы қуып іздеген пері қызының суреті болып шығады. Әдейі осы қыз үшін әке-шешесінен безіп, неше жыл қиыншылық пен азапты басынан кешірген бала жаңағы сәулені бас салады. Бір уақытта сәуле жоқ болып барып, судың шетіне түседі. Бала судан шығып, сәулені тағы бас салады. Сәуле тағы суға түседі. Осындай ретпен неше рет жерге түскен сәулені ұстай алмай, бала ақыры судың шетіне келіп ес-түсін білмей талықсып құлап жатады.

Өгей бала болса да, өзінің баласындай болған Жандыбатырды аласұрып іздеп таба алмай жылаған шал талып жатқан баланың үстінен шығады. Бала есін жияды. Өзінің іздеп келе жатқан қол жетпесінің дерегі шыққан соң, бала атасына былай деді:

— Ата, мен әке-шеше, ел-жұртымнан безіп, неше жыл бойы азап шегіп, жер кезіп, осы перінің қызын іздеп жүрген едім. Енді сол қыздың тұрақты жері осы болса керек. Сондықтан маған осы қызға қол жететін амалын айтсаңыз екен, — дейді.

Шал әрі ойлап, бері ойлап, айтар-айтпасын білмей, ақыры баланың көңілін қимайды.

— Олай болса, тыңда, балам! — дейді. — Сонау тұрған ақ мешіт — көзге жақын, жүріске он күндік жол. Сол мешітке бар дағы, оң жақтағы дуалдың түбінен тесіп түс те, ешкімге дыбыс білдірмей, сол түскен бұрышта жат. Қыз келетін мезгілде қарауылшы маймылы келіп, кім бар, кім жоғын байқау үшін, бұрыштан бұрышқа шит-шит етіп жүгіріп жүреді. Сол кезде маймылды дыбысын шығармай өлтір де, үндемей жата бер. Оның артынша қыз да келеді. Қыз келіп намаз оқып отырғанда, келе иығына асыла кет. Сонан соң қыз сені қырық кез мешіттің төбесіне апарып үш рет соғады. Егер сол соққаннан аман қалсаң, ісіңнің оңғаны. Ол үштен артық ұра алмайды, жерге құлайды. Сол кезде қыз: «Босат!» — деп жалынар. Сен: «Қойныңдағы кітабыңды бермесең, жібермеймін!» — де. Содан ақыры қыз өкпесі қысылып өлетін болған соң, қойныңдағы кітабын «мә» деп ұстатады. Міне, сол кезде: «Қолың бос де», — де. Далаға шығып молда тап та, некелеп алғын. Сонан соң ол сендік болады, — дейді де, шал жылап-сықтап қоштасып, баласын жолға салады.

Жандыбатыр мешітке де жетеді. Шал айтқандай, барлығын да істейді, дуал да тесіледі, маймыл да өлтірілді. Қыз келіп намазға бас қойғанда, иығына қолын салады. Қыз ашумен баланы қырық кез мешіттің төбесіне апарып екі соғады, үшіншіге келгенде әлі құрып, жерге құлайды. Есі ауып қалса да, бала ұстаған жерінен айырылмайды. Қыз шаршап: «Сен мендік, сен мендік!» — дей береді. Бала: «Кітабыңды бермесең, жібермеймін!» — дейді. Біраз алысып, ақыры қыз баланың мықты екенін сезген соң «Мә!» деп, кітапты қойнынан алып, балаға ұстата береді. Молда да табылады, некесі де қиылады. Сөйтіп екеуі сүйісіп қосылады. Неше жыл іздеп жүрген сұлуына қолы жетіп, баланың көңілі жай болады.

Күндерде бір күн Жандыбатыр құс салып, ит жүгіртіп, аң аулауға кетеді. Келіншегі Зәузәмір дарияның шетіне барып басын жуса, бір тал шашы суға кетеді. Келіншек артынан қуса да ұстай алмай қалады. Шаш аққаннан ағып отырып, төменгі жақта тұратын ханның қоластындағы бір балықшының қармағына ілінеді. Алтын шашты іліктірген балықшы оны ханға тарту қылады. Хан сыйлыққа қап-қап дүниелер береді. Мұндай ғажап шашты көрген хан бүкіл уәзірлерін, сегіз санаттарын³²,

³² Санат /а/ — құрметті, дәрежелі, атақты, уәзір.

манаптарын³³, ақылгөйлерін, қарамағындағы қулардың бірін қоймай жинайды.

— Осы шаштың иесін кім біледі және кім маған соны әкеліп береді? Егер де кімде-кім әкеліп берсе, соған не тілесе, сонысын берейін! — деп, хан жұртқа жар салады.

Бұған жиылғандардан шешіліп «мен білемін, я болмаса мен алып келіп берем» деп ешкім жауап қайырмайды. Бір уақытта сол топтың ішінен басы мүйіз, к...ті киіз, сұмпайы, қарға тұмсық, қарға аяқ бір мыстан: «Мен білем, маған бір желмая бер, мен қызды әкеліп берем. Бірақ мен сіздің тілегіңізді орындасам, мені он бес жасар балаға қосып, бесікке бөлеп, емізікпен тамақтандыратын боласыз», — дейді. Соны күтіп отырған хан кемпірдің айтқанын істемек болды. Мыстан жолға шұғыл дайындалып, желмаяға бүкіл тамақ, жемістерді артып аттанды. Кемпір қыздың тұратын жеріне жетіп, қыздың жүретін жолына бүкіл тамақтарды түртүрімен шашып тастайды. Шашылған жемісті көрген қыз Жандыбатырға хабарлап екеуі тере берді. Үшінші күннің кешінде желмаяның төрт аяғын байлап тастап, бақыртып ұрып жатқан мыстанға Жандыбатыр кез болады.

— О, шеше, мұнша неге әлек болып, желмаяңызды тұрғызбай, әуреленіп жатырсыз? — дейді Жандыбатыр.

— Шырағым, мынау бір жақтан келе жатыр едім, мына түйесі құрғыр шаршап, орнынан тұра алмай жатыр. Күн болса батып барады, не істерімді білмей, сергелдеңге түсіп отырмын, — дейді мыстан.

— Олай болса, кеш батқанда қайда барасыз? Бүгін бізге қоныңыз, — дейді Жандыбатыр.

Соны естіген мыстан қуана күліп:

— Қонсам, қонайын, өркенің өссін, шырағым! — деп, Жандыбатырдың үйіне келеді.

Кемпір бір-екі күн тынығады. Жандыбатырдың жайларымен танысады, үшінші күні келіншегі Зәузәмірді айналдыра бастады.

— Осы Жандыбатыр, Жандыбатыр дейсің жігітіңді, соның жаны қай жақта болады екен? Сен өмірлік доссың, соны білесің бе? — дейді кемпір.

— Жанының қайда екенін білмеймін, — дейді Зәузәмір.

— Оны сұрап алуың керек емес пе? — дейді кемпір.

— Шеше-ау, ол маған жанының қайда тұратынын айтушы ма еді? — дейді Зәузәмір.

— Кешке аңнан қайтқан соң сұра, егер айтпаса, онда сенімен өмірлік болмағаны. Өкпеле де, теріс қарап жатып, біраз жыла. Сонда өзі-ақ айтады, — дейді кемпір.

Кешке Жандыбатыр төсекке келіп жата бергенде Зәузәмір: «Осы сенің жаның қайда болады? Бір-бірімізді білместен «Жандыбатыр», «Зәузәмір» дейміз де жүре береміз», — дейді.

³³ Манап — мәнсап атауы, билік иесі, бай.

— Менің жанымның саған не керегі бар? — дейді Жандыбатыр.

Зәузәмір мыстан айтқандай, теріс қарап, араз болып еді, Жандыбатыр «батыр аңқаудың» кебін келтіріп, сүйген әйелін қимай мынаны айтып салды.

— Менің оң кебісімнің ұлтарағының астында қырық құлаш семсер бар, міне, сол семсер — менің жаным. Ол семсерді далаға тастасаң да, отқа май салып жандырсаң да өлмеймін, қайта отқа салғанда күшім тасиды, бірақ суға тастаса, өлем, — дейді.

Оны естіген мыстан жұрт ұйқыға кеткен кезде дереу ұлтарақтың астындағы семсерді алып, дарияға тастайды да жібереді. Таң атады, жұрт тұрады, шай құйылады, батырдың барлық киім-кешектері қағылып, енді оятуға келсе, батыр бұрынғы батыр емес, ол дүниеге жөнеп кеткен.

Мұны көрген Зәузәмір батырдың қойнындағы кітапты алып, ұшып үйден шыға бергенде, аңдып тұрған мыстан пышағын сілтеп қалып, бір қанатын кесіп түсіреді. Сөйтеді де, қызды желмаяның артына таңып, ит қорлығын көрсетіп, ханның қолына әкеліп табыстайды. Зәузәмір ханның алдына барған соң бір-ақ тілек қояды, ол тілегі: «Мені он жеті күн той қылып алсаңыз екен», — дейді. Зәузәмірдің ойы: «Он жеті күннің ішінде Жандыбатырдың ешқандай хабары болмас па екен?» — деген үміт болып еді.

Жандыбатырдың баяғы бірінші дәу досының сол күні ерігіп отырып жұлдыздарға көзі түскен еді. Дәл маңдайында жарқырап тұрған досы Жандыбатырдың жұлдызы өшкенін көзі шалып қалғанда, «ой бауырымайлап» алтын тақтан қалай құлап түскенін өзі де сезбей қалады. Ол сол сәтте аттан салып, екінші дәу — кітапшы досына жетеді. Кітапшы досы кітабына қарап жібергенде, кітапқа «досы Жандыбатыр басы мүйіз, бөксесі киіз, қарға тұмсық, қарға аяқ мыстанның қолынан пәлен күні қаза тапты» деген жазу қалыпты. Екеуі аттан салып, Жандыбатырдың үшінші дәуі — сушы досына келеді. Келіп, болған оқиғаны баяндап, үшеуі Жандыбатырдың қаза тапқан жеріне қарай жөнеледі. Келсе, досы өліп жатыр. «Бауырымдап» жылаған үш кісінің даусына қырық кез мешіт күңіреніп дауыс қосқандай болады.

Үшеуі кітапты оқып қараса, «мұның жаны қырық құлаш семсерде, ол семсер пәлен дарияның түбінде жатыр» депті. Мұны көрген достар жалма-жан семсерді іздеуге кіріседі. Келіп судан әрі қарайды, бері қарайды, ешқандай дерек табылмайды. Ақыры болмаған соң бірін-бірі кезекпен дарияға түсіреді. Үшінші сушы дәудің көзіне инедей жылтыраған зат көрінгендей болады. Байқап қараса, шеті көрініп жатқан семсердің басы екен, ырғап-ырғап жұлып алады. Семсер де табылады. Енді не істеу керек? Кітапқа және қарайды. Қараса, семсерді отқа салып қыздырып, тотын тазаласа, Жандыбатыр тірілмек екен. Отты лаулатып жағып, семсерді қыздырып, балқыта бастағанда, Жандыбатырға жан пайда бола бастайды. Бір мезгілде: «Ой, қатты ұйықтап қалыппын ғой», — деп, батыр орнынан тұра келсе, достары қасында, от жағып әуре болып жатқанын көреді.

Достары Жандыбатырға болған оқиғаны бастан-аяқ тегіс баяндап өтеді. Сонда барып батырдың ойына мыстан кемпір түсті. Енді ол: «Сол мыстан Зәузәмірді алып кеткен екен ғой», — деді де, тездетіп аттанып, мыстанның, залым ханның шаһарына тартады.

Бұлар Зәузәмірдің тойы аяқталып, дәл сол күні кешке Залым ханның тырнағына түсейін деп отырған үстінен шығады. Бұлар келісімен бесікке бөленген мыстанды бесігінен алып, жеті қырдың ар жағына асыра лақтырады. Залым ханның басын кесіп, орнына Жандыбатырдың баяғы өгей атасын хан қояды. Жандыбатыр өзі «ел қайда, жұрт қайда» деп, бүкіл достарын ертіп, жолға шығады. Жолшыбай үш досының үйіне үш айдан қонақ болып, төртінші айда өз еліне — әке-шешесіне жетеді. Бұрынғы әке-шешесі емес, кәрілік басып, оның үстіне баласының қайғысы қосылып, бір көзінен қан, бір көзінен жас ағып отырған әке-шешесін көреді. Баласы мен келінін көрген кемпір риза болып, «әкесі жетпегенге баласы жетеді» дегеннің керін келтіріп, қуаныштан көздерінің жасын төгіп көріседі.

Сөйтіп, Жандыбатыр барша мұратына жетіп, алған сұлу әйелімен бала-шағалы болып, дүниеден армансыз өткен екен.

Жеті өнерпаз

Баяғы өткен заманда байлығы жұрттан асқан бір хан болыпты. Бұл ханның ұлы болмапты, Қаншайым атты бір қызы болыпты. Қыздың сұлулығы сондай, қараған адам есінен танып қалады екен.

Күндердің бір күнінде Қаншайым қыз қырық қыз нөкерімен сейіл құрып, суға түсуге барады. Суға түсіп бола берген кезінде Қаншайымды көктен бір қарақұс келіп, көтеріп кетеді. Қырық қыз шулап қала береді.

Бірнеше күнге дейін ханға естіртуге ел-жұрт бата алмайды. Бір ақсақалды шал келіп естіртеді. Хан есінен танып, тағынан құлап түседі. Ел-жұрты кетіп, бақсы-балгер, қожа-молда жинайды, қызды олардың бірі де біле алмайды, бәрінен де жәрдем болмайды.

Тек ханның уәзірі Назар келіп, ханмен ақылдасып, оған: «Мұхиттың ар жағында балықшы Сәлім деген бар, оның жеті өнерпаз баласы бар. Бір тапса, солар табады. Жаныма бес жүз әскер қосып беріп, темірден кеме соққыз да, мені соған жібер», — дейді.

Хан табаңда барлық айтқан керегін дайын қылып, бас уәзірді аттандырады. Назар сумен жол жүріп, бір айда аман-сау мұхиттың ар жағындағы Сәлім шалға жетеді. Барса, жеті өнерпаз балалары жоқ, шалдың өзі ғана отыр екен. Сәлім шал әскермен келген Назардан қорқып кетеді.

Назар уәзір Сәлім шалға мән-жайының бәрін баян етеді. Ханның алтын мөрін басып, өтініп жазған хатын береді, әдейі іздеп келгенін айтады. Сол арада Сәлім шал балаларын шақырып алып:

— Айлық алыс шет жерден сендердің өнеріңді естіп келіпті. Нәсіп болса, барыңдар. Егер тапсаңдар, дүние-мүлкімен қоса қызын береді. Өнерді ішке сақтамай, сыртқа шығарыңдар! — дейді.

Сонымен, жеті өнерпаз ханның бас уәзірі Назарға еріп жүреді. Бұлар бірнеше күн жол жүріп, бір-екі күн қалғанда, Назар сүйінші сұрауға ханға бір кісі жібереді. Ол барып сүйінші сұрағанда хан аямай сүйінші беріп, алдынан бес жүз ошақ қаздырып, той жасайды. Аман-сау жеті өнерпазды қасына алып Назар да келеді. Хан жеті өнерпазды көріп, қатты қуанып, бала қайғысының бәрін ұмытқандай болады.

Біреу күн тыныққан соң, хан қасына жеті өнерпазды ертіп, баяғы қызды қарақұс көтеріп әкеткен қара судың қасына келеді. Жеті өнерпаздың ішіндегі үлкені аспанға ұша біледі екен, барлығын сол бастап, қызды көтеріп ұшқан қарақұстың көлеңке ізіне түсіп қуады. Бұлар көкте жеті күн, жеті түн ұшып, сегізінші күн дегенде құсты көреді. Бір дарияның жағасында құс отыр, қыз шашын тарап тұр екен. Бұлардың дабыл қағып ұшқан екпінінен қорқып, қарақұс қызды алып, тағы да аспанға ұшады. Сонда қуғыншылар: «Қыздан айырылды», — деп жылайды. Жігіттердің үлкені екіншісіне: «Өнеріңді істе», — дейді. Екіншісі асқан мерген екен, құстың екі қара санынан көздеп атады. Атқан оғы оның екі санын жұлып түседі. Аспанда шыр айналып, қыз құлап келеді. Түсер жері — түпсіз теңіз. Бұлардың үшіншісі сүңгуірші екен. Қыз келіп, суға түскенде, сүңгіп қызды аман алып шығады. Қыз жұтқан суын қайта құсып, аман түрегеледі.

Бұлар енді судан шығып, құрғақ жерді басқанда, бір әйдік айдаһар лебімен жұтып барады екен. Енді бұлардың төртіншісі қорған соққыш, қолында екі тасы бар. Дұға оқып, бірін-біріне соқса, бес шақырым жерден қорған соғылады екен. Ол тасын қолына алып соғыстырып еді, бес шақырым жерден қорған соғылды. Әлгі айдаһар қорғанның сыртынан оралып жатып қалады. Бірнеше күн тас қорғанның ішінде бұлар да жатады. Айдаһар тасты қысып, бір-біріне жақындатады. Бұлар қысылып өлер болған соң, бесіншісі де өнерін істейді. Бұлардың бесіншісі жер қазғыш екен, қолындағы асыл тасын шаққанда, бес шақырымдай жер астынан жол салынып шығады екен. Айдаһар сол күйінде таста оралып жатып қалады. Бұлар жер бетіне шыққан соң, қайдан шыққанын білмей, жолдың қалай екенін айыра алмай, айласы таусылып, адасады. Бұлардың алтыншысы қырағы екен дейді. Дұға оқып, көзін сипаса, он бір күндік жерден жол көреді екен. Алтыншысы өнерін істеп, он бір күндік жердегі жолды табады. Бірақ өздері арып-ашып, шаршаған, жаяу жүре-жүре табандары таусылып, тамақтары және жоқ, аштан әлсіреп қалады. Жетіншісі тағам жасағыш екен. Бір асыл табағы бар. Оған дұға оқып, үшкірсе, күніне үш мезгіл тағам толады. Бұларды тамаққа тойдырып, аман-есен алып жүреді.

Бұлар бірнеше күн жол жүріп, ханның аулына жетеді, бәрі де аман. Қаншайым қызды да аман алып келеді. Сонан соң хан ат шаптырып той істейді. Хан ел-жұртымен жеті өнерпазға қатты риза болады. Хан жеті өнерпазға риза болғандықтан:

— Қызымды біреуің жолдас қылып алыңдар, — дейді.

Сонда тұрып жеті өнерпаздың ең үлкені:

— Бәріміз де істеген өнерімізді айтып өтелік, қайсымыздікі артық болса, сол алсын, — дейді.

Хан мақұл көреді. Сонда ең үлкені тұрып:

— Бұл қызға менің істеген өнерім бәрінен басым. Мен болмасам, бұл қыз жоқ еді, — деп, жеті күн қарақұстың ізімен көкте ұшқанын айтады, — Сондықтан қыз маған тиісті, — дейді ол. Екіншісі:

— Сенің өнерің таусылып, қызды қарақұс аспанға алып бара жатқанда мен атпасам, қыз жоқ еді. Сондықтан қыз маған тиісті, — дейді. Үшіншісі тұрып:

— Сен аспаннан құсты атып түсіргенде мен судан сүңгіп алмағанда, қыз жоқ еді. Сондықтан қыз маған тиісті, — дейді.

Сонда төртіншісі тұрып:

— Мен тастан қорған соқпағанда, бәріңді де айдаһар жұтып қоятын еді, қыз да, сендер де жоқ едіңдер. Сондықтан да қыз маған тиісті, — дейді.

— Мен болмасам, бәрің де тастың астында қырылып өлер едіңдер, сондықтан қыз маған тиісті, — дейді бесіншісі.

Алтыншысы тұрып:

— Бәрің де жол таба алмай адасатын едіңдер. Бұларды адастырмай, жол тауып берген мен емес пе? Қыз маған тиісті, — дейді.

Ақырында жетіншісі тұрып:

— Менің табағымнан ас жемесеңдер, бәрің де аштан өлер едіңдер. Сондықтан қыз маған тиісті, — дейді.

Бәрі де өздерінің өнерін айтып, ханға жүгінеді.

Хан білгіштерін жинайды. Сонда бір қария тұрып:

— Бұл жетеуінің бәрінің де өнері бірдей, бірақ қызды сүңгуірге қосыңыз, өйткені ол қызды басқалардан бұрын барып құшты ғой. Ал қалған алтауына алты ханның қызын әперіп, алты жерге би сайлаңыз, — дейді.

Хан қызын сүңгуірге қосып, қалған алтауына алты ханның қызын әперіп, алты елді билетіпті. Сөйтіп жеті өнерпаз мұратына жетіпті.

Патша мен бүркіт

Бұрынғы заманда ылғи аң аулауды әдет қылған бір патша болыпты. Күндерде бір күн аң аулап жүрсе, ағаштың басында бір бүркіт отыр екен дейді. Патша көріп, атайын деп ыңғайланған екен, бүркіт:

— Ей, патша! Мені атпаңыз, мен сізге бір уақытта керек болармын, — депті. Патша оның сөзін елемей, атуға тағы ыңғайланады. Бүркіт әлгі сөзін қайта айтып, жалына беріпті. Бүркіт үш рет жалынғаннан кейін патша ойға қалады да, бүркітті үйіне алып келіп, екі жылдай асырайды. Екі жылдан кейін патша кедейленіп, асырауға шамасы келмейді де, бүркітті қоя береді. Бірақ бүркіт қанатын көтеріп ұша алмайды.

Сонан соң ол патшаға:

— Ей, патша, мені не қылсаң да, тағы бір жыл күт, мұратыңа жеткізейін, — деп жалынады. Патша жұрттан қарыз алып, мал алып, тағы бір

жыл күтіпті. Бір жыл толған соң, бүркіт патшаны үстіне мінгізіп әкетіпті. Екеуі келе жатып, бір дарияға жеткен соң, бүркіт патшаны дарияға тастап жіберіпті. Патша тізесінен суға батып бара жатқан кезде, бүркіт қайтадан көтеріп әкетіпті де:

— Патша, қалай, қорықтың ба? — депті. Патша:

— Енді өлдім ғой деп едім, — дейді. Тағы да бір дарияның үстіне келгенде, патшаны және тастап жібереді. Ортан белінен батып бара жатқан кезде, қайтадан көтеріп әкetedі. Үшінші дарияға келгенде, тағы тастап жібереді де, қайтадан көтеріп әкетіп: «Қорықтың ба?» — дейді бүркіт.

— Енді тастасаң, өлемін, — дейді патша.

— Жоқ, енді тастамаймын. Есінде бар ма? Мен ағаштың үстінде отырғанда, «атамын» деп, мені де үш рет қорқытып едің ғой. Мен үш рет өз істегеніңді алдыңа келтірдім, — дейді де, шарықтап кетеді. Бір кезде бүркіт патшаға: «Жоғары, төмен қарашы, не көрінер екен?» — дейді.

— Жоғарыда көк, төменде жер көрінеді, — дейді патша.

— Және жан-жағыңа қарашы, — дейді.

— Оң жағымда сахара, сол жағымда бір үй тұр.

— Ол үй — менің кіші қарындасымның үйі, соған барамыз, — дейді бүркіт. Бүркіт келген соң, қарындасы алдынан шығып, ағасын күтіп алып, патшаны ілтисат қылмай, қораға тастап кетеді. Ағасын тамаққа тойғызып, байлаулы тұрған итін қоя береді, ит патшаны талай бастайды. Бүркіт шыға келіп, патшаны иттен айырып алып, қарындасына ашуланып, патшаны арқасына мінгізеді де, ұшып жүре береді. Ұшып келе жатып бүркіт:

— Артымызда не бар? — дейді. Патша артына қарап:

— Бір қызыл үй көрінеді, — дейді. Бүркіт:

— Ол бізді күтіп алмай, сені итке талатқаны үшін жанып жатқан менің манағы қарындасымның үйі. Енді жоғары, төмен қара, — дейді.

— Жоғарыда көк, төменде жер көрінеді, — дейді патша.

— Оң мен солыңа бірдей қара, — дейді бүркіт.

— Оңымызда сахара, солымызда бір үй көрінеді.

— Ол менің ортаншы қарындасымның үйі. Соған біз қонаққа барамыз, — дейді. Екеуі қарындасының үйіне келеді. Қарындасы алдынан шығып, ағасын күтіп алады да, патшаны қора ішіне тастап кетеді. Бұл да итті босатып қоя беріп, патшаны талатады. Бүркіт оған да кейіп, патшаны иттен айырып алады да, қарындасына ашуланып, патшаны үстіне мінгізіп алып жөнеледі. Келе жатып бүркіт:

— Артымызда не көрінеді? — дейді. Патша: «Қызыл үй көрінеді», — дейді.

— Ол бізді күтіп алмағаны үшін күйіп жатқан менің жаңағы қарындасымның үйі. Енді шешем мен ағамның үйі бар, біз сонда барамыз, — дейді. Ұшып келеді. Ағасы мен шешесі алдынан шығып, баласы мен патшаны күтіп алады. Бүркіт патшаға:

— Тақсыр, жатып демал! Біраздан кейін сізді кемеге отырғызып, еліңізге қайтарам, баяғыдан бергі сіздің істеген жақсылығыңызды ақтайын, — дейді.

Мұнан соң патшаға бір кеме, бірі қызыл, бірі көк екі сандық беріп:

— Осы екі сандықты үйіңе барғанша ашпа. Барғаннан кейін қызыл сандықты сарайдың артқы жағына апарып, көк сандықты сарайдың алдыңғы жағына апарып аш! — дейді.

Патша мұның бәрін алып, дарияға түсіп, бүркітпен қоштасып жөнеледі. Күндерде бір күн кеме аралға келіп тоқтап қалады. Сол уақытында патша: «Бұл екі сандықты не үшін ашпасқа?» — деп, шыдамай, көргісі келіп, қызыл сандықтың аузын ашқан екен, аралдың іші малға сыймай кетіпті. Патша не істерін білмей өкініп: «Осынша малды бұл кішкентай сандықтың ішіне қалай сыйғызамын?» — деп жылап отырғанда, дариядан бір кісі суды қақ жарып шыға келіпті де:

— Не үшін жылайсың? — депті. Патша уақиғасын бастан-аяқ баян етеді. Әлгі адам:

— Егер де сол малды сандыққа сыйғызып берсем, үйіңдегі өзің білмейтін бір нәрсені маған беремісің? — дейді.

Патша: «Мен білмейтін үйімде не нәрсе бар?» — деп ойлап-ойлап, беруге уәде береді. Сонан соң әлгі адам барша малын жиып, сандыққа салып береді де, суға түсіп кетеді. Патша кемесіне мініп, үйіне келсе, ханнан бір ұл туған екен. Патша оны көріп, бетінен сүйіп, қапаланып жылай бастайды. Ханым: «Неге жылайсың?» — деп сұрайды. «Сағынғаннан жылаймын», — деп патша шынын айтпайды. Мұнан соң сарайдың артына апарып сандықты ашқан екен, төрт түлік мал далаға сыймай кетіпті де, көк сандықтан бұлбұлдары сайраған бақша шығыпты. Сол кезде патшаның көңілінен қайғылар кетіп, кедейлікті де, ғайыптан кездескен кісіге берген уәдесін де ұмытыпты.

Күндерде бір күн патша өзен бойынан аң аулап жүрсе, су ішінен баяғы кісі шыға келіп, патшаға: «Бермегіңді ұмытып кеттің бе?» — депті. Патша жылап үйіне келеді де, ханымы мен баласына бұрынғы уақиғасын бастан-аяқ баян етеді. Ертеңіне ханыммен екеуі баласын өзен бойына апарып тастайды да, жылай-жылай қоштасады.

Патшазада үйіне қайтып бармай, беті ауған жаққа жүре береді. Келе жатып бір қалың тоғайдың ішіндегі лашық үйге келіп кірсе, ішінде бір мыстан кемпір отыр екен. Ол патшазаданың жайын сұрап, басындағы қайғысымен танысқаннан кейін: «Олай болса, сен дарияның жағасына барып, қамыстың ішіне жасырынып жат. Сонда аспаннан ұшып, он екі аққу келеді. Олар шешініп, қыз бейнесіне түсіп шомылады. Сонда сен жасырынып барып, үлкен қыздың киетін кебенегін³⁴ ала ғой. Ол қыздың аты — Ғайнижамал. Ол жалынып сұраса да, сен кебенегін берме. Өз атын айтып, «мен сендік» дегенше көнбе. Жолшыбай саған үш кісі жолығар, оларды тастамай, бірге жолдас қылып ал, олар да саған дос болар», — дейді.

Патша ұлы кемпірдің айтқанын істеп, қамыстың ішіне жасырынып жатқанда, айтқанындай, он екі аққу келіп, дарияның шетіне қонып, он

³⁴ Кебенек — малшылардың аязда, жауын-шашында киетін, жұқа киізден жасалған сырт киімі. Мәтін бойынша «жамылғы», «киімі» деген мағынада.

екі қыз бейнесіне түсіпті де суға шомыла бастапты. Сол кезде патшазада жасырынып барып, үлкен қыздың киетін кебенегін ала қойыпты. Сонда өзге қалғандары судан шығып киініп, құс болып ұшып кетеді де, Ғайнижамал отырып қалады. Патшазадаға жалынады:

— Сен менің атам су патшасына келгенде, мен саған керек болармын, мені қоя бер, — дейді. Патшазада оған болмайды. Ақырында қыз өзінің атын айтып:

— Мен сендікпін! Қай уақытта болса да, керек қылғаныңда әзір болармын, — деп жалынып уәде берген соң, патшазада аққудың кебенегін өзіне қайтып береді.

Ғайнижамал киініп алып, құс болып, жолдастарының соңынан ұшып кетеді. Келе жатып патшазада қыстыгүнгі аяздай қаһарланған үш батырға жолығып, бұларды өзімен бірге су патшасына алып келеді. Ол патша:

— Досым, не үшін мұнша кешігіп келдің? Мен сені тоса-тоса шаршадым. Енді сен бүгінгі түннен қалдырмай дарияның үстіне көпір сал. Егер де салып бітіре алмасаң, басыңды аламын! — дейді. Бұл жылап келе жатыр екен, бір уақытта әйнектен Ғайнижамал қарап:

— Патшазада, не үшін жылап келесің? — депті. Патшазада бастан-аяқ қыздың әкесінің бұған берген қызметін баян еткен екен, қыз:

— Жылама! Біздің сарайға барып, ертеңге шейін жат. Баршасы да түнде даяр болар, — депті.

Ғайнижамал далаға шығып дауыстаған екен, көпірге керек барлық ағаш даяр болыпты. Оларға: «Таң атқанша көпір даяр болсын», — депті.

Таң атқан соң қыз келіп, патшазаданы оятып: «Тұрыңыз, көпір даяр!» — депті. Ол қолына сыпырғыш алып, көпірдің аузында тұр екен, су патшасы келіп, көпірді ұнатып, патшазаданы мақтапты да:

— Енді сарайымның ішіне неше түрлі бау-бақша, шарбақ, сандал орнат, онда бұлбұл құстар сайрап тұрсын, — депті. Ғайнижамал мұны да әзірлеп береді. Таңертең су патшасы келіп:

— Жарайсың, жігіт! Енді менің он екі қызым бар, соның біреуін үш қайтара тапсаң, саған беремін. Егер де таба алмасаң, басыңды аламын! — дейді.

Патшазада келіп оны Ғайнижамалға айтқан екен, ол:

— Әуелгіде, мен орамалымды алармын, екіншіде, киімімді түзермін, үшіншіде, менің басымнан бір шыбын ұшар, мен екенімді сонан білерсің, — депті.

Патша қыздарын көрсете бастаған екен, патшазада Ғайнижамалды үшке дейін ұстаған соң, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қызын қосуға ниеттенген болды. Неше түрлі [ас-тағам] дайындатады. Сонан соң патша: «Шойын қып-қызыл болғанша монша жақсын, содан кейін жастар барып түссін», — деп бұйырады. Ғайнижамал әкесінің не ойлағанын сезеді де, патшазадаға:

— Біз қашайық, осы атамыз бізге қастық істер, — дейді. Екеуі қашып жөнеледі. Бір жерлерге жеткенде, Ғайнижамал:

— Аттан түсіп, жерге құлағыңды салып тыңдашы, артымыздан келе жатқан қуғыншы жоқ па екен? — дейді патшазадаға. Ол аттан түсе қалып тыңдап, еш нәрсе ести алмапты. Ғайнижамал өзі түсіп тыңдап, арттарынан қуғыншы келе жатқанын біледі де, үшкіріп, аттарын үлкен тоғай қылып жібереді, өзі құдық болып қалады, ал патшазаданы бір қарт шалдың бейнесіне түсіреді де: «Қуғыншылар, олар өтіп кетті, көп заман болды, менің жас уақытым еді, сонда осы ағашты егіп жатыр едім де», — дейді.

Қуғыншылар жетіп келіп, шалдан:

— Ей, шал, кетіп бара жатқан бір қыз бен жігіт көрдің бе? — дейді.

— Көрдім, шырақтарым! Бірақ оған көп заман болды, менің жас күнім еді, осы ағашты жаңа егіп жатқанда көріп едім, — дейді.

Қуғыншылар патшаға қайтып келіп, көргендерін баяндайды. Патша оларға ашуланып, қуғыншыларды дарға асуға бұйырады да, тағы да қуғыншылар жібереді. Бұл кезде қашқындар көп жерге ұзап кеткен екен, бірақ Ғайнижамал жететінін сезеді де, патшазаданы бір қарт қожа етіп, өзі бір ескі мешіт болады. Қуғыншылар келіп:

— Ей, қожа, кетіп бара жатқан қыз бен жігіт көрдің бе? — дейді.

— Көрдім, бірақ оған көп заман өтті, менің жас кезім еді, сонда осы мешіт те жаңа салынып жатыр еді, — дейді.

Қуғыншылар қайта қайтып, патшаға:

— Тақсыр! Ешбір хабар таба алмадық; не ізін, не өзін. Бір көргеніміз — бір қарт қожа мен бір ескі мешіт қана, — дейді.

Патша сол қожаны алып келмегені үшін бұларды да дарға асуға бұйырады да, енді өзі аттанады. Мұны Ғайнижамал біліп, аттарын балдан тәтті бұлақ қылып, күйеуін еркек үйрек, өзін ұрғашы үйрек етіп жібереді. Сол кезде патша келіп судан іше бастайды. Судың тәттілігіне қызығып, іше-іше патшаның іші жарылып өледі де, қашқындар қайтадан қалпына түсіп, үйлеріне жақын келеді. Сонда Ғайнижамал:

— Сіз бұрын барып ата-анаңызбен амандасыңыз, мен сізді тосып отырайын. Бірақ менің сұрайтыным, амандасқанда, барша жұртыңызбен сүйіскенде, қарындасыңызбен сүйіспеңіз, — дейді.

Патшазада үйіне келген кезде, Ғайнижамалдың сөзін ұмытып кетіп, ата-аналарымен де, қарындасымен де сүйіседі. Бұдан кейін Ғайнижамал үш күндей тосып, патшазада келмеген соң, шаһардың ішіне кіріп, бір нашар кемпірдің бейнесіне еніп, бір кемпірдің үйінде тұрады. Сол заманда патшазада бір сұлтанның қызын алмақшы болып: «Кімде-кім тойға келетін болса, менің патшалығыма қараған әр кісі бір-бір тұшпарадан ала келсін», — деп жар салады.

Бұл хабарды естіп, манағы Ғайнижамал үйінде тұрған кемпір тұшпараға ұнын илеп, даярлана бастайды. Ғайнижамал:

— Маған беріңіз, мен пісіріп ала барайын. Маған бір рақым қылар ма екен, — депті.

Ол нанның ішіне ірімшікпен бірге бір еркек, бір ұрғашы кептер салып пісіреді. Ғайнижамал үй иесі кемпірді қасына ертіп, патшаның сарайына

барса, той болып жатыр екен. Даяшылар бұлардың тамағын алып патшаның алдына қояды. Патша сол жерде тұшпараны кесе бастаған екен, ішінен екі кептер шыға келіп, ұрғашысы аузына ірімшік тістеп, ұша жөнеліпті. Сонда еркегі:

— Маған жартысын бер, — деп таласқанда, ұрғашысы:

— Жоқ, бермеймін! Берсем, Ғайнижамалды ұмытқан мына патшазадаға ұқсап, сен де ұмытасың! — депті. Сол арада патшазада Ғайнижамалды тани кетіпті де, құшақтасып, жасаған тойын енді соған арнап жасапты.

Екеуі қосылып, бала сүйіп, ұзақ өмір сүріпті.





Керқұла агты Кеңдебай.
Суретші К. Баранов.

БАТЫРЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕР

Батырлық ертегілер — шығу тегі миф пен хикаядан бастау алатын ертегі жанрының арналы бір саласы. Ол өзінің стадиялық тегі жағынан қаһармандық эпос пен қиял-ғажайып ертегінің ортасындағы аралық жанрдың қызметін атқарады. Оның сюжеттік құрамында қаһармандық эпос пен қиял-ғажайып ертегілердің элементтері де кездеседі. Ертегінің бас кейіпкерлері негізінен аңшы-мергендер, батырлар болып келеді.

Батырлық ертегілердің өзіне тән басты ерекшелігі — егер қиял-ғажайып ертегілерде бас кейіпкерге ғажайып көмекшілердің (жылан, қасқыр, алып қарақұс т.б.) ықпалы басым болса, бұл мазмұндағы шығармаларда аталған қосалқы кейіпкерлер екінші қатарға жылжып, кедергілер мен қиындықты жеңуші батырдың жеке күш-жігері мен ақыл-айласы болады.

Батырлық ертегілер шығу тегі мен сюжеттерінің сипаттарына қарай екі үлкен топқа бөлінеді. Алдыңғысы көне (архаикалық) ертегілерде, екіншісіне қаһармандық эпос сюжеттерінің ертегіге айналған түрі жатады. Архаикалық батырлық ертегілерде кейіпкердің ғұмырнамалық өмірі баяндалады. Яғни, кейіпкердің дүниеге келу тарихы, үйленуі (некелік сынақтан өтуі), кейіпкердің өлгенге дейінгі саналы өмірі (жаулармен соғысы, жеңісі, қартаюуы т.т.) сөз болады. Негізінен оларда адамзаттың алғашқы қауымдық дәуіріндегі аңшы-мергендердің іс-әрекеті мадақталады.

Ал қаһармандық эпос сюжетінің негізінде пайда болған батырлық ертегілердің ауқымы тар болғандықтан, онда биографиялық цикл түгел қамтылмайды. Сондықтан олардың тақырыбына бертінгі замандағы ру мен тайпалардың, қазақ пен қалмақтың арасындағы ұрыс-жанжал, соғыстар, кек алу сияқты оқиғалардың желісі арқау болады. Ертегілердің сюжеттік құрылымында бас кейіпкердің ерлікпен үйленуі, неше түрлі құбыжықтармен, адам жегіш жалмауыздармен, кейде тарихи жауларымен соғысуы, рудың, елдің намысын қорғауы туралы оқиғалар әңгімеленеді. Бұл ретте қаһарманның айнымас серігі әрі көмекшісі — тұлпары болып саналады. Ер қанаты тұлпар аттарға айрықша орын беріледі. Атап айтқанда, Кенгебайдың Керқұласы, Ер Төстіктің Шалқұйрығы т.б. аттар ғажайып тұлпар ретінде суреттеледі.

Батырлық ертегілер туралы әр жылдары В. Раглов, М. Әуезов, В.М. Жирмунский, А.С. Орлов сияқты ғалымдар зерттеулер жазды. Кейін белгілі фольклортанушылар Е. Костюхин мен С. Қасқабасовтың еңбектерінде арнайы жанр ретінде қарастырылып, жеке ғылыми термин болып қалыптасты.

Томды баспаға дайындау барысында ертегілердің қолжазба нұсқалары, әр жылдары жарық көрген басылымдары өзара салыстырылып, текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Таңдаулы үлгілері іріктеліп ұсынылды.

Ер Төстік

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Матау толған түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты. Ерназардың сегіз ұлы болыпты. Бір жылы үлкен жұт болып, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы соның ішінде кетіпті. Бір қыстың азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді — келмейді, жылдар өтеді — келмейді. Ерназардың азығы таусылады, ашығады, жейтін тамақ таппайды. Кемпірімен екеуінің орнынан тұруға әлдері әрең-әрең келеді.

Бір күні кешке жақын кемпір төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде³⁵ керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназардың қуанып, есі шығады:

— Кемпір, сүйінші! Керулі тұрған кер биенің төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам асып жіберші, — дейді.

Сөйтіп бұлар төстікті қазанға салады. Төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді. Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып, босанады. Бір ұл туады, оның атын «төстік жеген соң біткен бала» деп, «Төстік» қояды.

Төстік өзгеше бала болып өседі: бір айда бір жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жаңа өспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды.

Төстік бір күні ауылдың арасында отырған тарғақты³⁶ садақпен тартып қалады. Садақ тарғақтың қанатын үзіп кетеді.

Тарғақ жығылмай, бір қанатын сабалап қаша береді. Төстік «ұстаймын» деп қуып жүгіреді. Сөйтіп жүргенде, тарғақ бір кемпірдің өрмегінің үстінен қарғып өтеді. Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді. Сөйткенде Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп кетеді. Өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады.

Өрмек тоқып отырған кемпір: «Алда ғана көк шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп, жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма?!» — деп қарғап-сілейді.

Төстік кемпірге жауап бере алмай, оның сөзіне қатты қорланады. Әсіресе, «тентіреп кеткен сегіз аған» деген сөз оған қатты тиеді. Төстік бұрын ағалары барын есіткен жоқ екен. Әке-шешесі оны Төстікке айтпайды екен. Кемпірге сөз қайыра алмай, Төстік жүгірген бетімен үйіне

³⁵ Күлдіреуіш — шаңырақ тоғының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түтін шығып, жарық түсу үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың керегекөз боп түйісетін шыбықтары.

³⁶ Тарғақ — далалы, шөлейтті жерде өмір сүретін кішкене, сұр түсті құс.

келеді. Атып әкелген құстарын лақтырып тастап, отыра кетеді. Төстіктің ашулы түрін көріп, шешесі: «Саған не болды? Кіммен жанжалдастың?» — деп сұрайды.

Төстік кемпірдің сөзін түгелімен шешесіне айтады.

— Ағаларым қайда, неге келмейді? Іздеп тауып әкелемін! — дейді.

Шешесі:

— Қақбас кемпір өтірік айтады. Сенің ағаларың болған жоқ, оның сөзіне нанба! — дейді. Сөйтіп Төстікті нандырып қояды.

Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала өліп қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді.

— Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағаңның құраған сүйегін тауып алаң болмай ма?! — дейді.

Кемпірдің сөзі Төстікке ой салады. Шешесінен ағаларын сұрайды. Шешесі: «Сегіз ағаңның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ, қайда жүргендерін білмейміз», — дейді.

Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді. Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да садағы, азығы да садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады. Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді, жылқының ар жағында ел көрінеді. Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі тұрған қара қос тұр. Қосқа кірсе, асулы мосы³⁷, ілулі бақыр³⁸ тұр. Бақырдың іші піскен етпен толы екен. Төстік етке тойып алады да, елге қарай жүреді.

Төстіктің келген елі ас беріп жатқан ел екен. «Ағаларымды осы астан іздеп көрейін», — деп, асқа тігілген қалың үйді жағалай қыдыра бастайды. Арықтаған, азған, киімі жырттық-жырттық Төстікті ешкім ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім білсін? Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір кезде: «Ерназардың сегізіне тарт, Ерназардың сегізіне тарт», — деп шуылдасып жүр екен. «Ерназардың сегізін көрейін», — деп үйге кірмек болса, табақшылар Төстікті кейін қарай сүйреп, қақпалай береді: «Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?» — деп жекіріп ұрсады. Төстік оған шыдамай, табақшының біреуін жұдырықпен қойып қалып, мұрттай түсіреді. Жұрт жиналып қалады.

— Кім керек? Неғып жүрген адамсың? — деп, Төстіктен жөн сұрайды.

Төстік:

— Маған Ерназардың сегізі керек! Адасып кеткен сегіз ағамды іздеп жүрмін, — дейді.

³⁷ Мосы — ілгегіне шелек, шәугім іліп, тамақ пісіретін үш тағанды темір құрал.

³⁸ Бақыр — тамақ дайындауға арналған іші шұңғылдау, қысқа сапты ыдыс.

Сол арада Ерназардың сегізі жөн сұрасып, Төстікпен жылап-сықтап танысады.

Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін жұттан қалған жалғыз күрең биені бағып, содан көп жылқы өсірген екен. Бағанағы көп жылқы солардікі екен. Төстіктен елінің жөнін білген соң, олар да қайтпақ болады.

Тоғызы тоғыз жағынан шығып, қалың жылқыны айдай бастайды. Бірақ жылқы ұйлығып, бір жақты бет алып жүре алмайды. Қанша айдаса да серпіліп, алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады. Тоғызы жылқыны неше күн айдайды, аяғында жүргізе алмай, жалығады.

Бір күні Төстік мынадай айла табады: барлық жылқының басы күрең биені ұстап алып, жылқының ортасындағы бір дөңге шығады, биені жығып, төрт буады да, қыл бұрау салып, тақымын бұрайды. Тақымы бұралған соң, бие қатты шыңғырады. Биенің шыңғырған дауысына шұрқырасып қалың жылқы жиналады. Жылқы әбден жиналып болды деген кезде, Төстік биені тұрғызып алады да, жетектей жөнеледі. Сонда қалың жылқы өз беттерімен бұлардың соңынан шұбай береді. Енді ешқайсысы да жылқы айдап әлек болмайды, күрең биені жетектеп жүреді де отырады. Қалың жылқы шұбырып ереді де отырады. Судың тұнығын іше-іше, шөптің сонысын жей-жей, талай асқардан асып, талай шөлді басып, Төстігі бастап, Ерназардың сегізі аман-есен елдеріне келеді.

Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады. Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан қошқар, құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды. Ақсақал, қарасақалын түгел разы қылады.

Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келіншек іздейді. Келінінің тоғызын бір үйден таппақ болып, ел қыдырады. Көп елді аралайды. Бірақ, Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды.

Сөйтіп Ерназар күдер үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл көрінеді. Ауылдың ортасындағы үлкен бір қоңыр үйдің тұсына келіп, мейман болатындығын білдіреді. Үйге кірсе, керегесінің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды.

Үйдің бәйбішесі Ерназардан:

— Неге жыладың? — деп сұрайды.

— Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, — дейді Ерназар.

— Ендеше, жылама, тағы біреуі бар, әне тұр! — деп, бәйбіше тұсбақаннан³⁹ тағы бір сырғаны алып келеді. «Кенжекейімнің сырғасы еді,

³⁹ Тұсбақан — киіз үйде қолданылатын, заттарды іліп қоюға арналған ағаштан жасалған үй жабдықтарының бірі.

мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бір бөлек тұрады», — деп, сырғаны қайтадан орнына іліп қояды.

Ерназар оған:

— Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе еді, Кенжекейің Төстігімдікі болсын, — дейді.

Сөйтіп Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады.

Ерназар келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен сапарға шығады. Жолда бұларға перінің қызы Бекторы кездеседі, ол Төстікті көріп ғашық болады. Төстікті Кенжекейден айырып алу ниетіне кіріседі.

Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің ауылына барып, көп уақыт жатады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын істетіп, келіндерін алып, еліне қайтпақшы болады.

Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне — мінгізген ат, арттырған түйе, тарттырған жасауына разы болмайды: «Әкем маған жылқыдан Шалқұйрық атты берсін, жасаудан Ақсырмалды сауытты берсін, түйеден Құба інгенді берсін», — дейді.

Кенжекейдің әкесі қызына ашуланып, кісісін қайта жібереді:

— Қызыма айта бар, Ерназардың байлығы оған жетеді. Шалқұйрық атты сұрағаны несі? Шалқұйрық — жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген — түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артар бар ма екен? Ақсырмалды сауыт — атадан ұлға қалатын мұра, мені қызым «қу бас» дегені ме? Қызым өйтіп жаулығын білдірмесін! — дейді.

Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты: «Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім. Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім. Ақсырмалды сауытты сұрағаным, Ер Төстік ер еді, сол ер кісін деп едім», — депті.

Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріпті. «Қызыма сәлем айт, Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын, қондырса, кесір болады», — депті.

Сонымен Ерназар келіндерін алып қайта береді. Бір күні көші жар басында тігулі тұрған жарты лашыққа кездеседі. Бұл перінің қызы Бекторының лашығы екен. Көш тұсынан өтіп бара жатқан кезде лашығынан шығып, шайқақтап, перінің қызы Бекторы мынаны сөйлейді:

— Сүйген жарың Ер Төстік,
Құтты болсын, Кенжекей!
Мінген де атың Шалқұйрық,
Құтты болсын, Кенжекей!
Артқан да түйең Құба інген,
Құтты болсын, Кенжекей!

Киген де сауытың Ақсырмал,
 Құтты болсын, Кенжекей!
 Жар басыңда демесең,
 Жарты лашық демесең,
 Біздің үйге түсе кет,
 Көбікті саумал іше кет, — дейді.

Перінің қызы Бекторының тиісе сөйлегенін жақтырмай, Кенжекей мынадай жауап береді.

— Перінің қызы Бекторы,
 Шайпау сөзің қой, Торы.
 Сүйген де жарым Ер Төстік,
 Өз жарымды сүйемін.
 Мінген де атым Шалқұйрық,
 Өз атымды мінемін.
 Артқан да түйем Құба інген,
 Өз түйеме артамын.
 Киген де сауытым Ақсырмал,
 Өз сауытым киемін.
 Жар басыңда демейін,
 Жарты лашық демеймін,
 Қайтсең де үйіңе түспеймін,
 Бал берсең де ішпеймін.
 Перінің қызы, Бекторы,
 Шайпау сөзің қой, Торы!

Осылай деп Бекторының бетін қайтарып тастайды. «Қап, бәлем, Кенжекей, саған қылармын!» — деп, Бекторы тісін қайрап қала берді.

Көш бетімен тарта берді. Бір күні Сорқұдықтың басына келіп жетеді.

Кенжекей атасына кісі жіберіп: «Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер!» — деп айтқызады. «Келінім келмей жатып, менің қонысымды билейін деген екен», — деп, Ерназар болмастан әлгі жерге қонады.

Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады. Кенжекейдің аяулы екенін Ерназар сол арада біледі. «Келінім ақылды екен, тілін бекер алмаған екем», — деп өкінеді.

Сол күні тұман болады. Кенжекей өз әкесінің айтқаны ойына түсіп, кіршігін ілмей жатады. Ерте тұрып қараса, Құба інген жоқ. «Құба інген жоқ!» — деп атасына хабар береді.

Ерназар ат ерттеп мініп, Құба інгенді айнала қарап жүрсе, анадай жерде тұрған Құба інген көрінеді. Қасына келсе, бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен. Жанында бір тал бар екен, талдың түбінде бір жарбиған жаман кемпір отыр.

— Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, — дейді Ерназар.

Кемпір сонда:

— Тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын, шырағым!
Әперуге әлім жоқ, нашар адаммын! — деп мүләйімсиді.

Кемпірдің сөзіне нанып, бұйданы іліп алайын деп еңкейе бергенде, Ерназарды кемпірекең шап беріп жағадан ала кетеді. Ерназарда тапжылуға шама жоқ. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады, Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, шыбын жаны шығып барады.

Ерназардың «қоя бер!» дегеніне кемпір қоя беруші болмады, өлетін болған соң Ерназар жалына бастады:

— Ағарған сақал, — шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Қоя бер мені, шешежан, — дейді.

— Жоқ, — деп, кемпір қысып қояды, Ерназардың жаны шығып барады.

— Тоғыз келін түсіріп,
Елдей көшіп келемін.
Толып жатқан жасаудан
Тойғаныңша беремін.
Босат мені, шешетай! — дейді.

— Жоқ, — деп, кемпір қысып қояды, Ерназардың жаны шығып барады.

— Оған разы болмасаң,
Тоғай толған қойым бар,
Қанша алатын ойың бар?
Босат мені, шешетай! — дейді.

— Жоқ, — деп, кемпір онан сайын қысады, Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң,
Сауысқандай сақтығы,
Жұмыртқадай ақтығы,
Желбіреген желегі
Жаңа түсіп келеді.
Сегізінен бір дана,
Ақылы асқан ол дана,
Кіші келінім Кенжекей,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені, шешеке! — дейді.

— Жоқ, — деп, кемпір онан сайын қысады, Ерназардың жаны шығып барады.

Оған разы болмасаң,
Сойылдай сегіз ұлым бар,

Менде қандай құның бар,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жібере көр, шешеке! — дейді.

— Жоқ, — деп, кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады.

Оған разы болмасаң,
Атамасым атайын,
Сегізінен бір бөлек
Жалғызымда қуат боп,
Жаяуымда қанат боп,
Пана болған бір кезде
Ер Төстігім — ең кенжем,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені, шешеке! —

дегенде, кемпірдің қолы босанып сала береді.

— Төстікті маған қалай бересің? — деп сұрайды кемпір. Оған Ерназар айтады:

— Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен соны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзің ұстап ал! — дейді.

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады.

Ерназар Құба інгенді алып, қайтып келеді, көш жөнеледі, бірнеше күн көшеді. Төстік түнде отауына кірейін десе, отауы ылғи берік болады. Бір күні Төстік жеңгелерін алып, отауына кіреді. Төсегіне жатып еді, Кенжекей болат кездіктің сабын Төстіктің жүрегіне тіреп, ұш жағын өз жүрегіне қояды:

— Қозғалмай жат, қозғалсаң, екеуіміз де жарыламыз, — дейді. Төстік мұның себебін сұрайды. Кенжекей:

— Әкең сені Бекторының жалмауызына беріп кеткен, сен менікі емессің, жалмауыздан біржола құтылып кел! — дейді.

— Әкем мені жалмауызға неге береді? — дейді ол. Кенжекей:

— Нанбасаң, әкеңнен егеуіңді сұрап көрші, — дейді. Ертең ертемен тұрып Төстік:

— Егеуімді берші, әке! Мына жақта киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім, — дейді.

Ерназар сасыңқырап қалып, қорбандап кісесін⁴⁰ қараған болады да:

— Қап, әттеген-ай, қалып қойған екен. Түнеугі Сорқұдыңтың басында, Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдырып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой, — дейді. Сонымен, Төстік

⁴⁰ Кісе — күмістен, жезден әшекейлеп жасалған, пышақ қыны мен шақпақ салатын қалтасы бар қайыс белбеу.

егеуін іздемек болады, егеуінің қалған жері — неше күндік алыс жол. Ерназардың айтуымен Төстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты, жеті аяқты жирен атты мінбек болады.

Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып мынаны айтады:

— Сорқұдықтың басына
 Сорға бола қонды атам.
 Жалмауызға жалғызын
 Жанынан қорқып берді атам.
 Жүретұғын жолыңда
 Құлан өтпес шөлі бар,
 Оны да басып өтесің,
 Қыран өтпес қия бар,
 Оны да басып өтесің.
 Алты аяқты ала атың
 Құлық бие құлыны,
 Табанына тас батса,
 Маңдайынан күн өтсе,
 Алты күнге жарамас.
 Жеті аяқты жиренің
 Табанына тас батса,
 Маңдайынан күн өтсе,
 Жеті күнге жарамас.
 Сан жорғаны алмадым,
 Ер аты деп таңдадым.
 Айыл-тұрман әбзелін
 Ертеден бастап сайладым.
 Төстік, саған арнадым,
 Жабы емес, қазанат,
 Ер серігі қолғанат —
 Шалқұйрықты мін, Төстік!
 Сан жасауын алмадым,
 Саған бола таңдадым,
 Ақсырмалдай сауытты
 Осы жолға ки, Төстік! —

деп зарлайды. Төстік Кенжекейдің тілін алып, Шалқұйрық атты мінетін болады. Жылқыдан Шалқұйрықты ұстап әкелуге кісі жіберсе, барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп, маңайына жан жуытпайды.

Шалқұйрықты ұстауға Төстіктің өзі келеді. Шалқұйрық Төстікке өзі келеді. Шалқұйрық Төстіктен қашпайды. Қолын созса, тырп етпей тұрып, жүгенге басын өзі ұсынады.

Төстік жүрерде Кенжекей Құба інгенді бураға шөгереді: «Не Төстік өлді деген күні ботала, не Төстік келді деген күні ботала!» — деп серт қылады. Өзі белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады: «Не Төстік өлді деген күні шешіл, не Төстік келді деген күні шешіл!» — деп серт қылады.

Төстік жолға шығады. Төстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

— Төстік батыр, енді екеуміздің жанымыз бір, қандай пәле болса да бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын. Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуіңді ала бергенде ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тауып ал. Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден⁴¹ биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма! — дейді.

Көп уақыт жол жүргеннен кейін, Төстік егеу жатқан жерге келеді. Келсе, егеудің қасында кемпір отыр. Ер Төстік жақындай түсіп: «Шеше, шеше, артыңдағы қыздардың бәрі өзіңдікі ме?» — дейді. Сонда кемпір артына жалт қарайды. Сол мезгілде Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола береді. Төстік егеуді іліп алып жөнеледі.

Сонда кемпір: «Сен бе едің, Төстік, алдаған? Сені ме, Төстік, қап, бәлем!» — деп, тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, шашы жалпылдап, көзі жарқылдап, тістері сартылдап, қатты сасып, етегін басып, Төстікті қуа жөнеледі.

Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қақ айырылады. Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді.

Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітеді:

— Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң, жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргеніңде есінде болсын: үйге кіргеніңде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді, олардан сескенуші болма, олар — жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергеніңде, екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де екі жеңіңнен кіреді, қойныңнан шығады, қойныңа кіреді, қонышыңнан шығады. Бұлар жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергеніңде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар — жылан Бапы ханның өзі мен әйелі. Егер де бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер асты еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз, — дейді.

Біраз жер жүрген соң, Шалқұйрық айтқандай, жылан Бапы ханның ордасы көрінеді. Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қойып, сәлем беріп үйге кіреді. Екі босағадағы екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді.

⁴¹ Бетере — малға жұғымды ақ боз шөп.

Төстік одан сескенбейді. Төр алдына бара бергенде екі сұр жылан ысылдап келіп, Төстіктің жеңінен кіріп, қойнынан шығады, қойнынан кіріп, қонышынан шығады. Төстік олардан да сескенбейді. Төрге барып отыра бергенде, төсектен екі дәу жылан ысылдап көтеріледі. Төстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра береді.

Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады.

— Жақсы келдің, Ер Төстік! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, — дейді.

Екі сұр жыланның бірі әдемі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Олар да:

— Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз. Жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда⁴² болады, — дейді.

Босағадағы екі қара жылан екі қара құл болып кетеді. Төстіктің алдына келіп, қол қусырып тұрады.

Төстік жылан Бапы ханның елінде ұзақ уақыт тұрады. Жылан Бапы ханның Темір хан деген араз ханы бар екен. Темір ханның қызын жылан Бапы хан сұрап, неше рет жіберсе де, Темір хан қызын бермей қойған екен. Жылан Бапы хан Төстікті соған жұмсайды. Темір ханның қызын әкеп берсе, Төстікке өз қызын беретін болып уәде қылады.

Төстік жылан Бапы ханға Темір ханның қызын әкеп бермек болып, жолға шығады. Темір ханның елі жеті айлық жол екен. Төстік елсізбен келе жатса, алдында бір адам көрінеді. «Бұл не қылған адам?» деп абайласа, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да, білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондыра қояды. Сауысқандар мұны түк сезер емес.

— О, неғып жүрген жансың? — деп, Төстік қасына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп жолын тосып жүрген адам едім, — дейді әлгі кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Алғанды адамға сездірмейтін асқан епті едім. Жан-жануардың сағы сауысқан болса, құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне киізгенімді жаңағыдай сезбей қалады, — дейді кісі.

— Жарайды, ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын! — дейді Төстік.

Екеуі жүріп келеді. Тағы елсізбен келе жатса, жолдарында бір адам көрінеді. «Неғып жүрген адам?» деп байқаса, киіктерді матап жүрген адам екен. Екі аяғына байлап алған қазандай екі қара тасы бар.

— Осы тастарымен жүріп, қашқан киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын, «Желаяқ» деген жүйрікпін! — дейді кісі.

— Жарайды, ендеше осы іздеген Төстігің мен боламын! — дейді Төстік.

⁴² Шылауыңда — ырқында, ықпалыңда болу деген мағынаны береді.

Сөйтіп үшеу болып жүріп кетеді. Бұлар келе жатса, бірталай күннен кейін елсізде тағы бір адам көрінеді. «Не қылған адам екен?» деп байқаса, әлгі кісі жерге біресе оң құлағын төсейді, біресе сол құлағын төсейді, жер астынан бір нәрсе тыңдаған сияқты болады.

— О, неғып жүрген адамсың? — деп, үшеуі қасына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті дегенге, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын! — дейді кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Жер астының атақты тыңшысымын, қандай жасырын әңгіме болса да, тыңдап біліп аламын; менен жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел есітетін Саққұлақ деген ер мен боламын! — дейді.

— Жарайды, ендеше, іздеген Төстігің мен боламын! — дейді Ер Төстік.

Сөйтіп төртеу болып жүріп кетеді. Бұлар елсіз түзде келе жатса, алыста бір тау көрінеді, ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады. Жақындап келіп қараса, бір адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бір тауды көтеріп бір таудың үстіне қояды.

— О, неғып жүрген адамсың? — деп, Төстік қасына жетіп келеді.

— Жер үстіндегі Төстік жер астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын! — дейді кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Жұрттан асқан алыпшын, жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын. Таусоғар деген ермін! — дейді кісі.

— Жарайды, іздеген Төстігің мен боламын! — дейді Төстік.

Бесеу болып жүріп келеді. Бұлар жапан далада жүріп келе жатса, бір үлкен көл көрінеді. Көлдің суы айтқанша суалып, жоқ болып кетеді де, айтқанша шарасынан асып, ернеуі толып кетеді. Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды. «Бұл су қайдан келіп, қайда кетіп жатыр?» — деп, айнала іздейді. Сөйтсе, қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса, жоқ болады, аузынан төгіп жіберсе, шарасынан асып су қайта толып кетеді.

— О, неғып отырған адамсың? — деп, Төстік жанына жетіп келеді.

— Жердің үстіндегі Төстік жер астына түсті деген соң, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын! — дейді әлгі кісі.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар? — дейді Ер Төстік.

— Жер жаһанда бар нәрсенің мешкейімін. Маған бұл жалғанда тойым жоқ. Бір көлдің суы қарныма түк болмайды, қанша үлкен дария болса да, бір-ақ ұрттаймын. Көлтауысар деген ер боламын! — дейді кісі.

— Жарайды, ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, — дейді Төстік.

Алтау болып жүріп кетеді. Көп уақыт жол жүргеннен кейін бұларға бір оба көрінеді. Жақындаса, обаның басында жалпиған бір адам отыр.

— О, неғып жүрген адамсың? — дейді оған Төстік.

— Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түскенін, жылан Бапы ханға келіп, оның қорқытқанынан қорықпастан төріне шыққанын, одан Темір ханның елін іздеп шыққанын, жолында жер астының өнерпаздарын жинап келе жатқанын көрген соң, соған жолдас болайын деп, жолын тосып отырмын, — дейді.

— Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? — дейді Төстік.

— Жер астының қырағысымын. Төстік, сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырмын. Бар өнерім — қырағылық, жердің асты-үстінде менің көзіме қағыс жер жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін, — дейді кісі.

— Жарайды, ендеше менің жолдасым бол, — дейді Төстік.

Жетеу болып жүріп кетеді, бұлар жеті ай жол жүріп, Темір хан елінің отырған жеріне келсе, Темір хан елінің жұрты жатыр. Төстіктің келе жатқанын естіп, көшіп кетіп қалған екен. Саққұлақ тыңдап көрсе, адам баспас деген жерге қонып жатқан хабары естіледі. Қырағы көз жіберіп еді, алты таудың ар жағында, жеті көлдің желкесіндегі жалпақ жартастың астына барып тығылған екен.

Таусоғар жолдағы тауларды орнынан алып, көшіріп қоя салады. Көлтаусар көлдерді ұрттап суалта салады. Ер Төстік жолдастарымен көзді ашып-жұмғанша Темір ханның ауылына жетіп келеді.

Бұлар келсе, Темір ханның қызын Кеңе хан алмақ болып жатыр екен. Ер Төстік келген соң, Темір хан екі жағына да кісі салып: «Қызымды, қайсысының өнері асса, соған беремін!» — деп айтқызады. Той қылып, ел жинайды, екі жақтың өнерін көруге жер астының қарайған халқының бәрі жиналады. Кеңе ханның қалыңмалға әкелген қора-қора қойының, қатарлы түйесінің, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылады.

Ер Төстік жолдастарымен бір үйде отырады. Бұларды тойғызамын деп қанша ет әкелсе де, жетпейді. Тойға арналған тамақтың бәрін де Көлтауысар жеп қояды. Тіпті тойғыза алмайтын болған соң, Темір хан мен Кеңе хан бірігіп, бір амал табады. Төстіктердің тамағына у салып бермек болады. Саққұлақ мұны естіп отырады да, Төстікке айтады. Төстік ұрысып, тамақты қайтарып жібереді. Төстіктердің табағына салынған уды білдірместен Кеңе ханның нөкерлерінің табағына салып жібереді. Кеңе ханның нөкерлері қырылып қалады. Бұдан жеңілген соң Темір хан ат шабысына түседі. Өзінің бар жүйрігін бәйгеге қосады. Ер Төстік Шалқұйрықты даярлайды.

Қарақшының түбіне келген соң, Шалқұйрыққа тіл бітеді: «Егер атты өте алысқа айдаса, менің шабысым да өте жылдам болады. Үш күн шапсам, бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын! Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған жоқпын, ағынымды тоқтата алмай кеткенім, үшеуі де үзілмесе,

мен жығылып өлемін, онда да саған жоқпын. Егер арқан жартылай үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да, жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе!» — дейді.

«Ер Төстіктің жалғыз шолағы бір жерде зорығып қалсын!» — деп, Темір хан атты бір жұмалық жерге айдатады.

Балуан күресі басталады. Таусоғарға балуан шақ келмейді. Жер астының алыптарының бәрі жығылып бітеді. Күресуге кісі шықпаған соң, Таусоғар бір тауды көтеріп алып, жұртқа күшін көрсетеді. Темір хан мен Кеңе хан қатты сасып:

— Тауды біз жаққа қоя көрмесін! — деп Төстікке жалынады.

Төстік тауды орнына қойғызады. Бір жеті өткен соң, бәйге аттары қайтып оралады. Жұрт қарақшының түбінен аттарын күтеді. Бір мезгілде алыстан бір шаң көрінеді, шаңның ішінен жақындай келе бір қара көрінеді, Шалқұйрық екенін танып, Ер Төстік үш қабат арқан кереді. Шалқұйрық құйынша заулаған бетімен арқанға келіп жоқ болады. Қараса, Шалқұйрық жығылған екен, арқанның екі қабаты үзіліп, бір қабаты қалған екен, Шалқұйрық талып түседі. Сонда Төстік:

— Сорқұдықтың басына
 Сорға бола қонды әкем.
 Жанынан қорқып кемпірге
 Егеуімді берді әкем.
 Жүретұғын жолымда
 Құлан өтпес жол болды.
 Асқар-асқар тау менен
 Шексіз дария көл болды.
 Құлық бие құлыны —
 Алты аяқты аланы
 «Жарамайды, жабы» деп,
 Міндірмеген Кенжекей.
 Кәрі бие құлыны —
 Жеті аяқты жиренді,
 «Жарамайтын жабы» деп,
 Міндірмеген Кенжекей.
 Сан жорғаны алмаған,
 Ер аты деп таңдаған,
 Айыл-тұрман әбзелін
 Ертеден қамдап сайлаған,
 Кенжекей сыңды арудың
 Қалмасын деп көңілі
 Міндім сені, Шалқұйрық!
 Жалғыз өзім қос артып,
 Жапан түзге жол артып,
 Жалмауызға шыққанда

Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,
Егеуді ала бергенде,
Бетегеден биіктеп,
Аласарып жусаннан
Ептейлендің, Шалқұйрық!
Егеуді ала қашқанда,
Жалмауыздан сасқанда,
Таулар ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақтай,
Қазандай дәу қара тас,
Құйрығыңа оралып
Жерге де кірдің, Шалқұйрық!
Жылан Бапы жеріне,
Жер астының еліне
Шыға келген мезгілде
Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,
Жөн білдірдің еріңе.
Жаяуымда қанат болған, Шалқұйрық!
Жалғызымда жолдас болған, Шалқұйрық!
Сасқанымда ақылым болған, Шалқұйрық!

«Үш жаның бар еді, екеуі шықса да, бірі қалған шығар, түр, Шалқұйрық! Тіріл, Шалқұйрық!» — депті.

Сол уақытта Шалқұйрыққа жан бітіп, оқыранып түрегеледі. Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді.

Темір хан мен Кеңе хан балуан және ат бәйгесінен жеңіліп, не қыларын білмей сасады. «Енді жаяу жарыс салып көрейік», — дейді.

Жаяу жарысты бір күндік жерден жібермек болады. Ер Төстік Желаяқты қосады. Жүйріктер бір күн жүріп барып, барған жеріне қонып, ертеңіне ертемен жарысып қайтпақ болады. Темір хан жарысқандардың ішіне бір мыстан кемпірді қоса жіберген екен. Барып қонған жерінде сол мыстан Желаяққа: «Шырағым, шаршадың ғой, басыңның битін қарап берейін, деміңді алып ұйықта, жарысарда өзім оятамын», — деп, оны алдап ұйықтатып тастайды.

Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді. Бір мезгілде оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, желаяқтар әлдеқашан кетіп қалыпты. Кемпірдің алдағанын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнеледі. Жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі. Құстай ұшып, құйындай ұшып келе жатса, жаяулар да қазықшаға жақындап қалған екен, ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен. Желаяқ өте беріп уысындағы топырақты кемпірдің көзіне шашып кетеді. «Алда ғана көк шешек-ай, мықтадың-ау!» — деп, кемпір көзін уқалап қала береді. Сөйтіп жаяу бәйгесінде де Ер Төстік жеңеді.

Темір хан енді қайтадан той жасап, қызын Жылан Бапы ханға ұзатпақ болады. Темір ханның ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны терең көлге түсіп кеткен екен. «Нағыз ер болса, соны алып берсін», — деп, ол Ер Төстікке кісі салады.

«Көлдің суын құрт!» — деп, Төстік Көлтауысарды жұмсап еді, қанша ұрттаса да, көлдің суы Көлтауысардың ұртына сыймайды. Судың үштен бірі қалғанда Көлтауысардың ұрты суға толып бітеді.

Сонда Шалқұйрыққа тіл бітіп: «Қазанды мен сүңгіп алып шығамын!» — деп рұқсат сұрайды. Ер Төстік рұқсат етеді. Шалқұйрық: «Мен суға сүңгігенде ақ көбік шықса — жақсы болғаны, қуана бер, аман-есен қазанды алып шыққаным. Қызыл көбік көрінсе — жаман болғаны, алып шыға алмай, су астында қалып қойғаным», — дейді.

Шалқұйрық суға сүңгіп кетеді. Көпке дейін еш нәрсе білінбейді. Бір мезгілде ақ көбік көрінеді. Ер Төстік қуанады. Оның артынан ұзамай, қызыл көбік көрінеді. Ер Төстік шошынып, зарлана бастайды:

— Сорқұдықтың басына
Сорға бола қонды әкем.
Жанынан қорқып жалмауызға
Егеуімді берді әкем.
Жүретұғын жолымда
Құлан өтпес жол болды.
Асқар-асқар тау менен
Шексіз дария, көл болды.
Құлық бие құлыны —
Алты аяқты аланы
«Жарамайды, жабы» деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Кәрі бие құлыны —
Жеті аяқты жиренді
«Жарамайтын жабы» деп,
Міндірмеген Кенжекей.
Сан жорғаны алмаған,
Ер аты деп таңдаған,
Айыл-тұрман, әбзелін
Ертеден қамдап сайлаған.
Кенжекей сынды арудың
Қалмасын деп көңілі
Жалғыз өзім қос артып,
Міндім сені, Шалқұйрық!
Жапан түзге жол тартып,
Жалмауызға шыққанда
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,

Егеуді ала бергенде,
Бетегеден биіктеп,
Аласарып жусаннан
Ептейлендің, Шалқұйрық!
Егеуді ала қашқанда,
Жалмауыздан сасқанда,
Таулар ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақтай,
Қазандай дәу қара тас
Кұйрығыңа оралып,
Жерге кірдің, Шалқұйрық!
Жылан Бапы жеріне,
Жер астының еліне
Шыға қалған мезгілде
Тіл бітіп саған, Шалқұйрық!
Жөн білдірдің еріңе.
Жаяуымда қанат болған, Шалқұйрық!
Жалғызымда жолдас болған, Шалқұйрық!
Сасқанда ақыл болған, Шалқұйрық!
Үш жаныңның не бірі
Аман шығар, Шалқұйрық,
Су астынан шық, Шалқұйрық! — дейді.

Ер Төстік зарланып тұрғанда, Шалқұйрық дәу қара қазанды құйрығына байлап, су үстіне шыға келеді.

Шалқұйрыққа тіл бітіп сөйлейді:

— Су өте терең екен, түбіне зорға жеттім, қазанды зорға таптым. Сонда ақ көбік шықты. Қазанды көтеріп шығу қиын болды, тістеп едім, шығара алмадым. Сонда қызыл көбік шықты. Құйрығымды ұзартып, қазанды байлап алып, зорға шықтым, — дейді.

Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына Темір хан елі қатты күйіністі. Темір хан Ер Төстіктерге арнап үлкен сарай салдырып, құдаларды сонда кіргізді. Құдалардың кіруі-ақ мұң екен, есік сарт етіп жабылып қалды. Сарай тұтас темірден салынған екен. Аузын мықтап құлыптап тастап, сыртынан тау-тау қылып отын үйеді де, от жағып өртей бастайды. Сарай қызуға айналды. Сарай ішіндегі Төстік жолдастарымен күйетін болды.

Таусоғар орнынан тұрады да, сарайдың есігін теуіп жібереді. Есік шалқасынан түседі. Көлжұтардың бір ұртында бір көлдің суы бар екен, бүркіп жібергенде, айналасындағы өрттің бәрін сөндіріп тастайды.

Темір хан мен Кешке ханның айласы әбден құриды. Ер Төстікке қызын қосып беріп, жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады. Сөйтіп Ер Төстік жылан Бапы ханға қайтады. Қайтып келе жатқанда, жолдан ерген жолдастарының бәрі де өздерінің жерлерінен әрі жүрмейді. «Бұдан әрі баруға біздерге жол жоқ», — деп, олар Ер Төстікпен қоштасып қала береді.

Ұзақ жүріп, Ер Төстік жылан Бапы ханның еліне келеді. Айтқанын істеп келген соң, ол Ер Төстікке өте риза болады, өзінің қызын береді және: «Не қалайсың?» — деп Төстіктен сұрайды. Төстік:

— Жер үстіне шығамын, еліме қайтқым келеді, — дейді. Жылан Бапы хан Төстіктің тілегін орындап, қызын беріп және жанына қаншама жолдас қосып беріп, жер үстіне шығатын есікке қарай шығарып салып, қош айтысып қала береді.

Жер үстіне шығатын есікке дейін алты айлық жол екен. Жолдың ауырлығына шыдамай, жылан Бапы ханның қызы және жолдастарының бәрі қырылып қалады, Күнке деген бір күңі мен Шалқұйрық, Ер Төстік үшеуі аман қалады.

Үшеуі шаршап бір бұлақтың басына келіп жатады. Бұлақтың басында бір үлкен бәйтерек тұрады. Бір мезгілде сол бәйтеректің басынан шуылдаған ащы дауыс естіледі. Қараса, шуылдаған балапандар екен, бұларды жеуге бір айдаһар жоғары өрмелеп бара жатыр екен.

Ер Төстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады, айдаһар жерге сылқ ете түседі. Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң, балапандар шуылын тоқтатады. Ер Төстік жайланып ұйқыға кіріседі.

Ер Төстік бір дауыстан шошып оянса, қатты дауыл тұрған екен, дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, жаңбырмен қабат суылдаған дауыс естіледі, соның артынан ұзамай-ақ бір дәу қара құс көрінеді. Дәу қара құс суылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда, бәйтерек майысып, сынып қала жаздайды.

Бұл дәу қара құс — самұрық екен. Самұрықтың үлкендігі сондай, жайып жібергенде бір қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді екен.

Қонысымен самұрық бәйтеректің түбіндегі Ер Төстікті бұруге тап береді, бірақ балапандары шыр-шыр еткен соң тоқтайды.

Самұрықтың екі басы бар екен: бір басы — адамдікіндей, бір басы — құстыкіндей екен. Самұрықтың адам басы Төстікке тіл қатады:

— Ей адам, бұл жерге не жұмыспен келдің? Менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам басқан емес, бұл — менің мекенім! — дейді. Оған Ер Төстік:

— Мен жер үстінің Ер Төстігі едім, сенің мекеніңе адасып келдім, балапандарыңа қастық ойлаған жоқпын, ана жатқан айдаһардан айырып алдым. Нанбасаң, өздерінен сұра! — дейді.

Балапандар Ер Төстіктің көрсеткен жақсылығын жасырмай айтып береді. Сол арада алып қара құс Ер Төстіктің аяғына жығылып, онымен айырылмас дос болады.

Алып қара құс жылына бір-ақ балапандайды екен. Содан кейін балапандарына жем іздеп алысқа кетіп, бір айда бір-ақ қайтуға мұршасы келіп жүреді екен. Алып қара құстың сол кеткенін аңдып жүріп, сол маңдағы бір айдаһар жыл сайын балапандарын жеп кетеді екен. Алып қара құс содан запы⁴³ болып, қайтқанда осылай жылап қайтады екен.

⁴³ Запы болу — ығыр болу.

Бағанағы дауыл — асығып ұшқанда алып құстың қанатынан тұрған жел екен, жаңбыр — соның жылаған көзінің жасы екен. Өзі жем іздеген сапарынан қайтқанда балапандарын аман көргені осы жолы-ақ екен.

Алып қара құс Ер Төстікпен дос болған соң: «Не қалайсың?» — деп сұрайды.

Ер Төстік басынан кешкен әңгімесінің бәрін айта келіп, адасып жүргенін, енді жер үстіне шыққысы келетінін айтады.

Алып қара құс Ер Төстікті қанатына мінгізіп, ұшып тар тесіктен өткізіп, жер үстіне шығарады. Қоштасарында Төстікке бір тал қауырсынын үзіп береді: «Денемдегі ерекше қасиеті бар жалғыз тал қауырсыным осы еді. Қысылған жерінде осы қауырсынды тұтатсаң, даяр боламын, қандай қысымшылықта болсаң да, құтқарып аламын. Егер де оны жоғалтып алсаң, менен жәрдем күтпе!» — дейді.

Жер үстіне шыққан соң Ер Төстік күннің қызуына балқып, ауыр ұйқыға кетеді, еш нәрседен қауіпсіз жата береді.

Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтірген екен. Кемпірден Шойынқұлақ деген бала қалған екен. Бекторы оған Ер Төстіктің шығар жерін күзеттіріп қояды.

«Ер Төстік жер астында қалмайды, жердің бетіне қашан да болса, әйтеуір бір шығады, сол шыққанын аңдып отырып, ұстап ал. Егер ұстай алмай қалсаң, менен жақсылық күтпейсің!» — дейді.

Шойынқұлақ содан бері Ер Төстікті күзетумен болған екен. Жер үстіне шығып, ұйықтап жатқан Төстікті ұстап, қол-аяғын байлап алып, Бекторыға әкеліп береді. Ер Төстікті терең зынданға салып тастайды да, Күңкені Шойынқұлаққа қосады. Шалқұйрықты бекітіп ұстайды.

Сонымен Ер Төстік ұзақ уақыт зынданда қалып қояды. Шойынқұлақтан жүкті болып, Күңке бір бала тауып алады. Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп аң аулайды.

Шалқұйрықты бекітуге тұсау шақ келмейді.

Бір күні Шойынқұлақ аңнан қайтып, Шалқұйрыққа тұсау таба алмаған соң, оны өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды. Қайыс белбеудің бір жағы шешіліп кетеді. Аяғы босаған соң, Шалқұйрық шауып отырып, Төстік жатқан құдықтың басына келіп, тұяғымен жер тарпып тұрады. Сөйткенде, белбеу Ер Төстіктің жатқан құдығына түсіп кетеді.

Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы бар екен. Төстік сол шақпақпен алып қара құс берген қуырсынды тұтатады. Қауырсын тұтасымен-ақ алып қара құс жетіп келеді, қанатына мінгізіп құдықтан шығарады, қол-аяғын шешіп береді.

«Қолымнан келген жақсылығым осы, досым, Шойынқұлаққа әлім келмейді. Себебі, оның жаны өзінде болмайды, жанын ол ешкімге білдірмей, өзінен бөлек бір жерде сақтайды. Қайтсең де соның жанын тауып ал, жанын таппасаң, құтыла алмайсың», — дейді де, қоштасып кетіп қалады.

Төстік Шалқұйрыққа мініп, Шойынқұлақтың үйіне келеді. Келсе, Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен. Күңке Төстікке жылап көріседі, көрген қорлықтарының бәрін шағып: «Шойынқұлақтан құтқар!» — деп жалынады.

Ер Төстік Күңкеден Шойынқұлақтың сырын түгел сұрап біледі. Шойынқұлақ баласын өте жақсы көреді екен, баласынан аяйтыны болмайды екен. Соны білгеннен кейін Төстік Күңкеге мынаны айтады:

— Кешке Шойынқұлақ келеді, келгеннен кейін тамаққа әбден тойғызып жатқыз, көзі ұйқыға бара берген кезде, баланы қайта-қайта шымшып жылата бер. Шойынқұлақ: «Бала неге жылайды?» — десе, балаң: «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің нағыз әкем болатын болса, жанымды жанына қосқызып қояр еді, жанының қайда екенін маған әлі күнге дейін айтпай, жасырып жүр. Ер Төстік болса, әлдеқашан жанының қайда екенін айтып берер еді», — деп жатыр де. Жылата бер, жылаған сайын: «Неге жылайды?» — деп сұраса, осы сөзді айта бер, басқа еш нәрсе айтпа!» — дейді.

Сөйтеді де, Ер Төстік баланың бесігінің астын қазып алып, жасырынып жатады. Кешке Шойынқұлақ келеді. Ер Төстік айтқандай, Күңке оны тамаққа тойғызып жатқызады. Жатқан соң баланы жылата бастайды. Баланы әдилеп уатқан болып отырып, шымшып жылата береді:

Шойынқұлақ: «Күңке, баланы уат!» — деп ақырады.

Күңке уатқан болып, баланы онан жаман жылатады.

Бала жылай берген соң, Шойынқұлақ: «Балам неге жылайды, сұрашы?» — дейді.

Күңке баланың жылағанын сұраған болып, Шойынқұлаққа жауап қайырады:

— Балаң: «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің әкем болса, жанымды өз жанына қосқызып қояр еді. Қосу былай тұрсын, жанының қайда екенін де маған әлі күнге дейін айтпай жүр. Ер Төстік болса, жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді, соған жылаймын дейді», — деп Шойынқұлақты нандырады.

— Балам былшылдамасын! Оның әкесі Төстік емес, мен. Оған менің жаным керек болса, оңаша жерде айтып беремін! — дейді Шойынқұлақ.

Сөйтеді де, Күңкені үйден шығарып жібереді, Шойынқұлақ баласының бесігіне келіп, құлағына сыбырлап, жанының қайда екенін айтады:

— Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтамаймын, Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, сонық ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз менің жаным болады. Осыны біліп қой. Жаның кеудеңе сыймай бара жатса, соған апарып қоса сал, бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын, егер сезуші болса, сен де, мен де тірі болмаймыз, — дейді. Содан кейін ол орнына барып жатып қалады.

Шойынқұлақтың жанының қайда екенін біліп алғаннан кейін Төстік салып отырып Борықты бұлақтың басына келеді. Еліктердің су ішетін суатын аңдып, жасырынып жатады. Күн шаңқай түс болған мезгілде, қырық елік «Борықты бұлақ, қайдасың?» деп салып келе жатқанда, суатқа жақындаған кезде, осқырынып тұра қалып қайта жөнеледі. Күн ысыған сайын еліктер суға беттеп келеді де, жақындаған мезгілде осқырып, тұра қалып, жалт беріп, қайта жөнеледі. Ұзап кетеді де, шөлге шыдамай суға қайта ойысады, бірақ суатқа жақындамайды, осқырынып тұра қалады.

Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды.

Біреуі: «Су басында бөтен бір иіс бар», — дейді. Енді біреуі: «Адам иісі секілді», — дейді. «Шойынқұлаққа қастық ойлаған біреу шығар?» — дейді. Әсіресе, қайқы қаракер елік өзгесінен оқшау артында жүреді. Еліктер әлгідей сөзге келгенде, ол қаша жөнеледі.

Сонда Ер Төстік үн беріп, мынаны айтады:

— Жан серігім, қырық елік,
 Жаным сенде, қырық елік,
 Жан сақтаған қайқы қара
 Шошытқан сені кім келіп?
 Суың тұнық былғанбаған,
 Қашасындар неден жеріп?
 Төстік ерді олжаладым,
 Қатынын құшып, атын мініп.
 Шошытып алдым сендерді
 Адам иісі содан сіңіп.
 Қайтуға көріп жанымды
 Жаңа келдім қолым тиіп.
 Жалғыз ұлым жаны да,
 Кеудесіне тұрмай сыйып.
 Қосқыза соны жіберді.
 Жан сақтаған, қайқы елік,
 Жасымнан болдың жан серік.
 Судың ішіп тұнығын,
 Шөптен таңдап соны же,
 Адам иісі шығады деп
 Менен үркіп жеріме.
 Өзім аман тұрғанда
 Кім келмекші жеріме, — дейді.

Еліктер сонда да сенбей, осқырып, одырайып тұрысады. Сонда Төстік:

— Осы айтқаным сенбестен,
 Қашасындар бермей жанымды.
 Айыра алмай дауысты,
 Сындырасындар сағымды,

Жолдас болған сендермен
Шойын атым құрысын,
Қара ала түйғын келген соң,
Жырттырмасам таңыңды,
Судай шашып қаныңды! — дейді.

Сонда еліктер қашпай, суды жағалай бастайды. Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң, бұрынғыларындай етене болып, жақындамайды. Төстік те оларға бойын көрсете алмайды. Еліктер сенерін де білмей, сенбесін де білмей, байқай-байқай келіп, суаттан жапырласып су ішуге бас қояды.

Арт жағынан қайқы қара елік те суға бас қояды. Еліктер өте шөлдеп қалған екен, суға тойып, қарындарын қампитып, қайқайып шыға береді. Әсіресе, қайқы қараның қарны жер сызып, суаттан бұрыла берген кезде, Төстік қарнынан дәл көздеп садақты тартып қалады, қарны ақтарылып, тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі. Ең кішісін ұстап алып, Төстік ашып жіберсе, іші толған балапан, шүпір-шүпір етеді. Санап жіберсе, тоғыз балапан екен. Сегізінің мойнын жұлып алып: «Шойынқұлақты шалажансарында бір көрейін!» — деп, соның үйіне тартады.

Шойынқұлақтың үйіне жақындағанда Күңке алдынан шығады.

— Шойынқұлақ қалай? — деп сұрайды Ер Төстік.

— Шойынқұлақ әлсіреп жатыр, — дейді Күңке.

Келсе, Шойынқұлақтың кірпігі зорға қимылдайды, болар-болмас қана демін алып жатыр екен. «Е, батыр, қалайсың?» — деп, Ер Төстік мазақтап жақындай бергенде, Шойынқұлақтың қолы Ер Төстіктің жағасына сап ете қалады. Екеуі алыса кетеді. Төстік: «Оп-оңай-ақ жерге жаншып тастаймын ғой», — деп ойлап еді, Шойынқұлақ әл бермейді. Енді біраз алысқан соң, Шойынқұлақтың күшейіп бара жатқандығы байқалады. Төстік буынып қара терге түсіп, әлі кетіп бара жатады. Төбесінен тау басқандай, денесін темір тор шырмағандай болып көрінеді. Сол мезгілде Төстік Күңкеге жалынады:

— Жылан Бапы жерінен,
Жер астының елінен
Жалғыз-ақ ерген, жолдасым Күңке.
Төстігіңнен айырылып,
Шойынқұлақ қолында
Тұтқын болған, Күңке.
Киюге киім, жеуге тамақ таппай
Өмірін қорлықпен өткізген, Күңке.
Төстігің жаман қысылып
Жан шығуға ұсынды.
Жетсеңші, жылдам, жетсеңші!
Қорқақтап қашып кетпеші.

Қойныма қолың салсаңшы,
Сандық бар, жылдам алсаңшы!
Балапан басын жұлсаңшы,
Сөйтіп бір ерлік қылсаңшы! —

деп зарланады. Күңке жүгіріп келіп, Төстіктің қойнындағы сандықты жұлып алып, ашып жібереді. Қараса, балапандар жыбырлап көбейіп қалған екен, мойындарын жұлып-жұлып алғанда, Шойынқұлақ сылқ етіп құлай кетеді.

Төстіктің сандықпен қойнына салып әкелген бір балапаны сегіз балапан болып қалған екен. Енді біреуі тірілсе, Шойынқұлақ мүлдем әл бермей кетпек екен. Балапандардың мойны түгел жұлынған соң, Шойынқұлақ та өліп қалады.

Шойынқұлақты өлтіріп, демін алып отырса, Шойынқұлақтың баласы, бесігін шықыр-шықыр еткізіп, бірдеме сөйлеп жатады.

Төстік құлақ салып тыңдаса: «Қап, бәлем, Төстік! Саған қылмасам, әкем Шойынқұлақтың құнын алмасам!» — деп, шіреніп-шіреніп қояды.

Сол арада Төстік оның қол-аяғын байлап, бесік-месігімен суға тастап жібереді. Сөйтіп Бекторының жалмауызынан әбден құтылып алады да, Ер Төстік елін іздейді.

Ер Төстік жер астына кіргеніне, түскеніне көп жыл болады. Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды деп, елі мүлде күдер үзіп қояды. Жалғыз ғана Кенжекей: «Ер Төстік бір келер», — деп дәмелі болып жүреді. «Құба інген қашан боталар екен? Ер Төстіктің не өлген хабары, не келген хабары қашан білінер екен?» — деп, соны күтумен болады.

Бір күні Кенжекей ертемен тұрса, Құба інген жоқ. «Бошалап кетсе игі еді!» — деп, Кенжекейдің жүрегі су ете қалады. Жан-жақтан жүгіріп Құба інгенді іздейді, іздеп жүріп:

— Желі толған түйеден
Артайын деп ер қосын
Таңдап та алған, Құба інген,
Арнап та алған, Құба інген.
Алыс жолға Ер Төстік
Шыққан күні, Құба інген.
Не келгенде, не өлгенде
Боталауға серт қылып
Сөз байлап ең менімен.
Ерте тұрып желіден
Жүріп те кеттің, Құба інген,
Әлде бір хабар Төстіктен
Біліп кеттің, Құба інген.
Төстік ердің өлгенін,
Өлмесе, қайтып келгенін
Білдірші енді, Құба інген!

Дамыл көрмей қаншадан,
 Қайғы басып шаршаған
 Қам көңілді тыңдыршы,
 Енді міне, Құба інген! —

деп зарлайды. Сол мезгілде беліндегі орамалы шешіліп, аяғына оралып, әуре қылады.

Сертпен тартып ораған
 Торғын, белден босайсың.
 Аяқты орап шаршаған
 Жүргізбейсің, тұсайсың.
 Әлде бір хабар Төстіктен
 Білгенге бүгін ұқсайсың, —

деп, зарлап жүреді. Құба інген бір сайда боталайын деп жатыр екен. Ар жағынан ақсақ боз атқа мінген бір ақсақалды шал көрінеді. Құба інген боталап жатқанда, Кенжекейдің беліндегі торғын орамалы да шыр айнала тарқатылып, жазыла береді.

Кенжекей: «Енді Ер Төстік өлген екен. Тірі болса, әлдеқашан бір хабар болар еді», — деп ойлап, зарлана бастайды:

— Ақшелек⁴⁴ келгір, Құба інген,
 Серттескен едің менімен.
 Төстік ер қайтып келген күн
 Немесе Төстік өлген күн,
 Белгі беріп бірінен
 Боталармын дегенсің...
 Қаншама жыл өтсе де,
 Өмірім өтіп кетсе де,
 Үміт үзбей Төстіктен
 «Бір келер» деп жүр едім.
 Төрт аяқты көсіліп,
 Тұла бойың есіліп,
 Боталапсың, Құба інген,
 Нені біліп есіріп.
 Келуінен хабар жоқ,
 Шамасы, Төстік өлгені.
 Серттескен торғын орамал,
 Орай будым белімді.
 Келмесе Төстік кешігіп
 Шешілмеске бердің сертіңді.
 Төстіктен әлі хабар жоқ,
 Сусисың белден шешіліп,
 Туралғандай бырт-бырт кесіліп,
 Шамасы, Төстік өлгені! —

⁴⁴ Ақшелек — жан-жануарларда кездесетін жұқпалы індет.

деп, жылап отырады. Ақсақал шалдың астындағы ақсақ боз ат кісінеп қоя береді. Кенжекей аттың кісінеген даусынан оның Шалқұйрық екенін таниды. Кенжекей мен Құба інген екеуін Ер Төстік таниды. Сол арада амандасып, мәз болып қалысады. Бәрі де баяғы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді.

Керқұла атты Кендебай

Ерте, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. Қазанқап құс атып күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті. Күндерде бір күн Қазанқаптың әйелі жүкті болыпты, ай-күні жақындап, күн өткен сайын әйелдің аяғы ауырлай беріпті. Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда, әйел толғатып, босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті, баласына Кендебай деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты: алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атаңдарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты. Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисаңдатып, өліпті де қалыпты. Кендебай қасқырдың терісін сойып алып, биенің қасына келсе, бие жанталасып, өлгелі жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты. Арыстай еркек құлын екен. Кендебай құлынды үйіне алып қайтыпты, оны құланның сүтімен асырапты.

Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі керқұла болыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп аң аулапты. Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты.

Кендебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты: жылағанды жұбатыпты, жатсынуды білмепті, табысына

бүкіл ел ортақ болыпты. «Керқұла атты Кеңдебай батыр» атанып, әлемге аян болыпты.

Күндерде бір күн Кеңдебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозысын бағып жүрген бір балаға кездеседі. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кеңдебай жетіп келіп:

— Көзің жасты, көкірегің қайғылы неткен жансың? — деп сұрапты.

Баланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

— Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың? Асқар таудай әкенді алса, көрген күнің құрысын! — деп қоя беріпті бала.

— Не болды? Жөндеп айтшы? — деп сұрапты Кеңдебай. Бала көзінің жасын көл қылып, ауыр бір күрсініп алып, былай деп жауап беріпті:

— Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл, елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетіпті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқанда әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп жөнөп берді. Мен жетім қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым. Ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды.

— Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып берейін! — дейді Кеңдебай.

Бала қуанып кетеді.

— Аға, онда біздің қойшылардың қасына екі-үш күн жатып тынығыңыз, содан кейін жүрерсіз, — деп өтінеді.

Кеңдебей «мақұл» деп, қойшылардың қасына барып түседі. Атып алған құландарын асып, тамақ пісіреді. Кешке басқа қойшылар келеді де, манағы бала қойшы келмейді, әрі күтеді, бері күтеді. Кеңдебайдың көзі ұйқыға бара бергенде аһылап-үһілеп қойшы келеді.

— Неге кешіктің? — деп сұрайды Кеңдебай.

— Жәй, ішім ауырып қалды, — дейді бала.

Бала таңертең ойнап-күліп қозысын өріске айдап кетеді. Кешке басқа қойшылар келгенде, манағы қойшы тағы да келмейді. Кеңдебай іздеп барып, талып жатқан баланы тауып алады. Бала есін жинағаннан кейін Кеңдебай мән-жайды сұрайды. Бала жөнін айтпайды. Содан кейін Кеңдебай балаға ашуланады. Сонда қойшы бала айтады:

— Кешеден бері күн батқан кезде алты аққу төбемнен айналып ұшады да:

Кеңдебай сал мұнда ма?

Керқұла аты қолда ма?

Бауда нұры балқи ма?

Балақ жүні шалқи ма? —

деп сұрайды. Мен тұрып:

Кендебай сал мен едім,
 Керқұла атым қолда еді.
 Бауда нұрым балқиды,
 Балақ жүнім шалқиды, —

деп жауап беремін. Олар мені қанаттарымен қағып, жығып кетеді. Мен талып түсем, — деп жауап береді.

Үшінші күні қойшы баланың киімін киіп, қойды бағуға Кендебай өзі шығады. Күн батып, қас қарайған кезде баяғы алты аққу Кендебайдың төбесінен алты айналып ұшып, жақындап келеді де:

Кендебай сал мұнда ма?
 Керқұла аты қолда ма?
 Бауда нұры балқи ма?
 Балақ жүні шалқи ма? —

деп сұрайды. Керқұла атты Кендебай қойшы бала болып:

Бауда нұрым балқиды,
 Балақ жүнім шалқиды, —

деп жауап береді. Сонда аққулар ашуланып, Кендебайды қанаттарымен қағып, сабай бастайды. Кендебай біреуінің аяғынан шап беріп, ұстай алады. Аққулар ұша жөнеледі. Кендебайдың қолында біреуінің алтын кебісі қалып қояды. Байқап қараса, кебістің бетінде жазу бар екен. Кендебай басқа аққуларды бірнеше күн күтеді. Бірақ олар келмейді. Содан кейін Кендебай қойшылармен қоштасып, үйіне қайтады. Ата-анасына бір жылдық азық дайындап беріп, сауыт-сайманын киініп, жау-жарағын асынып, азығына алпыс құлынның қазысын алып, баяғы жетім баланың әке-шешесін іздеуге шығады.

Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді, көл мен дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді. Сонымен Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көрінеді. Таудың етегіне келгенде Керқұла атқа тіл бітіп сөйлейді:

— Достым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес. Біреуі емес, екеуі де осыдан табылады. Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады. Сенің қолтығындағы алтын кебіс — осы хан қызының кебісі. Баяғы қойшы баланың әке-шешесі де осы ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыпты. Оның кілті қолға түспейді. Ол кілт алпыс өзен құйылған терең дарияның түбінде жатыр. Адам баласы оның түбіне жете алмайды. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол — жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сен сол адамға бар да, жолына жетерлік пұл бер. Оның киімін

өзің ки де, өзіңнің киіміңді оған кигіз. Сөйтіп әлгі адамды азат ет те, өзің сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер, сауыт-сайман, құрал-жабдықтарыңды менің үстіме сал. Әзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі әңгімені барған соң көрерсің! — дейді.

Кендебай Керқұла аттың құйрығынан бір тал қыл жұлып алды да, қоя берді. Оның айтқанының барлығын істеді. Малшыны азат етеді. Жолына пұл береді. Оның киімін киіп, сиырды өзі бағып қалады.

Кешке жақын өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға түспейді. Кендебай ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап алып, бір-бірлеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға топылдап түсіп жатады. Сол кезде ханның кіші қызы судың арғы жиегінде көріп тұр екен.

— Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды! Неге күндегідей «Айырылғырдың суы, айырыл» деп айтпайсың?» — деп айғай салады.

Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл!» — деп еді, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады.

Сөйтіп Кендебай мал бағып жүре береді. Күндерде бір күн хан өзінің екі баласын шақырып алып:

— Бүгін қара бие құлындайды. Бұл тоғызыншы құлындауы. Құлындаған күні түнде құлын жоқ боп кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіңдер. Не болғанын көздеріңмен көріңдер, — дейді.

Мұны Кендебай естіп тұрады.

Кешке ханның екі баласы биені күзетуге барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Біраздан кейін ханның екі баласы қорылдап ұйықтап қалады. Кендебай ұйықтамай отыра береді. Таң біліне берген кезде, бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Бір кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды көтеріп ап жөнеледі. Кендебай шап беріп құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып, ұйықтап қалады. Ертеңіне таң сәріден хан екі баласын шақырып алып, не көргендерін сұрайды. Балалары тұрып:

— Бие құлындаған да жоқ, еш нәрсе болған да жоқ, — деп жауап береді.

Хан тағы да таңғалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп:

— Дат, тақсыр! — дейді.

— Даттың болса, айт! — дейді хан ақырып.

— Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды. Таң алдында бие бір алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт түйіліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен құс құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, — дегенде, сөздің аяғын күтпей:

— Құйрық қайда? — деді хан.

— Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне, құйрық, — деп, Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып жерге қарайды.

— Қазір үшеуің іздеп шығып, құсты да, құлынды да тауып келіңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмеңдер! — дейді хан.

Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың қылын тұтатқан кезде Керқұла ат жетіп келеді. Құла атты мініп алып, қару-жарақты іліп алып, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнөп береді.

Бір жерлерге келгенде ат тағы тоқтайды да, Кендебайға: «Анау жалыны аспанға шығып жатқан — от дариясы. Сенің баратын жерің — сол дарияның ар жағында. Қазір көзіңді жұм! Мен «аш» дегенше ашпа. Көзіңді ашсаң, екеуміз де өлеміз!» — дейді.

Кендебай көзін жұмады. Сонымен ұша береді, ұша береді. Бір кезде ең әуелі ыстық лепті, одан кейін ысылдаған желді сезді. Бір уақыт өткеннен кейін: «Аш көзіңді!» — дейді Керқұла ат. Кендебай көзін ашып жіберсе, үлкен дарияның ортасындағы аралға келіп түскен екен. Аралда алтын құйрықты сегіз құлын, құйрығы жоқ бір құлын алтын науадан⁴⁵ су ішіп тұр екен.

Керқұла атқа тағы да тіл бітіп: «Аспанмен тірескен анау бәйтеректің басында самұрық құстың ұясы бар. Ол алты айда бір рет азық іздеп кетеді де, он бес күнде кері айналады. Қазір ол азық іздеуге кетіпті, оның қайтып келуіне әлі алты күн бар. Біз оның қолына түспес үшін алты сағатта алты айлық жол алуымыз керек. Менің үстіме мін де, алтын науаны алдыңа өңгер. Құлындар алтын науадан қалмай, біздің соңымызға ереді де отырады. Біз құлындарды соңымыздан ертіп отырып, манағы от дариясынан тікелей өте алмаймыз, айналып жүруіміз керек. Біздің келердегі қысқа жолымыздың кетерде алыс болып отырғаны да сол. Бұл жолымызда үш бөгет бар. Ең әуелі жеті басты дәу кездеседі, ақырған арыстанға жолығамыз, содан кейін жәдігөй кемпір байланысады. Ал, уақыт оздырмай жүрейік», — дейді.

Кендебай алтын науаны Керқұла атқа өңгеріп алып, жөнеліп береді. Барлық құлын оның соңынан ереді.

Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жеті басты дәу еді. Кендебай алтын науаны жерге қояды. Құлындар науаға иіріліп тұра қалады.

Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып өтіп бара жатып салып кетеді, Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып, тағы соғып өткенде екінші басы ұшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті рет соққанда жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынға салып алады.

⁴⁵ Науа — малдың су ішуіне, жем мен тұз жеуіне арнайы ағаштан ойып жасалған, астау тәрізді зат.

Кендебай қайтып келіп, алтын науаны өңгеріп, құлындарын ертіп, жүріп кетеді. Екпініне шаң ілеспей, «әйт» дегенде алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді.

Бір кезде алыстан арыстанның ақырған дауысы естіледі. Кендебай бұл жолы Керқұла атты құлындардың қасына қаңтарып тастап, дауыс шыққан жаққа жаяу жүре береді. Ілгері екі-үш аттағанда, бір леп Кендебайды тартып ала жөнеледі. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді. Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш алмас қылышын көденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды ар жағына бір-ақ түсіреді. Кендебай арыстанның азуын қағып алып, тағы жүріп кетеді.

Талай белестер, талай таулар бұлдырап артта қалып барады. Бір кезде жер дүниені қап-қара тұман басып кетеді. Тек алтын құйрықтардың сәулесі ғана бұлардың жолын жарық қылып көрсетіп тұрады. Сол екі арада қараңғылық серпіліп жүре бергенде, сылаңдаған бір сұлу қыз шыға келеді. Кендебай атынан түсіп, қызға қарсы жүреді. Қыз мұның бетіне ұзақ қарайды да:

— Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп, тынығып кетіңіз! — дейді.

Жәдігөй кемпірдің қыз болып қарсы алатынын, оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын Керқұла ат айтқан болатын.

— Шаршағаным рас. Демалуға қарсы емеспін, бастаңыз! — дейді Кендебай.

Қыз алға түсіп аяңдай бергенде, Кендебай алмасын сермеп кеп қалады, алмас қылыштан от жарқ ете түседі де, дүниені тағы да тұман басып кетеді. Тұман ашылғанда, қыздың орнында екі бөлінген кемпір жатады. Кендебай кемпірдің басын кесіп қоржынға салып алады.

— Бұл кемпірдің қарамағындағы жерден ұшқан құс, жүгірген аң өте алмайтын. Кемпірдің өлгенін қазір ешкім білмейді. Сондықтан бұл жерге самұрық келмейді. Осы жерде бір үш-төрт күн демалайық! — дейді Керқұла ат.

Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің асыл қазынасын жинап алып, Керқұла аттың алдына алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне жетеді.

Хан қуанып үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай саңдалып, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып, азып-тозып, ханның екі баласы келеді.

Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды.

— Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым — Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін, намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса, айтайын, — дейді Кендебай.

— Айт, айт, балам! — дейді хан.

— Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып

кетіпті. Міне, сол батырды босатып әкетпек болып келдім. Бұл — бірінші. Екінші жоғым мынау: бір күні малда жүргенімде аспандап ұшқан алты аққудың алтын кебісі менің қолымда қалды. Сол алтын кебіс сіздің елдікі дейді. Соны табыс еткелі келдім, — деп, Кендебай алтын кебісті ханға ұсынады.

Хан:

— Дұрыс, балам! Сіздің елдің малын айдатып, батырын байлатып алдырғаным рас. Мергенбай батыр әйелімен екеуі біздің қолда. Зынданда жатқан Мергенбай батырға: «Маған қызмет етсең, босатам!» — деп елші жіберіп едім, қарысқан батыр екен. «Жауыма қызмет істемеймін. Бірақ, қол-аяғымды босатсаң, содан кейін сөйлесем», — деп, қарысып жатып алды. Босатуға қорықтық. Ондағы мақсат: сені қолға түсіру еді. Сенің атағың бізге де мәлім еді. Сені алдыртып, құлынымды қоймайтын қара құсқа жұмсамақ едім. Өзім іздеп таба алмаған соң, намысы болса, іздеп келер деп еліңді шаптырып, батырыңды байлатып алдыртқан едім. Одан кейін де екі жылдай келмедің, содан соң алты қызым сені іздеп барған болатын. Бұл — менің кіші қызымның кебісі. Енді сенің алдыңа қоятын тағы бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар, жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел! Осыны орындасаң, батырыңды босатып беремін, малыңды өзіңе қайтарамын. Кіші қызымды беріп күйеу етемін, — деді.

Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын, кемпірдің басын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына төгіп тастайды. Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді. Шауып алған малын қайтарып береді. Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады. Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді.

Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді. Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп бұл ел «Керқұла атты Кендебай батырдың елі» болып атаныпты.

Жерден шыққан Желім батыр

Баяғы уақытта бір кемпір бар екен. Оның үш баласы болыпты. Ол кемпірде түк мал болмапты. Күнелту үшін базарға жусан алып барып сатады екен. Сатқан жусаннан тамақтарынан артылып, күнде бес тиын қалады екен.

Бір күні сол артылып қалған бес тиындарын санаса, едәуір пұл болып қалыпты. «Қыс келе жатыр, балаларыма шапан әперейін», — деп, қалаға барып, үш баласына үш шапан сатып алады.

Үйіне келгеннен кейін кемпір үлкен баласына: «Ауылдың артындағы үйлерге барып, байғазы⁴⁶ сұрап кел!» — дейді. Баласы «мақұл» деп

⁴⁶ Байғазы — жаңа киген киімге не бұйымға берілетін ырым, жоралғы.

бара жатса, тұман болып, адасып кетеді. Оның артынан органшы баласы: «Мен де ағамның артынан барам», — деп, кетіп бара жатса, жолда жолбарыс жолығып, оны жеп қояды. Онан кейін кішкене баласы: «Мен де барам, олар келмей кетті», — деп, шешесінен сұрайды. Шешесі жібермейді. Жылап қоймағаннан кейін жібереді. Бара жатып адасып, бір тамға келеді. «Кім бар екен?» — деп, әйнегінен сығаласа, үш дәу жатыр екен. Оятсам, өлтірер деп, бала жан-жағына қараса, елу-алпыс кілт тұр екен, соны алып, басқа жағындағы тамдарды ашуға кіріседі.

«Барлығын ашпай, бір-екеуін ғана ашайын», — деп, бір тамын ашса, үш тұлпар тұр. Үшеуінен таңдап бір қара тұлпарды мінеді. Екінші тамды ашса, үш сауыт, үш қылыш, үш ер, үш найза, үш мылтық, үш садақ тұр. Олардан да таңдап ең жақсысын алады.

Сауытты киіп, ерді ерттеп, қылыш, мылтықтарды асынып, дәудің есігінің алдына шығып: «Кім бар-ау, кім бар-ау?» — деп айғайлайды. Бір дәу: «Мен бармын», — деп шыға бергенде, бала қылышпен басын кесіп алады. Екінші дәу: «Жаңағы бізге бермей, өзі жеп жатыр ма?» — деп шыға бергенде, бала оны да найзамен шаншып тастайды. Үшінші дәу: «Менің екі інімді өлтірген қандай дәусің?» — деп ақырып шығады да: «Алыспақ керек пе, атыспақ керек пе?» — дейді. «Атысқан атасының басын алған, алыспақ керек», — дейді бала.

Екеуі сол жерде үш түн алысып, бала дәуді әбден шаршатып, үйінің жанындағы құдыққа итермелеп тығып, аузын таудай таспен бекітіп тастайды.

Онан кейін бала еліне барып, шешесін ертіп келіп, дәудің үйін өзіне үй қылып алады. Бала күнде аңға шығады, киік, құлан және басқа аңдарды атып әкеліп, күнелтеді.

Бір күні бала аңға кетерде, шешесін шақырып алып, құдықты көрсетіп: «Мына құдықты ашпа», — дейді. Баласы аңға кеткеннен кейін кемпір тасты көтерсе, құдықтан өрлеп бір дәу шығып келеді. «Сені өлтірем!» — деп ақырады дәу. Кемпір: «Өлтірме, мен саған әйел болайын», — дейді.

Сол жерде кемпір дәуді құдықтан шығарып алып, үйіне әкеліп, тамақ беріп, бір сандыққа салып қояды. Бала аңға кеткенде шығарып алып, дәумен ойнап-күліп отырады. Кешке келерде сандыққа салып қояды. Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда кемпір бала табады. Баласын қай жаққа тығарын білмей, дәуден ақыл сұрайды.

— Бүгінше ептеп тығып тұр. Ертең балаң аңға кеткенде менің қара тұлпарымды мін де, сен баланы балаңның аңнан келетін жолына апарып, бір ошақ қазып, соның ішіне киізге орап тыға қой. Егер бұл шын менің балам болатын болса, менің атым сол ошақтың жанынан өте бергенде сүрінеді. Сонда аттың аяғы бір тасқа тиіп, тастың сынығы ұшып барып, баланың денесіне тиеді. Онан кейін бала жылайды. Жылағаннан кейін балаң атынан түсіп, баланы саған әкеледі. «Әже, мына баланы бақ, маған серік болсын!» — дейді. Сонда сен: «Балам, сен ақылыңнан адасқан екенсің, бұл бала перінің баласы ма, жынның баласы ма? Қайтып

апарып таста» де. Онан кейін: «Апарып тастайын», — деп, әкете бергенде: «Әкелші, сен үшін бағып берейін деп айт!» — дейді.

Кешке кемпірдің баласы келеді. Таң атқаннан кейін ұйқыдан тұрып, күнде мініп жүретін атын ерттеп жатқанда кемпір: «Қарағым, дәудің қара тұлпарын мін, бұл ат шаршады ғой, бүгінше тынықсын», — дейді. Бала шешесінің сөзін мақұл көріп, қара тұлпарға мініп, аңға кетеді. Артынан кемпір барып, бір жерошақ қазып, соған баланы киізге тығып орап келеді. Кешке баласы аңнан келе жатып, жерошақтың тұсынан өте бергенде, аты сүрініп кетеді. Аяғы бір тасқа тиіп кетеді. Тас ұшып барып ошақтағы баланың денесіне тиеді. Бала шыр ете түседі. Атынан түсе қалып, баланы алып, үйіне әкеліп, шешесіне: «Әже, мына баланы бақ!» — дейді. Шешесі: «Сен ақылыңнан адасқан екенсің. Бұл бала перінің баласы ма, жынның баласы ма? Қайтып апарып таста!» — дейді.

Бала «апарып тастайын» деп кете бергенде, кемпір: «Әкелші, сен үшін бағып берейін», — дейді.

Оның атын «Жерден шыққан Желім батыр» қояды. Желім батыр бір күнде бір жасқа, екі күнде екі жасқа, он күнде онға келеді. Бір күні дәу кемпірге: «Балам болса, ержетіп қалды, сандықтың бір жерін тесіп қой, баламды көріп отырмасам, ішім жарылып кетер», — дейді. Кемпір мақұл көріп, сандықтың бір жерін тесіп қояды.

Бір күні кешке екі баласымен кемпір әңгімелесіп отырғанда, Жерден шыққан Желім батырдың көзі сандықтың ішіндегі тесіктен қарап жатқан дәудің көзіне түсіп кетеді де: «Аға, көз жылтырайды», — дейді. «Ол кім?» — деп ағасы қарай бергенде, дәу сандықтан шыға келеді. Сол жерде екеуі таң атқанша алысады. Бір уақытта дәу жықпақшы болады. Сонда бала шешесіне: «Менің аяғымның астына талқан, дәудің аяғының астына тары сеп», — дейді. Шешесі баласына қастық қылып, дәудің аяғының астына талқан, баласының аяғының астына тары себеді. Бала онан бетер тайғанап, жығылып бара жатқанда: «Жерден шыққан Желім батыр, қайдасың?» — дейді. Желім батыр жүгіріп барып, дәудің басын қылышпен кесіп алады да, ашу үстінде шешесін жұдырықпен бір қояды. Желім батырдың жұдырығына не шыдасын, кемпір де сеспей қатады.

Ертеңіне ағасы: «Қарағым, аңға барып, аң атып келейік, сосын мен қалаға барып келейін», — дейді. Сөйтіп екеуі аңға шығып кетеді, бір айға жетерлік аң атып әкеледі. Ағасы қалаға жүрмекші болады да, Желім батырға: «Мен қамшымды босағаға іліп кетемін. Кешіксем, соны алып, «Ағам, қайдасың?» деп іздерсің», — дейді.

Ағасы кетеді. Бір жыл болады, әлі келген жоқ. Бір күні Желім батыр ағасын сағынып, уайымдап отырса, босағадағы қамшыдан қан тамып тұр. «Уһ, уһ, ағам», — деп, қара тұлпарын ерттеп мініп, ағасының артынан іздеп кетеді. Бірнеше ай жүріп, қалаға жетеді. Барса, біреуден ағасы ханның қызына ғашық екен, ол қызға ғашық сол жерде бір дәу бар екен, соны өлтірем деп барса, дәу ағасын өлтіріпті деп есітеді. Бұл сөзді естіген соң: «Не де болса, сол дәуіне барайын», — деп, жолға шығады.

Жолда ханның үйіне бара кетпекші болады. Барса, ханның есігінің алдында жүрген қатындар: «Күйеу», — дейді. Себебі, Желім батырдың түрі ағасынан айнымайды екен. «Күйеуі несі?» — деп, Желім батыр таңғалады. Қатындар Желім батырдың өзін ханның қызына алып барады. Сөйтіп Желім батыр жеңгесімен танысып, ертемен тұрып, дәудің үйіне барып сөйлеспек болады.

Желім батыр барған соң, дәу шыға келеді. Желім батыр: «Менің ағамды өлтірген сен екенсің. Ағамның орнына қызыңды бер, болмаса басыңды аламын», — дейді. «Кел, алысайық, қайсымыз жықсақ, жығылғанымыздың сөзсіз басын кесейік», — дейді дәу. Екеуі алыса кетеді. Желім батырдың күші басым келіп, жықпақшы болады. Сонда дәу: «Жықпа, ағанды өлтірген жоқпын, тауып берейін», — дейді. Ағасын үйде бір теріге орап қойған екен. «Бірақ, бір сөзім бар, ағаң хан қызына ғашық екен, оған мен де ғашық едім. Бір күні ағаң менің хан қызына ғашықтығымды естіп, мені өлтірмек болып келген екен. Мен шығып едім, сөз қатпай: «Алыспақ керек пе, атыспақ керек пе?» — деді. Сол жерде екеуіміз алыса кеттік, бір уақытта мен жығатын болдым. Онан кейін ағаң: «Мені білдірмей бір жерге сақтап қой», — деді. «Неге?» — деп едім: «Менің бір інім жалғыз қалды, сол батыр болса, бір келер, оған шейін өлтірместен ұста, келмесе, өлтіргеніңе ризамын», — деді. Сонан кейін мен: «Осының обалына қалмайын», — деп өлтірмей едім. Енді сен келдің, сен бір ер екенсің, мен саған бас ұрып қызымды берейін», — деді.

Сол жерде дәудің қызын Желім батыр алып, ханның қызын ағасы алып, екеуі еліне қайтып, мұрат-мақсаттарына жетіпті.

Желкілдек

Бұрынғы заманда Нұрманбет деген хан болған, хан жүз тоқсан екі жасаған. Оның Әзтемір деген інісі бар екен. Әзтемір қырық екі кісіге бас болып, қолға кетті. Нұрманбеттің екі қызы болған, бірінің аты — Күнікей, бірінің аты — Тінікей екен. Екі қыз ұйықтағанда түс көріпті. Таңертең жеңгесіне келеді. Екеуі бір шапанды жамылып, бір жеңнен бас шығарды: «Мен бір түс көрдім, от жағалай іс көрдім, екі де қара тең⁴⁷ көрдім, сорғалап аққан қан көрдім, жорышы, жеңге, түсімді?!» — деді.

Жеңгесі қайнағасына келді, түстің жоруын сұрады: «Бұл түсті кім көрді?» — деді ол. «Мен, мен!» — деді қатын. Қайнағасы айтты: «Мұны көрген сен емессің, мұны көрген екі қызым екен, келсін, тұсыма келіп айтсын!» — деді. Күнікей мен Тінікей әкесінің тұсына келді.

— Жамағат, — деді, —
Құлақтарың бері сал,
Кеңестеріңді ары сал.

⁴⁷ Тең — көлікке арту үшін буып-түйілген жүк.

Бүгін түнде түс көрдім
От жағалай іс көрдім.
Екі де қара тең көрдім,
Сорғалап аққан қан көрдім,
Жорышы, әке, бұл түсті?

Қыздар бұ түсті айтқан соң, басқалар бұл түсті естіді. Мағынасын білген бақсылар, ақсақалды ағалар, басы шалмалы бабалар: «Ағаң бүгін келер, — деді, — олжалы үйге енер!» — деді.

Нұрманбеттің қыздары Күнікей мен Тінікей бұл сөздерге нанбады. Нұрманбет хан айтты:

Жүз тоқсан екі жасаған,
Қаздың етін асаған,
Әзтемір үйде жоқ болды, —

деді. Нұрманбеттің сақалынан жас сорғалап: «Өлеміз!» — деп жылайды. Нұрманбеттің жеті жасар Жастүлек деген баласы бар екен, жеті қырдың астында алпыс баламен асық ойнап жатыр екен, жылаған Нұрманбеттің даусын баласы естіп келді. Келді де: «Хан ием, неге жылайсыз?» — деді. Хан айтты: «Жыламай қайтейін, Әзтемір үйде болмады», — деді. Баласы айтты:

— Жылама, әкем, сен! — деді, —
Оң батаңды бер! — деді. —
Дүлдүліңді сайлашы,
Семсеріңді қайрашы!
Бұл ауыр жолға барайын,
Жауға ойран салайын.
Бір келгенін бір қырайын,
Екі келгенін екі қырайын,
Біріне бірін қосайын! — деді.

Әкесі айтты балаға:

— Сенің алар жауың жоқ,
Бойың сенің өскен жоқ,
Бұғанаң сенің қатқан жоқ,
Балақта жүнің жеткен жоқ.

Бала тілін алмады, батасын сұрады, әкесі оң батасын берді:

— Жорытқанда жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын, Алла әкбар! —

деп, дүлдүліне мінгізіп, семсерін берді. «Бар, балам! — деді, — дүлдүлің оң аяғымен жер тарпыса, сол аяғын көкке көтерсе, келме! — деді. — Сол аяғымен жер тарпыса, оң аяғын көкке көтерсе, қайт, балам! — деді.

Жеті жаста Жастүлек дүлдүліне мінеді, семсерін қолына алады. «Аман-есен болыңдар!» — деп, жүріп кетті. Бір белдің үстіне шығып,

алысқа қараса, жау келе жатыр екен. Тұлпардан түсті, бала алдыңғы айылын бос тартты, артқы айылын берік тартты. Онан соң атына мінді, бір келгенін бір қырды, екі келгенін екі қырды, бірін-біріне қосады, көп жауды жайпады. Жаудың ең аяғында әскербасы Телегей алып бар екен, Телегей айтады:

– Жамағаттар, тұра тұрыңыз,
 Бұ жерде от жағыңыз,
 Құмалақ шашайық,
 Бал ашайық,
 Қой жауырынын жағайық,
 Жауды алар айланы табайық!
 Құмалақ шашты, бал ашты,
 Жауырын жағып қарасты.
 Бізді тосып жатқан жау екен,
 Жеті жасар Жастүлек дәу екен.
 Атсақ, оны ата алмаймыз,
 Шапсақ, оны шаба алмаймыз,
 Атсақ, мылтық тимейді,
 Шапсақ, қылыш өтпейді.
 Ал, оған амал не?
 Әскербасы Телегей
 Күнді боран соқтырды,
 Аяз қатайды,
 Бала тоңды, жаурады.

Тоңған соң, әкесінің «Дүлдүлің оң аяғымен жер тарпып, сол аяғын көкке көтерсе, қайтпа, егер де сол аяғымен жер тарпып, оң аяғын көкке көтерсе, қайт!» дегені есіне түсті.

Күн боран болды, суық болды, бала мұздады, тоңды. Дүлдүл сол аяғымен жер тарпыды, оң аяғын көкке көтерді, тұлпарына мінді де, кейін қайтты. Үлкен апасы Тінікей, кіші апасы Күнікей алдынан шықты.

«Тоңдың ба, қарағым-ай?! Мұздадың ба, шырағым-ай?!» — деп, атынан түсірді, үйіне енгізді. Бір апасы басын алдына алып, қойнына салды, бір апасы аяғын қойнына салды. «Тоңған басы жылынсын, мұздаған аяғы жылынсын», — десті.

Екі апасы Тінікей мен Күнікей артына қараса, жау келіп қалған екен. Үйінде жеті құлақты қазаны бар екен, соны жеті жасар Жастүлектің үстіне төңкеріп, екі апасы үстін жауып, жасырып тастады. Жау келіп қалды. Ақ шаһарын шапты. Жүз тоқсан екі жасаған Нұрманбеттің басын алды. Малың да, жаның да алып, қайтып бара жатып, әскербасы Телегей: «Бізді алған жау мұнда жоқ екен, ол — жеті жасар Жастүлек. Өлтірмей кетсек, бұл дүние біздің бойымызға сіңбейді, табу керек!» — дейді. Сонда қу аяқ кемпір айтты: «Мен ол баланы тауып берейін, жасырған жерін көрдім. Менің малымды, менің жанымды түгел қайтарсаң, айтамын», — деді. Қолбасы Телегей айтты: «Танысаң, түгел ал!» — деді. Қу

аяқтың дүние-малын түгел өзіне берді. Баланың қазан астында жатқанын айтып қойды. Телегей қазанның қасына келді, қазанды көтерді, бала жатыр екен, сол жерде баланың басын алды, басын қанжығасына байлады, қан ақты сорғалап, әскербасы Телегей қалың елді жетім-жесір етіп кейін қайтты.

Күндерде бір күн Әзтемір келді. Ақ шаһар қаңырап қалған екен. Әкесі жоқ, інісі жоқ, шешесі жоқ, қатыны жоқ, екі қарындасы тағы жоқ. Өзінің астында мініп жүрген бедеу биесі бар еді, аттан түсті, жылады:

— Жүз тоқсан екі жасаған,
 Қаздың етін асаған,
 Нұрмамбеттей хан ием,
 Дұшпанға басың алдырдым,
 Өтіңді жауға жардырдым,
 Мен өзім үйде жоқ болдым,
 Жоқ болдым да боқ болдым.
 Шұғадан⁴⁸ түскен қиындым,
 Мақпалдан түскен ойындым,
 Күнікейдей көріктім,
 Тінікейдей тектім,
 Өзім барда айттырып,
 Теңіңе, қалқам, бермедім!
 Ақырында біреуге
 Тегіннен тегін олжа қылдырдым,
 Ат көтіне салдырдым
 Әсіресе сол кекті қайтейін!
 Үйде жүрсем, мұңдасым,
 Жолда жүрсем, жолдасым,
 Жеті жасар Жастүлек,
 Қауырсының қатқан жоқ,
 Балақта жүнің шыққан жоқ,
 Бойың сенің өскен жоқ,
 Ақылың сенің толған жоқ,
 Қапыда кеттің, жалғыздықтың жаманы-ай!

Жеті күн жылады, жеті түн жылады, жылағанда Әзтемір жер бауырлап сұлады, жылай-жылай ұйықтады. Сөйтiп ұйықтап жатқанда оның қасына бір адам келді:

— Әзтемір, көтер басыңды,
 Түр, түрегел! — деді.
 Әзтемір басын көтерді,
 Көтеріп басын отырды.
 Келген адам сөйлепті:

⁴⁸ Шұға — майда түкті, биязы жүннен жасалған мата.

«Сен ол жауға барма! — депті. —
 Алар жауың ол емес.
 Сарыбай деген хан бар,
 Соның бір баласы бар.
 Атса, мылтық тимейді,
 Шапса, қылыш өтпейді,
 Отқа салса, күймейді,
 Суға салса, батпайды,
 Қарғаса, қарғыс жетпейді.
 Сарыбайдың баласы екен,
 Жеті жасқа биыл жеткен,
 Атын әлі қойған жоқ,
 Кегіңді алар сол болар».
 Манағы Өзтемір тұрды,
 Беті-қолын жуды,
 Бір қойды жалынып сойды,
 Бір тілім ет жеді.

Манағы түсінде көрген адам Қыдыр екен. Қара бедеу биесін ерттеп мініп, Сарыбайды іздеп жөнелді.

Сарыбай деген бай екен,
 Күндердің бірінде
 Жиын тойға төрт биімен,
 Төрт сабамен барған екен,
 Сарыбай бір балаға зар екен.

Қулар өтірік тойға Сарыбайды шақырады. Сарыбай қатынын ертіп, төрт биесін жетелеп, төрт саба қымыз артып келді. Алдынан ешкім шыққан жоқ, құрмет те жоқ, Сарыбай ашуланды, кісілерді боқтады: «Адамшылықтарың жоқ екен, бізді мазақ қылдыңдар!» — деді. Ауылдағылар Сарыбайға жауап қайтара алмады. Бір кішкене тазша бала бар екен, сол сыртқа шықты, сәлем берді, Сарыбай сәлемін алмады, боқтады. Бала: «Сәлемді боқтама, бұл той — баласы бардың келетұғын тойы», — дейді.

— Ұлы барға орын бар,
 Қызы барға қызық бар.
 Ұлы жоққа орын жоқ,
 Қызы жоққа қызық жоқ.

Сарыбай мұны естіп, долданып, төрт биені бауыздап тастап, төрт саба қымызды жарып тастап, қатынымен екеуі үйіне қайтты. Астына мінген бозжорға аты бар екен, боз жорға атты белдеуге байлады, өзі қатынымен екеуі Құдайдан бір бала сұрап, екі етегін беліне түріп алып: «А, Құдай, өзі қай жақтасың? Қайда болсаң да, міне, біз сенен бала сұрап қаңғырдық!» — деп, жапан түзге бет алды. Қаңғырып жүріп кетті. Жүре-жүре

Сарыбай арықтайды, қатынын арқалады, бір ақ тікенекке келді, киімінің етегі тікенекке ілініп жүргізбеді, қатыны шаршады, отырды. Сарыбай ұйықтап қалды, қатыны ұйықтаған жоқ екен. Кенет аспаннан бал толы күміс табақ түсті, ішінде күміс қасық бар екен.

— Түрегел, байым,
Тілекті берді Құдайым,
Аспаннан табақ түсті!
Сарыбай түрегелді.
«Бісміллә!» — деп, бір қасық бал жеді.
Қатынына байы айтты:
«Сен де же! — деді, —
Құдай бала берер», — деді.
Қатыны бәрін де жеп қойды,
Екеуі мас болды,
Бірін-бірі құшақтап жығылды.
Жас күнгі қуат-күштері кірді.
Сонан соң есін жиып,
Көздерінің жасын тыйып,
Бойлары бір-біріне еміреніп иіп,
Бірін-бірі құшақтап сүйіп,
Ойнап-күліп, үйлеріне қайтты.
Қатыны буаз болды.
Бір уақытта қатыны босанды.
Бір қыз, бір ұл тапты.

Олар енді той қылды, бар байлығын берді, он бие сойды, он қой сойды, он сиыр сойды, жоғарғы елді шақырды, төменгі елді шақырды, аямай малын қырды. Жұрт жиылып келгенде, табақ тартып бергенде, келген жұртты сыйлады, мінер атын мінгізді. Киер тонын кигізді, аты жоққа ат берді, тоны жоққа тон берді. Сойылған малды жеген соң, жиылған көп тойған соң, келген елі тарқады. Шалқар көлдің басына шатыр тікті, бала ойнап жүрді, тобылғыдан жақ қылды, шиден оқ қылды, кәрі кемпірді, кәрі шалды атты. Өлген кемпірлер мен шалдардың туыстары Сарыбайға келіп жылады: «Балаңызды тыйыңыз!» — деді. Әкесі баласын шақырды: «Балам, ойынды қой, жылқыға бар!» — деді. Сарыбайдың алып құлы бар екен, тоқсан қойдың терісі оған телпек⁴⁹ тымақ шықпайды екен. Манағы Сарыбайдың баласы жылқыға кетті, Топайқұлға келді. Ақ сақалы бар екен, сақалының ағын жұрт «қайың» дейді екен, қарасын «қарағай» дейді екен, күн ыстық болғанда тоқсан торы ала айғырдың үйірі сақалына үйездеп тұрады екен. Сол кезде Әзтемір жылқыға келді. Қарағайдың ішін паналап көлеңкелейін деп, атын бір ағашқа байлап жатып қалды. Топайқұл: «Сақалымның ішінде бит жүр, балам, алып берші!» — деді. «Бит жүр» дегенге қараса, Әзтемір хан екен, мінгені қара бедеу бие екен,

⁴⁹ Телпек тымақ — тақия сияқты жұқа бас киім.

Сарыбайдың баласы Әзтемір ханды уыстап ұстап, Топайқұлға алып келді. «Сен менің сақалымның ішінде неғып жүрсің? Ұрымысың?» — деді. Әзтемір айтты: «Жоқ, мен ұры емеспін, бір бейшара адаммын», — деді. «Олай болса, неге келдің, қайда барасың, бармағымның арасына салып сені жоқ қылайын ба?!» — деді. Сарыбайдың баласы: «Тиме байғұсқа, сіздің сақалыңызды күнде көріп жүрген біз білеміз, бұл сорлы қайдан білсін! Неғып жүр едің, ағатай?» — деді.

— Сарыбайдың ауылын іздеп жүрмін, өзі мырза, өзі жомарт дейді. Аты жоққа ат береді, тоны жоққа тон береді, сондай мырзаға барайын, жеті жасар баласы бар екен, атса, оқ өтпейді, шапса, қылыш кеспейді, баласын сұрайын, — деді Әзтемір.

Бала: «Барсаң, анау белдің астында біздің ауылымыз бар, Сарыбайдың баласы — менмін», — дейді.

Әзтемір кетті, бір уақытта Сарыбайдікіне келді. Әзтемір ханды аттан көтерді, үйге отырғызды, амандасты, есендесті.

— Қайда барасың? — деді.

— Сізге келдім! — деді.

— Біздікінде не бергенің, не өткізгенің бар еді? — деді бай.

— Сіздің бір балаңыз бар екен. Оның аты әлі қойылған жоқ екен, әдейі ат қойып, айдар тағайын деп келдім, — деді.

Сарыбай айтты:

— Бәрекелді, сенен басқа кісіге қойғызған жоқ едім, ойымдағым жаңа табылды, — деп қуанды. Әзтемір баланың атын «Жеті жасар Желкілдек» болсын деді. Әкесі: «Жақсы, жарайды!» — деді.

Хан: «Ат аламысың, ат берейін, тон аламысың, тон берейін!» — деді.

Әзтемір: «Алмаймын, ат пен тонды әр екінің біріне, егіздің сыңарына беріп жүрсің ғой. Сені шын мырза деп естіп келдім, маған, бергіш болсаң, балаңды бер, балаңды қалап сұрағалы келдім, сенің мырзалығыңды сынағалы келдім, — деді. Сарыбай: «Баламды неге берейін, тұр, жөнел!» — деп ақырды.

Әзтемір жылап шығып кетті. Сарыбай үйіне келді. Қатыны: «Не сұрап келген екен?» — деді. Сарыбай: «Біздің жалғыз баланы сұрай келген екен, оны мен бермей, ұрсып қуып жібердім», — деді. Қатыны айтты: «Бұрынғылардың «дүние сасыққа, тастан қаттыға бітеді» дегені осы екен-ау, ақылың жоқ екен, байғұс байым. Мырза Құдайдың мырзалық қылып берген нәрсесіне кісі сараңдық қылмас болар. Бізді Құдай «қу бас» деген аттан құтқарды, бізге сол қанағат, шақыр, бері келсін, алсын!» — деді.

Сарыбай тымағын қолына алып, бұлғап шақырды, Әзтемір шақырған соң келді. «Мен баламның өзін таптым, мінезін тапқаным жоқ. Баланың өзіне бар, бала саған еріп кетемін десе, бетінен жарылқасын, қайда барса, жолы болсын. Бір жаман алжыған шал, қақиған кемпір қызығын көрді не, көрмеді не, тірі болса, қызығын халық, жұрт көрсін!» — деді.

Әзтемір жылқыға барды. Топайқұл: «Ініме не деп ат қойдың?» — деді. Әзтемір айтты: «Жеті жасар Желкілдек» деп ат қойдым», — деді. Топайқұл:

«Жап-жаман ат екен», — деді. Бала: «Ағам, ақылың жоқ екен, бізге осы қойған ат жақсы», — деді. Әзтемір: «Інім, саған келдім, сен маған қатты керексің», — деді. Бала: «Керек болсам, мені әкемнен сұрадың ба?» — деді. Әзтемір: «Сұрадым, балам өзі білсін деп өзіңе жіберді», — деді.

«Жарайды, аға, мен барайын!» — деді бала. «Ағатайым, маған бір ат бер, өліп кетсем, менің жаным сенде тұрсын, ақыретте қолыңнан алайын. Тірі болып келсем, малымның жарымы сенікі болсын, сен аға бол, мен іні болайын, мынау әке-шешемді сен күт, маған бір ат бер», — деді Топайқұлға.

Жылқының жайылып жатқан даласы бес шақырым екен, Топайқұл баланы ертіп жүріпті. Бір дарияның жағасында тұрып Топайқұл жылқы біткенді құйрығынан ұстап алып, дарияның ар жағына лақтыра беріпті. Сонда бір қотыр күрең тай дарияның ортасына шоп етіп түсіп кетіпті. Суға балықтай байпандап, үйректей қайқандап, екі жағына да шықпай дарияда жүзіп жүре беріпті. Топайқұл шалма тастап тартқан екен, тайды сүйреп ала алмапты. Сонан соң бала шалманы Топайқұлдан: «Бері әкел», — деп, жұлып алып, тайдың мойнына тастап жіберіп, тартып қалған екен, тай жылп беріп қасына қалай келіп қалғанын білмей де қалыпты. Топайқұл «жүгендеймін» деп ұмтылған екен, тай тулағанда құлдың қалың қарағай болып жүрген сақалын дал-дал қылып, басын ит мүжіген қу бастай қылыпты. Сонан соң жеті жасар Желкілдек өзі «жүгендеймін» деп ұмтылған екен, тай бұлк етпейді, басын изегендей болып, «қылша мойным талша» деп тұра беріпті. Жүген салса, құнан болыпты, ер-тоқымын салғанда дөнен болыпты, мінсе, бесті болыпты, санына қамшы тигенде алты жасар ат қалпына түсіп, оқ жылаңдай ойнақтатып мініп алыпты. «Қош-есен бол!» — деп жөнеле беріпті.

Әзтемірді әкесіне жіберіпті. «Маған оң батасын берсін, қара қоржынның берсін, семсерін берсін!» — депті.

Әзтемір Сарыбайға келеді, Сарыбайға баласының айтқанының бәрін түгел айтады. «Жорықта жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!» — деп, оң батасын берді.

Әзтемір Жеті жасар Желкілдекті артынан қуып, өзінің елінің шетіне келеді, қырық жігітін ертіп алады. Қырық бір кісі болады. Бәрі бас қосып, Желкілдекке жетеді. Айдалада анттасады: «Қай қашқанымызды Құдай тапсын!» — десті. Жер ортасына келді. Жеті жасар Желкілдек Әзтемірге: «Тау басына шық, жауды қара, көріне ме, байқа!» — дейді.

Әзтемір тауға шығып, төңіректің төрт бұрышына көз жібереді де: «Ойбай!» — деп, таудан төмен қарай жүгірді. Келді де атқа мінді. «Қашыңыз, қайтыңыз, жау көп-ақ, біз алар жау емес!» — дейді. Әзтемір жолдастарымен қашады. Жеті жасар Желкілдек асын ішіп, күреңше атқа мініп, қашқандарды қуып жетеді. «Тұра тұр! Ә, Әзтемір, айтысқан сөз осылай ма еді?» — дейді. Әзтемір: «Қайтыңыз, біз қорқамыз, жаудың саны көп, біз азбыз», — деді. Бала: «Жоқ, аға, қайтпаймын, сен қайтсаң, жүре бер, ноқталы басқа бір өлім, қашқан — қатын ісі», — дейді.

Бала атының басын бұрып алып, жауға қарай жүріп, бір обаның басына шығады. Жау келіп қалған екен. Күрең атқа тіл бітіп: «Әй, ием, түс үстімнен, айылың бауырыма, жүгенің кеңсірігіме, құйысқаның құйрығыма батып барады, бел тұрманың босататын емес. Мені жалаңашта, ер-тоқымды ал, аунайын, жүгенімді ал, құнайын, оң жағыма бір аунайын, сол жағыма бір аунайын, оңды-солды аунап шөп жейін. Тілекті берсе жасаған, үстіме менің ер бітер, бойыма ерен күш бітер», — дейді. Айылды ағытты, ер-тоқымды сыпырды, жүгенді алды, қоя берді. Ат аунады, оң жағына аунады, сол жағына аунады, шөп асады, түрегелді. Ат күміс ер-тоқымды болды — кісі қарап тұрғандай! Желкілдек тұлпарына мініп алды. «Алдыңғы айылымды бос тарт, артқы айылымды берік тарт! Маған мін де көзіңді жұм, жауға араласпай көзіңді ашпа! Жүрегің айныр, тайып кетсем маған серт, тайсалып соқсаң, саған серт!» — дейді тұлпары.

Желкілдек атқа мініп, көзін жұмады. Ат аспанға ұшқандай алып ұшады. Желкілдек жаудың ортасына кіріп, етіне таяқ тигенде көзін ашады. Ортада жүрген соң жаудың азын-көбін байқай алмайды. Төбелес сала берді. Бір мезгілде аттың аяғының астына қараса, аттың тізесінен қан. Маңайында жан қалмапты, өлгені өліп, өлмегені басын сауғалап қашқан екен. Бала бір обаның басына келіп, аттан түсіп, желпінеді. Әскербасы Телегей деген алып екен, күншілік жерден байқайды екен. «Бұл біздің алар жау емес, атса, мылтық өтпейді, шапса, қылыш кеспейді, қарғаса, қарғыс жетпейді, отқа салса, күймейді, суға салса, батпайды — ерекше жаралған жан екен, жалғыз-ақ мұның бойында ақыл жоқ», — депті ол. «Жігіттер, ор қазыңыздар, мұны орға түсірейік, ор қазсаңдар, терең қазыңдар! Мұның «мынау — ор екен, мынау — кісі жығыларлықтай жер екен-ау!» деген ойында дәнеме болмайды, жай жердей көріп, шауып өтіп кетемін деп далақтап келіп, орға түседі де қалады», — дейді Телегей.

Жігіттері жиылып ор қазады, Жеті жасар Желкілдек желпініп отыр екен, әскербасы Телегей дұға оқиды. Желкілдек атына мініп тұра шапты. Аты орға сүріне жаздап, қарғып шығып кетеді. Желкілдек орда қалды. Атын Телегей ұстап алады. Телегейдің қызы: «Олжаңызды маған байларсыз!» — дейді әкесіне. «Не қыласың, сен еркек емессің, қызсың!» — деп, атты бермеді. Қызы: «Мейрамда жегіп, сейілге шығамын», — деп қиылады. Телегей қызына: «Жүзіқара боларыңды біліп ем, бұл атты саған берсем, менің басым кесілер. Жеті жаудың бірі сен болдың, ажалым сенен болса, оған не шара?» — деп, қызға атты береді.

Жеті қабат темір үйге атты да, қызды да енгізеді. «Осы үйден атты да шығармаңдар, қызды да шығармаңдар! Бұл үйден бұлар босанып шықса, бізге бұл жарық дүние жоқ», — дейді. Бір жеті жасар баланы екеуіне күтушіге қойды, сыртынан көп қарауылшы қояды.

Жеті жасар Желкілдек орда жатыр екен. Бір қоңыр қаз қаңқылдап келіп, қасына қонады. Желкілдек өзінің шынашағын қанатып, ақ жейдесінің етегін жыртып алып, өзінің орда жатқанын айтып: «Маған қырық биенің еті керек, қырық саба қымыз керек», — деп, шынашағының

қанымен жазып, еліне жібереді. «Сарыарқа деген жерге бар, Сарыбай деген байға бар, үйінің қақ қасына бар да қон. Міне, менің көйлегімнің шүберегі екенін таныр, бұларды сенен алар да, өзіңе тимей қоя берер!» — дейді. Қоңыр қаз алып ұшып, Сарыбайдікіне жетеді. Таңертең Сарыбай тысқарыға құман ала шығып дәрет алса, қасына қоңыр қаз келіп қонады. Балама берейін деп ұстап алады, қызын шақырады, қазды қызына береді. Бала қазды үйіне алып келіп сылап-сипады. Қанатының астында желбіреп жүрген шүберекті көреді. «Бұл — не қылған шүберек?» — деп, айналдырып көріп, ағасының көйлегінің жыртығы екенін таныған соң, қыз пақыр шошып қалып, еңіреп қоя береді. Қыздың жылаған даусына Сарыбай келді, шешесі келді, досы келді: «Немене боп қалды?!» — деп үрпиісіп қалады. Қыз: «Жалғыз ағамның көйлегінің жыртығы мынау — шүберек, өзі — қып-қызыл ала қан», — дейді. Шешесі жүгіріп келіп: «Кәнеки!» — деп қолынан жұлып алып қарады. «Сол үшін жылап жамандық, сұмдық бастама, бетпақ қыз!» — деді. «Балам, Құдайға шүкір, тірі екен, өзі орда жатыр екен. Мұның бәрін өзі ойынан шығарып, тірілігін, есендігін білдіріп, өз қолынан байлап, өз қолынан өзі қылмаса, ауада ұшып жүрген құс өлген кісінің киімін жыртып ала ма, мұнша шимайды сала ма? Мынау қан және жарадан аққан қан емес, өз денесінен өзі ықтиярымен шығарған қан, жарамен аққан арам қан түсі қаралтым болады, мынау — қып-қызыл таза қан ғой, бұған жылайтұғын не бар? Менің балам ажалдан өледі, жаудан өлмейді! — дейді. — Тұр, бар! Сой да қыр малыңды, жи жұртыңды, қырық ту бие алып, қырық саба қымыз алып, өзің көрген боз жорға атты жетелеп!» — деген соң, Сарыбай жоғарғы елін шақыртып, жорға бие сойдырды, төменгі елін шақырып, төбел бие сойдырды, қырық саба әкеліп, бәрін қымызға толтырып, елін-жұртын жиып: «Жамағат, құлақ салыңдар, бозбала ат-тон алыңдар! Жас балам Желкілдек орға түсіп қалыпты, жараған атты мінісіп, жараған тоңды киісіп, жабыла соған барайық!» — дейді.

Бозбалалар: «Барамыз, бейсенбі күні жүреміз!» — деді.

Таң атады. Бейсенбі күні Сарыбай: «Баратұғындарың жүріңдер!» — дейді. «Бай, өзің бармасаң, баратұғынымыз жоқ!» — дейді жұрт. Сарыбай ашуланып, қатынын, қызын, досын қасына ертеді. Қырық бие алып, қырық саба қымыз алып, кетеді. Бір күнде балаға келеді. Бала сыбызғы тартып, бұлар сыбызғының даусымен табады. Амаңдасып, қырық құлаш жібек арқанмен тамақ түсірді. Ашыққан екен, бір биенің етін бірақ жейді, сүйегін мұрнынан шығарады, қырық биенің етін қырық асап жеп қояды. Қырық саба қымызды жарып, баланың аузына ағызады, қырық саба қымыз түгеседі. Досы: «Тойдың ба?» — дейді. «Жоқ, тойғаным жоқ, қырық биенің ішінде өзім көрген мал жоқ екен, боз ат бар ма, бар болса, сойыңыз!» — дейді. Боз атты сояды, соның бір жапырақ етіне тояды: «Енді қайтыңдар! Сендер мені шығара алмайсыңдар», — дейді. Әкесі, шешесі жылай-жылай қайтып кетеді. Желкілдек орда жатып қалады. Бір уақытта Желкілдек ордан шығып кетеді. Бала келе жатса, жердің астынан бір түтін шығады. Түтін шыққан жерге келсе, бір үй болады,

ол үйге еніп: «Ассалаумағалайкум!» — дейді. Бір қу аяқ кемпір бар екен: «Уағалайкумассалам! Жоғары шық, сәлемші балам! Қайда бара жатқан адамсың?» — дейді. Бала: «Ұлсызға ұл болайын, қызсызға қыз болайын деп жүрген жанмын!» — дейді.

Кемпір: «Маған бала бол, бала қылайын» — дейді. Бір аяқ боза құйып береді, бала ішті, кемпірге бала болып тұрады. Бір күнде баладан сұрайды: «Қайдан жүрген баласың? Айт маған шыныңды». Бала айтарын да білмейді, айтпасын да білмейді: «Шешеке, шынымды айтайын, Сарыбай дегеннің баласы едім, солай бір жауға шығып едім, әскербасы Телегей Нұрмамбет деген ханымызды өлтіріпті, Тінікей, Күнікей деген екі апамды алып кетіпті, жеті жастағы Жастүлек деген бауырымды бауыздапты, сол жаудан кегімді алайын деп едім, — дейді. — Құдай ол тілеуімді бермеді, әскербасы Телегей мені алдап орға түсірді. Астымдағы мінген атым дүлдүл еді, сол атымның қайда кеткенін білмей қалдым. Сонан бір уақытта «ием» деп мені есіркеп, аяп, болысып ордан шығарды. Сол менің жүрген мән-жайым», — дейді.

Кемпір: «Жақсы, бұл сөзің шын екен. Сен маған шын бала болсаң, отынға бар, отынымды боқтама!» — деді. Бала отынға кетті, отынды жаяу жүріп жинап алып, арқалауға келгенде отынды боқтап салды. Бір арқа отынды алып келді. Кемпір бір аяқ көже берді: «Балам, неге боқтадың? — деді. — Боқтамасаң, ертең тоғайға бар, тоғайымның бірін қалдырмай қопар, бәрін қопара алмасаң, басыңды аламын!» — деді. Бала жатты, ұйықтады, ертең тұрды, беті-қолын жуды, тоғайға барды, жалғыз ағаш тастамай ағаштарды қопарды. Алып келе жатыр еді, көзі терлеп, кемпірді боқтады. Кемпірдің үйінің қасына ағашты үйіп тастап, бала үйге келді. Кемпір: «Неге боқтадың?» — деп сұрады. Бала: «Жаны кейіген Тәңірісін қарғайды» демеп пе еді, өзіңді жаратқан Құдайдан қалайсың, адамның шамасы келмейтұғын жұмысқа жұрт боқтасын деп жұмсайды ғой деп, боқтағаным сол, онан сенің дәнемең кеткен жоқ, жұмысың орнына келген соң, не керек?» — деді. «Жарайсың, балам, жарайсың, сен маған қызмет қылдың, тілімді алып, айтқаныма көніп, айдауыма жүрдің. Жаман кемпірдің қолында не тұр дейсің демедің. Енді мен де саған бір жақсылық қылайын. Телегейдің қызына барайын, ол қарды саған көндіріп, үйінде тұра алмастай қылайын», — деді.

— Шеше, сені жолата ма, үйіне кіргізе ме? — деді. Кемпір жөтеліп, шашалып қалды.

— Ойбай! Мына шұнақ не дейді?! — деді. — Мен көк кептер болып ұшпаймын ба, қыз жатқан темір үйдің терезесіне қонбаймын ба?! «Мен саған бір оңды бай тауып келдім» демеймін бе? Онан соң, ол қарда жан қала ма?! — деді де, кемпір көк кептер болып ұшып кетті.

— Қыз бикеш, күрең аттың иесі сені қашан келеді деп, екі көзі сенің жолыңда сарғайды. Сорлы-ау, саған не болды, осы сықылды ат қолыңа түскенде, жануарды ойнақтатып мінетін бір кез болса, қалай дәтің шыдайды? Темір үйде қатқаныңның басына отырмысың? Әке-шешең сені

қанша жақсы көргенмен, бай бола ма, жаман күң-ау?! — дегенде қыз айран-асыр болады.

— Өзім де осыны көрген соң, «аттың иесі атын қалай да бір іздеп келіп табар» деп, бағып жатыр едім, бірақ мен оны қайдан тауып, қай жерден жолығайын? — деді.

— Уай, балашығым, мен саған айтайын, ол баланы осы шаһарға алып келіп, бір байға жалшылыққа жүргізейін. Жұрт «бір жат, бөтен жұрттың жас баласы пәленше байға жалданып қойшы болыпты» деп әркім таңырқап сөз қылар. Сол сөз біреуден болмаса біреуден құлағыңа жетер, сонда сен өзіңнен өзің аласұрып ауыр, есіктен төрге қарай, төрден есікке домала. Сенен «Не қылды, не қылды?» деп сұрар. Сонда сен: «Ішім пысты, құса болып өлуге тақалдым, күрең арғымақпен сейілге шықсам екен, жазық жапан даланы көрсем екен», — де. Әкең сұм ғой, білер, шығармас. Шешеңе жалын, шешең шығартар. Сені далаға шығармақшы болса, әкең ел-жұртын жияр, той қылар, ас-ауқат берер. Ішкен мас, жеген тоқ болар. Сонда сен шығып сейілде жүргенде бозбалалар: «Телегейдің жалғыз қызының [қолын] ұстағанның арманы бар ма екен?!» — деп аңыз қылысар. Сонда қой бағып жүрген қойшы: «Несі бар дейсің?» — деп, саған келіп шап етіп жабысар. Сонда сен артыңа мінгізіп ал да қаш. Мен күнді тұман қылайын, сонда құтыларсыңдар! — деп ақыл үйретті.

Кемпір үйіне қайтып, балаға келеді. «Балам, сені қыз сүйді, сені апарып байға жалдайын, жылына бір қой бер дейін», — деді. Бала: «Жарайды, шеше, мен өзім барып жалшылыққа жүрейін, сіз үйде дұға-гөй болып отыра беріңіз. Қыз қолыма түссе, салып осында келермін», — деп, бала жөнеле береді. Кемпір батасын беріп қала береді. Бала шаһарға келеді. «Ақыңа не аласың?» — дегенде: «Бір жылғы еңбегіме бір қой берсең болады», — дейді.

— Жарайды, қойды жақсы бақсаң, қой қотанынан өріп жөнелгенде, тұра алмай соңында қалған жаманы сенікі болсын! — деді бай. Бала: «Болады!» — деп, қызыл өгізді мініп алып, қой жайды.

Бір күндерде Телегейдің жалғыз қызы ауру болады. Есіктен төрге, төрден есікке домалайды, әкесіне кісі жібереді. «Әкем келсін, мен аурумын, құса болып барамын. Сейілге шықсам жақсы болар еді!» — дейді. Жіберген кісісі қыздың әкесіне келіп: «Қызыңыз ауру болды. Құса болып өліп барамын, сейілге шықсам жақсы болар едім деп айтты», — дейді.

Әкесі: «Жатсын! Сейілге шығармаймын! Шықты болды, қыз қашады», — деді.

Шешесі: «Адаммен үйір болған жоқ, тірі пендемен тіл қатысқан жоқ, айтқанмен қаша ма, сейілге шығар. Құдай жаратқан жарық дүниені көрсін, көңілі басылсын, тіпті далаға шықпаған соң, құса болып өліп кетер!» — дейді.

— Ұрғашылық қылдың, маған болыспадың, қызыңа болыстың. Егер осыдан қашып кетсе, мен оны қумаймын, үйде қасымда отырған сенің басыңды аламын, — дейді әкесі.

Қызды сейілге шығармақшы болады. Ел-жұртын, жамағатын жияды, той қылып, ас береді. Қызы күреңше атқа салт мініп, сейілге шығады. Сөйтіп жүргенде Желкілдек келеді: «Осы күрең атқа мініп жүрген кімнің қызы?» — дейді. Көп жамағат: «Телегейдің қызы», — дейді. Желкілдек: «Иттер-ау, біреуің жандасып, жанамалап барып [қолын] ұстасаңдар болмай ма?» — дейді. Қарап тұрған көп бозбала: «Жаман қойшының көңілі көкте-ау! Ер болсаң, сен барып ұстай қойшы!» — дейді. Қызыл өгізді борбайлап, борбайлап, ауқалақтатып жетіп барады. Бір қолын [білегіне] салады, бір қолын ердің артқы қасына салды, қыздың артына шап ете түсіп, бір-ақ қарғып мініп алды да: «Ал, жібер аттың басын!» — деді. Желкілдектің тақымы тигенін күрең ат білген соң, көрген көрді, көрмеген көре алмай қалды, көкке ұшты ма, жерге кірді ме дегендей болды да кетті. Телегейдің ел-жұрты үйіліп қала берді. Желкілдек қызды аман-есен шешесінікіне алып келді.

Қызды сонда қойды да, өзі күрең атқа мініп, қайтадан Телегейдің жұртына келді. Тінікей, Күнікей апаларын іздеп жүрсе, Тінікейдің өлген екен, Күнікей соның басында жылап отыр екен. Тінікей өлгеніне үш күн болған екен, Күнікей соны қайтерін білмей отыр екен. Желкілдек келді де, Күнікейге: «Мен Сарыарқа деген жерден, қазақ деген елден іздеп келген бауырыңмын, апатай, Сарыбайдың баласымын, атым — Желкілдек», — деді. Сол жерде түрегеліп құшақтасып көріседі.

— Айналайын, қарағым, сенен айналайын, артымыздан бізді іздейтіндей ұл туған халқымнан айналайын! — деп, жылап, мауқын әрең басты. Үлкен апасын ақ жауып арулап, терең қазып тепкілеп көмеді де, тірі қалған апасы Күнікейді алып, шешесінікіне келеді.

Өзі күрең атқа мініп, семсерін қолына алады. Әскербасы Телегейдің шаһарын шабады. Телегейді ұстап алып, мұрнын тесіп, жіп өткізеді. Жетектеп алып шешесінің үйіне келеді. Апасын, Телегейдің қызын және Телегеймен төртеу болып өз еліне келеді. Әзтемірге жолығып, амандасады. Көрісті. «О, Жасаған, көрсетер күн бар екен!» — дейді. Телегей той қылып, Әзтемірге іні болды.

— Мына Телегейді өз қолымен ағаңдай қылып сыртынан жарып, өтін алсын деп алып келдім, — дейді Желкілдек.

— Ой, бұған не қылсақ та обал жоқ еді, сен маған іні болдың, мұнан туған қыз маған келін болады, Құдайға разымын. Інім, саған да разымын, тап сені тапқан анаңнан айналайын. Мұның қасықтай қанын, шыбындай жанын қи. Келінім, мен сені есен көрген қуанышым үшін саған байладым, — деп, қол-аяғын босатып, мұрнынан жібін алды.

Телегей: «Мұнан да мені өлтіріп тастағандарың жақсы еді, енді мен не деп жүзіқара болып, қалған ел-жұрттың бетін көремін! Тірі жүрсем — татар несібем, өлсем, топырағым осы жақтан бұйырған екен!» — деді.

Әзтемір: «Айтысқан сөзіміз бар еді. Қашпаймын деп қаштым, оның үшін төбемізден оқ атысайық», — дейді.

Желкілдек: «Атпа! Мен кештім», — деді.

Әзтемір: «Жоқ, болмайды, төбемізден атысайық», — деді.

Желкілдек: «Қой, аға!» — деді.

Ақыр болмады, қоймады, айтқан тілді алмады, төбесінен оқ атпақ болды. «Інімсің, бұрын сен ат!» — деді Желкілдекке.

Әзтемір өз төбесіне өзі оқ атты. Оқ дәл төбесіне келе жатыр еді, Желкілдек оқты қағып жіберді. Оқ барып жерге түсті. Енді Желкілдек өзінің төбесінен өзі атты, оқ келді де жерге түсті.

— Кел, тағы атайық! — деді Әзтемір.

— Қой, болар. Осы атысқанымыз жетеді. Екеуміз де ақ екенбіз, тірі қалдық, — деді.

Әзтемір тіл алмады, тағы ату керек деп тұрып алды. Желкілдек: «Атыспаймыз, әлгінде мен болмасам, оқ келіп төбеңе тиетін еді, мен оқты қағып жерге жібердім», — деді.

Әзтемір: «Мен Құдайға жалғаншы болып, жалған дүниеде жүргенімнен өлгенім, өзімді өзім Құдайға бергенім артық», — деп, оқты атты. Оқ төбесінен тиді. Әзтемір өлді. Желкілдек жылады. Әзтемірді көмді. Телегей: «Мен өлген Әзтемірге де разымын, Желкілдек, саған да разымын, қызым, саған да разымын, сен болмағанда, Нұрманбетке не қылған болсам, маған Әзтемір де соны қылса керек-ті. Енді мен де өзімді өзім Хаққа беремін, жалған дүниеде жарты пенде болып күн кешкенше, өлген артық», — деп, ұшып түрегеліп, төбесіне оқ атты. Атқан оғы дәл тиді. Желкілдек оны да жақсылап көмді. Телегейдің қызын алды. Некесін қидырды. Күнікей апасын сүйгеніне берді. Өз еліне қайтты. Жеріне келді. Сарыбай әкесі тірі екен, шешесі тірі екен, жалғыз қарындасын Топайқұл зорлықпен алмақ болып, той қылып жатыр екен. Әкесі мен шешесі қартайыпты. Желкілдек Топайқұлға ашуланды. «Опасыз, менің қарындасымды зорлап неге алмақ болдың?» — деп жауызды жазалады. Әкесінің малын малданды. Ел-жұртына бас болып, барша мұратына жетті.

Әлібек батыр

Ертеде бір бай болған екен, төрт түлігі сай болған екен, бір перзентке зар болған екен. Сол бай бәйбішесімен екеуі Құдайдан бала тілеуге тоғыз нарға тоғыз тоғанақ⁵⁰ жүк артып, тоғыз ту бие жетектеп, тоғыз жолдас ертіп, азық-түлікті жинап алып, жолға шығады.

Жолаушылар бірнеше күн жол жүріп шаршап келе жатса, өзен бойында будақтап бұлтпен араласып шыққан көк ала түтін, қара құртша қайнап жатқан мал, қалың ел, ерсілі-қарсылы шауып жүрген көп адам көрінеді. Бұл бір үлкен той тойлап жатқан ауыл екен. Тойдың кімдікі екенін білу үшін ауылға жақындап келгенде, жолаушылардың алдарынан бір жас әйел кездесе кетіпті. Бұл кездескен жас әйелден жөн сұраған екен, ол: «Осы елдің пәленше деген байы баласын сүндетке отырғызып, соған жасап жатқан тойы. Бұл тойда:

⁵⁰ Тоғанақ — бума, жүк, тең.

Ұлдыларға орын бар,
 Қыздыларға қымыз бар.
 Ұлы-қызы жоқтардың
 Бұл жиында несі бар?! —

депті.

Суырылып, сумаңдап, сұр жыландай қадалған келіншектің сөзіне бұл екеуі қатты назаланып: «Баламыздың жоқтығын қазды», — депті де, тоғыз нарды жарып, тоғыз тоғанақты қиып, тоғыз жолдасты елдеріне қайырыпты. Өздері темір таяқ ұстап, темір етік киіп, қайыршы болып, ойлаған мақсаттарына жету үшін жаяу жол тартып жүріп кетеді. Бірнеше күн, ай, жылдап жол жүріп, жүдеп-жадап, әулиеден әулие қоймай сиынады.

Темір таяқ тебен инедей,
 Темір етік теңгедей болып,
 Мойны ырғайдай,
 Биті торғайдай болады.

Бірақ ештеңе өндіре алмай, әбден жүдеп-жадап, Құдайға өкпелеп, елдеріне қайтады. Бірнеше күн жол жүріп келе жатып, бір күні күн бата құлап жатқан ескі жарты молаға кездеседі. Бұған әйел: «Барайық», — дейді, байы: «Жарты мола түгіл, бүтін моладан да түк болған жоқ», — деп, барғысы келмейді.

Байының сөзіне қарамастан, әйелі молаға барады. Бұл молаға келіп жетсе, моланың көлеңкесінде ақ сәлдесі басында, қарагер аты астында, зікір салып, бір әулие тұр екен. Әйелді көре салып: «Өңі-түсі қашып, жүдеп-жадап жүрген не қылған адамсың?» — деп сұрай бастайды. Әйел өзінің балаға мұқтаждығын, көп заманнан бері Құдайдан тілегенмен, ештеңе бермегендігін айтады. Құдайға наразы болып, еліне қайтып келе жатқандығын баян етеді. Сонда әулие тұрып: «Мен саған екі қыз, бір ұл берейін, қолыңды жай, жылама!» — дейді де, судырлатып батасын бере бастайды. «Ұлыңның атын — Әлібек, қыздарыңның атын Қаныкей мен Тотай қой», — дейді де, ғайып болады.

Күндер, айлар өтіп, кемпір-шал баяғы өздерінің шыққан мекен-жайларына келіп жетеді. Елге келген соң да күндер мен айлар өтеді. Күндерде бір күн кемпір арыстанның етіне жерік болып:

— Шалым! Тілегіңіз бір перзент еді. Олай болса, мен бала кезімде ойнап жүргенде, өзіміздің ауылдың артында бір «Арал тоғай» деген тоғай бар еді, Арал тоғай ішінде Шабәк тоғай бар еді. Соның ішінде бір арыстан бар еді, дәл соның етіне жерік болдым, — дейді.

Шал өзі мерген екен. Жасынан атқаны аң болған, мергендікке өте құмар екен, сондықтан:

— Жарайды, барайын, — дейді шал.

— Ертең ерте тұрасың, ақ боз атқа мінісін, қынай белді буасың, қылышыңды мойныңа асынасың, Арал тоғай ішінде Шабәк тоғай, Шабәк

тоғай ішінде шөкесінен⁵¹ түсіп жатқан арыстанды әкелесің, — дейді кемпір.

Бай ертең ерте тұрады, ақ боз атқа мінеді, қынай белді буады, қылышын мойнына асынып, Арал тоғайға барады. Арал тоғай ішіндегі Шабак тоғайға барады. Шабак тоғайдың ішін аралап келе жатса, бір арыстан шөкесінен түсіп, екі көзі оттай жайнап, шалға шапқалы дайындала бастайды. Сонда шал жақындап келіп, арыстанға:

— Арыстаным, қабыланым, маған шаппа, айға шап! Айға шапсаң — мың күндік, маған шапсаң — бір күндік, — деген екен. Шалдың мақтауына насаттанып⁵², мың күндік азықты бірден алмақ болады да, арыстан айға шабады. Айға қайдан жете алсын! Мойны үзіліп, мерт болыпты.

Сол жерде мерген арыстанға оқ шығармай, қанжар салып, басын кесіп алып, арыстанды екіге бөліп, ақ боз атқа артып алып қайтады. Ақбоз атты жеделдете тебіне, сипай қамшылап, желе-жортып, қуанышы қойнына сыймай, үйіне келеді. Келе сала арыстанның етін тайқазанға асып пісіреді де, үлкен астауға турап, жерік болған кемпіріне бере бастайды. Кемпір арыстанның етін астаудан қос қолдап, ол ұртына бір, бұл ұртына бір тығады. Сүйегін мұрнынан сығып тастай береді.

Тоғыз ай, тоғыз күн болып, мезгілі жетеді. Кемпір толғатады. Жанындағы көршілері кемпірдің толғатқанын естіп, жан-жақтан жинала бастады. Қыз-қырқын, қатын-бала — барлығы жиналып, қаптап кетеді. Қашан босанады деп күтіп отырған қыз-қатындардың қалың ортасында бір мезгілде кемпірдің қағанағы қарқ, сағанағы сарқ етеді. Алпыс қанат ақ орда суға толып кетеді. «Кіндікті мен кесем, мен кесем!» деп отырғандар қасабасын⁵³ қайық қылып, сырғаларын ескек қылып, судан әзер шығады. Ең алдымен, Әлібек туады, алты қарыс селебесін⁵⁴ қолына ала туады. Оның артынан Қаныкей мен Тотай туады. Сонымен, кемпір бір ұл, екі қыз табады. Алпыс қойдың терісі Әлібектің асығына, тоқсан қойдың терісі тобығына жетпейді. Балалары бір күнде бір жасап, екі күнде екі жасап, ержете бастайды.

Әлібек бір күндері шешесіне:

— Жақын жерде мен баратын үй бар ма? — дейді.

Шешесі:

— Қарағым, сен баратын жақын жерде нағашыңның үйі бар, соған барып, көңіліңді көтеріп, ойнап-күліп қайт, — дейді.

Әлібек шешесінің тілін алып, нағашысының үйіне бармақшы болады. Бұған бару үшін Әлібек жылқысына келіп, жылқышыға ат ұстатып мінсе, әкесінің жинаған малынан оны бір жылқы көтере алмай, белі үзіліп қала береді.

⁵¹ Шөкесінен — екі тізесін бүгіп, аяғын бауырына алып етпеттеп жату.

⁵² Насаттанып — көңілі тасып, қуанып.

⁵³ Қасаба /көнерген сөз/ — ежелгі бай, ауқатты адамдардың, төре-сұлтандардың қыздары киетін алтын зермен әдіптелген тақияға ұқсас бас киім.

⁵⁴ Селебе — ұшы үшкір, жүзі өткір соғыс қаруы.

Әлібек нағашысының үйіне жаяу барады. Нағашысы алдынан шығып, жиенінің келгеніне қуанып, жаяу келген себебін сұрайды. Әлібек ыза болып:

— Әкем жылқы жимай, ит жиған екен! Осында мініп келуге бір ат таба алмай, жаяу келдім. Сондықтан маған мінетін ат беріңіз, — дейді.

Нағашысы жылқыдан өзі таңдап алуына ерік беріп, жылқысына ертіп келсе, өзге жылқыдан өзгеше болып бір қызыл құнан көзіне түсе кетеді. Әлібек ұстап алып, қарғып мініп, қызыл құнанмен шапқылап отырып шешесіне келеді.

— Шешеке, шешеке! Нағашымның үйінен әкелген құнанымға ат қойып беріңіз, — дейді.

Сонда шешесі:

— Орғи-орғи жүгіретін Орқызыл болсын! — деп бата береді. Тағы бір күндерде «нағашысының үйінде Құмарлан деген ит күшіктейді» дегенді естіп, Әлібек қайта келеді. Нағашысы алдынан шығып:

— Жиенжан, неге келдің? — дейді.

— Сіздің Құмарлан атты итіңіздің бір күшігін қалай келдім, — дейді. Нағашысы:

— Құмарланға өзің барып жыр айтып, мақтап-мақтап алмасаң, ол күшігін ешкімге бермейді, — деді.

Сонда Әлібектің айтқаны:

— Ей, Құмарлан, Құмарлан!
 Базардағы пістедей
 Мұрның сұлу, Құмарлан.
 Алты таспа қамшыдай
 Жоның сұлу, Құмарлан,
 Тізіп қойған моншақтай
 Тісің сұлу, Құмарлан,
 Бір күшігің берсейші-ай! —

дейді.

Құмарлан шынында мақтау сүйетін ит екен. Әлібектің мақтағанына разы болып, артқы аяғымен бір күшігін сермеп, тастай беріпті. Әлібек күшікті ала салып шешесіне келіп:

— Шешеке, шешеке, нағашымнан әкелген күшігіме ат қойып беріңіз, — дейді.

Сонда шешесі қолын жайып:

— Аты Құбақұс болсын, — дейді.

Бұған қосымша Қарабүркіт атты жақсы құс та тауып алады. Әлібек Орқызыл, Құбақұс, Қарабүркіт — үшеуін сылап-сипап, бойына кір жуытпай, жақсылап өсіреді. Бір күндерде Әлібек үйінде жатқанда, шешесі мен әкесіне дос болған кісі келеді. Әлібек досына:

— Я, достым, не қалай келдің? — деп құрмет етеді.

Сонда досы отырып:

— Батыр, іштен ала туған алты қарыс селебеңді қалай келдім, — дейді. Әлібек:

— Достым, селебемнің ісі қиын.
Селебені жасауға келгенде
Қырық бір ұста жиылған.
Егеуіне келгенде
Елу ұста жиылған.
Таптауына келгенде
Тамам ұста жиылған.
Селебем қыныма сиынған,
Қыным басыма сиынған.
Басым барып әулиеге сиынған.

Сондықтан селебемді бере алмаймын, — дейді. Досы:

— Ендеше, күшіңді бер, — дейді. Әлібек:
— Күшігімнің ісі одан да қиын, бұл күшігім туғанда:

— Қолбаулының түлкісі
Қолаңдасып жүрген күн,
Елбаулының түлкісі
Елеңдесіп жүрген күн.
Жаусалы мен Байсалы
Құшақтасып жатқан күн.
Күндер басын қоя алмай,
Шөмішімен қатқан күн.

Сондықтан, күшігімді бере алмаймын, — дейді.

Досы батырдан ештеңе алмай, ашуланып шығып кетеді. Батырдың ойына досының ашуланғаны кіріп те шықпайды. Өзінің Орқызылын, қыран құсын баптай береді. Бір күндерде Орқызылдың ойнақтағанын, асығынан жер қазып, кермеге тұрмағандығын, Құбақұстың қаңқылдап, үйге жатпағандығын, Қарабүркіт құстың саңқылдап, томағаға шыдап отырмағандығын көріп, батыр шыдай алмай, аңға шыққан екен. Бір ақ марал кездесіпті. Сонда марал қайғырып:

— Ей, Құбақұс, Құбақұс,
Дөңгелек біткен мүйізім
Сайға бітсін деймісің?
Қолқалы жүрек, қос бүйрек
Тәтгісін оның жеймісің?
Алты тарау ақ мүйіз
Адыра қалсын деймісің?
Артымдағы үш бұзау
Жетім қалсын деймісің? —

дейді. Сонда бұл сөзге Құбақұс:

— Дөңгелек біткен мүйізің
Сайға бітсе, қайтейін?

Құйрық жесем, қой десем,
Шешекем көңілін қайтейін?
Орғи-орғи жүгірген
Орқызыл көңілін қайтейін?
Қолқалы жүрек, қос бүйрек
Тәттісін оның қайтейін? —

деп жауап беріп, маралды бас салады.

Батыр Құбақұстың қимылына разы болып, маралды теңдеп, қуана-қуана аулына келсе, алдынан шешесі шашын жайып, бетін жыртып шыға келіпті:

— Ойбай, балам, зәр жейін, зәр жегенде қан жейін! Сен жоқта үйге Шүліңгір деген батыр келіп, бір аяқ саумал ішіп кетті. «Бүгінгі күні Әлібекті өлтіріп, Қаныкей мен Тотайды алам», — деп кетті. Мынау жатқан — соның ізі, — дейді.

Әлібек Шүліңгірдің астындағы алты құлаш ала байталының ізіне қараса, оттың орнындай болып жатыр екен. Бұрын мұндай керемет батырлармен кездесіп көрген емес. Бірақ, екі көзінен қан ағып, зар жұтып жылаған шешесін көрген соң, тағат қылып тұра алмай, атының басын бұрып алып, Шүліңгірді қуып кетіпті.

Шүліңгірдің ізіне түсіп келе жатса, көп ұзамай-ақ, ауылдың сыртқы жағында, тоғай арасында күннің батуына қарап, қабағынан қар, кірпігінен мұз жауған қаһарлы Шүліңгір Әлібекке шабуыл жасамаққа тосып тұр екен. Әлібек Шүліңгірдің қаһарлы кескінінен қауіптеніп, Шүліңгірге:

— Оу, Шүліңгір, Шүліңгір,
Орқызылдай ат берсем,
Мінер ме едің, Шүліңгір?
Қарабүркіт құс берсем,
Салар ма едің, Шүліңгір?
Құбақұстай ит берсем,
Жүгіртер ме едің, Шүліңгір?
Оған разы болмасаң,
Қаныкей мен Тотайды
Қоса берсем екеуін,
Құшар ма едің, Шүліңгір? —

деп жалынады. Сонда Шүліңгір:

— Қарабүркіт құсыңды
Құс салдырсам, аламын.
Құбақұстай итіңді
Ит жүгіртсем, аламын.
Орқызылдай атыңды
Атқа мінсем, аламын.
Каныкей мен Тотайды
Әлібекті өлтірсем, аламын! —

депті. Әлібек «Ақыр бір өлім бар ғой» дегендей ыза болып, Шүліңгірге:

Біздің, біздің, біздің құл,
Біздің үйге түскен құл.
Көбік саумал ішкен құл,
Көпшігіне тосқан құл,
Қалмақы ердің қасынан
Дәл жүректің басынан! —

деп, Шүліңгірді садақпен тартып қалғанда, оқ оның өңменінен өтіп, оқ ту сыртынан шығыпты. Әлібек Шүліңгірдің сауыт-сайман, қару-жарағын алып, астындағы алты құлаш ала байталын жетектеп, аулына келеді.

Сонан бастап, Әлібектің батыр, мерген деген атағы жер жарады. Ноғайлы деген елге қадірі артады. Әлібектің жолдастары көбейеді. Олар Әлібекке әйел алғызбақшы болады. Әлібек тумай тұрғанда айттырған бір көршісінің Ақбілек дейтін сұлу қызы болғанын, бұл қыздың әкесі мен шешесінің кедей екендігіне қарамай, Әлібектің әкесі, өзінен еркек бала туса осы Ақбілекті Әлібекке алып берем деп айтқан сөздері болған екен. Жолдастары сөйлесіп отырып, Әлібекке осы әңгімені айтады. Бірақ Әлібектің әкесі мен шешесі бала тілеуге кеткенде, тоғыз ру ел болып, жан-жаққа көшіп кеткен елдердің ішінде Ақбілектің үйінің іші де бірге кетіпті.

Ақбілек өзі сұлу, жақсы болып, бойжетіп отырған кезі. Әлібектен үш-төрт жас үлкен. Жолдастары Әлібекпен сөйлесіп отырып: «Сол Ақбілекті ал, одан сұлу қыз жоқ», — деп, ақыл береді. Әлібек Ақбілектің қандай екенін жақсы біледі.

Әлібек бір күндерде: «Әйел алам», — деп, әкесіне кісі салады. Әкесі баласының бұл талабына өте қуанып, еліне: «Ноғайлы елінің барлық қыздары жиылсын! Әлібек таңдағанын алады!» — деп, жар салады. Мұны естігенсін жан-жақтағы елдің сұлу қыздары жиналады. Әлібекті бір дөңнің басына отырғызады, барлық жиналған қыз қарқараларын⁵⁵ қарсы киіп, тақияларын дәл киіп, аяқтарын шеки басып, Әлібектің алдынан біртіндеп өте береді. Ертемен өткен қыздар күн бата әзер бітеді. Әлібек жиналған қыздардың ешбірін де жаратпайды, қайда кетсе де, Ақбілекті іздеп барып алмақшы болады.

Әлібек бір күндерде әкесіне: «Қайдан да болса, Ақбілекті іздеймін, соған рұқсат етіңіз», — дейді. Әкесі оған барар жолдың қауіпті екенін, екі ортада дария барын айтып, жібергісі келмейді. Әлібек бұған көнбей, әкесінің рұқсатын алады. Ақбілекті іздеп, тоғыз жолдас, тоғыз жорға жетектеп, жол жүгін артып, жүруге даярланғанда, әкесі келіп: «Қарағым, осы жүретін жолыңда пәленше байдың баласы жылқысын отарлатып жатыр, соның дариядан өтетін Қараша ат деген аты бар, соны сұрап мін», — дейді.

Әлібек әкесінің ақылын қабыл алып, азық-түлігін қамдап, елімен қош айтысып, жолдастарын ертіп, Ақбілекті іздеп жүріп кетеді. Күн-түн қатып жүріп отырып, бірнеше күнде байдың отардағы жатқан жылқысына

⁵⁵ Қарқара — жас әйелдердің, қыздардың төбесі биік, шошақтау келген салтанатта киетін бас киімі.

келеді де, жолдастарымен ақылдасады. «Көрінген жылқы, сірә, Қараша аттың кескіні болар», — деп, желе-жортып, сипай қамшылап, жылқының шетіне таяп келіп, назар салып қараса, жылқы семіз, күйлі, мойындары құрыштай, асыр салып, бірінің соңынан бірі ойнақтап, өзенге қарай кетіп барады екен. Суға қарай шапқылаған жылқының қызығына қарай-қарай, біраздан соң жылқының қалың ортасына келгендігін білмей қалады.

Жан-жаққа көз жіберіп қараса, бұл қара құртша қайнаған отардағы байдың жылқысы екен. Жылқы ортасында қаз-қатар ақ шатырды тігіп, отардағы жылқы басында байдың балалары жатыр екен. Батыр жолдастарымен қатар тұрған екі ақ отаудың жанына жетіп келіп, рұқсат сұрап түсе қалады. Екі үйдің арасында кермеде мойны кере құлаш, екі көзі оттай жайнап, асығынан жер қазып тұрған аттың тұрпатына батыр қадала қарайды. Үйде отырған байдың баласы сыртқа шығып, келген қонақтарды күтіп алып, құрмет етеді.

Батыр жолдастарымен үйге кіреді, ат соғып шаршап келген қонақтар шай қайнағанша тынығу үшін төрдің алдына қисайып жата кетіседі. Қонақтар демалып тыныққан соң, бай баласы қонақтармен кеңес бастайды. Батыр өздерінің неге келгенін, қайда баратындықтарын баяндайды. Бұл жерге ат майын сұрай келгенін, пәленше елге дариядан өтіп кеткен жесірін іздеп бара жатқанын айтады. Батырдың не себеппен келгенін білген соң, Қараша аттың майын беруге бай баласының көңілі кетеді, бірақ жеті күншілік жерде жатқан әкесінен рұқсат сұрауға тура келеді. Қараша ат сияқты атты рұқсатсыз беріп жіберу қиынырақ болады. Әкесінен рұқсат сұрауға Қараша атқа мініп алып, жеті күншілік жердегі әкесіне жүріп кетеді.

Әкесі баласының келе жатқанын Қараша аттың дүбірінен біліп, жанында жатқан кемпіріне:

— Оқтаудай қатып тұр, сана,
Отты үргіштеп жақ, сана,
Есікті ашып бақ, сана! —

деп, кемпірін оята бастайды. «Қараша ат Қараша ат болғалы дүбірі мұндай қатты шыққан жоқ еді», — дейді шал. Бұл сөзді айтқанша болмай, баласы келіп, үйдің жанына түсе қалады. Баласына бай:

— Желпілдеген ту бар ма, жер қайысқан жау бар ма? Қараша ат Қараша ат болғалы дүбірі мұндай қатты шыққан жоқ еді! — деп сұрау береді. Соңда баласы әкесіне: «Желпілдеген ту да жоқ, жер қайысқан жау да жоқ, — дейді. — Ер Әлібек батыр теңізден өткен жесірін іздеп барады екен, соған теңізден өтуге Қараша аттың майын сұрай келді. Берейін бе, бермейін бе деп, сізден рұқсат сұрағалы келдім, — дейді.

Әкесі баласына:

— Қарағым, «ат аяған жерге қарайды, құс аяған көкке қарайды» деген мақал бар. Ат аяма, бер! — деп, рұқсатын береді.

Баласы Қараша атқа мініп алып, ізінше кейін қайтып, отарда жатқан жылқысына жетіп келсе, кетерінде қазанға салған еттің көбігі әлі

тараман екен. Батыр бай баласының қайда барып келгенін сұрайды. Бай баласы әкесіне барып, Қараша аттың майын беруге рұқсат алып келгенін айтады.

Ертеңінде Қараша атқа мініп, Орқызылды байдың баласына тастап, Әлібек ұзақ сапарға шығады. Бірнеше күннен кейін дарияның жағасына келіп, жолдастарын тастап, батырдың өзі Қараша атқа мініп алып, дариядан өтеді. Су бетінде келе жатып көз салса, қаптап жатқан халық, ел, көк ала түгін көрінеді. Дариядан шыға бергенде қолында екі шелегі бар, бір жас әйел суға қарай жүріп келеді екен. Бұл әйел Әлібекті көре салып:

— Атыңның мойны қыпшақтай,
Садағың аузы шақпақтай.
Суық түсті сұр жігіт,
Аты-жөніңді айт, жігіт? —

дейді. Әлібек батыр бұл сөзге:

— Желдеп кеткен жеті отау,
Қайыра шөккен қара інген,
Жез бұйдалы сары тайлақ,
Жоқшымын да жоқшымын! —

дейді. Әйел:

— Желдеп кеткен жеті отау,
Жетпіс жалшы болмасын.
Қайыра шөккен қара інген
Енекеңіз болмасын.
Жез бұйдалы сары тайлақ
Бикеш жаным болмасын.
Бүгінгі күні қына той,
Ертеңгі күні сына той.
Үй артынан жау шықты,
Жекешұнақ дәу шықты!

Ел-жұртымызды қырып-жойып, қалмақтың батыры Ақбілекті алғалы жатыр, — дейді.

Батыр Жекешұнақ жатқан үйді сұрап алып, кіріп барған екен, ол өз жанынан орын беріпті. Әлібек батырдың жанына отырады. Екі батыр жөн сұрасып, бірімен-бірі танысқаннан кейін, Жекешұнақ: «Қарағым, інім, қарап отырғанша ермек болсын, садақ атысайық», — дейді. Әлібек те қабыл алып, екеуі аулаққа барады.

Жекешұнақтың қырық жолдасы бар екен, садақ ататын жерге ерте жүреді. Жекешұнақ өзінше елден асқан батыр екендігін Әлібекке көрсетпекші екен, оның атқан оғын қырық жолдасы барып әзер суырып әкеледі екен. Әлібектің атқан оғын Жекешұнақ қырық жолдасымен барып суыра алмаған соң, өзі барып екі саусағының арасымен суырып алады.

Осымен кеш батады. Жекешұнақ Әлібектің ерлігіне таңғалып ауыр ойға түседі де, жатып қалады. Ел жатқан кезде Әлібек Ақбілек отыратын

ақ отауға қарай келе жатса, бұл келген батырдың кім екенін біле алмай Ақбілек жар-жар айтып отыр екен:

– Есігім алды жоңышқалы, жар-жар!
Әуел баһар⁵⁶ ашылар күлсең әні, жар-жар!
Танымаймын, қай ноғайдың ұлысың?
Білсең әні, жар-жар!

Сондағы Әлібектің берген жауабы:

– Есігім алды жоңышқалы, жар-жар!
Әуел баһар ашылар күлсем әні, жар-жар!
Танымасаң, Ақбілек, танытайын, жар-жар!
Менің атым – Әлібек, білсең әні, жар-жар!

Ақбілектің бағанағы су басында кездескен жеңгесі: «Бикешжанның шын күйеуі жаңа келді», — деп, атасы мен енесінен, барлық елден «сүйінші» сұрай бастайды. Ел жиылады, бірақ Жекешұнақтан қорқып, Әлібек пен Ақбілекті жасыра тұрады да, түн ішінде дариядан өткізіп қоя береді.

Әлібек таңға таяу дарияның жағасында жатқан жолдастарына жетіп келеді. Дарияда аққудай болып жүзіп келе жатқан Ақбілек пен Әлібектің дидарына тоймай, қашан жандарына жеткенше тағат қылмай тұрған жолдастары су жағасына келгенде, қуанып алдарынан шығып, екеуін қарсы алады. Енді бұл жерден жол тартып, елге қайтады.

Таң атып, ел тұрған кезде Ақбілектің жеңгесі хабар беру үшін Жекешұнаққа келеді. Сондағы оның Жекешұнаққа айтқаны:

– Атының мойны қыпшақтай,
Садағының аузы шақпақтай,
Суық түсті сұр жігіт
Бикеш жанды алыпты да кетіпті, —

дейді. Жекешұнақ келіншектің бұл сөзіне ыза болып, қамшымен арқадан тартып жіберіпті. Сонда келіншек ызамен барып Жекешұнаққа: «Атаңа нәлет, ит кәуір, енеңе нәлет, ит кәуір, қолыңнан екі келсе, бірін істе, бикешті дәл қолымнан жөнелтім!» — депті. Жекешұнақ қатты ашуланып, қара арғымақпен дариядан өтіп, Әлібектің артынан қуып кетіпті. Әлібек Жекешұнақтың келе жатқанын біліп, жолдастарын ілгері жіберіп, өзі жауды тосып кейін қалған екен.

Жекешұнақ келе сала-ақ Әлібекке қаһарлана соқтығады. Әлібек Жекешұнаққа: «Жесіріңнен айырылып келген сорлы адамсың. Сондықтан кезекті саған бердім», — дейді. Сол-ақ екен, Жекешұнақ ашулы күшіне шыдай алмай, шіреніп тұрып садақпен тартып салады. Әлібек аман қалып, кезек алады да, қақ жүректің басы деп, өлер жері осы деп тартқанда, Жекешұнақ аттан өкіре құлайды. Әлібек кешке қарай

⁵⁶ Баһар /а,п/ — ғажайып; көктем.

жолдастарына жетіп келеді. Бір-екі күн өткен соң, бір жерге кеш келіп тоқтайды. Әлібек ауырып қалады. Жекешұнақпен атысқанда жараланған жерін ескермей, қансырап қалыпты. Әлібек осы арада талып түседі.

Ақбілек зар жылап, жолдастары улап-шулап, қайғыланып, Әлібекті «өлді» деп есептеп және оны көмуге қимай, сол жерге тастап жүріп кетеді. Қараша атты көшке тіркеп алады. Бір күндерде көшке тіркеулі келе жатқан Қараша ат капаланып, хайуан да болса, өзінің үстіндегі батыры жоқ болған соң: «Мен не қылып көшке тіркеліп келе жатырмын?!» — деп, ыза болып, кейін шегініп қалып шылбырын үзіп, қайтадан бағанағы Әлібектің өлген жеріне келеді. Батырдың кеудесінен иіскеп тұрады, қайғырып, мұңайып, ыза болады. Сол мезгілде арт жағынан бір топ құлан жайылып келді. Әлібектің кеудесін ашып иіскеп, екі көзінен жас мөлт-мөлт төгіліп тұрған Қараша ат артына жақындап келген құландарды артқы аяғымен теуіп жібереді. Тепкен уақытта, көп құланның ішінен бір құлан мұрттай ұшты. Басқа құландар бұған қарамай, өз беттерімен жайылып жүре берді. Жығылып жатқан құланның талып жатқаны, я болмаса өліп жатқаны белгісіз. Біраз уақыт өткен соң, тағы да бір топ құландар жайылып келді де, жығылып жатқан құланға бір түп көдені шайнап-шайнап бүркіп жіберді. Жығылып жатқан құлан ұшып түрегеліп сілкініп, келген құландармен бірігіп, ойнақтап жүре берді. Хайуан да болса, кетіп қалған жолдастары жығылған құланға қайтып келіп, тұрғызып алғанын Қараша ат байқап тұрған еді.

Қараша ат «кәнеки, дем болмас па екен?» дегендей, бір түп жусан-көдені жұлып алып, шайнап-шайнап Әлібекке бүркіп жіберді. Әлібек селкете түсіп, ұшып түрегелді. Жан-жаққа қараса, көштері көрінбейді, адам жоқ. Аң-таң қалып тұрады да, Қараша атқа мініп алып, көштің артынан қуа бастайды. Қараша ат қойсын ба?! Күншілік жерге кеткен көшке салып ұрып жетіп келді. Қайғырып, улап-шулап бара жатқан келіншек пен жолдастары жалт қарап, Қараша аттың ойнақтап келе жатқанын көрген соң, тоқтай қалады.

Әлібек келіп, келіншегі мен жолдастарына көрісіп, өзінің қатты ұйықтап қалғандығын баяндайды. Әлібектің ойыны ойын, күлкісі күлкі болып, бірнеше күн жол жүріп, жолаушылар өздерінің елдеріне келеді. Әкесі мен шешесі баласы мен келіні аман-есен келіп қосылғандығына той жасайды. Қараша аттың майы үшін байдың баласына сый беріп разы қылады. Сөйтіп Әлібек батыр мен Ақбілек сұлу қызық көріп, дәурен сүреді.

Байғұлан

Ертеде бір батыр болған екен. Оның байлығы тоғыз-тоғыздан айналып жатқан құла шұбар жылқысы болса керек. Бұл байдың үш баласы болыпты. Екеуі — ер, біреуі — қыз. Ең үлкен баласының аты — Байғұлан, өзі — ер әрі сал болса керек. Мұның барлық істейтін кәсібі — ертеден кешке

шейін аң аулау. Сөйтіп жүргенде әкесі қайтыс болып, қалған дүниесі ер баласының қолына қарайды. Бұдан кейін Байғұлан өзіне елінен таңдап жүріп бір әйел алады. Байғұлан бұрын төртеу болса, енді бес жан болады. Тағы да бұрынғы қалпында аң аулап жүре береді. Аңнан келген сайын өзімен бірге туысқан қарындасы алдынан шығып тұрады. Бір күні Байғұлан аң аулап келе жатса, бір таудың басында үлкендігі өзінен екі есе бір адам жатқанын көреді. Батыр басында қорқыңқырап, жанына барады да: «Мұны осылай ұйықтап жатқан кезінде атып өлтірейін», — деп ойланып, садағын қолына алады. Сөйте тұрып: «Егер де оянып кетсе, бұл алғызбас», — деп ойлап, өзін-өзі тоқтатады. «Менің батырлығым қайсы? Бір кісіден бір кісінің қорыққаны елден ұят-тағы, егер де біреу естіп жүрсе, маған өлім ғой», — деп, әлгі жатқан адамды атпастан атынан түсе қалып, жанына барып түртіп еді, қандай қатты түртсе де, керек қылмастан жата береді. Ақырында Байғұлан ашуланып, қолындағы қамшысын екі бүктеп алып, қақ маңдайынан екі салады. Бұл ұрған кезде адам маңдайына бір шыбын қонған секілді маңдайын бір сипап, жата береді. Бұдан кейін Байғұлан: «Менің қолымның қаруы қайда кеткен?!» — деп, маңдайынан қайта салып жібергенде, сол адам атып тұрып алыса түседі. Бұл екеуі сол жерде екі түн, екі күн алысып, ақырында Байғұлан алып соғып, ортан жілігін сындырып, өзінің тұрса шөкпейтін, шөксе тұрмайтын бір түйесін үстіне әкеп шөгеріп тастап, өз жайына жүре береді де, кешке жақын үйіне келеді. Үйінде інісіне: «Енді сен мына тау жаққа тезек тере барма», — дейді. Інісі: «Жарайды!» — дейді.

Бұдан кейін бір күні інісі: «Осы жаққа неге барма деді?» — деп, бір түйеге қорапты арбаны жегіп алып, бағанағы «барма» деген жаққа тезек тере барса, бір таудың етегінде, бір түйенің астында бір адам жатқанын көреді. Маңайына жақын келсе, өзінің белгілі түйесі. Астындағы адам баланы шақырады: «Ей, бала, бері кел!» — дейді. Бала оған бармайды. Бала бармаған соң:

— Бала, мен саған іні болайын! — дейді.

Онда бала:

— Інінің керегі жоқ, інім бар, — дейді.

— Еңдеше, аға болайын.

— Ағаның керегі жоқ, ағам бар.

— Еңдеше, әке болайын! — дейді.

Сол кезде бала:

— Қайтейін, түйе тұрмайды, — дейді.

Сонда адам:

— Түйенің тұратын тәсілін мен айтайын. Сен шешеңе бар-дағы бір етек тұз әкеліп, түйенің алдына танауына тиер-тимес қып үйіп қой. Сонда бірнеше күннен бері ащыламай жатқан түйе, соған сырғанап түседі, — деді. Мұны естіп үйіне келіп, шешесіне айтады.

Шешесі:

— Жарайды, барып әкеле ғой! — деп, етегіне тұз салып береді. Бала алып барып, түйенің алдына төгіп еді, түйе соған сырғанап түседі. Енді

Әлгі адамды үйге алып қайтайын десе, аяғы сынып жатқанын көреді. Қайта шешесіне келіп: «Әлгі кісінің аяғы сынған екен, келе алмайды», — дейді. Сонда шешесі бір пар түйе жегіп береді. Бала барып алып келгеннен кейін, Байғұланға көрсетпей, жүктің артынан үй жасап, тығып тастайды. Аяғын таңады. Бірнеше ай өткеннен кейін батырдың аяғы жазылып, үйдің ішін өзіне қаратып алады. Бұдан кейін Байғұланға қастық ойлай бастайды. Енді бұған бір айла табу керек болады. Сондағы тапқан айласы: «Сен ауыр, сонда саған ол қандай ем керек деп сұрар, сонда сен «Адам бара алмас бір тау бар, онда адам ала алмай жүрген бір киік бар, соның өтін ішсем» де. Ол соған барар. Егер де барса, аман келмейді, келсе, арықтап келер. Сонда алыссақ, жеңерміз, болмаса, ол бізге алғызбайды», — дейді Байғұланның шешесіне. «Жарайды!» — деп, шешесі ертеңіне ауырады. Күнде алдынан шығып жүрген қарындасы алдынан шықпай қалады. Қарындасына: «Сен менің алдымнан неге шықпадың?» — дегенде, «Шешем ауырып жатыр!» — дейді. Сонда Байғұлан атынан құлай-мұлай келіп шешесінің басын сүйеп: «Шеше, қай жерің ауырады, нендей ем керек?» — дейді.

Сонда шешесі: «Ақшахан тауында бір биік тау бар. Сол таудың басында бір киік бар. Адақ бақсы соның өтін ішсең, жазыласың деді», — деді. Сонда Байғұлан: «Ендеше, мен барам!» — деп, оның өтін алып келмекші болып, жол жүріп береді. Бірнеше ай жүріп барса, таудың басында тұрған киікті көреді. Енді атып алмақшы болып, таудың басына шыға бергенде, дауыл соғып, Байғұланды етегіне домалатып түсіреді. Бұдан кейін қайта шығып бара жатқанда дауыл қайта соғып, таудың ортасына әкеп тастайды. Ақырында сол таудың басына шығады. Көп мехнат тартып, шығып, атайын деп тұрғанда киік:

— Ей, батыр, сен мені атасың, бірақ барған соң шешең саған қастық қылады! — дейді.

— Ой, маған шешем қастық қылушы ма еді? — деп, киікті атып салады. Киіктің етін жеп, өтін бірнеше ай өткеннен кейін алып келеді. Әкеліп, шешесіне береді.

Шешесі ішкен болып баласын алдап тұрып, сыртына қарай төгеді. Біраздан соң шешесі баласын жанына шақырады. Арқасын сипап, баланың қанша жүрсе де арықтамағанын біледі. Соныменен шешесі бірнеше күн тәуір болып, тағы бір күн ақылдасып: «Енді бір жерге жұмсайық. Онан өзі де келмейді. Келгенмен, онан өте арықтап келеді», — дейді. Әлгі адам: «Мәден шаһарының ар жағында елсіз жол бар. Соның ар жағында жеті күншілік жерде бір дария бар. Сол дарияда үлкен шаян бар. Соның өтін ішсем жазылам де!» — дейді. Бұны естіп, шешесі тағы бір күн ауырады. Қарындасы алдынан шықпайды. Сұрағанда: «Шешең ауырып жатыр!» — дейді. Байғұлан мұны ести сала атынан түсе қалып: «Е, шеше, қай жерің ауырып жатыр, нендей ем керек?» — деп сұрайды.

Сонда шешесі батырдың сөзін айтады. Байғұлан мұны естіп: «Ендеше, мен барам!» — деп, жол тартпақшы болып, үлкен атын мініп бара

жатқанда, үлкен аты: «Сен мені мініп барасың, бірақ саған шешең қастық қылады. Әрі сен жүдеп, әрі мен арықтағаннан еш нәрсе өнбес!» — дейді. Сонда Байғұлан: «Маған шешем қастық ойлаушы ма еді?!» — деп, атты бастан бір тартып қоя беріп, кіші құла қасқа атқа мініп, жол тартып кетеді. Жылдардан жыл өтіп, өзі баладай, аты құландай, қаршығасы торғайдай, тазысы күшкітей болғанда барып жетеді. Айтқанындай, бір шаянның таудың жиегінде жатқанын көріп, алуға айналады.

Сонда шаянның айтқаны:

— Ей, батыр, сен мені атарсың, бірақ шешең барған соң қастық қылады, — дейді.

— Әй, маған шешем қастық қылушы ма еді? — деп, шаянды атып салады. Бірнеше күн өтіп, қорек қылып жатып, үйге қайтады.

Үйіне бірнеше жыл жүріп келеді. Арықтап, жүдеп, алғашқы барғандай болып, келгеннен кейін шешесі тағы да ішкен болып, сыртына төгіп тастайды да, баласын шақырып алып:

— Қарағым-ай, арқанды сипайын! — деп, арқасын сипап отырып:

— Алда қарағым-ай, жіліншігінде май да қалған жоқ екен, — дегенде, жүктің артынан батыр шыға келіп, алыса кетеді. Екеуі үш күн, үш түн алысып, төртінші күнге айналғанда Байғұлан қалжырай бастайды. Сол кезде шешесіне Байғұлан:

— Е, ана-ай, тоғыз ай, тоғыз күн мехнат көріп, тар құрсағыңды кеңітіп тапқан балаң едім, менің бұл күнде халім азайды. Мынаның астына тас төсе, менің астыма ұн төсе! — дейді. Сол кезде шешесі: «Екі айғырдың шайнасқанында менің не ақым бар? Шайнасып бірі жеңер!» — деп отыра береді. Сол кезде қарындасына айтады:

— Е, қарындасым, ананың құрсағынан бір шыққан едік, менің астыма мақта төсе, мынаның астына ағаш төсе! — дегенде: «Екі бураның шайқасқанында не жұмысым бар, біреуі жеңер!» — деді. Сонда інісіне:

— Е, туысқаным, «аға өлсе, іні мұра» деген, мен жоқ болсам, мына қалған мал-мүлікке ие болатын сен едің. Енді менен хал кетті, менің астыма мамық төсе, мынаның астына бидай төсе! — дегенде: «Екі қошқардың сүзискенінде не жұмысым бар? Бірі жеңер!» — деп, ол да өз жайына кетеді.

Бұдан кейін Байғұлан қатынына айтады:

— Е, бірнеше елдің ішіндегі сұлулардан таңдап алған, қажығанда қайратың тие ме деген Құдай қосқан қосағым едің, енді менен хал кетті. Менің астыма жүн төсе, мынаның астына құм төсе! — дегенде: «Ой, Құдай-ай, екі бұқаның сүзискенінде не жұмысым бар? Бірі жеңер!» — дейді. Байғұлан төрт жасар баласын шақырады. Сонда баласы қолындағы қанжарын қынынан суырып алып, тұра жүгіргенде, өзінің туған шешесі баланы жүректен бір қойып талдырып тастайды. Бұдан кейін Байғұланды жеңіп, өлтірдім деп, отырған жерінен көшіп кетеді.

Бірақ Байғұланның өзіне қараған нәрселерінің ішінен жалғыз мылтығын алады да, басқаларын өзінің қасына тастап кетеді. Байғұланның

сонша жылқыдан таңдап алған екі атының үлкені жылқыға ере бастайды. Кіші аты басында тұрып, кетіп бара жатқан құла қасқа атқа: «Ей, құла қасқа ат, сен қайда барасың? Бізге Байғұландай кісі табылмас. Сен оның бастан бір тартқанын кек көріп, кетіп барасың, енді анау сенің көзіңе көк шыбын үймелетер!» — дейді.

Сонда құла қасқа ат кері қайтады. Кіші аты тұрып: «Осының бір жерде туысқан апасы бар еді, соны сен іздеп таба бер, мен мына жерден жер қазайын. Өлсе, көмермін, өлмесе, көрерміз», — деп, үлкен атты жібереді де, өзі жерді қаза бастады.

Бір уақытта үлкен ат бір ауылдың шетіне келіп, бір жаман қараша үйге келіп сүйкенсе, бір бала шығып қуып жібереді. Мұнан кейін төрт қанат бір қараша үйге келіп сүйкеніп еді, онан бір әйел шығып, айдап жібереді. Тағы алты қанат ақ үйге келіп сүйкенсе, бір әдемі келіншек келіп:

— Ой, дүние-ай, иесі жоқ малдың көретін күні осы-ау! — деп тұрғанда, үстінде ер-тұрманы бар үлкен құла қасқа аттың келе жатқанын көреді.

Үйіндегі күйеуін шақырып: «Ей, мынау атты қарашы» — дегенде, ол: «Мұндай атты сенің бауырың Байғұланнан басқа адам мінген жоқ, соның аты ғой», — дейді.

Сонда: «Маған ұстатса, мінсем қайтеді?» — дейді. «Ендеше, міне ғой!» — дегенде, аттың жанына барады, ат иіскеп тұра қалады. Атқа міне бергенде, ат ала жөнеледі. Апарып Байғұланның жатқан жеріне түсіреді. Қараса, інісінің жатқанын көреді. Қазулы тұрған жерді ұзынынан бір, көлденеңінен бір аттағанда: «Апырмай, қатты ұйықтап кеткен екем», — деп Байғұлан орнынан түрегеледі. Бұдан кейін апасына барлық жайды айтып түсіндіреді.

Байғұлан:

— Ендеше, сен мынау атты маған бер, қалған мүлікті сен ал, маған бір жаман киім тауып бер! — дейді.

Апасы:

— Маған сенің мүлкіңнің керегі жоқ. Өзің үйге жүр, жатып тынық, сонан кейін барарсың, — деп еді, оған болмай, сол жерден көштің сүрлеуіне түсіп, жүріп кетеді. Апасы қалған дүниені алып келіп, бауырын күтіп, жата береді.

Байғұлан сүрлеумен келе жатса, алдында бір жылқышыға кездеседі. Келіп: «Бұл кімнің жылқысы?» — деп сұрағанда: «Бұрын Байғұланның жылқысы атанушы еді, енді Қарабатырдың жылқысы атанып жүр», — дейді. «Ендеше, менімен еріп, ана жатқан түйеге барайық», — деген соң, жылқышы еріп, түйеге барады. О да өзінің түйесі, оның иесін алып, сиыршыға келеді. Сиыр тағы өз сиырлары, оның иесін алып, қойшыға келсе, өзінің бала кезіндегі алпыс жасар шал екен. Көре сала:

— Әй, қарағым-ай, қайдан жүрсің? — деп, құшақтап көрісе бастайды. Сол жерде барлық бақташылар танып, жылап көрісе береді. Жыласып болғаннан кейін: «Енді біз Қарабатырды өлтіреміз!» — деп, жылқышылар бармақшы болады. Байғұлан жібермейді. «Сендер әуре болмаңдар.

Мен өз көзіммен көрейін!» — деп, өзінен қалған баласын сұрайды: «Менен төрт жасар бала қалып еді, ол өлі ме, тірі ме?» — дейді.

Сонда отырғандардың біреуі «өлі», біреуі «тірі», енді біреуі: «Өлі де емес, тірі де емес», — деді.

Байғұлан қайсысына нанарын білмей, өлі де емес, тірі де емес деген адамнан қайта сұрады. Сонда: «Ол бала түн болса, бес саусағына шырағдан жағады, күн болса, анау жалғыз шоқының басында отырып бұзау бағады», — деді. Байғұлан мұны естіп, сол шоқының қасына келіп баланы шақырады.

Бала:

— Мені неғыласыз, бір сорлы баламын! — дейді.

Оған болмай, шоқының орта жеріне келіп:

— Кел бері, шақырғанда келмейтін неғылған баласың? — дейді. Бала тағы бармайды. Болмаған соң таудың басына шығып:

— Үлкен кісі шақырғанда келмейтін не деген тілазар баласың? — дегенде, бала:

— Мені әуре қылмаңыз, мен бір зарлы адаммын, — дейді.

Сол жерде Байғұлан:

— Менің арқамды қасы, — дейді.

Бала:

— Қаси алмаймын, қолым жарамайды, — дейді.

Оған болмай еріксіз арқасын қасытып еді, бала арқасын қасып отырып, жылап қоя береді.

— Е, неге жылайсың? — дегенде, бала:

— Мен жыламай қайтейін? Өлген әкем Байғұлан дейтін батыр еді. Оның арқасында алақандай қалы бар еді. Сіздің арқаңызда дәл сол сияқты қал бар екен, соны көріп жылап отырмын, — дейді бала. Сол жерде шыдай алмай, балаға шынын айтып, екеуі бір тауды басына көтеріп жылап алады.

Бала:

— Ендеше, Қарабатырды мен өлтіріп келейін! — деп, тұра жүгіреді.

Әкесі:

— Балам, әзірше сен қоя тұр, өзім барып көрейін, содан кейін өлтіру қашпас! — дейді. Бұдан кейін баланы сол жерде қалдырып, өзі Қарабатырдың үйіне қайыршы болып келіп қонады.

Әрине, қайыршыны қайдан білсін, өз жайына отыра береді. Кешке бала келгенде, айтқанындай, баланың бес саусағына шырағдан жағып қояды. Мұны өзі көріп отыра береді. Бір мезгілде тамақ пісіп келді. Бұрын жақсы тамақ жейтін Байғұланға қарын, өкпе келеді. Оны жеп алып жатып қалды. Таң атқан соң, Қарабатыр елді жинап алып, бір киікті нысанаға қойып атқызып жатыр екен. «Тигізе алмағанның басын алам», — деп, бір жерге жинай береді. Ақырында сонша халықтан бір адам тигізе алмаған соң, Байғұлан қолына жақ мылтықты алып, киікті атып: «Күллі елді бір киік үшін қырайын деп пе едің», — деп, қолындағы мылтықты ортасынан екі бөліп, лақтырып жібереді. Сонда Қарабатыр:

— Мына иттің баласына Байғұланның мылтығын әкеп бер. Егер де оны сындыра алмаса, қазір басын кесейін! — дейді. Байғұланның мылтығын сегіз адам зорға көтеріп алып келді. Сол кезде Байғұлан ұстап тұрып:

— Есіл мылтығым, халқым үшін сені сындырам-ау! — дегенде, Қарабатыр тұра қашады. Сол кезде мылтықпен басып салады. Баласы мен Байғұлан халқын аман алып қалып, бұрынғысындай қалпына келіп, барша мұратына жетеді.

Құламерген

Баяғыда бір Құламерген деген өзі батыр, өзі аңшы жігіт болыпты. Ол батырлығы елге жайылған адам болады, оның өзіне лайықты сұлу әйелі болады. Сол елдегі хан әр жерден сұлу әйел іздеп, сұрау салады екен. Бір күні ханға бір мыстан кемпір келеді. «Сізге мен лайықты адам табайын, менің үйімде тазша балам бар, соған қызыңды бересің бе?» — дейді мыстан. Хан бұған келісіп: «Енді маған лайықты сұлу әйел ізде», — дейді.

Құламергеннің әйелі бір күні дарияның жағасына барып, басын жуып отырғанда, бір буда алтын шашы суға ағып кетеді. Бұл шашты мыстан кемпір тауып алып, ханға апарды.

— Бұл кімнің шашы? Не де болса, осы әйел менікі болсын! — дейді хан.

— Тақсыр, бұл — Құламергеннің әйелінің шашы, — дейді мыстан.

— Олай болса, қазір үйінің құл-талқанын шығарыңдар да, әйелді осында әкеліңдер! — дейді хан әскерлеріне. Бұл кезде Құламерген аңға кеткен болатын. Ханның әскерлері келіп, үйдің құл-талқанын шығарып, Құламергеннің әке-шешесін сабап, әйелін байлап алып кетеді. Құламергеннің бір ер баласы мен қыз баласы болады. Олар үйде қалады. Құламерген аңнан келгенде, осындай жағдай болып еді. Енді Құламерген ханның үйіне келіп: «Үй салып бер, әйелімді қайтар, әйтпесе бәріңді де қырамын!» — дейді. Ханның әскерлері көп болса керек, Құламергенді ханның босағасына байлап тастайды. Құламергеннің әйелі хан қасында жатады.

Түн мезгілінде үйге өзінің қызы келеді.

«Ана қылышты алып бер, менің қол-аяғымды шеш!» — дейді мерген. Бұған қызы жауап бермей, қашып кетеді. Соның артынан баласы келеді. Бұған да: «Ана қылышты алып бер, қол-аяғымды шеш!» — дейді. Бала үндемей, дыбысын білдірмей барып, ханның басындағы қылышты алып, әкесінің байлаулы тұрған арқандарын қиып-қиып тастайды. Қол-аяғы босаған Құламерген ханның өзін, әскерлерін қырады. Өлген ханның әскерлерінің ішінде мыстанның тазша баласы болады. Енді өлгеннің өшін алу үшін мыстан Құламергенді өлтірудің амалын қарастырады. Құламерген үйіне келеді. Құламергеннің соңына мыстан кемпір түседі. Құламерген әке-шешесінен ақыл сұрайды. Әкесі айтады: «Сен астындағы атыңмен қашып кет, сенің қайда кеткеніңді біз айтпалық, сөйтіп жүргенде сен ұзап кетесің. Егер мыстан кемпір сені бір жерден қуып

жететін болса, сен мыстан кемпірдің сол көзінен ат, әйтпесе құламайды, осыны орында!» — депті.

Құламерген қашып кетеді. Мыстан кемпір Құламергеннің үйіне келіп, кемпір-шалдан баласының қайда қашып кеткенін сұрайды. «Біз білмейміз қайда кеткенін, ол жөнінде көп сұрап, басымызды қатырма!» — дейді мергеннің ата-анасы. Мыстан кемпір ештеңе өнбесін білген соң, желмаямен талай жерді босқа кезеді. Сөйтіп жүргенде бір ай өтіп кетеді. Ақырында Құламергеннің соңынан қуып жетеді. Құламерген желмаямен келе жатқан сол мыстан кемпір екенін біліп, тоқтайды. Бірінші кезекті мыстан алады да, Құламергенді атады. Бірақ оғы тигенмен, Құламергеннің сауытынан өте алмай қалады. Екінші кезекті Құламерген алады да, әкесінің айтқанындай, мыстанның сол көзінен атады. Мыстан кемпір жерге құлап, өліп кетеді. Құламерген мыстанның желмаясын жетектеп еліне келіп, қызықты дәурен сүреді.

Нан батыр

Сонау бір атам заманда Тобықбай деген бір мерген болыпты. Тобықбайдың әйелі өмірі бала көтермепті. Өзі момын, адал адам екен. Мұның баласының жоқ болғанына барлық ел аяныш етеді екен де, өзін жақсы көреді екен. Баланың зары өткен Тобықбай күндердің бірінде әйеліне:

— Мен үш айлық сапарға аңға шығам, қайтып келгенімше бала тапсаң таптың, таппасаң, сені қоя беріп, басқа әйел алам. Бала болғанда да ұл бала тауып бер! — депті де, сапарына кетіпті.

Ерінің жарлығын қалай орындаудың жолын таба алмаған әйел қатты қысылады. Зарланып жылайды. Бір күні нан пісіру үшін илеген наннан бір баланың бейнесін жасайды да, сырттағы жер ошаққа от жағуға шығады. Отын тамыза алмай, үрлеп жатқанда: «Балаң жылап қалды, балаң жылап қалды!» деген дауыс естіліпті оған. Артына жалт бұрылып қараса, киіз үйдің күлдіреуішінде бір кішкентай құс отырғанын көреді. Әлгі «балаң жылап қалды» деп отырған сол бақыт құсы екен.

Мұның не сұмдық екеніне көзі жетпеген әйел жүгіріп үйге кіреді. Үйіне келсе, әлгі бала ғып жасап кеткен наны жоқ, оның орнында аппақ сазандай бір ұл екі өкшесімен жер тепкілеп жылап отырады. Әлгі нан балаға айналып кетіпті. Әйел: «Құдайдың бергені, бақыт құсым менің!» — деп, баланы бассалады. Сол кезде әйелдің өмірі тамшы тамбаған омырауынан сүт сорғалап қоя береді.

Межелі мерзімі болғанда, Тобықбай үйіне оралады. Қуанышы қойнына сыймай жүрген әйел:

— Бұйрығыңды орындадым, міне, балаң! — деп, аппақ сазандай ұлын ұсынады. Тобықбай бұған сенбейді.

— Сен шыныңды айт. Айналасы үш айдың ішінде сен қайтіп бала таба қоясың? Баланы біреуден сұрап немесе сатып, болмаса ұрлап

алдың! — деп, әйеліне сенбей, оны қатты қыспаққа алады. Әйел баста «өзім таптым» деп отырып алыпты. Оған Тобықбай сенбепті. Әйел ақыры баланың қалай жаралғанын айтыпты. Тобықбай бұған да сенбей қойыпты.

— Мен осы маңның барлық адамдарын жинаймын да, олардың қолына бірден қызыл алма беремін. Олардың арасына бөтен киім кигізіп, түсіңді бұзып сені де қосамын. Олардың бәрі алманы балаға ұсынады. Сонда бала кімнің алмасын алса, ол соның баласы болады. Осыған шыдаймысың? — деп, әйеліне шарт қойыпты. Оған әйелі де: «Бақ тәуекел!» — деп, бел байлайды.

Тобықбай сол айтқаны бойынша істепті. Бала ешкімнің алмасын алмапты. Ең соңында өз шешесінің алмасын қуана бассалыпты. Тобықбай да жүгіріп барып баланы бассалып, бетінен сүйіп алады. Содан тартып баланы «өз балам» деп жақсы көреді. Оған бесік той жасап, елді жиып, «Нанберген» деп ат қояды.

Арада күн өтеді, ай өтеді, бала алыптай жігіт болып ержетеді. Нанберген он жастан асқанда аса қайырымдылығымен, атақты мергендігімен ел көзіне түседі.

Сол кезде Шұрқанды деген тауды мекендеп жататын Темір батыр, Су батыр деген атақты екі мерген тұрады екен. Олар алысқанын алмай, көздегенін жықпай қоймайды екен.

Нанберген ел ішінен осы аңызды естіп, соларға баруды, солармен бірге тұруды арман етіп, әке-шешесінен рұқсат сұрайды. Әкесі мен шешесі басында қатты қынжылып қайғырса да, кейін баласының талабын қайтарғысы келмей, азық-түлік жөндеп, баталарын беріп, жолға салыпты.

Нанберген алты ай, алты күн жол жүріп, іздеп шыққан батырларын табады. Көп кешікпей олармен достасып кетеді. Олар Нанбергеннің атын Нан батыр деп атайды. Бұл үш батыр аңнан басқа жан баспайтын Шұрқанды тауында аң аулаумен бірнеше жылды өткізеді. Олар қарағайдан іргесі жетпіс қабат, есігі жеті қабат үй салып алады. Олардың екеуі аңға кеткенде, біреуі үйде қалып тамақ пісіреді екен. Күндердің бірінде Нан батыр мен Темір батыр аңға кетіп, тамақ пісіруге Су батыр қалады.

Су батыр етті тайқазанға былқытып асып отырғанда, сырттан біреу келіп: «Әй, есігіңді аш!» — деп айғай салыпты. Әлгі дауыс жолдастарының дауысына ұқсамайды, олардың келетін уақыты болмағандықтан, есікті ашпайды. Сырттағы адам тағы да айғай салады. Ашпайды. Бір уақытта салдыр етіп жеті қабат есік жерге түсіпті. Су батыр жалт қараса, бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс аппақ құдай шал кіріп келеді.

Әлгі шал келісімен-ақ Су батырдан қазандағы етті сұрапты. Су батыр: «Бермеймін!» — депті. Шал мырс етіп бір күліпті де, Су батырды бір аяғымен желкесінен басып тұрып, етті сүйек-саяғымен сыпырып-сиырып жеп алып, жүре беріпті.

Су батыр бұл ғажапқа қайран қалып отыра беріпті. Қас қарая аңға кеткен Нан батыр мен Темір батыр келіпті. Келсе, қазанда еш нәрсе жоқ,

өңі қашқан Су батырды көреді. «Ой, ет қайда, не болды саған?» — деп сұрайды.

Су батыр оларға болған оқиғаны айтып беріпті. Бұған Темір батыр мен Нан батыр күліп: «Жұдырықтай шалға күшң жетпей ме?» — деп, жата кеп келеке етіпті.

Ертеңінде үйде Темір батыр қалыпты да, ана екеуі аңға шығыпты. Есікті түнімен жасап, бұрынғысынан да берік етіп қойыпты.

Екеуін аттандырып жатып, Темір батыр Су батырға кешегі шал келсе, ұрып жығып байлап қоятындығын айтыпты, аналар да сөйтуді талап етіпті.

Темір батыр етті асып қойып, шалдың келетін мезгілін күтті. Түс ауған мезгілде: «Есікті аш!» — деп бақырады шал. Темір батыр есікті ашпайды. Ашуланған шал есікті бір-ақ теуіп кіріп келді. Оның түрін көрген Темір батыр күліп жібереді. Ол Темір батырға: «Етті бер!» — деп ым қағады. Темір батыр еттің сылынып қалған сүйектерін береді. Шал оны жеп алып, тағы сұрайды. Темір батыр шалға ет бермейтіндігін айтады да: «Үйден шық, әйтпесе, басыңды аламын!» — дейді шалға кіжініп. Шал: «Бермесен, тартып жеймін!» — деп, Темір батырды бассалыпты. Екеуі жата кеп алысыпты. Ақыры шал Темір батырды алып ұрып, бір аяғымен желкесінен басып тұрып, тайқазандағы етті сыпырып-сиырып жеп кете беріпті. Күндегі уақытында аңшылар да келіпті. Келсе, уақиға кешегідей, күлбеттеніп⁵⁷ Темір батыр отыр. Ол сескенген раймен:

— Шалға дүниеде ешқандай күш тең болар емес, оны жеңеміз деуге менің көзім жетпейді. Бұл бізге бір пәле болды. Аمانымызда осы өңірден кетейік, — депті ана екеуіне. Үрейі ұшқан Су батыр да мұның сөзіне қосыла «кетейік» депті.

Шалдың аналар айтқан бойына, мыналардың қорыққан ойына сенер-сенбес болған Нан батыр мырс етіп бір күліп, әлгі екі жолдасына былай депті:

— Сендер рұқсат етсеңдер, сол шалмен мен де бір айқасып көрсем! — деп тілек білдіріпті. Бұрын бұлар өзара күш сынасып көрмеген екен. Нан батырдың бұларға қарағанда жасы да, денесі де кіші екен. Оны көзге ілмеген ана екі батыр Нан батырдың қойған талабына күліпті де: «Біздің әліміз жетпеген алыпқа сен не қайрат көрсетесің, етпен қосып өзіңді жеп қояды. Осындай басымыз аманда кетейік», — депті. Бұған Нан батыр болмапты. «Мақұл, өз обалың өзіңе!» — деп, екеуі сүле-сапа мақұлдапты да, үшінші күні кезек бойынша Нан батырды қалдырып, өздері аңға кетіпті.

Дәнігіп алған шал дәл мезгілінде тағы жетіпті. Әдетінше: «Есік аш!» — деп бақырыпты. Нан батыр жеті қабат есікті түгелдей ашып беріпті. Шал үн-түн жоқ үйге кіріпті де, ет сұрапты. Нан батыр бір жапырақ ет алып беріпті. Шал оны қағып жіберіп, және сұрапты. Нан батыр оған және бір еті сылынған қабырға беріпті. Оны да жеп алып, тағы сұрағанда, Нан

⁵⁷ Күлбеттеніп — ашудан жарыла жаздау, ызасын жүзінен аңғарту.

батыр шалдың шап беріп сақалынан ұстай алып: «Үйден шық!» — деп ақырыпты. Шал ашуланып, алыса түсіпті. Ақырында Нан батыр шалды алып ұрып, сақалынан сүйреп үйдің артындағы бір жуан бәйтерекке байлап қойыпты. Өзі үйге келіп, қаннен-қаперсіз етін асып отыра береді.

Нан батыр кешке аңнан келген екеуіне шалды ұстап алып, сақалынан байлап қойғанын айтыпты. Аналар оған сенбепті. Үшеуі етке сілейе тойып алып, шалды көруге барса, шал әлгі бәйтеректі бүкіл тамырымен жұлып алыпты да, сүйреп қашып кетіпті. Ана екі батыр шалдың қолға түскеніне сеніпті. Нан батырдың күші өздерінен артық екенін де мойындапты.

Үш батыр үш желмаяға мініп, бірден алып шалдың ізіне түсіп қуалапты. Қуа-қуа үш ай, үш күн дегенде, шалдың бәйтеректі сүйреп жердің бір жарығына індегенін көріпті. Әлгі жердің жарығынан үңіліп қараса, түпсіз шыңырау екен. Үшеуі «сен түс, сен түс» деп недәуір тұрыпты. Ана екі батыр қорқып түспеген соң, Нан батыр өзі түсіпті.

Қолына қылыш алып, беліне арқан байлап, жердің астына қарай сапар шегіпті. Екі батыр арқанға арқанды жалғай беріпті. Жүз қырық арқан жалғағанда жер түбіне зорға жетіпті. Жердің астына түссе, жер асты кесілген бір күмбез екен, күмбездің іші толған бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыстар екен. Олар Нан батырға қаптап келіп шабуыл жасапты. Бірақ Нан батыр оларды түгелдей жайратыпты. Күмбездің ішін аралап жүрсе, бір жерден бір темір есік кез болыпты, әлгі темір есікті ашып қалғанда, көздері жаудыраған адамдар:

— Мен арық, сен семіз, мен арық, сен семіз, — деп шұрқырай жөнеліпті, Бұған таң болған Нан батыр:

— Бұл не қылғандарың, ұқпадым? Мен жер үстінен келген адаммын, — депті. Сонда көгендеулі жатқан адамдардың біреуі басын кеки-те көтеріп:

— Осы жер астында жасайтын бойы бір қарыс, сақалы жеті қарыс бір адам бізді жер бетінен алып қашып әкелген еді. Күніне он шақтымызды сойып жейді. Біз сол себепті есік ашылған кезде бір күн де болса тұрсақ, жер бетіне аман шығатын бір амал бола ма деген үмітпен «мен арықпын» деп зарлаймыз. Олар семіз деген адамды алып кетеді де, сойып жейді, — дегенде, Нан батыр әлгі адамдарды түгелдей көгеннен ағытып қоя береді де:

— Енді лажын тауып жер бетіне шығындар! — дейді. Ол тағы да аралап келе жатса, алдынан тағы бір есік кезіге кетіпті. Есікті ашып қалса, ішінде ай мен күндей толықсыған ғажап бір сұлу қыз көріпті. Қыздың қасында бәйтеректі сүйреп қашқан шал қисайып жатыр. Нан батырды көрген шал тұра ұмтылыпты. Оның қолы тигенше болмай, Нан батыр басын қылышпен қағып жіберіпті. Әлгі қыз:

— Ағатай-ай, менің де жер бетіндегі адамды көретін күнім болады екен-ау! Мен Сабаз деген момын шалдың жалғыз қызы едім. Осылардың қолына түскеніме жыл болды. Құтқара көр осылардан! — деп зар жылап, орнынан ұшып тұрыпты.

Нан батыр да сол жерде қызға ғашық болып қалыпты. Қыз да Нан батырды ұнатыпты. Екеуі өз еркімен қосылып, ерлі-зайыпты болуға уәделесіпті.

Бұл екеуі уәдесін әбден бекітіп, жер бетіне шыққан соң әке-шешелерінің рұқсатын алып, той жасап қосылмақшы болады.

Нан батыр беліндегі арқанды шешіп, қыздың беліне байлап:

— Сен қазір жер бетіне шығасың, ол жерде менің екі досым мені күтіп тұр. Өзің шығып болған соң, арқанды маған жібересің! — дейді. Қыз қуанып кетеді. Нан батыр «тарт» деп жер бетіндегі екі батырға айғай салады. Екі батыр қызды жіпке байлаған жапырақтай ала жөнеледі.

Әлгі екеуі арқанды тартып шықса, Нан батыр емес, бір сұлу қыз. Қызға бұлар да ғашық болып қалады. Бұл екеуі қызға білдірмей: «Нан батыр жер бетіне шықса, бұл қыз бізге жоқ, сондықтан оны өлтіріп, қызды екеуміз ортақ әйелдікке алайық. Оны өлтіру үшін арқанды тартып келіп, орта беліне келгенде кесіп жіберейік, сонда ол шыңыраудың түбіне бар салмағымен түседі де, өледі», — деп ақылдасады да, арқанды тас байлап түсіріп жібереді. Қыз еш нәрсені сезбейді. Көп уақыт өтпей зындан ішінен «тарт!» деген дауыс естіледі. Қыз қатты қуанып арқаннан ұстай алады. Темір батыр алдында тұрған қызға: «Сен менің арт жағымнан тарт», — деп, артына шығарады да, өзі бір қолына өткір қылышын алады. Арқанның жарымына таянғанда қылышпен кесіп жібереді.

«Амал жоқ, арқан үзіліп кетті», — деп, екеуі отыра қалады. Қыз: «Үзілген арқан үзігімен мені түсіріңдер, арқанды жалғап алып шығайық», — деп жалбарынады.

— Енді одан бұл жақын, — дейді де, Шұрқанды тауындағы мекендерін тастап, басқа бір жаққа қоныс аударады.

Шыңырау түбіне бар салмағымен былш ете түскен Нан батыр ауыр жараланып, бір күн, бір түн дегенде есін жинайды. Ешқандай амал таба алмай, діңкесі құрып отырғанда, әлгі өзі босатып жіберген адамдары келеді. Нан батыр оларға бастан-аяқ болған уақиғаны, өзінің қазіргі халін айтады. Олардың ішінде бір қарт оташы бар екен, Нан батырдың сынған сүйектерін таңып, үш ай дегенде қаз қалпына келтіріп сақайтады⁵⁸.

Бұлар жер астынан түрлі қылыш, күрек сияқты саймандарды жинап, жердің әлгі жарығынан қазып басқыш жасайды. Содан бұлар бір ай он күн дегенде жер бетіне шығады. Естерін жиып кеп отырады. Әрқайсысы өз жерінің мөлшерін айтып межелейді. Нан батыр бұлардың барлығына үйлеріне, ел-жұртына қайтуды бұйырады. Өзі кегін алу үшін Шұрқанды тауына бармақ болады. Аналар да оны жалғыз жіберуге қимай бірге жүрмек болады. Ақыры Нан батыр жалғыз кетеді. Қалғандары өздері келген жерлеріне тарасады.

Нан батыр Шұрқанды тауынан оларды іздеп таба алмайды. Жыл жарым уақыт өтеді. Бір күні жаяу сандалып келе жатса, бүкіл бір өңірді

⁵⁸ Сақайту — сауықтыру, емдеп жазу.

қайыстырып қалың мал жатады. Ең шетінен келіп, қой бағып отырған қойшыға жолығады да:

— Бұл кімнің қойы? — деп сұрайды амаңдықтан кейін.

— Бұл Темір батыр мен Су батырдың қойы! — дейді қойшы.

— Темір батыр мен Су батырдың қатыны бар ма, олардың үйі қайда? — деп сұрайды Нан батыр. Сонда қойшы ол екеуінің арасында бір қатыны барын, олардың отырған жерін айтып береді.

Қаһарына мінген Нан батыр қойшының көрсеткен жолымен тал түсте Темір батыр мен Су батырдың үйіне кіріп келеді. Екеуінің қызды ортаға алып шай ішіп отырған жерінен қылышпен басын қағып тастайды.

Әбден зарығып қайғы мен мұңда жүрген сұлу: «Нағыз сүйгенім, шынайы қамқоршым» — деп, Нан батырды бассалады. Нан батыр да сағынып келген жарын құшып, ыза боп келген жауынан кегін алып, мауқын басады.

Әлгі қаптап жүрген мал Су батыр мен Темір батыр елден бұлап-талап алған мал екен. Нан батыр оны түгелдей иелеріне қайтарып беріпті. Тек қана өзінің сүйгенін алыпты да, еліне қайтыпты. Олар үйлеріне келіп, тойларын жасап, екеуі де ата-аналарын бір жерге жиып, адал еңбектерімен оларды асырап, бақытты тұрмыс кешіпті. Әлгі екі жортуылшының басы жолда қалыпты.

Көкжан батыр мен айдаһар

Ертеде бір ханның үш қызы болыпты. Екі үлкен қызын ұзатқаннан кейін, хан қолында қалған кенже қызын күйеуге беріп, ойын-тойын жасайды. Тойға қоластындағы бір кемпір мен шалды да шақыртады. Кемпір үйде қалып, шал жалғыз өзі тойға кетеді. Бұл шал мен кемпір де ұлға зар екен. Құдайдан жылап, күні-түні бала сұрайды екен. Шалы кеткен соң кемпір қалың ойға батып жатып ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатып ғажайып түс көреді. Түсінде ұзын бойлы қара кісі келіп аян береді. «Мен саған сегіз қарбыз, бір қауын беремін, тоғыз балаң болады. Қауыннан туған кенже балаңның атын Көкжан батыр қой», — дейді.

Кемпір көзін ашып алғанда, қасында сегіз қарбыз, бір қауын жатыр екен. Қауын, қарбызды кемпір жалғыз өзі жеп тойып алады. Тойдан шал келеді. Кемпір шалға сырын айтпайды. Көп ұзамай кемпір жүкті болады. Тоғыз ай, тоғыз күн дегенде кемпір толғатып, тоғыз ұл табады. Кенжесінің атын Көкжан батыр қояды.

Балалары ержетіп, балиғатқа толады. Балалар аңға шығып, сейіл құрып жүреді. Балалары жоқта кемпір-шал тысқа шығып қараса, тау басынан етекке қарай бір қыз қой жайып келе жатыр екен. Қыз қойын тастап, кемпір мен шалға келеді. Аман-саулықты сұрасқан соң, шөлдеген қыз сусын сұрайды, мейірімді кемпір қызға сусын береді. Манадан бері қыздан көзін айырмай ойланып тұрған қарт:

— Бір үйде неше қызсыңдар? — деп сұрайды.

— Бір үйде тоғыз қызбыз, — деп жауап қайырады қыз.

— Ең кенжесінің аты кім? — деп сұрайды қарт.

— Ең кенжесі — мен, — дейді қыз. Қыз сөйтіп қойына кетеді. Кемпір мен шал қыздың үйіне барып, құдалық сөйлеспек болады. Кемпір мен шал өзді-өзі келісіп, шал атқа мініп, жол тартады.

Төрт күн дегенде шал қыздың ауылына келіп, әкесімен сөйлесіп, құда түсіп қайтады. Болған әңгімені бастан-аяқ кемпіріне айтады. Енді шал балаларын қайын жұртына ертіп апарудың қамына кіріседі. Балалары бір-бір ат мінеді, бір-бір түйе жетегіне алады. Бұл сапардан қалғысы келген Көкжан батыр:

— Маған қызын сенсе берер, сенбесе бермес, — дейді. — Жолда бір үлкен тау бар, соған бара жатқанда да, қайтқанда да қонбаңыздар! — дейді.

Көкжан батыр үйде қалады. Басқалары жол жүріп, бағанағы үлкен тауға күн батқанда әзер жетеді.

Шалдың үлкен баласы: «Түн болды, қонайық!» — дейді әкесіне. Шал тұрып: «Көкжан батыр «қонба» деген, қонбаймыз» — дейді. Түн қатып жол жүріп, құдасының үйіне келеді, бірнеше күн жатып, келіндерін алып қайтады. Қайтқанда жолдағы тауға тағы да кеш келеді. Балалары болмай әкесін көндіріп, ақыры сол тауға қонады. Таңертең тұрып қараса, астарына мінген аттары мен жүк артқан түйелері жоқ, мұнартқан тау, жымжырт дала, жан-жаққа жүгіріп малдарын іздейді, таба алмайды. Сөйтіп абыр-сабыр болып, шуылдасып жүріп, бір жартасқа келсе, бір айдаһар аузымен құйрығын тістеп, барлық малға қора болып иіріліп жатыр екен.

Шал келе сала айдаһарға: «Ей, малғұн, ең болмаса малымның жартысын қайтарсаңшы!» — деп жалынады. Сонда айдаһарға тіл бітіп, адамша сөйлеп:

— Мен сенің малыңның бәрін қайтарайын, сен үйіндегі кенже балаң Көкжан батырды маған бер, — дейді.

— Жарайды, берейін! — дейді шал. Жылан шалдың малдарын өзіне қайтарады. Шал балаларымен аттарына мініп, түйелерін жетектеп, бос малдарын айдап үйіне келеді.

Көкжан батыр ағалары мен әкесінің алдынан шығып:

— Енді сіздерге мен жоқпын, — деп, тұлпарымен жандарынан жанап өте береді. Сол уақытта әкесі:

— Шырағым, тым болмаса жарыңның қасына бір түнеп кетсейші, — деп жалынады. Әкесінің сөзін қайталап, ағалары да жалынады. Әкесі мен ағаларының сөзін қимаған Көкжан бір түн тоқтап, жарының қасына түнейді.

Ертеңіне Көкжан батыр айдаһарға қарай жол тартады. Бірнеше күн жүріп айдаһарға келеді. Келісімен айдаһар Көкжан батырды алыс жерге, алтын шашты қызды алып келуге жұмсайды. Көкжан батыр жолда бір салт атты адамға жолығады. Екеуі танысып, Көкжан батыр: «Әңгіме айт!» — деп қолқалайды.

— Естігенімді айтайын ба, білгенімді айтайын ба? — дейді танысы.
— Естіген жалған болады, білгеніңді айт, — дейді Көкжан батыр.
— Білгенімді айтсам, менің білетінім — түнде қарсақтың ізіне түсем, — дейді.

Екеуі әзілдесіп келе жатса, тағы бір салт аттыға кездеседі. Онымен танысып, оған да: «Жол қысқарсын, әңгіме айт!» — дейді Көкжан батыр.

— Естігенімді айтайын ба, жоқ білгенімді айтайын ба? — дейді екінші адам. Сонда Көкжан батыр:

— Естіген жалған болады, білгеніңді айт! — дейді. Сонда әлгі кісі:

— Мен аспандағы жұлдыздың санын білем, — дейді. Үшеуі достасып келе жатса, оларға тағы бір салт атты кісі тап болады. Онымен де танысып, Көкжан батыр: «Әңгіме айт!» — дейді.

— Білгенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба? — дейді ол да. Көкжан батыр тұрып:

— Естіген жалған болар, білгеніңді айт! — дейді.

— Мен жер үстіндегі барлық балықтың санын білем, — дейді ол.

Енді төртеуі достасып, жүріп келе жатса, бір бай жұртына жар салып: «Кім тігілген алтын табақты атып түсірсе, күресіп балуанымды жықса, соған қызымды беремін», — деп жатыр екен. Жиналған жұрттың біреуі де байдың алтын қабағын атып түсіре алмайды, балуанын жыға алмайды. Тойға кез болған Көкжан батыр бағын сынап, өнер жарысына түседі. Алтын қабағын атып түсіріп, өгіз балуанын алып ұрады. Жұрттан өнері асып, байдың қызын алады. Олжа қызын Көкжан қасына ерген әуелгі жолдасына береді.

Қызды алып жол жүріп келе жатса, той болып жатқан тағы бір ауылды көреді. Ол да жамбы тігіп, балуан шығарып, қыз ұзатып жатқан той екен. Бұл бай да: «Жамбымды атып түсірген, балуанымды жыққан кісіге қызымды қосамын», — деп жұртқа жар салыпты. Көкжан батыр тағы да бағын сынауға тәуекел етіпті. Мұнысын жолдастары да қош көріпті. Жамбысын атып түсіріп, балуанын жер қаптырып, қызды алыпты. Екінші қызды екінші досына сыйлапты. Алтау болып, жол жүріп келе жатса, қыз ұзатып, той жасап жатқан үшінші ауылға кезігеді. Мұнда да қызды қабағын атып, балуанын жыққан кісі алады екен. Көкжан батыр тағы да балуанын жығып, алтын қабағын атып түсіріп, қызды алады. Үшінші қызды қасындағы үшінші жолдасына қосады.

Енді жетеу болып жолға шығады. Бірнеше күн жол жүргеннен кейін үш қыз алған үшеуі Көкжан батырдан бөлініп қалады. Көкжан батыр жалғыз өзі бір ауылға келсе, үлкен той болып жатыр екен. Естіген құлаққа қыз беделі жер жарады. Ай десе аузы, күн десе көзі бар, бір байдың керемет керім, алтын шашты сұлу қызы екен. «Алтын қабақты атып түсірген, балуаннан күші асып жыққан кісіге қызын атастырмақ екен» дейді. Жұрттың бірде-бірі байдың бұл шартын орындай алмапты. Тек шеттен келіп қосылған жолаушы Көкжан батыр ғана байдың шартын түгел орындап, қызын алады да, айдаһарға жол тартады. Екеуі жол жүріп келе

жатып, айдалада тұрған ақ отауды көреді. Ақ отаудың қасында сарқырап аққан үлкен өзен бар екен. Оның ар жағында алқа-қотан тігілген шағаладай аппақ ауыл көрінеді. Сол иесіз ақ отауды паналап, Көкжан батыр мен қыз аң аулап, күн көреді. Бір күні Көкжан батыр аң аулауға кеткенде, қыз өзеннің жағасына басын жууға барса, Еділдің ар жағынан бір кісі келіп, ол да басын жуады. Қыздың бір тал алтын шашы сумен ағып, жігіттің алдына барады. Шашты қолына ұстап, жігіт күркеде жатқан жалмауыз кемпірге алып келеді.

— Мынау менің айырылып кеткен әйелімнің алтын шашына ұқсайды, менің әйелім болмаса игі еді. Ол біраздан бері Еділдің ар жағындағы ақ отауда белгісіз біреудің қолында көрінеді. Соны маған қалайда алып бер, — деп жалынады. Кемпір:

— Жарайды, алып берейін, тек маған бір алтын қайық, бір торсық шарап даярла! — дейді.

Жігіт алтын қайығы мен шарабын даярлап, кемпірге алып келеді. Кемпір шарабын алып, қайықпен Еділдің ар жағына өтеді. Еділ жағасындағы қалың қамысқа қайығын байлап, отауда отырған қызға келеді. Келіп, аман-саулықты сұрасқаннан кейін, одан қашан, қайдан, не үшін, кіммен келгенін сұрап біледі. «Мынау ақ орда менің үйім еді, рұқсатсыз кірдіңдер!» — деп зіркілдейді кемпір. Қыз үндемейді. «Айтпасаң, өлтіремін, ағаңның жанын айтсаң, өлтірмеймін», — дейді.

— Жарайды, айтса сұрайын! — дейді қыз. Кемпір келетін күнін айтып шығып кетеді. Көкжан батыр аңнан қайтып келеді.

Қыз ағасынан:

— Көке, осы сіздің жаныңыз қайда болады? — деп сұрайды. Ағасы айтпайды. Көкжан батыр тағы да аңға кетеді. Жалмауыз кемпір келіп: «Не білдің?» — дейді. Қыз тұрып: «Көкем айтпады», — дейді. Залым кемпір қызға ақыл береді. «Енді келгенде айтпаса, сен менің ағам емессің, мен сенің қарындасың емеспін деп жыла, сонда айтады», — дейді. Соны айтып кемпір тағы кетіп қалады.

Көкжан батыр аңнан қайтып келген соң қыз сұраса, ағасы айтпайды. Айтпаған соң, қыз жылайды. Сонда Көкжан батыр ойланып: «Айтсам айттайын, жылап болмадың ғой! — дейді. — Менің жаным оң жақ көрпенің астында, бәкінің ұшында, тірі жанға тіс жарып айтушы болма!» — дейді де, ертеңіне тағы аңға кетеді.

Кемпір келіп сұрағанда қыз айтады: «Көкемнің жаны — оң жақ көрпенің астында, бәкінің ұшында екен», — дейді. Оны естіп, қуанған қу кемпір қызды шарап беріп мас қылып, оң жақ көрпенің астындағы бәкіні алып, отқа қыздырып, суға лақтырып жібереді. Ес-түсінен айырылған қызды қайыққа салып, кемпір Еділдің ар жағына өтеді. Барысымен қызды алтын сарайға қамап тастайды.

Сол уақытта баяғы бірге кеткен үш кісінің көңілдері қаяу, қабақтары кірбің тартып, бір сезік пайда болады. Сонда жұлдыздың санын білетін кісі: «Жарық жұлдыз ағып түсті. Көкжан батыр дүниеден өтіпті. Енді оның

сүйегін іздеп табу керек», — дейді. Қарсақтың ізіне түсетін кісі Көкжан батырдың ізімен манағы ақ орданың үстінен шығады. Келсе, Көкжан батыр өліп жатыр екен. Балықтың санын білетін кісі балықтарын түгендесе, шортан жоқ екен. Ол дереу шешініп суға түсіп, Еділдің терең жерінен шортанды тауып алады. Үйге әкеліп шортанның ішін жарса, ішінен бәкі шығады. Оны Көкжан батыр жатқан көрпенің оң жақ астына тығады. Сол уақытта қозғалғандай болады. Көкжан батырдың жаны екенін олар сонда біледі. Бәкіні алып отқа қыздырып, суға малады да, көрпенің астына қайта тығып қойып еді, Көкжан батыр оянып: «Қатты ұйықтап кеткен екенмін ғой», — деп, орнынан ұшып түрегеледі. Қарсақтың ізіне түсетін кісі:

— Жоқ, сен ұйықтаған жоқсың, өліп қалыпсың, біз тіріліп алдық, — дейді. Соны айтып, олар қайтып кетеді.

Енді Көкжан батыр қызды іздеп Еділдің ар жағына өтеді. Ауыл шетіндегі жерге келсе, бір кемпір отыр екен. Кемпірмен сөйлесіп, көп хабар естиді. Сол ауылда бір хан қызын ұзатайын деп жатыр екен. Көкжан батырдың тұлпары да сонда екен. Кемпірге Көкжан батыр өзінің кім екенін айтпайды.

— Шеше, жүріңіз, тойға бірге барайық! — дейді батыр.

— Барсақ барайық! — дейді кемпір. Тойға барса, бәйге жарысы болғалы жатыр екен. Бәйгеге қосайын десе, Көкжан батырдың тұлпары маңайына тірі жанды жолатпайды. Мұны көрген Көкжан батыр: «Тұлпарды маған беріңіздер, мен мініп үйретіп берейін!» — дейді. Оның сөзін ешкім елемейді. «Сен түгіл, әкендей кісі үйрете алмай жүр, саған ондай өнер қайдан келді?» — дейді жұрт. Сұрап болмаған соң, ақырында атты береді. Көкжан батыр үстіне мінгенде, тұлпар танып оқырынады. Жиналған жұрт оны да елең қылмайды. Көкжан батырдың қару-жарағы киімінің ішінде буулы екен, тұлпарына мініп алып, қылышын қолға алып айғайлап:

— Үйрету олай емес, былай! — деп, шаба жөнеледі. Былай шығып, бір сарайға келеді. Сарай жабық екен. Кілтін бұрап сындырып ашып қараса, ішінде мас болып жатқан қызды көреді. Көкжан қызды сарайдан алып шығады. Екеуі баяғы алтын қайыққа отырып, тұлпарды жүздіріп, Еділдің бергі жағына өтеді.

Енді Көкжан батыр айдаһарды іздейді. Бірнеше ай жол жүріп, айдаһардың тұрған жеріне келсе, айдаһардың қасында торы атты бір қара жігіт жатыр екен. Анадайдан көріп, Көкжан батыр қара жігітті атады. Қара жігіт қозғалмайды. Қанша атса да, оғы дарымайды. Ата-ата батырдың оғы таусылады.

Тіпті болмаған соң, Көкжан батыр қара жігіттің қасына келіп жөн сұрайды:

— Мына сенің өлтірген айдаһарың менің досым еді. Сен оны неге өлтірдің? — дейді Көкжан батыр.

— Мен неге өлтірмейін? Мен анамның құрсағында жатқанда ол менің әкемді алып кетіпті. Сондықтан мен оны өлтіріп, кегімді алдым, — дейді қара жігіт.

— Әкеңнің аты кім?

— Көкжан батыр.

Сөйтсе, ол Көкжан батыр елден кеткенде іште қалған баласы екен. Әкелі-балалы екеуі сол жерде құшақтасып көрісіп, табысыпты, аман-есен еліне келіп, барша мұратына жетіпті.

Тотан батыр

Ерте, ерте, ертеде Құбахан деген хан екен, малының саны жоқ екен. Хандығының көлемі жеті айшылық жол екен. Құбахан жалғыз ұл көреді, ұлының атын Тотан қояды. Ұл туғанда бір биесі қоса құлындапты. Ол құлынды ұлына арнапты. Құбахан бір күні түс көреді. Түсінде: «Тұр! Тотанның қайнына баратын кезі жетті. Еліңді жи, тойыңды жаса! Барса, жолдас ерт, бармаса, өзін жібер. Оның қайын атасының аты — Шынтемір хан, жарының аты — Күнікей. Күнікей — Шынтемір ханның жалғыз қызы. Жолы — жеті айшылық жол, аты, қару-жарағы сай болсын!» — дейді.

Хан ерте тұрып, елін жиып, көрген түсін айтады. Той жасап, Тотанды Шынтемір ханның еліне жібермекші болады. Бірақ сонша алыс жолға ешбір адам жолдас болып баруға жарамайды. Тотан жалғыз кететін болады. Тотанға көк тұлпарды мінгізеді. Жолына ақсарбас шалып аттандырып, бірнеше күншілік жерден жолдастары кері қайтысады.

Тотан жолын дұрыс білмесе де, түс көрген атасы: «Күннің батысына қарай жүре берсе табады», — деген бағытпен жүріп келеді. Күндерде бір күн жалғыз үйге кезігеді. «Жол сұрайын», — деп тыстан дауыстайды. Үйдің ішінен бір жалмауыз кемпір шығады. Жөн сұраған Тотанға: «Аттан түс, сені жеймін, бұл жолмен ешбір адам баласы жүруге тиіс емес!» — деп кәрленеді. Тотан: «Мен жаспын, үйленейін, қызық көрейін, қайтарда Күнікейді саған әкеліп берейін. Мені жіберіңіз!» — деп жалынады. Кемпір Тотанның тілегін қабыл алып, дұрыс жолға сілтеп қоя береді. Тотан одан ары жүре береді.

Күндерде бір күні Тотан қалың орманға кездеседі. Жүріп келе жатса, сауысқандарды білдірмей ұстап алып, құйрық қанатын жұлып алып қоя беріп, ермек жасап жүрген бір адамды көреді. Тотан келіп сәлем беріп, амандасады. Жүрісін түсіндіреді. Бұл адам көз байлаушы адам екен. Жұмысы болмағанын, сауысқанның көзін байлап, ермек жасап жүр екен. Ол кісі Тотанға: «Ұлықсат етсеңіз, сізге жолдас болып барып қайтайын, қызық көрейін!» — деп, тілек білдіреді. Тотан ұлықсат етеді. Сонымен екеуі жолдас болып, одан әрі жүре береді.

Бірнеше күн жүріп, орманнан шығады. Ашық алаңда бір адам киіктерді қуып, ұстап жүр екен. Аяғына байлаған қазандай екі тасы бар. Тотандар бұл адамға келіп амандасады. Жөн сұрасады. Бұл Желаяқ деген жүйрік екен. Аяғына тас байламаса, екпінімен тоқтай алмайды екен.

«Сізге жолдас болып, қызық көріп қайтайын», — деп, ол да Тотан батырға ілеседі.

Үшеуі жолдас болып жүре береді. Күндерде бір күні көл жағасында мылтық ұстап отырған адамға кездеседі. Жөн сұрасады. Бұл кісі атақты мерген екен. Атқан аңы бір тәулікте сол атқан мезгілінде түседі екен. Кеше бір аққу атқан екен, «ә» дегенше сол аққу түседі. Жөн-мәнісін білгеннен кейін: «Мен де сізге жолдас болып, қызық көріп келейін», — деп, бірге жүреді.

Енді бұлар төртеу болып келе жатады. Күндерде бір күн сортаң жерге тап болады. Жағалап жүріп келе жатса, бір адам жерге жабысып, құлағын төсеп, тың тыңдап жатқанын көреді. Жөн сұрасып біліседі. Бұл адам атақты тыңшы екен. Оның білмейтіні жоқ. Оған жердің асты-үсті бәрі бірдей. Болған уақиғаны біліп отырады екен. «Қазір жер астында жеті ел соғысып жатыр, соны тыңдап жатыр едім», — дейді. Сөйлесе келе: «Мен де сізге жолдас болып, қызық көріп қайтайын», — деген тілегін айтады. Тотан мақұл көреді.

Енді бесеу болып, ілгері жүре береді. Күндерде бір күн бұларға Ұлытау көрінеді. Жақындағанда таулар біріне-бірі соғылып, қозғалып тұрады. Бұлар танданысып тұра қалады, жақын баруға қорқады. Жолдастарын осы араға қойып, Тотан өзі барады. Егер бір жанжал бола қалса, жолдастары көмекке әзір тұрады.

Келсе, бұл тауды бір дәу мекен етеді екен. Оның үш баласы бар екен. Балалары еншіге таласады екен. Әкесі: «Олай болса, әрбіріңе күштеріңе қарай енші беремін. Қайсыңның күшің көп болса, өзімде қаласың!» — деп, тауды көтертіп тұр екен. Таудың бірдей болмау себебі — әрқайсысының жасына, күшіне қарап өлшеп көтерткен екен. Тауды көбірек қозғап тұрған — кіші ұлы екен. Тотан барғансын жөн сұрасады. Олар еншілерін бөліседі. Дәудің кіші ұлы: «Мен де қызық көріп қайтайын», — деп, Тотанға ереді.

Сонымен бұлар алтау болып жолға шығады. Ойын-сауықпен жүре береді. Сапар өте қызықты болады. Жүре-жүре бұлар Шынтемір ханның елінің шегіне ілінеді. Анықтап, сұрап біліседі.

Шынтемір ханның ордасына келіп хабарласып, қонақүйге түседі. Қонақ үйде неше түрлі сауықшыл хандар бар екен. Сауық аспаптары да жеткілікті. Ханға хабар етіп, жөнін мәлім етуге кісі жіберіп, бұлар үйді-үйге бөлініп жата береді.

Күндерде бір күн хан бұларды шақыртып, Тотанның тілегін мақұлдап, Күнікейді белгілі шартпен бермекші болады.

— Еділ бойында Сахын деген қалмақтың ханы бар. Соны жаулап, жерін, суын, елін маған көндіріп бер. Қасыңа жолдас, астыңа ат берейін. Егер мұны орыңдамасаң, Күнікейді бермеймін! — дейді хан.

— Жарайды! — дейді Тотан. — Маған жолдастың керегі жоқ, өзімнің жолдастарым да осында жата берсін. Барғанша мініп баратын ат бер, өзімнің атым тынықсын, — дейді.

Хан «мақұл» деп, бір қара тұлпар береді. Тотан қару-жарағын сайлап алып, жолдастарымен қоштасып, жолға шығады. Сол кеткеннен батыр бірнеше ай хабарсыз кетеді. Қалмақтың еліне барып, соғыс салады. Он жеті күнде қалмақ ханының әскерін қойдай қырып, өзін өлтіріп, елін көндіріп, Шынтемірге қаратып, елге келеді. Қалмақ ханының басын Шынтемірдің алдына әкеліп тастайды. Хан разы болып, тойдың жабдығына кіріседі. Бірақ ханның Батыр Барақ деген палуаны Күнікейге ғашық екен. Келіп ханды азғырады:

— Жалғыз басты, салт атты, сабау қамшылы бір балаға Күнікейді беріп жіберу жөн емес. Әлі де болса шарт қою керек. Күресте, ат бәйгесінде, алтын қабақ атуда, жаяу жарыста озып шықса, алсын, әйтпесе Күнікейді беруге болмас, — дейді. Хан Барақ батырдың сөзіне көніп, Тотанға бәсеке жайын түсіндіреді. Тотан:

— Мейлі, хан өзі білсін, мен бәрінен де қашпаймын, — дейді. Той басталады. Әуелі күрес басталады, бас балуанға хан жағынан батыр Барақ, Тотан жағынан дәудің баласы шығып күреседі. Жарты күн күрескеннен кейін Тотанның балуаны жығады. Алтын қабақ атысады. Хан үш жүздей мерген шығарған екен. Біреуі де тигізе алмайды. Тотанның мергені атып түсіреді.

Ат бәйгесі басталады. Атты үш күншілік жердегі сары жазықтан жібереді. Хан үш жүздей көк мойын жүйрік шығарады. Тотан Көк тұлпармен өзі шабады.

Ат қайтты сары жазықтан шұбатылып,
Жалғызға қылсын Алла жәрдемшілік.
Сан қолдан, «ә» дегенде озып шықты
Тотанның қара көгі жалғыз шығып.

Аруағы ер Тотанның асады енді,
Қамшыны Көк тұлпарға басады енді.
Сан қолдан озып келген Көк тұлпарды
Көрген соң Шынтемір хан сасады енді.

Сөйтіп Тотан ат бәйгесінен де озып шығады.

Енді жаяу жарыс болады. Хан бір мыстан кемпір шығарады.

Тотан Желаяқты шығарады. Бұлар да жоғарыдағы ат жіберілген жерден жарыспақ болады. Мыстан кемпір «шөлге ішетін су» деп, Желаяққа шарап беріп мас қылады. Ол мас болып ұйықтап қалады. Мыстан жүгіріп кетіп қалады. Желаяқ сол жатумен екі күн жатады. Үшінші күні тұрса, кемпір жоқ, кетіп қалған. Бұл олардың ең соңғы жүгіретін, үшінші күні екен. Желаяқ мыстанның алдағанын біледі де, тұра жүгіреді. Сәске түстен асқанда кемпірдің қарасын көреді. Жерден бір уыс топырақ алады да, кемпірге жетіп келіп: «Әйт, кемпір!» — дегенде, мыстан жалт қарайды. Қолындағы топырақты мыстанның көзіне шашып жібереді. Кемпір көзін уқалап қалғанда, Желаяқ күтіп тұрған көпшілікке жүгіріп жетіп

келеді. Хан жеңіледі. Күнікейді беретін болады. Бұлар жайғасып жата береді.

Күндерде бір күн батыр Барақ қырық күймелі арба даярлап, оған екі қыз, бір делбеші⁵⁹ мінгізіп, Күнікейді түнде алып қашады. Ертеңіне тыңшы біліп қалып, Тотанға айтады. Тотан «қаланы қырамын» деп атына мініп, көшеге шығады. Бірақ көз байлаушы жүгіріп келіп жалынады:

— Елді бүлдірме, мен өзім алып келемін, — дейді. Сөйтіп қуып жетіп, басқа күймедегілердің көзін байлап, Күнікейді алып келеді. Күнікей келгесін бұлар жолға шығады.

Бұлар ойнап-күліп келе жатады. Жолдастары өздерінің мекенінде қалмақ болады. Тотан мұңаяды. Жолда Күнікейді мыстан кемпірдің күтіп тұрғанын, оған берген уәдесін жолдастарына айтады. Жолдастары бірге мұңаяды. Ақырында ойлап-ойлап ақыл табады. Желаяқ жаннан асқан сұлу екен. Осы Желаяққа аттың құйрығынан шаш өреді. Мыстанға жақындағанда Күнікейді жолға қойып, барлық киімін Желаяққа кигізіп, «қыз» деп кемпірге әкеліп береді. «Тотан Күнікейді алып, ұзап кетті-ау!» деген кезде, Желаяқ: «Әже, далаға шығып келейін», — дейді. Желаяқ есіктен шыға қашады, жалмауыз тұра қуады.

Жалмауыз тұра қуды қашқаннан соң,
Етегін жия алмады сасқаннан соң.
Оралып етегіне үш жығылды,
Сүрініп аяғына басқаннан соң.

Желаяқ келе жатыр құстай ұшып,
Жалмауыз үш жығылды жерді құшып.
Көйлегін ызаланып шешіп тастап,
Қосылды мыстан зорға жолға түсіп.

Жалмауыз да жүйрік екен. Желаяқты састырады. Жаны қысылған Желаяқ кешегі артта қалған жолдастарына қарай қашады.

Көзбайлаушы жалмауыз мыстанның көзін байлай алмады. Тау көтеруші кемпірге бір кішірек тауды лақтырып еді, кемпір оған да жығылмады. Бұл жайды тыңшы біліп, мергенге хабарлады. Күтіп тұрған мерген ғана кемпірді атып өлтіріп, Желаяқты ажалдан құтқарады.

Тотан Күнікейді алып еліне келеді. Құбахан хан үлкен той жасап, хандығын береді.

Ақжан батыр

Ертеде бір бай болыпты, малы көп болыпты. Әсіресе жылқысы сондай көп болыпты. Жылқысының саны алты айғыр үйір болыпты. Жаз өтіп, күз таянғанда жылқыларды бағу қиынға түседі. Бір жағынан,

⁵⁹ Делбеші — божыны ұстап, ат айдайтын адам, көшір.

жылқыларға қасқыр тисе, екінші жағынан, жылқыны шетінен білдірмей ұрлайтын белгісіз бір ұры пайда болады.

Бай қыстың таянып келе жатқанын ойлап, қар түскенде жылқыларды далаға бақтыру мақсатында әрі күнделікті жоғалуын тыю үшін, жылқы бағушы адам іздеуге кіріседі.

Сол кезде елге аты шыққан жылқышы, әрі батыр, әрі мерген, мал дегенде жалғыз торы аты бар Ақжан деген батыр бар екен. Ол туралы бай ести сала, Ақжанның үйіне барады. Ақжан батырға жалынып: «Алты үйір жылқымды бағып бер, қыстан аман-есеп алып шықсаң, бір айғыр үйір жылқыны ақың үшін аласың», — дейді. Ақжан батыр: «Қасыма бес кісі бер», — дейді. Бай: «Қасыңа өзімнің інімді берем, қалған төрт жылқышы ауыл адамдары болады», — дейді.

Ақжан батыр «құп» деп торы атына мініп, байдың ауылына келеді. Одан кейін ол, түгел санап, алты айғыр үйір жылқыны, бес кісі бақташысымен қарамағына алады. Бұдан кейін бұлар қостанып, алты айғыр үйір жылқыны шөбі қалың, суы мол қопалы жерге айдап әкеледі. Қопаның ішінен ыңғайлы жерге жылқышылар алты қанат киіз үй тігеді. Онда тамақ ішеді, басы артық киім-кешектерін қояды, кезекпен демалады, боран күндері паналайды. Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатады. Бірақ жылқы ішінен жылқы жоғалу деген болмайды.

Күндерде бір күн Ақжан батыр алты үйір жылқымен жалғыз өзі қалып, қалған жылқышыларды үйге тамақтануға қайырады. Кешке қарай бесеуі келісімен бір ту биені сойып, етін тайқазанға салып, киіз үйдің ортасына жерошаққа асады. Бесеуі етті пісіріп жеп, жайғасып болған соң, жылқыға бармақ болады. Бірақ байдың інісі ту биенің етіне тойған соң ұйқысы келіп «ауырады» да, киізге оранып үйде қалады. Қалған төртеуі аттарына мініп, жылқыға барып, Ақжан батырды үйге тамаққа жібермек болып жөнеледі.

Бұлар барған соң, Ақжан батыр үйге қайтады. Оның торы аты сондай жүйрік болған екен дейді, тіпті алдынан кеткен қараға жетпей тынбайды екен, артынан қуған қараға ешбір ізін білдірмейді екен. Ақжан батыр атын желдіріп келе жатса, алты қанат киіз үй орнынан төрт сүйем жоғары көтеріліп, астынан оттың сәулесі көрініп тұр екен дейді. Есіктің тұсына таман қарсылай жүрсе, үйдің нақ ортасында жалғыз көзді дәу қолына үйде қалған байдың інісін алып, оны отқа қақтап жеп отыр екен дейді. Ақжан батыр киіп кетіп, жалғыз көзді дәудің тап көзінен көздей отырып саржамен⁶⁰ атады. Сол кезде дәу алты қанат киіз үйді көтеріп ала жөнеледі.

Бақса, Ақжанның жолдастары жылқыға үйден аттанып кетісімен, дәу үйге келіп, қазандағы етті жеп, одан кейін киізге оранып жатқан жалқауды ұстап алып, отқа қақтап жей бастаған екен дейді.

Бұдан кейін Ақжан батыр дәудің ізіне түсіп, соңынан қуған да отырған екен. Таң қараңғысы болған кезде барып таудың үңгіріндей бір інге

⁶⁰ Саржа — сүйекпен әшекейленген әдемі садақ, жақ.

кіреді. Ақжан батыр атын қаңтара тастап, қолына саржасын ұстап, дәу кірген інге кіреді. Көп жүрмей-ақ, қолы жалаңаш дәудің денесіне тиеді. Сүйреп алып шықса, дәу өліп қалған екен. Көңілі тынған Ақжан батыр құйғытып жолдастарына келеді. Оқиғаны түгелдей айтып, киіз үйін қайтадан құрап, тігіп береді.

Ақжан батыр жолдастарына: «Мен елге барып, байға болған оқиғаны айтайын. Бұл дәу үш ағайынды дейтін еді, қалған екі тумасы маған келер, сендерге тимес. Жылқыны жақсы бағыңдар, мен барып қайтайын», — дейді. Жолдастары мақұлдап, қош айтысып, Ақжан батырды шығарып салады.

Елі салт аттыға үш күндік жол екен дейді. Ақжан батыр шыққан күні кешке бір ауылға қонбақ болып келіп түседі. Кешке түскен үйіне бір жат адам келіп, Ақжан батырмен сөзге кіріседі. Әлгі жат адам кетерінде Ақжаннан кешке, қай жерге ұйықтайтынын сұрап, өзі бұның қасына жатқысы келетінін айтады. Ақжан батыр оған: «Есіктің алдына, ақ жадағайымды⁶¹ айқара жамылып, торы атты беліме байлап жатармын», — дейді.

Ақжан батыр мұның жат адам екенін сезіп, түнде есіктің алдына томар ағаш тастап, оның үстіне ақ жадағайын айқара жауып, атын томарға байлап, өзі есік алдындағы сайға жасырынып, саржасын қолына ұстап бақылап отырады. Түн ортасы ауған соң, бір кезде аспаннан бір үлкен қарақұс ұшып келіп, ат байлаулы тұрған томарды келе бүреді. Ақжан батыр саржамен атып қалады. Дәу томарды сүйрей жөнеледі. Атына мініп, ізімен Ақжан батыр барса, өліп те қалған екен дейді. Одан кейін қонған үйімен қоштасып, Ақжан батыр бағытымен еліне жөнеледі. Келесі күні де жолда қонған үйінде осындай оқиға болып, сонымен үшінші дәуді де өлтіреді.

Ақжан батыр еліне жетіп, барлық болған оқиғаны айтады және де байға байдың інісін дәу өлтіргенін айтады. Бай інісінің өлгеніне жылап, малдарының аман қалғанына қуанып, елін жиып, той жасап, ат шаптырады.

Ақжан батыр да кері оралып, жылқыға барып, жолдастарымен байдың жылқыларын айдап әкеліп, байға тапсырады. Бай жылқыларын аман алып шыққаны үшін, дәулерді өлтіргені үшін, Ақжан батырға келісім бойынша бір үйір жылқы береді. Ақжан батыр бір үйір жылқыны үйіне айдап келеді. Бұрын басынан өткен қиыншылығы ұмытылып, Ақжан батыр барша мақсатына жеткен екен дейді.

«Еңбек етсең, дұрыс ет» деген мақал осыдан қалған екен дейді.

Боз атты Боран батыр

Ерте заманда «жезтырнақ» деген жыртқыш шығып, адам баласына ауыр зиян салып, елді көктетпей қойыпты. Ешкім оған батып бара алмайды екен. Барған адамды жезтырнақ жамсатып отырыпты. Бір күні Боран

⁶¹ Жадағай — астар салмай тігілген жұқа сырт киім.

батыр боз атына мініп, жезтырнақтың мекеніне қарай жалғыз тартыпты. Оған жолдас болуға ешкім шықпапты. Батыр: «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», — деп, азық алмай, жолаушылап жүріп кетеді екен. Боран батыр жезтырнақ мекендейтін қалың жыныс орманға келіп, бір дәу арқарды атып алады да, оның етін, бауырын қоламтаға көміп қойып, боз атты байлап тастап, от басында қамсыз отырады. Бір кезде жезтырнақтың дыбысы шығады. Боз ат құлағын қайшылап, тықыршып, оскырып тұрады. Боран батыр оны елемегенсіп отыра береді. Сәлден соң жезтырнақ Боран батырдың қарсы алдына келіп, бір тізелеп отыра кетеді. Бұл кезде Боран батыр қоламтаға піскен бауырды алып, кесіп жеп отырады. Боран батыр қолындағы болат семсердің ұшына шаншып томардай бауырды жезтырнаққа ұсынса, жезтырнақ семсердің ұшын «тырс» еткізіп кесіп, бауырмен бірге алып қалады. Бұдан Боран батыр титтей де сескенбейді. Саптама етігінің қонышынан және бір семсерді суырып алып, қоламтада жатқан арқардың асықты жілігін ортасынан құрайша жона кесіп, екіге бөліп тастайды да, екі басының майын аузына кезек-кезек құйып, лақтырып жібереді. Боран батырдың бұл айбынынан, өткір семсерінен, жебелі садағынан, қалтасының астында жатқан айбалтасынан қорыққан жезтырнақ ақырын шегініп барып, жым-жылас болады.

Тұңғыық түнде Боран батыр өз бойындай және өз жуандығындай бір теректі кесіп әкеледі де, ер-тоқымын оған жастық қылып, үстіне шапанын жауып, кәдімгі ұйықтап жатқан адамға ұқсатып қояды. Содан кейін өзі жеңілтектеніп, садағын қолына алып, жанындағы үлкен теректің басына шығып, жезтырнақтың келуін аңдып отырады. Аздан соң жезтырнақ бір басып, екі басып ештеп келеді де, қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан адамды көріп, «қап, бәлем, сені ме!» дегендей бас салады. Қатыгез жезтырнақтың темір тегеуріні дүңкиген ағашты күтірлетіп жібереді. Мұның адам емес, ағаш екенін біле қойған жезтырнақ адыраңдап айналасына қарай бергенде, Боран мерген садағымен жезтырнақтың жүрегіне періп қалады. Жезтырнақ ышқынып барып серең ете түседі. Боран батыр ағаштың басынан түсіп, өлген жезтырнақтың теңге-моншақтарын сыпырып, болат тырнақтарын кесіп алып кете барады.

Бұл кезде Боран батырдың ауылы аласапыран күйге түсіп: «Боран батыр жезтырнақтың мекенінен аман келе алмайды, оның темір тегеурінінен құтыла алмайды, жезтырнақ біздің тұқымымызды құртады», — деп дүрлігісіп, күңіреніп жатады. Боран батыр жезтырнақты жеңіп қайтқанда, қалың жұрт қабағат қуанып, ақсарбас айтып, ұлы жиын-той жасайды. Осыдан кейін де боз атты Боран батыр жезтырнақты жою жорығына әлденеше рет аттанып, үлкен олжамен оралып жүреді.

Күндердің күнінде Боран батырдың қызы ұзатылатын болады. Қыз ұзатыларда әкесінен алғашқы жезтырнақтың теңге-моншақтары мен жезтырнақтарын қалайды. Әкесі оны алса, өміріне қатердің ауыр екенін қаншалық айтса да, қызы көнбейді. Ақыры, әкесі қызына беруге амалсыз мақұл болады. Бірақ берерінде қызына:

— Қарағым, үйіңе қайтқанда сен сақтан, түнгі ұйқыңа сақ бол, таңға жуық тауық бол, — дейді. Сонымен қыз әкесінің берген бөзі мен сөзіне разы болып, ұзатылып кетеді.

Боран батырдың қызы бір қора қоймен қалың жыныс орманның ішінде отырады. Күндіз күйеуі қой жаяды, түнде Боран батырдың қызы қой күзетеді. Әкесінің айтқанын есінде сақтап, сойған қойдың санын шаңыраққа асып, қатырып қояды. Түнгі ұйқыға сақ болып, таңға жуық орнынан тұрып алады да, үнемі жіп иіріп, әндетіп отырады. Бір күні таңға жуық болғанда, ит абалап қатты үреді. Жайшылықта қасқырдың сырттаны болса да сытылтпайтын бұл иттердің екпіні бірден басылып, қаңқылдап барып, үні өшіп қалады. Бір тықырдың таянғанын білген Боран батырдың қызы жанып тұрған отты өшіреді де, қатқан санды қолына алып, босағада бұғына қалады. Бұл келген жезтырнақтың кемпірі еді. Ол есікті ашып жіберіп, керегенің басында ілулі тұрған өз қызының теңге-моншақтарын тани кетеді де: «Ым, менің қызымның түбіне жеткен сен екенсің ғой, оның теңге-моншақтарын иемденіп алуын қарашы өзінің, жүзің күйгірдің өзі қайда екен?!» — деп, үйге кіріп, дереу сөнген отты үрлеп жақпақ болады. Осы кезде босағада сақадай сайланып тұрған Боран батырдың қызы от үрлеп жатқан жезтырнақ кемпірдің басына қатқан санмен періп-періп жібереді. Сом білек, соны қайрат жезтырнақ кемпірдің басын отқа тығып, омыртқасын опырады. Содан былай Боран батырдың қызы да батыр атанады. Ел аузында «Боз атты Боран батыр мен оның ұрпағы жезтырнақтың тұқымын құртқан екен» деген аңыз таралады.

Қараүйрек

Баяғы өткен заманда бір жарлы кемпір мен шал болыпты. Олардың үш баласы болыпты. Ең кішісі Қараүйрек екен. Ол өзі батыр әрі білімді болыпты.

Күндердің күнінде кемпір мен шал дүниеден өтіпті. Сонда үш баласы не істерін білмей, күн көру үшін кәсіп іздеп жолаушы шығыпты. Келе жатса, жол үш айырылыпты. Алдындағы көлденең тақтайда жазу бар екен. Оқыса, «Ей, үш адам, үшеуің бір жүрсең, жолға болмайды» деген жазуды көреді. Туыс деген қандай, үш жолмен бөлінгенде туыстар құшақтасып, жылап айырылысады. «Қайда жүрсек те, бірімізді біріміз ұмытпайық», — деп, айырылысады.

Сонымен, екі ағасы өз жолдарымен кетеді. Қараүйрек өз жолымен келе жатса, алдынан бір ақ отау көрінеді. Ақ отауға кіріп келсе, ай мен күндей жайнаған бір қыз отыр. Бірақ қыздың аузы түйреуішпен түйреулі екен. Қараүйрек түйреуішті ағытып алып: «Бұны кім түйреді?» — десе, «Ағайым түйреді», — депті қыз.

— Ағайыңның тұқымы құрысын, ол қайда?

— Аң аулауға кетті.

Екеуі танысып, тамақтанғанша мезгіл кеш болады. Ағасы да аңнан қайтып келді. Ағасы үйіне таянғанда: «Қаңқылдаған итім, өз басыңа көрінсін, шаңқылдаған құсым, өз басыңа көрінсін, Қараүйректі көргендей неге шулап кеттіңдер?» — дейді. Бұл дауысты естіп, Қараүйрек далаға шығады. Қараүйректі көре сала ағасы: «Бұнда неғып жүрсің, өзіңе атыспақ керек пе, алыспақ керек пе?» — дейді.

— Атыспақ арғы атамның төрінде қалған. Алыспақ керек! — дейді Қараүйрек.

Екеуі екі күн, екі түн алысып, ақыры Қараүйрек қыздың ағасын қырық құлаш аспанға лақтырғанда, жерге түспей-ақ өліп кетеді.

Қараүйрек отауда үш күн демалып, енді қызды алып жүрмек болғанда, қыз: «Сен мені ала алмайсың, себебі менің екі ағайым бар, олардың да қарындастары бар. Сен сол ағаларымды жеңбесең, саған күн көру жоқ. Апаларымның күні менің күнімнен де жаман», — депті.

— Олар қайда тұрады?

— Олар күнбатыста, бір-бірінің арасы қырық күншілік жер, — деп, қыз жылапты.

— Ендеше, мен соларды көріп, көрімдігін беріп қайтамын, — деп, Қараүйрек жолға шығады. Келе жатса, алдынан бір отау көрініпті. Үйге кіріп келсе, бір қыз отыр. Аузы түйреуішпен түйреулі, аяғы кісендеулі. Кісенін ағытып, түйреуішін алып: «Неғып отырған қызсың?» — десе, «Менің күнімді сұрама! Ағайым аяғыма «ел қыдырып кетесің» деп, кісен сап, «тамақты мен жоқта ішесің» деп, аузымды түйреп кетті», — дейді қыз.

— Ағаң қайда?

— Аң аулауға кетті.

Қараүйрек қыздың аузынан түйреуішін, аяғынан кісенін алып тастайды. Екеуі тамақтанады. Кеш те болады. Ағасы да келеді. Сонда ағасы: «Әуілдеген итім, өз басыңа көрінсін, шаңқылдаған құсым, өз басыңа көрінсін, бұнда Қараүйрек бар ма, неге шулап кеттіңдер?» — дейді. Қараүйрек естіп өзі шыға келеді. Қыздың ағасы:

— Атыспақ керек пе, жоқ алыспақ керек пе? — дейді.

— Атыспақ арғы атамнан қалған, алыспақ керек. Екеуі үш күн, үш түн алысады. Ақырында Қараүйрек жеңіп, өлтіреді. Қараүйрек бұл үйде де үш күн демалады. Сонда қыз:

— Менің енді бір ағайым бар, сол ағайымды жеңсеңіз, сонда жарайсыз. Ондағы тәтемнің күні менің күнімнен де жаман, — дейді.

— Ол қай жақта?

— Ол күнбатыста, осыдан қырық күншілік жерде тұрады. Осыдан біраз жол жүрсеңіз, алдыңыздан аңшы ағайым кездеседі. Таудай дәу тазысы бар, сол саған алдымен шабуыл жасайды. Оны жеңбесең, өлесің. Ағайым өзі батыр. Ағамның бір әдеті бар, бір ұйықтаса, жеті күн ұйықтайды. Ұйқысына дәл келсең, жақсы болар еді, — дейді.

Қараүйрек қыздың ағасының сауыт-сайманын киіп, атын мініп, жолға шығады. Айтқандай-ақ, біраз жер жүрген соң, алдынан тазының даусы

шығады. Тазы сауыт пен атты танып еркелей бергенде, Қараүйрек қапсынын тауып шауып тастайды. Таудай тазыны өлтіріп, Қараүйрек ақ отауға келсе, қыздың ағасы ұйықтап жатыр екен. Қарындасының аузын түйреп, қолын артына қайырып керегеге байлап қойыпты. Барып қызды босатып, жөн сұраса, бұрынғы қыздардағыдай жағдай екен. Ағасының ұйықтағанына бір күн өтіп, екінші күн болған екен.

— Ағайымды өлтірсең, осы мезгілде өлтір! — дейді қыз.

— Адамды ұйықтап жатқанда өлтіру батырлыққа жатпайды. Өзі де күшін білмей, өлген батырдың да күшін сынамай, адам арманда қалады, — деп, оған Қараүйрек көнбейді. Қыз қанша жылап айтса да, Қараүйрек бір бетінен қайтпай, тамақтанып алып, батырдың оянуын күтіп, үйде жата береді.

Қыз сонда Қараүйрекке: «Менің ағайым найзаласқанға шорқақ, сол есіңде болсын», — дейді.

Күні бітіп батыр оянса, үйінде бөтен біреу отыр. Тазысы жоқ. Сонда тұғырда отырған құсы шаңқылдайды. «Шаңқылдаған құсым, өз басыңа көрінсін, бұл Қараүйректен сау ма?!» — деп, батыр орнынан атып тұрады.

— Иә, Қараүйрек — мен, — дейді.

— Саған алыспақ керек пе, атыспақ керек пе?

— Атыспақ арғы атамның төрінде қалған, алыспақ бергі атаммен бірге кеткен, найзаласпақ керек.

Екеуі найзаласа кетеді. Күн жарым дегенде, жерге тізеден кіргенде Қараүйрек батырды шаншып өлтіреді.

Үш ақ отауды бір жерге тіктіріп, кіші қызды өзі алып, сол үш мырзаның мал-жайына ие болады. Елін бір-екі жылдан кейін көшіріп алып келе жатып, Қараүйрек қыздарға: «Сендерге аш-жалаңаш адам көрінсе, қалдырмай ала келіңдер!» — дейді. Сөйтіп өзі басқа жолмен жүреді. Қараүйрек келе жатса, алдында мойны ырғайдай, биті торғайдай, үстібасы алба-жұлба екі ағасы аштан талып жатыр екен. Бауырларын көргенде, Қараүйректің есі қалмайды. Азын-аулақ тамақтандырып кетіп, көшін қуып жетіп тоқтатады. Үш отауды тіккізіп, тамақ жасатқызады. Өзі екі атқа ер-тоқым салып, бауырларын мінгізіп алып келеді. Екі ағасын қырық-қырықтан сексен биенің сүтімен жуындырып, киіндіріп, үлкен ағасына үлкен қызды, ортаншы ағасына ортаншы қызды қосады. Үлкен ағасына жылқы мен түйе түлігін, ортаншы ағасына сиыр мен ешкі түлігін беріп, өзі қой түлігін алып, еліне барады.

Ағалары Қараүйрекке арамдық ойлайды. «Өзі сұлу қызды алды, бізге нашар қызды берді», — деп, Қараүйректі өлтірмек болады. Былайша өлтіре алмайтын болған соң, ақыл қорытады. Бұл істі үйдегі әйелдері білмейді.

Бір күндері ақылдасып, түн ортасы болғанда, Қараүйректің үйіне келіп, есігіне көлденең шалғы байлап қояды да, қора жаққа барып айғай салады. Ұйқыда жатқан батыр «қойға бөрі шапқан екен» деп, далаға жүгіре

шықса, тізесінен шалғы қырқып түседі. Екі ағасы оны түнде көзі көріп, үйлеріне қайтады. Қараүйректің әйелі ерінің жағдайын біліп, шалғыны есігінен шешіп алып тастайды. Киіз күйдіріп, қанды тоқтатып, аяғын киізбен қаптап береді. Ақылды әйел бір нәрсені білгендей, ерінің астынан жер ошақ қазып, киізге орап азық, тамақ, сауыт-сайман тығып, үстіне құрым киіз салып отырғызады. Астында не бар екенін Қараүйрек те білмейді. Сонымен таң атады, күн шығады. Ағалары келіп, інісінің зарлағанына, келінінің жылағанына қарамай үйін жықтырып, көшіріп әкетеді. Інісін жұртқа тастап, екі ағасы елден ұзап кетеді. Қараүйрек ашығып, зарлап жылап отырса, аяғының бір жеріне астындағы киіз жабысып қалыпты. Орнынан қозғалып, киіздің астын сипаласа, жер ошақ, қолына сауыт-сайман, қант, шай, пісірген ет, май ілінеді. Сөйтіп өлмес күнін көріп отырғанда, Қараүйректің қасына аяқ жолын ғана көретін кембағал бір адам келеді. Екеуі дос болып, сыр айтысады. Сонда аяқ жолын ғана көретін адам жағдайды айта келе: «Менің өнерім сол, жаудан қашқанда артымды тұман, алдымды ашық қып құтылып кетем», — депті. Сонымен бұл екеуі аң атып жеп күнелтіп жүрсе, екі аяғына қазандай-қазандай тас байлап келе жатқан бір адамға кез болыпты. Ол Желаяқ екен. Бұларға Желаяқ та дос болады. Желаяқ тасын тастап, Қараүйректі арқалап жүреді. Құс атып жеп күнелтеді. Бір күні бұлар аң аулап жүріп, бір ауылдың үстінен шығады. Үшеуі ауылға келсе, күйеуге кеткелі жатқан қыздың тойының үстінен шығады. Бұлар да тойға барады. Бірін-бірі арқалап жатқанды көзі көріп, бөлек үйге апарып, табақ тартады. Үшеуі бір ойға келеді. «Біз табыс табамыз, бірақ үшеуара бізге тамақ істеп беретін біреу керек қой, тойда жүрген бір қызды алып кетелік», — деп ойлайды. Ойларын қорыта келіп, ретін тауып, Сарқыт деген бір қыз баланы алып қашады. Оны көріп қалған халық қуады, Желаяқ екі адамды көз көрмейтін жерге алып кетеді. Қуғыншылар артындағы көзі кем адамды қуып жетіп қалыпты. Сонда ол артына қарап жел үрлеп жібергенде, алды ашық, арты тұман болып кетеді. Қуғыншылар адасып қалады. Сонымен үшеуі суы мол, жайлы жерге барып, үй болып қоныстаныпты. Күндердің күнінде Қараүйрек аң атып қайтып келе жатса, бір мысық кез болыпты. Үйдегі қарындасым Сарқыт ермек етсін деп, мысықты ала келіпті. Аңға кетіп бара жатқанда Қараүйрек қант пен тоқаш тастап кетеді екен. Оны Сарқыт пен мысық екеуі бөліп жейді екен. Бір күні қант пен бауырсақ тастап, мысықты шақырса, мысық келмеді. Сарқыт өзі жеп қойыпты. Мысық келіп: «Тәте, неге шақырдың?» — деп сұраса: «Жаңа мен үй жинап жүріп, қант пен тоқаш тауып алып ем, сен келмеген соң өзім жеп қойдым», — дейді Сарқыт. Оған өкпелеген мысық: «Ендеше, мен отты өшіремін», — деп, құйрығын шелектегі суға малып алып, суды отқа шашып-шашып жібереді. От сөніп қалған соң, Сарқыт ағаларын іздеп, шақпақ алуға келе жатса, көз ұшында жылтылдаған бір от көрінеді. От алу үшін барса, жеті басты жалмауыз кемпір екен. Жылтылдаған соның көзі екен.

— Е, қарағым, жақсы келдің, неғып жүрсің? — дейді кемпір.

— Шешеке, от алайын деп келіп ем, — дейді қыз.

— Бармағыңнан бір сорғызсаң, от беремін, болмаса, от бермеймін. Оған көнбесең, өзіңді жұтып та қоямын, — дейді кемпір. Сарқыттың қорыққанынан есі шығып кетеді.

— Жарайды, шешеке! — деп, Сарқыт бармағын сорғызады. Кемпір сорғанда қыз бозарып кетеді. Кемпір қыздың етегіне тұз бен күл түйіп береді. «Үйіңе барғанша, «шеңгел бол», «от бол» деп бар, артыңа қарама, Қараүйрекке айтпасаң, от болады. Егер Қараүйрекке айтсаң, жұтамын», — дейді де, жалмауыз қала береді. Айтқанын орындап барса, жолдың екі жағасы ит өтпес шеңгел болып, күлі от болыпты. Қыз отты жағып уайымдап отырғанда, ағалары келеді. Үйдің алдындағы жолдың шеңгел болып, Сарқыттың бозарғанын көріп, ағалары сұраса, жалмауыздан қорқып айтпайды. Ағалары аңға кеткенде жалмауыз келіп:

— Желаяқ астында, сауыт-сайманы үстінде, алмас қылышы қолында үйде Қараүйрек бар ма екен, жоқ па екен? — дейді.

— Желаяғы астында жоқ, сауыт-сайманы үстінде жоқ, алмас қылышы жоқ, Қараүйрек үйде жоқ, — дейді қыз. Жалмауыз кемпір күнде келіп қолын сорып тұрады. Үш-төрт күнде Сарқыттың саудырап сүйегі ғана қалады. Енді ағаларына айтпасқа болмайды. Бастан-аяқ ағаларына болған оқиғаны айтады. Ағалары үйдің есігінен бастап ошаққа дейін ор қазып, үстіне шыбық салып, киіз жауып қояды. Қызға: «Жалмауыз кемпір келгенде, сөзін айтып болған соң, мына сөзді айт: «Желаяғы астында жоқ, сауыт-сайманы үстінде жоқ, алмас қылышы қолында жоқ, Қараүйрек үйде жоқ, келсең кел, келмесең өзің біл, жалмауыз», — де», — дейді. Сөйтіп өздері көрінбейтін бір жерде дайындалып отырады. Жалмауыз кемпір келіп, бұрынғы айтатын сөзін айтып болған соң, Сарқыт та сөзін айтып: «Келсең кел, келмесең өзің біл, жалмауыз», — дейді. Кемпір ашуланып, қызға ұмтыла бергенде, орға гүп етіп түсіп кетеді. Аңдып тұрған ағалары келіп, басын әрі өтіп бір кеседі, бері өтіп бір кеседі. Бір басы қалғанда, жалмауыз жалынады: «Мені өлтірме, не тілесең, соған жеткізейін», — дейді.

Сонда, оны да көрейін деп, ордан шығарып алып: «Көзі кемге көз сал, аяғы жоққа аяқ сал, Желаяқты желаяқ емес ет, Сарқытты сұлу ет», — дейді. «Бәрін орындаймын, өлтірмесең болды!» — дейді кемпір. Сонымен, жалмауыз Сарқытты жұтады. «Құс!» — дейді, құсады. Сұлу қыз болып түседі. Көзі кемді жұтады. «Құс!» — дейді, құспайды, бірнеше рет айтқанда, зорға құсады. Сұлу көзді болып түседі. Енді Желаяқты жұтады. Бұны да зорға құсады. Қараүйрек айтады: «Мені құспауы мүмкін, сендер басын алып, сүйегін қалдырмай шағып мені тауып алыңдар», — дейді де, өзін жұтқызады. Серіктері: «Құс! — дейді, құспайды. «Құс!» — дейді, құспайды. Сонан соң жалмауыздың басын кесіп, бақайшағын шақса, Қараүйрек малдасты құрып, садақтың оғын жонып отыр екен. Жоғалған досын тауып алып, серіктері қатты қуанады. Бұлар енді

жалмауызды өлтіріп, қазынасын теңдей бөлісіп алады. Барлығы ақылдасып, Сарқытты еліне алып барып, әке-шешесіне тапсырады. Ата-анасы қатты қуанып, қызын сүйген жары — көзді болған жігітке қосады. Жігіт ақылды болып, сол елді билейді. Сол елден үй алып, ат мініп, жолдастарымен қоштасып, желаяқ емес болған жігітті қасына алып, Қараүйрек өзінің сүйген жарын іздейді. Жерден жерді аралап, елден елді аралап жүрсе, үш бірдей ақ отау қатар тігілген үйлерді көреді. Келсе, өз үйлері. «Мейман қонақпыз!» деп келген екі адамды ағалары танымай қалады. Өзінің әйелі ғана таниды, бірақ басқаларға сыр білдірмейді. Мейман қонақтарын сыйлағаннан кейін сөзді сөз қыздырып, екі ағасы батырлығын айтады. Сонда Қараүйрек былай дейді:

— Егер батыр болсаңдар, қазір әуеге садақ атысайық, — дейді. Батырлар келісіп, әуеге садақ атысады. Барлығы бір мезгілде садақ атса, екі ағасының оғы өздерінің үстінен түсіп, оның үстіне қасындағы інісінің оғы мен Желаяқтың оғы қоса тиіп, қара ниеттер қаза тауыпты. Үш қыздың кенжесі сүйгенімен жылап көрісіпті. Желаяққа ортаншы апасын қосыпты. Үлкен апасы өзінің сүйгеніне тиіпті. Сол елге Қараүйрек әділетті патша болыпты. Бажасы Желаяқты уәзір қылып алыпты. Сөйтіп мұрат-мақсаттарына жетіпті.

Аламан мен Жоламан

Бұрынғы уақытта ерлігі жаннан асқан Аламан деген бір мерген болыпты. Сұлулығы хор қызындай Қарашаш атты әйелі болыпты. Қарашаш атануы, шашы алтындай жалтырап, беліне түседі екен. Бір ұл, бір қызы болыпты. Бір күні Аламан аңға шығып кетсе, әйелі мен қызы суға түседі. Сонда бір шашы үзіліп суға кетеді. «Шашын аламын», — дейді, ала алмайды, қайтып үйіне келеді. Бұл мұнымен тұрсын. Енді ханнан сөйлейік.

Бір күні Сұлтан хан уәзірін ертіп, қырық жігітімен тауға шығып келе жатса, алыстан жылтыраған бір нәрсені көреді. Олар: «Бұл қалай, айдаһар ма, жылан ба?» — деп, дағдарып тұрады да: «Не де болса, баралық», — дейді. Келсе, бір шаш бір үлкен қоғаға бөгеліп қалыпты да, үстінен су сарылдап асып төгіліп жатыр екен. Хан шашты көріп, бұл шаштың иесіне ғашық болады. Хан үйіне келеді. Бүкіл қоластындағы білімпаздарын жиып: «Шаштың иесін табыңдар!» — деп бұйырады. Олар таба алмайды.

Хан ақырында: «Егер де осыны кімде-кім таба алатын болса, не тілесе де риза қыламын!» — деп, еліне жар салады. Бірнеше күннен кейін ханға бір жалмауыз кемпір келеді.

— Егер де менің қалағанымды берсең, оны әкеліп беруім оңай. Ол — тауда тұратын Аламан деген мергеннің Қарашаш атты қатыны, — дейді.

Хан мұны естіп:

— Ой, шеше! Сізді қалай десеңіз де, риза етемін, маған әкеп бер! — дейді.

Кемпір әкеп беруге уәде етіп жол тартады. Еш нәрсе білмеген адам болып, Аламаның жүретін жолына келіп жатады. Аламан келе жатса, жолда жатқан кемпірді көреді.

— Е, шеше, не істеп жатырсыз? — дейді.

Кемпір:

— Мен жетім-жесір бишарамын. Осы жерге келіп едім, енді жүруге дәрменім болмай жатырмын, шырағым! — дейді.

Аламан:

— Маған шеше боласыз ба? — дейді.

Кемпір:

— Болайын, шырағым! — дейді.

Аламан кемпірді мінгестіру үшін қасына келейін десе, аты осқырып жолатпайды. Аты кемпірдің дұшпан екенін біледі.

Аламан:

— Е, жығылғыр, осы жаман кемпір не қылушы еді! — деп, атын ұрып-ұрып, кемпірді мінгестіріп алады.

Аламан сол бойымен үйіне келеді.

Аламанның ойында еш нәрсе жоқ, күнде аңға шығып кетеді. Ол кеткен уақытта әлгі кемпір әйелін азғыра бастайды.

Кемпір:

— Қарағым, Қарашаш-ау! Тұрмысың болса, мынау екен. Байың күндіз кетсе, түнде келеді, ешбір көрген қызғылықты игілігің жоқ. Егер де менің айтқанымды істесең, өмірің қызғылықпен өтетін жақсы күйеу тауып берер едім, — дейді.

Қарашаш:

— Ол — кім? Егер де жақсы болса, айтқаныңызды істейін, — дейді.

— Ей, шырағым, не дегенің? Мен жаманшылық істеуші ме едім? — дейді.

Қарашаш:

— Айтшы, шеше! — дейді.

Кемпір:

— Ол — әділдігі халықтан асқан Сұлтан деген хан, — дейді.

Қарашаш тимекші болады. Кемпір:

— Қарағым, байыңды қайтіп ұстап аламыз? — дейді.

Қарашаш:

— Оны қандай арқанмен байласа да, үзіп кете береді. Үйде бір жібек арқан бар. Ол өзі бір ұйықтаса, қырық күн ұйықтайды. Сол уақытта байлап алуға болады, — дейді.

Кемпір мұны естіп, қуана-қуана ханға хабар береді. Хан мұны естігеннен кейін бір түнде барлық әскерімен келіп, ұйықтап жатқан жерінде Аламанды байлап алады.

Аламан босағада байлаулы жатады. Хан күндіз-түні Қарашашпен ойнап жата береді. Бір уақытта байлаулы тұрған Аламанның қасына қызы келіп қалады.

— Балам-ай, шырағым, мені танымсың? Қандай күйде жатырмын? Шешеңнің сандығында бір алмас кездік бар. Шешеңе барып: «Әкемнің кездігін бер!» — деп, жылай берсең, алып береді, — дейді.

Ақылға келмеген жас сәби бұған түсінбейді.

— Сен менің әкем емессің, менің әкем шешемнің қойнында жатыр, — дейді де, кете барады.

Аламан одан бетер қапаланып қала береді. Біраздан соң қасына ойнап жүріп ұл баласы Жоламан келіп қалады.

Аламан:

— Қарағым, Жоламан, бері келші! Мен қай күйде жатырмын? — дейді. Баласы қасына келеді.

— Шешеңнің сандығында бір алмас кездік бар. Барып: «Әкемнің кездігін бер!» — деп, жылай берсең, береді, — дейді. Бала шешесіне барып: «Әкемнің кездігін бер», — деп, жылай берген соң, хан: «Мына жүгермекті құртшы, не қылар дейсің?» — дейді. Шешесі кездігін әпереді. Бала кездікті әкесіне әкеледі. Аламан арқан-шынжырларды көрсетіп: «Мынаны кес!» — дейді. Бала кеседі. Аламан босанады да, ханды жатқан жерінде өлтіреді. Ханның әскерін қырып салады.

Сөйтіп қатыны мен қызын қосақтап, атасының үйіне айдап апарып, оған қызының істеген ісін бастан-аяқ айтады. Атасы мұны есіткеннен кейін ашуланып, өз қызы мен жиен қызын қоса өлтіреді. Аламанға үйіндегі кіші қызын некелеп қосады.

Жоламан ержетеді. Баяғы жалмауыз кемпір патшаның өлгенін біліп, Аламанның үстіндегі қаруларын жинап алу үшін, сиқырлықпен Аламан мен Жоламанның жүретін жеріне жас бала болып жатады. Аламан мен Жоламан аңнан келе жатса, жолда шырылдап жылап жатқан жас баланы көреді. Баланы алайын десе, аты осқырып жоламайды. Аламан: «Ой, жамандатқыр, осы жас бала не қылушы еді?» — деп, жүгіртіп барып баланы іліп алады.

Әлден уақыттан кейін қараса, үстіндегі саймандары мен мінгескен бала жоқ. «Бұл қалай?!» — деп, тып-типыл болып, үйіне келеді. Көрген уақиғаларының бәрін әйеліне баян етеді. Ол білімпаз адам екен, ойланып отырады да, жалмауыз кемпір екенін сезеді. «Ол жалмауыз кемпір екен. Не де болса, сен қаш, бұл жерде болсаң, ол қоймайды», — дейді.

Аламан қашу үшін таудан бір қоржын жыңғыл кесіп алады. Сөйтіп қаша бастайды, атының басқан жері қазған ошақтай болып қалады екен. Бірнеше күннен кейін Аламанның үйіне желмая мінген жалмауыз кемпір келіп: «Аламан қайда?» — деп сұрайды. «Аламан қашып кетті!» — деп жауап береді әйелі. Жалмауыз кемпір баяғы ойылып қалған ізбен қуа жөнеледі. Аламан аты шаршаған кезде жыңғылдан беріп қояды екен, ол жануар соны қыршылдатып шайнап, шаба береді. Жалмауыз кемпір күншілік жерден демімен тартып ұзатпайды екен.

Бір күні түнде Аламанның әйелі түс көреді, түсінде кемпірдің жақындағанын сезеді. Ұйқысынан шошып оянып, баласына: «Әкеңе жалмауыз

кемпір жетейін деп қалыпты, ертерек атыңа мін де, мына жүзікті алып бар. Жақындаған кезде лақтырып жіберсең, әкең қағып алады. Сол кезде астындағы аты күншілік жерге жетеді. Сонда жалмауыз кемпір ақырады. Сол уақытта маңдайындағы жалғыз көзін басып қал және екі рет атпа!» — дейді.

Оның жүзігі ғажайып жүзік екен. Бала жүзікті алып, әкесінің кеткен жағына қарай жүреді. Бірнеше күннен кейін әкесінің қашып жүрген жеріне келеді. Келсе, әкесі бұрынғыдай емес, азып-тозған екен. Жүзікті әкесіне лақтырып жібереді, әкесі қағып алады. Сонда астындағы аты күншілік жерге жетеді.

Кемпір баланы көріп, артына қарап сұрланып, ақырған кезде, бала қақ маңдайындағы жалғыз көзден басып қалады. Кемпір өкіре құлайды. Құлап жатып: «Батыр болсаң, тағы да ат!» — дейді. Бала атпайды. Себебі, егер екі рет атса, жалмауыз кемпір қайтадан тіріліп кетеді екен.

Кемпір өледі. Бір мезгілде әкесі келеді. Келсе, жалмауыз кемпір өлген. Аламан қуанғанынан баласымен жылап көріседі. Сөйтіп олар ауылына келіп, мұрат-мақсатына жеткен екен.

Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталпаң

Ертеде бір Алихан деген өзбек болған екен. Оның әйелі, жалғыз қызы бар екен. Баласы да қолындағы сол біреу-ақ, барлығы үшеу екен. Өзі кедей, жалғыз атымен қос айдап жүреді екен. Жаз болса, қыс болса, сол жалғыз торы шолақ атының күшімен еңбек етіп, күн көріп жүріпті. Бір күні қос айдап жүрген Алиханның қарны ашып, үйіне келейін десе, алыс. Онан соң сол күні кеш түсісімен үйіне келіп, әйеліне мынаны айтады:

— Қатын, сен ертеңгісін мен қосқа жүрерде бір қап нан, бір шанаш⁶² көже дайындап беріп жібермесең, менің күндіз қоста жүріп қарным ашты. Үйге келейін десем, үй алыс болды, атты шығарып, атпен шауып келіп тамақтануға атымның өзі шаршап тұр ғой деп аядым. Өзіме қарап, атымды аядым, — деп, әйеліне осыны айтады. Түнде әйелі күйеуінің айтқанын ұмытып кеткен екен, ертесіне баяғы еркегі: «Кешегі менің тамақтарымды бер», — деп сұрағанда, әйелінің есіне сонда түседі де: «Мақұл, мен пісірейін де, қыздан беріп жіберейін», — дейді әйелі. «Онда мейлі, қыздан көтертіп жіберсең, жібер!» — дейді күйеуі.

Сонан соң: «Қызың мені қайдан табады, мен одан да бір етек жоңқаны алып, жеткенше бірден әр жерге тастап отырармын, сол жоңқаның түскен жерімен жүріп мені тауып алсын», — деп кетеді қыздың әкесі. Сонымен әкесі жұмысына кетеді. Әйелі нанын, көжесін дайындап пісіре береді. Артынан көжені пісіріп, нанын жапқан соң, қыздың шешесі қызына нанын салып, меске көже құйып, баяғы жоңқа түскен жерді көрсетіп жібереді. Сонымен қыз жолда келе жатса, бір үлкен аюдың ініне келіп

⁶² Шанаш — ешкі терісінен істелген торсық.

жолығады. Қыз ең алғашта ненің не екенін білмейді. Демалып отырып, үңірейген іннің аузына келіп қараса, ар жағы қап-қараңғы, адам қорқатын жер екен. Қашып кетпек болып, жылдамырақ қаша жөнелейін деп ұмтылғанда, іннен бір аю шыға келіп, қызды ұстай алып, ініне алып кіріп кетеді.

Аюекең өзіне әйел етіп қызды меншіктеп алады. Қыз күндіз далаға шыға алмайды. Шыға алмасын деп, іннің аузын таспен бастырып кетеді де, түнде өзі келіп жатады. Қызға қайғы туды, ұсталғаннан екі-үш күндей жылап отырып, бір жапырақ нанды зорға жейтін болып жүрді. Сонымен әке-шешесі қызын сол күні қарап таба алмаған. Қызды аю ұстап алғанын әке-шешесі білмейді. Қыз аюдың қолына баруына көп жылдар өткен, қыз қорлықты көріп, аюдың інінде жарық көрмей жата берген. Бір жылдарда қыз жүкті болып, бір бала табады. Қыздың бақытына бала күндіз аю інінде жоқ кезде туады. Қыз ол баланың қасына бірге төсекке жатпайды. Артынан баланың атын Аюалпаң қояды. Мұның әкесі аю, соған сәйкес аты Алпаң болсын деген ойы тура болып шықты. Бала туған соң, көп ұзамай балаға тіл бітті. Шешесі күндіз інде отырғанда былай деп сөз сұрады, баланың жасы бірге келген кез еді. Сонда шешесіне:

— Шеше, менің көзім қандай, үйлерің қараңғы, мен түк көрмеймін, біздің үйіміз осындай қараңғы болатын ба еді? — деп шешесінен сұрайды Аюалпаң. Шешесі мынандай жауап береді:

— Біздің үй мұндай болмайды, бұл — аюдың үйі, мен Алихан өзбектің қызы едім. Жиырмадан асқан кезде әкеме тамақ әкетіп бара жатып, осы аюдың ініне кез келдім. Мені інінің аузына келе бергенде ұстап алды, сонымен аюға мүсәпір болып отырмын, қарағым. Енді менің бақытыма, жарығым, сен тудың. Сен үлкейіп жетсең, осы аюдан құтылсақ, әке-шешеме барар едім. Міне, мен үйден шыққалы үш жылдан асып бара жатыр, — деп, баласы Аюалпаңның сұрауына жауап қайтарды. Шешесінің сөзін естігеннен кейін Аюалпаң:

— Ендеше шығайық, есікті мен ашайын! — деп, іннің аузындағы үлкен қазандай тасты теуіп жібергенде, тас бұрынғы жатқан орнынан қозғалып, есік ашылған екен. Артынан шешесіне:

— Кәне, жүрейік өз үйімізге! — деп, шешесін жетектей бастайды. Шешесі баласы кішкентай болған соң, сенбей, аю өлтіріп қояды деп шықпайды. Балаға «далаға шықпа» деп айтқан екен, оған да болмай, бала шешесін далаға жетектеп шығады. Екеуі далаға шықса, далада ештеме жоқ, жатқан қу дала, жерде бір төбе шошайып тұр. Басқа ызындап ұшқан шыбын естілмейді. Жан жоқ. Бір жолмен қол ұстасып бір сайға келген жерде аю алдынан қарсы шығыпты. Бала шешесін қалқасына ұстап, аюға қарап тұра қалған екен, аю балаға тұра жүгіріп келіп ұстаса түседі. Бала сондай күшті, доп-домалақ, сол кішкентай бір жастағы уақтысында жиырма бестегі жігіттей еді. Аюға қарсы тұрып, шешесін қойып, өзі алысып, жағаласып жүр екен дейді. Біраздан соң, баланың белі майысып жығылмақ болғанда, даладағы бір тышқан қазған іннің үстін аю басып

кеткен екен. Күшпен алысып жүргенде әлсіреп, баладан бұрын аяғын тығып алып, жалп етіп жығылыпты. «Әу, дәу перім, жығылдың ғой», — депті де, бала аюдың басын қолымен бұрап жұлып алып, терісін сыпырып алып, шешесімен екеуі үйге қайтыпты. Жолмен жүріп келе жатып, әкешешесін қыздың өзі бір жаққа көшкен шығар деп ойлады. Далада келе жатқан бір адамнан әкесі Алиханның үйін, үйінің жөнін сұрап алды. Ол кісі көшелерін үйіне дейін айтып берді. Сонымен екеуі қыздың бұрынғы өз үйіне келеді. Төркініне келсе, әке-шешесі танымай қалады. Отырып, жөн сұраса кеткенде, баяғы жоғалған қызы болады. Шешесі қыз үйіне келгеннен таныған болатын. Әкесі мен шешесі жөнін айтқан соң, танып, құшақ жайып көрісіп, әбден сағынған қызын көреді. Оның баласы Аюалпаңмен танысып, бетінен сүйеді. Көпке шейін у-шу болып жатқан соң ел жиналады. Артынан той жасаған екен. Сонымен бір баласын екі бала ғып тауып алған. Бала балалармен ойнап жүріп, қарсы тұрғандарын күш көрсетіп өлтіре берсе керек. Ол үшін әкесі құн тартатын болып жүріпті. Аюалпаң әкесінен әбден ұят болып жүргенін біледі. Сонан соң бір күні әкесінен:

— Әке, менің сізге көп пайдам жоқ. Мен өлмесем, сіздермен көрісермін, маған осындай кезде батаңды бергін, мен өзім сияқты дәуді тауып алайын, сонан соң теңіммен бірге күн көрейін, — деп сұрайды. Сонан соң әкесі батасын береді. Баласы әке-шешесімен, өз шешесімен қоштасып, даланы кезіп кете береді. Бала жалғыз өзі бір таудың қуысына келіп қараса, таулар бір-бірімен соғысып жатыр дейді. Әлгі таудың дәл қасына келіп:

— Ау, достым, мұнда кім бар? — деп Аюалпаң айғайлады. Сонда бір таудың ішінен өзі сияқты бір дәу шыға келгенде: «Енді сізге күресу керек пе? Жоқ болмаса соғысу керек пе?» — деген сөзді айтады Аюалпаң. Ана дәу: «Мен күресем!» — дейді. Сонан соң екеуі күресе кетіп, ақыры Аюалпаң жығады. Сонан соң: «Енді екеуміз Құдай қосқан дос болалық!» — деп, екеуі дос болады. Сонымен Аюалпаң, Таудыталпаң боп екеуі ермектесіп келе жатса, алдарынан бір үлкен дәу кездеседі. Онда қараса, бір теңіздің суы екінші теңізге атылып, бірімен бірі соғысып жатқандай болып жатыр екен. Оны екеуі көріп: «Мұнда кім бар?» — деп айғайлады. Онан: «Судысалпаң!» — деп, үлкен дариядағы судың астынан біреу шыға келді дейді. «Ал, ендеше, күресейік», — дейді. «Мақұл, күрессек, күресейік!» — деп, Аюалпаңмен күресе кеткенде, Таудыталпаң құсатып оны да жығады. Аюалпаң: «Ал, ендеше, үшеуміз Құдай қосқан дос болайық», — дейді. «Мақұл, болсақ, болайық», — деп, үшеуі жолмен жүріп, бір үлкен өзенге келеді. Сөйтсе, онда үстін темірмен жапқан бір ағаш үй тұр екен дейді. Ол үйде бір адам жоқ дейді. Қорада жүз өгіз байлаулы тұр екен, ол өгіздің алдында жем-шөп салатын ат ақыры бар екен дейді. Оның ішінде өгіздерге салған шөбі, жемі бар екен. Бірін жеп болса, астынан екіншісі шығады дейді. Барлық үйден бір адам таба алмайды, жүз өгізден басқа қыбыр еткен жоқ. Сонан соң: «Үшеуміз осы үйді мекен

етіп тұралық, ақыры бізден басқа бұл үйге бір де қараушы табылмады ғой», — деп, үшеуі сол үйді мекен етіп тұрады. Біреуі күндіз үйде қалады, екі жолдасы таудан аң аулап күнелтеді. Судысалпаң бірінші күні ең алдымен үйде қалып, тамақ дайындайды. Судысалпаң үш өгізді сойып, үш қазанға пісіріп отырады. Бір адам келіп, сырттан: «Есігіңді аш!» — дейді. Судысалпаң:

— Жоқ, ашпаймын, керек болса, өзің ашып алғын! Үйге келген кісіге есік ашып бермейді, — деп жауап қайтарады. Сонда сыртта тұрған адам: «Ашпайсың ба?» — дейді. Сонда үйдегі Судысалпаң: «Жоқ!» — дейді.

— Ал, болмаса, өзім кірейін! — деп, есіктің босағасының астындағы табалдырықты көтеріп қойып, астынан кіріп келеді. Судысалпаң ұшып түрегеліп қараса, сақалы бес қарыс, бойы бір тұтам адам екенін көреді. Ішінен: «Ойпыр-ай, бұл қандай адам?!» — деп ойлайды. Соның арасында: «Әй, маған ана сәкінің біреуін астыма қой да, үстіне мені отырғызшы!» — дейді. Онан соң Судысалпаң:

— Жоқ, байеке, мен отырғызбаймын, өзің отыр керек етсең! — деп жауап береді. Онан соң баяғы келген адам өзі бір сәкіге бойы зорға жетіп, тырмысып шығып отырып: «Сен бағанадан бері тілімді алмап едің, енді маған қазандағы еттен әперші!» — дейді. Онан соң, Судысалпаң: «Керек болса, өзің алып же!» — деп жауап береді. Бұл Жермыстан екен. Ол жердегі адам, жан біткеннің барлығын бір-бірлеп жеп бітіп, енді қазандағы өгізді жеуге келіп жүрген екен. Судысалпаң «әпермеймін!» дегенде, ол: «Әпермесең!» — деп, бір рет «сүф!» деп үрлегенде, Судысалпаң жығылады. Ана Жермыстан қазандағы еттің бәрін жиып-теріп жеп, сорпасын ішіп, далаға шығып кеткен екен.

Судысалпаң орнынан тұрып қараса, қазанда ет те жоқ, сорпа да жоқ. Үш қазанның үшеуі де бос тұрғанын көреді. Іле-шала артынан үш өгізді сойып, етін үш қазанға салып, қайнаған кезде баяғы екі жолдасы келеді.

— Кәне, әлі күнге еттің піспепті ғой? — дегенде, баяғы келген адамын Судысалпаң жолдастарына айтпапты. «Бір жерден естіп тұрған болса, кейін мені оңдырмас», — деп, әлгіні айтпайды. Екі жолдасына: «Менің жалғыз өзімнің әлімнің келгені осы!» — депті де қойыпты Судысалпаң. Етті жеп болған соң, сол үйде үшеуі түнейді. Енді екінші күні тамақ пісіруге Таудыталпаң қалады. Сол күні тамағын пісіріп отырғанда, Таудыталпаңға тағы біреу келіп: «Аш есігіңді!» — деп, сырттан есікті ұрып айғайлайды. Таудыталпаң: «Ашып ал керек болса!» — деп, отыра береді. Аздан соң бұрынғыдай есікті көтеріп қойып, сақалы бес қарыс, бойы бір тұтам адам бейнелі біреу кіріп келеді. «Әй, қалқам балам, сәкіге шығаршы», — дейді Таудыталпаңға. Ол: «Қой, сіз кішкене бала емессіз ғой, өзіңіз шығыңыз!» — деп қояды. Онан соң өзі тырмысып сәкіге шығып алып: «Енді қазандағы етті әпер», — дейді. «Керек болса, алып жеңіз», — дейді Таудыталпаң.

— Әпермейсің бе?

— Әпермегенде не істер едің? — дейді.

— Ендеше, «сүф!» — деп, Таудыталпаңды дем салып үрлегенде, ол Судысалпаң құсап жығылмады.

— Ә, шалым, менімен ойнағың кеп жүр екен! — деп, сақалынан ұстап алып жерге бір ұрып, белағашқа салбыратып байлап қойды. Біраз уақыт өткен жоқ, баяғы аңға кеткендер келді.

— Кеше Судысалпаңның етін біреу тартып жеп кеткен екен. Міне, бүгін ет тез пісті. Бұл қалай, табыңдаршы, кім жеген? — деп, Судысалпаңнан сұрады.

— Ешкім келген жоқ, — деді Судысалпаң.

— Маған біреу келіп етімді тартып жегелі әуреледі. Мен оның әуресіне көнгенім жоқ, өзін ұстап алып, сақалынан байлап қойдым, — деді Таудыталпаң жолдастарына. Сонда жолдасы Аюалпаң: «Әй, кәне, ол кісі қайда?» — деп сұрағанда, «Әне, ана төбеңдегі белағашта салаңдап тұрған не екен, байқашы!» — деп қарай бергенде, байлаулы тұрған мыстан топ етіп жерге түсіп, қашты да кетті. Отырған үш батыр: «Оны қайда барса да ұстаймыз» — деп, тамағын жеуге отыра берді. Аздан соң үшеуі тамағын жеп болды да, далаға шығып қараса, жерге қан тамған. Сол қанның ізімен жүргенде, үйдің артында бір суы жоқ құдық бар екен. Баяғы Жермыстан сол құдыққа кеп түсіп кеткен екен. Артынан үш дәу «сен түс, мен түс» деп тұрады да, ақырында үшеуінің ішіндегі ең батыры, ең мықтысы Аюалпаң құдыққа қырық құлаш арқан байлап, ана екеуіне ұстатып, қара ағаштан кесіп алған шоқпарды беліне қыстырып түседі. Түсіп келе жатып қараса, бір үйдің төбесі көрініп тұрады дейді. Түсіп барып, сол үйдің төбесінен астына қараса, бір есік көзіне көрініпті. Әлгі есікті ашып кеп жіберсе, ар жағында алты қыз отыр екен дейді. Сол қыздардың қасына барып:

— Қалқам, неғып отырған адамсыңдар? — деп сұрайды. Сонда олар:

— Ой, адамзат келді! — деп, қуанып қалған екен. Артынан қыздардан жөн сұрағанда:

— Осы құдықтың үстіндегі жердің барлығы толған бір ел едік, — депті. — Сол елдің барлығын осы, жаңағы сіз қуып келген Жермыстан жеп бітірді. Ал енді бір-екі күннен соң бізді де жеп бітіреді. Сол неше мыңдаған елден алтауымыз-ақ қалдық, бізді де бітіреді, — депті. — Жермыстанның кеудесі бөлек тұрады. Жаны бөлек, аяқ-қолы бөлек тұрады, — деп түсіндірді дейді қыздар Аюалпаңға. «Енді бұл жермыстанның жаны қай жерде тұрады?» — дегенде: «Мына үйде үш пеш бар, сол пештің біріншісінде жаны бар, екіншісінде — кеудесі, үшіншісінде қол-аяғы бар», — деп, солай сөйлейді қыздар Аюалпаңға. Сонан соң Аюалпаң екі шоқпарын қолына алып, бірінші пешті бір қойғанда, құл-талқаны шығады. Және бір қойғанда пештің ішінде қоңыр қаз, үйрек бар екен, соны өлтіреді. «Енді өлмеген несі қалды?» — деп, пештің екінші біреуін ашып қараса, кеудесі қимылдап жатыр екен. Оны тағы шоқпармен ұрып, аяқ-қолын сындырып, өлтіріп, алты қызды беліне арқан байлап құдықтан шығарады. Шығарып болған соң: «Енді ішіндегі ең сұлуын мен өзім

аламын, ана қалған бесеуін сендерге бөліп беремін» дегенде, ана екі жолдасы Аюалпаңға: «Неге сен қыздың жақсысын өзіңе таңдап аласың да, бізге жаманын бересің?» — деп, шығармай қойыпты. Сонда Аюалпаң құдықтан шыға алмай, бір күн, бір түн жылады. Ертеңгісін құдықтың аузына бір қыз келіп:

— Әй, ағай, сіз неге жылайсыз? Олар құдықтан шығармады деп құр жасыма. Артыңыздағы үйдің ішінде, бір бұрышында, оң жақ бұрышта Жермыстанның жердің астына түсіп жүретін жолы бар. Сол жолмен бір иығыңмен сырғанай берсең, жердің астына түсесің. Көзіңді жұмдағы сырғанай бергін, — деп, қыз ақылын айтады. Сонда Аюалпаң қыздың айтқанын істеп, жолды тауып алып, құмырсқаның жолындай ізбен жорғалай береді. Біраздан соң өзі жердің астына топ етіп түскенін білмей қалады. Қараса, көп ауыл отыр екен дейді. Аюалпаң сол ауылдарға барады. Бір үйге кіріп барса, бір әйел ұршық иіріп отыр екен, бір әйел түкірігіне нан илеп отыр екен дейді. Сонан соң:

— Сіздердің суларыңыз қайда, бұларыңыз не? — деп сұрайды. Сонда әйел тұрып:

— Құдығымыздан бір айдаһар шығып, енді сол құдықтан су іше алмай отырмыз. Онан соң күніне бір қошқар, бір қыз, бір еркектен жеп тұрады. Содан қорыққанымыздан суға бармаймыз, — дейді.

— Маған мойынағашты беріңіз, мен су әкелейін! — дейді Аюалпаң. Мойынағаш пен бақырды Аюалпаңға ұстата береді. Аюалпаң құдықтан барып екі шелек су әкеп, нан илеп, тамақтанып алыпты. Ертеңіне есіктің алдында бір патша адам, бір қошқарды ұстап тұр дейді. «Бұныңыз не?» — дегенде: «Мына құдықтан айдаһар шығады, соған бергелі тұрмын», — дейді. Ол:

— Патша-еке, мен одан құтқарайын. Мені арманыма жеткізесіз бе? — дейді. «Иә, қарағым, жеткізейін, мені осы пәледен құтқар! — дейді. «Мақұл, маған бір қылыш тауып бергін. Өзің елді далаға шығармай тұрғын. Мен айдаһар құдықтан шыққанда қақ айырып жығайын!» — дейді. Сонымен Аюалпаң қылышты қолына мықты ұстап тұрды. Айдаһар ұзын ақ сырықтай болып шыға салысымен Аюалпаңды жұтты да жіберді. Есінен танып, Аюалпаң қолындағы қылышпенен айдаһардың аузынан тіліп отырып, құйрығынан бір-ақ шығады. Айдаһар өледі. Патша оған өте риза болады.

Патша:

— Егер арманың сол болса, мен қырық кез саты жасатып, сонымен сені жердің үстіне шығарайын. Әйтпесе, менің орныма патша бол, мен әкең болайын, бір қызымды берейін. Маған патша бол, бала бол, елді билеп тұр, — деді.

Оған Аюалпаң көнбеді.

— Мені жер үстіне шығарсаңыз, сол болысқаныңыз болады, — деп, Аюалпаң патшадан сұрады. Онан соң патша: «Жарайды!» — деп, жәрдем берді. Аюалпаң: «Сіз қырық кез сатыны жасап болғанша мен бір

жерге барып келейін. Мүмкін, маған өздігінен бірдеңе кездесер. Оған мініп шығатын болсам, келіп бекер әуреленбеңіз деп айтайын», — деп, бір жерге қарап жүріп кетті.

Содан Аюалпаң бір жолмен келе жатқанда «жейді-ау, жейді-ау!» деп айғай салған адам даусы сияқты бір дауыс шықты дейді. Қараса, бір ағаштың басында Самұрық деген құстың балапандары. Шешесі жердің үстіне шығып кеткенде бір құс па, бірдемелер келіп жеп кете береді екен. Сол балапан жейтін құсты Аюалпаң шоқпарымен ұрып өлтіреді. Ағаштың басына қараса, үш балапан. Келіңіз, жақсылыққа — жақсылық, бізді жейтін ажалдан алып қалдыңыз. Енді қандай арманыңыз бар? Біздің анамыз келеді, соған біз айтамыз. Біздің шешеміз қайда барсаң да, бір сәтте жеткізеді. Ол келгенше менің қанатымның астына жата тұрғын, бірақ менің шешем келгенде, аспаннан жел тұрады, қар, бұршақ, жаңбыр жауады, қатты дауыл болады, содан қорықпағын!» — деп айтады үлкені. Балапанының бірінен кейін бірі: «Бұршақ болып жауған — құмалағы, қаны — балапанымды жеп қойды ма деп келе жатқанда жылаған көзінің жасы, жел — екпіні, қар — қақырығы», — дейді. Үшінші біреуі: «Шешем келгенде: «Адамзаттың исі шығады ғой», — деп айтады. Онда сен қорықпа!» — дейді. Соның арасында айтқанның бәрі болды. Бір тұйедей құс ағашқа келіп қона кетті дейді. Соның арасында Аюалпаңды жұтып жіберіп еді, балапандары: «Таста, қақбас, таста!» — дегенде, аузынан жұтқанын артынан тастады дейді. Сонда, құс: «Сен неғып жүрген адамсың?» — деп Аюалпаңнан сұрайды. Аюалпаң:

— Мен жердің үстіне шығатын адам едім. Мен келе жатсам, сіздің балапандарыңызды бірдеңе жемек болған екен, мен көріп, оны ұрып өлтірдім. Енді мені жер бетіне шығарсаңыз екен, — деп сұрайды. Балапандарынан: «Кім Алпаңның істеген пайдасын айтады?» — дегенде, бәрі шулап, жақсылығын айтысты.

Онан соң самұрық құс: «Көкке алып ұшуға қырық құлынның етін, қырық бұзаудың месімен су алып келгін. Мен сені жер үстіне шығарайын», — дейді. Сонан соң Аюалпаң патшаға барып, жаңағы айтқан қырық құлынның етін, қырық бұзаудың месімен су алып келеді. Сонымен самұрық құс жер астындағы патшаға Аюалпаңды алып келеді. Патшамен қош айтысады. Құстың тапсырмасын орындап, үстіне мініп, аспанға көтеріліп ұшады. Азықтары таусылады. Самұрық құс дәуді алдамақшы болады. Құс көкке бес-алты құлаш қалғанда: «Енді екеуіміз де құлаймыз-ау!» — дейді. Аюалпаң: «Неге өлеміз, құламаймыз да, өлмейміз де, сізге не керек?» — дегенде: «Бір жапырақ ет керек», — дейді. Сонда Аюалпаң өзінің сан етінен қол басындай ет кесіп береді. Сонан соң құс көкке шығарып, жердің бетіне апарып тастайды дейді. Құс Аюалпаңнан:

— Сенің жаңағы берген етің ненің еті еді, соны маған айтшы? — дейді. Аюалпаң:

— Ол ет менің сан етім еді, — дейді.

— Достым-ай, жаныңды жолдасыңнан аямайды екенсің! — деп, Аюалпаңның ет кесіп алған жерін, санның кесілген орнын самұрық құс бір жалап алған екен, сонда жеген еті қайта өз орнына түскендей болып қалыпты.

— Ә, мен сені жолдастыққа қандай екен деп алдаған едім, — деп құс шынын айтқан екен.

Аюалпаң баяғы екі жолдасын тауып алып, оларды қосақтап қойып сабап, бес қызды соларға беріп, бұрынғы «алам» деген сұлу қызын өзі алыпты. Мал малданып, жан жаңданып, ал екеуін жеке бір жаққа шығарыпты. Баяғы үйде тұрған жүз өгіздің біреуі де қалмаған екен, сонан сырттан аң аулап, әйелімен күн көріп кеткен екен дейді.

Делдаш батыр

Сонау ерте заманда, жылан құйрығы келте заманда ерлі-зайыпты екі адам өтіпті. Тұрмыстары тар екен, бала дегенге зар екен. Күндердің күнінде әйел жүкті болып, басы бақырдай, көзі тостағандай батыр мүсінді ұл туыпты. Атын Делдаш қойыпты. Делдаш сегіз жасқа келгенде елін жау шауып, Делдаштың анасы да жау қолына тұтқын болып кетіпті. Шабындыға түскен малдан аяғы сынған сары ала құлын қалыпты. Делдаштың әкесі оны шөп жұлып беріп, тегештен суарып бағыпты. Арада талай жылдар өтіпті. Делдаш алысқанды алып ұратын қарулы батыр, көздегенін кетірмейтін мерген болыпты. Сары ала құлын қашса жеткізбейтін, қуса, құтқармайтын жүйрік ат болыпты. Тегешпен суарып өсіргендіктен, оны «Сарыалатегеш» деп атапты. Азамат болған, жайды ұққан Делдаш елінің намысы үшін жаудан кек алуға аттанбақ болыпты. Аттанар алдында өзі қайтып оралғанша тұрмыста қиналып қалмасын деп, әкесіне таудай отын, үйдей ет жинап, жерден қазып жеңді білектей су шығарып беріпті. Жүрерде әкесіне: «Мен осы жинап берген отыннан бір жағым, еттен бір асым, судан қанжығадай қалғанда келермін. Менің келу мөлшерімді осыдан байқарсың», — депті. Әкесі ақ батасын беріп, ақылын айтып, баласын ұзақ сапарға аттандырыпты. Делдаш Сарыалатегешіне мініп, жол азықтарын алып, қару-жарақтарын асынып жүріп кетіпті. Күн жүріпті, ай жүріпті, неше түрлі асқар таулардан асыпты. Шөл-жазиралы қалалардан да, өркештеп аққан өзен-дариялардан да өтіпті. Күндердің бірінде өзеннің жағасында сиыр бағып жүрген бір тазшаға жолығыпты. Делдаш өзінің бұл жаққа келудегі жайын айтып, жауға кеткен елінің малы мен шешесінің дерегін білетін-білмейтіндігін сұрапты. Сонда тазша:

— Сенің іздеп келген жауыңды мен анық білмеймін, бұл хандар ортасында болған оқиға ғой. Сондықтан біздің ханымыздың хабары бар ма екен? Осы жағынан астыртын сұрастырып көрсең болады, — деген жауап айтыпты.

— Мына бағып жүргенің кімнің сиыры? — деп сұрапты Делдаш.

— Осы біздің елдің ханы — Сиырлыбай патшаның сиыры, — депті тазша.

— Сен бұл сиырларды мынау үлкен өзеннен қайтып өткізіп бағып жүрсің?

— Бір үлкен қызыл қасқа сиыр бар, соған мініп алып, «бастағыштың сиыры, баста» десем, барлық сиырды бастап өткізеді.

— Осынша көп сиырды қайтіп сауасыңдар?

— «Сауылғырдың сиыры, сауыл!» десем, барлығы сауылып қалады. «Байланғырдың бұзауы, байлан!» десем, еміп болған бұзаулар байланып қалады.

— Мұнан басқа тағы қандай жұмыс істейсің?

— Осы сиырлардың иесі — ханымыздың үш қызы бар. Ханның әмірі бойынша мен солардың табанын таң атқанша бір қарын маймен сылап шығамын, кіші қызы өте ақылды, табанын сылатпайды, тек жіліншігін ұстап қана ұйықтатамын, — депті тазша.

Делдаш барлық жайды сұрап болғаннан кейін: «Осы тазша палуан көрінеді, осымен бір күш сынасып көрейін», — деп ойлапты да:

— Алыспақ керек пе, шертіспек керек пе? — депті. Тазша Делдаштың палуан екенін біле қойып:

— Шертіспек керек! — депті. Алғашқы кезекті тазшаға беріпті.

Тазша Делдашты шертіп қалған екен, Делдаш сойыл сілтем жерге барып түсіпті. Екінші кезекте Делдаш шерткен екен, тазша бір шақырым жерге барып түсіпті. Делдаш тазшаға жаңа киімдер мен алтын ділда беріп: «Сиырды мен бағайын, сен өз жұмысыңды істе!» — деп, ханның азабынан құтқарып, оны еліне қайтарыпты.

Делдаш тазшаның киімін киіп, өз киімін, қару-жарағын Сарыалатегешке бөктеріп, бір тал ту құйрығын жұлып алып қоя беріпті. Сарыалатегештің бір ерекшелігі бар екен, ол Делдаштан басқа жанды жанына жолатпайды екен. Делдаш қоя берерде алып қалған бір тал қылын тұтатса, қайдан болса да жетіп келеді екен. Делдаш тазшаның орнында ханның сиырын бағып жүріпті. Кешке таман сиырларын өзеннен өткізерде тазшаның айтқан сөздерін ұмытып қалыпты. Тазша кешіккен соң, «бұған не болды?» десіп, ханның қыздары өзен жағасына келсе, тазша сиырларды өткізе алмай тұрғанын көріпті. Сонда қыздар:

— Жаңылғырдың тазшасы, жаңылып қалғанбысың? «Бастағыштың сиыры, баста!» деп, неге айтпайсың? — депті. Тазшаның ескертіп кеткен сөздері Делдаштың есіне сонда түсіп, қызыл қасқа сиырды мініп алып: «Бастағыштың сиыры, баста!» дегенде сиырлар өзеннен өте шығыпты. Сиырды ханның қорасына айдап апарып, «Сауылғырдың сиыры, сауыл!» — десе, сиырлар түгел сауылыпты. «Байланғырдың бұзауы, байлан!» десе, еміп болған бұзаулар жай-жайына байлана қалыпты. Түн болып, ел жататын мезгіл келіпті. Хан қыздары төсектеріне жатқаннан кейін, бұрынғылары бойынша табандарын маймен сылатып, ұйықтауға әзірлене бастапты. Делдаш та тазшаның істегенін істеп жүріпті.

Делдаштың жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен бұрынғы тазша емес, бұл бір білгіш, ақылды жігіт екенін кіші қыз сезіпті. Оны әпкелеріне де білдірмейтін және аяғын уқалауды басқаларға білдірмей тоқтатып қойыпты. Делдаш та бұған мақұл болыпты.

Күндердің бірінде үш қыз серуендеп өзен жағасына барыпты. Серуендеп жүріп, өзеннің тұнық суына ар жағынан түсіп тұрған Делдаштың бейнесін кіші қыз көріп қалыпты. Көрген кезде-ақ ғашық болыпты. Делдаш күндіз далада сиыр бағып, кеш батқанда келетіндіктен, оның түр-сипатын ханның қызы көре алмай жүр екен. Делдаштың судағы сәулесін көріп қайтқаннан кейін оның дидарын көріп сөйлесу, сырласу үшін кіші қызға ой түсіпті. Кешінде сиырдан қайтқан Делдашты оңаша шақырып алып, өзінің махаббат жөніндегі арман-тілегін білдіріпті.

— Біздің ауылда жүргеніңе көп болды. Сенің елге жағымды іс-әрекеттерің, мінез-құлқың менің ой-санамды өзіңе қарай тартып баурап барады. Сені сүйемін, өмірлік жар болып өтемін, осы тілегіме қалай қарайсың? — деп сұрапты. Делдаш қыздың сөздерін естіген соң: «Менің үйден шыққан мақсатым — жауға кеткен елімнің кегін алып, ардақты анамды құтқару еді. Ханның қызын аламын деп, бір пәлеге қалып жүрсем қалай болғаны», — дейді терең ойға шомып отырып.

— Сен болсаң, тамам елді билеген ханның қызысың, мен де сені жақсы көріп-ақ жүрмін. Бірақ мен сені алған күнде әкең «түгі жоқ кедейдің баласы тазшаға тиді» деп намыстанып, екеуімізге жәбір көрсетсе қайтеміз? — депті. Сонда қыз:

— Сен қорықпа, хан бізге ешқандай жәбір көрсете алмайды. Мен өзімнің сүйген теңімді осы күнге дейін таба алмай келген едім. Енді тауып отырмын. Әкем мені өзі сықылды ханның немесе байдың баласына бермек. Бірақ мен ханның, байдың баласы деп, өз теңім болмаған ақылсыз әңгүдіктерге⁶³ қайтіп бармақпын? Мен өз сүйгенімнен, теңімнен бұл жалғанда айырылмаспын, өлсем, сенімен көрім бірге болсын, — деп, шынайы ойын айтыпты.

Делдаш қызға әбден сеніп, екеуі өзара сөз байласыпты. Сөйтіп екеуі ойнап-күліп жүріпті. Бір күні қыз Делдаштың мұнда қалай келгендігін сұрапты. Делдаш басынан өткен оқиғаларын түгел айтып беріпті. Күндіз қыз Делдаш сиыр бағатын тоғайға барып, Делдашпен бірге серуендеп қайтып жүретін болыпты. Делдаш Сарыалатегешін көрсетіп, мінгізіп, сөйіл құрғызыпты. Бұлар бірін-бірі бірер күн көрмесе, тұра алмайтын шын сүйіскен ғашықтар болыпты.

Күндердің бірінде ханның бойжеткен қыздары байға тию жайын сөз етіпті. Бәрі де осылай істеуді лайық көріпті. Бұл мақсаттарын әкесіне сездіру үшін, бұлар үш піскен алма әзірлеп, шешелері арқылы әкесіне жіберіпті. Шешелері алмаларды хан ордасына әкеліп беріпті. Алмаға қызыққан қомағай хан дереу пышақпен кесіп, жеуге ыңғайланғанда, әйелі тоқтатып алып:

⁶³ Әңгүдік — даңғой, есерсоқ, әулекі.

— Бұл алмаларды жеуден бұрын оның неліктен келгенін ойлан. Алманы үш қызың берген, не үшін саған жібергенін тауып, онан соң жесең болады, — депті. Хан ойланып:

— Қыздарым мені жақсы көріп, әкем жесін деген шығар, — депті.

— Жоқ, бойжеткен қыз піскен алмамен тең, уақыты өтіп кетсе, алма шіриді, бойжеткен қыздың да уақыты өтсе болмайды. «Біздің ерге шығатын уақытымыз жетті» дегені, — депті шешесі.

Хан еліндегі барлық жігітті жинап, қыздарының алдынан өткізбек болыпты. Қыздарына:

— Қалаған жігіттеріңді алмамен ұрып белгілеңдер! — деп тапсырыпты. Хан айтқанындай, жігіттерді жинап, қыздарының алдынан өткізіпті. Екі үлкен қызы екі байдың баласын алмамен ұрып, сүйгендіктерін білдіріпті. Бірақ бай-кедей жиналған соншама көп жұрттың ішінен кіші қызына лайық жігіт шықпапты. Хан қарауындағы елінен жан қалдырмай жинатыпты. Сонда да кіші қызының сүйгені табылмапты. Ең соңында сиыршы тазшаны шақырып әкелгенде қыз алмасын соған ұсынып, өзінің сүйгендігін білдіріпті. Кіші қызының тазшаны сүйгеніне хан қатты ашуланып: «Тамам елден адам табылмағандай, жаман тазшаны қалауы қалай?» — деп, қызын шақырып алып, елдің көзінше сұраққа алыпты. Қызды қатты ұялтып, бағытынан тайдырмақ болыпты.

— Менің осынша елімнен саған лайық бір жігіт табылмай, осы тазшаны сүйдің бе? Өзіңнің теңіңді ұмыттың ба? Ханның, байдың балаларын не үшін қаламайсың? — депті.

— Әке, еліңізде жігіт көп-ақ, бірақ мен бай балалары деп өнерсіз, ақылсыз жігіттерді қаламадым. Өзімнің көңілім тартқан осы бір тазша баланы «өз теңім» деп, етегінен ұстап отырмын. Бұл жігітті сіз «кедей тазша» деп жақтыртпағаныңызбен, мен сіздің анау күйеу балаларыңыздан әлдеқайда артық көремін. Ақылы, зеректігі жағынан болсын, олардан жоғары, бұның өнерін кейін көрерсіз! — деп жауап қайырыпты. Қаптап тұрған қалың жұрт қыздың сөзін қолдап ду көтеріпті. Хан ашуланып:

— Егер тазшаға шынымен тиетін болса, мұның отауы — ана сиыр қора, соған апарып үй ұстасын да, сонда жататын болсын екеуі, — деп, уәзірлеріне әмір етіпті. Уәзірлері бұл бұйрықты табанда орындапты.

Хан жақсы көрген үлкен екі қызына екі жерден асыл таспен, алтын күмістермен әшекейлеп сарай орнатып, дүние-мүліктерін сарайларына толтырып беріпті.

Бір күні хан ауырып қалыпты. Ханның сырқатын көрген бақсы: «Тақсыр, сіздің сырқатыңызға киіктің еті ем болады. Соны алғызып, пісіріп жесеңіз, жазыласыз!» — депті. Хан дереу уәзірлерін шақырып, киік ата алатын мергендерді тауып келуді бұйырыпты. Бұл хабарды естіген екі үлкен күйеуі: «Біз барамыз, киікті біз атып әкелеміз!» — деп сұраныпты. Жақсы көретін сыйлы күйеулерінің бұл талаптарын қабыл көріп, жүйрік аттары мен жақсы садақтарын беріпті. Кіші күйеу баласы Делдаш та баруды сұранса, оны көзге ілмей, қойға жетпес қой торыны, атқанда

арқан бойы жерге әзер жететін тозығы жеткен жаман садақты беріпті. Сөйтіп ханның үш күйеуі бірге тауға қарай аттаныпты. Үлкен күйеулері Делдашты менсінбей, бөлек кетіпті. Делдаш тауға таман жақындап бара бергенде, аттан түсіп, қой торыны қоя беріпті. Қу құйрықты отқа тұтатқан екен, өзінің жан серігі Сарыалатегеш кісінеп жетіп келіпті. Делдаш Сарыалатегешін мініп, өзінің қару-жарағын асынып, тауды аралап келіп, үш киік атып қайтыпты. Жолда киік тұрмақ тірі жәндік ұстай алмай, сымпиып келе жатқан екі мырза бажасына кезігіпті. Бұлар Делдаштың атып алған киіктерін көре салып: «Маған біреуін бер», – деп, жабыса бастапты. Сонда Делдаш:

– Бұл киікті беруден бұрын бір шартым бар, соған көнсеңдер, берейін. Шартым мынау: қолымдағы жүзігімді жамбастарыңа бір-бір басын да екеуіңе екеуін берейін. Осыған көнсеңдер, алыңдар! – депті. Хан алдына құр барудан ұялып, күйеулер бұған мақұл болыпты. Басылған жерде өшпестей із қалатын жүзік таңбасы күйеулерге басылыпты. Делдаш екеуіне екі киік беріп, жөнелтіп жіберіпті. Бұлар жүзік аттарымен өлі-тірілеріне қарамай шауып отырып, киікті ханға берген екен. Хан жазылапты.

Делдаш Сарыалатегешін қоя беріпті. Хан берген қойға жетпес қой торысын мініп алып, аяңдап, өзінің сиыр қорасына келіпті. Алған киіктің етінен әйелі әйбаттап қуырдақ қуырып, табаққа салып, ортасына сиырдың тезегін қойып, ханға әкеліп беріпті. Хан жеп отырып тәттілігінен тілін тістеп алыпты. Тезекті көріп қалып:

– Дәрілікке киік етін бер десем, сиырдың тезегін беріп масқаралауларың не? Мені ақымақ етпек болдыңдар ма? – деп, ашуланып ұрсыпты. Сонда кіші қызы асықпай да аптықпай:

– Жаққанымыз да тезек, жатқанымыз да тезек, содан түсіп кеткен ғой, – деп жауап беріпті. Бұған хан жауап таба алмапты. Сөйтіп хан сырқатынан жазылып кетіпті.

Ханның жылқысында бір биесі жылында басы алтын, құйрығы күмістей жылтыраған құлын туады екен. Жылында туған құлынын бір алып қара құс келіп, туған күні-ақ алып кетеді екен. Хан және ханның барлық уәзірлері, батырлары мен құлдары ол құлынды алып қара құстан аман сақтай алмай, жылында қапы қалып жүріпті. Биенің тағы да құлындайтын мезгілі жетіпті. Хан қарауындағы барлық мергендері мен батырларын жинап алып, келген алып қара құсты атып өлтіріп, құлынды аман сақтап қалуды бұйырыпты. Мерген, батырлары жиналып, қаракер биенің қасында аңдып тұрыпты. Бұлардың ішінде ханның мырза күйеулері мен Делдаш та бар екен. Бір мезгіл болғанда, алып қара құстың келе жатқан белгісі білініпті. Қатты дауыл соғыпты. Бір уақытта екі қанаты екі туырлықтай, басы қазаңдай бір нәрсе жерге шүйіліпті. Ханның күйеулері мен мергендері үрейі ұшып, талып қалыпты. Делдаш қана қарап отырыпты. Қара құс құлынды іліп, қайта көтеріле бергенде, көздеп отырып атып қалса, құлынның құйрығын жұлып түсіпті. Бұлар бұл жолы

құлыннан тағы айырылып қалыпты. Делдаш әлгі құлынның жұлынып түскен құйрығын үйіне апарып, әйеліне сақтатып қойыпты.

Ханның алып қара құсты ұстап, құлынды аман сақтау жөніндегі шарасы таусылған соң, жоғалған құлындарды тауып келу туралы халқына бұйрық беріпті. «Құлындарды түгел тауып келгендерге көп сыйлық беремін!» — деп жариялапты. Сонда ханның мырза күйеулері: «Біз барамыз, тауып келеміз!» — деп, рұқсат сұрапты. Кіші күйеу баласы Делдаш та: «Мен барып тауып келемін», — деп, рұқсат сұрапты. Хан күйеу балаларының тілегін қабыл көріп, жақсы көрген мырза күйеулерге өздерінің таңдаған аттары мен қару-жарақтарын беріпті. Ал Делдашқа баяғы қойға жетпес қой торыны беріпті. Бұларды ұзақ сапарларына аттандырыпты. Былай шыға бере үшеуі үш жаққа жол тартыпты. Делдаш ел сыртына шыққаннан соң қой торыны қоя беріп, қойнындағы құйрықты отқа тұтатып, Сарыалатегешін ұстап мініпті де, қару-жарағын асынып, жүре беріпті. Күн жүріпті, ай жүріпті, жылдар жүріпті, күндердің бірінде жапанда өскен бір үлкен бәйтерекке кез болыпты.

Күннің ыстығында шаршаған Делдаш көлеңкелеп біраз тынығу үшін бәйтеректің түбіне барса, бәйтеректің ұшар басында шырылдаған балапандардың даусы естіліпті. «Бұл қандай жағдай?!» — деп Делдаш таңғалыпты. Арада көп уақыт өтпей, бәйтерекке өрмелеп шығып бара жатқан айдаһарды көріпті. Жауыздыққа жаны қас Делдаш қорықпастан атынан түсіп, алмас семсерін қолына алып, жуандығы атан өгіздей, ұзындығы екі арқан бойындай келетін айдаһардың жанына барыпты. Айдаһар бәйтеректен түсіп, Делдашты жұтпақ болыпты. «Кәне, мықты болсаң, жұтшы», — деп, ұзын алмас семсерін көлденең ұстап, Делдаш қорықпай, айдаһардың аузына кіріпті. Алмас қанжар айдаһардың езуінен тіліп, құйрығынан бір-ақ шығыпты.

Бұл ғажап батырлықты көрген балапандар Делдаштан: «Сен неткен батыр жансың, бізге сырыңды түсіндірші?» — деп, жалына бастапты.

— Мен жолаушы адам едім. Мына теректі көріп, салқындап тынығу үшін әдейі бұрылғанымда мына жауыз айдаһарға тап болдым, — депті Делдаш.

— Сен теректің басына шық. Біздің қанатымыздың астында жат, әйпесе қазір біздің шешеміз келеді. Ол келгенде алдымен жел соғады. Онан кейін жаңбыр жауады. Артынан күн ашылып, өзі келеді. Шешеміз сені көрсе, қызығып жұтып қояды. Сен көрінбей жат! — депті балапандар. Делдаш балапандардың сөзіне мақұл болып, ұяға шығып жатыпты. Сол кезде алып қара құстың келетін белгісі біліне бастапты, қатты дауыл шығып, нөсерлетіп жауын жауыпты. Балапандар Делдашқа: «Сен енді көрінбей, жасырынған күйіңде жата бер. Мынау соққан дауыл — біздің шешеміздің ұшқандағы қанатының екпіні. Мынау жауған нөсер — шешеміздің: «Балаларым бар ма, жоқ па, тағы да айдаһар жұтып қойды ма?» деп жылаған көз жасы», — депті. Соның артынша алып қара құс ұшып келіп, бәйтерекке қоныпты. Алып қара құстың ауыр салмағымен бәйтерек

майысып барып қалпына келіпті. Ол ұядағы балаларына жем үшін бір әкелгенде елу киіктің етін бір-ақ көтеріп келеді екен. Алып қара құс қонып отырып жерде өліп жатқан айдаһарды көріпті де, балаларынан:

— Мына айдаһарды кім өлтірген? — деп сұрайды. Балапандары: «Біз өлтірдік!» — депті. Алып қара құс балапандарының бұл жауабына сенбепті. Қиялданып отырып адамзат иісінің барлығын сезіп қалыпты да:

— Бұл ұяда адамзаттың иісі шығады ғой, — депті.

— Сіз жұтып қоймайтын болсаңыз, біз көрсетеміз, әйтпесе көрсетпейміз, — депті балапандар.

— Болады, көрсетіңдер! — депті алып қара құс.

Балапандар Делдашты көрсеткенде, алып қара құс қызығып кетіп, Делдашты жұтуға ыңғайланыпты. Сонда балапандар шешесіне:

— Бұл адамды неге жұтасың, анау жердегі жатқан айдаһарды өлтірген осы адам болатын. Бұл адам болмаса, бізді айдаһар жұтып қоюшы еді. Сондықтан «жақсылыққа — жақсылық» деп шақырып алып, қанатымыздың астында сақтаған біз! — депті. Сонда мән-жайды түсініп:

— Сен, адамзат, бұл жерге қайдан келдің? Не жұмыспен жүрсің? Орындай алмай жүрген не мақсатың бар? Сен бізге көп жақсылық істедің, мен де жақсылық етіп, мұрат-мақсатыңа жеткізіп қояйын, айт! — депті алып қара құс. Делдаш өз өміріндегі басынан өткізген оқиғалары мен қазіргі іздеп шыққан жұмысын түгел айтып беріпті. Сонда алып қара құс: «Сен естіп отыр, мен де бастан кешкенімді айтып берейін саған. Менің басымнан өткендер сенің іздегеніңнің бір бөлігіне жауап болуы мүмкін. Мен осы бәйтеректің басына заманнан бері әр жылы ұя салып, жұмыртқалаймын. Балапандарым есейіп, қара қанат бола бергенде айдаһар жұтып кетеді. Осы ыза-қайғымен барып, қаракер биенің құлындарын алып келіп жүрген едім. Менің балапандарымды жеп жүрген жауымды жойғандығың үшін, сенің іздеп келген жылқыңды түгелімен қолыңа тапсырайын. Мен әкелген құлындар қазір өсіп, айғыр үйір жылқы болды», — депті. Оған қоса, алып қара құс тағы да: «Сенің еліңнің малын жаулап әкеткендер бұл жақта жоқ. Бірақ мен бұл жайды естігенмін. Қазіргі сен тұрған ханның солтүстік жағында бір үлкен тау бар. Сол таудың қойнауын мекен еткен бір ел бар. Біздің жақтың адамдары оларды «қарақшы» деп атайды. Сол қарақшылар елі бейбіт жатқан бір момын елді тонап, малдарын жаулап әкеліпті деп есіткен. Сірә, еліңді тонап, малын жаулаған солар болар. Олардың ішінде бір мықты дәуі бар. Оған баратын болсаң, сенің күшің жетеді. Егер жетпейтіндей болса, мен көмектесемін. Сен қорықпай барып алыс, сен оны жеңбейінше, ол малыңды бермейді», — депті. Бұны естіген Делдаш есесі қайтқандай, қатты қуаныпты.

Сөйтіп алып қара құс барлық жылқыны Делдаштың алдына салып, қанатынан бір тал қауырсын алып беріпті.

— Мына қауырсынды мықты сақтағайсың, қай жер, қай мезгіл болсын, басыңа қиыншылық күн туғанда немесе мен саған қажетті болсам,

осы қауырсынды тұтатсаң, қасыңда әзір боламын. Сені сол кездегі қиыншылығыңнан құтқарып, мақсатыңды орындап беремін! — депті.

Делдаш қоштасып, ханның еліне қайта жүріп кетіпті. Күн өтіпті, айлар өтіпті. Күндердің бірінде ханның еліне жақындапты. Делдаштың жылқыларды тауып келе жатқан хабарын естіген екі бажасы ақылдасыпты. «Бұл жаман тазша әр істе бізден асып жүр, бұның бұл ісіне жол бермеу керек» — деген келісімге келіп, жылқыларды тартып алып, ханға өздері апармақ болыпты. Егер бұған Делдаш бой бермесе, екеуі бірігіп, амалын тауып өлтірмек болыпты. Сөйтіп екеуі жылқыларды айдап келе жатқан Делдаштың алдынан шығыпты. Екеуі сыр берместен Делдашқа жылы шырай білдіріп, жақсы сөздер айтып амандасыпты.

— Делдаш, сен ұзақ сапардан келесің, шаршаған шығарсың, бірнеше күн демалып, осы жерде тынық. Жылқыларды ханға біз айдап бара береіік, — депті. Бұлардың бұзық ниетін білген Делдаш бұған көнбепті.

— Мен неше айлар, жылдар бойы соншалық азаптарды көріп, бұл жылқыларды тауып әкелдім. Енді ханға өзім-ақ айдап барайын, — депті. Екі мырза күйеу: «Бұл жылқылардан өлмей айырылмас, соғысып тартып алуға күшіміз қалай болар, амалын тауып өлтірейік!» — деп ақылдасыпты.

— Сен ұзақ жол жүріп келдің, бұл сапарыңда көп қайрат шығарып, мына жылқыны тауып келдің, біздің мына жердегі саған арнап тіктірген үйімізге барып қонақ бол. Сонан соң жылқыларыңды айдап ханға барарсың, біз саған жолшыбай көмектесіп барармыз, — депті.

Делдаш өз қару-күшіне сеніп, бұлардан күдіктенбей, әзірленген үйіне қарай беттепті. Есіктен кіріп, төрге қарай жүре бергенде үйдің ортасы ойылып түсіп, Делдаш соның ішінде қалыпты. Сөйтсе екі мырза Делдаш келерден бұрын, адамдарына екі арқан бойы тереңдікте ор қаздырып, оның үстіне сегіз қанат ақ отау тіктіріп, іші-сыртын үлде мен бұлдеге орап, безендіріп қойған екен. Ордың үстіне білдірмей кілем жауып қойыпты. Делдаш орға түсіп кеткен соң, екі мырза жылқыларды айдап кетіпті. Делдаштың Сарыалатегешін ұстап алмақ болғанда, мырзаларды алдына келсе тістеп, артына келсе теуіп, маңына жолатпай қойыпты және олардың үстіндегі тигулі әсем үйді де оларға алғызбай қойыпты. Екі мырза ұзап кеткен соң, Сарыалатегеш орға құйрығын салса, Делдашқа жетпепті. Оған шылбырды жалғаса да, жетпепті. Сарыалатегеш шығарудың амал-шарасын іздестіріп таба алмапты. Делдаш қару іздеп, қалталарын ақтарғанда, баяғыдағы алып қара құстың берген қауырсыны қолына ілініпті. Жалма-жан оны отқа тұтатып, алып қара құсты шақырып алыпты. Алып қара құс Делдаштың халін көрген соң, қанатынан ұстатып, ордан шығарып жіберіпті. Делдаш ордан шыққан соң, Сарыалатегешіне міне салып, екі мырзаның артынан шапқан күйі хан ордасына келсе, екі мырза жылқыларды ханның алдына әкеліп, хан алдында екеуі дауласып тұрғанның үстінен түсіпті. Мырза күйеудің біреуі: «Мен тауып келдім», — десе, енді біреуі: «Бұл тапқан жоқ, мен таптым», — деп, таласып тұр екен. Сиырлыбай хан бұлардың қалай тапқанын білмек болып:

— Бұл жылқыны қалай таптыңдар, табудағы әдіс-айлаларыңды айтыңдаршы? — деп сұраса, күйеулері «неше айшылық алыстағы тауда жайылып жүрген жерінен айдап әкелдік» дегеннен басқа ештеңе айта алмапты.

— Жолда не көрдіңдер? — деп сұраса, оған да ештеңе айта алмапты.

Бұлардың дауының үстіне Делдаш кіріп келіп:

— Хан, сіздің жоғалған мына жылқыларыңызды бұлар тапқан жоқ, мен тауып келгенмін. Бұлардың дауы — құрғақ дау! — депті. Делдашты «өлді» деп ойлаған екі мырза Делдаштың бетіне қарай алмай ұялып, үн-түнсіз жерге қарап, бас көтере алмапты.

— Ал, кәне, тазшам, сен жылқыны қалай таптың? Табудағы шара-айла, белгілерің болса, айт та көрсет! — депті хан.

— Мен осы жолғы сапарым мен жылқыларды табудың мән-жайын да, бұдан бұрынғы істеген істерімнің жағдайын да айтып берейін, — депті Делдаш.

— Кәне, айт, тыңдайын! — депті хан.

— Бірінші, сіз ауырып жатқаныңызда бақсылар сіздің ауруыңызға «киік еті ем болады» деп бұйырып, сіздің әміріңіз бойынша, анау екі мырза күйеу балаңыз және мен үшеуіміз аңға шықтық, сол жолы мен үш киік атып алдым. Мынау мырзаларыңыз тірі жәндік ата алмаған болатын. Бұлар маған келіп, киік ата алмағандарын айтып, менің атқан киігімнің екеуін сұрап жалынған соң, бұлардың разылығы бойынша жамбастарына мөржүзігімді қыздырып басып, екеуіне екі киікті берген болатынмын. Жалған десе, сондағы менің басқан мөржүзігімнің таңбасы әлі бар шығар, сенбесеңіз, қарап көріңіз. Екінші, қаракер бие құлындап, қарауыңыздағы барлық мерген мен батырды жинап, құлынға қорғаушы қойғаныңызда, солардың ішінде екі мырзамен мен де бар болатынмын. Алып қара құс құлынды іле жөнелгенде, жиналған тамам мергендер талып қалған. Сонда мен ғана оқ шығарғам, алып қара құстың тұяғындағы құлынның құйрығын түсіріп қалғам, сол уақыттағы құйрық қазір үйімде сақтаулы тұр. Сен барып, әкеле қойшы, — деп, әйелін жұмсапты. — Мына келген жылқылардың ішіндегі шолақ қара айғыр сол кездегі құйрығы үзіліп қалған құлын болатын. Жұлынған құйрық пен қара айғырды салыстырып көріңіз. Үшінші, алып қара құстың бар жерін тауып, неше жылдан бері жоғалып жүрген құлындарды әкелуді үшеуімізге тапсырған едіңіз. Алып қара құстың туған балапанын жеп кететін айдаһарды өлтіргенім үшін, алып қара құс барлық жылқыны алдыма салды. Жылқыны айдап келе жатсам, мына екеуі алдымнан шығып, тартып алмақ болды. Бірақ күші жетпесін білген соң, мені алдап қонаққа шақырып, қапыда орға түсіріп кетті. Міне, мынау — менің өлтірген айдаһарымның жотасынан тіліп алған шылбырым еді, — деп көрсетіпті.

Хан Делдаштың айтқандарын түгел тексеріп көрсе, жағдай дәл соның айтқанындай шығыпты. Барлық жайды көріп ұққан соң, өнерсіз өтірікші екі үлкен күйеуін өз жөндеріне жіберіпті.

Делдаштың үйін мал қорадан шығарып алып, арнаулы отау тігіп беріпті және Делдашты өзінің бас уәзірі етпек болыпты, Делдаш бұған көнбепті. «Бұл сияқты ақиқатсыз ханның уәзірі болғанша, болмағанның өзі артық», — деп, кетуге әзірленіпті.

Делдаш жауға алдырған шешесі мен елінің малын іздеп табу туралы әйелімен ақылдасып, қару-жарақтарын асынып, жорыққа аттанып кетіпті. Алып қара құстың айтқаны бойынша неше күн жол жүріп, таулардан да, сулардан да, шөлдерден де өтіпті. Күндердің бірінде өрісте сиыр жайып жүрген сиыршыға кезігіп: «Мынау кімнің сиыры?» — деп сұрапты. «Дәудің сиыры», — деп жауап беріпті сиыршы. Мұнан өтіп, бірнеше бел асқан соң, қалың жылқы мен қой көрініпті. Делдаш бұларға барып, жылқышы мен қойшылардан: «Бұл кімнің малы?» — деп сұраса: «Пәлен дәудің малы», — деп, сиыршының айтқан жауабын қайталапты. Мұншалық көп малдың дәуге қалайша біткенін сұраған Делдашқа жылқышы: «Бұл мал, әсілі, дәудің малы емес, олжаланып келген мал болатын. Өзің шыққан ханның елінің ар жағында бір жуас, момын ел бар. Керек десе, ол елдің бетке ұстар азаматы да, батыры да жоқ еді. Бұдан он шақты жыл бұрын, осы малдың қазіргі иесі болып отырған дәу қол астындағы барлық әскерін жинап барып, сол елдің момындығын пайдаланып елін шауып, жас қатын-қыздарын жаулап, малдарын түк қоймай айдап әкелген болатын. Сонымен бұл байып кетті. Біз де жауланып келгенбіз, сол жаугершілік кезде қатты қырғын болып, ел қатты күйзеліп кеткен болатын», — депті.

Бір қойшы сол соғыста қолға түскен бір қатынды дәу өз үйінде күн орнында ұстайтынын айтыпты. Делдашқа осы менің шешем болуы керек деген ой келіпті. Қойшы тағы да: «Ол кемпірдің дәудің үйінде істейтін жұмысы — күндіз кешке дейін тезек теру, от жағу, мал сауу. Тыным, ұйқы жоқ бейшарада. Ең қатты қинайтын жері: отты жалаңаш қолмен көсетіреді, қысқашпен көсеуіне рұқсат етпейді. Қолы отқа күйіп, көн болып қатып кетіпті. Бәрінен осынысы қорлық болып отыр. Кей кездері оңашада бізге мұңын айтып, жылайды бейшара. «Менің артымда қалған Делдаш деген бір балам бар еді. Ендігі ержеткен болуы керек. Ол тірі болса, мені іздеп бір келер», — депті. Сол баласын көп айта береді», — депті. Бұл әңгімеден кейін Делдаш ол кемпірдің өзінің туған шешесі екенін біліп, оны көргенше тағаты қалмай, бақташылардан сол дәудің үйінің қай жерде екенін сұрапты. Малшылар дәудің үйін көрсетіпті. Дәуге ашудың өзендей тасып, қатты қаһарланған Делдаш бар күшін бойына жинап, дәудің үйін іздеп, суыт жүріп кетіпті.

Бұл күндері Делдаштың шешесінің қабағы тартып, суалған омырауының сүті ағып болмапты.

— Суалған көзі тартады, Күлетін күн жақын ба? Тандыр омырау иеді, Делдашым келе жатыр ма? — деп, тезегін тере беріпті.

Делдаш іздеп жүріп, дәудің үйін тауыпты. Үйіне кіріп барса, дәу төсегінде шалқасынан түсіп жатыр екен де, бір үлкен бәйбіше жұмсақ құс

төсекте керіліп отыр екен. Олар үйге кірген Делдашты көзге ілмепті, тіл қатпапты, онымен жұмысы да болмапты. Делдаш: «Шешем қай жерден көрінер екен?» — деп, жан-жағына қараумен болыпты. Бір кезде бір қап тезек көтеріп, бір күң үйге кіріпті. Ол от жағуға ыңғайланып, бәйбішеден от көсеуге қысқаш сұрапты. «Саған берген қысқаш қор болмай ма, от жаққын келсе, қолыңмен неге көсемейсің?» — деп, қысқашты бермей қойыпты. Делдаш өзінің шешесі екенін білсе де, таныстық бермей, алдымен шешесін құтқаруға кірісіпті. Шешесі Делдашты танымапты. Делдаш дәудің бәйбішесіне қарап:

— Ей, қатын, мына кісіге қысқашты неге бермейсің, жаныңның тірісінде бер, әйтпесе мен саған қазір көретініңді көрсетем! — деп, ақыра сөйлепті ашуға булығып.

Делдаштың ақырғанынан оянған дәу:


— Ей, сен кімсің, соншалық ақыра сөйлейтін? — депті.

— Мен жоқ іздеуші адаммын, сен өзің кімсің? — депті. Ақыры екеуі егесіп, соғысуға айналыпты. Делдаш дәуге:

— Шертіспек керек пе, алыспақ керек пе? — депті. Сонда дәу өзінің күшіне сеніп: «Алыспақ керек!» — деп жауап беріпті. Екеуі далаға шығып, алыса түсіпті. Таңертең алысқаннан түс ауып, қас қарайғанға шейін алысыпты. Ең соңында дәу бала Делдашты аударып жығып алып, Делдашқа өлім қаупі төніпті. Сонда Сарыалатегеш кісінеген күйі дәудің артынан келіп, желкесінен тістеп жұлып алыпты. Дәудің үстіне шыққан Делдаш алмас семсерімен дәудің басын бір-ақ кесіп алыпты. Дәу өлгеннен кейін, Делдаш шешесіне барыпты. Таныстық беріпті. Шешесі: «Жалғанда көрген жалғызым-ай, сені де көрер күн болады екен ғой!» — деп, жылап көрісіпті. Делдаш шешесін жұбатып, мауқын басыпты. Билік Делдаштың қолына өткеннен кейін, өз елінен дәу тұтқындап алып келген бағанағы қойшыны дәу елінің бастығы етіп, сиыршы мен жылқышыны оның ақылшысы етіп сайлапты.

Делдаш шешесін, әйелін ертіп, барлық малын айдап, еліне қайтыпты. Еліне аман-есен келіп, қалың елмен құшақтасып көрісіпті. Өз үйіне келсе, әкесіне жинап беріп кеткен таудай отыннан бір жағым, үйдей еттен бір асым, жеңді білектей судан қанжығадай қалған екен. Баласы мен әйеліне қайғырып, жылай-жылай екі көзден айырылып, үйінде жатып қалған әкесі әйелінің, баласының келгеніне және елінің мал-дүниелерінің аман келуіне қатты қуаныпты. Көзі қайта ашылып, өзі қайтадан жасаңғырап кетіпті. Қалың ел Делдаштың қуанышына үлкен той жасап, ат шаптырып, ойын-тамаша көрсетіпті. Делдаш айдап келген сан-санақсыз көп малды той үстінде кедейлерге түгел таратып беріпті. Күйзелген елдің тұрмысы, күйі қайтадан көтеріліпті.

Делдаштай батыры, ері тұрған бұл елге бұдан былай ешқандай жау тиісе алмайтын болыпты. Бұлар бейбіт, рақатты тұрмыс кешіріпті. Халық Делдашты «Ел үшін туған ер» деп атапты.



Ер Төстік.

Орталық ғылыми кітапхананың
 сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (75-бума).



Аяз би.
Суретші К. Баранов.

НОВЕЛЛАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕР

Новеллалық ертегілердің сюжеттік құрамы мен мазмұны, композициялық құрылымы, стилдік сипаты өзге жанрлық түрлерінен оқшауланып тұрады. Оның мазмұнында қиял-ғажайыптық элементтер көп, оқиғалары таңғажайып, шытырманды жайттарға толы. Сюжеті көбіне күрделі оқиғалар тізбегінен құралып, түйіні әділдік пен ақыл-парасаттың жеңісімен қорытылады.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі суреттелетін бұл ертегілер – сан ғасырлардың, ауқымды эпикалық уақыттың жемісі. Олардың арасында есте жоқ ескі замандарға, феодалдық дәуір мен кейінгі кезеңдерге туғандары да кездеседі. Сондықтан бұл мазмұндағы шығармалардың бойына әр дәуірдің, қоғамдық ортаның түрлі көзқарастары, ұғым-түсініктері сіңірілген. Олардың сюжеттерінде халықтың айрықша өмір салты, кейде ағамға сенімсіз жағдаяттар да қамтылады. Оқиғалардың көбі тосын, ерекше, тіпті фантастикалық қиялға да құрылып жататынымен, қиял-ғажайып ертегіден бөлектеніп тұрады. Мұндағы қиял көркемделіп кетеді де, мифтік ұғымдар мен діни наным-сенімнен тектік байланысы үзіліп қалады. Сондықтан ертегідегі құбылушылық, сиқырлық сияқты керемет іс-әрекеттер кейіпкерлердің жеке басына ғана тән қасиеттер болып саналады.

Новеллалық ертегілердің басты тақырыбына қорқынышты сапарлар, ағамның қым-қиғаш тұрмыс-тіршілігі, отбасылық өмір, ерлі-зайыптылардың басынан кешкен тағдыры, ақылды әйел, махаббатқа адалдық, қиындықтағы сабырлық секілді оқиғалар арқау болады. Ертегіде бас кейіпкер ерлік көрсетіп, алдап-арбау жолымен жүрмейді. Керісінше, тағдыр тауқыметін сабырлықпен көтеріп, тапқырлық пен терең ақылдың арқасында арман-мұратына жетеді. Олар көбіне әлеуметтік тегі төмен ортадан шыққандықтан, көнбіс, шыдамды болып келеді. Зұлым күштерді, басына түскен қиыншылықтарды сабырлықпен жеңеді, кейде дұшпандарының қастық әрекетін кешіріп, кеңпейілдік танытады. Ертегі соңында жақсылық үстемдік құрып, қоғамға әділдік орнайды. Новеллалық ертегілер тыңдаушысын өнерге, ақылдылыққа, адалдыққа, сабырлыққа шақырады, кішіпейілділік пен кешірімділікке тәрбиелейді.

XX ғасырдың жетпісіші жылдарына дейін бұл жанр «Тұрмыс-салт ертегілерінің» құрамында қарастырылып келді. Кейін С. Қасқабасов, Е. Костюхин, Е. Тұрсынов еңбектерінде арнайы зерттеліп, жанрлық сипаты айқындалды. Фольклортануда «Новеллалық ертегілер» термині қалыптасып, ғылыми айналымға енді.

Томды баспаға дайындау барысында ертегілердің мәтіндері сирек қорлардағы қолжазба нұсқаларымен, алғашқы жарияланымдарымен салыстырылып, текстологиялық саралаудан өткізілді. Нәтижесінде басылымдар мен қолжазба арасында кейбір өзгешеліктер, артық-кем тұстары толықтырылып, ертегінің таңдаулы үлгілері енгізілді.

Аяз би

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Хан болған соң оның қырық уәзірі болады ғой. Бір күні хан уәзірлерімен мәжілістес болып отырып:

— Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, шөптің жаманын және құстың жаманын тауып келіңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып келме сендер, жазалы боласыңдар! — дейді.

Хан бұйырған соң, амал жоқ, уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі. Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: «Өзі тікен, арасынан жүрсе, киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой», — деп, шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», — деп, қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық уәзір келе жатса, таудың етегінде, үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар бір адам бес-он қойды бағып жүр екен. «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», — деп тұрғанда, әлгі адам:

— Уа, мырзалар, жол болсын! — дейді.

Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, ал адамның жаманын таба алмай жүргендерін айтады. Жаман тұрып:

— Түсінікті! Адамның жаманы керек болса, мен боламын, — дейді.

— Олай болса, жарайды, — деп, Жаманды атына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі.

Ханға келе жатып, Жаман:

— Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің жаманы мен құстың жаманын таба алмаған екенсіңдер. Шөптің жаманы — қарақоға, құстың жаманы сауысқан еді, — деп, уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына қарақоға мен сауысқанды алдырыпты.

Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді:

— Хан алдында айтамын, — деп, Жаман сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамға қарап:

— Әкелген адамдарың жарайды. Қазірге аспазшыға апарып беріңдер, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, — деп, Жаманды ас үйге жібертеді.

— Бірақ, — дейді хан, — құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы — қырғауыл, шөптің жаманы — шеңгел еді. Осыны көре, бұларды әкелулеріңнің не жөні бар еді? — деп, хан уәзірлерге қатулана бастайды.

Сонда уәзірлер:

— Тақсыр! Айтқаныңыз дұрыс! Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі Жаман: «Шөптің жаманы — қарақоға, құстың жаманы — сауысқан», — деп, бізге оларды тастатып, қарақоға мен сауысқанды алдырды, — деп жауап береді.

– Е, Жаманның не білгені бар екен? Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан біледі? Алып келіңіздер! Сұралық, – деп, бұйрық етеді. Жаманды ханға алып келеді. Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? – дейді.

– Тақсыр хан! Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта: «Киім жырттып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау», – деп ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, үрлесем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, барлық мал мұрнын шүйіріп, жемейтін. Сонан соң: «Қарақоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой», – деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, – дейді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – дейді хан.

– Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін. Сауысқан мен қарақоғаның жамандығын білдім.

– Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? – дейді хан.

– Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді, келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп, Жаман ханға қарайды. Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, осы жаман болса жарар еді. Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңа да дәлел айттың. Жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – дейді.

– Жақсы, сынап берейін, – деп, тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, – деп, ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

– Тақсыр! Тұлпарыңнан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сиырға шатыс екен, – дейді.

– Апыр-ай, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір биесін қалап алдырғанмын. Бие күні жетіп, құлынды таба алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе өлсін, құлын

қалсын», — деп, ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді, әбден отығып кеткенше сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? — дейді хан таңданып.

— Тұлпардың бөтен мінін таба алмадым. Бірақ тұлпарыңыз судан әрі бері өткенде аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиыр күніне қырық суарсаң да, судан айдағанда аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін сонан білдім, — дейді. Жұрт таңғалып бір-біріне қарасады. Хан біраз ойланып отырып:

— Енді менің бір гауһар тасым бар. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, — деп, қазынасындағы тасты алдырып берді.

Жаман тасты алып, салмақтап, байқап қарап отырды да:

— Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тастың ішінде екі ақ қарабас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сырты қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады, тесіп шыққан соң тасыңыз пайдаға аспайды, — дейді.

Жұрт не дерін білмей, бірсыпырасы: «Бәрібір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық», — депті. Бірсыпырасы: «Жаманның сөзіне бола тастан айырылмайық», — депті. Ақырында тасты жармақшы болады. Тасты жарып қараса, ішін екі ақ қарабас құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

— Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? — дейді хан.

— Тастың қасиетіндей салмағы да болуы керек. Тас жеңілденген екен, құрт бар екенін содан білдім, — деп жауап береді.

— Апырмай, сен жаман болмадың ғой! Қайта сен бір данышпан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін? — дейді хан.

Жаман:

— Жақсы! — деп, тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

— Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басыңда, қарадан туып хан болғансыз, атаңда хандық жоқ, — дейді.

Жаман сөзін бітірмей, хан сөзін бөліп:

— Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да, алты атамды қайда жібересің? — деп зекіреді.

Жаман саспайды.

— Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа жеріңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, — дейді.

Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

— Апырым-ау, мына Жаман не дейді! Халқым, мен «хан баласымын» деп жүр едім, шақырындар анамды! — дейді. — Ол о дүниеге біреудің қанын жүктеп барып, Тәңір алдында карабет болмасын, не де болса, шынын айтсын. Әйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесемін! — дейді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтады. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

— Е, шырағым! Жасым сексенге келгенде біреудің қанын жүктеп не кылайын. Бір сыр бар еді, оны Тәңірінің өзі білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын. Сенің атаң Зәрлі хан еді. Менен бұрын он тоғыз әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің де ішін жарып өлтірген екен. Соның үшін де, «Зәрлі хан» деп халық ат қойып еді. Жиырмасыншы әйел етіп мені алды. Мен де екіқабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуіптерге қаратып едім: «Сенің ішіндегі де қыз», — деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой!» — деп, қайғы жедім. Сол күндерде аспаз наубайдың әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстатып қарап едім: «Оның ішіндегі ұл», — деді. Жалғыз жаным үшін сол жерде маған ой келді. Ол әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айтып, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақыреттік дос болайық, ұл тапсаң, ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» — деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зәрлі хан аңда еді, екеуміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта босандық. Сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен алған шырағым сен едің! Енді бұл күнде мына Жаманың оны біліпті. Сыр ашылуға Тәңірі жазса, не шарам бар?! — деп, сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жібереді.

Хан:

— Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, — деп, хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

Жаман:

— Жоқ, тақсыр! Кешегі күні «жаман кісі керек» дегенде, ат артына мініп келген жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға мініңіз, — деп болмайды.

Хан таққа отырып:

— Апырмай, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? — дейді.

Сонда Жаман:

— Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы — жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің шонжарлы, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, — дейді.

Жиналған жұрт таңғалады. Сол күйінше хан тағы да хандық қылды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Қырық уәзір шетте қалды. Күндердің бір күні Жаман сыртқа шығып тұрса, қаланың ортасында алты қанат ақ боз үй тұр, төңірегінде қаптаған кісі, үйге кіруге кезек күтеді. Жаман қайтадан үйге кіріп, ханнан:

— Бұл не жиын? — деп сұрайды.

Хан сонда:

— Қалада қара болса да, байлығы менімен қатар Уәлібай дейтін бай бар. Сол байдың Меңді дейтін қызы он бес жастан күйеу таңдап: «Өзімнен ақылы артық кісіге тием», — деп, жиырма жылдай отырды, қазір отыз бесте. Бұған дейін ешкім ақылы артып, оған күйеу бола алған жоқ. Бәрі де барып, қызға жауап қайтара алмай қайтып кетеді. Ол жиын «қызды жеңіп аламыз» деп жүрген бай мырзалардың жиыны, — дейді.

Жаман: «Мен де барып көрсем қайтеді?» деп ойлап, кешке жұрт орынға отырған соң, жайлап қыздың үйіне барады. Есікті қаққанда бір әсем келіншек шығып: «Не жұмысыңыз бар?» — деп сұрайды.

— Менің жұмысым сенде емес, қызда. Бар, қызға айт! — дейді. Келіншек күліп, қызға барып:

— Бикеш-ау, күйеу таңдаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар дейді. Сенен ол да дәме етіп келген білем! — деп қалжыңдайды.

Қыз жымысып күліп:

— Ол түрге жаман болғанмен, қаңдай кісі екенін қайдан білесің? Мынаны алып барып бер, — деп, жеңгесіне гауһар, пышақ, тәрелке және қайрақ тас беріп жібереді.

Жеңгесі ол заттарды апарып берген соң, Жаман қолына алып қарап тұрады да:

— Бар, мұның құралын әкел, — дейді.

— Ойбай! Әлгі жаманың «мұның құралын әкел» дейді, — деп, жеңгесі қызға қайтып барады.

Қыз:

— Жарайды, — деп, жеңгесіне балға мен төс береді.

Жаман балға мен төсті алған соң, қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөледі, тәрелкені уатады, пышақты жетесінен сындырады, гауһар тасты қақ жарады.

— Мә, бикешке алып бар! — деп, келіншектің қолына береді. Сынған заттарды көрген соң, қыз ұшып тұра келіп:

— Сол адам шайтан болмай, адам болса — менің тап баратын кісім. Шақыр мұнда! — дейді.

Жеңгесі не дерін білмей, Жаманды шақырып келеді. Қыз оны құрметтеп қарсы алады. Бұрын да талай бай балалары, хан балалары келеді екен. Бәріне қыз манағы заттарды береді екен. Бәрі де: «Менің үйімде пышағым жоқ па, болмаса, қазынамда гауһар тасым жоқ па, әлде қайрақ таба алмай жүрмін бе?» — деп, ашуланып қайтып кетеді екен. Тап сол күні қыздың ағалары ақылдасып: «Бұл қалай болды? Осы қыз отыз беске келді. Күйеу таңдап, әлі біреуге тиген жоқ. Сірә, оның басқа бір сүйгені бар шығар? Ондай адамы болса, ұстап алайық», — деп, қарауыл қойыпты. Таң атқан соң Жаман қыздың үйінен шығып бара жатса,

қарауылшылар оны ұстап, бай балаларының қолына апарып береді. Бай балалары Жаманды дірдектетіп ханға апарып:

— Мына уәзірді ұстап алдық. Бізді келмей жатып басынды! — дейді.

Хан Жаманды оңаша алып сұрайды.

— Қыздың үйіне бардың ба?

— Жоқ!

— Мыналар ұстап алдық дейді ғой?

— Олар өтірік айтып, бәле жауып жүр, мені даладан ұстап алды.

— Мен сенің ақылыңды сыйлап, астымдағы тағымды да беріп едім.

Тақты өзің алмаған соң, ең жақын уәзірім қылып едім. Уәлі маған олардан қымбат емес. Шыныңды айт. Қызды алып берем, — деп еді хан, Жаман тіпті шынын айтар болмады.

Хан ашуланып, жеңдеттерге Жаманды дарға асуға әмір қылады. Хан бұйырған соң, жеңдеттер Жаманды дарға апарып, мойнына тұзақ салып, дардың жібін тартып, жоғары көтерді. Жаман иманын айтып, қырылдап, енді демі бітуге айналғанда, көпті жарып, ақ боз атты, ақ киімді, бетіне перде жапқан бір кісі келіп, дардың жібін кесіп жібереді де, сұлап жатқан Жаманның көкірегіне қылышын көлденең тастап, жайына кетеді. Жаман біраз қырылдап жатып, есін жиған соң, жеңдеттер тағы да дарға тартайын деп ыңғайланғанда: «Мені енді ханға апарыңдар», — деп өтінеді.

Жеңдеттер қайтып алып келген соң, хан:

— Бұл кезге дейін неге өлтірмедіңдер? Менің бұйрығымды екі етесіңдер ме?! — деп ақырады.

Жеңдеттер тұрып, уақиғаны айтып беріп, «ас» десе, әлде де дарға асуға әзір екенін білдіреді. Енді хан Жаманға:

— Маған барам деп неге айттың? Әлде манағы айтпаған шыныңды айттайын деп келдің бе? — дейді.

— Е, тақсыр, шынымды айттайын деп келдім.

— Онда Уәлібайдың қызының үйіне барғаның рас па еді?

— Рас еді.

— Алам деп, уәде беріп пе едің?

— Беріп едім.

— Ендеше, мана неге айтпадың?

— Тақсыр! Мана айтпаған себебім мынау еді. Мен барып, Уәлібайдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір тәрелке, бір қайрақ, бір пышақ, бір гауһар тас беріп жіберді. Ол оның: «Қайрақтай болып езілгенше, тәрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай жарып мені алады», — дегені еді. Сол сырды: «Пышақтай болып басым кесілгенше айтпаспын!» деп, пышақты жетесінен сындырып, «қайрақтай езілгенше!» деп, қайрақты уатып, «тәрелкедей уатылғанша» деп, тәрелкені қиратып: «Гауһар тастай жарып, сені алам!» — деп, гауһар тасты қақ бөліп, уәде беріп едім. Сол себептен мана шынымды айтпап едім. Қыздың өзі мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып келіп, дардың жібін қиып, көкірегіме

қылышты көлденең тастап кеткені: «Мен үшін кінәсіз өлме, ерлігіңді көрдім. «Қылыш үстінде серт жүрмейді» деуші еді, антыңды қайтып ал» дегені еді. Өзі рұқсат берген соң, шынымды айтып отырмын, — деп, Жаман сөзін аяқтады.

Хан Жаманның сөзінің шындығына көзі жетіп, ел жинап, отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, қызды Жаманға алып береді. Жаман тапқырлығымен ханға жағып екеуі дос болыпты.

Бір күні қырық уәзір кеңесіп отырып: «Бұл Жаман біздің жаман кісі іздегенде, ат артына мінгестіріп алып келген жаманымыз еді. Бұл күндерде хан оны өзіне жақсы дос қылды, қыз әперді, бізді есепке алмай тастады. Қой, бүйтіп болмас! Біз бұл екеуін араздастырайық. Жаманның әйелін мақтайық, үйіне қонаққа апарып көрсетелік. Сөйтіп екеуінің арасына от жағалық», — деседі. Уәделері бойынша Жаманның әйелін ханға мақтайды.

— Тақсыр, шынында, ол әйел — сізге лайық әйел! — деп, ханды азғырады.

Хан Жаманның үйіне барып, өз көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: «Шынында, маған лайық әйел екен», — деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық уәзірмен кеңеседі.

— Ойда жоқта ойға салған сендер едіңдер. Енді әйелді алуға маған қандай айла тауып бересіңдер? — дейді.

Уәзірлер кеңесіп:

— Жақсы, тақсыр! Жаманды шақыр! Біз оны Барсакелмеске жұмсайық. Сонда ол өлер, ол өлген соң, жесір әйелді сіз алмай, кім алар дейсіз! — дейді.

Жаманды шақыруға хан бір жігіт жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығалап қараса, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Әйелі төрдегі шар айнаға қарап, өз көркіне өзі таңғалып, Жаманға сөйлейді:

— Мен осы Тәңірінің ісіне таңмын. Әркімді өзінің қатарына қосса еді. Арасы жер мен көктей адамдарды біріне-бірін қосып қойған Тәңірінің құдіреті күшті-ау деймін. Өзіме қарасам, он төртінде туған ай сияқтымын, саған қарасам, суы біткен көлдей, қара майы біткен шелектейсің.

Жаман басын көтеріп алып:

— Жоқ, олай емес! Атамыз Адам пейіштен қуылып, шығып бара жатқанда, Тәңірі: «Е, Адам, пейіш сенің үшін жаратылып еді, шайтанның азғыруымен шығып барасың, енді пейіштен қалағаныңды алып кет», — деген еді. Сонда Адам: «Тәңірі! Сенің қандай затыңның қадірлі екенін қайдан білейін?» — деген соң: «Адамзатқа пайдалы үш затым бар, біреуі — қыдыр, біреуі — бақыт, біреуі — ақыл, осының бірін ал», — деген екен Тәңірі. Сонда Адам ақылды алыпты. «Ақыл тұрмаған жерде біз де тұра алмаймыз», — деп, қыдыр да, бақыт та ақылға табынған екен. Сол сияқты сен қазынадағы қызыл алтын едің, мен ақыл едім. Менің қаралығыма, иә қарттығыма қызығып тиген жоқсың, ақылыма тидің, — деп, қарқ-қарқ күледі.

Әйелі Жаманның сөзіне күліп, артына қарағанда, пердесі ашулы екен, есіктен кіріп келе жатқан жігіт, оның жүзін көріп, есінен танып құлап қалыпты. Сол жерде бетіне су бүркіп, жігіттің есін жиғызып алып, жұмысын сұрайды. Жігіт келген жұмысын айтып, қайтып келген соң, хан:

— Сен кеткелі көп уақыт болды, сен мұнда жұртты иіріп отырғызып кеттің, — дейді.

Жігіт басынан өткен уақиғаны айтқан соң, әуелде әйелге ғашық хан, онан сайын ынтық болады. Жігіт кеткен соң, Жаман:

— Ханға барайын ба? — деп, әйелімен ақылдасады. Әйелі:

— Бар, сені Барсакелмеске жұмсарын көптен-ақ сезгенмін. Риза бол, бірақ жолға жұлқынған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ең семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шығарып салар. Олардың қарасы үзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып, атыңды сой да, етін алып кел, соны қорек қылып жата береміз, — дейді.

Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды:

— Мен сені бір ұзақ сапарға жұмсаймын, жұмсағанда, сенің ерлігіңнен үміт етпеймін, ақылыңнан үміт етемін. Барсаң, айтамын, — дейді.

— Жақсы, барайын, — деп, Жаман ризалығын көрсетеді.

— «Барсакелмес» дейтін жерде «інжілі қой» дейтін қой бар деп айтады. Бір түгі — алтын, бір түгі — күміс, сойса, терісі бір адамға тон дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. «Інжілі үйрек» деген үйрек бар, қанаты — күміс, басқа жері алтын дейді. Соны тәж қылып кигім келеді. Дәудің інжілі қара арғымағы бар, бір шапқанда жүз шақырым шабады дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға барасың, — деп, Жаманды хан кілең өтірікке жұмсайды.

Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты таңдап мініп, жолға шығады. Қырық уәзір үш күншілік жерге шығарып салып қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып, Қаратоғай деген орманға апарып, атын сойып, үйінен көлік әкеліп, етті тасып, тұздап алады. Төсегінің астынан адам бойы жер қазып, күндіз сонда, түнде әйелінің қасында жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жаманның үйіне, жеңгесіне көңіл айтуға хан келеді. Қонақасы жеп болған соң, хан сөз бастап:

— Адамның, шөптің, құстың жаманын әкел дегенде, уәзірлерімнің алып келген Жаманы еді. Жаман болса да, ақылына риза болып, тағымды да беріп едім. Ақылының арқасында сені де алып еді. Сол ақылынан үміт етіп, бір жұмысқа жұмсай қойып едім, келер уақыты өтіп кетті. Құдайдың әмірі болды ма деймін... Сені қор қылып, жалғыз тастамасын, «аға өлсе, жеңге — мұра» деген, қолыма алып бағармын, — деп, үгіт айтады.

Әйел отырып:

— Е, Құдайдың әмірі болса не шара? Ол келгенше сенің қолыңда бір қадірлі тас бар еді, соның тілімен сен оны жарып едің, жарылған соң ол тас пайдаға аспады ғой. Сол секілді әр заттың пайдалы уақыты бар еді.

Кешегі қыз күнімде болса бір сәрі, енді мен сол жарылған тас сияқтымын. Саған қызмет етіп жаға алмаспын, әуре болма, — дейді.

Хан әйелден жеңіліп, үйіне қайтады. Хан шығып кеткен соң, қатын байын шақырып алып:

— Бар, енді ханның жауабын өзің бер, — деп, қоя береді.

Хан да барып тағына отырады, Жаман да сәлем беріп кіріп барады. Хан сасып қалып:

— Уа, қашан келіп қалдың? Ал енді әңгімеңді айта бер! — дейді. Жаман тұрып:

— Әңгіме ұзақ емес. Уәзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мен: «Барсакелмеске» барып жауды мұқатқанша, мына жауды мұқатайын!» — деп, қылышымды суырып алып, қуып кеттім. Өз ауылыма апарып, қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын, — дейді.

Хан не дерін білмейді, бір қызарады, бір бозарады, жерге кіріп кеткендей болады, ақырында:

— Мен айыптымын, менде бір қате болды, шайтанның азғырғанына ердім, оған себеп — мына уәзірлер. Бұлар енді иә саған, иә маған бір қатер қылар, енді сен іргенді көтер, бөтен елге көш, — дейді.

Жаман риза болып, көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде бір қадірлі адам болып тұра береді. Күндердің күнінде хан Жаманның сөзі көкейінен кетпей, шалқасынан шаңыраққа қарап ойланып жатыр еді, қырық уәзір кіріп келеді. Хан басын көтеріп алып:

— Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты. Осыны ойлап табыңдар! Болмаса, жазалаймын, — дейді.

Уәзірлер ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң, Жаманды іздеп барып, оған ханның айтқанын айтады. Жаман қырық уәзірді құрмет етіп болған соң:

— Жақсы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап, қапаланып жатқан шығар, қай-қайдағы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі болса керек. Сөйтп жатқанда, ханның ордасының күлдіреуішінің бір басы шыққан болар. «Жаман болса, осыған бір нәрсе айтар еді, сынайын», — деп, сендерге айтқан ғой. Барып, күлдіреуішінің басын салып берсеңдер, ханның қызметі тамам болады, — деп кеңес береді. Уәзірлер ханға келіп:

— Тақсыр! Мына бір күлдіреуішіңіздің бас жағы шығып кеткен екен, соны салып берейік, — деп рұқсат сұрайды.

Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басын салып береді. Хан күліп:

— Мұны кім үйретті сендерге? — деп сұрайды. Уәзірлер шынын айтады. Хан уәзірлеріне:

— Ол Жаман болса да, қысылғанда айла табатын ақылды, данышпан еді. Әркімнің пайдасына жарайтын еді. Сендер күндеп, ақырында екеуімізді айырдыңдар. Егер де ол сендерге ақыл таппаса, сендер өлетін едіңдер. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақал бар, — дейді.

Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көңілін аулап, күнде ойын-той жасап жатса да, ханның көңілі көншімейді. Жаманды сағынады. Бәрі де Жамандай бола алмайды. Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен аңға шығады. Аң іздеп келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға ұшырап, сәлем беріп:

— Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? — деп сұрайды.

— Бір жиырма жыл болған шығар, — дейді шал.

— Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

— Он бес жыл болды.

— Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

— Оған да бір он жыл болған шығар. Хан ойланып тұрып, тағы да:

— Ата, өзіңіз нешеусіз? — дейді.

— Ой, шырағым-ай, жатқанда екеумін, тұрғанда төртеумін.

— Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? — деп сұрайды хан.

Сонда шал:

— Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, — дейді. Хан шалдың сөзіне қанағат етіп, атының басын бұрып, үйіне қайтады. Хан үйіне келген соң, уәзірлеріне:

— Мен не дедім, шал не деді? Соны айырыңдар, оны айыруға бір ай уақыт берем. Айыра алмасаңдар, қырқың да өлесіңдер, — дейді.

Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған соң, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтады. Сонда Жаман:

— Бұл оңай жұмыс емес. Бастарың өлімге байланған екен. Жақсы, енді болмас, тағы да бір амал табайын. Сендер бір ат қалдырып, басқа аттарыңды сойыңдар, киімдеріңді өртеп, сонымен бір аттың етін пісіріңдер, мен мына қалған атқа мініп, сендерді ханға жалаңаш айдап барам. Егер де сендер, арланып, қастық етпейтін болсаңдар, мен сендерді хан алдында құтқарып алам, — дейді.

Уәзірлер бірауыздан:

— Ойбай, тақсыр, арланбаймыз! Жанымыз қалса болды, ханымыз бізге мықтап өкпелеп жүр, — деп, риза болып, сол жерде отыз тоғыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін өздерінің киімін жағып пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырған ала шолақ атқа Жаман мінеді. Қолына құрық алып, жалаңаяқ, жалаңбас уәзірлерді ханға айдап жөнеледі.

Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алып, түстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады. Хан уәзірлерді ұмытып кетеді. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жата береді. Бір күні уәзірлердің арасында: «Бұл хан өз қызығы өзінде жата берді. Түнеуті сөзін ұмытып кетті білем», — деген күңкіл шығады. Жаман оны естіп, уәзірлерді шақыртып алып, жиылған халық алдында:

— Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп: «Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» — деп, сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханның: «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені «Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», — деді. Ханның «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл» дегені «Көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды», — деді. Ханның «Ата, өзің нешеусің?» дегені «Үйіңде неше жаның бар?» дегені еді. Шалдың «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз» дегені «Менің бұрынғы әйелім өліп қалған еді, қазіргі әйелімнің байы өлген; түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде мен өлген әйелімді сағынам, қазір әйелім үйде отыр, өзінің өлген ерін ойлайды» дегені еді. «Жатқанда екеу, тұрғанда төртеуміз» дегені сол еді. Ханның «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан асырар» дегені оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріңдегі киімдеріңді алып отқа жаққаным — білдірмей жұлғаным, күйдірмей пісіргенім; сендерді алдыма салып, жалаңаш жаяу айдап ханға әкелгенім қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар? — деп, Жаман сөзін аяқтайды. Хан:

— Уәзірлерімнің күнәсін кешірдім. Неше рет екеуміздің арамызға от салып, қоныс аударып, көшіп кетуіңе себеп болып еді. Сонысына ызаланып, «Өздері әбден жеңілсін, кінәларын мойнына алсын» деп едім. Менің тілегім орындалды. Ал, халық, мен де біраз хан болып, қызық көрдім. Ендігі хандығымды мына досыма берем. Сіз де енді тартынбаңыз, таққа сіз минуте уақыт жетті, қалған өмірде сізге қызмет етіп, сіздің хан болған қызығыңызды көрейін, — деп, Жаманды қолтықтап әкеліп, хан тағына отырғызады.

Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтереді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алады. Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты дейді. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға Аяз би деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті. Нашарларға қарасты.

Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл!» — деп, көңілін басушы еді дейді.

Қыпша

Бұрынғы заманда бір саудагер, өте дәулетті бай болыпты. Бұл саудагер байлықпенен дүниедегі не түрлі асылдарды, қайдағы адам таңғаларлықтай заттарды жинай беріпті. Бай айналасын кең, биік қылғызып қорған жасаттырып, не түрлі адам көрмеген заттарды қорғанның ішіне жайып, шәрі халқын шақырып қонақ қылып, жиналған дүние-мүлік, асыл қазыналарын тамаша үшін халыққа көрсетіп: «Осы дүниежүзінде менде жоқ зат бар ма? Басқа заттардан менде жоқ заттар болса айтыңыздар, мен оны тауып аламын», — деп сұрайды. Жиылған халық естіп көрмеген заттарды көріп қайран қалып: «Дүниежүзінде сізде жоқ асыл зат болмас», — десіп, «Мұндай да дүние-мүлік жинаған адам болады екен-ау», — деп, қайран қалыпты.

Сонда бір адам отырып: «Ей, байеке, енді мұндай он есе дүние жинасаңыз да, Қыпшаға жетіп жатқан жоқ», — депті де, кетіп қалыпты. Саудагер ары-бері ойланып: «Мен мұнша дүниені жинағанда Қыпшаға жетпейтін бұл «Қыпша» деген қандай зат екен? Мұны мен іздеп таппасам, бұл дүние-малды несін жинадым? Сол Қыпшаны не зат болса да, осы дүниежүзінде болса, тауып аламын», — деп, сексен қашырға гауһар, алтын, ділдәларды артып, қасына жолдас ертпей, жалғыз өзі шәриден шығып кетеді.

Елінен ұзап шығып алғанда ой түсіп: «Бұл Қыпша адам емес шығар. Егер адам болса, айтқан адам пәлен жердегі сондай бір сұлу дер еді. Жанды зат болса, пері болар ма? Жоқ, әлде, жансыз бір асыл ма екен? Япырмау, сол Қыпшаның не зат екенін, қай жақта екенін сұрап алмай, осы жүрісім қай жүріс? Енді елге қайтып барып анығын сұрасам қайтеді?» деп ары-бері ойланып, енді қайтып барғаным елден ұят, не де болса іздеп көрейін деп, беталдына қаңғып, айдан-ай, жылдан-жылдар өтеді. Көрінген адамнан «Қыпшаны білесіңдер ме?» деп сұраса, адам білмейді. Бір кезде бір шәріге келіп, әркімнен сұрап жүрсе, бір сақалды адам кезігеді.

Саудагер:

— Ата, Қыпша дегенді естуіңіз бар ма? — деп сұрайды. Әлгі:

— Қыпшаны неге сұрайсың? Қыпшаны қалай есіттің? — дейді.

Саудагер болған уақиғаны түгел сөйлеп береді. Сақалды адам саудагерге біраз қарап тұрып:

— Сұрап жүрген Қыпшанды тауып берсем, не берер едің? — дейді.

Саудагер:

— Сөзіңіз рас болса, сексен қашыр алтын, жамбы, гауһарым бар, соның барлығын берейін, — дейді.

Шал:

— Үйім пәлен жерде, кешке кел, бірақ та менің әміріме бойсұнасың, — дейді. Саудагер «болады» деп, барлық дүниелігін өткізіп беріп: «Бұл «Қыпша» деген не зат екен? Енді не болса да болары болды, Алла

неге жазса, соны көремін», — деп, кеш болғанда шалдың сарайының есігіне барады.

Сол кезде шал қақпасын ашып, саудегерге «дымыңды шығарма» деп, қылышты шығарып алып, бүркенген бір адамды сарайынан алып шығады да, саудагердің қасына келген соң: «Дыбыстарың шықса, бастарыңды шауып жіберемін», — деп, екеуін айдап отырып шәрінің сыртына шығарып, бір қанша жерге дейін айдап келіп, саудагерге: «Ұста мына қолдан, таң атып күн шықпай көруге немесе жауап қатуға болмайды. Ал, кетіңдер!» — деп, өзі сол жерде қарап тұрады. Сәудегер бір адамның қолынан жетелеп келе жатып: «Қыпша дегені адам болды ғой, бұл соқырма, пұшық па? Дүние-қазынамды сарп қылып қанша бейнет көргенімдегі тауып алған Қыпша қандай адам болып шығар екен?» — деп ойланып келе жатып күрсініп қалыпты. Сонда жетелеп келе жатқан адамы «қорықпаңыз» деп қояды.

Дауысын байқаса, әйел дауысы, таң атып күн шыққанда бір бастауға келіп, саудегер: «Енді не де болса көрейінші», — деп, бетін ашып жібергенде күндей жарқ ете түсіп, саудагер талып қалады.

Қыпша саудегердің бетіне су бүркіп есін жиғызып алып, өзінің тарихын сөйлей бастайды:

— Мені сізге берген шал — менің шешемнің ағасы. Менің әкем де, шешем де бір жасымда өліп, мен нағашымның қолында қалыппын. Мен екіден үшке шығарымда нағашым: «Осы балам бөлекше, адамзатқа көрсетпей бағамын», — деп, елге мені өліп қалды деп хабарлап қояды. Соныменен нағашым түпкі төр үймен жалғастырып маған арнап жекелеп бір үй салады, менің бөлмемнің есігі түпкі үйдің төрінен төмен түсіп, менің үйімнің есік жағынан басқышпен өрлеп шығатын етіп жасаған. Қора мен дарбазаны мықты, биік етіп жасап, күндіз-түні қақпаны бір минут ашық қоймайтын болған.

Кісі жоқта үй ішімізбен бірге отырамыз. Сырттан келген адам есік қақпайтын амалы жоқ, сонда мені басқышпен өз бөлмеме жіберіп, келген адамдарға сонан кейін қақпаны ашып, кіргізіп тұрады. Нағашым өзі оқытып, өз білгенін түгел білгізді. Мені сондай етіп бағуменен нағашымның үй ішінен басқа, сізден басқа адам баласы көрген емес. Мен биыл он сегіздемін, осыдан үш жыл бұрын нағашымның алыс жердегі бір қимас досы келіп, екеуі төр үйде сөйлесіп отырғанда, нағашым: «Біттейінен бағып, желге, құсқа тигізбей өсірген алма әбден піскенінде жеуге қимағаннан қиын нәрсе болмайды екен. Бізге сондай бір уайым кезіккеніне бір жылдан асып барады», — деді. Сонда нағашымның досы: «Досым, ондайлық жеуге қимайтын алманың қолға келуі оңай емес, Алла Тағала қимастай етіп қолға берді, Алланың төтенше берген бір рақымы, алманы тәрбиелеп, әбден піскенінде өзінің жаралуындағы бетіне қарай бейімделмесеңіз, дер кезінен алмасаңыз, дүниеге келіп, одан өткен соң жаралмаған өлі бір зат болады да қалады. Соның үшін сіздің бұл ойыңызға қосылмаймын», — деді. Нағашым үнсіз отырып қалды. Келген мейманменен

барлығы тамаққа отырғанда, бір ыдыстағы асты нағашы шешем байқамай «мынау Қыпшаныкі» деп қалды. Нағашымнан басқа жағдайды ұққан досы нағашы апамнан менің атымды естіп қалып еді, менің бөлменің керегесі өте жұқа болған үшін төр үйдегі сөйлеген сөздерді анық естіп отыратын едім. Менің атымды сол адамнан басқа дүниеде адам баласы есітпеген және де менің дүниеде бар екенімді де ешкім білмейтін еді, сіз мені анық іздеп келсеңіз, сол адамнан естіп келесіз, — депті.

Саудагер Қыпшаны көргенше Қыпшаның не зат екенін білмей келгенін түгел айтып беріпті. Қыпша:

— Алла басында мені сізге қосылуды нәсіп қылған екен, енді еліңізге тартыңыз, — деп, екеуі еліне қарай келе жатып, жолда бір шәріге келіп тоқтайды. Екеуі кеңесіп, осы шәріде біраз тоқтап демалалық деп, бір үйді пәтерге алып, өздерінше бір үй болып отырады.

Қыпша бетіне перде жауып, жүзін бір адамға көрсетпей сақтануда болады. Қыпша бір күні: «Бізге аз тұрсақ та, қаражат керек қой», — дейді де, бір орамал тігіп, базарға апарып сатып кел деп еріне береді. Саудагер базарға шығарғанда базардағылар таласып, ақыры бір бай саудагер қымбат бағамен сатып алады да: «Осындай орамалдар болса, қанша болса да ала беремін», — депті.

Орамал өте қымбат бағаға нарқы кесіліп, Қыпша күн сайын бір орамал шығарады да, бір айдағы сатылған орамалдың сомасы бірнеше мың ділдә болып кетіпті. Бұлар артықша пайдаға қызығып осы шәріден бір үй салмақшы болады. Қаражат жеткені үшін қорасын мықты етіп өте жақсы үй салдырады. Қора-жай біткен соң, өз үйлеріне көшіп шығып, Қыпша еріне: «Осы қораға адам баласы кірсе, өмірлік өкінішке қаламыз. Өте сақ боларсыз», — депті.

Бұрынғы әдеттері бойынша күніне бір орамал сатып, ақыры байдың бірі болады. Бір күні сол шәрінің патшасы шәріні аралап жүріп орамал сатып алып жүрген саудагердің дүкеніндегі орамалды көріп:

— Мына орамалды қайдан алдыңыз? Мұны қандай адам жасады екен? — деп сұрапты.

Саудагер:

— Тақсыр, осы орамалды сататын бір-ақ адам, өзі осы қаланың адамы емес, сырттан келген болуы керек, — депті.

Патша орамалды тіккен адамға көрмей-ақ ғашық болып, саудагерге:

— Осы орамалды сатып жүрген адамның үйін алдымен өзің көріп, онан кейін маған көрсетіп бересің, — деп бұйырады.

Саудагер:

— Болады, тақсыр, — деп уәде береді.

Патша кетісімен-ақ орамал сатушы саудагер де орамалын алып келіп қалады. Дүкендегі саудагер орамалын алып, тиісті ақшасын беріп, тездетіп дүкенін жауып, орамал сатушының артынан білдірмей еріп отырады.

Орамал сатушы саудагер бірнеше көше айналып келіп, өте сәндеп жасаған бір сарайға кіріп кетеді. Саудагер көріп алып, ертесіне: «Орамал

сатушының үйін таптым», — деп хабарлайды. Патша көрген саудагерді ертіп өзі келіп көріп: «Осы үйдегі әйел қандай екен, көріп кел», — деп, бір уәзірін жібереді. Уәзір келіп қақпасын қақса, ар жағынан бір әйел дауысы: «Кіруге рұқсат жоқ, қайта беріңіз», — деп, қақпаны ашпайды. Уәзір болған уақиғаны патшаға айтып келеді. Патша бұл хабарды есіткен соң, ойлағанындай осында өзін халыққа көрсетуге болмайтын әйел бар екендігін біліп, ғашықтығы бұрынғысынан да арта түседі. Саудагердің үйіндегі әйелді білу үшін бірнеше адамды жібергенмен, қораға кіре алмай, бұған енді не амал бар деп уәзірлермен ақылдасқанда, бір уәзірі: «Тақсыр, ол қораға айламен кірсе, «пәлен» деген мыстан кемпір кірер», — дейді.

Патша мыстан кемпірді шақыртып алып: «Шеше, айламен сол қорадағы әйелдің анық қандай екенін біліп берсеңіз, сізден дүние аямаймын», — дейді. Мыстан: «Қандай болса да, анығын өз көзіммен көрейін», — деп, уәдесін беріп, үстіне адам денесіне ілмейтін жаман киімдерді киіп, қайыршы болып, кешке таман саудагердің қақпасына келіп қайыр сұрайды. Қыпша садақаға қақпасын ашпай, ар жағында тұрып бір ділдә береді. Кемпір ділдәні алып батасын беріп: «Балам, панасыз алыстан тентіреп келген бір мүсәпір едім, осы қаладан бір адамды танымаймын, Құдай үшін үйіңізге бір түнеп шықсам», — деп жалынады. Қыпша: «Шеше, кіруге рұқсат жоқ, кетіңіз!» — деп, кетіп қалады. Мыстан ол күні кетіп қалып, ертесі кешінде тағы да қайыр сұрап келеді. Қыпша және бір алтын садақа беріп, неше түрлі амалмен сөйлеген сөзіне қарамай кіргізбей қояды.

Күн батып, қараңғы түсе бастағанда үй иесі саудагер келсе, кемпір қақпа түбінде отырып, саудагерге неше түрлі айламен зарлы сөздерін айтып, бір түнеп шығуға рұқсат сұрайды. Саудагер бір ділдә садақа беріп: «Шеше, кіруге рұқсат жоқ», — деп, қораға кіргізбейді. Саудагер қақпасын ашып ішке кіргенінде мыстан кемпір: «Балам, мен сорлыны осы шәрінің адамы үйіне кіргізу былай тұрсын, кешінде жатып шығуға қақпасының алдына да жатқызбайды. Сізден рұқсат болса, қақпаңыздың алдына түнеп шығып, таң атқан соң елден қайыр сұрайын», — дейді.

Саудагер іште тұрып: «Шеше, сізден мен көшені қорымайын, ондай етемін десеңіз мейліңіз», — деп кетіп қалады. Мыстан амалменен түнімен қақпаның алдында жатып, ел тұрған кезінде қайыр сұраған болып кетіп қалады.

Бұл мыстан осыменен үш күн кешінде үздіксіз келіп, саудагердің қақпасының алдына түнейді. Төртінші кешінде қорасына кіріп бара жатқан саудагерге: «Әй, көп жасағыр-ай, сіз болмасаңыз, осы қалада күндіз болсам да, түнде бола алмас едім. Қақпаңыздың алдын бергеніңіз маған төріңізге отырғызып, құстөсекке жатқызғандай болды, қарағым, жолың болсын», — дейді.

Сонымен бірнеше күн өтіп, енді бір күні мыстан саудагерге: «Балам, мен әзір осындай халде жүргенмен, жаралыстан мұндай емес едім. Құдайдың кездейсоқ қосуымен ғана осы халге келген едім, сол бір

төтеннен кезіккен іспен осы халге кезігіп, сол істі негіздеп жүрген де жайым бар еді. Сіз болмасаңыз, осы шәріде жүре алар да емеспін, сіздің арқаңызда осы шәріге тиянақтап, ісім оңына таман айналғандай болды. Шаруам әбден аяқталып, өз шәріме қайтарымда, өзіңізге қош айттып, тосыннан ұшыраған ісімді әбден түсіндіріп кетемін. Балам, сізге көп рақмет, — дейді.

Саудагер: «Жақсы, шеше», — деп, қорасына кіріп кетіп: «Бұл сорлының кездейсоқтан жолыққан ісі қандай іс екен?» — деген ойға келеді. Есіткен сөзін Қыпшаға айтқанда, Қыпша: «Ондай ісі болса, кетіп бара жатқанда естірсің, кім біледі, адам аласы ішінде деген», — дейді. Енді бір кешінде жаңбыр жауады. Саудагер анадайдан көрінгеннен-ақ мыстан өтіріктен иегі иегіне тимей дірілдеп тоңып, бүржиіп тұрып саудагерге: «Ойпырмай, жаным балам-ай, тоңып өліп кетер ме екенмін, тіпті әлім құрығандай болып барамын», — дейді. Саудагер аз ойланып: «Осы бейшарада не бар? Мына нәсер жаңбырда обал болмасыншы», — деп, қақпасын ашып өзі қорасына кірерде: «Шеше, өте қатты қалтырап тоңып кеткен екенсіз, үйге кіріңізші», — деп, үйіне ертіп кіреді. Мыстанды ертіп кіріп келгенде Қыпшаның жүрегі зу ете түсіп, пердесін жүзіне жаба алмай қалады. Мыстан Қыпшаны көріп: «Бұл шынымен адам ба, жоқ, пері зат па екен?» — деп, неше түрлі ойға қалады. Қыпша еріне: «Іс жаманға соқпасын, болар іс болды, енді бұл кемпірді мен жібермеймін», — дейді. Сонымен кемпірге жаңа киім кигізіп, Қыпша: «Сізді шеше орнына шеше, әке орнына әке қыламыз. Дүние, міне, жетеді, енді осы қақпадан шықпайсыз, өлсеңіз, өз қолымыздан таза арулап қоямыз», — дейді.

Кемпір «жібермеймін» дегенге ішінен қатты қорқып, сыртынан өте қуанған болып, күле сөйлеп: «Ойбай-ау, олай десең, балам, менің Құдай тілеуімді шынымен берді емес пе? Менің онан артық қандай тілегім болады», — деп, өтіріктен батасын беріп, күлмеңдеп қалады.

Мыстан кемпір бір айдан артық тұрады. Қыпшаның байқауынша кете қоятын түрі де сезілмейді. Бір күні мыстан дода-дода болып жылап отырғанын Қыпша көріп: «Шеше, не болды?» — деп сұрайды. Сонда мыстан:

— Балам, мен хал-жайымды ашып айтпағанмен, осы үйдегі балама үйіңізден пана таппай тұрғанда шет жағалатып айтқан едім. Менің ерім де өздерің сияқты өте бай еді. Ерім қайтыс болып, жалғыз баламмен екеуміз осындай бір сарайда шошайып қалдық. Бір күні осы шәрінің қарақшылары жалғызымды өлтіріп, барлық қазына-дүниелігімді бұлап алып кетті. Мен жалғыз қалып, бар дүниемнен айырылған соң кімге сыямын деп, сол дүниелігімнен бірдеме тиер ме екен деп, қайыршының киімін киіп, осы қалаға келіп жалбызбалап жүріп бір адаммен жалғасып, қарақшыларды тауып, дүниелігімді тигізіп берсе, жалғасқан адамға тиген дүние-мүліктің тең жарымын беретін болып, сол кісінің амал, күш-қайратымен ұрланған заттарымның жарымға жуығын тигізген едім. Тиген дүниеліктің өзіме тиістілерін жерге көміп қойып, алды тиген соң, қалғанын да тигізіп алайын деп тоқтап жүр едім. Ол

көмген заттарымның көпшілігі шірімейтін алтын, гауһар сияқты асылдар. Ал енді өзі өлсе де, өз көзім жұмылғанша «ең болмаса киген киімі көз алдымда тұрсыншы» деп, жалғызымның бір бағалы ішігінің өзін алып едім. Жылаған себебім, біріншіден, арманда кісіден өлген жалғызым есіме түсті. Екіншіден, көз алдымда тұрса деген ішік шіріп қалады-ау, жалғызымның көзін Құдай оңына келтіріп қолыма тигізгенде, қайтадан айырылатын болғаным ренжіп отырмын. Мен жалғызым мен үстіндегі киімі үшін ғана жыламасам, дүниесі құрғыр үшін жыламаймын, қарағым. Дүние деген осы үйде жетерлік екен ғой, енді өзімнен тумасаңдар да, туғандай болған сіздерге болмаса, шынында, шырағым, маған енді қанша керегі бар. Сендер аман болсаңдар, енді ештеңеге мұқтаж болмасыма көзім жетті, шырағым. Егер сіздерге керек қой десеңіздер, өзім көтергенімше жарым-жартылап алып келейін. Сіздерге керек болмаса, шірігені шіріп жата берсін. Енді дүниесі құрғырға өте қызығып та отырғаным жоқ, — деп монтансыды.

Сонда Қыпша: «Осы кемпірдің менің еріме айтқаны шын болды-ау. Ойлап қарағанда еріме бастапқы айтқан сөзі осы екен ғой, мұның шіріп кететін баласының киімін шіріттіргенім тіпті обал болар, мұны баласының киіміне жіберейін», — деген ойға келеді.

Қыпша:

— Шеше, ол балаңыздың киімін қойған жер жақын ба еді? Алыста ма?

Мыстан:

— Ойбай, қарағым, осы қаланың ішінде, адам көрмейтін бір оңаша жерге тығып едім, оны қалайша сұрадың, шырағым? — деп қояды.

Қыпша:

— Баламның киімін көріп отыра алмайтын болдым-ау деп жылаған соң, ешкімге көрінбей алып келсе болар ма екен деп сұрап отырмын, — дейді.

Мыстан:

— Ондай ойласаң, тіпті Құдай тілеуіңді берсін, ана дүниесі құрғырдан да жалғыздың киімі ғой өте маған қажеттісі. Сөйтсе де, дүниесі құрғыр да өздігінен табылмайды ғой, бір күнде еңбек қылып жинаған дүниелік бекер жер астында қалмасын, менде ол толып жатқан дүниеліктің қаншасын көтеруге шама болсын. Сондай болса да өзімнің шамама қарай көтергенімше ала келейін, — дейді.

Қыпша:

— Жарайды, шеше, тезірек қайтыңыз және ешкімге көрінбей келіңіз, — дейді.

Мыстан кемпір:

— Болады, балам, — деп, қақпадан шығып алып, қуанышы қойнына сыймай жүгіре басып патшаның ордасына келіп:

— Тақсыр, ғашығыңызды таптым! Пері ме десем, адамзат екен, ақылын таптым, өзін әзір алып келемін. Маған бір бағалы гауһар даяр етіңіз, — депті.

Патша өте қатты қуанып, барлығын даяр қылады. Мыстан бір асыл ішікпен өзі көтергендей гауһарды арқалап, дедек қағып Қыпшаға жетіп келеді. Мыстан «Балам, жалғызымның бір көзін әкелдім. Мұнымен қосып гауһар, ділдәлардың біразырағын да көтергенімше әкелдім. Менің енді кәрі қойдың жасындай ғана жасым қалды, жаным балам, өздеріңнің дүниелерің ғой, далада қалғанша қалғанын түгел жеткізіп алсақ қайтеді», — дейді. Қыпша бұл мыстанға әбден сеніп:

— Оларыңыз жақында ма? — деп сұрайды.

Мыстан:

— Қарағым-ау, қашық емес демедім бе? Оңаша бір бақтың ішінде. Балам, бетіңе пердеңді жауып ал, өзіңе Құдайымның берген шырайы бар емес пе? Нәмахарамдар жүзіңді байқамасын. Менен жассың, қайратың бар ғой, екеуміздің бір рет көтеріп келгенімізден қала қоймас. Егер түгел көтере алмасақ, қалғаны көп болса менің бір барып әкелетінімдей-ақ қалар, — дейді.

Қыпша кемпірге күдіксіз сеніп, ішінен: «Мұның алтын, гауһарларының жер астында қалғаны да болмас», — деп ойланып:

— Жүрсеңіз жүріңіз, — деп, кемпірге ілесіп көшеге шығады. Патшаның жеке бір қалың бағы болған екен, кемпір Қыпшаны сол баққа ертіп келеді. Бұларды асығып күтіп тұрған патша жеңдеттері сөзге келтірмей патшаның ордасына алып келеді. Қыпша бармағын шайнап шарасыздан патшаның ордасында еріксіз қолға түседі.

Патша Қыпшаны көрген соң бүтіндей есінен айырылып:

— Мен сізге көрмей жан-діліммен ғашық болып алғыздым. Өзірден бастап менің адаммысың, — деп, мақсатын орындамақшы болады.

Қыпша:

— Сіз де, біз де мұсылманбыз, мұсылман шарифатында, бір әйел ерінен шықса, үш ай он күн мүдеті⁶⁴ болатынын, әділ патша, өзіңіз жақсы білесіз. Мен ері бар адаммын, ерім болса да, ендігі өмірім сіз сияқты атақты патшаға тура келген соң мен сізге ризамын. Бірақ та менің тілегім — келешегіміз қайырлы болуы үшін шарифат үкіміне бой ұсыналық, «асығыстық — шайтан ісі» деген. Шарифат үкімі біткенше екі жағымыз да сабыр етелік, — депті.

Патша үш ай он күнді өте қашықсынып:

— Ойбай, оныңыз тым ұзақ қой, сіз шын тілесеңіз бір ай он күнге тоқталық, — деп, 40 күнге тоқтайды. Қыпша берік сарайда қамауда еріксіз қала береді.

Ендігі әңгімені ері — саудагерден басталық. Саудагер базардан шығып үйіне келсе, үйінде Қыпша да, кемпір де жоқ. Сұмдықтың болғанын сезіп, шаш, сақалын жұлып, есінен танып біраз жатып қалады. Бір кезде есін жиып, біраз отырып: «Маған енді тіршіліктің керегі не?» — деп ойлап, үйіне бір адамды пәтерге отырғызып, қайыршының киімін киіп, үйме-үй, көшеме-көшеде «Алла ақ» деп, мойнына қоржын салып тентіреп,

⁶⁴ Мүдеті (мүддеті) — мерзім.

Қыпшадан хабар шығар ма екен? деп жүре береді. Саудагер күндіз болса үй-үйден қайыр сұрап, қора-қораларға кіріп, дымы құрығанда өз үйіне келіп жатады.

Сонымен арада 38 күн өтеді, Қыпшадан әлі хабар жоқ, отыз тоғызыншы күні тентіреп жүріп патшаның қақпасының алдына келіп, бар дауысымен: «Алла ақ», — деп, асай-мүсейлерін салдырлатып тұрады. Қыпша ері саудагердің дауысын танып: «Пәлен адамда осы патшаның биік дуал қорғанынан қарғып түсетін екі тұлпар аты бар екен, соны қайтсең де сатып алып, ертең кеште, ел ұйықтаған кезде осы қақпаның ішіне кірмесең, енді мен саған жоқпын», — деп, болған мәселені айтып хат жазады. Ол хатты бір нанның ішіне тығып, бір күтушіге: «Мына нанды сыртта тұрған қайыршыға бер», — деп, беріп жібереді. Ері ол нанды қоржындағы көп нанның ішіне тастай салып, тағы да жүріп кете береді. Отыз тоғызыншы күні сәудегер ешқандай дерек таба алмай, қайғымен қатып үйіне келіп жатады. Қыпша кеткелі анық бір жапырақ нанның басын құрап жемеген, қарны әбден ашқан. Жылап жатып, нанның ішінен бір нан алып жемекші болып, қолына алған нанды пышақпен кесіп жібергенде, ішінен Қыпшаның хаты шыға келеді.

Саудагер хатты оқып, ахуалды толық түсініп, сол түні таң атқанша ұйықтамай, таң атысымен екі тұлпардың иесіне келіп, өз бағасынан неше есе артық баға беріп екі тұлпарды сатып алады да, даярлық етіп тұрады.

Кешінде патшаның биік дуалына екі тұлпар атты қамшылап-қамшылап жіберіп, биік дуалдан қарғытып ішке түседі. Саудагер ішке түскенде Қыпшаның алдындағы күтушілері ұйықтамай, Қыпша кешігіп қалады. Саудагер бірқанша күндерден бері қайғымен ұйықтамай жүргендіктен, біраз отырған соң ұйқысы келіп, тұтқиылдан ұйықтап кеткенін өзі білмей қалады. Саудагер ұйықтап жата берсін, сол шәріде жатқанның жанын кесетін бір ұры бар екен. Ол ұры патшаның қазынасын ұрламақшы болып, сырттан бұзып алуға ретін таба алмай, қазына-қорының ішінде болған үшін жер астынан тесіп келіп, алдымен қораның ішіне кірмекші болып, бірнеше күн жер астын кеулеп қазған екен. Саудагер қатты ұйқыға кірген кезінде әлгі ұры патшаның биік дуалының ортасынан тесіп шыға келеді. Ұры шыға келсе, бір адам екі жақсы атты ұстап, ұйықтап жатады. Ұры: «Бұл атпен қалай түседі, мұнда бір сыр болу керек», — деп, екі атты саудагердің қолынан алып, басқа бір жерге барып тұра қалғанда сарт етіп есік ашылады. Ұры: «Бұл неғылған адам екен?» — деп қарағанша болмай, қоржынның екі басын толтырып көтерген бір әйел жетіп келіп, ұрыға: «Қоржынды мықтап байла, тезірек кетелік», — дейді. Ұры қайран қалып: «Не болса, сол болсын, осы адамның бетіне қарай істейін», — деп, қоржынды қанжығаға байлағанша Қыпша тұлпарға мініп дуалдан қарғыта жөнеледі. Ұры аттардың дуалдан қарғып кететінін біліп, қоржын байлаған атпен қарғытып, Қыпшаның қасына ереді. Қыпша: «Ал енді бетіңді түзе де, осы тұлпардың бар жүрісімен жүр», — деп, екеуі қараңғы түн ішінде жарысып жүріп кетеді.

Бұлар жарысып кете берсін, саудагер бір кезде қатты ұйқыдан ояна келсе, қолындағы аттары жоқ. Саудагер бір сұмдықтың болғанын біліп есі шығып, қалай болса солай қораның ішінде сенделіп жүріп, бір жерге гүп етіп түсіп кеткенін өзі білмей қалыпты. Бұл түсіп кеткен жері патшаның қазынасын ұрлау үшін қазып шыққан ұрының қазған жері болып, соныменен таң біліне көшеге шыға келеді.

Қыпшадан айырылған соң, маған енді тіршіліктің керегі жоқ деп, дерексіз кеткен Қыпшаны іздеп, беті қалай ауса, солай тентіреп жүре береді.

Ендігі сөзді Қыпшадан басталық, бәледен құтылдым ба деп, асығып, аттың арынымен тұра шаба жөнелген Қыпша бір-екі көше айналғанда-ақ қасындағы басқа адам екенін білсе де: «Не де болса болары болды, ақырын бір-ақ көрейін», — деп, сол бетімен кете береді. Ұрының қуанышы ішіне сыймай, Қыпшамен үзеңгі қағысып жарысып келеді. Таң атқанда қараса, адам екені, перизат екені белгісіз бір сұлу. Қыпшаға қарағанда аттан талып түсе жаздап, жан-тәнімен ғашық болып: «Құдай бағымды көтеріп, қиуасыз жерден кез болған жаным, енді мақсатты орындалық», — деп, Қыпшаны айналдыра бастайды.

Қыпша:

— Мені Құдай сізге қосу үшін ойда жоқ жерден кезіктірді, енді мен сіздің адамыңыз болдым. Асықпаңыз, асығыс сайтан ісі емес пе? Алдымен мына зұлым патшадан ұзап құтылып алған соң, өзімізді өзіміз білеміз ғой, — дейді. Ұры бұл сөзге қатты риза болып, сол жарысқан беттерімен шауып отырып, түс қайта бір қалың ағашқа келіп түседі.

Бұлар аттан түскенде, ұры сенделіп, ат соғып шаршап қалғандығын айтады. Сонда Қыпша:

— Сіз жер қазумен бұрын қатты шаршағансыз ғой, мен артық шаршамадым, сырқыраған қол-аяғыңызды біраз уқалап, сізді тезірек тынықтырып алайын, — деп, ұрының қол-аяғын уқалай бастайды. Ұры бұған өте насаттанып, мұртынан күліп, аяқтарын созып жіберіп, қуанышы ішіне сыймай жата береді. Қыпша адам талдыратын у дәріні білгізбей ұрының аяғына жаға береді. У дәрі ұрының денесіне жайыла бергенде ұры бір-екі есінеп, есінен танып қалады. Қыпша ұрыны талдырып тастап, тұлпардың бірін мініп, бірін жетегіне алып жүріп кетеді.

Ұры талған күйінше жата берсін. Қыпша ұрының бар киімін шешіп алған еді. Ұрыдан ұзап шыққан соң, өз киімдерін қоржынға салып, ұрының бар киімін киіп, еркек болып алып тарта береді.

Бір шәрінің сырт жағына келгенде, топырлаған қалың адамды көріп, бір адамнан жиылған адамның жайын сұрайды. Сұраған адамы:

— Біздің шәріміздің бірнеше заманнан бері «бақыт құсы» деген бір құсы болды. Ол құстың тұқымы өмірінде бір-ақ рет жұмыртқалайды. Жұмыртқаларда тамақ жемей, су ішпей, қанат қағып шақылдайды. Сол кезде босатып қоя берсе, ұшып кетіп, екі ай өткенде келеді. Сонан кейін ұзамай-ақ жұмыртқалап, жұмыртқасын басып, балапан шығарған соң

ұзамай өзі өліп, балапаны қолдан асыраумен анасындай бақыт құсы болады. Сонымен бірге біздің осы шәрімізге кім патша болатын болса, бақыт құсы сол адамның басына қонады. Біздің осы шәріге көп жылдардан бері бақыт құсы басына қонбай, ешкім патша болған емес. Ал енді мына халықтың жиылған себебі, біздің патшамыз өлгеніне бір айдан артық болды. Шәрі халқы бақыт құсын жіберіп, патша сайламақшы болып құсты ұшырғалы бірнеше күн өтсе де, бақыт құсы ешбір адамның басына қонбай, ағаш басына қонып, осы сіз келген жаққа қарап қанатын қаға береді, соған халық қайран болып, күн сайын осы насай⁶⁵ топыр, — деп, сөзін аяқтайды.

Қыпша жиылған елдің жайын түсінген соң, осылардың тамашасын көрейінші деп, көпшіліктің ішіне келіп тұра қалады.

Қыпша келіп тоқтасымен бақыт құсы ұшып келіп Қыпшаның басына қонып, біраздан соң қайта ұшып баяғы отырған ағашына барып қонып отырады. Көпшілік бұған қайран болады. Құсты сынау үшін отырған ағашынан түртіп ұшырып жіберсе, Қыпшаның басына келіп қонып, аз отырып қайтадан отырған ағашына барып қонады. Көпшілік те үш рет сынап көреді, үшеуінде де құс бір қалыптан аумайды. Сонда өлген патшаның ақылды бас уәзірі: «Көпшілік, осы келген адам бізге уақытша патша екен, біздің негізгі патшамыз бұл халықтың ішінде жоқ екен. Енді осы жігітті таққа шығарайық, негізгі патшамызды тағы да көрерміз», — дейді.

Қыпшаға барлық көпшілік бас иіп: «Тақсыр, сіз біздің патшамызсыз», — деп, таққа шығарып, патша қылады. Қыпша өте әділеттілікпен халықты басқарып тұра береді. Қыпшаға көпшілік: «Сізде әйел жоқ екен, өзіңізге лайық бір сұлу алыңыз, әйелсіз тұруға бола ма», — дейді. Қыпша: «Менің үйленетін уақытым кейінірек, әзірше үйленбеймін», — деп қояды. Патшасы өлген шәрінің бақыт құсы бір қанша күнге дейін ешкімнің басына қонбай қойғаны, ақырында екі тұлпар аты бар бір жолаушының басына бірнеше рет қонып, қайтадан ұшып тұрғаны, ол адам патша болып, үйленбей тұрғаны елден елге естіліп, дабырап кетеді.

Қыпшаның саудагер ері, Қыпшаны ұрыға алдырған патша және мас болып қалған ұры — үшеуі де Қыпшаның дертіменен, қайғысымен қарайып, Қыпшаны іздеп сандалып жүріп, ел аузындағы өлген патшаның орнына басқа біреу патша болған ахуалдарды үшеуі де естиді.

Бұлар болған істің жайына қарап: «Жаңа болған патша анық Қыпша болар», — деп, қуаныштан жүректері жарылып кете жаздайды. Қыпшаға ғашық болған патша: «Қыпша — уақытша патша. Негізгі патша бар деп дәулет құсының күтіп тұрғаны өзім-ақ болдым ғой», — деп қуанады. Қыпшаның ері саудагер осы ойды ойлап: «Құдай бұйырса, Қыпшаны таптым ғой, сол анық Қыпша болды», — деп қуанады. Ұры: «Бұл шынымен өзім патшаның ордасынан алып шыққан сұлусымақ болды. Ол сұлу маған шын сөзін айтып-ақ еді, бірақ та мен тұтқиылдан талып қалған соң кетіп қалды ғой. Енді тауып алсам, өзінің уәдесі бойынша ол сұлу менікі

⁶⁵ Насай — ретсіз, тәртіпсіз.

болады. Сонда дәулет құстың күтіп тұрған патшасы мен болдым ғой», — деп қуанады.

Бұл үшеуі де жаңа патшаның шәрісінің жөнін сұрап алып, асығыстықпен сол шәріге қарап жүріп береді. Саудагер асығыстықпен келе жатып, сапарда көп жүрген бір адамға кезігеді. Екеуінің бет алысы бір жақта болып, бұлар жолдас болып бірге жүріп келе жатып, саудагер жөн сұрайды. Патша өткен ахуалды түгел айтып келіп: «Іздеген ғашығымды тауып, сол шәрінің өзіне патша болуға аз уақытым қалды», — деп, қуанышын түгел сөйлеп береді.

Саудагер толық түсініп, ішінен Құдайға тәубә қылып: «Ақ иіледі, сынбайды» деген ғой, істі бәйгеде көрерміз. Мен сол шәріде бір жұмысым болып келемін, сапарыңыз қайырлы болсын. Енді екеуміз бір жолдас екенбіз», — деп, екеуі жолдас болып жүре береді. Бір-екі күн өткенде бұлар бір адамға кезігіп жөн сұраса, ол адам Қыпшаны алып қашқан ұры болып шығады.

Ұры Қыпшаның берген уәдесін айта келіп: «Енді іздеген ғашығымды тапсам, дәулет құсы күтіп тұрған патшасы өзім шығармын», — деген қуанышын айтады. Сонда патша саудагерге сыбырлап қана: «Мына тамашаға қараңыз, менің еңбекпен алдырған ғашығымды ұрлап алып кетіп, айтып келе жатқан сөзін көрдіңіз бе? Сіздің де жұмысыңыз сол шәріде екен ғой, Қыпшаны тапқаннан кейін мұның оттасын көресіз ғой!» — деп, теріс қарап мырс-мырс күліп жібереді. Саудагер ішінен: «Түп-тура айтып келесің, сен зұлым болмасаң, Қыпша екеумізге осы көрген бейнет бар ма еді?!» — деп, патшаға қосыла күледі. Бұл үшеуі де қуанышпен келе берсін, енді Қыпша жақтан әңгіме басталық.

Қыпша таққа отырғаннан кейін ерін іздеу үшін әртүрлі ойға келіп: «Япырай, дерексіз қалай іздетемін? Осы атақты шәрінің патшасын сайлаудағы болған ахуал талай жерге таралмас па екен? Ел аузынан есіткен аңызға қарай менің осы елге уақытша патша болғанымды халайық оймен білмес пе екен? Мүмкін менің өз ерім тұрсын, залым патша мен ұры да іздеп келмегей, не де болса, біраз уақыт байқайын», — деп, патшалық үкімін жүргізіп, өзінің әйел екендігін білгізбей тұра береді. Сонымен бірқанша күндер өткен соң, бір күні дәулет құсы қанатын қағып, шиқылдап, талпынып аласұра бастайды.

Мұны көрген ақылды бас уәзір: «Мына құстың мынандай етуі бекер емес, мұнда бір мән болды. Бұл құстың жұмыртқалайтын да уағы емес, меніңше, біздің негізгі патшамыз осы шәріге келген болуы керек», — деп, құстың аласұруын Қыпшаға айтады. Қыпша: «Олай болса, халық жиылып майданға шықсын, құсты жіберіп көрелік», — деп, халық болып майданға шығады. Халық түгел жиылып болғанда, дәулет құсын отырған орнынан ұшырып жіберсе, құс ешкімнің басына қонбай, Қыпшаның басынан үш айналып келіп, өзін ұшырған орнына қонып отырады. Көпшілік үш рет сынап көрсе, құс бір қалыптан аумайды. Сонда бас уәзір тұрып: «Мынаның ойынша, біздің ендігі патшамыз басқа адам болатын болды.

Бірақ та мына патшамыздың басынан айнала беруі қалай екен? Осы жиынға келмей қалған адам бар ма екен?» — дегенше болмай, үш жолаушы қалың топтың ішіне жетіп келеді. Қыпша сонадайдан үшеуін де танып, ішінен Құдайға шүкірлік етіп, қуанышпен тағында отыра береді. Жолаушылар келіп тұра қалысымен-ақ дәулет құсы ұша жөнеліп, тұрған залым патшаның беттерін тырнап қаната барып, саудагердің басына қона қалады.

Қыпша шыдай алмай, қалың жиынның ішінде ерімен жылап көріседі. Саудагер Қыпшаны көргенде есінен танып, жығылып түседі. Көпшілік қайран қалып, Қыпшаның әйел екенін сонда ғана біледі. Қыпша бұрынғы бастан кешкен істерді түгел сөйлеп береді. Жиылған халық Қыпшаға сансыз рақметтерін айтып, ері саудагерді сол сағатында таққа шығарып патша етеді. Саудагер патша болған соң, зұлым патшаны дарға тартып өлтіртіп, ұрыны азат етіп еліне жібереді. Саудагер мен Қыпша сол шәріде патшалық дәуірімен қалған өмірлерін қызықпенен өткізіпті.

Қарға Шаһизат

Ілгергі өткен ерте заманда бір өте даулетті бай болады. Есігінің алдында малайлары, құлдары болған екен. Малы орасан көп болған. Бай алпыс үшке жеткенше бала көрмей, бір перзентке зар болыпты. Үш әйел алады, үшеуінен де еркек кіндік болмайды. Бай алпыс үшке келгенде төртінші әйел етіп, бір кедейдің қызын алады. Тоғыз ай, тоғыз күн өткенде әйел екіқабат болады. Бай қуанып, ел-жұртын жинап:

— Менің әйелім ұл перзент таба қойса, менің жүрегім жарылып кетер, әйелім туғанша тағат етіп отыра алатын емеспін. Сондықтан маған ерем дегендерің соңыма еріңдер, мен үлкен кеме жасап су арқылы жер жүзін кезгім келеді, — дейді.

Ел-жұрты айтқанын кабыл алып, ұсталарды жинап, қырық күн ішінде ішіне елу кісі кететін кеме істеп, бейсенбі күні түстен кейін кемені суға салмақ болып, ел-жұртымен қоштасып, елу кісімен кемені суға итеріп салайын деп жатқанда, бір қара қарға ұшып келіп, кемені суға салдырмайды.

— Мені балаңа ортақ қылсаң, кеменді суға салдырам, — дейді. Бай жолынан қалмас үшін: «Балама ортақ қылам», — дейді. Балама ортақ қылам деген соң, қара қарға да ұшып кетіп қалады. Сонымен бай кемесін суға салып, жүріп кетеді. Бірнеше күн, айлар өтеді. Ай толып, байдың әйелі арыстандай бір ұл табады. Елі жиылып, неше күн ойын, неше күн той қылып, баланың атын қояды. Байды іздеп сүйінші алуға жұрт асығады. Күні-түні теңізді аңдиды. Байдан хабар болмайды. Бірнеше жыл өтеді. Бала қара табан болып, бес-алты жасқа жетеді.

Ел-жұрты байдан, қасындағы жолдастарынан күдер үзеді. Он шақты жылға дейін хабар болмайды. Бала он төрт-он беске келеді.

Бір күні бала шешесінен:

— Менің әкем қайда? — деп сұрайды.

Шешесі болған істі бастан-аяқ баян етеді. Бала ел-жұртын жиып, қасына қарулы, әдісшіл бірнеше жігіт алып, әкесін іздемекші болады. Елін жиып кеңес құрып жатқанда он бес кісімен азып-тозып, жаяу табандары кесіліп, көрмеген қорлығын көріп, бай еліне келеді. Жұрты алдынан шығып, сүйінші сұрап, байды қуантады. Бай баласымен көрісіп, жүрегі жарылғандай қуанып, қайтадан отыз күн ойын, қырық күн той қылып шерін тарқатып, мұнша жасқа келгенде ұл перзент бергеніне Құдайға тәубә қылып, жетім-жесірге қарап, қолындағы барлық құлына бостандық береді. Бала балалармен асық ойнап жүре береді.

Бір күні бір баланың асығын зорлықпен жығып салып тартып алады. Астында жатқан бір таз қу бала екен.

— Сенің біздің елде не жұмысың бар? Сенің әкең — Қарға Шаһизат, біреудің елінде жүріп бүйтесің. Еліңе кет, қаңғырған неме, — дейді. Бала үстінен түседі де, үйіне жылап жүре береді. Әкесіне келіп:

— Менің әкем кім? Мен әкемді іздеймін. Бұл елде тұрмаймын, — дейді.

Әкесі өткен істі жылап отырып баян етеді. Бала Қарға Шаһизатты іздемекші болады. Бай ел-жұртын жиып, балаға неше күндік асын беріп, астына өзінің сүйген атын беріп: «Періштелер қолдасын, бабаларым жар болсын», — деп, батасын беріп баланы аттандырады.

Бала қару-жарақ асынып, ел-жұртымен амандасып, жолға шығып кетеді. Сонан бала неше күн, неше түн жүріп отырып, бір күндері бір үлкен шаһарға кез келеді.

Шаһардың шетінде бір данышпан адамға кездеседі. Жөн сұрасады. Данышпан адам:

— Бұл — жылан патшасының шаһары. Бір жақтан келген бөтен адамды біледі. Ордасына апарып, көп жыланның ортасына қояды. Біреуі мұрныңнан, біреуі аузыңнан кіріп, мойныңа оралып, тұла-бойыңды аралайды. Ол кезде тіпті қимылдамағайсың. Өйткені сені арбап жүреді. Егер қимылдасаң, өлгенің, — дейді. Сонымен бала ордаға келеді. Хан шақыртып алады. Хан кішкентай жіңішке ақ жылан екен. Алтын табаққа салып, айдаһар басына көтеріп жүреді екен. Баланы апарып көп жыланның ортасына кіргізеді. Біреуі аузына, аяғына, құлағына, мойнына кіріп, оралып жүреді. Бала қозғалмай тұрады. Қозғалса, өлетінін біледі. Бала жыланнан аман-есен құтылып, бағанағы жолыққан кісіге келеді. Не қылып ел кезіп жүргенін бастан-аяқ баян етеді. Жаңағы кісі:

— Ол Қарға Шаһизат осы жерден жақын. Ол — хан. Алдына барған кісі аман қайтпайды. Барғаныңмен өліп кайтасың. Сен жап-жас бала екенсің, саған мен бір жақсылық қылайын, айтқанымды орында, — дейді.

Бала әбден «болады» дейді. Қуанғаннан астындағы атын түсіп береді. Кісі:

— Қарға Шаһизаттың қырық қызы бар. Қырқының қырық отауы бар. Күнде түсте қырқы қырық аққу болып, сәске түсте ұшып келіп, осы

жақын жерде бұлаққа шомылады. Сол шомылғанда отыз тоғызы бір де, жалғыз біреуі бөлек түседі. Сен амалдап сол жалғыз түскен қыздың киімін түсіріп алсаң, ісіңнің орындалғаны, — дейді.

Бала қуанып, таңертең барып, қыздардың суға түседі-ау деген жерінде аңдып жатады. Сәске түс бола берген кезде қырық аққу шырқ айналып келіп бұлаққа қонады. Отыз тоғызы бір түседі де, бір аққу бөлек түседі. Бала аңдып жатып, шешініп суға шомылған кезде жүгіріп келіп киімін баса қалады. Басқалары адамды көріп ұшып кетіп, жалғыз өзі қалады. Жаңағы қыз:

— Ей, адамзат, киімімді бер. Саған да бір жәрдемім тиер. Егер мен керек болсам, қырық бірінші отаудан мені тап, — дейді. Сосын бала киімін береді. Қыз киінеді де, аққу болып ұшады да кетеді.

Бала күн батқанша асығып, күн батқан кезде қатар тіккен қырық отаудың күншығыс шетіндегі жеке отауға кіріп келсе, ай десе аузы, күн десе көзі бар, шашы жерге тиіп, көзі жарқырап баяғы қыз отыр екен.

Бала Қарға Шаһизатты іздеп келе жатқанын, неше ай, неше жыл іздеп азап шеккенін айтады. Қыз жақсылап күтіп, жайлы төсекке жатқызып балаға рақымы түседі.

— Менің әкем — Қарға Шаһизат. Алдына келген адам сау кетпейді. Сен ертең азанмен ханға барып сәлем бер. Келгеніңді баян ет. Саған не айтады, не тапсырады, ұмытпай, бұлжытпай маған баян ет, — дейді.

Бала таң алакеуіммен ханның ордасына аяңдайды. Рұқсат алып, патшаға тағзым етіп:

— Ассалаумағалейкүм, Алдияр тақсыр ханымыз,
Құтты болсын, ей, шаһым, саясатты тағыңыз.
Артылсын деп тілеймін, күннен күнге біз ғаріп,
Бастағы дәулет, бағыңыз, —

деп алдиярлап, келген жайын баян етеді.

Патша:

— Олай болса, сен ақиқат менің балам болсаң, мен сынайын. Жұмыс тапсырам. Соны орындайсың, — дейді.

Бала:

— Құп болады, — деп, тәжім етеді.

Патша:

— Екі шаңқан боз — түрі де бір, түсі де бір. Соның анасы қайсы, баласы қайсы, айырып бер. Соны айыра алмай жүр едік, — дейді. — Егер тапсаң, анықтап баласы дегеніңді оң қолыңа, анасы дегеніңді сол қолыңа ұстап, шатастырмай алып кел. Егер таба алмасаң, жаныңнан безе бер, — дейді.

Бала иығы түсіп, екі биені жетектеп, жасырынып қызға келеді. Ханға айтқанын баян етеді. Екі шаңқан бозды тапсырғанын, содан жәрдем болмаса, өлетінін айтады.

Қыз:

— Сен екі күнге ханнан мәулет сұра! — дейді. Бала ханға барып тәжім етіп, екі күнге мәулет алып келеді.

Қыз:

— Сен бұл екі атты таң асыр, қалың киіз жауып қараңғы кепеге⁶⁶ байлап суын ал. Ертеңіне дейін шөп берме. Күн толған соң, бір уыс жоңышқа алып, әуелі біреуіне, екінші рет біреуіне бер. Сонда біреуі оқыранып, тепсініп шыдап тұра алмас. Соны баласы, үндемегенін анасы де, алып барып бер, — дейді.

Бала айтқанын істеп, ертең аздаңда «мынау — анасы, мынау — баласы» дейді де, алып барып береді. Хан екінші рет:

— Сен бүгін түніменен бір үлкен шаһар орнат. Ішінде гүлдер болып, бұлбұл сайрап, бұлақ ағып, таң-тамаша қылғандай болсын, — дейді.

Бала:

— Құп! — деп, тәжім етіп кетеді. Қызға амалдап келіп жолығады. Тапсырмасының бәрін айтады. Қыз тепсініп, ақырып, жерді теуіп-теуіп жібереді. Жұмысқа мойымайтын дәулер толып кетеді.

Қыз:

— Ертең алакеуімге дейін пәлен саржын жерге шаһар салып, ішінде бұлбұл сайратып, бау-бақшалар орнатып, таң-тамаша қылатын шаһар салыңдар, — деп бұйырады. Қыз бен бала жата береді.

Бала таңертең тұрып караса, дәулер бір шаһар орнатқан екен. Бұрынғы Қарға Шаһизаттың шаһарынан да сәулетті, өте сұлу. Бала қуанып, азаннан патшаның ордасына аяңдап барып, тәжім етіп:

— Айтқаныңызды орындап келдім, — дейді.

Патша:

— «Апырмай, қалай етіп орындадың?! Мынау кісінің қолынан келмейтін нәрсе еді. Бұл жалғыз кіші қызымның қолынан келетін еді. Онымен қалай жақын бола қойды», — деп ойлап, хан уәзірін ертіп, салынған шаһарды жаяулап аралап, таң-тамаша қалып, кешке әрең ордаға қайтады.

Патша:

— Енді, балам, бір бау қамыс берем. Осының басы қайсы, түбі қайсы, соны тауып кел, — деп, қолына бір бау қамыс береді. Бала қамысты алып қызға келеді.

Қыз:

— Бір бау қамыс берсе, жұмысыңның оңайланғаны, — дейді.

— Қамысты аспанға лақтырсаң, әуелі келіп түп жағы түседі. Сол жағынан ұстап, алып барып бер, — дейді. Бала қамысты жоғары лақтырып, жерге түскен жағын ұстап, ертеңіне апарып береді. Патша:

— Таптың, айтқан жерден шықтың. Қырық қызым бар. Соның біреуін таңда да ал. Сөйтіп өзіме уәзір бол, — дейді. Бала патшаның айтқанын қызға айтады. Қыз:

— Ертең патша жұртын жияр, қырық қызды бірдей киіндіріп, беттеріне перде ұстап, қатар қояр. Сен сол кезде қайсысын аларыңды білмей сарсарсың. Сол кезде мен ғаріп оң өкшемді қимылдатармын. Сен «осы қызды ұнатам» деп айырылмағайсың, — дейді.

⁶⁶ Кепе — уақытша баспана, лашық.

Ертең азаңда жұртын жиып, қырық қызды қатар қойып, балаға:

— Таңдағаныңды ал! — дейді.

Бала ол жағына бір шығып, бұл жағына бір шығып, аяқтарына қарап жүрсе, ортасында бір қыз өкшесін кимылдатып тұр екен. Бала келеді де:

— Осы қызды ұнатам, — дейді.

Патша сөзден танады:

— Бұл — әкемнің кенжесі, қарындасым еді. Мұнан басқасын таңдап ал, — дейді. Бала:

— Бұл қызды бермесең, алмаймын, — дейді.

Сонымен ертең және таңдамақшы болады. Бала кешіне қызға келеді:

— Ертең менің орныма басқа қыз қойып, мені қотыр баспақ⁶⁷ қылып, күншуаққа байлап қояр. Мен күншуақта жаланып тұрармын. Сол кезде сен қыздарды ұнатпа да, «сол қотыр баспақты бер» деп патшадан сұра, — дейді ол.

Ертең азаңда патша жұртын жиып, қырық қызын қатар қойып, баланы жібереді. Бала әрі-бері жүріп:

— Сіз маған қызыңызды бермесеңіз, мен еліме қайтамын. Маған әне бір қотыр баспағыңызды беріңіз, күнге кептіріп жол азық қылайын, — дейді.

Патша:

— Жоқ, ойбай, әкемнен қалған жалғыз баспақ, оны беріп, әкемнің жүзін көре алмаймын, — дейді.

Бала:

— Оны бермесеңіз, мен қызыңызды ала алмаймын, — дейді. Патша күзіретін тарқатып, уәзірлерімен кеңесіп, баланың біліміне ырза болыпты. Кіші қызын беріп, неше күн ұлы той қылып, баланы өзінің орнына хан көтеріп, өзі тәубе қылып, баланың хандық құрған қызығын көріпті. Сөйтіп, бала бір қыздың білімінің арқасында бір елді билеп, неше жыл хан болып дәурен сүріп, мұратына жеткен екен.

Минуар мен Бибәтима

Бұрынғы өткен заманда бір патшаның үш ұлы болыпты. Патша үшеуіне: «Күнде көрген түстеріңді маған айтып тұрыңдар. Мен сендерге күнде жақсы ойыншық берем және ойын-сауық, тойға апарып тұрам», — деп тапсырады екен. Соған балалары мәз болып, күнде көрген түсін әкесіне айтып келіп жүреді. Әкесі балаларын қызықтырып, түсін айтқан сайын жақсы-жақсы ойыншықтар беріп жүреді. Сонымен бір күні ең кіші баласы бір жақсы түс көріпті де: «Бұл түсімді өлсем де ешкімге айтпаймын», — деп ойлайды. Бала таңертең әкесіне келсе, екі үлкен ағасы көрген түсін әкесіне айтып, ойыншықтарын алып жатыр екен. Ал мына кіші баласы әкесіне:

⁶⁷ Баспақ — бір жасқа дейінгі бұзау, торпақ.

— Әке, мен бүгін түс көргенім жоқ, — дейді. Әкесі зекіп:

— Айт шыныңды, сен түс көрдің, — деп, баланы ұрып-соғып, зорлай бастайды. Бала әкесіне:

— Түс көргенім рас. Бірақ, бұл айтылмайтын түс. Себебі мен өлсем де ешкімге айтпасқа серт еттім, — деп еді, әкесі «мұның сертшілін» деп, зорлық қып, үш қайырып сұрады. Және саған ана екеуінікінен де қызықты, көп ойыншық беремін деп алдағысы келіп еді, оған бала көнбеді. Аяғы, бала қалай қылса да көнбеген соң, әкесі бір жәшік жасатып, сол жәшікке баласын салып, суға ағызып қоя береді. Бала суға ағып кете барады. Осы судың аяғында бір шаһардың кедей аушысы бар еді, сол ау салып, балық аулап отыр еді, әлден уақытта ауына бір ауыр нәрсе келіп ілінді. Аушы байғұс қуанып кетеді. Әйелі мен баласын шақырып, үшеулеп, әзер деп тартып алса, жәшік екен. Жәшікті ашса, ай мен күндей бір жас бала жатыр екен. Баланы күтіп, есін жиғызып, тамақ беріп, мән-жайды сұрайды. Бала бұрынғы болған оқиғаның бәрін жасырмай айтады. «Әкем түсіңді айтпадың деп суға салып жіберді», — дейді.

Аушы:

— Енді түсіңді маған айт, сені өлтірмей, судан тірі алып шықтым ғой, — дейді. Бала:

— Жоқ, мен өз әкеме де айтпаған түсімді ешкімге айтпаймын. Және ешкімге айтпасқа сертім бар, — дейді.

— Сырыңды айтпасаң, сені ұрып өлтіремін, — деп, аушы баланы ұрып-соғып жатыр еді, сол шаһардың патшасы аң аулап келе жатып, бұларды көріп:

— Мына баланы неге ұрасыңдар? — деп сұрайды. Аушы:

— Маған сырын айтпады, — дейді. Баладан сұрап еді, бала бастан аяқ бәрін айтып берді.

— Сол көрген түсіңді маған айт деп зорлады. Мен әкеме айтпағанда, бұларға айтам ба? — дейді бала. Патша:

— Жарайды, — деп, баланы алып, мен өзіме қызметші қып алам деп, баланы алып кетіп, үйіне келді. Бір күні патша балаға:

— Сені аушылар ұрып өлтіретін еді, мен сені ажалдан айырып алдым ғой. Көрген түсіңді маған айт, — деді. Бала:

— Тақсыр патша, мені зорламаңыз, мен әкеме айтқам жоқ, аушыға да айтқам жоқ, мен серт еткем. Өлтірсеңіз, өлтіріңіз, бұл түсімді сізге де айтпаймын, — дейді бала. Сонан кейін патша ойлап-ойлап:

— Жарайды, серт қылсаң, айтпай-ақ қой. Бірақ, бала, мен саған мына қызымды беремін. Және өзім тақтан түсіп саған патшалығымды беремін. Сен маған түсіңді айтып, сат, — дейді. Бала да ойлап-ойлап: «Менің көрген түсім осы ғой. Маған қызын берсе және патшалығын берсе», — деді де: «Жарайды, сатайын. Халқыңызды жинап, мені патша қойғандығыңызды хабарлаңыз. Сонан кейін түсімді айтып беремін», — деді бала. Сонымен патша келісіп, халқын жинап:

— Мен тағымнан түстім, патшалығымды мына балаға берем. Қызымды және берем, — деп хабарлады. Халқы мақұлдап, патша той жасап:

— Ал, бала, түсінді айт! — дейді. Бала түсін айтады.

— Түсімде мына қолтығыма ай, мына қолтығыма күн кіріп жатыр екен. Екеуін де құшақтап, көзімді ашсам, түсім екен. Сонымен ойладым: «Мен бір мақсатыма жетеді екенмін. Бұл түсімді ешкімге айтпайын», — деп, өзіме-өзім серт еттім. Міне, сол көрген түсім осы еді, сізге саттым, — деді бала. Патша да:

— Жарайды, мен де сертім бойынша сатып алдым, — деді. Сонымен екеуі қол ұстасып, бірі «саттым» деп, бірі «сатып алдым» деп, қош айтысып, бала патша болып тұра береді. Патша баланың түсін сатып алып, беті ауған жаққа қарай қаңғып жүре берді. Сол жүргеннен жүріп, бірнеше ай саңдалып, арып-ашып келе жатып, түннің ортасы шамасында бір шаһарға келіп кіреді. Көшемен жүріп келе жатса, бір үлкен қақпаның сыртында ерттеулі екі арғымақ байлаулы тұр екен. Атты көріп, жақындап келіп еді, қақпаның ар жағынан бір қыз:

— Келдің бе? — дейді.

— Келдім, — дейді жігіт.

— Келсең, мына атқа мін, — дейді қыз.

Екеуі екі атқа мініп, қаладан қырға шығып, жүріп кетеді. Екеуінде де үн жоқ. Қыз жігітті байқап келе жатады. Жігіттің ат үстінде қалай отырып келе жатқанын, пішін тұлғасының жас дене емес, орта тартқан кісі екенін сезіп, қыз өзімен-өзі ойланып, ақылдасып отырып: «Жарайды, Тәңірдің бұйрығы осылай шығар», — деп келіседі.

— Менің көрген түсім бұл емес еді. Жарайды, көрген түсімнің сол сағатына, сол күніне ат байлап, дайындалып отырғанымда сен кез келдің. Не болса да мен сендікпін, басқа бір шаһарға барып тұралық, — дейді қыз. Жігіт те қуанып, жарайды деп, жүріп отырып бір шаһарға келіп, үй алып, екеуі бірігіп тұра береді. Бір күні кешке таман патшаның екі уәзірі серуендеп көшені аралап келе жатып, есігінің алдында жүрген қыз бен жігітті көреді. Екі уәзірдің көзі қызға түсіп, қызыға таңғалып: «Бұлар қайдан келді? Бұл жердікі емес қой?» — деп, екеуі ақылдасып: «Қой, мұны біз патшаға барып айталық», — дейді. Сонымен екеуі ертеңіне патшаға келіп:

— Тақсыр патша, кеше көшеде серуендеп жүріп бір сұлу қыз бен жігітті көрдік. Қыз ай мен күндей сұлу екен. Тек сізге ханымдыққа лайық екен. Осы қызды не қылсаңыз да сіз алуыңыз керек, — дейді екі уәзір. Патша да сұлу деген соң қызығып:

— Жарайды, ақылын тауып мұны қалай аламыз? — дейді. Бір уәзір тұрып:

— Сіз жігітті өмірі тауып келе алмайтын бір нәрсені тауып әкел деп, алысқа жұмсаңыз, — дейді. Патша ойланып отырып:

— Бар, жігітті тез шақырып кел, — деп, бір уәзірге бұйрық береді. Уәзір барып жігітке:

— Сізді патша шақырады, — дейді. Жігіт те: «Жарайды», — деп, уәзірге еріп патшаға келеді. Қол қусырып сәлем береді. Патша сәлем алып, жігіттің жөнін сұрап болып:

— Саған бұйрық берем. Соны орындап тауып әкелесің. Егер таппасаң, басыңды аламын, — дейді. Жігіт:

— Қандайлық бұйрық? — дейді.

Патша:

— Біздің осы шаһарымызда жарық жоқ. Соған осы шаһарды түнде жарық қып тұратын гауһар тас тауып әкелесің. Егер де тауып әкелмесең, басыңды аламын. Сол үшін неше күн уақыт сұрайсың, соныңды ғана айт, — дейді. Жігіт:

— Жарайды, тақсыр! Бүгін рұқсат беріңіз. Үйге барып, ертең келіп, уақытын айтайын, — деді. Патша рұқсат береді. Жігіт үйіне уайымдап қайғырып, уһілеп келеді. Әйелі:

— Патша не айтты? — дейді. Жігіт:

— Маған қаланы жарық қып тұратын гауһар тас тауып әкел, егер әкелмесең, басыңды аламын дейді, мен оны қайдан табамын? — деп уһіледі. Әйелі:

— Жарайды, саспа. Патшаға барып: «Мен тауып әкелем, маған жиырма күн уақыт бер және мен келгенше үй ішім қорек қылатындай бес қой, төрт қап ұн бер», — деп айт, — деді.

Жігіт қуанып патшаға келіп:

— Тақсыр, маған жиырма күн уақыт беріңіз және үй ішім қорек ететін бес қой, төрт қап ұн беріңіз. Мен тапсырған гауһарыңызды іздеп көрейін, — дейді. Патша: «Жарайды», — деп, жігіттің айтқанының бәрін беріп жібереді. Жігіт қойды, ұнды алып, үйіне келеді.

— Ал, патша айтқанымыздың бәрін берді. Енді гауһарды қалай табамыз? — дейді әйеліне. Сонымен, әйелі мән-жайды айтып үйіне хат жазды.

— Осыны алып менің шешеме бар, — деп, жазған хатты береді. Жігіт хатты алып, қайнына жөнеледі. Бірнеше күн жүріп қайнына келіп, қызының хатын шешесіне берді. Шешесі хатты алып оқыды. Қызының қайда кетіп, қайда қойғанын білмей зарлап, жылап отырған шешесі қатты қуанып, күйеу баласын неше күн қонақ қылып, сұраған төрт гауһар тасты беріп, үйіне қайырады. Сонымен күйеу бала төрт гауһарды алып үйіне келеді. Әйеліне көрген-білгенін айтып, алған төрт гауһарды көрсетеді. Әйелі:

— Жарайды, ертең патшаға алып барып бер. Бірақ патша саған пәле жабады. Сен гауһарды бергеннен кейін гауһарды патша қарап отырып: «Ә, мен жоғалтқан гауһарымды еш жерден таба алмай қойып едім, сен ұрлаған екенсің ғой, басыңды аламын», — дер. Сонда сен былай де: «Тақсыр, жоғалған гауһарыңыз біреу ме? Екеу ме? Жоқ, төртеу ме еді?» — де. Сонда патша: «Жоқ, біреу», — дейді. «Олай болса, тақсыр, менде әлі үшеуі бар», — деп, гауһарларыңды алып көрсет. Сонда патша ұялғанынан үндемей сені босатады, — дейді әйелі.

Сонымен ертесіне жігіт әйелімен қош айтысып, патшаға келіп сәлем береді. Патша сәлемін құп алып:

— Е, жігітім, уәделескен күн де бітті. Гауһарды әкелдің бе? — дейді. Жігіт:

— Тақсыр, сіздің бұйрығыңызды орындамасқа бола ма? Айтқан гауһарыңызды таптым ғой, — деп, гауһарды ұсынады. Патша гауһарды қолына алып, әрлі-берлі қарап отырып:

— Е, сен жігіт, нағыз залым құдың өзі екенсің, мен сендей залымды көрген жоқ едім. Бұл менің жоғалған гауһарым, мұны іздетпеген жерім жоқ, еш жерден таба алмап едім. Гауһарымды, міне, сен залым алған екенсің. Қазір сенің басыңды аламын, — деп, қылышын жұлып алады. Сонда жігіт:

— Дат, — дейді. Патша:

— Даттың болса, айт, — дейді. Жігіт:

— Тақсыр, сіздің жоғалған гауһарыңыз біреу ме, екеу ме? Жоқ, болмаса, төртеу ме? — дейді. Сонда патша сасып, нешеу дерін білмей:

— Жоқ, осы біреу, — дейді. Жігіт сонда:

— Тақсыр, ендеше менде тағы үшеуі бар, — деп, қалтасынан үш гауһарды алып, патшаға көрсетеді. Патша ұялып қалып:

— Жарайды, саған жай айтып едім, — деп, жігітті үйіне босатып жібереді. Жігіт қуанып үйіне келіп, әйеліне естіп-білгендерінің бәрін айтады. Сөйтіп, әйелімен ойнап-күліп бірнеше күн жата берді. Бір күні жігіт ерігіп, іші пысып әйеліне:

— Сен ренжімесен, мен бір он шақты күн таулы жерге барып аң аулап келейін, — депті. Әйелі ойланып отырып: «Мұны құр далаға жібергенше, барып қызық көріп, көңіл көтеріп келсін», — деп, өз әкесінің сәндеп салдырған неше түрлі қызықты ойын-сауық құратын бағына жібермек болады.

— Бірақ, — дейді әйелі күйеуіне, — мен саған бір серт қоямын. Онда барғанда неше түрлі ойын-сауық, неше түрлі қызығы бар, оның бәріне де рұқсат. Күмістен салынған үлкен ақ үй, соның алдында бақ бар. Бақтың ішінде тарам-тарам жол бар. Күнбатыс жағындағы жолмен жүріп келе жатқаныңда алдыңнан кішкене қара тас кезігеді. Соның жан-жағынан неше түрлі су шапшып жатады, ішкің келсе, соның бәрін іш. Бірақ, сол тастың ар жағында ақ шыныда мөлдір көк су бар, соны ішуші болма. Менің саған қойған шартым да, сұрайтыным да сол, — дейді. Сөйтіп күйеуінен уәде алып жібереді.

Жігіт әйеліне сертін беріп, сол бетімен жүріп кетеді. Жүріп отырып, әйелі айтқан баққа келеді. Келсе, айтқанындай неше түрлі қызық сонда екен. Жігіт те келіп қызыққа батып, ойын-сауыққа кіріп кетеді. Барлығын он шақты күндей аралайды. Жігіт сонда да қызыққа тоймайды. Бір күні бақты тағы аралап келе жатып әйелінің айтқан тасына кезіге кетеді. Тастың сол жағына шығып қараса, әдемі көк мөлдір су тұр. Әлгіні көріп жігіт қатты құмарланып, ішкісі кеп кетеді. Жігіт ойланады: «Япырмай, әйелім мына судың бәріне рұқсат етті. Ал мына көк суға қалай рұқсат бермеді? Мұнда қандайлық қасиет бар, болмаса, қандайлық

қастық бар? Мұны ішуге маған қимаса, төгіп кетейін», — деп, шыныны көтеріп қолына алады да, суды төгуге қимайды. «Япырмай, бұл суды ішпеске әйеліме серт бердім. Ішпейін десем, мені қызықтырып барасың. Егер сені ішпей кетсем, бәрібір өмірі армандаймын», — деп, ойланып тұрып: «Тәуекел, не осы суды ішіп өлейін, әйтпесе басқа түскен бәлені көрейін», — деп, жігіт шыныдағы суды басына бір-ақ көтереді. Сол-ақ екен, өз әйелінен де сұлу бір қыз қасына тұра қалып:

— Менің көрген түсім бұлай емес еді. Бірақ, көрген түсімнің сол жылына, сол күніне, сол сағатына сен кез болдың. Мен саған тием. Құдайдың бұйрығы осылай, — деп, қыз жігітке жабыса түседі. Жігіт сасып қалып:

— Мен сені қалай алам, менің әйелім бар ғой, — дейді. Қыз: «Мен мынадай сыр айтайын, сіз тыңдаңыз», — дейді де, қыз былай дейді:

— Мен бір байдың қызы едім. Сенің әйеліңді айтпасаң да білемін, пәлен патшаның жалғыз қызы еді. Оның аты Минуар еді. Менің атым — Бибәтима. Екеуміз де сиқырлық оқуын оқып жүріп, жақсы дос болып өстік. Бір күні түнде ол да, мен де ұйықтап жатып, түс көріп, екеуміз де бір жігітке ғашық болып шықтық. Таңертең тұрысымен ол маған көрген түсін айтып еді, менің де көрген түсім — сол бір түс. Сонымен екеуміз де бір жігітке ғашық болдық. Бірақ оның түсі сол жігітке менен бұрын қосылатын түс еді. Ал менің көрген түсім нақ осы бүгін қосылатын түс еді. Сонымен екеуміз де бір жігітке ғашық болып, қашан кездесеміз деп жүрдік. Сөйтсем, досым сол жігітті менен қызғанып, сиқырдың оқуын оқып, мені осы жерге мөлдір су ғып кеткен екен. Енді сіз келдіңіз, Құдайдың осы көрсеткен бұйрығы бойынша мен сендікпін, — дейді қыз. Жігіт те:

— Бұйрық осылай болса, қайтейін, — деп, екеуі бірге жүріп қайтып, бұрынғы әйеліне келеді.

Минуар Бибәтиманы көріп, танып, алдынан қарсы шығып:

— Кінәлі болған екенмін, кешір. Құдай екеумізді бір адамға қосқан екен. Жарайды, мен рұқсатымды бердім, — дейді. Жігіт екі сұлуды алып, екеуінің ортасында ойнап-күліп жата берді. Бірнеше ай, бірнеше күн өтеді. Бір күні патшаның екі уәзірі әлгі жігіттің есігінің алдынан өтіп бара жатып, екі сұлуды қолтықтап жүрген жігітті көріп, екеуі есінен тана қызығып, ертеңіне патшасына шауып келіп:

— Япырай, тақсыр патша, анадағы жігіт тағы бір сұлу әйел алыпты. Екі қыздың сәулесі бетіне түсіп, жігіт сұлу болып кетіпті. Біз екі әйелді көріп қызығып, есімізден тандық. Осы екі әйел сізге лайық екен. Жігіттің көзін жоғалтып, неғылсаңыз да сіз алыңыз, — деді екі уәзір. Патша мұны естіген соң, қуанып кетіп:

— Қазір жігітті шақырып кел, — деп бұйырды. Уәзір де дереу жігітке барып дегбір салып:

— Сені патша шақырып жатыр, тез жүр! — дейді. Жігіт естіген соң патшаға келіп, сәлем береді. Патша сәлемін алып, жігітке:

— Мынадай бір жұмыс тапсырам, соны орындап келесің. Егер де орындап келмесең, басыңды аламын, — дейді. Жігіт:

— Тақсыр, қандайлық тапсырма бересіз? — дейді. Патша:

— Менің әке-шешем өлген еді, мен оның жалғыз баласы едім. Менің сол әке-шешем иманды ма, жоқ имансыз ба, соны сен біліп келесің. Егер білмесең, басыңды аламын, — дейді де, жігітке:

— Бірақ неше күн уақыт сұрайсың? — дейді. Жігіт сасып:

— Жарайды, үйіме барып, неше күн керек, әйеліммен ақылдасып келіп айтайын, — дейді. Сонымен жігіттің мойнына су құйылып үйіне келеді. Екі әйелі: «Не болды?» — деп сұрайды. Жігіт:

— Е, не болсын, мен өлетін болдым. Патша өлген әке-шешесін иманды ма, тозақта ма екен, соны біліп кел, егер білмесең, басыңды аламын дейді. Мен өлген кісіні қайдан біле аламын? Біраз күн тірі болудан басқа еш амал жоқ, — дейді жігіт әйелдеріне. Екі әйелі:

— Ендеше, сен патшаға қайта барып, қырық күн уақыт бер, оған дейін әйелдерім ішіп-жейтін қырық қой, қырық қап ұн бер және мен келгенше екі мая шөпті шаптырып, арасын жақын етіп екі жерге үйгізіп, кептіріп қой деп айт, — дейді. Жігіт қуанып жүгіре басып, патшаға қайтып келеді де:

— Дат! — дейді. Патша:

— Датың болса, айт! — дейді. Жігіт:

— Тақсыр патша, мен бұйрығыңызды орындаймын, бірақ маған қырық күн уақыт беріңіз. Мен келгенше әйелдерім қорек ететіндей қырық қой, қырық қап ұн беріңіз. Онан кейін сол қырық күнге дейін арасын жақын етіп, екі мая шөп шаптырып, кептіріп, үйгізіп қойыңыз. Менің сізден сұрайтын тілегім осы, — дейді жігіт. Патша да лепіріп, «жігіт өледі» деп қуанып, жігіттің айтқанының бәрін орындай береді. Қырық күн уақыт береді. Жігіт ырғап-жырғап қой мен ұнды үйіне алып келеді. Қырық күн уақыты біткенше екі сұлумен ойнап-күліп жата береді. Сонымен қырық күн уақыты бітеді. Жігіт екі әйеліне:

— Ертең патшаға баратын күн. Оған не айтамыз? — дейді. Екі әйелі: Бар да, патшаға: «Осы қаладағы халқыңызды жинап, үюлі тұрған бір маяны айнала қоршатып отырғызыңыз. Сонан кейін мен келіп, маяның үстіне шығамын. Сонда халқыңыздың көзінше шөпке сіріңке тұтатып, мені өртеңіз. Мен, мүмкін, қысылған соң, «алындар» деп айғайлап жылармын. Мені сонда да алмаңдар. Сонымен мен шөппен бірге өртеніп кетіп о дүниеге барам. Сіз мен келгенше халқыңызды таратпай, осы жерден бағып отырыңыз. Мен осы өртенген маяның күлінің ішінен шығармын» деп айт, — дейді екі әйелі.

— Сен маяға шығып, шөп жана бастағанда, біз сені ұрлап аламыз. Және күл әбден сөнгенде ешкімге сездірмей сені күлдің астына апарып тығып қоямыз. Сонда сен сол күлден шыға келіп, халыққа көрген-білгеніңді айтасың, — дейді. Жігіт ести сала жүгіріп, патшаға келіп:

— Дат! — дейді. Патша:

— Айт! — дейді. Жігіт әйелінің айтқанының бәрін айтып еді, патша дереу әзірлеуге бұйрық беріп, халқының бірін қалдырмай бір маяның

айналасына отырғызып, жігіттің келуін күтеді. Ай мен күндей екі әйелдің ортасында буынын баса алмай былқылдап келе жатқан жігітті көріп, патшаның іші күйеді. «Әттең, екі әйелінді бүгін алсам», — деп, тістеніп қояды. Жігіт келеді де, маяның үстіне шығады. Халық көріп, қарап тұрады. Патша маяға өрт қойғызды. Өрт шыға бастағанда жігіт:

— Мені ал, — деп, ойбай салды. Халқы патшаға өтініп:

— Жігітті оттан алайық. Мүмкін, сізге айтатын арызы бар шығар, — дейді. Патша:

— Жоқ, ол өзі айтқан, «мені оттан ал деп айғайлап, жыласам да алма» деген, — дейді. Халық патшаға сенеді. Сонымен шөп өртеніп кетеді. Жігіттің екі әйелі сиқыр оқуын оқып жіберіп, күйеуін өздерінің қасына алып алады. Жігіттің өртеніп кеткенін көпшілік өз көздерімен көреді. Өрт басылады. Жігіт қашан шығады деп, көпшілік қарап отырады. Күл әбден сөніп болған соң, екі әйел тағы да сиқыр оқуын оқып жіберіп, күйеуін күлдің астына тығып қояды. Біраздан соң жігіт үсті-басы, бет-аузы қап-қара болып, күлдің астынан шыға келеді де, патшаға сәлем беріп, естіп-білгенін заулата бастайды. Халық та жігітті басып кете жаздап анталап тұрады. Жігіт патшаға былай дейді:

— Ой, тақсыр патшам-ай! Біз бұл жерде құр тамақ ішіп, шамамыз келгеніміз нашар адамды бас салып тонап алып, іздеп патша болып, мал, шаруа жинап бос жүрген екенбіз. Тақсыр, сіздің әке-шешеңіз, шіркін, қандай қызықты, қандай жақсы тұрады, екеуі де иманды екен. Неше түрлі гүл-бақша, алтындатқан ақ күмбез үй, торғын, шағи, жібек. Олар біз құсап мал бақпайды, тамақ жасамайды, тамақ қайдан табылады демейді. Бәрі дайын, өзінен-өзі дастарқанға келіп, толып тұрады. Ылғи ойынсауық, онан басқа ойлары жоқ, тақсыр патша. Сіздің әке-шешеңіз жиырма бестегі қыз бен жігіттей. Осы дүниеден келген мені олар шал дейді. Тек әке-шешеңіздің арманы бар. «Жалғызымды бір көрсем», — деп, екеуі бірдей жылайды. Егер сіз онда барсаңыз, әке-шешеңіз жібермес еді және өзіңіз де келмес едіңіз. Мұнан не аласыз? Барлық қызық та, хордың қыздары да сонда. Сіздің әке-шешеңіз «қайтпа» деп маған жабысты. Және менің өзімнің де қайтқым келмеді, бірақ амал жоқ, сіздің бұйрығыңыз үшін келдім, — дейді жігіт. — Әке-шешеңіз сәлем айтты: «Балам егер біржолата келмесе де, бір келіп бетінен бір иіскетіп қайтпаса, бізді ойламағаны, айта бар», — деп, маған қатты тапсырды, — дейді. Сонымен патша бұған қатты сеніп, халқына:

— Міне, өздерің көрдіңдер. Бір мая шөппен өртеніп кеткен жігіт күлдің астынан шықты. Менің әке-шешеме бұның барғаны рас. Бұған көзім жетті. Енді, халқым, маған үш-төрт күн рұқсат беріңдер. Мен әкешемді бір көріп, сәлем беріп, мауқын басып келейін, — дейді. Оған халқы:

— Сіз барған соң жақсы дүниені көріп, бізді ұмытып, келмей қаласыз ғой, — дейді.

Оған патша:

— Мен келем, тек үш күнге рұқсат беріңдер, — деп, еліне уәдесін береді. Бұған халқы да келіседі. Үш күнге әке-шешесіне барып келуге рұқсат береді. Сонымен, үйіп қойған екінші маяның үстіне патша шығып тұрды. Елі айнала отырып, шөпті өртеп жіберді. Патша өртеніп бара жатқан соң, сасып, ойбайлап, «аттанды» салды. Елі оттан алайын деп еді, жігіт алғызбады. Сөйтіп патшаекең өртеніп кете барды. Сонымен халқы күнде «патша қашан келедімен» бірнеше күн, бірнеше ай өткізді. Патша келмеді, ол енді әке-шешесінің қасында қалды, келмейді деп, халық патшадан күдер үзіп, басқа патша сайламақ болып жиналып, о дүниенің қызығына алданбай қайтып келген сабаз деп, Минуар мен Бибәтима қыздың күйеуін патша қояды.

Мұңсыз хан

Ерте заманда бір хан халқын түгел жинап: «Мен үш түрлі сұрақ сұраймын, кімде-кім сол сұрағымды тапса, қаласа, орнымды беремін, қаласа, өзі тойғанынша алтын, гауһар беремін. Егер де менің сұрағымды табын деп таба алмаса, оның басын аламын», — дейді.

Сонымен халық күнде апыр-топыр, патшаның алдына келмеген адам жоқ, бірақ ханның сұрағын естіген соң, «мен табамын» деп ешбір жан айта алмай, күнде насай-топыр болыпты. Сонымен бірнеше күндер өтіпті. Бұл кезде сол шәрінің сыртында он үш жасар жалғыз қызы бар, кемпірі өлген өте кедей, қолында түк малы жоқ бір шал тұрады екен.

Бір күні шалдың қызы әкесінен:

— Әке, осы халық неғылып күнде-күнде топ-топ болып жиылып жүр? — деп сұрайды.

Сонда әкесі:

— Балам, ол жиылып жүрген халықтың шаруасымен біздің не жұмысымыз бар? Біздерге білу лайық емес, шаруаға жиылып жүрген ел болар, — дейді.

Сонда қызы:

— Әке, біз де адам баласымыз ғой, көпшіліктің не үшін жиылып жүргенін білгеніміздің не зияны бар? — дейді.

Сонда шал:

— Еңдеше, балам, ол көпшіліктің күн сайын опыр-топыр болып жиылып жүрген себебі: ханның үш ауыз сұрағы бар екен, соны тапқан адамға өзі тойғанша алтын немесе хандығымды беремін депті. Ханның сол сұрауларына жауап бере алмай жүрген ел, — дейді.

Сонда шалдың қызы әкесіне:

— Әке, ондай болса, сіз ханға барып, «мен сұрағыңызға жауап беремін» деп айтыңыз, ханның сұрағы қанша қиын дейсіз, — дейді.

Әкесі:

— Ойбай, қой, балам, бүкіл халық таба алмаған сұрақты табамын деп пәлеге қаламыз, — дейді.

Қызы:

— Әке, сіз тәуекел деп, қорықпай-ақ ханға барып, «сұрағыңызды мен табамын» деңіз. Қанша ауыр сұрақ дейсіз, барыңыз, — деп әкесінің мазасын ала берген соң, шал ханға келіпті.

— Тақсыр, мен сіздің жұмбағыңызды табайын деп келдім, — дейді.

Сонда хан шалға:

— Шалым, менің сізден сұрайтын жұмбағым мынау, — дейді. — Қатты не? Тәтті не? Қымбат не? Міне, осы үш түрлі сұрағыма жауап беру үшін үш күн рұқсат беремін, үш күн ішінде осы жұмбағымды тауып берсең, өзің тойғанша алтын беремін. Егер де таба алмасаң, басыңды аламын, — дейді. Шал байғұс бұл сөзді естіген соң есі шығып, үйіне келіп:

— Ойбай, балам-ай, ханға бар деп болмай, әкеңнен айырылатын болдың, мен енді өлемін, — деп, жыламсырай бастапты.

Қызы:

— Қорықпаңыз, әке, ханның айтқан жұмбағын айтсаңызшы, — депті.

Әкесі:

— Әй, балам-ай, оны сұрап қайтесің, бізге енді сұрап алған аурудың емі табылмайды, қой, балам, сұрақ сұрама, — депті.

Қызы:

— Әке, ханның жұмбағын айтыңыз, таба алмайтын несі бар дейсіз, — дей берген соң, шал ханның жұмбағын бір-бірлеп айтып береді.

Сонда қызы:

— Әке-ау, қорқып жүргеніңіз осы ғана ма? Оңай сөз ғой, — дейді.

Әкесі:

— Әй, балам-ай, біз таба алмайтын болған соң, оңайы не керек, — дейді. Қызы ханның айтқан жұмбағының шешуін түгел айтып, түсіндіріп, әкесін алдына жібереді.

Шал ханға келіп:

— Тақсыр, жұмбағыңызға жауап бергелі келдім, — дейді.

Хан күліп:

— Я, байғұс шалым! Кәне, сөйле, — дегенде, шал:

— Сіздің сұрағыңыздағы «дүниеде не қатты» дегеніңіз жарлылық екен, «не тәтті» дегеніңіз тату көңіл, махаббаттық, «не қымбат» дегеніңіз адам баласының уәдесі қымбат дегеніңіз. Қатесі болса, өзіңіз айтыңыз, — дейді.

Сонда хан тұрып:

— Осы жұмбағымды өз ойыңмен тапсаң, менің дегенім деген, тойғаныңша алтын беремін. Егер де біреуден естіп айтқан болсаң, басыңды аламын, ол үшін ертең маған жауап бересің, — деп, шалды шығарып салады. Шал байғұс тағы қорқып, үйіне келіп қызына:

— Мен қайтсем де өлетін болдым, жұмбақтарын мен өз ойыммен таппағанымды біліп қойды. Маған «осы жұмбақтарды өз ойыңнан тапсаң, тойғаныңша алтын беремін, егер де біреудің айтуы бойынша тапқан болсаң, басыңды аламын», — деді. Енді менің өлмеген нем қалды? — деп, кемсеңдей бастағанда, қызы күліп:

— Әке, қорықпаңыз, сізге ол туралы келер сөз жоқ, — дейді. Әкесі қорқа-қорқа ертесі ханға келіп:

— Жұмбағыңызды мен өз ойыммен таппағаным рас еді. Сіздің жұмбағыңызды тапқан менің қызым еді, — деп, шал ханның алдында мүлгіп тұрыпты. Сонда хан осы жұмбақтарды қызыңның тапқаны рас па деп қайыра сұрайды. Шал жыламсырап:

— Тақсыр, қызымның тапқаны рас еді, — дегенде, хан:

— Ондай болса, жарайды, тіпті жақсы. Осы жұмбақтарды тапқан болса, сіздің балаңыз өте ақылды бала екен, ханға лайық екен. Бұйрық болса, мен сізге күйеу болсам, сіз маған қайын ата болсаңыз, қалай болады? Ол туралы сіз балаңызбен ақылдасып, маған бір жауабын берсеңіз қалай болар екен? — деп, хан күлімсіреп жауап беріпті.

Шал қуанып, терісіне сыймай кетіп:

— Болады тақсыр, болады, — деп, ханның ордасынан шығып, жүгіріп отырып үйіне келіп, қызына:

— Балам, іс оңына келді, хан мені өлтірудің орнына мынадай сөздерді айтты, — деп, ханның айтқан сөздерін бастан-аяқ түгел айтып береді. Сонда қызы:

— Әке, ондай болса, барып ханға айтыңыз, мен баламмен ақылдастым, балам риза болды, хан менің қалыңмалыма он үш тұсақ, жиырма ісек, отыз пышақ, қырық қылыш, елу ерттеулі ат, алпыс арқандаулы ат, жетпіс шідерлі ат, сексен қубас берсін, сонан кейін екеуіміздің некемізді бір мұңсыз адам қисын деп айтты деңіз, — дейді.

Шал ертесі ханға келіп, қызының айтқан сөздерін түгел айтып береді. Отыз пышақ пен қырық қылышты және елу атқа ертоқым жасатып, олардың барлығы даяр болғанда, енді дүниеде мұңсыз адамды қайдан табамыз, деп, хан ары-бері ойланыпты. Ойластырып қарап: «Ол хан балаға, байлыққа да, салтанатқа да толық, онда қандай мұң болады?» — деп, бірнеше уәзірлерін қасына ертіп, Мұңсыз ханның еліне келіп, ханның сарайында қонақ болып отырып, шаруасын бастан-аяқ түгел сөйлеп беріпті. «Сізде мұң жоқ шығар, біздің некемізді қиып берсеңіз деп келіп едік», — дегенде, мейман қылып отырған Мұңсыз хан қатты ренжіп, қиналып отырып: «Ой, сендер ел емес екенсіңдер ғой! Бір ханға қарайтын сонша халықтың сол он үш жасар бір қыздың ақылы сияқты бір адам шықпаған соң сендерде елдік бар ма?! Сендердің нағандықтарың ақырында менің жасырын сырымды ашатын болды», — дей келіп, Мұңсыз хан:

— Сіз алашақты болып жүрген қыз он үш жаста екен. Ол қыздың сізге берген жауабы мынау: «Қалыңмал үшін он үш тұсақ бересің» дегені: «Мен он үштемін, адам баласы жиырма жаста ісектей, отыз жасында пышақтай, қырық жасында қылыштай болады. Сіз осының бәрінде де емессіз. Адам бұл жастан өткен соң, ер адам елу жасында ерттеген аттай, алпыс жасында арқандаған аттай болады. Ал енді сіз бұл жаста да емессіз. Ер адам жетпіс жаста шідерлі аттай, сексен жасында қубас сияқты

болады. Сіз шідерлі ат пен құбастың ортасында тұрып, он жастағы маған қалай лайықсыз?» — дегені екен. Сонымен қатар некемізді мұңсыз адам қисын дегеніндегінің мәні — дүниеде мұңсыз адам бола ма? Мұңсыз деп әдейі іздеп келген менің басымдағы мұңды және сырымды сендердің надандықтарыңнан айтуыма тура келді, — деп келіп, Мұңсыз хан өзінің ішкі сырларын сөйлей бастайды.

Мұңсыз хан:

— Менің үлкен әкемнің хандығы өз әкеме қалып, әкем тірі кезінде маған бір ханның қызын әйелдікке алып береді. Амал бар ма, менің әйелге кемшілігім бар-ды, оны әйелім екеуімізден басқа бір адам білмейтін еді. Сонымен көп ұзамай әкем ауырып, қайтыс боларында халқын жинап алып, өзінің тірі кезінде мені өз орнына хан сайлап, өзі ақырғы сапарына жол тартып кетті. Сонымен мен әкемнің мұрагері болып, әкемнің орнына хан болып, хандыққа тұрып, басшылық етіп тұра бердім. Әйел жағындағы кемшілігімді әйелім екеуімізден басқа еш адам білмейді. Алла қосқан бұл жасырын сыр маған өмірлік болған соң, әйелімнің өмірін бекер өткізу тура келмеді. Сондықтан әйеліммен ақылдасып, сенен туған бала менікі болсын, мен өзімнің бас уәзіріме рұқсат еттім, бұларды үшеуімізден басқа жан білмесін дедім. Сонымен менің әйелім өзім рұқсат берген бас уәзіріммен осы жүрген балаларымды тапты. Алланың қосқан кемшілігіне пендесінің шарасы жоқ екен. Уәзірімнен туған балаларды бала қылып, бұл сырды үшеуімізден басқа ешкімге білгізбей бірқанша жылдар өмір өткізіп келдік. Шыңдыққа келгенде әйел де, бала да менікі емес, сонда мені «мұңсыз» деп келіпсіңдер, ал енді осыдан артық мұң, осыдан артық қайғы бар ма? Сендердің надандықтарыңнан менің өміріммен бірге кететін ішкі сырымды жарыққа шығаруға тура келді, — деп, Мұңсыз хан барлық сырын айта келіп: «Мен мына әйелімнен туған балаларды өз әкесіне беремін, онымен бірге хандығымды қосып беріп, өзім ендігі қалған өмірімді Меккеге барып, сонда өткіземін. Ал енді сенің еліңе он үш жасар қыз хан болуы керек, ол қыз кімге үйленемін десе, өз ықтиярында», — деп, Мұңсыз хан үкім шығарыпты.

Ақырында шалдың он жастағы қызы өзі тұрған шәрісіне хан болыпты. Мұңсыз хан әйелін, әйелден туған балаларын бас уәзіріне беріп, өзі Мекке-Мединеге барып, қалған өмірін сонда өткізіпті.

Бай мен диуана

Баяғыда бір бай мен кедей болыпты. Кедейдің бір баласы бар екен. Ал байдың үш қатыны болса да, баласы жоқ екен. Жарлының үйі үнемі көңілді болады, күндіз-түні ойын-күлкісі үзілмейді. Бір күні бай да, жарлы да намазға барыпты. Бара жатып бай жарлыға: «Сендер күнде үй-ішіңмен шулап жатасыңдар, өздерің тамақтарыңды таба алмай жүріп, сендерге ойын-күлкі не керек?» — депті. Сонда жарлы: «Бай, сіз білмеген екенсіз, біздің бір алтын сақамыз бар, соны біресе қатыным

иіреді, біресе өзім иіремін, соған күлеміз де жатамыз!» — депті. Сонан бай үйіне келіп, алтыннан сақа соқтырып алып, үш қатынымен кезек-кезек сақа иіреді, оған ешкім де күлмейді. Ертеңіне тағы да намазға бара жатып бай: «Ақымақ жарлы, иірген сақаға несін күлесіңдер?» — дейді. Сонда жарлы: «Байеке-ай, сен өзің бай болсаң да, ақылың жоқ-ау, менің айтқаным сақа емес еді, ол әлгі балам еді, сен оған түсінбеген екенсің ғой!» — депті.

Сонда бай «yh!» деп, үйіне келіп жатып қалыпты. Сонан байдың бір күні үйіне диуана келіпті. Әйелдер диуанаға ақша берсе, алмайды. «Саған не керек?» десе, «Маған бай керек, бай қайда?» — депті ол.

Сонан қатындары байды шақырып келіпті. Сонан диуана байға: «Сен жылама, саған бала беремін, бірақ ортаншы қатыныңның баласын өзіме бересің», — депті.

Бай: «Болды, берем», — депті. Содан диуана екі үлкен қатынына екі алма беріп, «Ортаншы қатыныңның баласын өзім аламын», — деп, кетіп қалыпты.

Артынша көп ұзамай байдың қатындары жүкті болып, екеуі де босанады. Қатындар аман-есен босанған соң, диуана келіп ортаншы қатыныңның баласын көріп: «Жетіге келгенде алып кетемін!» — деп, кетіп қалады.

Арада жеті жыл өтіпті. Балалары үлкейіпті, әлгі ортаншы қатыныңның баласы өте жақсы болыпты. Оны әкесі диуанаға беруге көзі қимайды, диуананың келетін уақытында баласын да мектепке береді. Ол мектеп балалардың бәрінің басына таз кепеш кигізеді екен. Сонан бір күні баласын алып кету үшін диуана келіпті.

Бай диуанаға: «Балаң мектепте оқып жүр, сонан барып өзің танып ал!» — депті. Диуана мектепке барып, балалардың бәріне ақ алма мен қызыл алманы көрсетеді де, қызыл алмаға қызыққан баланы қолынан жетелеп алып кетіпті.

Бала жатырқап жылап, диуананың соңынан амалсыз еріп келе жатса, жолда бір қу бас домалап кездесе кетеді де, балаға: «Балам, мына шал сені барғасын үлкен бір дарбазадан кіргізеді. Дарбазаның ішінде үлкен бір үйде үлкен қара қазан қайнап тұр, сен сол қазаннан айналасың. Айналып келе жатқанда шал сені сол қазанға итеріп жіберіп, пісіріп жейді. Егер сен мұнан құтылғың келсе, барғанда қазаннан айналма. «Айнал!» дегенде, «Сен өзің айналып көрсет!» де. Ол айнала бергенде сен өзін қазанға итеріп жібер, ол өледі. Шалдың қалтасында есіктің кілті бар, оны ал да үйлерді шетінен аша бер. Ол үйлерден адам мен мал шыға береді. Оларды сен босатып жібер. Ең соңында екі үй қалады. Ол екі үйді ашсаң, екеуінде екі ат байлаулы тұрады. Аттардың біреуі ақ боз ат, біреуі көк боз ат. Көк боз атқа жолама, ақ боз атты «Жануар-ай» деп сауырынан сипап алып шық», — дейді.

Бала қу бастың сөзін тыңдаймын деп, диуанадан қалып қойған екен, артынан жүгіріп келеді.

Келсе: «Е, балам, не қып қалып қойдың?» — дейді шал. Бала: «Ұйықтап қалған екенмін», — дейді. «Е, олай болса, жүре ғой», — деп, алып келіп, баяғы айтқан үлкен дарбазаға кіргізеді. Онан тағы бір үйге кірсе, бір үлкен қара қазан қайнап тұр екен. Диуана: «Балам, мына қазаннан айналшы!» — дейді.

Бала: «Жоқ, ата, мен қалай айналатынын білмеймін, өзің айналып көрсет!» — дейді.

Диуана: «Әй, бала, несі бар айналмай!» — деп, айнала бергенде, бала қазанның ішіне диуананың өзін итеріп жібереді.

Диуана өліп қалады, бала оның қалтасын қарап кілттерді алып, шетінен есікті аша береді, қамап қойған адамдардың бәрін босатып жібереді.

Ең соңғы үйді ашса, екі ат тұр. Бала: «Әй, қу бас-ай, басқа айтқандарың тура келмеді ғой, мынадай көк боз ат тұрғанда, адам анандай ақ боз атты алар ма?» — деп, көк боз аттың қасына бара бергенде, ат баланы бір тебеді. Сол сәтте бала күмп беріп, жеті қабат жердің астына түсіп кетеді.

Сонан бала жердің астына түссе, көз ұшында бір жылтыраған тесік көрінеді. Сол тесіктен көрінген сәулеге қарай жүре-жүре бала жердің астында бірнеше жылды өткізеді. Басы таз, үсті қотыр болып, әбден азып-тозып жүдейді.

Ақырында әлгі тесіктен келіп шығады. Шықса, көп адам қолына садақ алып кетіп бара жатыр екен.

Бала да шығып, жаңағы адамдарға келеді. Олардан: «Сіздер қайда барасыздар?» — дейді. Онда олар: «Біз патшаның тойына барамыз. Патша бір биік теректің басына жамбы тігіп, «Кімде-кім соны атып түсірсе, соған қызымды беремін» деп жар салыпты, соған келеміз», — дейді. Соларға ілесіп бала да тойға барады.

Басқа жұрт жиылып, жаңағы теректің басындағы жамбыны кезек-кезек атып жатыр екен.

Таз бала да келіп, елдің бір шетінен тамашаға қарап тұрады. Жиылған адамдардың бәрі де жамбыны атып жатыр, бірақ ешқайсысы тигізе алмайды. Ақыры жамбыны атқысы келіп, бала біреудің садағын сұрайды. Сұраса: «Сен байғұс, әуре болып не қыласың, сен түгіл, біз де тигізе алмай жатырмыз», — деп, ешкім садағын бермейді.

Сонан бала патшаға (қыздың әкесіне) барып: «Мен бір жолаушымын, жамбыны атып мен де көңілімді көтерейін деп едім, ешкім садағын бермеді. Тақсыр, сіз маған біреудің садағын алып беріңізші, мен де атып көрейін!» — деп өтінеді.

Патша баланың бас-аяғына қарап: «Осы тигізе алушы ма еді?» — деп іштей ойлайды да: «Ал, ата ғой!» — деп, біреудің садағын алып береді. Бала атып, теректің басындағы жамбыны қақ бөліп жерге түсіреді. Анталап тұрған адамдар: «Патшаның күйеу баласы таз диуана болды», — деп, баланы кілемге салып көтеріп ала жөнеледі.

«Бұған бермесем, сөзімде тұрмағаным болады, берсем, қызым қалай ма, қаламай ма?» — деп, патшаға уайым кіреді. Ақыры патша әрі ойлап,

бері ойлап: «Қой, мұны қызыма айтайын, қызым не дер екен?» — деп, қызына болған жайды айттырса, ол: «Мен тиемін, Құдайдың маған бұйырғаны сол шығар», — деп, әкесіне жауап береді.

Сөйтіп патша таз балаға қызын қосады. Қыз таз күйеуін дұрыстап бағады. Неше түрлі дәрімен емдеп, басының тазын жазып, әп-әдемі байбатша қылып шығарады. Сонымен арада бірнеше жыл өтеді.

Бір күні бала түс көреді, түсінде әкесі мен шешесін көреді. Ертеңіне қатынына: «Мен енді еліме кетемін», — дейді. Оған қатыны жауап бере қоймайды. Бала қайта-қайта айтып қоймаған соң, қатыны: «Бар, патшадан рұқсат сұра, егер жіберсе, екеуіміз де кетеміз», — дейді.

Бала патшадан барып рұқсат сұрайды, патша да бірден жауап бермейді. Бірақ бала рұқсат сұрап қоймаған соң, ақыры жібермекші болып той қылады. Патша қызы мен күйеу баласын отаулап, қырық нарға жүк арттырып, қырық құл жалдап беріп көшіреді. Өзі де бір айшылық жолға шығарысып салады. Бала бірнеше күн жол жүріп, баяғы көк ат теуіп, өзін жердің астына түсіріп жіберген жердің тұсына келеді. Бала қолына қылышын алып, келіншегіне: «Сендер жүре тұрыңдар!» — деп, өзі баяғы өзін тепкен атқа келеді. Орнында екі ат әлі тұр екен. Бала қылышпен көк боз аттың басын кесіп, ақ боз атты «жануар-ай!» деп, сауырынан сипап тысқа алып шығады. Ақ боз атқа мініп, көңілі жайланып көшіне келеді. Басынан өткен барлық оқиғаны қатынына айтады. Енді баяғы әкесінің тамына келсе, бәрі бұзылып жер болып кеткен, маңайында ел жоқ.

Бала: «Бұлар бәрі өліп қалған екен ғой. Енді қалаға барып, бір қоражай салып алайын», — деп, көшіп бір қалаға келеді. Қаланың шетіне көшін тастай беріп, көшені аралап келе жатса, бір ағасы байдың отынын шауып жатыр екен, оны көреді. Білдірмей және бір көшені аралап келе жатса, бір жерде онан кіші ағасы бір аспаздың отын жағып жүр екен. Тағы да бір көшені аралап жүрсе, әкесі мен шешесі отын арқалап келе жатыр екен. Бала ешкімге сыр білдірместен көшіне қайтып келіп, қаладан бір қора-жай сатып алып, орнайды. Орныққаннан кейін әке-шешелеріне, ағаларына адам жіберіп алдырады. Барлығын жуындырып, киіндіріп бағады. Бірақ өзінің кім екенін бірден айтпайды. Бір күні шешесі отырып:

— Ойпырмай, менің емшегім иіп бара жатыр, — дейді. Әкесі отырып: «Менің жүрегім дүрсілдеп барады», — дейді.

Сонда бала отырып:

— Е, сіздердің жүректеріңіз дүрсілдеп, емшектеріңіз иісе, оның себебін айтайын. Сіздердің баяғы диуана алып кеткен балаларың мен боламын, жүректеріңіз соны сезген болар, — дейді.

Әке-шешесі сол жерде талып қалады. Біраздан кейін баласы тұрғызып алып көрісіп, амандасып көңілдері жайласады. Бала екі ағасын екі жаққа сауда жасауға жіберіп, әкесі мен шешесін өз қолында бағады. Сөйтіп, бала бақытты болып, барша мұратына жетеді.

Бала патша Алдияр

Бұрынғы әділетті Мұхтар деген патшаның заманында бір шәрінің жас балалары жиналып ойнайды екен. Көп балалардың ішінде Алдияр деген бала патша болып, енді біреулері уәзір және бірнешеуі патшаның жендеттері, қазы, сұрақшы болып, тас жинап, патшаға сарай жасап, оны «Алдияр патшаның шәрісі» деп атапты. Балалардың ішінде тәртіпсіз немесе қылмыс істегендерін жауапқа тартып, түрліше жазаларға бұйыратын болыпты. Барлық бала Алдияр патшаның әмір-пәрменіне риза болып, бас иіп тұрады екен. Сөйтіп балалар күн сайын Алдияр патшаның шәрісі — өздері ойнайтын жеріне жиналып, патшаның тапсырмаларын орындап, кешінде үйлеріне барып қонып, күндізін өздерінің шәрісінде болады екен. Бір күні балалар топырлап, өздерінің шәрісінде жүргенінде сол шәрінің әділ патшасы Мұхтар патша балалардың ойнап жүрген жеріне кезігіп қалып, балалардың ойындарына және олардың патшалық үкім-сұрақтарына таңданып қарап тұрыпты да, бір кезде бір баладан:

— Балам, бұларың қандай ойын? — деп сұрапты.

Сонда патшаның жауап сұраған баласы айтады:

— Мынау біздің Алдияр патшаның шәрісі, ал енді анау тақта отырған біздің патшамыз Алдияр. Біз бәріміз де Алдияр патшаның бұйрығы бойынша істейміз, — депті. Сонда хан бұлардың істеп жүрген істеріне және де салған шәрілеріне ішінен қатты риза болып:

— Патшаларыңа айтыңдар, осы шәрісін маған сатсын, бір ділдә берейін, — депті. Мұхтар патшаның жауабын әлгі бала өзінің патшасына келіп айтса, Алдияр патша:

— Бұл шәрі сатылсын, басқа жерден шәрі жасап аламыз, — деп, бір ділдәні алып, өздерінің қазынасына тапсырып, Мұхтар патшаға:

— Мына шәрі қазірден бастап сіздікі, — депті. Мұхтар патша:

— Бұл шәрі менікі болды, сендер енді басқа жерге орналасыңдар, — деп өз бетімен кетіп қалыпты. Балалар ертесіне ол жерден кетіп, басқа жерге барып, бұрынғысынан да артық етіп сарай салып, ойнап жүре береді.

Мұхтар патша бір түні ұйықтап жатып түс көріп, түсінде гүл иісті бақтар, өніп тұрған бақша, өте зинатты алтын, гауһармен безендірілген алтын сарайлар, пейіш, хор қыздарын көріпті. Мұхтар патша сол сарайларды аралап жүргенде, бір ақ шалмалы адам кезігіп: «Мұхтар патша, бұл өзіңнің бала патша Алдиярдан сатып алған сарайларың, арала!» — депті. Мұхтар патша ояна кетсе, түсі екен. Патша бұл көрген түсіне сүйсініп, кедейлерге садақа беріп және сейілге шығып, әдейі бала патша Алдиярдың шәрі салған жеріне келіпті. Алдияр патшамен сөйлесіпті.

— Мына сарайларыңды сатыңдар, жүз ділдә берейін, — депті де, баланың сарайларына жүз ділдә беріп, «енді менікі» деп, кетіп қалыпты.

Балалар өз сарайларын жүз ділдәға сатып, енді басқа бір жерге барып, сарай, шәрі салып, сонда орналасып, бұрынғыларындай жүріп-тұрыпты. Мұхтар патша бір түні тағы бір түс көріп, түсінде бұрынғы көрген

сарайынан бірнеше есе артық зинатты сарай, бақтарды аралап жүріпті. Баяғы ақ сәлделі адам кезігіп: «Патша, бұл аралап жүргенің — Алдияр патшадан екінші рет сатып алған шәрі, сарайларыңызды әбден аралаңыз», — депті. Мұхтар патша оянған соң, бұл түсіне тағы да қуанып, кембағал мүсәпірлерге садақа беріп, сейілге аңға шығып, қайтарында Алдияр патшаға келіп, бұлардың бұл шәрі сарайларын бір мың ділдә беріп сатып алып: «Мына сарай шәрілер тағы да менікі болды», — деп, кетіп қалыпты. Алдияр патша төртінші жерге көшіп барып, орналасып алыпты.

Күндердің күнінде Мұхтар патшаның алдына екі адам дауласып келеді. Сондағы даулары екеуінің жетелеген екі биесі бар, екеуінің арасында құлыны бар. Биенің екеуі де қара түсті екен де, арасындағы бір құлыны ала құлын болып туылыпты. Ол құлын екі биені емеді, екі бие де бір құлынға иеді екен. Дауласып келген екі адамның екеуі де менің биемнен туған, менің құлыным дейді. Патша сұрап қараса, екі бие де өткен түні туған, биелер туғанда биелерінің туғанын екеуі де көрмеген. Күндізінде екі бие бір құлынды тең емізіп жүргенінде бір-ақ көріпті. Дау осыдан әділ патша екеуінің қайсысына бұйырып берерін біле алмай, қайран болып отырғанда, бір жас бала отырып:

— Ой, Құдай-ай, осынша адам осы құлынның қайсы биеден туғанын айырып бере алмай отырғанын қарашы. Егер де біздің Алдияр патша болса, бұл істі бағана-ақ шешіп берер еді, — депті. Сонда патшамен бірге отырған уәзірлер:

— Ой, енеңді... былжыраған бала, елдің басы қатып отырғанда былжырамай отыр әрі, — деп, ұрысып тастапты. Бала:

— Ұрыссаңыз, ұрыса беріңіз, бірақ та біздің Алдияр патша болса, бұл бүйтіп бөгеліп отырмас еді, — деген сөзін айтыпты. Бұл сөзді естіген Мұхтар патша:

— Ей, бала, осы істі сендердің патшаларың шеше ала ма? — деп сұрапты. Сонда бала айтады:

— Тақсыр, біздің Алдияр патшамыз болса, бұл істі бағана-ақ шешіп тастар еді, — депті.

Сонда хан:

— Не деп болмас, — деп, бір адам жіберіп, жеті жастағы бала патша Алдиярды шақыртып алып, болған жағдайды түсіндіріп:

— Балам, бұл туралы сен не дер едің? — депті.

Сонда балалар патшасы:

— Бұл іс көп ойланарлық іс емес қой, — депті де, бір шыны су алғызып, құлынды ұстап тұрып, құлағының ұшынан кесіп, шыныдағы суға үш тамшы қанын тамызып жіберіп, биенің бірінің құлағынан үш тамшы қанды шыныдағы суға тағы да тамызып жіберіп, суға қарап: «Мына құлын мына биеден тумаған», — депті. Содан кейін тағы да бір шыны су алдырып, құлынның құлағынан үш тамшы қан тамызып, енді ана бір биенің құлағынан үш тамшы қанды шыныға тамызып, шыныдағы суға қарай салысымен-ақ: «Мына құлынды тапқан осы бие екен», — депті.

Сонда жиналған халық:

— Балам-ау, мұны қайдан ажыраттың? — деп сұраған екен.

Бала тұрып:

— Өз енесінің қаны су ішінде өз құлынының қанымен бірге қосылып кетеді, өзі тапса екеуінің қаны су ішінде қосылмай, екі бөлек жүреді — депті. Содан кейін көпшілік болып, екі шыны суға қараса, Алдиярдың айтқанындай болып шығыпты. Құлынды өз иесі алып қайтыпты.

Сонымен енді бір күндерде Мұхтар патшаның алдына екі адам дауласып келеді. Сондағы даулы істері — бес жасар атан түйеге екі адам таласып келген екен. Екеуі де өз қолынан боталатқан, менің пәлендей інгенімнен туған, аузын үріп, аяғын сыпырған түйем деп, екі адам бір бесті атанды жетелеп келіпті. Мұхтар патша әрі-бері сұрап көрсе, екеуі де өз түйесінен туғаны үшін бірнеше адамды куәға тартып, өз сөздерін жөн қылып болмаған соң, патша «шарифат айырсын» деп қазыға жіберген екен. Қазы әрі-бері сұрап көріп, екі жағын да жөнге келтірем дегенімен: «Өз түйемнен туғаны үшін жанымды берем», — деп, ант ішіп, екеуі де тоқталмастан жанын беріпті. Сөйтіп мұны Қазы да ажырата алмай, ақыры патшаның алдына келіпті. Патша даулы түйені қайсысына бұйырып берерін білмей, таң-тамаша болып отырғанда, тағы да бір жас бала тұрып:

— Мұны біздің Алдияр патшамыздан басқа кім ажыратады дейсіздер? — депті. Сонда патша тұрып:

— Балам, сен Алдияр патшанды шақырып келші, сендердің патшаларыңды да көрелік, — депті. Сонда әлгі жас бала жүгіріп барып, өзінің Алдияр патшасын ертіп келіпті. Алдияр екі жағын сұрап көріп: «Бұл атанның тапқан енесі бар ма?» — деп сұрағанда, екеуі де «енесі бар» депті. Алдияр: «Екеуіңіз де енесін алып келіңіздер», — деп бұйырыпты. Жиналған ел бұл бала қайтер екен деп қарап отырғанда, екеуі екі інгенді жетелеп келіпті. Алдияр екі түйені арқан бойы жерге ұстатып тұрып, бесті атанды жықтырып, төрт аяғын мықтап байлатып алып, атанның санын қыл шылбырмен бұратыпты. Шылбыр атанның санын қиып, атан түйе бақырып, боздап кеп ышқынғанда, анадай жерде ұстап тұрған екі түйені қоя беріңдер деп бұйырыпты. Сонда екі түйенің бірі боздап келіп, боздап жатқан атанның үстіне түсе қалыпты. Сонда Алдияр: «Атан мына түйеден туған», — депті. Отырған ел бала патшаның қазылығына қайран қалыпты.

Тағы да бір күндері патшаның алдына 10-11 жастағы екі қара баланы ертіп, бір кісі келіпті. «Тақсыр, мына баланың бірі менің өз балам, бірі менікі емес. Бүгін таңертең балам жататын төсекте екі бала жатыр, қарасам, түрлері, киімдері, мінез-құлқы, сөздері, бәрі бірдей. «Менің өз балам қайсың?» десем, екеуі де: «Сіздің балаңыз менмін», — дейді. Сонымен, өз баламның қайсысы екенін біле алмай, сіздің алдыңызға келіп тұрмын», — депті. Патша екі баланы жекелеп алып, өткен уақыттағы істерін сұрап көрсе, екеуінің сөзі бір жерден шығыпты. Патша әрі-бері

сұрап-сұрап, ешқандай сезік таба алмай, ақыры лажсыз болып, осыған бала патша Алдияр не дер екен деп, оны шақыртып алып, мән-жайды түсіндіріп беріпті. Алдияр сонда:

— Бұл іс бас қатырарлық іс емес қой, — деп, бір бос бөтелкені алғызыпты да, бөтелкені өзі ұстап тұрып, екі балаға айтыпты:

— Балалар, сендердің қайсыларың мына кісіден туған болсаңдар, соның осы мен ұстап тұрған бөтелкеге кіріп кетесіңдер, — депті. Екі қара баланың бірі секіріп келіп, бөтелкенің ішіне кіріп кеткенде, бала патша бөтелкенің аузын бас бармағымен баса қойыпты да, әлгі кісіге:

— Әне, қасыңызда тұрған сіздің балаңыз, мына бөтелкедегі сізді алдап жүрген шайтан, — депті. Сонымен жиналған халық қайран қалыпты. Мұхтар патша халықты жинап алып:

— О, халайық, жеті жасар Алдиярдың ақылы менен әдеқайда артық екен. Сол үшін бүгіннен бастап бар патшалығымды осы балаға өткіземін. Бұдан былай сіздердің патшаларыңыз мына жеті жастағы Алдияр, — депті. Сонымен Алдияр бала жеті жасында таққа отырыпты.

Жас баланың сапары

Баяғыда бай болыпты дейді. Сол байдың жалғыз баласы мен бір қызы болыпты. Сол бай соншалық бай бола тұрса да, шығынсынып бірде-бір қолына жұмысшы ұстамайды екен. Бар малды сол жалғыз баласы бағады екен. Басқа байдың баласы мінгені жорға, кигені торқа, көргені ойын-сауық, серуендеп жүреді екен. Соларды көріп іші күйген бай баласы ашуланып, бір күні өріске бір қойдың аяғын байлап тастап кетіпті. Кешіне қойды айдап келгеннен кейін барлық қойды бай екі бұтаның арасынан санап өткізіпті. Содан бір қойы кем болған бай ашуланып, баласын түні бойы ұрыпты. Ертесіне малға барғанда екі қойдың аяғын буып тастап кетіпті. Кешіне бай малын санаса, тағы екі қой жоқ болып шығады. Содан бай ашуланып баласын қуып жіберіпті. Қойдан құтылған баласы қуана-қуана кете береді. Бала осы бетінде келе жатса, жолда керуен кездесіп, керуен басшысы баланы бізге жұмысшы бол деп үгіттейді. Оған бала:

— Ағатайлар, маған жандарың ашыса, жол көрсетіңдер. Мен өзім де құлдықтан қашып келемін, — дейді. Сонда керуендер:

— Мына жолмен жүрсең елді-күнді жерге барасың, — деп, оң жолды көрсетеді. — Ал мына жолмен жүрсең, елсіз-күнсіз жерге кетесің, — деп ортаңғы жолды көрсетеді. — Енді мына жолмен жүрсең, ит тұмсығы батпайтын қалың орман, тоғайға барасың, — деп, сол жолды көрсетті.

Міне, бала енді қалың ойға түсті: «Елді-күнді жерге барғандағы көргенім құлдық па? Ал елсіз-күнсіз жерге барсам, құр босқа өліп қалармын», — деп, қалың орман жағымен жүріп кетеді. Сөйтіп жүре-жүре бұл бала орманға да жетеді. Қабырғасы қатпаған жас бала орманды аралап көп

уақыт жүреді. Бір күні қалың ағаш ішінде тұрған үлкен сарайды көреді. Аяңдап осы сарайға келсе, бір сарайда байлаулы тұрған арғымақ аттарды көреді, оны ұстауға алдына барса, тістеп, артына барса теуіп маңайына жуытпайды. Екінші бір үйіне кірсе, бір қазан аң еті асулы тұр екен. Төрде семсер ілулі тұр екен және киім-кешек ілулі тұр екен. Бұл бала етке тояды. Сөйтіп отырғанда даладан дүбір дауыс естіледі де, бір-біріне: «Кірші үйге, адамзат иісі шығып барады», — дейді. Бала төрдегі семсерді алып, бұлар кіретін босағаға тығылып тұра қалады. Сөйтсе, бұл келгендер жезтырнақ деген жалмауыз екен. Сөйтіп жезтырнақтың біреуі кіре бергенде, бала оның семсермен басын шауып тастайды. Біраз кідірген соң екіншісі кіреді. Бала көп ойланбастан оның да басын алып тастайды. Сөйтіп бір уақытта бір дәу жерді дірілдетіп: «Әлгілер өздері жеп қарық болып жатыр-ау, а!» — деп, аттан түсіп, есіктен кіре бергенде, бала оның түрінен жүрексініп, семсерді сілтеп қалғанда, семсер тура тимей, бір шекесін ғана алып түсіпті. Сөйтіп қайта оралып балаға тап бергенде бала семсермен тағы бір ұрып жығып, шала өлтіріп, бір кілеттің ішінде зындан бар екен, сол зынданға бәрін тастап, төбесін жауып қояды. Сөйтіп бала жезтырнақтың тұқымын құртып, енді өзі жезтырнақтың киімін емін-еркін киіп, семсерін алып арғымақтардың қасына келсе, еш арғымақ тимейді. Міне, сөйтіп осы жерде бірнеше жыл аң аулап тұрады. Бұл сарайдың төңірегіне аңның етін толтырады. Енді баланың өзі жалғыз жүріп жалығады да, оған бір ой түседі. Ол еліне барып қайтпақшы болып бір арғымақты ерттеп, бір қоржынға етті толтырып, еліне қарай жүріп кетеді. Сөйтіп бұл бала еліне жақындаған сайын еш адам немесе мал көзіне түспейді. Ол әкесінің жеріне келгенде үйілген ақ сүйектен басқа еш нәрсе көзіне түспейді. Өзінің қыстауына келсе, қыстауын сүйек басып жатыр екен. Еш адам көзге түспепті. Сөйтіп дел-сал болып тұрғанда қасындағы өзеннен бір-екі әйелдің шаңқылдап ұрысқан дауысын естіп, сол өзенге қарай арғымағын жетелеп келсе, шөптен жасаған жаман күркенің⁶⁸ ішінде шешесі мен қарындасы бір кішкене ішекке таласып отыр екен. Қастарына келгенде шешесі танып, баласын құшақтап:

— Құлыным, сен жүрген құт екенсің, сен кеттің, басымыздағы құт кетті. Ашаршылық туды. Малдың бәрін бітірдік. Енді түк таба алмай сасқан соң, ішекке таласып отырмыз, — дейді. Сол жерде бала етке тойғызып, арғымаққа мінгізіп орман ішіне алып кетеді. Орманда өзі мекендеп жүрген жерге келіп ғұмыр сүріп тұра береді. Күндерде бір күн бала бар сарайдың кілтін беріп:

— Мына сарайдың бәрін ашып көре беріңдер, бірақ мына сарайды ашпа, — деп, жезтырнақ жатқан сарайды көрсетті. «Жарайды, ашпаймыз», — деп, қарындасы мен шешесі қала береді. Баласы аң аулауға

⁶⁸ Күрке — шағын баспана, қос, үйшік. Төлінен жеріген малды телу үшін төлімен қосып қамайтын тар қораны да «күрке» деп атайды.

кетеді. Сөйтіп кемпір қызымен екеуі бар сарайды аралап көреді. Неше түрлі қызықты заттар, алтын, ділдә көп екен. Соның бәрін көріп болған соң, бір күндері ерігіп отырып бір-біріне: «Бұл бізге мына сарайды неге ашпа деп кетті, кел, осыны ашып, ішінде не барын көрейік», — деп, ақыл қорытып алды да, келіп ашса, сарайдың ішінде зындан бар екен. Сол зынданнан бір ыңырсыған дауыс шығады. Тыңдап тұрса, «баласы жоққа бала болам» дейді. Сол арада кемпір:

— Аулақ әрі, өзімнің де балам бар, — дейді.

— Еңдеше, байы жоққа бай болам, — деді. Сол кезде кемпір арқан тастап жезтырнақты суырып алады, төбесінде жалғыз көзі бар екен. Міне, осыны үлкен кебеже сандық бар екен, соған салып асырады. Жезтырнақ семіреді. Кемпір жезтырнақтан екіқабат болып, бала көтереді.

Күндердің бір күні кемпір ішін білдірмей жүргенде босанатын күні жақындап қалады. Енді кемпір жезтырнақпен ақылдасады. Жезтырнақ оған мынандай ақыл береді:

— Сен босанғаннан кейін, оны апарып балаңның келетін жолына таста. Ол саған әкеп асыратады, — деді. Сөйтіп бір күндер өткенде кемпір босанып ұл тауыпты. Оны бір нәрсеге орап, баланың келетін жолына апарып тастапты. Сөйтіп, бала аңнан қайтса, жолда жатқан баланы көреді. Қасына атымен жақындап келіп: «Шайтан ба, алде не?» — деп, күдіктеніп келсе, адамзаттың баласы екен. Және өзі еркек бала екен. Сол арада бала ол жатқан кішкене баланы аттан түсіп, көтеріп алдына алып үйіне әкеп, есік алдында тұрып айғайлайды:

— Апа, апа, бері келші. Мен өзіме бір іні тауып әкелдім, — дейді. Сол кезде шешесі:

— Тарт ары, айдаладағы неткен бала, шайтан шығар әкеп тұрғаның, — депті.

Баласы:

— Жоқ, апатай, адамзаттың баласы, өзіңіз шығыңызшы, көріңізші, — дейді. Сол кезде шешесі шығып көріп, түк білмеген кісідей:

— Япырай, шын адамзаттың баласы екен, — деп, қолына алып, үйге кіріп жуындырып, сол баланы асырай береді. Міне, осымен талай жылдар өтеді. Жас бала ержетеді. Бұл бала екі-екі жарым жасқа келгенде, жөнді сөйлей алмай жүрген кезінде, ағасы аңға кеткенде жезтырнақ шығады екен. Бір күні соны көріп қалыпты. Ағасы аңнан келген кезде, ағасының алдында отырып: «Аға, ай-ой», — деп, төбесін көрсетеді. Оны ағасы елеп-ескермейді. Ал баланың төбесін көрсету себебі, жезтырнақтың төбесінде жалғыз көзі бар екен, міне, бала «ай» деп төбесін көрсету себебі осы екен. Баланың ол айтып отырғанын залым кемпір түсініп отырыпты. Міне, бұл жолы баласы аңға кеткенде кемпір жезтырнақты шығарып алып, жас бала қасында отырғанда жезтырнаққа:

— Мына балаң бәрін білетін болды. Енді біраз уақытта ана қуға бәрін айтатын түрі бар, — депті. Сол кезде жезтырнақ ол кемпірге ақыл айтыпты:

— Сен бала аңнан келерде сусын орнына у езіп бер. Содан ол уланып өледі. Сонан кейін өзіміз емін-еркін өмір сүреміз, — депті. Міне осы айтқан ақыл кемпірге едәуір жігер береді. Ол баласының келуіне қарсы у езіп дайындап отырады. Ал енді бұл баланың әдеті аңнан келгеннен кейін інісін алдына алып, бетінен сүйіп, төсіне шығарып, сонан кейін барып сусын ішеді. Міне сүйтіп күтініп отырған жерге қарсы бала да аңнан келіп жетеді. Атын байлап жайланып, үйге кіріп, шешініп отырып, інісін шақырып алдына алып, бетінен сүйіп, төсіне шығарып отырып:

— Апа, сусын берші, — депті. Сол арада шешесі езіп қойған уды әкеп береді. Алдында отырған жас бала быж-быж етіп бірдеңе-бірдеңе дейді. Оның сөзіне түсінбеген ағасы оның не деп отырғанын елемей, қолына тиген уды сусын деп ауызға жақындата бергенде, алдында отырған інісі у құйған аяқты қағып жіберіп, төгіп тастайды. Сол арада шешесі:

— Ей, антұрған, шөлдеп келген ағаңның сусынын ішкізбей неғып құтырып отырсың? — деп, қалған уды езіп, жуып-шайып қайтадан әкеп беріпті. Жас бала мұны да ішкізбепті. Сөйтіп, үшке дейін ішкізбей, төртінші рет ішкізіпті. Міне, сөйтіп ағасын бір ажалдан алып қалыпты. Сөйтіп, аңшы бала ертесіне аңға кетіп, сары уайымға түсіп, ой ойлайды. Өйткені сарай төңірегі толған аң еті азайып қалады. Бір жезтырнақ бір жегенде қырық аңның етін бір-ақ жейді екен. Баланың күні-түні ойлайтыны: «Жалғыз шешем мен қарындасым мұншалық ет жеуі мүмкін емес, бұл ет қайда кетіп жатыр?» деген уайым оны жүдетіп барады.

Сөйтіп енді үйде қалғандарға келейін. Бала аңға кетті. Шешесі жезтырнақты шығарып алды да:

— Мына бала бәрін білді. Уды ішкізбей қойды. Енді не істейміз?, — дейді. Сонда жезтырнақ:

— Ендеше мен тығылмай-ақ қояйын. Өзім онымен айқасып көрейін, — деп, баланың келуін күтіп отырады. Сөйтіп бір уақытта аңшы бала да аңнан келіп жетеді. Байқаусызда дайындалып отырған жауыз бала кірген жерден-ақ айқаса түседі. Сөйтсе де баланың да күші басым екен, еркіне көнбей, жаумен алыса жүріп, бала шешесіне өтініш айтады:

— Ардақты ана, — деді ол, — он ай омыртқанды үзіп тапқан балаң едім ғой, не көмегің бар көрсететін? — дегенде, шешесі:

— Бірің өл де бірің қал, жұмысым аз! — деп жауап беріпті.

Содан бала қарындасына арыз айтады:

— Затың әйел болса да, бір анадан туған туыс емес пе едің? Не жәрдемің бар көрсететін? — дегенде, қарындасы:

— Бірің өл де бірің қал, жұмысым аз! — деп жауап беріпті. Ал ендігі қалған жас інісі шырылдап жылап аяғына оралып жүр. Қолынан келер қайрат жоқ. Ол кезде аңшы ағасы:

— Көкешім, менің қалтамда алтын кездік бар. Соны ал да, аяғың ұр, — дейді. Сонда інісі қалтасындағы алтын кездікті алып, жезтырнақтың тірсегін шапса, екі аяғын қиып түсіпті. Міне, осы інісінің арқасында жезтырнақты өлтіріп, шешесі мен қарындасының екі көзін ойып алып

орманға тірідей қаңғыртып жіберіп, інісімен екеуі ғұмыр сүріп тұра беріпті. Бірақ та інісінің түбі жезтырнақтың тұқымы екенін сезеді. Бірақ сыр бермей, інісін асырап жүре береді. Сөйтіп бірнеше жыл өтіпті. Жас інісі де ержетіп, күндердің бір күні ағасы күдіктеніп, ойына қорқыныш кіріп, інісінің күшін сынамақ болады. Сөйтіп бір күндер өткенде ағасы тұрып інісіне:

— Көкешім, айдалада қалың орман арасында екеуіміз ғана, әбден ішіміз пысты ғой. Кел, екеуіміз алысып, ат үстінен тартысып ойнайық, — дейді.

Інісі:

— Аға, сізбен алысып ойнағаным ұят болады, — депті.

Сол кезде ағасы:

— Еш нәрсе етпейді. Ұят болатын бұл арада ешкім жоқ, екеуіміз-ақ қой. Кел! — деп болмапты. Ағасы болмаған соң інісі өзіне арналған киімді киіп, өзіне арналған арғымақты мініп, ағасымен екеуі тартыса түседі. Міне, сол-ақ екен, көпке жібермей-ақ ағасын көтеріп алып, өз артына мінгізіп алыпты. Сөйтіп ағасы інісінің күшінің асқанын біледі. Міне, осы уақыттан бастап бала да ағасына еріп аң аулай бастайды. Әрине, аңнан келген кезде аулаған аңдарды қарасаң, бала ағасынан екі есе көп аулап әкелетін болады. Сөйтіп әр уақытта ағасы: «Бұл бала жезтырнақтың тұқымы. Менен мұның күші асып түсті. Бұл мені бір күні бір қатерге ұшыратар. Онан да мен осындайда бұл пәледен құтылайын», — деп, қалың ойға түсті. Сөйтіп бір күні інісін шақырып алды да, оған былай деді:

— Қарағым, айдалада екеуден-екеу болып босқа өмір өткізгенше мен ел жаққа барайын, сөйтіп саған жеңге тауып келейін, — депті.

— Оның жақсы, аға, жеңге әкелсең жаман болмас. Аға, қарсылығым жоқ, әкеліңіз, — депті інісі. Міне, сөйтіп ағасы дайындалып, азық-түлігін алып, атқа мініп інісімен қоштасып жүріп кетеді. Ағасы анадай жерге кеткенде інісі айғайлап ағасын шақырады. Міне, сол кезде ағасы өте қатты қорықты, «Қатерге ұшыратайын деп шақырды-ау!» — деп, аяңдап қасына келгенде, інісі:

— Аға, сен болсаң кетіп барасың, мен болсам қалып барам, ал сен онда барып бір қатерге ұшырасаң, мен қайдан білем? Мен мұнда бір қатерге ұшырасам, сен қайдан білесің? Ол үшін келіңіз, семсер айырбастаймыз. Онда барып сіз бір қатерге ұшырасаңыз, менің қолымдағы сіздің семсеріңізді тат басады. Сіздің бір қатерге ұшырағаныңызды мен содан білем. Ал мұнда қалып мен бір қатерге ұшырасам, сіздің қолыңыздағы менің семсерімді тат басады. Менің бір қатерге ұшырағанымды сіз содан біліңіз, — деп, екеуі семсер айырбастап жүріп кетті. Ал енді бұл екеуі бір-біріне өте ұқсас екен, екеуінің бойы да, киімі де, аты да, сөйлеген сөзі де бірдей екен.

Міне, сонымен ағасы ұзақ сапарда келе жатады. Арғымағының ізі жер ошақтай болып ойылып қалады екен. Сөйтіп ол келе жатып айдалада бір ақ отауды көреді. «Бұл айдалада тұрған неткен отау?» — деп, оған

бұрылып келіп аттан түсіп, атты белдеуге байлап үйге кірсе, үй ішінде ай мен күндей болып бір қыз отыр екен. Онымен амандасып, жөн сұрасып болғаннан кейін тамақтанып, сусындап, жайланып отырғаннан кейін ол жігітке:

— Ой, сорлы, сен мұнда неге келдің? — десе, жігіт:

— Несі бар? — депті.

Сол кезде қыз:

— Менің ағайым бар, ол келіп қалып сені көрсе, тірі тастамас, — депті.

Жігіт маңғазданған пішінмен:

— Е, не де болса, уақытында көрерміз, — деп, отыра беріпті. Әрине, бұл екеуі бір-біріне өте ғашық болып қалды. Жігіт әлгідей дегеннен кейін қыз тұрып:

— Ал, тәуекел, олай болса, менің бауырым келген кезде сен далаға шықпа. Сен үшін өзім шығып жазасын берейін, — депті.

— Жарайды, — деп, жігіт жата береді. Әрине, бұлар бауыры келгенше жайласып, сөйлесіп, сөздің түйінін әбден пісіріп алады. Бұрынғыдай емес, ғашықтық оты қосылып та қалады, сөйтіп отырғанда үйдің төңірегі сілкінгендей болады.

Жігіт:

— Бұл не? — дегенде, қыз:

— Бұл менің бауырым келе жатыр, — депті. Өйтіп-бүйткенше бауыры да келіп жетті. Үйдің сыртына келіп:

— Мұнда кім бар, шық! — деп айғай салғанда, үйдегі жігіт дауысына шыдай алмай, орнынан көтерілді.

Сол арада қыз өзі шығып:

— Өзіңізге серік бар, — депті.

Сонда бауыры:

— Шын серік болса, шықсын, — депті. Жігіт сол кезде жүгіріп шығыпты. Міне осы арада екеуі танысып, құшақтасып амандасып, үшеуі жайбарақат тұра береді. Бір күні таңертең ерте тұрса, үйдің ішіне бір айдың сәулесі түсіп тұр екен, жігіт қызды оятып:

— Мынау айдың сәулесі не? — деп сұраса, қыз оған:

— Осы арадан бірсыпыра жерде тұратын жалмауыз кемпір бар, оның бір қызы бар, ол екеуміз доспыз. Сондықтан менің сәулем оған, оның сәулесі маған түсіп тұрады, — депті. Міне, сонан кейін ол жігіт тұрып атын ерттеп, сол жалмауызды іздеп жүріп кетеді. Ол жалмауыздың мекеніне жақындаған кезде жалмауыздың қызы ағаш басында қарауылдап тұрады екен. Келе жатқан кісіні көріп:

— Апа, апа! — деп айғай салыпты.

Сонда кемпір:

— Әй, не, неге айғайлайсың? — десе, қыз:

— Қара бөрікті, қара арғымақты бір кісі келеді. Қайтсе де сені өлтіреді, мені алады, — депті. Сонда кемпір:

— Саңдалма, тыныш отыр. Мені жезтырнақтың тұқымы болмаса, ешкім ала алмайды, — депті. Сөйтіп арғымақты кісі жетіп келген жерден сиқырмен оқып, қол-аяғын байлап, көгенге көгендеп тастапты. Мыңдаған адам жатыр, бәрі бір соның қызы үшін.

Бұл осы көгенде жата тұрсын, енді орманда қалған інісіне келейік. Інісінің қолында қалған ағасының семсерін тат басыпты. Міне осы кезден-ақ ағасының бір қатерге ұшырағанын біледі де, інісінің ұйқысы қашып, асы бойына тарамайды. Сөйтіп ол дайындалып ағасын іздеп жолға шығады. Әрине, ол іздегенде тура арғымақтың ізіне түседі. Сол арғымақтың ізі алған күйінде алып, баяғы ақ отауға әкелді. Ақ отауға жетіп келсе, ай мен күндей сұлу қыз бауырымен екеуі аттан көтеріп үйге кіргізді. Әрине, бұл қыз баланың ағасын да өстіп сыйлаушы еді. Енді бұл баланы сол өзім тиген күйеуім деп ойласа керек. Ал бала еш сыр бермей отыра береді. «Менің ағайымды осылар бір қатерге ұшыратса керек», — деп ойлап отырады. Сөйтіп отырғанда қыз тұрып:

— Сен бұл жолы неге сонша кешіктің? — деп сұрапты. Сол кезде сыр бермеген бала:

— Көп жер араладым, — деп жауап береді де, ішінен: «Менің ағайым басқа жаққа барып бір пәлеге ұшыраған екен», — деп ойлайды. Сөйтіп кеш болады, төсек салып жатуға келгенде екеуіне бір төсек салады. Сонда да бала сыр бермей жата берді. Таң ата бала оянса, бір айдың сәулесін көреді. Сонда бала тұрып:

— Мына сәуле не? — деп сұрайды. Қыз:

— Әнеугүні айтып едім ғой, — депті. Сонда бала:

— Ой, онда бір ой ойлап отырып түсінбепшің, — депті.

— Ендеше, осы арадан бірсыпыра жерде жалмауыз кемпір бар. Оның жалғыз қызы бар. Ол екеуміз доспыз. Оның сәулесі маған, менің сәулем оған түсіп тұрады, — депті қыз. Сол кезде бала ішінен: «Иә, менің ағайым сонда болып, бір қатерге ұшыраған екен», — деп ойлап, атын ерттеп мініп, арғымақтың ізімен тағы жүріп кетеді. Сөйтіп жалмауыздың мекеніне жете бергенде қыз тағы да:

— Апа, апа! — деп айғай салады.

— О не? — депті шешесі. Қызы сонда:

— Қара бөрікті, қара арғымаққа мінген біреу келеді. Арыны нашар, кайтсе де сені өлтіреді, мені алады, — депті. Сонда кемпір:

— Саңдалма, мені жезтырнақтың тұқымынан басқа адам ала алмайды! — депті. Сөйтіп бала да жетеді. Кемпір де сиқырын оқып тұра жүгіреді. Бірақ та сиқыры бұл баланы алмайды. Сөйтіп бала келіп төбе шашынан ұстап алып, ұрып-соғып ағасын таптырып, ол ағасын қалпына түсіртеді. Көгенде жатқан елдің бәрін босатып, кемпірді өлтіріп, дүниесі мен қызды алып, ағасы екеуі қайтыпты. Міне содан кейін баяғы ақ отауға келеді. Ағасы мен екеуі қатар келіп тұра қалса, баяғы қыз бен ағасы екеуі шығып, қайсысын түсіріп аларын білмей аң-таң болып тұрады. Сонан соң екі жігіт күліп, өздері түседі. Сөйтіп жайланып отырғаннан

кейін інісі, кішкене шынтақ саусағын шүберекпен түбінен байлап, ағасына:

— Аға, мына саусағымды шауып тасташы, — дейді.

Сонда ағасы:

— Қой, әке, жазым болады, — депті.

Сонда інісі:

— Осыны шаппасаң, сізге риза емеспін, — дейді. Тіпті болмаған соң ағасы шынтағын шауып тастапты. Сонда інісі:

— Міне, енді мен күнәдан пәк болдым. Ана кезде мен келіп қонғанда, мені сіз екен деп жеңгем қасына алып еді. Сонда осы шынтағыммен ғана тіреп жатып едім, денем тиген жоқ еді. Міне, кінәлі осы шынтақ еді. Енді күнәдан аулақ болдым, — депті. Сөйтiп жалмауыз кемпiрдiң қызын өзi алып, ағасы ана қызды алып, неше күн ойын, неше күн тойын жасап, жақсы өмiр сүрiп тұра берiптi.

Мұңлық—Зарлық

Баяғы бір заманда Шаншар деген хан болыпты. Қырық әйел алса да, не ұлы, не қызы болмапты. Хан бір күні: «Кәрі қойдың жасындай-ақ жасым қалды, қырық әйел алсам да, әлі не ұл, не қыз көрмедім. «Кімде-кім қызым бір ұл, бір қыз табады деп мойнына алып, кепіл болса, соған сұрағанынша малы мен алтын-күмісін беремін деп халқыма жар салайын», — деп ойлайды. Сонымен ертеңінде елді түгел жинап алып, шешімін айтады. Сонда жар басында шөптен жасап тіккен үйі бар, өзі жасынан балық аулап күн көрумен келген, жалғыз қызы бар, Жәудір деген кедей қарт үйіне келе жатып: «Әттең дүние-ай, осы жасым кәрі болып, күшім кетіп тұрғанда қызым көнсе, біраз күн кішкене қызық көріп қалар едім», — деп ойлапты. Қой, үйге барайын да, өтірік ыңқылдап ауырып, сандырақтап, қызыма айтып көрейін», — деп, үйіне келіп, ыңқылдап ауырып, сандырақтап, әр нәрсені айта бастайды. Сонда қызы:

— Әй, әке-ау, сіздің тегін өтірік айтпауыңыз керек, жүгіріп ханға барыңыз, — деп, қызы екі елі дорба беріпті. — Барып, ханға «қызым бір ұл, бір қыз табады» деп айт та, дорба толғанша алтын мен күміс сұра, — дейді. Жәудір қарт тұра салып, ханның үйіне тартады. Келе жатып Жәудір: «Ой, пәлі-ай, менің қызым өзі тиетін байына небәрі екі-үш дiлдә ғана сиятын екі елі дорбаны беруiн қарашы. Ең болмаса, бiр қап берсе не қылады?» — деп ойлайды. Сонда да ханға келедi.

— Ә, Жәудір шал, неге келдің? — деп сұрайды хан.

— Менің қызым бір ұл, бір қыз табады, өзім кепіл боламын, — дейді.

— Жарайды, не сұрайсың? — дейді хан.

— Мына дорбамды толтырып берсең болғаны, — дейді шал.

Хан дорбаны көріп:

— Оу, сенің үйінде қап жоқ па еді, мынау не болады? — дейді хан.

— Ой, хан иеміз-ай, осыны толтырып берсең де болады, — дейді шал ханға қарап. Сонда хан қазынашыға:

— Мына шалдың дорбасына екі-үш ділдә салып бер, — дейді. Келіп қазынаның аузын ашып, бір-екі ділдә салып еді, көрінбеді. Күректен салып еді, сол кілеттегі түгелдей кетті. Қазынашы ханға келіп айтты, хан естіп қайран қалды. Сонымен жеті кілетті түгелдей салды, сонда да толмады. Онан соң елді жинап: «Төбел тазға төрт ділдә, қырма тазға қырық ділдә, ойма тазға он ділдә, сыйса да бер бес ділдә, сыймаса да бер бес ділдә», — деп, елге салық салады. Сонда да толмайды. Енді не істеу керек деп отырғанда бір мәстек кемпір келді де: «Мен толтырып берсем, ақысына не бересіз?» — дейді. «Өз бойыңмен бірдей бір дорба алтынды берейін», — дейді хан. Сонда кемпір барып, тоғыз жолдың торабынан шым-шым топырақ әкеліп дорбаға салғанда асып төгіледі. Елден, таздан алған алтын мен күмістің бәрін қайырып береді. Өзінің қазынасы қайта толады. Сонда дорбада қалған алтын, күміс жеті атан түйеге жүк болыпты. Шал сонымен қызын ханға береді. Қызы барысымен-ақ екіқабат болыпты. Тоғыз ай, тоғыз күн дегенде хан:

— Мен баланың дауысын естіген жоқпын ғой, сол үшін мен тауда болайын, сен бас-көз болып осында қал, — деп, бірінші уәзірін тастап кетеді.

Әйелі толғатып жатқанда қырық әйел күндеп: «Енді не істейміз, бұл бір ұл, бір қыз тапса, бұдан жақсы болмайды, хан бізге енді қарамайды», — деседі. Сонда біреуі:

— Бұған амалды тапса, әлгі мәстек кемпір табады, — дейді. Адам жіберіп, кемпірді осында келтіреді.

— Әй, мына қырық әйел болып саған қырық табақ алтын ділдә берейік, мынаған ақыл тапшы, — дейді.

— Жарайды, қырқың қырық табақ алтын ділдә берсеңдер, мен бір амалын табамын, — дейді кемпір. «Береміз» деп шу ете қалады. Сонан соң кемпір жүгіріп барып, жаңа туған иттің бір еркек, бір ұрғашы екі күшігін әкеледі де, толғатып тұрған әйелге келіп бір дем салғанда, естен танып жығылып қалады. Сонда бір ұл, бір қыз табады. Жаңа босанған әйелдің қасына иттің бір еркек, бір ұрғашы күшігін салды да, ұл мен қызды жасырып алып кетіп, суға лақтырайын дегенде балаға тіл бітіп:

— Әй, ана, мені суға тастамай бақсаң, өскен соң өлгенше сізді күтеміз, — деп жылайды. Оған болмай, кемпір суға қарай атты. Сонда періште қағып, жел көтеріп, таудың басына шықты. Бір киік жаңа ғана бала лапты, соның бауырына салыпты. Соны еміп күн көре береді.

Уәзір хабар күтіп жатқан ханға: «Әйеліңіз иттің бір еркек, бір ұрғашы күшігін тапты», — деп хат жазады. Оны Шаншар хан естіп: «Екі күшігі мен қатынды жеті аралға апар, сонда жатсын», — деп үкімін шығарады. Сонымен қатынды жеті аралға апарып тастайды. Мәстек кемпір қырық әйелден қырық табақ ділдә алады. Арада жылжып бірнеше жыл өтеді. Бала мен қыз он алты, он жеті жасқа жетеді. Бала садақпен киік пен құлан атады.

Бір күні Шаншар хан биік тауға шығып келе жатса, жартастың түбінде бір бала ұйықтап жатыр екен. Баланы көрген Шаншар хан аттан түсіп, оны бас салады. Сонда бала атып тұрып, ханды анадай жерге лақтырып жібереді. Хан жылап ауылына келеді.

— Құдай-ау, баланы тауға да, тасқа да бердің, — деп жылайды. Сонда әлгі қырық әйел мәстек кемпірге хабарлайды. Оны естіп мәстек кемпір өзі тауға барады. Өздері тастан жасаған үйде қыз отыр екен. Мұңлық киік аулап кетіпті. Келе жатқан кемпірді көріп, қыз есікті ішінен бекітіп қойыпты. Кемпір келіп: «Зарлық қызым, аш есікті», — дейді. Қыз есікті ашпай қояды. Онан кейін кемпір:

— Сендерді баққан қожаң мен едім, есік ашпадың. Енді Мұңлық келген соң айт, күнбатыс жақта Күлмес ханның Күлсара атты күлгін қызы бар, Құлагер ат деген аты бар, соларды барып алсын деп айт, — деп кетеді. Ол кеткен соң қыз қараса, жақын жерде кемпір жоқ. «Ол бізді баққан қожа екен ғой», — деп ойлайды. Кешке Мұңлық та келеді. Қыз:

— Қожа келіп кетті, Күлмес деген ханның Күлсара атты қызы, Құлагер деген аты бар, соны барып алсын деді, — депті.

— Ой, ол әлгі бізді суға тастаған мәстек шығар, — деді.

— Жоқ, жоқ, ол емес, — деді. — Сен соған бар енді, алып кел.

Онан соң Мұңлық бірнеше жылға жарайтын азық жинап берді де, өзі жол тартады. Арада неше күндей жол жүреді. Бір үлкен биік таудың етегіне жеткен кезде әбден шаршап, аяғы ұйып, бір бастаудың басына келіп жата кетеді. Сонда ұйықтап жатқан кезде түс көреді. Түсінде ақ шалмалы қожа келіп: «Келдің бе, балам? Издегенің мына таудың астында», — дейді. Ояна келсе, түсі екен. Аяғы да жазылып, өзі де тынығып қалыпты. Тұра салып таудан асып келе жатса, алдынан қырық уәзірін ерткен Күлмес хан шығады:

— Әй, балам, жолың болсын, қайда барасың? — дейді.

Сонда бала:

— Күлмес ханның Күлсара қызын, Құлагер атын алайын деп келемін, — дейді. Хан күліп жібереді де, жүріп кетеді. Сонда уәзірлері сұрайды:

— Тақсыр, сіз өмірі күлген жоқ едіңіз. Мына түгі жоқ тақыр, өзі күйген, өзі жалаңбұт, жалаңаяқ бала аузына келгенін оттап еді, сонша қатты күлгеніңіз не? — деп сұрайды. Сонда:

— Мен неге күлгенімді ертең түсте айтайын, — дейді хан. Сонымен бала жүріп отырып шәріге кіреді, аралап келіп бір дүкенге бас сұғады. Айнаға қарап тұрып неше түрлі киім киеді. «О, бұл маған жараспайды екен, ана үйге барып, сабынмен әбден жуынайын», — деп ойлап, айнаны, біршама киімді жіпке буып алып, арқалап дүкеннен шыға береді. Дүкенші айғай салып еді, ел жиылды. Дүкенші барып ұстап еді, бала бір ұрғанда ол өлді де қалды. Кім жақын барса, соны бір-бірлеп өлтіре берген соң, ел болып жабылды. Арқалаған киімді жерге қоя салып шайқасып еді, он-он бес адамнан өлтіріп, бір жерге үйе береді. Онан соң ел

қашып кетіп, өзі ғана қалды. Онан кейін киімін арқалап үйге келіп, суға түседі. Қашқан ел ханға келеді.

— Әй, тақсыр хан, бір қырғын ажал келді, талай-талай адамды қырып, төбе-төбе қып үйіп кетті, — дейді. Сонда дәл түс кезі еді.

— Әй, уәзірлер, ол кешегі бала ғой. Қырқың да барып, «хан қызын да, атын да береді» деп шақырып келіңдер, — депті. «Жарайды», — деп қырық уәзір келсе, бала үйде шомылып жатыр екен.

— Әй, жүр, хан шақырып жатыр, қызын да, атын да саған беретін болды, — дейді.

Сонда Мұңлық:

— Әй, бері келіңдер, аттан түсіңдер, — дейді. Уәзірлер аттан түседі. Бала бәрін де шап беріп ұстай алып, қырқын да бір жерге үйіп тастайды. Сонда шулап, жылап: «Бізді қоя беріңіз», — деп жалынады. Сонда бәрінің қолын артына байлап, бір атқа өзі мініп, қалған аттар мен уәзірлерді қосып, ханның ордасына айдап келеді. Хан оны көріп қарсы алады. Бір жақсы үйге кіргізеді. Уәзірлерін босатып:

— Ал, уәзірлер, кеше осы уақытта маған «неге күлесіз» деп шу ете қалып едіңдер, кәне, қандай екен? Сездіңдер ме? — деп сұрады хан.

Сонда уәзірлері:

— Тақсыр, мына баланың сұрағанын түгелдей беріңіз, — десті. Сонда хан:

— Бұл бала оңай бала емес, қасиетті бала, Шаншар ханның баласы. Бір мәстек кемпірдің зияны тиіп, осындай халге ұшыраған еді. Мен соған күлдім, — деді. Сонымен қызын да, атын да бермек болады. Күн батқан соң жеңгелері қыздың отырған үйіне келсе, қыз жоқ, киімі терезенің көзінде сыпырылып қалыпты. Қыздың өзі жоқ. Ханға «қыз жоқ» деп хабарланады. Сөйтсе, ол қызға бір дәу ғашық екен. Арасында бір мәстек кемпір жүреді екен. Сол кемпір хабарлап, сол дәу өзі келіп, терезеден қолын тығып суырып алып кетіпті. Ол қызды дәудің алғанын білген уәзірлер:

— Ал не істейміз? Әскерлермен барып алып келейік, — дегенде уәзірлері шу ете қалады.

— Тақсыр хан, келген күйеу өзі барсын, өзі барсын, — депті. Сонда хан:

— Қой, күйеуді өлтіріп қойса, обал ғой, — дейді.

Уәзірлер шу-шу етіп:

— Өлсе, өлсін, — депті.

— Ал ендеше әкел Құлагерді! — деп, ерттеп, күйеуді шақырып алып, жағдайын айтып, жалғыз өзін жібереді. Сонда уәзірлер: «Бір денесінде мың жаны болса да, енді өлді деп есептей бер», — деп қатты қуанады.

Сонымен жүріп келе жатса, алдында үлкен су бар екен, Құлагерді қатты-қатты ұрып жіберіп «шу» деген кезде шауып келіп, бір-ақ қарғып түседі. Сонан кейін ары қарай кетіп бара жатса, бір төбе аспанға ұшып қайтадан орнына түсіп тұр екен дейді. «О сұмдық-ай, мына жақтың төбесі ұшып, көкке шығып, қайтып орнына түсіп тұрады екен-ау!» — деп

ойлайды. Сонымен әлгі төбеге келсе, бір қыз шыға келеді. Төбенің астынан келіп амандасады. Сөйтсе, әлгі ханның қызы осы екен дейді.

— Әй, қыз-ау, мына аспанға ұшып тұрған төбең не? — деп сұрайды.

— Бұл ұйықтап жатқан дәудің мұрнынан шыққан лебі, сол үшін ұшып қонып тұр, — дейді.

— Ә, сен ханның қызы екенсің ғой, — дейді. — Мына дәулікпісің, әлде мендікпісің, шынын айтшы? — дейді де, қыздың жауабын күтпестен үйге түседі. Қараса, дәу ұйықтап жатыр екен. Дәудің ат басындай шоқпары тұр екен, соны алып, дәуді басқа бір періп қалады. Ол:

— Е, мынау не деген шыбын, — деп маңдайын бір сипап қойып жата береді.

Онан соң далаға шығып Құлагерді мініп, дәудің аяғынан байлап алып, сүйретіп ала жөнеледі. Сүйреп тауға да, тасқа да, шеңгелге де, ағашқа да соғады. Әрбір жерде еті қалпақтай-қалпақтай болып жұлынып қала береді. Құр сүйегі ғана қалады. Сонда дәу:

— Әй! — деп айғай салады. — Ең болмаса басымды бір көтерт, армансыз өлейін! — дейді.

— Әй, болмас, — деп тоқтап, аяғын шешіп босатыпты. Құр сүйек біраз отырып, тұра келіп алыса кетіпті. Сонда үш күн, үш түн алысады. Баланың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысып жығылар кезі болғанда, Құлагер аты келіп дәуді теуіп-теуіп жібереді. Дәудің екі аяғы сынып құлайды. Сонда келіп дәудің басын кесіп алады да, шауып отырып қызға келеді. Қызды артына мінгестіріп алып ауылға қарай тартады. Алдынан жаңағы су кездеседі. Шу деп келіп суға жақындағанда атты ұрып-ұрып жібереді. Ат шауып келіп қарғып, ар жағына бір-ақ түседі. Сонда артқы екі аяғын суға тығып алады.

Сонымен үйге келеді. Хан аман-есен келгенін көріп, қызына қосу үшін отыз күн ойын жасайды. Қызын балаға қосып, қаншама мал, құл, күң беріп көшіреді.

Көш бірнеше жыл көшіп келеді. Келе жатса, бір жақсы бастауға кез келеді, жеріне адам баспаған екен. Әлгі жерде сонда қонып жатып ұйықтап кеткенде, түсінде ақ шалмалы қожя келеді. «Әй, шырағым, мынау жер сенің әкең Шаншар ханның қорық жері еді. Сен келіп қонып жатырсың. Ертең әкең көріп ашуланып кісі шаптырады. Сонда келген кісіге: «Нең бар менде, кет ары! Бұл жер — әкем Шаншардың жері», — деп айт», — депті.

Сонымен таң атқан соң хан көріп: «Ана қорық жерге қонып жатқан кім? Жылдам барып айдап кел, басын аламын!» — деп ашуланады. Сонда шапқыншы шауып келіп:

— Жүр-жүр, қорық жерге қалай қонып отырсың? Хан шақырып жатыр, — дейді.

Сонда Мұңлық:

— Бұл жер менің өз жерім, әкем Шаншар ханның жері, кет ары! — дейді. Шабарман не айтарын білмей, ізінше қайтып келеді. Хан:

— Әй, неге ертіп келмедің? — деп ашуланады.

Сонда:

— Тақсыр хан, ол бала дәл сізден айнымайды екен. «Бұл жер — өзімнің жерім, Шаншар — өз әкем, кет ары!» деді. Сонан соң қайтып келдік, — депті.

— Өзім барайын, — деп қасына қырық уәзірімен өзі де келеді.

Сол уақытта таудан барып қарындасы Зарлықты әкеп те қойған екен. «Ал, әкем Шаншар келеді дегенде» Зарлық қыз:

— Әке сенікі, шеше менікі. Шешемді әкелмесе, әке керек емес, — деп тығылып қалады. Сөйтіп тұрғанда хан да келіп, Мұңлық әкесінің алдынан шығып қолынан ұстап амандасады. Сонда Шаншар:

— Әй, бала, әкең кім? — деп сұрайды

— Әкем сіз, Шаншар, — дейді.

— Сонда қалай, жасыңнан менің қасымда болмадың ғой, — деп сұрайды.

— Қайдан болам жаныңда, туған күні-ақ жерге тигізбей, мәстек кемпір суға атып жіберді. Қайдан жаныңда боламын, әке-ау! — дейді.

Сонда Шаншар хан аттан түсіп, бетінен сүйіп, иіскеп, қызын шақырады. Сонда қызы:

— Алдымен шешем керек, — дейді.

Онан соң хан ауылға уәзірлерін шаптырады.

— Қырық қатыннан барып: «Қырық қысырақ керек пе?» — деп сұра, — дейді.

Уәзірлер шауып келіп қырық қатыннан сұрайды:

Олар: «Қырық қысырақ керек, сауыш ішеміз», — дейді. Сонда қырық қатынды қырық қысырақтың құйрығына байлап өлтіреді. Мәстек кемпірді алдырып, мұрнын кесіп құнтитып, құлағын кесіп шұнтитты. Онан соң хан да, Мұңлық — Зарлық та, қырық уәзір де түгелдей жеті аралға келіпті. Баяғы екі күшігі төбет ит болып, қоян, қырғауыл ұстап әкеп асырайды екен. Әлгі иттер келе жатқан адамдарды сезіп, қуанып, сүйінші сұрағандай болып әйелдің жуып қойған орамалын келіп ала қашыпты. Әйел: «Ә, бір сұмдық болған екен. Бұл жерде қоян да, қырғауыл да біткен екен, енді түк таппаған соң маған кезек келген екен», — деп ойлап жүгіріп келе жатса, алдынан бір топ кісі келеді. Ұлы да, қызы да келіп көріседі. Шаншар да келіп көріседі. Сонымен үйіне әкеп отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Сөйтіп әйеліне қайтадан қосылады.

Жетім Қаппас

Ерте заманда Абдол деген бір кедей болыпты, кәсібі етікшілік екен. Өзінің Қаппас деген жалғыз баласы болыпты. Сол күнде жеті жаста екен. Күндерде бір күн Абдол мен әйелі өліп, жеті жасар Қаппас жетім

қалыпты. Әкеден қалған үйінен айырылып, қайыр сұрап көшеде жалғыз қалыпты. Сүйенер жақын жандары жоқ. Жардың қуысын үй қылып жүреді. Күндердің күнінде Қаппас ойға қалады. «Қайыр сұрап жүргенше ұрлық қылып, тегін мал табайын ба? Жоқ, бұл да дұрыс болмайды екен, мұнан да байға жалданайын. Жоқ, қабырғам қатқан жоқ, бұғанам өскен жоқ. Мұнан да қайыр сұрап, тапқанымды жеп, артылғанын молдаға беріп, сабақ оқиын», — дейді. Тапқан табысының ақшалай тапқанын молдаға беріп, сабақ оқиды. Күндердің күнінде Қаппас: «Жалғыз жүргенше, өзім сияқты панасыздарды жинап ел болсақ», — деп ойлап, көшеге шығады. Көшеде қайыр сұрап жүрген панасыз қырық баланы жинап алып, жардың қуысындағы үйіне алып келіп отырып кеңес құрады:

— Ал, балалар, бірігіп ел болалық. Біздің жанашыр туған-туысқанымыз жоқ. Барлығымыз бірігіп қайыр сұралық. Мен қазаншы болайын. Сендер тапқандарыңды бүлдірмей алып келетін болыңдар, — дейді.

Балалар қайыр сұрауға шығады. Тапқанын жемей, Қаппастың қолына әкеп беріп отырады. Тапқан табыстарын қорытып, төртке бөледі. Біріншісін тамаққа, екіншісін киімге, үшіншісін қағаз, қарындашқа, шамға, төртіншісін молданың ақысына бөледі. Күндіз қырық бала қайыр сұрайды, Қаппас түнде өзі оқып келіп, жетім қырық баланы оқытады. Күндердің күнінде жар үйінің алдында балалармен кеңес құрып отырғанда, жолмен бір есек мінген шал кетіп бара жатады. Жетім Қаппас балаларға бұйырады:

— Анау шалға барыңдар. Қайда барады, қандай жұмысы барын біліп келіңдер, айтпаса, осында алып келіңдер! — дейді. Үш бала шалға барып сәлем береді. «Ата, жолыңыз болсын, қайда барасыз, қайдан келесіз, қандай жұмысыңыз бар?» — деп сұраса да, шал жөнін айтпайды. Жөнін айтпаған соң, шалды есегімен жетелеп, жар үйдің алдындағы жетім Қаппасқа алып келеді. Жетім Қаппас:

— Ата, жолың болсын, қайда барасың, жөніңді, жұмысыңды айт. Айтпасаң, жібермейміз, — дейді.

Шал амалсыздан жөнін айтады.

— Айтпайын деп едім, болмадың, патшаның уәзірі Қасымға барамын. Кемпірім екеуіміздің баламыз жоқ. Бүгін түнде ұйықтап жатсам, түсімде оң иығымда күн тұр, сол иығымда ай тұр, маңдайымда шолпан жұлдызы тұр. Осы түсімді патшаның уәзірі Қасымға жорытқалы барамын.

Жетім Қаппас:

— Қасымға бармай-ақ қой. Осы жерден қайт, мен жорып берейін. Күн дегенің — өзің, ай дегенің — әйелің, шолпан жұлдыз дегенің — маңдайыңда жалғыз бала болады. Өзі патша болады екен, — деп жорып берді жетім Қаппас.

Шал басқа жолмен жасырынып жүріп патшаның уәзірі Қасымға барады. Көрген түсін айтады. Қасым жетім Қаппастың жорығанындай жориды.

— Ой! — дейді шал, — сен жетім Қаппастан артық емес екенсің, — дейді. Қасым шалды тоқтатып:

— Сен олай десең, сенің көрген түсіңді жетім Қаппасқа аудардым, — дейді. Шал жылап, өкініп үйіне қайтады.

Күндердің күнінде Қасым: «Жетім Қаппас патша болса, бізге күн болмас, бұғанасы қатпай, бойы өспей тұрғанда өлтіріп тастатайын», — деп ойлап, Әмір деген патшаның кісі өлтіргіш жендетін шақырып алып:

— Жетім Қаппасты өлтіріп кел! Өлтіріп келсең, жалғыз қызым Қанышаны саған беремін, — деп уәде жасайды. Әмір кісі өлтіргіш құралын қолына алып, жетім Қаппасты іздейді. Шуылдап жар астында жатқан жетім балаларға келіп:

— Жетім Қаппас қайсысың? — деп айғай салады.

— Мен, — деп қырық баланың ортасынан шыға келеді.

— Сен болсаң, — деп, желкесінен ұстап қапқа салып, арқалап ала жөнеледі. Қалған жетім балалар шуылдап жылап қала берді. Сонда жетім Қаппас:

— Бытырамай жата беріңдер, қайтып келемін, — дейді.

Әмір Қаппасты арқалап алып патшаның кісі өлтіретін алаңына апарып, қаптан шығарады да, қылышын қолына алып, басын шаппақ болады. Қаппас:

— Әй, Әмір, қайыр сұрап күн көріп жүрген жазықсыз жанмын. Бекер қанымды жүктеме. Мені өлтіргеніңмен, Қасым қызы Қанышаны саған бермейді. Онан да мені «өлтірдім» деп Қасымға бар, қызы Қанышаны берсе, қайтып келіп мені өлтір. Мен қашпаймын, осы жерде отырамын, — дейді.

— Мұның да жөн, — деп, Әмір Қасымға барып: «Тақсыр, жетім Қаппасты өлтірдім, енді қызыңды бересің бе?» — дейді.

Сонда Қасым:

— А, залым! Қайыр сұрап күн көріп, қаңғып жүрген жетімді өлтіріп, қыз алғысы кеп жүргенін көрдің бе? Ұстап, мұндай залымды дарға тарту керек! — деп ашуланады. Әмір қашып, жаңағы Қаппастың қасына барады.

— Сен бала болсаң да, ақылды данышпан екенсің. Қасым қыз бермек тұрмақ, өзімді жауапқа тарта жаздады. Енді сені босаттым, — дейді.

Сонда жетім Қаппас:

— Әмір, сен екеуіміз дос болалық, маған алтын бер, сенде алтын көп. Кейін берген алтыныңды үш есе етіп қайтарамын, — дейді. Әмір көп алтын береді. Екеуі дос болады. Жетім Қаппас алтынды алған соң қырық баланы қайыршылықтан босатып, жаппай оқуға береді. Бұл жетім Қаппаспен қырық бала оқи берсін, ендігі әңгіме балықшы шалдан басталады.

Осы қаланың қасында үлкен дария бар екен. Сол дарияның жағасында бір балықшы шал мекендепті. Күнде суға ау салып, балық аулап, ауқат

қылып жүреді екен. Бір күні суға ау салса, бір алтын балық ілігіпті. «Бұл алтын балықты жегенмен ешнәрсе шықпас. Мұнан да патшаға апарып тартайын», — деп, балықты патшаға алып барады.

— Тақсыр, мынау алтын балық біз жеуге лайық емес, сіз жеуге лайық екен. Сондықтан сізге алып келіп тұрмын, — дейді. Патша балықты алып көріп, қалтасынан екі жүз ділдә алып беріп:

— Мына балықты әйеліме апарып бер, ол қанша алтын берсе де алып қайтарсың, — деп, балықты үйіне жібереді. Балықшы шал алып барып, балықты патшаның әйелінің алдына қояды. Балықты көріп, алай-бұлай аударып, балықты бір ұрды да:

— Сен де менің алдыма келеді екенсің-ау! — деп қатты ашуланды. Шал қорқып, балықты қолына алып патшаның отырған сарайына қайта барады. Патша: «Бұл қалай?!» — дейді. Шал сасқалақтап: «Әйеліңіз қатты ашуланып, балықты ұрды», — дейді.

Патша таңданып, шалға қалтасынан екі жүз алтын беріп үйіне қайтарады. Патша балықты алдына қойып, неше күн, неше түн таңданып, онысына жауап таппай, уәзірлерін шақырады:

— Мынау алтын балықтың мәнісін табыңдар, — деп, бас уәзірі Қасымға тапсырады. — Қырық күн уақыт бердім, таба алмасаң, басыңды аламын, — дейді.

Қасым барлық жұмыстан босанып үйіне барып, жылап жатып алады. Еш мәнісін таба алмай, ағайын-туғаны, ел-жұрты жиналып: «Тақсыр, қандай қайғың бар?» — деп сұрайды.

Қасым:

— Патшаның бір алтын балығы бар, соның мәнісін тап деп қырық күнге сүрек⁶⁹ берді. Таппасаң, басыңды алам деді. Сол балықтың жағдайын білмедім, сол үшін маған ажал дайындалып тұр, — деп жылады.

Сонда елі-жұрты:

— Бекерге қарап өлуге болмайды. Бақсы-балгерді жина, амалын тапса, солар табар, — дейді.

Қасым сол қаладағы бақсы-балгерлерді түгел жинайды. Балгер бал ашып: «Осы қалада жетім Қаппас деген бала бар, тапса, сол табады», — дейді. Сонда Қасым:

— Жетім Қаппасты әлдеқашан өлтіртіп тастағанмын, — дейді. Сонда балгер:

— Өлген болса, сүйегін тауып алып өртеп, күлін тамаққа қосып ішіп, ойланса да табады, — дейді. Енді Қасым: «Мен енді жетім Қаппасты өлтірген Әмірді іздеп табайын», — деп ойлайды. Әмірді іздеп тауып алады.

— Әй, Әмір, өлтірсең, жетім Қаппастың сүйегін тауып бер, өлмесе, өзін тауып бер, жалғыз қызым Қанышаны берейін, — дейді. Әмір:

— Жетім Қаппас әлдеқашан өліп қалған, оның сүйегін қайдан тауып берейін? — деп жүріп кетеді. Қасым бұрынғыдан да қатты қайғыға

⁶⁹ Сүрек (срок) — мезгіл, мерзім.

батады. Әмір іздеп, жетім Қаппасты табады, барлық болған жағдайды түгел жетім Қаппасқа айтады. Ол: «Табу қиын емес, оңай. Сен Қасымға бар, жетім Қаппасты тірі тауып беремін де. Әуелі қызың Қанышаны маған қос де», — дейді.

Әмір қайта Қасымға барып: «Мен жетім Қаппасты тірі тауып берейін, қызың Қанышаны маған бүгіннен бастап қос», — дейді.

— Сен жетім Қаппасты қолыма әкеп бергеннен кейін қызымды қосамын, — дейді Қасым. Әмір:

— Өткен жолы қызыңды беремін деп алдағансың, — деп жүріп кетіпті. Қасымның елі жиналып: «Бұл дұрыс емес, қызыңды бер, ажалдан құтыл», — дейді. Қасым Әмірді шақырып алып, амалсыздан қызы Қанышаны Әмірге қосады. Қызын алған соң Әмір жетім Қаппасқа барып, Қасымның қызын алғанын айтады. Жетім Қаппас: «Ал, ендеше мені Қасымға апар», — дейді. Әмір жетім Қаппасты Қасымның үйіне алып келеді. Жетім Қаппасты көріп, Қасым қатты қуанды. Ол: «Мына балықтың мәнісін айт», — дейді. Қаппас:

— Тақсыр, мен өзім қаңғып жүрген жетім баламын. Біраз күн тойынып, дем алайын, — дейді. Қасым амалсыздан ұлықсат етеді. Бірнеше күннен кейін патшаның берген қырық күн сүрегі бітеді. «Мен патшаға не деп барамын, балықтың мәнісін айт», — дейді уәзір. Қаппас:

— Сен патшаға бар, патша қаһарланып отырады. «Таптың ба?!» — деп сұрайды. Сен: «Тақсыр-ай, қиын болып па, қырқынан шықпаған бала да таппай ма, мені бала дедіңіз бе?» — деп жауап бер. Сонда патша: «Ой, жасың жетпей жүр екен, ә, тағы қырық күн сүрек бердім» дер», — дейді.

Қасым патшаға барады, жаңағы жетім Қаппастың айтқанын бұлжытпай айтады. Сонда патша: «Әлі жасың жетпей жүр екен, қырық күн сүрек бердім», — дейді. Қасым қуанып, үйіне келіп жатады. Күндердің күнінде қырық күн тағы бітеді. Жетім Қаппасқа: «Балам, айт! Алтын балықтың қандай жағдайы бар? Осы барғанда таппай барсам, ажалымның жеткені!» — деп, қайғырып жылай береді. Сонда жетім Қаппас: «Сен жылама, қайғырма. «Міне, таптым» деп мені апарып бер, сонда ажалдан құтыласың», — дейді.

Қасым жетім Қаппасты жетелеп келіп, патшаға «міне, таптым» деп, бере салады. «Тапсаң, саған рұқсат бердім», — дейді патша. Қасым қуанып үйіне қайтады.

Енді сөз патшадан.

— Балам, мына балықтың мәнісін тап? — дейді.

— Иә, тақсыр, мен өзім қаңғып жүрген жетім баламын, біраз күн тойынайын, рұқсат бер, — деп өтінеді бала. Патша амалсыз көнеді. Күндерде бір күн: «Балам, демалдың ғой, мына балықтың жайын айт», — дейді хан. Жетім Қаппас сонда:

— Балықтың жағдайын айтармын. Бір ауыз әңгіме айтайын, рұқсат етіңіз. Баяғы заманда бір патша болыпты. Өзі әділетті, халқы көп, елі бай

екен. Сол патшаның екі құсы бар екен. Құстың сарайы патша сарайының қасында екен. Құстар көңілденіп отырса, халқы жақсы тұрмыста болады екен, қайғырып отырса, халқы күйзеледі екен. Бір күні патша құсының сарайына келсе, құсы үрпиіп отырыпты. Патша көріп, қорқып:

— Әй, құстарым, неге қайғырып отырсыңдар, қандай жағдай бар? — дейді. Сонда құстар:

— Тақсыр, жаманшылық жоқ, халқың да аман, өзің де аман. Біздің қайғырып отырғанымыз — Қап тауында дүниежүзі құстарының үлкен тойы болғалы жатыр екен. Соған бара алмай қаламыз деп қайғырып отырмыз.

Сонда патша:

— Қайғырманда, барып тойлап келіңдер, рұқсат еттім, — деп құстарды босатады. Құстар қуанып, Қап тауындағы құстардың тойына ұшып кетеді. Құстар тойын тойлап, қайтатын болады. Екі құс ақылдасып:

— Патшаға қандай сарқыт алып барамыз? Алтын, күміс өзінде мол. Бір бидай дәнін алайық. Бидайды әйелімен екеуі бөліп жесе, екеуі жиырма бес пен отыз жастағыдай болып жасарады, өмірлері ұзақ болады, — деп бидай дәнін әкеледі. «Бұл бидайдың ерекше қасиеті бар. Егер әйеліңізбен екеуіңіз бөліп жесеңіз, жасыңыз ұзақ болып, өздеріңіз жиырма бес пен отыз жастағы қалыптарыңызға келесіздер», — дейді.

Патша қолына алып:

— Өзіміз жегенмен, халқымыз қартайып өліп жатса, бізде қанша қасиет болды? Бұл бидайды ектіріп, халқыма түгел жететін болғанда бір-ақ жейін, — деп, бір шал мен кемпірге ектіреді.

Бір күні патша халқын жинап алып: «Менің патшалығымды сақтап жүрген, мені қасиетті қылып жүрген — мына құстарым! Мынау қырық уәзірімнен пайда шамалы», — дейді. Сонда уәзірлер өзара сөйлесіп:

— Мынау алжыған қасқыр халықтың алдында біздің беделімізді төкті-ау. Мынау екі құсты құртпасақ болмас, — деп, құтыдағы бидайды үменен былғап қайта салып қояды.

— Иә, тақсыр, сіз құсты бізден артық көрдіңіз. Бұл құс сізге қас шығар, әуелі осы бидайды күзетші кемпірге жегізіп көрейік, — депті. «Бұл да мақұл екен», — деп, патша бидайды күзетші кемпірге жегізеді. Кемпір у жаққан бидайды жеген соң өліп қалады. «Бұл құс маған қас екен, сендердің айтқаның рас болды», — деп ашуланып, екі құсының мойнын жұлып тастайды. Енді бидай еккен шал мен кемпірдің басын шауып тастайын деп бір адамды жіберді, Жаңағы барған адам шал мен кемпірге: «Сендер у бидай егіпсіңдер, дереу патшаға жүріңдер, патша басыңды шапқалы жатыр», — дейді. Кемпір мен шал: «Патшаға барып қанымызды судай шашқанша, у бидай жеп өлелік», — деп екеуі екі бидай жеп алады, бірақ өлмейді. Шал отыз жастағы жігіт, кемпір де жиырма бестегі қыз болады. Екеуін қуып патшаға алып келеді. Патша ашуланып: «Менің әкел дегенім қыз бен жігіт емес, бидай еккен шал мен кемпір. Қыз бен

жігітті неге алып келдің?» — дейді. Сонда шал мен кемпір: «Патшаның алдына барып қанымызды судай шашқанша, у бидай жеп өлелік» деп, екі бидай дәнін жеп едік, біз осынша жасқа жасардық, — дейді. Патша ашуланып, қайғырып, «құсым-құсым» деп өлген екен. Тақсыр, алтын балықтың жайын айтсам, өлесің-ау! — депті жетім Қаппас. Патша:

— Жоқ, балам, өлмеймін. Тезірек алтын балықтың жайын айт, — дейді.

— Тақсыр шаршап қалдым, біраз күн демалайын, — дейді. Патша амалсыздан рұқсат береді. Жетім Қаппас біраз күн демалып, тағы да:

— Рұқсат етіңіз, тақсыр патшам, өткен замандағы бір патшаның алтын балық сияқты оқиғаға кездесіп, құса болып өлген әңгімесін айтайын, — дейді.

— Балам, айт, — дейді патша.

— Өткен заманда бір патша болыпты. Оның қасиетті бір бүркіті болыпты. Патшаның қасында бүркіттің тұғыры болыпты. Патшаның қандай зиянды жауы болса да, бүркіті қиратып жеңіп келеді екен. Күндердің күнінде патша бүркітін қолына қондырып сейілге шығыпты. Бүркіті ұшуға талпынып қоймаған соң, томағасын сыпырып қоя беріпті. Бүркіті шыр айналып, тік аспанға ұшып кетіпті. Ол бүркіттің артынан шаба береді. Бір жерге барғанда, аты болдырып өліпті. Аты өлген соң, жаяу жүгіріпті. Патша әбден шаршап, шөлден өлер халге жетіпті. Алдында үлкен бәйтерек көрінеді. Сол ағаштың түбіне, көлеңкесіне жатады. Ішерге су таба алмай, өлер халге жеткенде, ағаштың басына қараса, анда-санда су тамып тұр екен. Мұны көрген патша қолындағы томағасын тосады. Томаға толуға жақындағанда ішейін десе, аспаннан бүркіті ұшып келеді де, қолындағы томағадағы суды қанатымен қағып жібереді. «Әй, менің жануарым-ай, менің шөлдеп өлгелі отырғанымды білмедің-ау», — деп, құсының жотасынан сипап қояды да, қолындағы томағаны қайта тосады. Тағы да су толып, ішуге жақындағанда, бүркіт қанатымен тағы да қағып жіберіп төгіп тастайды. Патша ашуланып:

— Сен үшін өлу халіне жетіп отырғанымда, суды төгіп тастадың. Сен маған қас екенсің, өлгенімді тілеп тұр екенсің, — деп бүркіттің мойнын жұлып алып, ағаштың басына қараса, құсы үлкен бір айдаһарды өлтіріп келген екен. Аққан су деп отырғаны айдаһардың зәрі екен, оны ішсе, патша сол жерде өледі екен, бүркіт ішкізбей қағып отыр екен. Оны білмеген патша бүркіттің мойнын жұлып тастапты. Айдаһарды көрген соң, «бүркітім-бүркітім» деп, патша құсалықтан өлген екен. Тақсыр, алтын балықтың жайын айтсам, өлесің-ау! — дейді жетім Қаппас.

— Айт, балам, тезірек, өлмеймін, — дейді патша. Жетім Қаппас:

— Біраз демалайын, — дейді. Патша амалсыз көніп, біраз күн жетім Қаппас демалып алады.

— Тақсыр, алтын балықтың жағдайын тауға барғанда, қалың ағаштың ішінде айтайын, — дейді бала.

Екі ат дайындап мініп, екеуі тауға қарай жүреді. Жетім Қаппас:

— Мен өмірімде атқа мініп көргенім жоқ, тауға жеткенше жарыссақ қайтеді? — деп ұсынады. Патша «мақұл» деп, екеуі аттың басын қоя береді. Жетім Қаппас озып, патшаны адастырып, қалың ағаштың ішімен айналып патшаның сарайына қайтып келеді. Қайтып келсе, патшаның әйелі бақтың ішіне алтын тақты құрып, екі жағына екі сұлу баланы отырғызып, кезек-кезек бетінен сүйіп отыр екен. Алдында патшаның етікші қара құлы шай құйып беріп, қызмет істеп жүр екен. Мұны көріп, жетім Қаппастың бұрынғы оқып жүрген жерінен алған сурет басатын аппараты бар екен, көрінбей жасырынып тұрып, әйелі мен алтын тақта отырған баланы бір басып алады. Екінші қызмет істеп жүрген қара құлды басып алады да, бағанағы патша шыққан тауға қайта барады. Патша баладан адасып кері қайтқанда, артынан жетім Қаппас келіп:

— Тақсыр, мені адастырып кеткеніңіздің жайы қалай? Сізді іздеп, бұрын атқа мінбеген басым, шаршап өлетін болдым, — деп патшамен бірге сарайына келеді. Патша:

— Балықтың жағдайын қашан айтасың? — деп патша жетім Қаппастан сұрайды.

— Бүгін таң атқан соң алтын балықтың жағдайы түгел шешіледі, сол шешілген соң өлесің-ау, тақсыр?! — дейді жетім Қаппас.

Патша:

— Өлмеймін, — дейді. Таң атады.

Бұл:

— Алтын балықтың жағдайын өзіңнің әйелің шешеді. Әйеліңді алдыр алдына, — дейді жетім Қаппас. Патша әйелін шақыртып алып, алдына балықты қояды:

— Мына балықтың жағдайын шеш, — дейді.

— Бұл алтын балықтың жағдайын мен білмеймін, — дейді әйелі.

— Білмесең, осы жерде отыр, білесің, көресің, — дейді жетім Қаппас. Қолындағы суреттен қара құлдың суретін басып тұрып, әйелдің баламен отырған суретін көрсетті. «Танимысың?» — деді де, екінші қара құлдың суретін көрсетті. Сонда патшаның әйелі мойны төмен түсіп, не қыларын білмей қатты сасып, үнсіз отыра берді. Енді жетім Қаппас суретті патшаға көрсетті. Патша суретті көргенде қаһарына мініп, қылышын қолына алып, әйелін өлтіруге ұмтылды. Сонда жетім Қаппас патшаға:

— Тоқта, тақсыр! Алтын балықтың тағдыры шешілмей жатып, мұның жарамайды. Егер балықтың жайы шешілсе, өлесің, — дейді жетім Қаппас. — Шешілмей жатып қолыңа қылыш алғаның — сабырсыздық. Сен шешпесең, мен шешіп берейін. Бұл әйелің Сарықұл деген патшаның қызы еді. Қыз күнінде Мәлік деген диюдың патшасының Сағыр деген баласына ғашық болады, ол Сағырың — мына жатқан алтын балық. Осыған қыз күнінде ғашық болып жүргенде Сағыр алмайтын болады. Мынау әйелің бір сиқыршы кемпірді тауып алып, көп алтын беріп: «Егер де Сағыр алмаса, оны сиқырлап қор қылайын», — деп ойлап жүреді.

Күндердің күнінде Сағыр шеттегі бір патшаның екі баласын ұрлап алып келе жатып, сенің әйеліңе кездеседі. Сенің әйелің: «Сағыр, мені қашан аласың? Ғашықтығым саған күннен күнге ауырлап барады», — дейді. Сағыр: «Мен адамзаттың қызына үйленбеймін, мен әйелді дию патшаларының қызыннан аламын, — деп жауап береді. Әйелің: «Алмасаң, саған сыбаға мынау», — деп, балық қылып, суға тастап жібереді. Содан Сағыр балық болып суда жүрді. Мына екі бала сенің әйеліңнің қасында қалды. Бұл баланы саған көрсетпей, сиқыршы кемпірдің оң қолтығының астына сақтатып жүр. Анда-санда қасына алып отырып, қайтадан қолтығының астына тығып қояды. Күні бүгінге дейін Сағырдан күдер үзген жоқ, күнде судың басына барып, балық болған Сағырды шақырып алып: «Мені қашан аласың? Қалпыңа келтіремін», — дейді. Оған Сағыр: «Балық болмақ түгіл, ит болсам да алмаймын», — дейді. Міне, осымен маған нанбасаңыз, оң қолтығының астындағы екі бала және Сағырды балық қылып байлаған қара тасты алыңыз, — дейді.

Сонда патша Қасым деген уәзіріне: «Мынау әйелдің қолтығындағы екі бала мен қара тасты ал!» — дейді. Қасым әйелдің қолтығынан екі бала мен қара тасты алып, патшаның алдына қойды. Патша көріп, қайран қалып, жетім Қаппасқа:

— Балам, мынау алтын балықты қалпына келтір, — деді. Сонда жетім Қаппас қара тасты үш бөліп аяқтағы суға салды, сонда дию болып алтын балық шаңғытып айғайлап, патшаның отырған сарайы бу болып кетті. Аздан соң бу болған дию адам суретіне келіп, отырған патшаға сәлем берді.

— Тақсыр патша, — деді дию. — Маған рұқсат ет, еліме жібер, мені әуре қылып сиқырлап ұстаған мына сенің әйелің. Мына екі баланы сұлу болған соң, алып келе жатқанымда, осындай халге ұшырадым, — деді дию. Сонда патша жетім Қаппасқа қарады. Жетім Қаппас патшаға:

— Тақсыр, алтын балықтың тағдыры осындай, аяқтағанымша сабырлық жасай тұр. Мынау диюды еліне азат етіп жіберетін болсаңыз, мынау екі баланы атасы мен анасына тапсырып келсін, — дейді Қаппас. Сағыр бұған «құлдық-ақ» деді де, екі баланы ата-анасына тапсырып, патшаның алдына қайтып келді. Патша диюға ұлықсат етті. Дию рақмет айтып, еліне ұшып кетті. Қаппас патшадан:

— Алтын балықтың жұмбағының шешілуіне риза болдыңыз ба? — деп сұрады.

Патша:

— Риза болдым, данышпан екенсің, — деді. — Мынау залым әйелді дарға тартыңдар, — деп, дарға тартты. Жетім Қаппас патшадан рұқсат сұрап:

— Мен жасымнан жетім қалған едім. Қарауымда қырық жетім бала бар еді. Менің мұнда келгеніме де көп күн болды. Олардың халі қандай болып жатыр, соларды сағындым, — деді жетім Қаппас. Сонда патша:

— Сен жетім болсаң да данышпан екенсің, сен менің орныма патша бол, — деді. Жетім Қаппас:

— Тақсыр, мен патша болуым үшін ақылым жеткен жоқ, сол үшін өзіңіз орныңызда тұра беріңіз, — деді.

Патша жетім Қаппасқа рұқсат бермейді. Патша елін жинап, Қаппастың білгірлігін, данышпандығын халқына айтады. Халқы қайран қалады. Жетім Қаппасты елі патшалыққа сайлайды, таққа отырғызады. Жетім Қаппас патша болады. Өзінің қырық досы уәзір болады. Досы Әмірді бір қалаға әкім етіп қояды. Қаппас патша болып алғаннан кейін жетім-жесір мен кедейлерге, халыққа мейірімді, әділетті болады. Сол жерге мектеп салдырады, жетімдер мен кедейдің балаларын оқытады.

Опасыз молда

Бір кедей адамның жалғыз баласы болыпты. Осы сорлы кедей бір күні баласын өйтіп-бүйтіп жүріп бір молдаға оқуға беріпті. Ал молда баланы оқуға алғанда:

— Балаңды берсең, жеті жылға келісіп маған тастайсың, осы жеті жыл ішінде оқытып шығарамын, балаңды сонан кейін аласың, — депті. Кедей байғұс қайтсін, келіседі де баласын тастап кетеді. Міне, сөйтіп ол бала жеті жыл оқиды. Әке-шешесі әбден сағынады, оқуды бітірмей барып көріп қайтуға рұқсат етпейді екен. Осылай жеті жыл да бітеді. Кемпір байғұс шалының мазасын алып: «Бар, баланы әкел», — дей береді. Шал жалғыз торшолағына мініп, баласы оқып жүрген молданың үйіне жақындаған кезде бір өзенге суға түсіп, ойнап жүрген балаларды көреді. Шалдың өзінің баласы да осында екен. Баласы әкесін танып, жүгіріп келіпті. Міне осы жерде баласы мен екеуі танысып, қуанысып қалады. Әкесі әкелген сарқытын баласы мен оның жолдастарына беріп, тамақтандырып отырғанда баласы:

— Әке, сен осыдан молдаға бар. Амандас, ол молда сізді қонақ етеді. Содан ертесінде тұрғаннан кейін сізге: «Жүр, балаңды өзің тауып ал, — дейді. — Ал балаңды өзің танып алмасаң, саған бала жоқ», — деп, сізді бір сарайға әкеп, ол сарайдың есігін ашады да, бір уыс жем шашады. Сонда біз көгершін болып ұшып шығып, жемді теріп жей бастаймыз. Сол кезде сізге «ал, таны балаңды» деп асықтырады. Сонда сіз асықпай, оны «Сабыр, молдеке, сабыр түбі — сары алтын» деген, — деп сөзге айналдыра, алдандыра беріңіз. Жем таусылар шағында мен барып басқа көгершіннің ауызындағы жемге таласам. Міне, сонда «менің балам мынау» деп ұстап ал. Бірақ, осыдан молдаға барғанда маған жолықтым, болмаса көрдім деп айтпа. Түк білмеген кісі құсап отыра бер, — деп баласы жөнін айтыпты. Сөйтіп кедей байғұс қорқа-қорқа молдаға келіп, амандасып, өзінің баласын алуға келгенін айтып, әңгімелесіп отырыпты. Әрине, оны молда да жақсы қарсы алып, күтеді. Сонда кедей:

— Менің балам қайда, баламды сағындым, көрейін, — депті. Сонда молда:

— Балаңызды ертең көресіз. Асықпай жатып демалыңыз, — деп қойыпты. Сөйтіп кедей молдаға қонақ болады. Ертесіне молда ерте тұрып:

— Ал, қонақ, жүр енді, балаңды көрсетемін. Танысаң — сенікі, таны-масаң — бала менікі, — деп, кедейді бір сарайға алып келіп, сарайдың есігін ашып, бір уыс жем шашып жіберсе, сарайдан бір топ көгершін шығып, жемді жей бастапты. Сонда молда:

— Ал, танып ал балаңды! — депті. Сонда кедей:

— Сабыр, молдеке, сабыр. «Сабыр түбі — сары алтын» деген, молдеке, — деп тұрғанда, жем бітіп, бір көгершін бір көгершіннің аузындағысына таласа кетіпті. Сонда кедей:

— Менің балам осы еді, — деп ұстай алыпты. Сол кезде баласы кісі болып, түрегеліпті. Міне, енді молда ашуланып:

— Ал енді барыңдар, шамаң жетсе, сен мені қой етіп жерсің, әйтпесе бір жерде мен сені қой етіп жермін, — деп, баланы босатыпты. Әрине, бұл баланың оқуы молданың өз оқуынан асқан екен. Бұл молда сол себепті күдіктеніп, әкесі танымағанда оны алып қалып, көзін құртпақ екен. Бала әкесі екеуі торшолаққа мінгесіп келе жатқанда баласы:

— Әке, үй ішінде не бар? Нендей мал бар үйде? — депті. Сонда әкесі:

— Не болатын еді, балам, малдан өзің көрген торшолақ, одан басқа еш нәрсе жоқ, — депті. Баласы:

— Ал, ондай болса, біз үйге құр қол бармайық. Мен қазір әдемі қара жорға арғымақ боламын. Сіз маған мініңіз де, мына шәріге апарып сатыңыз. Бірақ жүгенді бермеңіз. Содан қайтып келіп, мені осы арада тосыңыз, өзім қайтып келемін, — деп, бала жерге бір аунап, әдемі қара жорға арғымақ болып тұрыпты. Әкесі торшолақты тұсап қойып, қара жорғаға міне салып, шәрінің көшесіне жетіп келеді. Бір кісі келіп: «Арғымағыңды сатасың ба?» — депті. Шал:

— Сатамын, бағасы екі жүз ділдә, — депті. Ол кісі үш жүз ділдә беріп, арғымақты алады. Шал арғымақтың басындағы жүгенді сыпырып алады да, қайтып жүре береді. Ол атының қасына келіп, баласын тосып отырады, баласы да артынан кешікпей жүгіріп келеді.

— Ал, әке, кетейік, — деп, торшолаққа мінгесіп жүріп кетеді. Сөйтіп тағы бір шәрінің тұсына келгенде баласы:

— Әке, мына шәріге тағы да апарып сат, — деп, тағы да қара арғымақ болып шыға келеді. Әкесі торшолақты тұсап, қара жорғаға мініп алып, шәріге кетеді. Шәріні бойлап «арғымақ сатам» деп хабарлап келе жатқанда бір шал келіп арғымақтың жүгенінен ұстай алады да:

— Арғымағың қанша тұрады? — деп сұрайды.

— Арғымағым екі жүз ділдә, — дейді. Ол саудаласпай үш жүз ділдә береді де, арғымақты алады. Сол арада арғымақтың иесі жүгенді сыпырып алайын десе, арғымақты алып тұрған кісі жүгенге таласып, жүгенді

бермей жібереді. Міне, сөйтіп шал байғұс жылай-жылай қайтып торшолақтың қасына келіп, баласын бір тәулік тосады. Әрине, бала қайтып оралмайды. Баласының келмесіне көзі жеткен шал жылаумен үйіне қайтып жүре берді.

Ал арғымаққа ие болған шал арғымақтың жүгенін алып, өзінің төсегінің астына тығып сақтайтын болады. Бір күні баласы арғымаққа мініп, көшеге шықса, арғымақ жөнді жүрмейді. Сол кезде арғымақты ұрса, арғымаққа тіл бітіп:

— Ей, бала, сен мені ұрма. Әкеңнің төсегінің астында менің жүгенім бар, соны сен көрсетпей ұрлап әкеп, мені жүгенде. Сонда ғана мен жақсы жүремін, — депті.

Сөйтіп бала арғымақтың бұл сөзіне келісіп, жүгіріп үйіне келсе, әкесі далаға шығып кеткен екен. Бала төсек астындағы жүгенді ала салып, жүгіріп арғымаққа келіп, оны жүгендеп мініп алып, көшені ары-бері бойлай жорғалатады. Үйіне келгеннен соң арғымақтан түсіп, оны байлай бергенде арғымақ қашып жөнеледі. Міне, сол арада бала әкесіне келіп айтады. Әкесі жүгіріп келіп, төсек астындағы жүгенді қараса, жүген орнында жоқ. Сол арада шал халдің нашарға айналғанын біліп, арғымақтың артынан қуады. Ол арғымаққа жетіп қалғанда, арғымақ қоян болып қашады, сол арада шал тазы ит болып қуады. Ал енді жетуге айналған кезде бір аунап, түлкі болып қашады. Шал бір аунап, бүркіт болып қуады. Сөйтіп келе жатқанда алдындағы өзен жағасында бір қыз су алып тұр екен, қашқан түлкі қысылғаннан сақина болып, сол қыздың шелегіне келіп шолп етіп түсіп кетіпті. Ал бүркіт сол кезде жерге түсіп кісі болып келіп қыздан сақинаны даулайды. Сол кезде қыз тұрып:

— Мен сізден сақина алғаным жоқ. Ал менен сақина алмақ болсаң, үйге барайық. Менің әкем осы жердің ханы еді, сол кісі елін жинасын, міне, менен алатыныңды сол халықтың алдында ал, — деп, шалды үйіне ертіп алып келеді. Әкесіне:

— Әке, еліңді жина, еліңіздің алдында айтайын деген сөзім бар, — деп елін жинатады. Сөйтіп елі жиылған соң қыз ел алдына шығып:

— Халқым, тыңдаңдар! Мына тұрған адам менен сақина даулап жүр. Оның мәні мынадай. Мен өзеннен су алып тұр едім, қарасам, бір түлкі қашып келе жатыр. Ал ол түлкіні бір бүркіт қуып келеді екен. Міне, соның қызығына қарап тұрғанымда жаны қысылған түлкі қашқан бетінде келіп менің шелегіме сақина болып түсіп кетті. Бүркіт жерге түсті де, кісі болып, менен сақина даулап жүр. Ол — мына тұрған адам. Ал енді шамасы жетсе, сіздердің алдарыңызда алсын, — деп, қолындағы сақинаны жерге тастап жібереді. Сол кезде сақина тары болып шашылып кетеді. Сол кезде баяғы шал тауық болып, тарыны теріп жей бастапты. Тарының ақырғы түйірі қалғанда, сол қалған ақырғы түйір тары мысық болып, тауықты бас салып, мойнын бұрап өлтіріп, бала болып түрегеліпті. Сөйтіп бала осы арада өзінің молдадан құтылуына көмектескен қызды алып, бөлек

үй болып тұрады. Артынан әке-шешесін тауып алып, осы шәріде молда болып, молдалық дәуірін жүргізіп тұра береді.

Күндерде бір күн бұл молдаға бір адам жалғыз қызын оқуға әкеп, өткізіп кетіпті. Бұл қыз бірнеше жыл оқиды. Сөйтіп бір күндері молдаға «Ассалаумағалайкүм» деп сәлем беріп кірсе, молда оған: «Уағаләйкүмассалам, байы өлген жүзіқара», — деп жауап беретін болыпты. Ол сөзге жылай-жылай қайғырған қыз әбден жүдеп болады. Қыз өстіп күнде сәлем берсе, ол молда сол сөзін қайталап отыра береді. Біраз күн өткенен кейін қыздың әкесі келеді. Қыз жылап әкесіне айтса, әкесі молдаға келіп: «Сен менің жалғыз қызыма неге олай деп айттың?» — деп сұрайды. Молда:

— Айтқаным рас, өйткені сенің қызың өлген адамға күйеуге тиіп, сонымен ғұмыр сүреді, — депті. Оған қатты ашуланған байғұс шал қызын ары қарай оқытпай, үйіне алып жөнеледі. Үйіне келе жатып, бір өзен бойына ат дамылдатып, демалып отырыпты. Сол кезде бұлардың қарсы алдында төбешікте тұрған бейітті көреді де, екеуі сол бейітке құран оқып кетуге келеді. Бейіттің есігі ашық екен, қыз бұрынырақ келіп кірсе керек, есік сарт етіп жабылып қалыпты. Әкесі сырттан, қызы ішінен жұлқылап аша алмайды. Еш нәрсе істей алмайтын болғаннан кейін екеуі айғайласып, бір-бірімен қоштасады. Баяғы байғұс шал жылай-жылай қызынан айырылып, үйіне қайтады.

Зиратта қалған қыз енді еш нәрседен көмек болмағаннан кейін зират ішін аралап шығады. Қараса, неше түрлі тамақ бар екен, бір бөлмесіне кірсе, салулы тұрған төсекті көреді. Төсек үстінде бір жас жігіт өліп жатыр екен. Басында жастық, сол жастықтың астын көтеріп қараса, бір қағаз жатыр. Ол қағаздың жанында жатқан бір дұғалық кітапты көреді. Қағазда «осы кітапты оқып, дем салып бітірсе, осы адам тірілмек» деп жазылыпты. Ал енді бұл кітапты оқып шығу үшін қырық күн керек екен. Әрине, бұл қыз қырық күнді қиынсынбай-ақ, сол дұғалық кітапты оқып шығып, жігітті тірілтуге кірісті. Сөйтіп қыз кітапты 39 күн, 39 түн оқығаннан кейін зираттың есігі ашылады. Қыз демалуға далаға шығады да, келе жатқан бір керуенді көреді. Сол керуенді тосып тұрып, керуен келген соң олардан бір күң сатып алады. Сол күңмен танысып болған соң, оған өзінің басынан өткен барлық уақиғаны айтып болып: «Міне, мен осы кітапты отыз тоғыз тәулік оқыдым. Енді мен шаршап отырмын. Қалған жерін сен оқи отыр. Енді мұның тірілуіне бір-ақ тәулік қалды, — деп, жатып ұйықтайды. Әрине, отыз тоғыз күн демалмай оқу оған жеңіл тиген жоқ. Ол өте қатты ұйықтап қалады. Ал сатып алған күңі қалған дұғаны оқып бітіргенше оянбайды. Күң дұғаның ақырын оқып болып дем салғанда, жігіт те орнынан тұрады. Ол күң екеуі танысып, әңгімелесіп болғаннан кейін жігіт: «Мына жатқан кім?» — деп сұрайды. Күң оған: «Менің сатып алған күңім», — деп жауап береді. Ұйқысынан оянған қыз күң мен жігіттің құшақтасып отырғанын көріп, үндемей жүре береді. Міне, сөйтіп күң

еңбексіз-ақ ол жігітке әйел болып, ал еңбек еткен қыз күннің орнында жүре береді. Осылай арада бірталай уақыт өтеді. Жігіт шәріге бірнеше рет барып келеді. «Күң» қыз да үндемей жүре береді. Бір күні жігіт шәріге жүрмек болады да, қызға:

– Сен маған неге тапсырма айтпайсың? Саған не керек, айт, ала келейін, – дейді.

Сонда қыз:

– Маған бір жанды қуыршақ әкел, сонан соң «күлжаһан» деген шөп бар, соны әкеп бер, одан басқа еш нәрсенің керегі жоқ, – депті.

Сөйтіп жігіт шәріге кетеді. «Күлжаһан» деген шөп бар ма, жанды қуыршақ бар ма?» – деп әркімнен бір сұрайды. Оған елдің бәрі күліп, оны мазақ етіп: «Сенің айтып жүргенің не, жанды қуыршақ бола ма екен?» – дейді. Жігіт сол сөзін айтып сандалып жүре береді. Бір уақытта бір адам отырып:

– Әй, жігіт, бері келші, – деп, шақырып алады. – Сенің іздегенің не? – деп сұрайды.

– Менің іздегенім – жанды қуыршақ пен «күлжаһан» деген шөп, – депті.

Сонда ол адам:

– Міне, «күлжаһан» деген шөп, – деп, шөпті береді. – Ал жанды қуыршақ сенің үйіңде отыр. Оны сен білмей жүрсің. Саған еңбек сіңірген адамды сен күң орнына ұстап жүрсің, міне, жанды қуыршақ сол, – дейді ол. Ал енді мына шөпті апарып бер де, «жанды қуыршағыңды таба алмадым» де. Сонан кейін өзің оны аңдып отыр, ол бұл шөпті алады да, «тезек теріп әкелемін» деп, бір жаман қап алып, бір пышақ алып кетеді. Содан ол бір жарға барып осы шөпті отырғызып қойып, осы шөпке бар сырын айтады. Сол кезде шөп бір бозарып, бір қызарып тұрып, осы шөптен қан тамады. Сол кезде пышақты алады да, жарық дүниемен қоштасып, өзіне өзі сала берген кезде аңдып тұр да, ұстай ал. Міне, сонан кейін саған бар жағдай түсінікті болады, – деп, ол адам бәрін айтып береді.

Жігіт шөпті алып келіп береді де, қызға: «Жанды қуыршағыңды таба алмадым», – дейді. Оған қыз: «Жарайды, рақмет!» – деп, шөпті алып, бір қапты алып, қапқа пышақ салып жібереді де, тезек теріп келуге кетеді. Содан жігіт оны аңдып, артынан көрінбей келіп, тыңдап отырады. Сол кезде қыз өз басынан кешкен уақиғаның бәрін гүлге айтып, зарлап жылап отырғанда, гүл бір қызарып, бір бозарып тұрып, одан қызыл қан тамады. Сол кезде қыз пышақты алып, жарық дүниемен қоштаса бергенде, жігіт артынан келіп ұстап алады. «Жаздым, жаңылдым, қателігімді кеш!» – деп үйіне алып келіп, бар болған уақиғаны анықтап, ол қызды әйелдікке алады. Баяғы күнді қайта күндікке ұстап, екеуі әке-шешелерін тауып алып, бақытты ғұмыр сүріпті.

Сүлеймен мен диқаншы

Баяғыда жер бетіндегі жан-жануар, өсімдік, өзен, тау — барлығы да әлем патшасы Сүлейменге бағынады екен. Сүлейменнің алдына келіп басын имеген бірде-бір жан болмапты. Сол Сүлейменнің заманында бір керемет диқаншы болған екен. Оның жыл сайынғы еккен егіні соншалық бітік шығып, әлемді қызықтырып, барша жанды еріксіз өзіне тартыпты. Сол диқаншының еккен егінін көруге жыл сайын періштелер жиналып тұрады екен. Оңтүстіктен Сүлеймен пайғамбарға келе жатқан құс патшалары жаңағы періштелердің арасынан әрең өтіп, жылда жиыннан екі-үш күн кешігіп келеді екен.

Бір жылдары бұрынғыдай он шақты күнге созылған үлкен жиын болыпты. Жиында әр патша өзінің шаруа жайын әңгімелеп беріпті. Сонда құс патшаларының бірі тұрып Сүлеймен пайғамбарға былай деп сұрақ қойыпты:

— Тақсыр, әлемнің патшасы, рұқсат етсеңіз, сізден бір сұрақ сұрағалы отырмын, — депті.

Бұған Сүлеймен пайғамбар:

— Айта ғой, сұңқарым, сұра сұрағыңды, — депті.

Сонда сұңқар тұрып:

— Тақсыр, осы жолда бір диқаншы бар. Оның еккен егінін көруге бұл дүниенің түкпір-түкпірінен келмейтін періште жоқ. Жиналған періштенің көптігі соншалық, біз тіпті солардың арасынан екі-үш күнде әрең өтіп, жиыннан ылғи кешігіп келеміз. Ал сол диқаншы егін еккенде сізді бір рет те болса аузына ала ма екен? Менің білгімнің келгені осы еді, тақсыр, — депті.

— Сұңқарым, бұл сұрағыңның анықтығын біліп, келесі жылғы жиында айтып берейін, — деп, пайғамбар барлық патшаларды таратып жіберіп, өзі диқаншыны іздеуге шығады. Былай шыға беріп желге: «Мені сол диқаншыға апарып таста», — деп бұйырады. Жел айтқанын екі етпей, көзді ашып-жұмғанша пайғамбарды диқаншыға алып жетіп келеді.

Диқаншы Сүлейменді танып, сәлем береді. Пайғамбар сәлемін алып, өзінің неге келгенін айтады. Бұған диқаншы қуанып, әлі орылып бітпеген егінін көрсетеді.

Сүлеймен пайғамбар диқаншының бұл еңбегіне разы болып:

— Сіз өте еңбекқор, өнерпаз адам екенсіз. Еккен егініңіз де өте бітік шығыпты. Мұны көруге әлемдегі жанды-жансыз мақұлықтың бәрі де жиналады деп есіттім. Менің білгімнің келетіні: сіз егінді алғанда не деп аласыз? — дейді.

— «Бисмилда» деп себемін. «Қара қазан, сары баланың қамы үшін бере көр, табиғат», деп, еңбегіммен аламын, — дейді. Диқаншы Сүлейменді аузына да алмайтындығын білдіреді. Бұған ашуланған Сүлеймен бидай, жер, суға келіп:

— Бидай, сен ендігі жылы өнбе, Жер, сен қанша бидай сепсе де, өндіріме, ал су, сен қырық кез төмен түс, — деп әмір береді.

Диқаншы мұны біліп, күш-көлігі мен құрал-саймандарын сайлап, көктемге дейін сайдың тасындай ғып қояды.

Күткен көктем де туады. Диқаншы жиған-терген бидайын жеті күн бойы судан шығармай бөктіріп қояды. Бір айдаған жерін жеті рет тырмалап, бидайын себеді. Егінді суаратын кез келеді. Суға келсе, су өз деңгейінен қырық кез төмен түсіп кеткен екен. Диқаншы жүгіріп үйіне келіп, ара мен балтасын алып, қалың ағашты кескілей бастайды. Ақыры ағашты кесіп болып, жаяу арқалап, зорға дегенде құдықтың басына жеткізеді. Сөйтіп шығыр орнатып, оған қырық қауғаны қатарынан салып, айналдыра бастайды. Бұған шыдай алмаған су аспанға шапшып, сол аймаққа тарайды. Суға қанған егін бас жарып, көктей жөнеледі. Мұны есітіп, таңтамаша қалған періштелер былтырғыдан да көп жиналады. Ал құс патшалары бұрынғы әдетінше Сүлеймен патшаға кешігіп келеді. Жиын біткен соң құс патшасының бірі тұрып:

— Тақсыр, осы біздің былтырғы айтқан диқаншымыз сізді аузына алама екен өзі? Биылғы еккен егінін көрсеңіз, қайран каласыз. Оған жиналған періштеде де қисап жоқ. Солардың көптігінен әрең өтіп, міне, тағы да кешігіп келіп отырмыз, — дейді.

Бұл сөзге іштей ашуланған Сүлеймен желге мініп, қаһарын төгіп, тұқымға келді:

— Сен неге менің айтқан бұйрығымды орындамадың, менің «шықпа» дегенім қайда?! — деп ақырады.

— Тақсыр, мен орындамайын дедім бе? Жеті күн суға салып, тұншықтырып, есімді тандырды, — дейді тұқым.

— Ал, сен неге өндіріп шығарасың?! — деп, Сүлеймен пайғамбар жерге ақырады.

— Тақсыр, мені өндірмесіме қойды ма? Жеті рет жыртып, жеті рет тырмалап, әбден есімді тандырды. Су ішіп, қазір ғана есімді жиып тұрмын, — дейді жер.

Сол-ақ екен Сүлеймен пайғамбар суға келіп:

— Менің саған жер бетіне шықпай қырық кез төмен түсіп кет дегенім қайда? Бұйрығымды неге орындамайсың?! — деп тіксінді.

— Тақсыр, мен сіздің айтқаныңызды орындадым. Қырық кез төмен түсіп те кеттім. Бірақ оған диқаншы қойды ма, еріксіз аспанға шығарды, — дейді.

Бұдан ешнәрсе шықпайтынын көріп, Сүлеймен пайғамбар әрі ойланып, бері ойланып:

— Еңбек қылған алсын, — депті де жүріп кетіпті.

Ат бағушы құл

Бұрынғы заманда бір әмірлі ханның үш тұлпары болыпты. Ол тұлпарларын өзінің өте сенімді құлына ғана бақтырады екен. Хан сейілге шығарында ханның мінемін деген тұлпарын ат бағушы құлы ерттеп әкеп беріп, кешке қабылдап алып тұрады екен. Хан әлгі сенімді құлын «өтірік айтпайды» деп, оған қатты сенеді екен.

Бір күндерде ордасында уәзірлерімен өзара кеңесіп отырғанда, хан кенеттен: «Менің тұлпарларымды бағушы құлым өмірінде өтірік айтпайды. Мұндай да өтірік айтпайтын адам болады екен», — депті.

Сонда қасында отырған бас уәзірі: «Тақсыр-ау, өтірік айтуға тура келгенде өтірік айтпайтын адам баласы бола ма екен? Ол құлыңыздың өтірік айтуына тура келетін жағдай кезікпей жүр ғой», — депті. Сонда хан: «Ол құлым өліп кетуіне қайыл⁷⁰, бірақ өтірік айтпайды. Ол жөнінде мен қатты сенімдімін», — депті. Сонда уәзір тұрып:

— Тақсыр, сол құлыңызға өтірік айтқызсам, қайтесіз? — депті. Сонда хан тұрып: «Егер де сен сол құлыма өтірік айтқыза алсаң, мен орнымнан түсіп, хандығымды саған беремін. Егер өтірік айтқыза алмасаң, басыңды аламын», — депті.

Бұл сөзге уәзір де келісіпті. «Құлыңызға үш-төрт күн ішінде өтірік айтқызамын», — деп, уәзір ордадан шығып үйіне келіпті. Уәзірдің ай десе ай емес, күн десе күн емес, өте сұлу үш қызы бар екен. Уәзір үйіне келген соң, қыздарын шақырып алып: «Балаларым, мен ханмен осылай уәделесіп келдім. Ханның ана үш тұлпарын бағатын құлына бір ауыз өтірік айтқыза алсақ, Құдай жарылқап мен хан боламын, ал енді өтірік айтқыза алмасақ, үш балам, әкеңнен үміт қылмаңдар, мен — өлген кісі», — депті. Сонда қыздары отырып: «Ойбай, іс қиынға айналыпты ғой, енді ол құлға қалай өтірік айтқызу керек?» — депті. Сонда уәзір тұрып: «Балаларым, сендер әкеміз өлімнен аман болып, мұратына жетсін десеңдер, оның шарты оңай», — депті.

Сонда қыздары: «Ойбай, ол құл бізбен байланысты өтірік айтатын болса, ол үшін көрсеткен ақылыңызға біздер даярмыз ғой», — депті. Сонда уәзір тұрып:

— Балаларым, бүгіннен бастап ол құлдың ат бағып тұрған жеріне үшеуің үш түн қонақ болыңдар. Сендер әрқайсың ол құлмен бір кеш бірге жатып, бұйымтай сұрағанда, баққан тұлпарының бірінің басын сұрап алыңдар. Үшеуің үш түнеп, сол үш тұлпардың басын кестіріп әкеліңдер. Сонымен ол құлда өтірік айтпайтын шара қалмайды, — депті. Бұл сөзге қыздары «мақұл» деп, бірінші күні үлкен қызы түрлі әсем киімін киіп, хош иісті майларды жағып, бейне бір перінің қызы сияқтанып, ат бағушы құлдың жататын үйіне келеді. Сұлу қыз айдай болып қасына жетіп келгенде, құл не дерін білмей: «Ханшайым, жолыңыз болсын», — депті. Сонда

⁷⁰ Қайыл — разы.

уәзірдің қызы әкесінің үйретуі бойынша: «Мен бас уәзірдің қызы едім. Өзіміз теңдес уәзір, бек пен ханзадалар жастық махаббатпен ойнап-күлелік десе дағы, солардың өмір махаббатынан сіздің күніңізді артық көріп, сізге көптен бері жан-діліммен ғашық болдым. Сіздің қасыңызға бір түнеп шықсам деп, әдейі іздеп келіп едім. Әрине, егер рұқсат болса», — депті.

Сонда құл ханшайымға: «Ойбай-ау, мұндай ойыңызға мен даярмын», — деп, ол түнді екеуі тамашамен өткізіпті. Қыз таңертең үйіне қайтпақшы болғанында, құл тұрып: «Я, ханшайым, көңілге алған бұйымтайыңыз бар ма?» — депті. Сонда уәзірдің қызы: «Менің сұрағанымды расымен беретін болсаңыз, бұйымтайым бар», — депті. Құл тұрып: «Көңіліңізде не болса да, орындаймын демедім бе, не сұрағыңыз болса да, айтыңыз», — депті.

Сонда уәзірдің қызы «Тілегім — тұлпардың бірінің басы» дегенде, құл сөзге келместен, бір тұлпарды алып ұрып, басын кесіп бере салыпты. Уәзірдің қызы аттың басын алып үйіне барыпты. Ханның қызы кеткеннен кейін құл бұрынғы әдетінше ханға барып, «тақсыр, тұлпарлар аман» деп, аттардың амандық хабарын бере алмай, қалған екі атын бағып жата беріпті. Екінші күннің кешінде уәзірдің екінші қызы да ханның құлына қонаққа келіпті. Әкесінің үйретуі бойынша ол да алдыңғы әпкесі сияқты түрлі әсем киімдерін киіп, перінің қызындай болып келіп, қонақ болыпты. Түнімен құлмен бірге жатып, ертеңінде қайтарда екі тұлпардың бірінің басын кестіріп алып, әкесіне келіп баяндап беріпті. Үшінші күннің кешінде уәзірдің кіші қызы алдыңғы әпкелері сияқты ат бағушы құлға қонақ болып, түнімен бірге жатып, ертеңінде қалған үшінші тұлпардың басын кестіріп әкетіпті. Ат бағушы құл үш күнге дейін ханға бара алмай, төртінші күні ханға барып, аттардың амандық хабарын бермекші болыпты. Ханға не айтарын біле алмай, басындағы бөркін өзінің төр алдына хан қылып қойып, сұхбатқа дайындалыпты. Өзі бұрынғы әдетінше есіктен кіріп келіпті.

— Е, үш күннен бері қайдасың, тұлпарлар аман ба?

— Е, тақсыр, тұлпарлар түгел аман, сабындап жуылды, — деп тұрып, басын шайқап: «Жоқ, мұным болмайды екен», — деп ойлап, сыртқа шығып кетіпті. Екі рет қайтып оралғанда бөрік:

— Е, үш күннен бері неғып келмедің, тұлпарлар аман ба? — дейді. Сонда құл:

— «Е, тақсыр, тұлпарлар тақ бұрынғыдай емес, үш күннен бері жемшөп жемей, қатты ауырып тұр», — дейді де, іштей «жоқ» деп, басын шайқап, «бұл да болмады» деп, тағы да далаға шығып кетеді. Осыдан кейін өзі хан болып:

— Е, сен үш күннен бері неғып келмедің, тұлпарлар аман ба? — дейді. Мұнан кейін өзі құл болып:

— Е, тақсыр, тұлпар көңілдегідей аман емес. Себебі тұлпардың үшеуі де ауырып, біреуі бүгін өліп кетті, — деп тұрып, басын

шайқайды. — Жо-жоқ, бұл да болмады, болмады, — деп, қайтадан далаға шығып кетіп, төртінші рет қайтып келіп, хан болып тұрып:

— Е, сен үш күннен бері неғып келмедің? Тұлпарлар аман ба? — дейді. Кейін өзі болып:

— Е, тақсыр тұлпарлар аман емес.

Өзі хан болып:

— Е, не болды, тұлпарлар ауырып қалды ма, не болды? — депті.

Сонда ат бағушы құл:

— Тақсыр, аттар ауырған жоқ, бірақ та үшеуі де тірі емес, үшеуі де өліп қалды.

Хан болып:

— Ой, мынау не сандырақтап тұр, ауырмаған аттар өлуші ме еді?! Не деп тұрсың? — дейді. Өзі болып:

— Тақсыр, қайран тұлпарлардың үшеуі де ауырмай-ақ өліп кеткені рас, — депті. Өзі хан болып:

— Ауырмай қалай өледі, сен мас болып тұрмысың? — дейді. Өзі болып:

— Тақсыр, кессеңіз, міне басым. Сіздің уәзіріңіздің үлкен қызы маған қонаққа келіп, маған ғашық екендігін айтты. Менімен бір түн бірге жатты. Ертесіне қыз үйіне қайтар кезінде мен қыздан «не бұйымтайың бар?» деп сұрағанымда, «маған мына бағып тұрған тұлпарыңның басы қажет» деп сұрады. Сонда мен сөзге келмей тұлпардың бірінің басын кестім де, қызға беріп жібердім. Сонан екінші күні кеште сіздің уәзіріңіздің екінші қызы келіп, менімен тағы да бір түн бірге жатып, ол қыз да қайтарында бір тұлпардың басын сұралы. Оған да бір тұлпардың басын кесіп бердім. Сонан өткен түні уәзіріңіздің үшінші қызы келіп, ол қыз да бір түн менімен бірге жатып, ертесінде қалған соңғы тұлпардың басын сұраған соң, оған да қалған тұлпардың басын кесіп беріп жібердім, — дейді. Бөркін басына киіп, бұрынғы әдетінше хан ордасына кіріп барады. Ханның уәзір бектерімен кеңесетін үйінде ханның өзі, уәзірлері және біршама адам жиналып отыр екен.

Сонда хан ат бағушы құлына:

— Е, сен үш күннен бері қайдасың, тұлпарлар аман ба? — депті. Сонда ат бағушы құл:

— Тақсыр, тұлпарлар аман емес, қайран тұлпарлар аман болмай қалды ғой, — депті. Хан ашуланып:

— Е, не болып қалды? — дейді. Құл:

— Тақсыр хан, сіз кесу үшін басымды даярлап келдім. Ол тұлпарларың аман болмаған себебі мынандай еді, — депті де, баяндай бастапты.

— Осыдан үш күн бұрын, кешкі мезгілде бас уәзіріңіздің үлкен қызы маған келіп, қонақ болып, ғашықтығын білдірді. Екеуміз бір түн бірге жатып, қайтарында не бұйымтайың бар деп сұрадым. «Менің бұйымтайым — өзіңнің бағып жүрген тұлпарларыңның басы» деген соң, мен бір

тұлпардың басын кесіп беріп жібердім. Сонымен келесі күннің кешінде уәзіріңіздің екінші қызы келіп, қонақ болып, менімен бір түн бірге жатты. Ол қыз да қайтарында «менің қажетім — тұлпардың бірінің басы еді» деген соң, оған тағы бір тұлпардың басын кесіп беріп жібердім. Сонан кейінгі түні кешкісін уәзіріңіздің үшінші қызы келіп, қонақ болып, менімен бір түн бірге жатып, қайтар кезінде ол да бір тұлпардың басын сұрады. Оған да қалған тұлпардың басын кесіп беріп жібердім. Басымды үш тұлпардың басы үшін алдыңызға әкеліп тұрмын, — депті.

Сонда ханмен бәстескен бас уәзір қалтырап-дірілдей бастапты. Хан үш тұлпарының бірдей өліп кеткеніне ренжіп отырған көпшілікке уәзірімен болған бәстерін баяндап беріпті. Сонан кейін жеңдеттерін шақырып, бас уәзірдің басын алғызып тастап, оның орнына ат бағушы құлды бас уәзір етіп сайлапты. Ат бағушы құл өтірік айтпағандықтан, ақыры мұратына жетіп, уәзір болып өмір өткізіпті.

Жомарт

Баяғы бір заманда әділ әрі бай бір хан болыпты. Ол халқын, халық оны қатты сыйлапты. Хан өте ақылды адам екен. Ол ханның тұсында өте тыныштық болып, халқы жақсы тұрмыста тұрыпты. Ханның қырық уәзірі бар екен, оның ішінде өте бай, долы, шаш ал десе, бас алатын Қасым, Манап деген екі атақты уәзірі болыпты. Бір күндері хан әлгі екі уәзірін шақырып алып: «Құрметті уәзірлерім, мен сен екеуіңізді басқа уәзірлерге қарағанда өте жақсы, ақылды, ойшыл деп санаймын. Осыған байланысты сендерге бір сұрақ берейін. Оған қалай қарайсыңдар?» — дейді.

— Айтыңыз, айтыңыз, құрметті тақсыр, — деп, екі уәзір басын төмен иіп тәжім етеді.

— Айтайын, құрметті уәзірлерім, сендер өте бай, бақытты әрі жомарт адамсыңдар. Бірақ, сол жомарттық неден болады деп ойлайсыңдар? Ниеттен бе, әлде байлықтан ба?

«Бұл қандай сұрақ қояр екен? Бір қиын сұрақ болмаса нетті? Мүмкін, бізді бір қиын сапарға жұмсар ма екен?» деген үрейде отырған уәзірлер бұл сұрақты естіп: «Е, оңай сұрақ екен ғой», — деп ойлап, көңілденіп, қуанып қалады.

«Дүниенің бәрі байлықтан» дейтін олар, енді өз байлықтарын мадақтағандай:

— Әрине, тақсыр, жомарттық байлықтан туады, — дейді жамыраса.

— Егер байлық болмаса, ниеттен не шықпақ? Ниетте тұрған түк те жоқ. Жомарттық байлықтан, — дейді.

— Жоқ, уәзірлерім, сендер дұрыс жауап бермедіңдер. Жомарттық байлықтан емес, ниеттен туады. Егер ниетің болмаса, қанша бай болсаң да, жомарт емес, сараң боласың, — дейді хан күліп.

– Жоқ, тақсыр, сіз қате айтасыз, жомарттық байлықтан. Егер қолыңда түгің жоқ болса, қанша ниетің болғанмен, қалай жомарт болмақсыз? Неғұрлым бай болсаңыз, соғұрлым жомарт боласыз. Ендеше жомарт болу – байлықтан.

– Жоқ, уәзірлерім, таласпаңдар, жомарттық – ниеттен.

– Жоқ, тақсыр, жомарттық – байлықтан.

Сөйтіп хан мен уәзірлерінің арасында келіспеушілік туып, хан уәзірлеріне, уәзірлер ханға көнбейді. Хан біраз ойланып отырғаннан кейін уәзірлеріне:

– Шырақтарым, егер сендер олай десеңдер, жеті күн той жасап, елге шүлен таратыңдар⁷¹. Кемпір болсын, шал болсын, қайыршы болсын, елдің сұрағанын беріңдер. Егер сендердің тойларың мен шүлендерің жақсы өтсе, онда жомарт болу байлықтан деп, патшалығымның жартысын берем. Егер осы айтқанымды орындай алмасаңдар, онда жомарттық – ниеттен деп есептеймін.

– Құп болады, тақсыр, – деп, екі уәзір басын иіп шығып кетеді.

II

Тойға деген дайындық бітіп, Қасым мен Манаптың керемет дегендей жеті күндік тойы басталды да кетті. Жеті күн қызық-думан той болып, ел көше-көшеге лық толды. Уәзірлердің тойы басталды дегенде жас демей, кәрі демей халық жер-жерден, түкпір-түкпірден жиналды. Уәзірлер хан айтқандай елдерге шүлен таратады. Тойдың алты күні өтіп, жетінші күні дегенде хан үйінде отырғысы келмей, қызметшісіне көк есек, қайыршының киімін алғызды да, диуананың киімін киіп, көк есекке мініп, басына аққудың терісін жамылып (ол уақытта диуаналардың белгісі ретінде басына аққудың терісін жамылады екен), қызметшісіне ешкімге айтпауға бұйырып бірнеше алтын ақша береді де, жолға шығып жүріп кетті.

Көк есек мінген, басына аққудың терісін жамылған диуана бірінші уәзір Қасымның есігінің алдына келіп:

– Ақ, мың ділдәдан кем берсең, алмаймын-ақ! – деп айғай салды.

Мұны естіген қызметшісі бұл сөзді Қасымға жеткізді. Қасым: «Әй, бұл үйде кісі сыймай отырғанын өзің көріп тұрсың, кісісі аз ғой, анау Манаптікіне барсын», – дейді. Қызметші үйден жүгіріп шығып: «Әй, диуана, мұнда кісі көп, анау Манаптікіне бар, білдің бе?! Онда кісі аз», – дейді.

– Ең болмаса, нан ауыз тигізсін деп айтты де, шырағым, – дейді. Қызметші бұл сөзді де Қасымға жеткізеді. «Ой, сол диуаналар-ақ нан тілейді де жүреді екен. Ана нанның қалдығын апарып бер», – деп, Қасым дастарқан үстінде жатқан нанның күйіктерін көрсетті. Қызметші

⁷¹ Шүлен таратты – барын мырзалық етіп үлестірді.

нанның күйіктерін жинап әкеп, диуанаға берді. Диуана оны таза бір шүберекке орады да, дорбасына салып жүріп кетті. Диуана екінші уәзір Манаптікіне келді де:

— Ақ, мың ділдәдан кем берсең, алмаймын-ақ! — деп айғай салды. Мұны естіген Манаптың өзі шығып: «Қария, мұнда кісі сыймай отыр, бос қой, анау Қасымдыкіне барсаңызшы», — дейді.

— Қарағым-ай, нан да болса, ауыз тигізсеңші.

Манап қайтіп үйге кіреді де, қызметшісінен бір үзім нан беріп жібереді. Диуана оны ақ орамалға түйіп, дорбасына салып алып жүріп кетті. Оның қайда барғанын кім білсін, сол кеткеннен басқа бір жаққа кете барды.

Ертеңіне уәзірлердің жеті күндік тойы бітіп, «Уһ» деп бір демалысты да, енді ханды жеңген шығармыз, жарты хандық біздікі болатын болды ғой деп, екеуі ханға келді. Келсе, хан баяғы қалпында, баяғы түрінде отыр екен. Ханға бас иіп, екеуі де «алдиярлап» сәлем берді. Хан уәзірлерінің сәлемін алып: «Иә, уәзірлерім, тойларың қалай өтті?» — деді күлімдеп.

— Иә, тақсыр, жеті күндей той жасап, елге шүлен тараттық. Өте жақсы өтті, енді сіздің жарты хандығыңыз біздікі болмақ.

— Жарайды, болсын, бірақ сендер жомарттық неден деп таптыңдар?

— Әрине, тақсыр, жомарттық байлықтан болады ғой енді.

— Жарайды, болсын. Енді сендерге тапсыратын бір жұмысым бар. Менің бүгін түнде жақсы дөнен қойларым жоғалды. Сол қойларымды бүгін тауып әкеліңдер, ұрлаған кісіні де ұрмай-соқпай, тиместен алып келіңдер. Егер оны алып келсеңдер, хандығымды түгел беремін, — деп, қойларының түр-түсін айтып береді.

«Хандығымды түгел беремін» дегенді естіген уәзірлері «Құп, тақсыр!» деп, атқа қонып, көшені аралап шаба жөнелді. Қасым мен Манап қойларды еш жерден таппай, әбден шаршап, енді базарға баралық, одан таппасақ, қайталық, ертең іздерміз деп базарға келді. Базарға келсе, топ саудагердің ішінде бір жас бала жеті қойдың терісі мен етін сатып тұр екен. Уәзірлер терілерін анықтап қарап, тура ханның айтқанындай жеті қойдың терісі екенін таниды да: «Ә, ұры бала сен бе едің?!» — деп, бас салып сабай бастады.

— Ағатайлар-ай, мен ұры емеспін, бұл өз қойым, өз еңбегім, жіберіңіздер, шынымды айтамын, — деп, бала зарлап, босанғысы келгендей бұлқынады.

— Өшір үніңді, иттің баласы! Ханның қойларын ұрлауыңмен қоймай, оны сойып жіберіп сатып тұрғанын қарашы! Тағы өзі «мен емес, жібер» дейді ғой. Міне саған жіберген! — деп, Қасым баланы тартып-тартып жібереді. «Ағатайлар-ай, мен ұры емеспін!» — деп безектейді жас бала. Үйіріле соғылған қайыс қамшы тыз-тыз етіп, баланың етін пышақпен кескендей қылады. Бірақ, зарлаған балаға жаны ашыр уәзірлер ме? «Міне саған ұры емес, міне саған ұры емес!» — деп, ұруды үдеткен үстіне үдетеді.

Уәзірлер жеті теріні алып, баланы жетектеп ханға келеді.

— Алып келдік, тақсыр! Қойыңызды ұрлаған бір жетім бала екен. Есік алдында тұр, — дейді жарыса сөйлеген уәзірлер.

— Әкеліңдер баланы бері, — дейді хан екі уәзіріне. Екі уәзір далаға жүгіре шығып, баланың екі қолынан сүйрей-мүйрей, тері-мерісімен ханға алып кіреді. «Тақсыр, қойларыңыз мынау ма?» — деп, екеуі жеті теріні бірінен соң бірін көтереді. «Дәл өзі», — деді хан шіреніп.

— Олай емес, тақсыр, бұл — менің өз еңбегім, — деп, бала жылап қоя берді. Хан баланың бетіндегі қамшының ізінен түскен таңбадан тамшылаған қанды көріп, сұрланып кетті.

— Иә, уәзірлерім, айтқанымды орындап, сабамай-ақ алып келіпсіңдер, — дейді хан мысқылдап. — Кәне, баланың арқасын көрсетіңдерші маған.

Қасым барып баланы теріс айналдырды да, жейдесін көтеріп, баланың арқасын көрсетті.

Хан баланың арқасының білеу-білеу болып ісіп кеткенін көріп күрсінді де, баланы алдына шақырып алып:

— Қарағым, мына қойларды қайдан алдың? — деп сұрайды.

Бала ханның «қарағым» дегеніне іші жылып кетіп, жылағанын қоя салды да:

— Тақсыр, бұл менің табан ақы, маңдай теріммен тапқан малым. Мен ұры емеспін, тақсыр, — деп, әңгімесін бастады.

III

— Құрметті тақсыр, менің әкем жас кезімде қайтыс болды да, содан ес білгенге дейін шешем асырап келді. Мен ес білгеннен кейін шешемнен де әл кетіп, жиі ауыратын болды. Ақыры жоқшылықтың зардабынан Кенбай деген байға жеті жасымнан бастап қой бағатын жалшы болып орналастым. Жас та болсам ерінбей, қарамағымдағы қойларымды өте жақсы күтіп, баптап өсірдім. Қыстан да малдарым күйлі, жардай семіз болып шықты. Содан Кенбай байдың қадірлі жалшысының бірі мен болдым. Малдарды өлтірместен өте жақсы өсіргеніме ол маған жылына бір қойдан ақымды төлеп тұрды. Кенбай байдың қолында алты жыл жұмыс істеп, ақыма алты қой алдым. Ақырғы жетінші жылдың аяғында мен басқа жаққа жұмысқа тұрмақшы болып, ол кісіден сұрандым. Ол кісі қимастан мені әрең-әрең босатып, ақырғы жылыңның еңбегі деп бір қой берді. «Жеті жылда бірде-бір қойымды өлтірмей аман, күйлі ғып өсіргенің үшін сыйлығыңа алты қой бердім», — деп, жеті қой берді де, маңдайымнан сүйіп аттандырды. Сөйтіп жеті қойды айдадым да, үйге әкеп, қораға кіргізіп қойдым. Сол күні кеште есік алдында отын жарып тұр едім, астына көк есек, басына аққу терісін жамылған диуана келіп:

— Қонақпын, қарағым, — деді.

— Қонақ болсаңыз, қоныңыз, үй міне, қария, — деп үйді көрсеттім. Мен ес білгелі келген бірінші қонақ еді. Сондықтан мен оған диуана болса да қатты қуандым. Бұрын: «Біздікіне өмірі қонақ келмеді-ау!» — деп ренжуші едім. Енді қонақ келгеніне әкем қайта келгендей қуандым. Диуананы үйге кіргізіп, астына жалғыз көрпемді салдым. Қонақ аты-жөнімді, не жұмыс істейтінімді сұрады, тұрмысқа байланысты басқа да сұрақтар берді. Мен жауап беріп, өз аты-жөнін сұрауға ұялып, далаға шығып кеттім. Жеті қойдың бірін әкеп, шешем екеуміз сойып, басын үйтіп қазанға салғалы жатқанымда әлгі диуана:

— Ол не, қарағым? — деді. Мен:

— Қария, сізге сойған қойымыз еді. Соның басын асқалы қазанға салып жатырмын, — дедім.

— Жоқ, қарағым, мен ет те жемеймін, бас та мұжымаймын, сорпа да ішпеймін, тек күніне он төрт бүйрек жейтін адаммын. Ол сыйыңа рақмет, қарағым, — деді.

«Мұнысы қалай болды екен, күніне он төрт бүйрек жесе, онда мұның диуана емес, бай болғаны ғой. Әлде осы Қызыр болмаса неті?» — деп іштей таңдандым да, шешеме барып қонақтың сөзін айттым. Шешем өте жомарт кісі еді.

— Қарағым, он төрт бүйрек дәл болғандай жеті қойың бар. Соны соя ғой. Азар болса, ертең терісі мен етін сатып, жеті қойдың орнын толтырармыз, — деді.

— Жарайды, апа, олай болса, мен де сіз осыны айтса екен деп тұр едім, — деп, он төрт бүйрекке жеті қойды дәл дегендей тапқанымға өте қуандым да, қойларды шетінен әкеп соя бердім. Шешем қойлардың етін жөндестіре берді де, мен он төрт бүйректі алып, тазалап жуып, қазанға салғалы жатыр едім, әлгі диуана қонағым тағы да:

— Қарағым, қазанға салғалы жатқаның не? — деді.

— Ата, сізге пісіргелі жатқан он төрт бүйрек қой, — дедім.

— Жоқ, қарағым, өзіме бер бүйректеріңді, мен біреудің пісіргенін жемеймін, өзім орманға барып, кішкентай шөңкеме пісіріп жеймін, — дейді.

Қонағымның айтқан тілегін орындап, он төрт бүйректі орамалына орап, дорбасына салып бердім. Түнімен ол кісі бізбен бірге болды. Шешем екеуміз ет асып жедік. Қонағымыз, айтқанындай-ақ, асымыздан ауыз тиген жоқ. Ақыры ұйықтайтұғын мезгіл жетті. Қонағымызға бар көрпемізді төсеп, өзіміз бар киімімізді жамылып жата кеттік. Ертеңіне ерте тұрып қарасақ, қонағымыз жоқ, таңсәріден тұрып кетіп қалыпты. Шешем екеуміз аң-таң болдық та қалдық.

Енді мен бүгін сол жеті тері мен еттерді сатқалы тұр едім, екі уәзіріңіз келіп, «сен ұрысың» деп базардың ортасында өлердей ғып сабап, сізге алып келді. Енді не істемекпін, сіз не үкім айтсаңыз, сол болғаны да, тақсыр. Бірақ, бұл қойлар табан ақы, маңдай терімнің еңбегі деп айта аламын, — деп бітірді бала сөзді.

— Өй, мына тазша не дейді, сен ұрысың, білдің бе? Сен ханның малын ұрладың! — деп зекіп, айғай салды Манап. Хан Манапты тоқтатып:

— Мына бала осылай айтып тұр. Бірақ мына жеті тері менің жеті қойымның терісі. Сендер бұған қалай қарайсындар? — деп, хан екі уәзіріне қарады.

— Иә, сіздікі, тақсыр, мына тазша — ұры, — десті екеуі.

— Дұрыс, солай болсын. Енді сендер бұған қандай жаза қолданғанды дұрыс көресіңдер?

— Мен айтайын, тақсыр, — деп, Қасым тәжім етіп түрегелді. — Бұл ұры тазшаны хан мүліктерін ұрлағандықтан, ат құйрығына байлап, тау-тасқа соғып өлтіру керек.

— Жоқ, ол онша қызық емес. Одан да жарым беліне дейін жерге көмдіріп, басы мен кеудесін балаларға ұрғызып өлтірсек, сол қызық болар еді, — деді Манап.

— Екеуіңнің де ұсынған жазаларың өте қызық, өте дұрыс екен. Ол үшін сендер мынау айтқан Кенбай байды тауып алып келіңдерші, анығын білейік.

— Құп болады, тақсыр.

IV

Ханның екі жағында екі уәзірі. Оң жағында Қасым да, сол жағында Манап. Хан алдында тұрған Кенбай Қасеннің түріне тесіле-тесіле қарап, кейігендей аяушылық кейіп білдірді.

— Неге алдырдыңыз, тақсыр, не жазығым бар еді? — деді Кенбай. Баланың түріне қарап: «Мен де жазықты екенмін», — деп ойлады ол.

— Ешқандай да жазығың жоқ, бірақ сен ана жеті теріні танысың ба? — деп, хан бұрышта жатқан терілерге қолын созды. Кенбай терілерді аударыстырып көріп:

— Танимын, тақсыр, — деді.

— Танысаң, кімнің қойының терілері?

— Ол — мен мына балаға әнеукүндері жеті жылда аянбай еңбек еткені үшін сыйлыққа берген алты қой мен бір қойдың терісі, тақсыр.

— Шын айтқын, өз қойың ба?

— Өз қойым, тақсыр, өтірік айтсам, ант атсын.

— Өте дұрыс, — деді де, хан бір дорба алып, оның ішінен түйюлі үш ақ орамалды үстел үстіне шешіп қойды. Сарай іші жым-жырт. Тыныштықты тек Қасен ғана бұзды.

— Мынау менің он төрт бүйрегім ғой, ой, Алла-ай, — деп, айғайлап жібергенін өзі де сезбей қалды.

Үстел үстіндегі бірінші орамалда нандардың күйігі, екінші орамалда бір тілім нан, үшінші орамалда қызыл алтынша жарқырап, алтыннан жасалған торғайлардай болып он төрт бүйрек жатты. Екі уәзір өздерінің

нандарын танып, екі беттеріне от басылғандай қызара күйіп, ұялғанынан төмен қарап, кіріп кетерге жер таппады.

— Көрдiңдер ме? — дедi хан уәзiрлерiне қарқ-қарқ күлiп. — Сен екеуiң менiң хандығымды түгел алатын болдыңдар ғой. Иә, уәзiрлерiм, мен сендерге бұйрық бергеннен кейiн жетiншi күнi диуана қалпына түстiм де, астыма көк есек мiнiп, басыма аққудың терiсiн жамылып, сендердiкiне барып мың дiлдәдан сұрадым. Алайда сендер мың дiлда емес, мына жақсы нандарыңды бердiңдер. Содан шығып отырып мына Қасен баланикiне бардым. Қасен менi өте жақсы сыйлады. Далаға шыққанда қорада тұрған жетi қойды көрiп, «ниетi болса, берер» деп он төрт бұйрек сұрағаным да рас. Қасен ешбiр ренжiместен жетi қойын бiрдей сойып, он төрт бұйрегiн алып бердi. Сонда қондым да, бiлдiрместен таң сәрiден тұрып кетiп қалып, сарайыма келiп, хан қалпыма түстiм, тағыма кеп отыра бердiм. Қасен мен шешесiнiң сөзiн де естiген едiм де, базардан табылар деп, сендердi жұмсаған едiм. Иә, табылды да. Мен сендерге ұрмай-соқпай алып келiңдер десем, сендер өлiмшi ғып әкелгенсiңдер. Ол — ұры емес, жомарт жан. Уәзiрлерiм, сөйтiп жомарттық байлықтан емес, ниеттен болғаны ғой, ә!

— Жоқ, тақсыр, бiз сiз екенiңiздi бiлмеген едiк.

— Доғар сөздi! Сендер менiң хандығымды емес, жомарттықтарыңды сыйлаңдар! — дейдi.

Хан екi уәзiрдi тырдай жалаңаш қып шешiндiрдi де: «Өзiңдi қалай ұрса, мына екеуiн тура солай ұр», — деп, Қасенге алтындаған қызыл сапты қамшы бердi. Қасен бiр жағынан қуанғандықтан, бiр жағынан ашуланғандықтан, қамшымен екеуiн әлi бiтiп шаршағанша сабады. Уәзiрлердiң бұрын дақ түспеген ақ денесi бiлеу-бiлеу боп iсiп, адам көргiсiз болды.

— Ал, уәзiрлерiм, менiң хандығымды о дүниеге барғанда аларсыңдар. Балаға кескен жазаларың өздерiңе кесiлсiн, — деп хан орда кiсiлерiн шақыртты да: «Қасымды ат құйрығына байлап, таутасқа соғып өлтiру керек деп өздерi айтқандай, ендi өздерiне сондай жаза берiңдер!» — деп бұйырады.

V

Хан екi уәзiрдi өлтiрткелi жатыр екен деген хабар бүкiл шаһарға тарап, ертеңiне қылмыскерлер жазаланатын алаң халыққа лық толды. Бiр уәзiр ханның жарлығын халыққа айғайлап оқып бердi.

— Ой, дұрыс iстелген, өте дұрыс iстелген!

— Жойылсын жауыз уәзiрлер!

— Ризамыз!

— Тез жазалаңдар, қызығын көрейiк! — деген дауыстар алаңның әр жерiнен жаңғыра шығып жатты. Алаңда тыныштық орнады, тек бiрнеше

жендет келіп Қасымды үлкен қара аттың құйрығына байлады да, атқа бір жендет мініп алып, Қасымды сүйрей-мүйрей тауға қарай шаба жөнелді. Енді жендеттер Манапты барып жұлмалай бастады. Жендеттер оны дайын тұрған шұңқырға әкеп, белуарынан көме бастады. Көміп те бітті. Бір шеттен өңшең біркелкі ақ жиде-дамбал киген балалар жүгіре шығып, үйілген тастың жанына тұра-тұра қалысты.

— Алыңдар қолдарыңа тасты! — деп әмір етті жарлық оқыған уәзір. Балалар жерден тас алды.

— Ал, ұрыңдар!

Жан-жақтан ұшқан тастар тарс-тұрс етіп Манапқа соғылып жатыр. Манапта айғайлауға шама жоқ, Ыңырсиды. Бір уақытта үйілген тастар Манапты көрсетпей кетті. Хан айтқандай, Қасым мен Манап о дүниенің хандығына кетті де, артынша үлкен той болып, Қасен жомарттығының арқасында шешесі екеуі дәулетке жетті. Ақыры қартайып, ажалы жетіп, хан да өлді. Қасен өмірде болмаған той жасатып, хан орнына отырып, жер үстіндегі әділ ханның бірі болыпты.

Уәзір мен шал

Сейпін деген хан болыпты. Ханның Мүбәрак дейтін уәзірі болыпты. Ханның уәзірі бір күні ханға:

— Ханда 40 кісінің ақылы бар дейді, егер де сізде 40 кісінің ақылы бола тұрып, дау болса, жанжал болса, бізге неге жолдайсыз? Өз бетіңізбен неге бітіріп жібермейсіз? Бізбен неге ақылдасасыз? — депті. Сонда хан:

— Ханда 40 кісінің ақылы бар екендігі рас. Бірақ бір жерде Самар деген шал бар, сол шалда 40 ханның ақылы бар. Сол шалды мұнда қонаққа шақырып кел, — депті хан уәзірге. Мүбәрак Самар шалды қонаққа шақырып әкеліпті. Хан шалдың тамағын беріп сыйлап отырады. Уәзір: «Бұл жаман шалдың қандай қасиеті бар екен? Мынау — жеті руды билеген хан, анау — кедей шал», — деп ішінен ойлап отырыпты. Хан шалға: «Мен сізге таңертең бір құс жіберемін, сол құсымның екі жақ қанатын жұлып тазалап жібергейсіз», — депті. Уәзір айтылған сөздің мағынасына түсінбей қалыпты. Шал ханға: «Хан ием, мен беске бірді қосып алтау қылып, таңертеңнен кешке дейін алтын соққанда отыз екіге жеткізе алмай жүрмін-ау!» — депті. Үш күннен соң хан уәзіріне: «Шалға қонаққа барып кел», — депті. Уәзір келсе, жаман үйі бар, үсті-басы күйе-күйе шал барын береді, кеңесіп отырады. Самар шалға уәзір: «Сізге менің бір сұрауым бар», — дейді. Шал: «Сұраңыз», — дейді. Сонда уәзір: «Кеше сізге ханның «таңертең бір құс жіберем, сол құсымның екі жақ қанатын жұлып тазалап жібер» деген сөзіне түсінбей қалдым», — дейді. Шал: «Балам, мен сонымен күн көріп отырған кедей адаммын ғой, бір қалта алтын берсең, шешіп беремін!» — депті. Уәзір бір қалта алтын беріпті де: «Тағы бір

сұрауым бар», — депті. Шал: «Сұра, балам», — депті. «Беске бірді қосып алтау қылып, таңертеңнен кешке шейін алтын соққанда отыз екіге жеткізе алмай жүрмін-ау!» деген сөзіңізге түсінбей қалдым, — дейді уәзір. Шал: «Балам, мен сонымен күн көріп отырған кедей адаммын ғой, бір қалта алтын берсең, шешіп беремін!» — депті. Уәзір тағы бір қалта алтын беріпті. Сонда 40 ханның ақылы бар деген шал уәзірге қарап:

— Балам, осы қолымда саусағым нешеу? — деп сұрапты.

— Бесеу ғой!

— Соған бір балғаны қосшы, нешеу болады?

— Алты болады.

— Еңдеше, таңертеңнен кешке шейін жұмыс істегенде тапқан-таянғаным ішіп-жеуіме жетпейді деген сөзім еді. Ал хан «Таңертең бір құс жіберемін, сол құсымның екі жақ қанатын жұлып тазалап жібер» деген болатын. «Құс» дегені — сен, екі қалтаңды тазалап сыпырдым ба? Енді жүре бер, — депті шал ханның уәзіріне. Сонда барып уәзір шалда 40 ханның ақылы бар екендігіне сенген екен.

Тұрсынханның үш ұлы

Баяғы заманда Тұрсынхан деген кісінің үш баласы бар екен. Үшеуі де өнерпаздығымен әрі шешендігімен «Тұрсынханның үш шешені» атаныпты. Тұрсынханның есігінің алдында өсіп тұрған бәйтерегі бар екен. Сол бәйтеректің ішін ойып, ат басындай алтын тығып қояды. Оны өзінен басқа ешкім білмейді. Тұрсынхан өлер алдында балаларын шақырып алып:

— Балаларым, енді мен өлемін. Есіктің алдындағы бәйтерекке ат басындай алтын тықтым. Сол алтынды қашан қолдарыңнан мал кеткенде, әбден ішерге тамақ, киерге киім, мінерге ат таба алмағандарыңда, бір қолдарың екеу болып көрінгенде алып, күндеріңді көріндер! — деп, жүз бір жасында қайтыс болыпты.

Үш баласы бәйтеректегі алтынды күнде қарап, бағып жүреді. Бір күні бәйтеректі келіп қараса, алтын жоқ, біреу ұрлап кетіпті. Үшеуі кім алғанын білмейді. Әрі ойлап, бері ойлап, ханға үшеуі жүгініске барады.

Ол хан сондай тапқыр, ақылды екен. Егер өзі білмесе, жұрттан асқан сұлу қызы сөз тауып, талай адамды даудан құтқарып отырған екен. Ағайынды жігіттер ханға барып отырады. Сол уақытта үлкені екі інісіне сыбырлап:

— Бұл хан осы жердің бұрынғы ханын өлтіріп, орнына өзі хан болған екен. Жеті атасынан хан емес екен, — дейді.

— Апыр-ай, оны қайдан білдің? — деп сұрайды кіші інісі.

— Білдім, жаңа біз сәлем бергенде, басын төмен салып, төмен қарап тұрып алды. Атақты хан болса, жоғары қарап алар еді. Онысы өзіне жаман көрінеді. Сондықтан сәлемді төмен қарап алды, — дейді.

Хан үшеуіне ас келтіреді. Оны жеп болған соң, біраз отырған ағасы:

— Осы ханның бізге берген палауында бір иіс бар, сірә, өлген адамның топырағына еккен зат па, жоқ болмаса, өлген адамның еті ме? — дейді.

Тағы да кіші інісі:

— Ханның бізге берген еті иттің еті екен, бағана ет жегенде, иттің иісі шығып тұрды, — дейді.

Бұл үшеуінің сөзін ханның құлы естиді де: «Ойбай, қонақтарыңыз осылай деп отыр», — деп, ханға жеткізеді. Хан ол сөздерді ести сала шешесін, күріш егушіні, қойшыны — үшеуін шақырады.

— Мыналар мені жеті атасынан хан емес дейді, сол рас па? — деп шешесінен сұрайды. Шешесі ойланып отырып:

— Ол рас еді. Сенің әкең Ораз деген кісі еді. Ол жақсы, батыр адам еді. Бір жылдары осы елдің ханына өштесіп жүрді де, жолаушы бара жатқанында жолда өлтіріп, орнына өзі хан болып, артынан оның орнына сен болғансың, — дейді.

Күріш егуші:

— Анау тұрған көп бейітті айландыра жыртып, сонда күріш егіп едік, моладағы адам сүйегінің шашылып жатқандары бар еді. Олардың айтқаны рас болар, — дейді. Сонда қойшы:

— Ана жылы қойлар арамза қоздап, енесі сүт бермеді, қозы өлетін болды, сонда қозыны итке емізіп едік, — дейді. Сол жерде хан не айтарын білмей сасып, қызына барады. Барысымен болған уақиғалардың бәрін айтады.

— Әке, саспа, ол адамдарды маған жібер! — дейді қызы. Содан кейін үшеуін хан қызының сарайына алып барады. Қыз қонақтарды күтіп болған соң:

— Әңгіме айтыңыздар! — дейді.

— Сіз айтыңыз! — дейді үшеуі.

— Мен айтсам, айтайын, — деп қыз әңгімеге кіріседі.

— Баяғыда бір хан қызы бар еді, өзі асқан данышпан адам еді. Әлгі қыз бір күні сейілге шығады, қасында нөкерлері бар. Сейілде жүріп, бір жерлерде жеміс иесіне келеді. Танысып, ағаш аралап жүріп, қыз таңдаған жемісін алғызып жеп жүреді. Бір жерге келіп, қыз жемісшіге:

— Ана бір жемісіңізді беріңіз, — дейді.

— Менің сұрағанымды берсең, әперейін, — дейді жемісші.

— Жарайды, айт сұрағаныңды! — дейді қыз.

— Әкең сені бір байдың ұлына берген еді, сол енді келеді, ол кететін күннен бір күн бұрын маған келіп жолығып кетсең болады, — дейді жемісші.

— Жарайды, — деп, қыз жемісті алып кетеді.

Сол күні кешке жақын күйеу қалыңдық ойнауға келеді. Жеңгелері қызды күйеуге апарды. Қыз күйеуінің жанына барып отыра беріп:

— Ойбай! — деп, жамбасын бір салады. Оған күйеу:

— Оның қалай, неменеге өкіндің, жамбасыңды соққаның не? — деп сұрайды. Қыз:

— Бір жерге бір адам пәлен күні кел деп еді, мен соған бара алмай ұмытып кетіппін, сол жаңа есіме түсіп отырғаны. Сізден рұқсат болса, барамын да келемін, — депті қыз.

— Е, ондай болса, «уәдеге опа» деген боларсың, барып кел! — деп, күйеу қалыңдығын жіберген екен. Қыз кетіп бара жатқанда, жолда үш ұры ұстап алады. Қыз барлық сырын айтқан соң, ұрылар да еш нәрсесіне тимей, қызды қоя береді. Қыз сол бетімен жемісшіге барады. Жемісші қыздың келгеніне разы болып:

— Жарайды, келгеніңізге рақмет, сізге еш қиянат қылмаймын. Үйіңізге барыңыз. Сізді кел дегендегі себебім — күйеуіңізді сынайын деп едім, — деп, қызды қоя береді.

Міне, әңгіме айт десеңіздер, осылардың қайсысы жомарт, табыңыздар, — дейді қыз. Үшеуі ойланып отырады да, үлкені:

— Бұның күйеуі жомарт. Өзі қалыңдығына кеп отырып, «менің біреуде жұмысым бар еді» дегеніне жіберіп отырған күйеуінен жомарт ешкім жоқ, — дейді.

Ортаншысы айтады:

— Жоқ, олай емес, жеміс егуші жомарт. Оның жемісі өзінің алдындағы малы, қыздың «әпер» дегенін әперіп, өзі «кел» дейді. Барған соң ешбір қастық істемей, қайта жіберген жеміс егуші жомарт, — дейді.

Ең кішісі айтады:

— Олай емес, ұрылар жомарт. Олар ұрлықпен күн көріп жүріп, қыз жалынды деп, қоя беріп жүрген ұрылар жомарт, — дейді.

Сонда қыз орнынан тұрып келіп, ең кішісінің білегінен ұстап:

— Ұры ұрының сөзін қуаттайды, алтынды ұрлаған сен екенсің, тап! — депті. Кішісі алтынды алғанын мойнына алып, қыз алтынды тапқызып, үшеуіне бірдей қақ бөліп берген екен дейді.

Әуеде қаз қаңқ етті

Бұрынғы өткен заманда Қаһар деген бір хан өзінің бас уәзірімен бірге келе жатқанда төбелерінен бір қаз «қаңқ, қаңқ» деп ұшып кетіпті. Мұны естіген хан жанындағы келе жатқан уәзіріне:

— Мына қаз не деп келеді? Осыны тап, таппасаң, басыңды аламын! — дейді.

Уәзірі қайдан тапсын. «Ойбай, тақсыр, маған үш айдың уақытын беріңіз. Егер таппасам, басымды алуға қарсы болмаймын» деген соң, Қаһар хан үш айдың ұлықсатын береді.

Уәзірі ары ойлап, бері ойлап, еш нәрсе таба алмай, басы айналып сандалған соң, болған оқиғаны қызына айтады.

— Қарғам, ана ханның қызымен доссың ғой, өзің білмесең, сол білуі мүмкін. Не дегенін шештіріп бер, — деп қызын жұмсайды.

Қыз ханның қызына барып сұрағанда:

— Иә, сол қаз «қаңқ, қаңқ» деп ұшып кеткенде, мен сарайдың алдында отыр едім. Әрине, енді айтпасқа болмас. Сенің әкеңді өлтірткенде мен марқадам таппаспын. Қаз «Ерді ер қылатын да қатын, ерді жер қылатын да қатын» деген еді, — дейді.

Қызынан бұл жауапты естіген уәзір ханға келіп:

— «Ерді ер қылатын да қатын, ерді жер қылатын да қатын» депті, — дейді. Хан ашуланып: «Бұны саған кім айтты? Соны айтпасаң, басың алынады!» — деп тарпа бас салады. Сасқалақтаған уәзір:

— Сіздің өз қызыңыз айтып еді, — дейді.

Хан шабармандарын шақырып алып: «Осы елден болсын, басқа елден болсын, «дүниеде жазылмас» деген бір жыңды жігітті тауып әкеліңдер», — деп бұйрық береді. Шабармандары ай іздеп, жыл іздеп жүріп, ел жоқ жұртта күл жеп отырған бір жыңды жігітті алып келеді. Хан қызын шақырып алып:

— «Ерді ер қылатын да қатын, ерді жер қылатын да қатын» депсің ғой, ал мына күлжегіш жыңдыны ер қылып ал! — деп, жыңдымен қосып, жалғыз қызын иен далаға апарып тастайды.

Хан осылай тұра тұрсын. Біз қыз бен жыңдының әңгімесіне көшейік.

Қыз жігітті ертіп алып, елсіз бір үлкен тауға барып, жеміс теріп жеп жүре береді. Өстіп жүріп бір үңгірге келсе, үңгірдің ар жағы үлкен көл екен де, үңгірдің аузы бір кісі әрең өткендей тар екен.

Жігітті соған енгізіп, жеміс теріп беріп, әртүрлі шөптермен емдеп жүріп, бір күні үңгірдің ар жағындағы көлдің жағасына барып отырса, көлдің ішінде бір ала нәрсе жарқырап жатады. Суға түсіп алып шықса, онысы асыл тас екен. Бұл көлде не бар екенін білген қыз күн сайынғы жаққан оттың күлін көлдің шетіне әкеп төге береді. Көлде өмір сүретін балықтар түн болғанда көлдің жағасына шығу үшін, оның түбіндегі асыл тастарды тістеп шығып, соның жарығымен көлдің шетіне кеп жатады екен. Ол балықтар тасты көлдің шетіндегі күлдің үстіне қойғанда, әлгі гауһар тастар күлге шөгіп кетеді. Міне, осы күлге шөккен асыл тас, гауһарды келіншек үнемі жиып ала береді. Сөйтіп бұлар асыл тастан жиналған қазынаға қарқ болады. Жігіт те ауруынан жазыла бастайды. Қыз жігітті сол тауға жақын базарға жұмсап, сауда істете бастайды. Сөйтіп жүргенде бір күні қыз:

— Дүниедегі ең жаман, түрі келіспеген бір ат сатып әкел, — деп жұмсайды.

Жігіт іздеп жүрсе, арқа-басы алты жерден тесіліп, жара болып, құйымшағы шыққан бір арық атты көзі шалады. Иесіне келіп жабысып: «Жүз ділдә алтын берейін, осы атыңды бер», — дейді. Иесі жігіттің бұл сөзіне не нанарын, не нанбасын білмей, ақыры беріп қоя береді. Атты көргеннен кейін қыз:

— Ей, жануар-ай, тезегіңді жерден көріп таңғалып едім. Бағың жанбай жүрген жануар екенсің ғой, — деп қуана қарсы алады. Бұлар қаланың ішіне түсіп, гауһар тастарын алтынға айырбастап, сауда жасайтын дүкендер аштырып, күн өткен сайын байи бастайды. Өз әкесінің шаһарының күншығыс жағынан алтыннан сарай салдыртады. Әкесі бұған таңғалып: «Бұл неткен бай адам?» — деп жүреді. Сол кезде наурыз күні әкесінің шаһарын айнала бір алтын басты киік қашады екен. Қашқанда көзге тек сағымша көрініп қана өтсе керек. Қыздың әкесі халқына үкімін жариялайды.

— Кімде-кім осы алтын басты киікті ұстап берсе, соны орныма хан сайлап, тағымды беремін, — дейді. Бұны естіген қыз күйеуіне:

— Жә, тұлпарыңды жарат, арқа басы әбден жазылып бітті. Наурыз күні осы шаһарды айнала алтын басты киік қашады дейді, соны қуасың. Қуғанда алғашқы бір жұмада осы қаланың халқы бәрі қуады. Ол кезде сен де шаба бер. Атың бауырын жазып әбден қызсын. Сосын, бір жұма өткеннен кейін атыңды өз еркімен қоя бер. Бұл атың қуып жетеді. Киікті іліп алған соң ханның ордасының алдына қарай атыңның басын бұр. Мен жеті қабат жібек арқан құрып даяр тұрамын. Осы жеті қабат арқанның алтауы үзіліп, жетіншісіне атың тоқтайды, — деп кеңес береді.

Хан айтқандай, наурыз күні алтын басты киік қашады. Оны жаңағы қыздың айтуы бойынша оның күйеуі ұстап әкеп, ханға береді. Айтқанындай, жеті қабат жібек арқанның алтауы үзіліп, жетіншісіне тоқтайды. Хан қайран қалып, айтқанынан қайтпай, жігітке тағын береді.

Таққа отырмас бұрын жігіт ханды жаңадан салынып біткен алтын сарайына шақырып қонақ етеді.

Қонақасы үстінде хан.

— Ойпырмай, менің қызым тоқтының сүтінен істелген малтадан тамақ істеп беруші еді. Мына тағамдарыңды жегенде, есіме қызым түсті-ау! Қайран Торғайым-ай! Қорғаным-ай! — деп, еңіреп жылап жіберіпті.

Қыз үйінде жүргенде осылайша тамақ істеп береді екен. «Әкем ұмытты ма, жоқ па?» дегені екен, сынағысы келсе керек. Сол кезде қызы:

— Сол Торғайың менмін, әке! — деп мойнына асыла кетіпті. Хан қызын көріп, мауқын басып, күйеу баласын да құшақтап, бауырына басып:

— Мен қосып жіберетін жыңдыны мынандай адам етіпсің. Мені жеңдің, жеңгенде бір емес, екі жеңдің. Ал, тағымды бердім мына екеуіңе, — депті. Жігіттің жайын сұраса, ол тегінде бір елдің ханының баласы екен. Он екі жасында әкесін дұшпандары шауып, ақ ордасын өртеп, асыл қазынасын күл қылып кеткен екен. Соған күйінген бала дүниесінің күлін жеп, құтырып кеткені сол екен. Сөйтіп қыз бен жігіт хан тағына отырып, мұратына жетіпті.

Ғылманның өнері

Бұрынғы өткен заманда Бағдат шаһарында Ғылман деген бір ақылды адам болған екен. Өртүрлі дәрігерлік өнерімен Бағдатта атағы шығарды. Мұны естіген Бағдат патшасы Ғылманды өзіне шақырып алдырыпты. Патша күн сайын онымен кеңесіп отырады екен. Ғылманның өнеріне таңғалып жүреді екен. Бір күні патша үлкен уәзірін шақырып алып:

— Бұл Ғылман өте ақылды әрі өнері де көп кісі екен. Осыны уәзір етсек қайтеді? — дейді.

Уәзір патшадан бұл сөзді естіп, «Ғылман уәзір болса, бізді орнымыздан түсірер» деген ойға келеді де:

— Ей, патшам! Бұл Ғылманнан мен қорқамын, өйткені басқа адамдар істей алмаған нәрселерді бұл істей алады. Сондықтан бір күні сізді де, бізді де өлтіріп, өзі патша болып алар деп қорқамын, — дейді.

Патша кенет ойға қалады да, қапа болып:

— Мұндай ақылды адам патшаларға зиян болады екен ғой! Енді бұл Ғылманды не қыламыз, тез көзін жойып өлтіреміз бе? — дейді.

Уәзір қуанып:

— Ей, патшам! Әуелі одан үш түрлі ғылым сұрап алып, сол ғылымды біліп алайық, сонан соң өлтірейік, — дейді.

— Олай болса, Ғылман турасында не қылсаң да өзің біл де, істей бер, сенің қолыңа бердім, — дейді патша.

Сол күннен бастап Ғылманды патшаның алдына келгізбейтін болады. Ғылман уәзірден:

— Патша неге мені кіргізбейтін болды? — деп сұрайды. Уәзір оған:

— Патшаның уақыты болмай жүр, — дейді.

Ғылман ақылға салып ойлайды да, патшаның жаратпағандығын біледі.

Уәзір:

— Ей, Ғылман! Патшамыздың сізден сұрайтын бір сауалдары бар, сол сауалдарға жауап беріңіз, — дейді.

— Мен әрқашан да қызметтеріңізге даярмын, — деп жауап береді Ғылман.

Уәзір:

— Бірінші сауалы: қол астындағы дұшпанды ұстауға, өлтіруге қандай ғылымды оқу керек? Екінші сауалы: патша қоластындағы халқын қайтсе байыта алады? Осы екі түрлі істің ғылымын бізге жазып беріңіз! — дейді.

Ғылман:

— Мұндай ғылымдарды жазып беруге екі жыл уақыт беріңіздер, — дейді.

— Екі жыл тұрсын, екі ай бермейміз, екі жұмада жазып бітіресіз, — дейді уәзір.

Ғылман екі жұмадан кейін өзін өлтіретінін біледі де:

— Мені бұл істер туралы бар ақылымды сарып қылып, неше жыл жазған кітабым бар, енді мен соны бір жұма қарап, қатесін түзетіп берейін, — дейді.

Уәзір қуанып, шығып кетіпті. Бір жұмадан соң Ғылман уәзірге келіп:

— Кітапты түзетіп болдым, бірақ патшаға өзім тапсырсам екен, — дейді.

Уәзір Ғылманды патшаның алдына алып барады, Ғылман кітапты патшаға ұсынады.

Патша уәзірге:

— Ғылманды сыйлаңыз, қазір бір кесе шарап құйып беріңіз! — дейді.

Уәзір у салынған шараптан бір кесе құйып береді. Ғылман шарапта у бар екенін сезеді де, уәзір мен ханға сездірмей, қалтасынан бір кішкене түйіршек тұз секілді нәрсені кесеге салып жіберіп, біраздан кейін шарапты ішіп салады. Біраздан соң ол у ішкен адам секілденіп қиналып тұрады да, кесенің түбіне ұйыған уға саусағын салып, уәзірге:

— Әй, уәзір шырағым! Кітапты бердім, көп пайдалы кітап, әсіресе сендерге керегі мына беттері, не істейтінін мынау арада жаздым, — деп, саусағындағы уды кітаптың беттеріне жағып жібереді де, патшадан рұқсат сұрап, шығып кетеді. Уәзір мен патша Ғылман шыққан соң кітапты алып, жазуды қараса: «Кімде-кім осы кітаптың қағазын он ретке дейін жаласа, ол кісінің қуаты тіпті кемімейді», — деп жазылыпты. Патша мен уәзір бұған қуанып, кітаптың жазуындағы айтқан бетке шейін қағазды жалайды, сөйтіп өз уын өздері ішіп өледі.

Сол кітапта «Патша қол астындағы халық тыныш болсын десе, әркімді аққөңіл, әдепті қылып үйретсін! Патша қоластындағы халқым бай болсын десе, әркімді еңбекке тәрбиелейтін болсын! Патша қоластындағы зұлымдықты тиямын десе, әуелі өзі зұлымдықтан тиылсын!» деген екен.

Ақылды етікші

Бұрынғы өткен заманда бір патша болған екен. Оның әрбір жарлығын халқы еш тоқтаусыз, уақытымен орындап тұрады екен. Бір күні патша: «Менің әрқашан халықтың мүддесіне арналған әмірім орнына нақпа-нақ келіп тұрады және халқым да мені жақсы көреді. Мен үнемі олардың пайдасын ойлаймын. Енді мен осы халқыма зиянды бір әмір таратайын. Халқым тыңдап, орнына келтірер ме екен? Жоқ, келтірмес пе екен?» — деп ойлап, уәзірлеріне:

— Халыққа тегіс хабарлаңдар. Ешкім басына пайда қылмасын! — деп әмір қылады.

Бұдан соң уәзірлер бұл әмірді халыққа естіртіп болып, патшаға:

— Халқыңыз әміріңізді нақпа-нақ айтқаныңыздай орындайтын болды, — дейді.

Патша уәзірлеріне еш жауап айтпайды. Түн болған соң үстіне ескі киімін киіп, әмірінің қалай орындалғанын көру үшін көшеде жүрсе, шеттегі бір үйде шам жанып тұр екен. Патша қайыр сұраған кісі болып, шам жанып тұрған үйге келсе, үйдің ішінде бір етікші етік тігіп отыр екен. Етікші

қайыршыны көріп тұра келіп, бір кішкене нан береді. Сонда қайыршы:

— Сен патшаның әмірін тұтпаған не қылған адамсың? «Ешкім басына пайда қылмасын және шам да жақпасын» дегені қайда? — дейді.

Сонда етікші:

— Сенің онда не жұмысың бар? Сондай әмір қылып отырған патша да ақымақ, себебі мен жарлы адаммын. Күнде төрт ділдә пайда қыламын да, төрт ділдә зиян қыламын. Міне, мен сонымен күн көріп отырмын. Патша ақылды болса, осыны білер еді, — дейді.

Патша бұған жауап қайтармастан үйіне келеді де, ақылды төрт уәзірін шақырып алып:

— Сіздерді басқалардан ақылы көп деп, өзіме уәзір қылып едім. Енді мен сіздерден сұрайтын сауалым бар: күніне төрт ділдә пайда да, төрт ділдә зиян да қыламын. Сол пайдам мен зияным не? Үш күн ішінде соны табыңыздар. Таба алмасаңыздар, бастарыңызды аламын! Өздеріңіз таппасаңыздар да, табатын кісі таппасаңыздар, жазадан құтыласыздар! — депті.

Уәзірлер үш күннің ішінде өздері де шеше алмай, табатын кісіні де таба алмаған соң, енді патшаға көрінбей, қашпақшы болып жүргенде, баяғы етікші уәзірлерге келіп:

— Мен патшаның сұраған сауалының жауабын тапсам, сіздер маған не берер едіңіздер? — дейді.

Уәзірлер төрт мың ділдә бермекші болады. Етікші уәзірлерден төрт мың ділдәні санап алып, олармен патшаға барады да:

— Тақсыр, мен етік тігіп, әр күні төрт ділдә пайда қылам, төрт ділдә зиян да қылам. Ол былай: бір ділдәні қарызға беремін, бір ділдәні ескі қарызыма беремін, бір ділдәні құдыққа тастаймын, бір ділдәні әйелім екеуімізге жұмсаймыз, — депті.

Сонда патша:

— Әйелің екеуіңе жұмсалған ақшаны бәріміз де түсінеміз, қалған үш ділдәнің жұмсалған орнын анықтап түсіндір, — депті.

Бұл сөзге етікші былай жауап қайтарыпты.

— «Бір ділдәні қарызға беремін» дегенім — қартайғанда өзімді асырар деп балама беремін. «Бір ділдәні ескі қарызыма беремін» дегенім — өзімді жасымда асыраған кәрі әкем мен шешеме беремін. «Енді бір ділдәні құдыққа тастаймын» дегенім — күйеуіне тұрмай қайтып келіп отырған қызым бар, соған беремін дегенім, — депті.

Сонда патша: «Бұл етікші ақылды адам екен», — деп, өзіне уәзір қылған екен.



Алып.
Суретші К. Баранов.

САТИРАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕР

Сатиралық ертегілер тапқыр ойға, жеңіл әзілге, ащы ажуаға құрылады. Ол қоғамдағы әділетсіз, тартысты мәселелерді күлкі арқылы әшкерелеуді көздейді. Ертегі кейіпкерлері аяқ астынан көріпкел, батыр, ақылды болып шығады. Мұның өзі кездейсоқ пайда болған қасиет болғандықтан, күлкі тудырады. Сатиралық ертегілерге Қаңбақшал, Алдаркөсе, қу, тазша секілді кейіпкерлер кездеседі. Олардың халық арасынан шыққан алғыр, ақылды, айлалы, тапқыр екені гәріптеледі.

Сатиралық ертегілердің халық арасына аса кеңінен таралған түрі — анекдот. Оның басты ерекшелігі — айырықша елене бермейтін, қалт еткен бір құбылысты, қысқа оқиғаны күлкімен өрнектеп, маңызды қорытынды жасайды. Қазақ анекдоттарының көпшілігі бүкіл шығыс елдеріне мәшһүр Қожанасыр есімімен қатысты айтылады. Анекдот — өміршең жанр. Ол халық өмірінің әр кезеңінде туып, дамып отырады. Халық өзі жақтырмаған оқиғаға немесе ситуацияға байланысты анекдот шығара береді. Күлкі-ажуа арқылы халықтың ойын, пікірін жария етеді.

Академик С. Қасқабасовтың пайымынша: «Сатиралық ертегіде ақымақтар мен қу, тазша, Алдаркөсе, Қожанасыр бейнелерінің болуы — жалпы ертегі жанрының жаңа, көркем сапаға көшкенінің белгісі, өйткені, бұл кейіпкерлер қоғамның дамуына сәйкес өзгерген халық дүниетанымымен байланысты пайда болған. ...Алайда, бұл ертегілердің кейіпкері қаншалықты ақымақ болғанымен, ол — жаны таза, қайырымды, ешкімді жәбірлемейді. Осы қасиеттері оны ертегідегі басқа кейіпкерлерден әлдеқайда артық етіп көрсетеді». Ертегі аңқау мен қулардың, бай мен кедейдің, момын мен зұлымдардың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті әшкере етіп, қарапайым адамдардың, кем-кетіктің моральдық басымдылығын айырықша суреттейді.

«Сатиралық» ертегілер М. Әуезов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылды.

Томды баспаға дайындау барысында ертегілердің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған қолжазба нұсқаларына текстологиялық жұмыстар жүргізіліп, әр жылдарда жарияланған үлгілері салыстырылып, ғылыми тұрғыда сараланып, таңдаулы үлгілері ұсынылды.

Ұры

Баяғыда бір кедей өмір сүріпті. Оның үш баласы болыпты. Бір күні кедей балаларын шақырып алып:

— Осы уақытқа дейін мен сендерді асырадым, енді қартайдым, әлім бітті. Сендер болсаңдар, әлі жассыңдар, қалай күн көрер екенсіңдер? — дейді.

— Байдың малын бағамыз, — дейді үлкен ұлы мен ортаншы ұлы.

— Сен ше? — дейді кедей кіші ұлына.

Сонда кіші ұлы тұрып:

— Мен байдың малын ұрлап, күн көрем, — деген екен.

Оның бұл сөзіне әкесі ашуланып:

— Ұры болсаң, менен кет! — деп, үйден қуып жібереді.

Бала үйінен кеткен соң жолмен жүріп келе жатса, бір ауыл көшіп келеді екен. Ол көштің артынан қалмай жүріп отырады. Кеш бата көш бір тоғайдың жанына қонады. Баланы ешкім елемейді.

Бір кезде байдың үйі ет асады. Әйелдер үйге кіріп кеткенде қарны ашқан бала қазандағы етті қотарып алып, жегенін жеп, жемегенін тастап кетіп қалады.

Ол тоғайда түнеп, таңертең тұрса, жұрт ұйықтап жатыр екен. Бала оншақты қойды айдап, жүре береді. Бір кезде артынан шаң көрінеді. Бұл келе жатқан қуғыншы шығар деп, ол қойды тоғайға айдап жібереді де, өзі маңайдағы ескі тамның дуалына сүйеніп, тұра қалады.

Қуып келе жатқан байдың өзі екен.

— Бала, осылай қарай қой айдап өткен ешкімді көрмедің бе? — дейді ол.

Сонда бала тұрып:

— Көрдім, бірақ сіз оны таба алмайсыз. Мен тауып әкелер едім, мына дуал құлап кете ме деп қорқып тұрмын, — дейді.

— Дуалда тұрған не бар еді? — дейді бай ашуланып.

— Бұл дуал құлап кетсе, жер дүниені топан су қаптап, ақырзаман болады, — дейді бала.

— Онда тұра тұр, мен үйден тіреу алып келейін, — деп, бай қайта шапқанда, бала қойын айдап, құтылып кетеді.

Бала айласымен күн көре береді, келе-келе бір ұрының бар екенін ел-жұрт түгел біледі. Ол туралы хан естіп, «егер ұры шынымен ұры болса, менің шақырғаныма келер» деп ойлап:

— Кімде-кім ұры болса, маған келсін! — деп жар салады.

Бала ойлап-ойлап, ақырында ханға барады. Есіктен кірген балаға хан ақырып:

— Сен ұры ма едің? — дейді.

— Иә, ұрымын, — дейді бала.

Хан балаға:

— Ендеше бүгін түннен қалдырмай менің арғымағымды ұрла, ұрлай алмасаң, басыңды алам! — дейді.

— Құп, тақсыр, — деп бала шығып кетеді.

Қас қарая бұйрықты орындауға бала келсе, ханның арғымағын қырық күзетші күзетіп отыр екен. Ұры түн ортасына дейін жасырынып жүреді, бірақ қырық күзетші көз ілмейді. Ақымақ күзетшілер бір кезде арғымақты суатқа апарып суарады да, онан кейін қалған жылқыларды айдап кетеді. Күзетсіз қалған арғымақты бала мініп алып, жүре береді.

Ертеңіне бала арғымақты әкеп, ханға тапсырғанда, хан екінші тапсырма береді. «Бір сандық алтыным бар, соны ұрла», — дейді.

Кешке жақын бала бұйрықты орындауға келсе, хан сандығын қолына ұстап алып, алаңда арлы-берлі жүр екен.

Ұрының ойына бір айла келе қалады. Мойнын қызыл бояумен бояйды да, ханның алдын айналып барып, алдына шалқасынан жата қалады. Жанынан өтіп бара жатқан хан оны көреді де:

— Қап, бишара-ай, біреу өлтіріп кеткен екен ғой, — деп үйіне қайтады.

Ұры ханның алдын екінші орап келіп, тағы да шалқасынан жата қалады.

Хан ұрыны екінші рет көргенде таңданып:

— Апыр-ай, осы ма екен, жаңағы ма екен? — деп, сандығын қоя салып, манағы жерге кетеді.

Ұры сандықты ала жөнеледі. Ертеңіне хан ұрыға үшінші тапсырма береді:

— Енді менің өзімді ұрла, — дейді.

Ұры келсе, алдын-ала сақтанған хан ордаға тығылмаймын деп, үлкен сандықтың ішіне кіріп, күзетшілеріне күзеттіріп қойыпты.

Күзетшілер бірінен соң бірі келіп күзетіп тұрады екен. Ұрыға білдірмеу үшін еңбектеп барып, еңбектеп қайтады екен. Мұның бәрін байқап алып, ұры бір уақытта көп күзетшінің бірі болып, еңбектеп, сандықтың қасына келеді.

Келісімен хан оны күзетшілерінің бірі екен деп:

— Әлгі ұры келетін болды ма? — дейді.

— Тақсыр, келіп тұрмын, бірақ ханды сандыққа салып көтерген ұят шығар, арқама мініңіз, — дейді.

Бұл жолы да жығылып қалған хан баланың мұндай өнеріне риза болып, оны өзіне уәзір етіп алған екен.

Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек

Ертеде тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек болыпты. Тоғыз Тоңқылдақ бір күнде тоғыз арба істесе, бір Шіңкілдек бір күнде тоғыз арба істейді екен.

— Япырмай, біз тоғызымыз бір күнде тоғыз арба істейміз, жалғыз Шіңкілдек те тоғыз арба істейді, осы Шіңкілдектің арбасын қиратайық, — деп, арбасын балталап сындырып тастайды. Шіңкілдек арбасын жағып, қапқа салып алып бір ауылға келеді. Әлгі ауылдағылар оған: «Қаптағынды көрсет», — дейді.

— Жоқ, көрсетпеймін, көрсеңдер, көмір болып кетеді. Жарайды, көрсетейін, бірақ көмір болып кетсе, алтын менен күміс бересіңдер, — дейді.

— Жарайды, береміз, — деп, қапты ашқызып көреді. Көрсө, қаптың ішінде расында да көмір жатыр. Сонан соң бір қап алтын менен күміс алады. Оны үйіне алып келеді. Тоғыз Тоңқылдақ:

— Бұны қайдан әкелдің? — дейді.

— Жалғанда көмір деген пұл екен, мына жақтағы ел бір қап көмірге бір қап алтын береді екен, — дейді. Сонан соң тоғыз Тоңқылдақ арбаларын қиратып, оны отқа жағып, қапқа салып әкеледі.

— Алтын менен күміс беріп, көмір алатындарың бар ма? — дейді.

— Өзің не оттап жүрсің? — деп, ұрып қоя береді.

— Қап, бәлем, Шіңкілдектің бұзауын өлтірейік, — деп үйіне келіп, Шіңкілдектің бұзауын балталап өлтіреді. Шіңкілдек бұзауын сойып жатса, алты ақ бас атан келеді. Шіңкілдек алты ақ бас атанның басына қанды жағып жібереді. Сонан соң бір кісі келеді.

— Әй, адам, алты ақ бас атанды көрдің бе? — деп сұрайды жоқ іздеген кісі.

— Жоқ, көргем жоқ. Менің бір алты қызыл бас атаным көрінсе, бері айдап жібере сал, — дейді. Әлгі кісі алты қызыл бас атанды Шіңкілдекке айдап әкеп береді. Шіңкілдек түйені үйге айдап келеді.

Тағы да тоғыз Тоңқылдақ:

— Түйені кім берді? — деп сұрайды.

— Жалғанда өлген бұзау пұл екен. Мына жақтағы ел өлген бұзауға түйе береді екен, — деп жауап береді. Тоғыз Тоңқылдақ бұзауларын балталап, арбаға салып, бір ауылға алып келеді.

— Әй, өлген бұзауға түйе беретіндерің бар ма? — дейді.

— Не сандалып жүрсің? Өлген бұзауға кісі түйе бере ме екен? — дейді. Тоғыз Тоңқылдақ үйіне қайтып келеді.

— Әй, Шіңкілдектің шешесін өлтірейік, — депті.

Шіңкілдек өлген шешесін киіндіріп, түйеге мініп, шешесін алдына алып бір ауылға жақындап келе жатыр еді, әлгі ауылдың қыздары «келіншек келеді» деп жүгіріп алдынан шығады.

— Ой, қыздар, әрі жүріңдер, түйем жығып кетеді, — депті Шіңкілдек. Қыздар тыңдамай келе жатқанда, түйенің шабына бізін шаншып алады. Түйе тулап, әлгі «келіншек» жығылып қалады.

— Айтса, болмайсыңдар, — деп, Шіңкілдек ауылының ақсақалдарына келіп шағым айтады. «Ауылдың қыздары келіп түйемді үркітіп, келіншегім өліп қалды. Маған қатын беріңдер», — дейді. Сонан соң ақсақалдар орнына бір қыз беріпті. Ол қызды үйіне алып келеді.

Мұны көрген тоғыз Тоңқылдақ:

— Сен қатынды қайдан әкелдің? — деп сұрайды.

— Жалғанда өлген кемпір пұл екен, — деп жауап береді. Тоғыз Тоңқылдақ барып, шешелерін өлтіріп, арбаға салып алып:

— Әй, өлген кемпірге қыз беретіндерің бар ма? — депті.

— Не сандалып жүрсің? Өлген кемпірге кісі қыз бере ме екен?! — деп, әбден сабапты. Сонан соң тоғыз Тоңқылдақ үйіне келіп, Шіңкілдекті бір бәйтерекке таңып тастайды. Енді өртейміз деп отқа кетіпті. Сонан соң Шіңкілдек жан-жағына қараса, бір кісі қой айдап келе жатыр екен, әлгі кісіні шақырады. Ол кісі келеді.

— Әй, жылдам шешіп жібер, екеуіміз жолдас болайық, — дейді. Шіңкілдекті шешіп жібереді. Екеуі судың жағасына келіп отыр еді, тоғыз Тоңқылдақ іздеп келе жатыр екен. Шіңкілдек қашып кетеді. Тоғыз Тоңқылдақ келіп:

— Бір кісі көрдің бе? — дейді.

— Көрдім. Ол осы судың ішіне түсіп кетті. Бағана біреу суға секіріп, төбесі ғана көрініп бара жатқан, — дейді.

— Ойбай, анау өстіп ұстай алмай жүр, — деп, суға біреуі түсті.

— Ортасына бармай жүр, — деп, суға бәрі де түсіп өлді. Сөйтіп Шіңкілдек бәрінен қулығын асырған екен.

Момынбай мен жеті қарақшының хикаясы

Ертеде бір Момынбай деген кісі бар екен. Бұл Момынбай асқан жуас, өтірік сөйлемейтін, ғаріп-міскіндер мен жетім-жесірге рақымды, жақсы адам екен. Алла Тағала сол себепті Момынбайға аямай үлкен дәулет беріпті, мұның төрт түлік малының, алтын-күміс қазынасының қисабы жоқ, бай кісі болыпты. Ол заманда бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін алып, ұрлық-қарлық пен зұлымдықпен «Жеті қарақшы» атанған бір жеті қу бар екен.

Күндерде бір күн бұл қарақшылар өзді-өзі сөйлеседі. «Момынбай құр малын баққаннан басқа ешбір кәсіп қылмайды. Сөйтсе де оның дәулеті күннен күнге арта береді. Біз қанша азаптанып тырыссақ та, Құдайым біздің дәулетімізді арттырмайды. Қой, не қылсақ та амалдап, осы Момынбайды құртып, дәулетін олжа қылайық», — деседі.

Осылайша уағда қылысып, жөні келсе алдап, жөні келмесе ұрлап, екі-үш жылдың ішінде-ақ қарақшылар Момынбайдың қисапсыз дәулетін тауысады. Момынбай дәулеттен айырылған соң бұрынғы дос-жарандары, ағайындары мен оның малын бағып, қызметін қылып, күнін көріп отырған көршілері мұның қылған жақсылығын ұмытып, алды-алдына бытырап кетеді. Сөйтіп «Момынбай мырза» деп дүниеге даңқы шыққан, дүниеге малы сыймаған бай «жеті қарақшының» арқасында қисапсыз дәулеттен айырылып, ағайын-туғаннан, дос-жараннан жұрдай болып, қара лашық тігіп, айдалада жалғыз үй қалады. Лашықтың іші толған жас бала, кемпірі болса ауру, төрт түлік малдан қалғаны жалғыз-ақ көк есек. Күндерде бір күн Момынбай бұрынғы дәулетін ойлап, жұрттың қылған қошеметін есіне алып, өзінің бұл күндегі халіне қамығып: «Дүние шіркін-ай, пендеге бірде бетін, бірде к...н көрсетеді екен ғой, — деп, бек қапа болып отырады да, — Мен бұл халге жеті қарақшының арқасында

жеттім. «Қылғанға қылғанның айыбы жоқ» деген қазақтың сөзі бар еді, мен де бұл қарақшыларға бір іс көрсетсем қайтеді?» — деп ойлайды.

Момынбай осылайша ой қылады да, сандығында жатқан үш-төрт күміс теңгені қалтасына салып, көк есегіне мініп, жеті қарақшының ауылына қарап жүреді. Ауылға жақындап келгенде қалтасындағы баяғы күміс теңгелерді есегінің артына тығады. Сонан соң ауылдың желкесіндегі төбенің басында тамаша қылып отырған қарақшыларға келіп:

— Ассалаумағалейкум! — деп, сәлем береді. Қарақшылар:

— Уағалейкүмассалам, Момынбай! Мал-басың аман ба? Жол болсын, қай жаққа барасың? — дейді.

Момынбай:

— Шүкір Құдайға, басымыз аман. Малың аман ба деп несін сұрайсыңдар, малдың бәрін өздерің жиып алдыңдар ғой. Міне, енді бала-шағам қорек қылатын еш ауқатым қалмаған соң баяғы дос-жараннан бірнәрсе болар ма деп анау ауылға бара жатырмын, — дейді.

Бұл сөздерді айтты да: «Қош болыңдар!» — деп, Момынбай жөніне жүре береді. Ғәм үйден ала шыққан қолындағы бізбенен қарақшыларға байқатпай, есегінің сауырына шаншып алады. Біздің жанына батқанынан есек құйрығын жиып қалған еді, баяғы күміс теңгелердің біразы құйрығынан түсіп қалады. Тағы бір шаншып қалғанда, тағы бір теңге түседі.

Сөйтіп есектің құйрығындағы үш-төрт күміс теңгенің бәрі де түсіп қалады. Момынбай байқамаған болып, артына қарамай жүре береді. Қарақшылар есектің құйрығынан күміс теңге түскенін көріп, бұны не қылған керемет деп, таңғалысып тұрады. Қарақшының біреуі: «Бұл ғажап іс, мұның мәнісін білу керек», — дейді. Бәрі мақұл деп, ертеңіне бәрі аттанып, Момынбайдың үйіне келіп:

— Момынбай, кеше сен бізбенен қош айтысып кете бергенде, есегіңнің құйрығынан бірнеше күміс теңге түсті. Мұның мәнісі қалай, жасырмай, расын айтшы, — дейді.

Момынбай:

— Баяғы қисапсыз көп малымнан қалғаны — осы жалғыз көк есек. Әйтеуір осы есектің арқасында кемпір, бала-шағам аш-жалаңаш болмай тұр. Бұл есектің өнері сол — сұлы жеген күні күміс теңге тышады, арпа жеген күні ділдә тышады, — дейді.

Қарақшылар мұны естіп таңғалысып, шетке шығып мәслихат құрады. «Бұл жалғыз есегін ұрлап алғанымыз енді Құдайға да мақұл болмас. Қанша болса да, ақша беріп, есекті сатып алалық, берген ақшамызды тез-ақ өндіріп аламыз ғой», — деп, Момынбайға келіп:

— Бай, бұл есегіңді бізге сат! — дейді. Момынбай:

— Бала-шағам ауқат қылып тұрған жалғыз есегімді сатпаймын, — деп жауап береді. Қарақшылар қоярда-қоймай көп ділдә беріп, есекті сатып алып, ауылына қайтады. Ертесіне қарақшылар жиылып, есекті арпаға әбден тойғызып, есекті жығады да, төрт аяғын қатты қылып байлайды. Біркеуі есектің артынан шыққан алтын шашылмасын деп қап төсеп тұрады

да, қалғандары қолдарына бірер ағаш тоқпақ алып, есектің ішін тоқпақтай бастайды. Арпаға әбден тойған есек тоқпаққа шыдамай барт-барт тышады. Қарақшылар алтын шығып жатыр деп, онан сайын тоқпақтайды. Енді біраз алтын шыққан шығар деп қапты алып, ішіне қараса, қап толған боқ. Боқты қолдарыменен аралап қараса, жалғыз да ділдә жоқ. «Бұл қалай?!» — деп қарақшылар таңғалысып, есектің аяғын шешіп, тұрғызайын десе, есек өліп қалыпты. Мұны көріп, Момынбайдың алдағанын біліп: «Қап, Момынбай, бізді ақымақ қылған екенсің! Орынды жазаңды берсек болады», — деп кіжініп, қатты ашуланады. Ертеңіне қарақшылардың бәрі де атқа мініп, Момынбайдың үйіне қарай жүреді. Момынбай бұлардың келе жатқанын көреді де, жүгіріп үйге кіріп, алдыңғы күні есек сатып алған көп ділдәнің қуанышымен сойған қойдың ішегіне қан толтырады. Сонан соң кемпірінің мойнына айналдыра байлап:

— Қарақшылар үйге кіре бергенде, сен есіктің бір жағынан шыға қаш. Мен қолыма пышақ алып, боқтап, балағаттап, сенің артыңнан қуармын. Сен қашып барып жығылған бол, мен сені пышақпен бауыздаған болармын. Мойныңдағы ішектен қан ағар, сен қорылдап, өлген бол. Біраздан соң мен ішек қаптаған қарт сыбызғыны тартып-тартып: «Не қылып жатырсың, тұр!» — деп басыңа тебермін. Сен: «Ойбай, қатты ұйықтап кетіппін ғой!» — деп, ұшып тұра кел, — дейді.

Ол екі арада қарақшылар келіп, аттарын байлап, үйге кіре бергенде, кемпір есіктің екінші жағынан шыға қашады. Момынбай ашуланған болып, боқтап-балағаттап, кемпірдің артынан қуа жөнеледі. Кемпір қашып барып жығылады. Момынбай артынан жетіп барып, қолындағы пышағыменен жығылып жатқан кемпірді «бауыздап» жібереді. Кемпірдің тамағынан қан ағып, қорылдап жатып «өліп қалады». Момынбай үйге қайтып келіп, ашуланған болып отырады. Қарақшылар мұны көріп, Момынбаймен сөйлесуге бата алмай отырады.

Біраздан соң Момынбай ашуы тарқағандай болып, керегенің басында тұрған қарт сыбызғыны алып, тартып-тартып, «өліп жатқан» кемпірді «Не қылып жатырсың, тұр!» деп, басына тебеді.

Кемпір «тіріліп» кетіп: «Ойбай-ай, қатты ұйықтап кеткен екенмін ғой!», — деп, ұшып тұра келеді.

Қарақшылар мұны көріп, таңғалысып:

— Момынбай, бұл не ғажап іс? — деп сұрайды. Момынбай айтты:

— Мұнда еш ғажап іс жоқ, бәрі мынау қара сыбызғының қасиеті, әртүрлі күйді ойнап-ойнап, өлген кісіні басына тепсең, ұшып тұра келеді, — дейді.

Қарақшылар бұған таңғалысып:

— Бай, осы сыбызғыңды бізге сатшы, — деп жабысады. Момынбай:

— Ата-бабамнан мирас болып қалған жалғыз сыбызғыны да маған көпсіндіңдер ме? Қанша берсеңдер де, сыбызғымды сатпаймын, — дейді. Қарақшылар сонда да жабысып қоймай, ақырында, есепсіз көп ділдә беріп, қара сыбызғыны сатып алып, ауылдарына қайтады.

Ауылдарына келсе, бәрінің де қатындары ауыл қыдырып кеткен екен. Бұлар қатындарына қатты ашуланып, барған жерлерінде тауып алып, «сосын сыбызғы тартып тірілтіп аламыз» деп, қатындарын бауыздап тастайды. Біраздан соң біреуі сыбызғыны тартып-тартып келіп, өліп жатқан қатынын басқа тебеді. Қатын тұрмайды. Екіншісі келіп, қатынын басқа тебеді, ол да тұрмайды. Үшіншісі келіп тебеді, о да тұрмайды. Сөйтіп жетеуі де қатынын өлтіріп алады. Мұны көріп, Момынбайдың тағы алдағанына көзі жетіп, қарақшылар қатты ашуланып: «Бұл Момынбайды тірі қоймайық!» — деп уағдаласады.

Бұл екі арада Момынбай кемпіріне:

— Жеті қарақшыға мен қолымнан келгенімді қылдым, енді олар маған мейлінше өшікті. Өшін алмай қоймас. Мен азық-түлігімді, төсек-орнымды алып, анау үлкен жолдың үстіндегі қара молаға барып жатайын. Кеш сайын үйге келіп жүрермін. Егер қарақшылар мені сұрап келсе, сен жылаған болып: «Үш-төрт күн болды, Құдайдан қаза жетіп, дүниеден қайтты, моласы анау тұрған», — дегейсің», — деп, кемпірге үйретеді. Сонан соң азық-түлігін, төсек-орнын алып, баяғы жол үстіндегі қара моланың ішіне кіріп, жатып алады. Арада бірнеше күн өткеннен кейін қарақшылар Момынбайдың үйіне келсе, қара киіп, шашын жайып, бетін жыртып жылап, дауыс қылып отырған кемпірді көреді. Қарақшылар:

— Әй, бәйбіше, не болды? — деп сұрайды. Бәйбіше:

— Құдайым әуелі сансыз малымды, сансыз қазынамды алды. Ақырында қойнымдағы байымды алды. Үш-төрт күн болды, Құдайдан қаза жетіп, Момынбай дүниеден қайтты. Моласы — анау, үлкен жолдың үстіндегі қара мола, — дейді.

Мұны естіген қарақшылар:

— Әй, бәрекелді-ай, тірісінде өшімізді ала алмай қалдық-ау! — десіп, көп өкініп, ауылдарына қайтады.

Күндерде бір күн жеті қарақшы бір керуенді талап, көп алтын-күміс олжа алып, үйлеріне қайтып келе жатып, нақ Момынбайдың моласына келеді. Қарақшының біреуі:

— Мынау Момынбайдың моласына кіріп, олжамызды бөліп алсақ қайтеді? — дейді. Бәрі мұны мақұл көріп, аттарынан түсіп, қап-қап алтын-күмісті алып молаға кірсе, Момынбай тірі адамдай төсегін жайып жатыр. Бас жағында бір саба қымыз, табақ-табақ піскен ет тұр. Мұны көрген қарақшылар: «Япырмай, мынау Момынбай иманды болып, ұшпаққа⁷² кірген екен. Көрінен шығып, тірі кісідей төсекте жатқанын қарашы. Ет, қымыз дегенің мынау», — деп таңғалысып тұрып, ақырында отырып, олжаларын бөліседі. Алтын-күмісті жетіге бөліп, үйіп қойып, «мына бөлімді мен аламын» деп, өзді-өзі олжаға таласып, у-шу болып жатады. Сол уақытта «өліп» жатқан Момынбай:

— Ешқайсысың да алмайсың, мұның бәрі де менікі! — деп, орнынан ұшып тұра келеді.

⁷² Ұшпақ — пейіш, жұмақ, бақытты өмір.

Мұны көріп қарақшылардың есі шығып кетіп, моладан жүгіре-жүгіре шығып, аттарына мініп, алды-артына қарамай, ауылдарына қарай қашады. Бұлар кеткен соң Момынбай алтын-күмісті жиып алып, үйіне апарып береді.

Қарақшылар ауылына келіп, естерін жиып алған соң, өзді-өзі сөйлеседі.

— Бұл Момынбай тірісінде бізге қанша қорлықты көрсетіп еді, енді өлгенде де тек жатпай, қанша олжамызды алып қалды. Мұнан қалай өшімізді аламыз? — деседі. Сонда біреуі тұрып:

— Ең болмаса моласының басына тышайық, — деді. Бәрі де мұны мақұл көріп, аттарына мініп, Момынбайдың моласына қарай жүреді. Момынбай бұлардың келе жатқанын көріп, һәм не ойменен келе жатқанын сезіп, моланың ішінде жанып тұрған отқа бір істік темірді салып қыздырады. Сол екі арада қарақшының біреуі моланың басына шығып, төбесіндегі тесікке к...н қойып: «Мә, бәлем, саған!» деп, тыша бергенде, моланың ішінен Момынбай қызарған істік темірді к...не тығып алады.

Қарақшы:

— Ойбай-ай, иттің аруағы ұрды, — деп, к...н қолымен басып, моладан түсе қашады.

Екінші қарақшы батырсынып келіп еді, Момынбай оның да к...не ыстық темір тығады. Сөйтіп батырсынып, өшімізді аламыз деп, жеті қарақшының жетеуі де к...не істік темір кіргізіп алады. Сонан соң бұлар қатты ыза болып, не қыларын білмей, ақымақ болып ауылына қайтады. Бұлар кеткен соң Момынбай нәрселерін жиып алып, үйіне келіп, баяғыдай шаруасын қылып тұра береді. «Момынбай өліп, артынан тіріліпті» деген хабар тез-ақ елге жайылып, ақырында ханның құлағына тиіпті. Хан мұны естіп, қайран қалып, Момынбайды шақыртып алады.

— Әй, Момынбай, сені өлді деп естіп едім, сен қалайша тірілдің? — дейді.

Момынбай:

— Тақсыр ханым, менің өлгенім рас еді, артымда жесір қатын, жетім балаларым, қанша малым, қазынам, жеті құлым қалып еді. Сол құлдарым жетімдердің сөзін тыңдамай, зорлық-зомбылық көрсетіп, малдарын бөлісіп алып, қашып кетіпті. Жетімдер мұндай қорлық көріп, Құдайға шын ықыласымен жылаған соң, Жасаған ием сол жетімдерге рақымы түсіп, мені тірілтті, — дейді.

Хан мұны естіп таңғалып, һәм құлдардың қылған ісіне қатты ашуланып:

— Момынбайым, сен ол құлдарыңның осы күнде қайда екенін білесің бе? — дейді. Момынбай:

— Білемін, тақсыр, — деп, баяғы жеті қарақшыны көрсетеді. Хан дереу жасауыл жіберіп, жеті қарақшыны алғызып:

— Сіздер неге жетімдерге зорлық қылдыңдар? — деп, жаман ұрсады.

Қарақшылар:

— Тақсыр, біз ешкімге зорлық қылғанымыз жоқ, һәм ешқашан құл болған емеспіз, — дейді.

Сонда Момынбай:

— Мен, тақсыр, жаңылсам, жаңылып тұрған шығармын, менің құлдарымның таңбасы бар еді. Егер де бұларда таңба жоқ болса, менің жаңылғаным рас болғаны, — дейді. Хан:

— Сенің құлдарыңның қандай белгісі бар еді? — дейді. Момынбай:

— Менің құлдарымның к...інде істік темірменен салған таңбасы бар еді, — деді. Хан дереу қарақшыларды шешіндіріп қараса, к...інде Момынбай айтқан таңбасы бар екен. Мұнан соң хан Момынбайдың сөзі рас екен деп, жеті қарақшыны малы-жаныменен Момынбайға бұйырып береді.

Сөйтіп Момынбай дұшпандарын құл қылып алып, баяғыдан артық дәулетті, еліне қадірлі болып, дүниеден өтеді.

«Ұрлықтың түбі — қорлық» деген мақал осыдан қалған екен.

Ұр, тоқпақ!

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болыпты. Шал мен кемпір тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал келіп, тұзағына қараса, тұзағына бір қаз түсіп қалыпты. Шал келіп, қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға:

— Сен мені босат, менен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, — дейді.

Шал:

— Мақұл, — деп, қазды жібереді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, қатыны шалға ұрсады. Шал:

— Қой, сен нені білесің? — деп, сөзін тыңдамай, жүре береді. Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Шал қаздың үйіне қарап жүреді. Бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп, түйешіден:

— Бұл кімнің түйесі? — десе,

— Бұл — Қазы байдың түйесі, — дейді.

Шал ойланып, жүріп кетеді. Бір жерге келсе, көп қой жайылып жүр екен. Шал келіп:

— Бұл кімнің қойы? — деп, қойшыдан сұрайды. Қойшы:

— Бұл — Қазы байдың қойы, — дейді.

Шал жаңағы баладан:

— Шырағым, Қазы байдың бұдан басқа несі бар? — дейді.

Бала шалға:

— Қазы байдың үш жақсы нәрсесі бар, — дейді. — Біреуі — қазан. «Піс, қазаным!» десе, әртүрлі тамақ пісіп шығады. Тағы біреуі — есек. «Ық, есегім, алтын тыш!» десе, алтын тышады, енді біреуі — тоқпақ. «Ұр, тоқпағым, ұр!» десе, адамдарды ұра береді, — дейді. Шал: «Мақұл», — деп, жүріп кетеді. Қазы бай күтіп алады. Шал Қазы байдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазы бай береді. Шал алып, үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

— Ата, асқа түс, — дейді. Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып балаларға:

— Шырағым, «Піс, қазаным, піс!» демендер — дейді. Шал кіріп кеткен соң «Піс, қазаным!» десе, әртүрлі тамақ пісіп қалыпты. Балалар қазанды айырбастап қояды. Шал шығып, қазанды үйіне алып барып, «Піс, қазаным!» десе, ешнәрсе шықпайды. Шал қазанды алып, Қазы байдың үйіне келеді:

— Қазы бай, бұдан ешнәрсе шықпады, — дейді. Қазы бай қазанды алып, «Піс, қазаным!» десе, ешнәрсе шықпайды.

Қазы бай қазанды алып қалып, есекті беріп жібереді. Шал есекті алып, үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

— Ата, асқа түсіңіз, — дейді. Шал асқа түспекші болып, есектен түседі. Шал үйге кіріп бара жатып:

— Шырағым, «Ық, есегім, алтын тыш!» деме, — дейді. Балалар:

— Мақұл, — дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң балалар: «Ық, есегім, алтын тыш!» — десе, есек алтын тышады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды. Шал есекті алып, үйіне қайтады. Кемпір:

— Қазға барып, алып келгенің осы ма? — дейді. Шал:

— Бұл есек алтын тышады, — дейді. Кемпір қуанып қалады. Шал есекке: «Ық, есегім, алтын тыш!» десе, есек еш нәрсе тышпайды. Шал есекті алып, Қазы байға келеді.

— Есектен еш нәрсе түспеді, — дейді.

Қазы бай есекті алып, «Ық, есегім, алтын тыш!» десе, еш нәрсе тышпайды.

Бай шалға «Ұр, тоқпақты» береді. Шал «Ұр, тоқпақты» алып келе жатса, жаңағы жерде тағы да балалар асық ойнап жатыр екен.

Балалар шалға:

— Ата, асқа түс, — дейді. Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып:

— Шырағым, «Ұр, тоқпақ!» демендер, — дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң балалар:

— Ұр, тоқпағым, ұр! — дейді.

Тоқпақ балалардың әрқайсысын бір ұрады. Балалар тоқпаққа жалынады.

— Ойбай, «Піс, қазаныңды», «Ық, есегіңді» берейік, — дейді. Шал шығып келе жатып, естіп қояды. Шал келіп:

— «Піс, қазанды», «Ық, есекті» бересіңдер ме? — дейді. Балалар:

— Мақұл, әкеліп береміз, — дейді. Шал «Ұр, тоқпақты» қойғызады. Балалар «Піс, қазанды», «Ық, есекті» әкеліп береді. Шал «Піс, қазанды», «Ық, есекті», «Ұр, тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп мұрат-мақсатына жетеді.

Шайтандардың Алдарға кез келуі, шайтанмен соғысуы

Алдар жерошаққа аунап, ұйықтап қалған екен, бір уақытта оянып, көзін ашса:

Елбектейді ақырын,
Елестейді ақырын,
Дәл өзінің үстінде
Дәл көргендей түсінде...

Бірдеңелердің жүргенін сезеді. «Шайтан дегендерің осы екен» деп, көзін қайта жұма қояды.

Түлен түртпек түленбек,
Біздің қазақ тілінде.
Бәле үстіне бәле өнбек,
Бір бәлеге ілінбе.

Ескілердің айтуынша, «Түлен», «Құлан» дейтін екі шайтан бар. Осы шайтандар Ібілістен бата алып, әдейі қазақты алдауға шығыпты. «Түлен түртгі» дегендегі Түлен осы Түлен болса керек.

Секектесіп желісіп,
Қап тауынан қадаңдап,
Түрлеріне келісіп,
Жетіп кепті жалаңдап.

Қазақтың ол уақытта надан уақыты ғой, Түлен-Құлан пісулі дәмге тап келіп, қарқ болып қалыпты. Содан бері «алдау-арбау, түлен түрту» дегенді қазақ жақсы білетін болса керек. «Қалған-құтқан азық қайдан кездесер екен», — деп, жортып жүріп, жерошақта аунап жатқан Алдардың үстінен шығады.

— Жатысы жаман екен. Осы қазақ болар, — деп, Түлен мен Құлан тұра қалады.

— Қазақ өлмесе, жерошаққа түспейтін еді ғой. Бұл өлген адам болуы керек, — деседі. «Өлі-тірісін білейік», — деп,

Сағым болып күлтілдеп,
Көлеңкесі бүлкілдеп
Алдекеңнің үстінде
Елестейді ойнақтап,
Жас ботадай тайрақтап.

Алдекең шайтандарға жолыққанын біліп, өлген кісі болып, тырп етпестен жата береді. «Басқа не салса да, осылай жатып көрейін», — деп, шайтандар айғайласа да, қытықтаса да, үстінде ойнақтаса да, былқ етпейді.

— Бұл өлген қазақ екен, — дейді. Ақырында, шайтандар шаршап, отыра қалып, екеуі кеңеседі.

— Мұны не істейміз? — дейді.

— Кебіні жоқ, көрі жоқ бір қазақ екен. Мұны тірілтіп алсақ, бізге дәл жолдас болады екен, — дейді біреуі.

Осыған екеуі де қол қойысады. Бірақ, Алдарды немен тірілтетінін білмей, біраз отырысады. Ақырында, біреуі айтады:

— Қазақ екен, қазы әкел,
Қазы әкелсең, таза әкел.
Сусынсыз тағы тұрмайды,
Қымызы болса, қоса әкел.

«Бұлардың қулықтарын! Мені қымызбен, қазымен жеп-жеңіл ала қоймақ қой! Аларсың!» — дейді Алдар ішінен. Бірақ, қазыны әкеліп иіскеткенде, бұл уәдесінде тұра алмайды. Аузы қазыға қарап, ашыла береді. «Тез тіріліп кетсем, бермей қоя ма» деп, Алдар қазыға, қымызға тойып болғанша орнынан тұрмай, көзін жұмып жата береді. Әбден тойып алғасын ғана «тірілген» болып, көзін ашып, орнынан тұрады. Шайтандар Алдардың «тірілгеніне» қуанып, тұра сала билейді. «Әй, қазақ, қазақ, — деп, — тамағы бір азап», — деп, жатып тұрып мазақтайды.

Алдар білмегенсіп, шайтандардың жөнін сұрайды, «Кімсіңдер?» — дейді. Шайтандар жөнін айтады. Алдар жатып-тұрып, бәле салады:

— Бұл дүниенің азабынан жаңа ғана құтылып, жаным рақат тауып жатқанда, сендер тыныш жатқан мені неге тірілтіндер? Мен бұл дүниеден әзер құтылып едім. Жоқ, сендердің бұларыңа көнбеймін. Мен бұл дүниеде көрініп жүре алмаймын, тірілткен сендер, айып сендерде. Мені өздеріңнің пішіндеріңе енгізесіңдер, әйтпесе бүлік саламын, — дейді.

Шайтандар бір-бірімен ақылдасып:

— Біздің істейтініміз аздыру ғана еді. Енді амал жоқ. Айып өзімізден. Бізге жолдас боларсың, пішінімізді берелік, — дейді. Сөйтеді де, тіл астына салатын теңгелерінің біреуін Алдарға береді. Алдар оны тілінің астына салып, о да шайтан кейпіне кіреді. Өтірік болса, жаны шықсын! «Шайтанның тілі астында теңге болады екен; оны қолға түсіріп, үш күнге дейін бермеген адам байиды екен» деген қазақ әңгімесі осы Алдардың тәжірибесінен алынған нәрсе болса керек.

Сонымен Алдар шайтан болып алады. Үшеуі бірге сапарға шығады. Ай жүреді, жыл жүреді. Бір жерлерге келгенде үшеуі де шаршайды. Демалып отырып, Құлан айтады:

— Жүре-жүре шаршайтын болдық. Бәріміз бірге шаршағанша бірімізді біріміз кезек-кезек мойнымызға мінгізсек, — дейді.

Алдар мен Түлен мақұл көреді.

— Алдымен қайсымыз мінеміз? — дейді Құлан.

— Мен жаңа ғана шайтан болдым ғой. Сондықтан болу керек, аяғымның алға басатын халі қалған жоқ. Алдымен мен мінейін, — дейді Алдар отырып.

— Жарайды, — дейді ана екеуі.

— Қанша уақыт мінгізуіміз керек мұны, уақыт белгілеу керек, — дейді Түлен отырып.

— Уақыт белгілеудің керегі не? Мен өлең айтайын, сол біткенше мінгізсеңдер болғаны. Сендер де өлеңдерің таусылғанша мінерсіңдер, — дейді Алдар.

Түлен мен Құлан мұны да мақұл дейді. Сонымен Алдар екі шайтанның мойнына мінеді. Ыңырсып, «Әләләй, әләләй екен әли әйдім...» деген өлеңін айтуға кіріседі.

Шайтандар: «Алдардың өлеңі бір таусылар», — деп, әрі жүреді, бері жүреді. Бірақ Алдардың «әләләйі» таусылмайды. Тақа шаршаған соң:

— Осы сенің әләләйің қашан бітеді? — деп сұрайды.

— Әләләйім бітсе, «әри әйдім» дегенім тағы бар. Жүре беріңдер, — дейді.

Өтірік айтса, жұрттың жаны шықсын, осы «әләләй» мен «әри әйдәйді» айтып, Алдар екі шайтанға бір жыл мініпті деген сөз бар.

Жүріп-жүріп, екі шайтан өлер болған соң, бір ағаштың түбіне келіп, «уһ» деп сүйене кетеді. Ағаштың іші қуыс екен. Шайтандардың салмағына шыдай алмай, ағаш бір жағына құлай кетеді. Ағаштың қуысына тығылған ат басындай алтын бар екен.

Ағаш құлағанда, сол көрініп қалады.

— Мынау бір олжа болды, — деп, Түлен алтынды астына басып алады.

Ат басындай алтынды көргенде Алдардың есіне баяғы қалыңдығы түседі. «Осы алтынды қалай алам?» деген ойға келеді.

— Осы бір жалтылдағаның немене өзі, қане, көрейінші? — деп, алтынды өзіне тартады. Бірақ шәйтекең оған бере қоймайды.

— Бұл алтын деген болады. Қазақтың «жол — жасы үлкендікі» деген салты бар ғой. Бұл алтынды үшеуміздің қайсымыз үлкен болсақ, сол алуы керек. Әйтпесе бере алмаймын! — деп, астына тыға түседі.

Шайтанның қулыққа басқанын Алдар біліп қояды. Жасқа кеткенде Түленнен (Түлен түртуден) бұрын жаралған ешкім жоқ. «Қулығыңа қулық, бәлем!» — дейді ішінен.

— Жарайды, мұның дұрыс екен. Ал, жас санаса қоялық, — дейді Алдар.

Түлен тұрып:

— Менен үлкендерің бола қоймас. Алтын менікі болар.

— Жаңа туып жатқанда,

Қарап едім аспанға:

Артық-кем емес білемін,

Жер — алақандай көлемі.

Бір-ақ қана бел еді,

Тоқымдай ғана жер еді, — дейді.

Құлан тұрып:

— Ойбой, сен менен көп кіші болдың. Сенің кіші екеніңді кім білген?

— Мен туғанда расы:
Бейнеленіп арасы,
Жаралмаған жер мен көк,
Шайтан, адам мүлдем жоқ, — дейді.

Осы сөзді Құлан айтып бола бергенде, Алдар өкіріп қоя береді. Екі шайтан аң-таң болып, бір-біріне қарайды.

«Оның не?» десе, онан жаман өкіреді. Тіпті, әрі-беріден соң, «Ой, бауырымдап», басын жерге соғып, жылайды. Шайтандар:

— Бұл алтынды ала алмайтын болғасын, жас болғасын жылап отыр, — деседі.

— Жоқ, олай емес. Алтының құрысын! — дейді Алдар кемсендеп, — Құлан, сен туған уақытыңды айтқанда, іштегі күйіктің аузы ашылып кетті.

— Дәл сен туғанда,
Үлкен бір той болып еді.
Атқа шауып жүргенде
Кенже балам өліп еді.

Көптен көмескіленіп жүрген үлкен қайғым еді. Еске түсірдіңдер, — деп, тағы өкіріп қоя береді.

Түлен мен Құлан Алдарға көңіл айтып, өзер жұбатады. Жұбатқанда, әрине, құр көңіл айтып емес, алтын беріп жұбатады. Құр көңіл айтқанға жұбанып, Алдар құтырынып кетті дейсің бе? Шын көңілімен жылап отырғасын шайтандар: «Айтқаны рас екен», — деп ойлайды.

Алдар шайтан жолдастарын ертіп, баяғы өзіне қызын бермей кеткен байдың ауылына тартады, «жамбасыма бір келсең» дегенді ойына алады.

Күн жүреді, түн жүреді. Бәрі де шаршайды. Бір қыстауға келіп, демалып отырып, Түлен әңгіме бастайды:

— Анау күні шаршағанда, Алдарды мойнымызға мінгіздік. Ол «Әри әйдімін» тауыспай, сорымызды қайнатты. Он күн, он түн арқаласақ та, «Әри әйдімін» бітіре алмадық. Бізді арқалайтын жол енді Алдардікі, — дейді.

— Жоқ, қалайша менікі болады? Сондағы қойған шартымыз өлеңді айтып бітіргенше міну болатын. Менің онда өлеңім бітпеген болатын. Шынын айтқанда, мінетін кезек әлі де менікі, — деп, Алдар ұшып тұра келеді.

— Қой, ойбай, қой! Бұрынғы шартты да, сенің бір рет мінгеніңді де ұмыталық. Қайтадан шарт қойысалық. Сол шартты орындағанымыз мінелік, — дейді Түлен.

Түленнің бір қулыққа түрткісі келіп тұрғанын Алдардың іші сезе қалады. «Бұл қу нені шарт қылар екен?» — деп күдіктеніп, азырақ ойланып:

— Жарайды, — дейді.

— Ал, не шарт қоямыз?

— Қоятын шартымыз мынау болсын: кәдімгідей төбелеселік. Сол төбелесте жеңгеніміз мінелік, — дейді Түлен.

«Мына Түлен менен өшін алғысы келген екен», — деп ойлайды Алдар ішінен. Сонда да біраз ойлағаннан кейін:

— Мұның әділдік екен. Бұл шартыңа көндім, — дейді.

Түлен қуанғаннан секіріп-секіріп түседі. «Менің мойныма алдап мінетін неме ғой! Бұл қазаққа көрімді көрсетейін», — дейді ішінен.

— Ал, қандай қарумен соғысамыз? — дейді Алдар.

— Таңдауын өзіңе бердім. Қалағаныңды айт, — дейді Түлен.

— Олай болса, қаруымыз қамшы мен құрық болсын. Оған қалай қарайсың? — дейді Алдар.

— Бек мақұл.

— Сенің менен гөрі шайтаңдығың мол. Сенің жолың үлкен. Құрықты саған бердім. Қамшыны өзім алдым. Бұған көндің бе? — дейді Алдар.

— Өте жақсы, — дейді Түлен қуанып. «Мынау нағыз қазақтың ең жыңдысы екен өзі», — дейді ішінен.

— Олай болса, жарайды. Ана құрығыңды ал, мен мына қамшыны алдым. Сыртқа шықпай-ақ, осы қыстаудың ішінде соғысалық. Біреу-міреу көріп қалып жүрер, — дейді Алдар.

— Мақұл, — дейді Түлен бұған да.

— Олай болса, кел, — дейді Алдар қамшыны үйіріп.

Қыстаудың ішінде ұзын құрықпен Түлен қайрат қыла ала ма? Алдарды ең болмаса, бір де ұра алмайды. Алдар он екі таспа дойырмен Түленді қып-қызыл шиедей қылып сойып салады.

Түлен дойырдың зардабына шыдай алмай, өлім халіне жеткен уақытта айғай салады.

— Ойбай, тұра тұр... Енді екеуіміз қаруды айырбасталық. Құрықты сен ал, қамшыны мен алайын, — дейді.

— Оның да мақұл екен. Құрығың ұзын болып, зығырымды қайнатып едің. Енді маған берші, әкеңді танытайын! — дейді Алдар. «Егер қамшыны берсең, есеңді бір берер едім!» — дейді Түлен ішінен ызаланып.

Алдар қамшыны Түленге береді де, құрықты өзі алады.

— Осы үйдің шаңы бұрқырап кетті. Тіпті, дем алуға болатын емес. Енді таза ауаға шығып соғыссақ жақсы болар еді, — дейді Түленге.

Өте жақсы, — дейді Түлен.

«Жаңа қыстаудың іші тарлық қылып, тіпті, ұра алмап едім. Енді көрерсің қызығымды, өзіңе-өзің сор тілеп алдың ғой», — деп ойлайды тағы да ішінен.

Екеуі кең аулаға шығып соғысады. Ұзын құрықпен Алдар Түленді бұрынғыдан да жаман сойып салады. Шолақ қамшыны маңына да жолатпайды. Алдардан бір емес, екі рет алданғанын Түлен жақсы түсінеді.

— Жұртты құртқан қу екенсің, енді қойдым, — деп, құлай кетеді. Алдарға міну былай тұрсын, жарақатты болғанын дәлел қылып, Алдардан өзі әзер құтылады.

— Бұл сұм бір мініп алса, енді ғұмыр бақиға мойыннан түспес. Осыдан аулақ болайын, — деп, Алдарға бұдан былай міну мәселесін қозғамайтын болады.

Біраз күн тынығып жатып, тағы да жолға шығады. Бірнеше күн жол жүргеннен кейін баяғы байдың аулына келеді.

Байдың аулына келіп, байдың ақ боз үйіне кірсе, қыздың шешесі, қыз, тағы бір жігіт жатыр екен. Жігіт қыздың қойнында жатады.

Жігіт жатыр қорылдап,
Бай қызының қойнында.
Дәнеме жоқ ойында,
Екі қолы мойнында.

— Әй, бәлем, саған бір қызықты көрсетейін, — деп, Алдар жігіттің үстіне мініп алып, ойнақтайды. Құлан мен Түлен екі жағында отырып алып, жігітті бүйірінен қытықтайды. Шайтандардың қытықтауына, Алдардың ойнақтауына жігіттің халі шыдамай өліп кетеді.

Жігіт көршілес бір ханның баласы екен. Біраздан кейін қыз оянып қараса, жігіт өліп қалған. Қыз шошып кетіп, шешесін оятады. «Бір бәлеге қалдық», — дейді.

— Білсең, жалғыз өзің біл,
Шашылмасын далаға.
Не қылсаң да, өзің қыл,
Жолықпайық бәлеге! —

деп, кемпір мен қыз жігітті қараңғы түнде далаға сүйреп, алыстағы бір қырдың үстіне апарып тастайды.

— Басқа біреу өлтіріп кетті десін, бәлесі бізден аулақ болсын, — дейді.

Ертеңіне ханның жылқышысы жылқы айдап келе жатып, қырдың басында өліп жатқан адамды көреді.

— Бәлесі маған қалар, біреу бәле жапса, мені кім ажыратып алар, онан да аулақ болайын, — деп, аулына хабар етуге тұра шабады. Өліп жатқан адамның қандай екеніне көз салуға да қорқады. Елге келіп, хабар еткесін, хан бұйрық етеді:

— Барып білңдер, менің аулымның төңірегінде өліп жүрген кім екен? Өлтіріп жүрген кім екен? — дейді. Ханның қазылары, шабармандары шауып келсе, өліп жатқан — ханның баласы. Келгендер ханға қайта шабады. Ханға естіртуге қорқады. Бірақ ханға қысқасын айтпасқа амалдары болмайды.

Хан естігесін өкіріп жылап, бетін дал-дал қылады. Жер бауырлап жатып алады. «Есіл малым, қазына-мүлкім, байтақ хандығым енді кімге қалады?» — деп, зар қылады. Қазы-билер көңіл айтады, жұбатады. Жыршыны сөйлетеді:

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Жапырағы бүтін ағаш жоқ,
Бауыры бүтін Алаш жоқ,
Адам бар ма шарасыз,
Бір Аллаға талассыз.

Балаңыздың қазасы —
 Адамзаттың мұрасы.
 Өлмей кеткен бар ма екен,
 Бұрынғыдан сұрашы?
 Қарағай ексе, тал шықпас,
 Ормағанда қан шықпас,
 Ажалсыздан жан шықпас.
 Ұстамаса мал шықпас,
 Тимегенде жан шықпас.
 Не көрмейді осы бас.
 Ақылыңызға ақылдас,
 Осылай дейді кәрі-жас!

Біраздан соң хан жылауын қойып, «кім өлтірдіге» түседі. Қазы билерге, билер қазыларға қарайды. Бірақ еш нәрсе айта алмайды.

— Жерден қаз, көктен қаз, ертеңге дейін өлтірген адамды тауып беріңдер! Әйтпесе бәріңді дарға асамын, — деп ақырады хан. Хан қаһарына мінгесін қазы-билер сасады. Бірақ, табары болмайды. Ақырында құлау біреуі:

— Тақсыр! Ел ішінде көріпкел, біліпкел бақсы-бөлгер көп. Соларды жинап, бал аштырсақ, сонда тезірек табар едік. Осы қалай болар? — дейді.

— Бұған да көнуге болады. Бірақ сол балгерлеріңді тез табыңдар, — дейді.

Қазы мен билер елдің астан-кестенін шығарып, бақсы-балгер іздейді. Бақсысын да, балгерін де, құмалақшысын да ханға айдайды. Хан ордасы жын ордасына айналады. Бақсылардың сандырақ сарынына толады:

Ұрып-соғып қылышты
 Бойлатады ішіне.
 Жыры, сірә, тым күшті,
 Қан жұқпайды үшіне.

Тесілмейді терісі,
 Суырып алса, бітеді.
 Ауырмай іштен өтеді,
 Өзгеден артық бұл ісі.

Селк етеді күбірлеп,
 «Міне, жын» деп міңгірлеп.
 Аусарланып бір-бірлеп,
 Еліктірер шеберлеп.

Батпан дейді инені,
 Жындарының әлі жоқ.
 Бақсы жыңды біледі,
 Білмесіне халі жоқ.

Қара қоңыр көрінсе,
Бұқа дейді зорлығы.
Жынын жібер үйренсе,
Әдейі қылған зорлығы.

Қобыз, домбыра, асамен
Бақсы бірге сарнайды.
Ойын-күлкі тамашамен
Қыз бен жігіт жинайды.

Темір жалап қызартып,
Түкситіп көзін сазартып.
Қолдарын сілтер ұзартып,
Жындарын мақтап, тазартып.

Құмалақшы, жауырыншы,
Жайшы менен тамыршы.
Бақсылар көп әлінше
Бәрі жеңге әмірші.

Қара тасты қақ жарар,
Дүз-өй дейді тас қират.
Жер мен көктен бір қарар
Бұған тұрмас жын шыдап.

Жындар қашып жоғалар,
Дүз-өй дейді жарғышы
Бақсының тілін құп алар
Жындарды қағып алғышы.

Отқа көсіп құр қолын
Сілтесе, қолы тіледі.
Таң қалғандай бір порым,
Жалғыз бақсы біледі.

Жабықты қолы тыңдамас.
Сілтесе қолын жеңге мас.
Түрлі-түрлі жыны бар,
Түрлі-түрлі аты бар,
Түрлі-түрлі заты бар.

Жындыдан жыңды жын қуар.
Зіркілдейді бура жын,
Кісінейді айғыр жын.
Күжілдейді бұқа жын,
Бақылдайды теке жын,
Соғып кетер пері жын.

Құян дейді кәрі жын,
 Падиша жын, кемпір жын,
 Айта берсем, бәрі — жын.
 Жұрт бұзылар өтірік үшін,
 Өтірікшінің өтірігі шын.
 Әлде шайтан, әлде жын,
 Әлде өтірік, әлде шын,
 Бірі өтірік, бірі шын.
 Шыны өтірік, өтірігі шын.

Бірінен бірі өткен, әртүрлі нәрсені қару еткен бақыстар жындарын шақырып, үйді басына көтеріп, ойнап жөнеледі.

«Бұларға да бір тамаша көрсету керек», — деп, бұларға Алдар мен шайтандар да араласады. Қызған темірді жалайтын бақыстар темірді тілдеріне жақындата бергенде, бұлар темірді шындап басып жібереді. Тілдерін күйдіріп, ойбай салып, қобызын лақтырып, олар жөнеледі. Қарнына пышақ тығатын бақыстар қарындарына пышақ тыққанда, пышақты шындап басып қалып, қарны жарылып, олар жөнеледі. Жұртқа көрсететін тамаша өнері жоқ құр секектің бақыстары болса, оларды бір-біріне қағыстырып, бастарын жарып, оларды қуады. Құр сарнаудың бақысы болса, жын шақырып, сарнап отырғанда, қарауға болмайтын пішінмен олардың көздеріне көрініп, жүректерін ұшырып, оларды тайдырады. Ақыр аяғында бақы атаулыдан жан қалмайды. Әр жерде домалаған қобыз, саймандары ғана қалады.

Бақы біткеннің бәрі қашып кеткенде, қара көсеуді қобыз қылған бір кемпір қашпайды. Хан ордасында көп бақыдан жалғыз сол-ақ қалады. Алдар мен шайтандар мұны да қууға әртүрлі әрекет істейді. Бірақ оларына кемпір көнбейді.

Ұзын емес арбаңдар,
 Шабан емес борбаңдар.
 Жүгіре басып, жорғаңдар.
 Тайпала басып, шойнаңдар.
 Дым пішіні сұп-суық,
 Жалмауызға жұп-жуық.
 Қарға тұмсық мұрыны,
 Келе алмайтын жан жуық, —

деген, Құдай атқан, кенеп шалбары бұтына қатқан, бір қу мыстан екен. Аузынан көбігі бұрқылдап, «Сөйле», — деп, көсеуін жұлқылап, көзінен от шашып:

— Әй, Алдар! Әй, Түлен мен Құлан! — деп, сарнап қоймайды.

Мыстан кемпірдің сырды ашқанын Алдар сезеді. Сезеді де, кемпірдің көзін жоғалтудың амалын істейді. Түлен-Құланмен ақылдасып жіберіп, дию-перінің пішініне ене қалады. Диюды көрген қазақ бір жерде отыра ала ма — айнала қоршап отырған жұрт, «байтал түгіл, бас қайғы»,

үрейлері ұшып, қаша жөнеледі. Кемпір үйде жалғыз қалады. Айналасына қараса, үйде бір адам жоқ. Ойнақтаймын деп, қаны кепкен кемпір жүгіріп, ханның қара сабасына барады. Иінінен келіп, ашып тұрған сабаны пісіп-пісіп жіберіп, ішем деп жатқанда, арт жағынан Алдар келіп, екі аяғынан көтеріп, сабаға басын тыға қояды. Кемпір тұншығып, «қор-р-р-қ» деп, жанын жәннемге⁷³ тапсырады.

Сырларын ашып қоятын кемпірді сабаға тығып өлтіріп, Алдар, Түлен-Құлан шат болып, жөндеріне кетеді. Көп уақыт өткесін баяғы қашып кеткен жұрт арттарынан ешкім қуа қоймағасын көңілдерін тоқтатып, біртіндеп ордаға жақындап, ақырында үйге кіреді. Үйге кірсе, кемпір жоқ.

— Ойбай, ол сиқыршы қайда кетті? — деседі. Іздеп, кемпірді таба алмайды.

— Бақсы ойнатсақ та, өлтірушіні біле алмадық. Енді не істейміз? — дегісіп, хан ордасына жиналып отырады. Біраздан кейін хан қымыз сұрайды.

Қымыз құюға барған келіншек сабаны ұстай беріп, «Көтек!» деп, үйден қаша жөнеледі.

Жұрт бұған таңғалысады. Келіншектің көтегіне, қаша жөнелу себебіне түсінбей, бір-біріне қарайды. Ақырында, ханның бір қазысы сабадан шығып тұрған екі аяққа көзі түсіп:

— Пері-пері! — деп, бұ да тұра жөнеледі.

Жұрттың бәрі елеуреп, сабаға қарайды. Сабадан шығып тұрған екі аяқты көріп, бірқатары қаша жөнеледі, бірқатары қашу-қашпасын білмей тұрып қалады. Батырлау біреуі жүгіріп барып, кемпірді суырып алады.

— Ойбай, сиқыршы кемпір! — дейді тұрған жұрт.

Хан бұрын баласына қайғырса, енді баласының күйігін ұмытып кетіп, кемпірдің қайғысына түседі. Бетін басып, еңіреп отыра кетеді. Кемпірдің дәудей-дәудей жеті баласының қылышы көз алдында ойнайды. Басының енді кеткенін біледі.

— Еу, жұртым! Менің басым енді жұтылды ғой. Кемпірді шақырып әкеліп, өлтіріп алдым. Кемпір өзі өлді дегенге мұның жеті дәу баласы тіріде нанбайды. Менің басымды кеспей, олар тынбайды. Енді не істеймін? Қазыларым, не ақыл айтасыңдар? — дейді.

Қазылар ақыл ойласады. Ісінің қиын екенін біліп, бастарын шайқасады. Әртүрлі амал-айланы ойластырып, бәрі мүлгуге кетеді.

Шайтан мен Алдардың айтысқан сыры

Түлен, Құлан, Алдар — үшеуі жортып жүріп, бір жерге келіп демалады. Демалып отырып, әңгімелеседі.

— Дүниеде біздей жан болсайшы! Еш нәрседен қорықпаймыз, дегенімізді істейміз, — дейді Алдар шайтандардан сыр ұрлағысы кеп.

⁷³ Жәннем (Жаһаннам) /а/ — діни ұғым бойынша, күнәға батқандар дүние салғаннан кейін баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады деген түсінік бар.

— Айта көрме. Еш нәрседен қорықпаймызың не? Біріншіден, Құдай қазақтың қамшысынан сақтасын. Екіншіден, инедей жердің тікенінен сақтасын. Бұларды көрсек, көрінім жерден қашып жүреміз. Кәпірдің бетін аулақ қылсын! — дейді Түлен мен Құлан отырып.

— Жарайды, сабаздарым, — дейді ішінен Алдар.

— Әлде сен еш нәрседен де қорықпайсың ба? — дейді шайтандар отырып Алдарға.

— Айта көрме, ойбай! Қорықпайдың не? — деп, Алдар ыршып түседі.

— Неден қорқасың?

— Ойбай, айтуға да қорқамын.

— Қой, айтудан қорыққаны несі?

— Ирендеген қазы дегеннен, кірпі сияқты қарындаған май дегеннен, одан кейін қара торсықтағы қымыз дегеннен жаман қорқамын. Кәпірдің беттерін аулақ қыл деп, солар бар деген жерден күндік жер аулақ жүремін. «Жарайсың, сенің де сырыңды білдік» дейді шайтандар ішінен.

Біраз отырып демалғаннан кейін шайтандар тұрып, жүрейік десе, Алдар тұрмайды.

— Мен жүрмеймін, — дейді.

— Неге?

— Ортамызда бір ала қап бар. Екеуің кезек-кезек арқалайсыңдар. Мені өздеріңдей санамайсыңдар. Әлі қазақ қой дейсіңдер. Бұларың мені қорлағандарың. Сондықтан сендерге жолдас болмаймын, — дейді Алдар теріс қарап.

Шайтандар біріне-бірі қарасады. Сыбырласып сөйлеседі.

— Ала қапты оған беріп қою да қатер.

— Е, не қылар дейсің? Бір әумесер ғой.

— Дегенмен сырын біліп қойса қайтеміз?

— Е, қайдан білетін еді, берелік. Сорлы өзіне-өзі тілеп алды ғой, арқаласын да жүрсін, — деседі.

— Сорлы, тілеп алған өзің, біз сені аяп едік. Өкпелегенің осы ала қап болса, мә! Арқалай ғой, — деп, ала қапты Алдарға береді.

Ала қапты арқалағасын Алдар «Құдай берді» деп, қапты ауырсынған болып, ештеп артта қала береді. Ала қаптың ішіне дүниенің жиязы сиятынын Алдар біледі. Бір байдың бүкіл жиязын сол қаптың ішіне салып жібергенін Алдар бірде көзі шалып қалған.

Алдар қапты ауырлағансып артта келе жатып, көп тікеннің ішіне кіріп кетеді. Тікеннің ең қалың деген жеріне келіп: «Жатар болсаң, жат, Алдар», — деп, жатып алады. Біраз жер жүріп барып, шайтандар артына қараса, Алдар жоқ. Адасып қалды ма деп, айғайлайды, Алдарды шақырады. Бірақ оған жауап берер Алдар жоқ. «Тапқан екенсің қап арқалайтын ақымақты», — деп, ол жата береді.

Шайтандар олай-бұлай кезіп жүріп, қапты астына басып жатқан Алдарды көреді. Қасына келейін десе, айналасының бәрі — тікен. Жоларлық емес.

— Ау, Алдар! Шаршап қалғаның ба? Мықтысынғаның қайда? — деп айғайлайды. Алдар үндемейді. «Бұл ұйықтап қалған болар», — деседі. Дауыстары жер жарып, айғайласады. Бірақ Алдар үндемейді, Алдардың алдағанын, алдап, ала қапты алғанын шайтандар енді сезеді. Алдарды алдауға әртүрлі айла жасайды. Бірақ Алдар оған болмайды.

— Енді не істейміз? — дейді Құллан.

— Мұны Түлен түрткен екен. Енді қазы мен майды әкеліп, айдап шығамыз, — дейді Түлен.

Сөйтеді де, екеуі бір ауылдың майын, қазысын, қымызын жинап келіп, Алдарға лақтырады.

— Алла, сақтай гөр, — деп, Алдар секіріп түсіп, лақтырған май, қазы, қымызды қасына үйіп алады.

— Лақтыра түс, орнынан қозғалды, — дейді екі шайтан біріне-бірі Алдардың секіргенін көріп. Сөйтеді де лақтыра түседі. Лақтырған сайын Алдар секіріп түсіп, айналасына жинай береді. Сөйтіп Алдар екі жылдық азық жинап алады.

— Әй, бәлем! Осы жерден сені өлтірмей кетсек, — деп, шайтандар жатып алады.

— Жатыңдар, бәлем, жатыңдар, — деп, майды, қазыны күйсеп, қымызды ішіп, Алдар да жатып алады. Өтірік болса, жаны шықсын, жұрттың айтуына қарағанда, Алдарды аңдып, шайтандар екі жыл жатыпты. Мойындары ырғайдай, биттері торғайдай болып, азып-тозып бітіпті. Алдар болса, күн санап семіріп, күбідей болыпты. Ақырында екі шайтан:

— Алдар деп бұл қазақ мұның атын білмей қоймаған болар. Алдар десе алдар екен, тағы да алданбастан енді жөнімізге кетелік, — деп, жүріп кетеді.

Қойшы мен шайтан

Ерте, ерте, ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда бір қойшы көп жылдар бойы байдың қойын бағыпты. Ешбір ақы ала алмаған соң, байдың қорлығынан өлетін болған соң, бір күні түнде қойдың ішін қорып жатып, еліне қашып кетеді. Оны ешкім білмейді. Ертеңіне оны тек жоқтап қояды. Артынан аз уақыт іздейді, бірақ таба алмайды.

Қойшы сол кеткеннен бір айлық жердегі еліне бет алып, жүріп отырады. Бірнеше күн жүрген соң бір ауылдың шетіне келіп, түн болған соң шеттегі бір кішкене үйге қонайын деп кіреді.

Үйге кірсе, үйде қарт пен кемпір тұрады екен дейді. Үйі әрі тар, әрі кішкентай болады.

— Ата, өте алыстан келемін, қонуға бола ма? — деп, қойшы ұлықсат сұрайды. Шал күрсініп:

— Үйіміз тар, өзіміз шақ отырмыз. Бұдан басқа бір кең үйім бар еді, онда қазір шайтандар бар. Қысы-жазы содан шықпайды, жазда пішенімізді шауып береді, қызметімді бітіреді, ал қыста қарымды күрейді.

Күнде «Қызмет тауып бер», — деп, мазамды алады. Енді басқа бір үйге қонасың ғой, шырағым, — дейді.

Қойшы бір қызығын көргісі келіп:

— Атеке, ол үйіңе мен жатайын, талай рет шайтанмен жолдас болғанмын, — дейді. Қарт «шайтан бар» деген үйіне қойшыны кіргізеді.

Қойшы кіріп, үйдің төріне орналасып жата бергенде шайтандар жан-жағынан қойшыны кидірмелеп:

— Қызмет бер, қызмет бер, — деп, маза бермейді. Қойшы барлығына бұйрық беріп:

— Таң атқанша терезенің алдынан бір үлкен үй тұрғызыңдар, үйдің алды көл болып, онда қаздар жүзіп, айнала ағаш өсіп тұрсын, — дейді.

Шайтандар түн ортасы болмай-ақ қойшының тапсырмасын орындап тастап, тағы маза бермейді. Қойшы мазасын ала берген соң шайтандарды жинап:

— Кәне, барлығың мына пештің ішіне қой болып кіріңдер де, үндемей жата қалыңдар, — дейді. Шайтандар пештің ішіне кірген соң пештің аузын да, тұрбасын да үлкен таспен бітеп қояды. Шайтандар шыға алмай:

— Тоқта, сен қашан қой баққаныңда бір кездесерміз, — деп, ұйқыға кіріседі.

Таң атқан соң қойшы шалмен қоштасып, жолға шығады.

Қойшы бірнеше күн жол жүріп, туған еліне келеді. Әке-шешесі қуанып, той жасайды. Бірақ кедейлік қойсын ба, қойшы сол жердегі бір байдың қойын қыста далаға бағып шығуға екі қозылы қой, бір қайыс етік, бір шекпен киімге жалданады.

Күндерде бір күн қойшы қойларды қар астындағы тебінде жайып жүрсе, баяғы бекітіп кеткен шайтандары келіп, қойшымен амандаса бастайды. Қойшы бір құшақ қамысты алып жіберіп, өртей бастайды. Шайтандар қорқып кетіп:

— Ойбай, не істеп жатырсың? — дейді. Қойшы:

— Сендерді алтындарыңды тауып бермейді деп, өртейін деп жатырмын, — дейді.

Зәресі кеткен шайтандар:

— Ойбай, өлтірме, қазір алтындарымызды әкеліп берейік, — деп жалынған екен дейді.

Қойшы отты сөндіре қояды. Көп кешікпей шайтандар да алтынды алып келіп, қойшыға табыс етеді. Қойшы алтынды алып, шайтандарға қош айтысып қала береді.

Қойшы алтынды даладағы бір иесіз үйге сақтап, байға жұдырықтайын әкеліп көрсетеді. Өмірінде алтын көрмеген бай қойшыға:

— Маған алтыныңды сат, — дейді. Қойшы:

— Төрт жүз қойға ал, — дейді. Бай қойын беріп, алтынды алады. Екінші күні әуелгіден көбірек алтын әкеліп, байға тағы көрсетеді. Бай оны да қойшымен келісіп, жалғыз арғымағына алады. Үшінші күні қойшы бір торсық алтын әкеліп, байға көрсетеді.

Бай ол алтынды жалғыз қызына сатып алып, қойшыны өз алдына отау етеді.

Күндерде бір күн қыс өтіп, жаз да шығады. Қойшы байдан тиесілі қойларын, заттарын алып, қалған алтыны мен алтынға алған қойларын алып, өз алдына үй болып, шаруашылық құрады. Үрейі ұшқан бай қойшыдан қорқып, іргесін аулақтата береді.

Шал Шияз

Бұрынғы заманда бір үлкен теңіздің жағасында кемпір мен шал тұрыпты. Бұлардың мал дегенде бір сауулы ешкісі һәм бір балық ұстайтын ауы болыпты. Шалдың аты Шияз екен. Шал аумен балық ұстап жүргенде, кемпір ешкіні бағып жүріпті. Ешкінің сүті мен балық бұлардың бар қорегі болған екен. Кемпір мен шал әр уақытта бір тұлкіден қорлық көріп жүріпті. Шал Шияз қалай теңізден ау салып, балықты суырып алса, судың жағасына тұлкі келіп, мұның балығын тартып жеуші еді. Тұлкі өзінен күштірек болған соң шал Шияз мұны жеңе алмай жүріпті. Тұлкіден басқа кемпір-шалдың Ботагөз деген бек күшті, мінезі жаман алып дұшпаны болыпты. Ботагөз алып шал Шияздың үйінің қасындағы бір үңгірде тұрып, кісінің етін жеп тұрушы еді. Сақтап қойған кісінің еті таусылғанда, Ботагөз алып қасындағы аймақтан балаларды һәм кемпір-шалдарды жиып әкетеді екен.

Бұл алыптан бір айламен құтылудың амалын ойлаған шал Шияз өзінің кемпіріне былай дейді: «Кемпірім, Ботагөз алыпты қонаққа шақырайын деп едім, ешкіні союға маған болыс. Әрдайым Ботагөзден қорқа бергенше, мен мұнымен соғыс салайын деп тұрмын», — дейді. Жалғыз ешкісін қимаса да, кемпір байғұс шалдың айтқанынан шықпапты. Кемпір-шал үш күнде ешкісін әрең-пәрең жығып сойыпты. Шал ешкінің ішек-қарнын һәм миын саз балшыққа көміп, үстіне топырақ жауып қойыпты. Мұнан соң шал Шияз Ботагөзді қонаққа шақырған екен. Ол мұның үйіне келіпті. Үйдің тұсында Ботагөзді ешкінің етімен сыйлап болған соң шал Шияз:

— Күш салыстырмақ үшін әуелі жердің ішек-қарнын, одан соң миын шығарайық, — депті.

Ботагөз ашу шақырып, бар күшімен жерді тепкенде, белуарына шейін жерге кіріпті. Сөйтсе де жердің ішек-қарнын шығара алмапты.

— Кәне, мен қимылдап көрейін, — деп, шал Шияз саз балшықтың үстінде тұрып, жерді теуіп, белуарына шейін балшыққа еніп, ешкінің ішек-қарнын суырып алғанда, мұның күшіне алып аң-таң қалыпты.

— Енді жердің миын шығарайық, — деп, Шияз айтқанда, Ботагөз бұрынғысынан да жаман ашуланып, жерді тепкенде, жерге белуарынан жоғары еніпті. Сөйтсе де, жердің миын шығара алмапты. Сонда шал Шияз жерді теуіп, алыптай болып жерге еніп, саз балшықтан ешкінің миын суырып алыпты.

— Мінеки, жердің миы. Ботагөз, менің күшіме разысың ба? — депті.

— Рас, сен күштісің. Кел, ағаш жұлысайық, — дейді. Бұған алып:

— Жарайды, — деп, шал Шияз жауап қайтарады. Ботагөз жүгіріп барып, бір емен ағашты тамырымен қопарып, жеті таудан асырып лақтырып жібереді. Шал Шияз бір үлкен еменді құшақтап тұрып айтады:

— Бүгін мен күшімді көрсетемін. Ал, Ай, аузың бұзылмасын, Күн, көзің шықпасын, — дейді. Мұндай сөздерден қорқып, Ботагөз жүгіріп келіп, шалдың аяғына жығылады:

— Еменді лақтырма, Ай мен Күнді жаралайсың, — дейді. Ботагөз алып: «Шал Шияз бір күшті адам екен ғой», — деп ойлап: «Кел, екеуміз өле-өлгенше дос болайық», — депті. Шияз:

— Жарайды, дос болсақ, болайық. Сен тағы да жақын арада маған қонаққа кел, — дейді.

Ботагөз үйіне кеткенде шал Шияз қылған айласына қуанып, қатынына айтады:

— Кемпірім, алыпты тағы да қонаққа шақырдым. Бұл жолы бұған мұндай қорлық істемеймін. Алып келе жатқанда, мен өтірік ұйықтап жатайын, ол үйге енгенде мені оята баста, — дейді.

Не қадар⁷⁴ уақыт өткен соң Ботагөз қонаққа келіп, кемпір-шалдың үйіне әрең-пәрең сыйып, басы шаңырақтан шығып отырады. Кемпір шалды оятты:

— Шалым, саған достың қонаққа келді. Мұны немен сыйлаймыз? — депті. Шал:

— Басқа алыптан бас қалған, соңғы алыптан төс қалған, соны жиып ас. Егер де бұл аз десек, осы отырған алыптың өзін ас, — депті. Мұндай сөзден Ботагөз қорқып, шал мен кемпірдің үйін көтере қашыпты.

Ботагөз алып көзі қараған жаққа қашып бара жатқанда бұған жолда бір тұлкі кез келеді:

— Сен қайда кетіп барасың, Ботагөз? Сен де біреуден қорқады екенсің-ау. Маған айтшы, басыңа не күн туды? Мен саған бір қызмет қылайын, — депті.

— Ой, қарағым, тұлкі, менен де күшті адамдар бар екен. Айтшы, қарағым, қалайша, қайда барып шал Шияздан құтылам? Мені ол өлтіреді ғой, — дейді. Ботагөз:

— Шал Шияздың күші жоқ, мен оның әр уақытта балығын тартып жеп тұрған едім. Мен оны жығып берейін, — дейді бұған тұлкі.

— Қой, тұлкішім, қой, сен оған пар болмассың, — депті алып.

— Бекер айтпаймын, егер де маған нанбай тұрсаң, менің құйрығымнан мықтап ұста, мен алдап бара жатқандай болсам, маған не қылсаң да, ықтияр сенікі, — дейді, тұлкі. Ботагөз алып тұлкіге еріп, кемпір мен шалға қарай жол тартты. Кемпір мен шал сынып қалған үйінің оны-мұнысын жиып жүріп, бұларды көреді. Шал:

— Тәңір жарылқасын сені, қарағым, тұлкішегім, Ботагөзді алдап әкелдің бе? Ұста, мен оны отқа салайын, — дегенде, Ботагөз бек жаман

⁷⁴ Қадар /а/ — аз; кішкентай ғана.

қорқып: «Түлкі мені шалдың қолына ұстап бергелі жүр ғой», — деп ойлап, мұны құйрығынан алып жерге бір қойғанда, түлкі өліп кетті. Ботагөз жеті жылда қос атпен бара алмайтын жерге қашып кетеді.

Осылайша кемпір мен шал Ботагөз алып пен түлкіден құтылыпты.

Еріксіз балгер

Ілгергі заманда бір шал өмір сүріпті. Оның бір жас қатыны бар еді. Ол қатынның ойы шалдан шығып, бір жас жігітке тимекші еді. Бір күнде-рі шал қатыныменен моншаға барады. Моншада өздерінің үстіне қатық жағып, жалаңаштанып отырған уақытта бір жігіт келіп: «Патшаның балгерінің қатыны келеді, моншада адам болса, шықсын», — дейді. Сөйтіп бұларды қатық сұрткен бойынша жуындырмастан моншадан айдап шығады. Үйге келген соң ыза болғаннан қатын шалға айтады:

— Дүниеде патшаның балгері зор екен, сен бал үйреніп, патшаға балгер бол. Болмаса, сенен шығып, патшаның балгеріне тиемін, — дейді. Қарт ешқашан бал аспаған, мұндай кәсіпті еш білмейді екен. Қатынының бұл сөзіне қайран болып, амалсыз бір ағашты жонып, бір жағын — қызыл, бір жағын — қара, бір жағын ақ қылып, бір қоржынға ескі жазуы бар қағаздарды салып базарға келеді. «Мен — балгермін», — деп, әркімнің жоғалған нәрсесін әлгі төрт қырлы ағашты тастап, соған қарап, көңіліне келген сөздерді айта салса, әлгінің нәрсесі табылатын болады. Бірнеше күн осы әдетпенен базар басындағы адамдарға «Пәлендей қарт адам балгер екен» деген сөз жұртқа жайылады. Сол уақытта патшаның бір жерге жіберген адамдары ол жерден көп пұл алып келе жатып, бір қашырға артқан алтынды қашырыменен жоғалтып келеді. Қай жерде қалғанын білмейді. Бұл іске патша барша балгерді жиып, бал аштырады. Бұлардың ешқайсысы таба алмайды. Сол уақытта бір адам келіп, патшаға:

— Жақында бір балгер шығыпты, айтқаны ешбір қатесіз шығады екен, — депті. Патша жасауыл жіберіп, әлгі шалды алдырып, шалға:

— Менің бір қашырым жүгімен жоғалды, соған бал ашып, тапқын, таппасаң, басыңды аламын! — депті.

Шал байғұс қорыққаннан төрт қырлы ағашын алып, ақ киіздің үстіне домалатып тастап, ағашқа қарап, біраз отырып, басын көтеріп, жасауылдардан:

— Шаһарға жететін күні жолда тоқтап па едіңдер? — деп сұрайды.

Жасауыл:

— Жол үстінде жоңышқалы шарбаққа қашырды жайып, оттатып, біраз отырып едік, — дейді. Оны естіген шал: «Ол жоғалған қашыр оттап, бөтен шарбаққа өтіп кеткен шығар, кешеден бері аунап, жүгі ауып қалған шығар», — деп ойлап, соны көңіліне демеу қылып, патшаға:

— Сол күнгі жайылған шарбақтың ар жағында бір шарбаққа өтіп, жүгі бауырына түсіп тұр, адам жіберіңіз, алып келсін, — депті. Патша адам

жіберсе, айтқан жерде жүгі бауырына түсіп тұрған екен, тауып алып келеді.

Патша әлгі шалға көп сыйлық беріп, қырық балгерінің ішіне қосып қояды. Бір уақытта патшаның қазынасына ұрылар кіріп, бір қап ділдәсін алып кетіпті. Патша қырық балгерінің бәрін шақырып: «Бал ашып, ділдәні табыңдар», — деп жарлық қылады.

— Егер тапшасандар, бәріңді қырамын! — дейді. Олардың ортасынан баяғы балгер шал патшадан қырық күн рұқсат сұрайды.

— Қырық күннің ішінде таба алмасақ, бәрімізді қыр, — дейді. Әлгі шал базардан қырық күндік ауқатын сатып алады және қырық өрік сатып алып, үйіне келеді. Қатынына:

— Сенің көңіліңде мен өлсем, бір жас жігітке тисем деген ойың бар еді. Енді тілегіңе жеттің. Патша қырық күннің ішінде ділдә табылмаса, өлтіретін болды. Мен бір ауыз бал ашуды білмеймін, сенің зорлығыңнан болып еді, енді мен саған разы болайын, қырық күнге шейін менің көңілімді аула, — депті.

Бұл патшаның қазынасын ұрлаған қырық қарақшы еді. Бастығы бір шолақ адам еді. Ол «жаңадан бір балгер шығыпты, қырық күннің ішінде ұрыларды таппақ болыпты» дегенді естиді. Кеш болған соң қырық қарақшының бастығы бір адамын шақырып алып:

— Барып, балгер молда не іс қылып отырғанын байқап кел, — деп жібереді. Ол адам сырттан келіп, тың тыңдап отырса, шал орнынан тұра келіп, өріктің біреуін қолына алып, жемек болып, қатынына:

— Ей, қатын, қырық еді, бірі келді, — дейді. Сонда тұрып тыңдаушы: «Өзімнің келгенімді, біздің қырық екенімізді білген екен», — деп, қашып жолдастарына барады.

— Мен барысыменен балгерің «қырық ұрының бірі келді» деді. Өзіне барып жалынбасақ, мұнан құтылып болмас, — депті. Бастығы:

— Сен қорқақ едің, ол басқаны айтқанын сен өзіңе жорыған шығарсың. Ертең саған біреу қосылып барсын, — дейді. Ертеңіне екеу болып барып, тыңдап отырғанында шал орнынан тұрып, өріктің және біреуін алып, қатынына қарап:

— Әй, қатын, қырық еді, екеуі келді, — дейді. Мұны естіп, екі ұры «бізді айтты» деп ойлап, қашып барып, жолдастарына көргенін айтады.

Үшінші күні шолақ бастығы екі адам ертіп, өзі келіп байқап отырады. Шал бір өрікті қолына алса, ол өріктің жартысын құрт жеген екен. Қатынына:

— Ей, қатын, бүгін қырықтың үшеуі келді және майыбы келді, — деп, өріктің құрт жегенін айтады. Мұны ұрылар естіп:

— Нақ өзімізді айтты, шолағымызға дейін тапты, — деп, сол жерден шолақ бастығы қосына бір адам жіберіп, бір қалта ділдә алдырып, шалдың есігіне келіп, «сөйлес» қылады. Шал есіктен қарап:

— Кімсіңдер? — дейді.

Бұлар:

– Тақсыр, өзіңіз біліп тұрсыз ғой, патшаның ділдәсін ұрлаған қырық қарақшы біз едік, ділдәдан бір теңге шыққан жоқ. Бәлен жерге моланың ішіне қойдық. Мынау – бір қалта тартуымыз, алып, өзімізге кеңшілік беріп, патшаға айтпаңыз деп өтінеміз, – дейді.

Шал бұлардың сөзін естіп, масаттанып, оларға:

– Мен сол күні сендердің қазынаны алғандарыңды біліп едім, өздерің жарамды жігіт болған соң аяп, өздері келіп айтар деп, қырық күн мәулет алғанымның мәнісі сол еді. Қалтадағы ділдәларыңды қойып, өздерің кете беріңдер, – дейді.

Ертесі күні шал тұрып, ұрылар айтқан молаға барып, ділдәні көріп, онан патшаға барып, мәлім қылады.

– Тақсыр, ділдәңізді таптым, ұрылар ұзақ жерге кеткен екен, табылмады. Ділдә пәлен жерде моланың ішінде тұр, сенімді адамыңызды жіберіп, алдырыңыз, – дейді.

Патша кісі жіберіп еді, айтқанындай, моланың ішінен ділдәні тауып алып келді. Енді патша баяғы қырық балгердің бастығын шақырып келіп, қырық таяқ ұрып, қуып жіберді. Шалға жарлық беріп, қырық балгерге бастық қылады. Онан соң шал үйіне барып, қатынына айтады:

– Енді сенің көңіліңдегі болды. Мені патша балгер басы қылып, жарлық берді. Мұнан былай өлерімізді Құдай білсін, әзір біз үлкен болдық, енді моншаға бара бер, – дейді.

Күндерде бір күні балгер шал моншаға барып, тұла бойына қатық сүртіп, жуынып отырып: «Қандай қылсам, патшадан құтылар екенмін?» – деп ойлайды.

– Тұра тұр, өзімді жыңды қылып, осы қалыбымменен барып, патшаның жағасына жабысып, сүйресем, мені жыңды болыпты деп айдап жіберсе керек. Солай қылып, құтылмасам, амал жоқ, – деп, шал моншадан тырдай жалаңаш патшаның ордасына жүгіреді. Балгер басы шалдың жалаңаш келе жатқанын көріп, патшаның ордасындағы жасауылдар аң-таң болып тұрғанда есіктің алдындағы көлеңкеде отырған патшаның жағасынан алып, сүйрей береді. Патша қорқып, сасып, шалдан құтыла алмай, сүйретіле береді. Балгер шал патшаны ашық жерге алып шыққан кезде патша отырған ашық көлеңке бірден құлапты. Әлгі жыңдылық қылып, патшадан құтыламын ба деген шал мұны көріп, көңіліне мақтау кіріп, жыңдылықты қойып, ай-жай болып, тыншыған соң шал балгерден патша:

– Мұны қайдан білдің? – депті. Шал:

– Мен моншада отырғанда сіз турасында бал ашып көрсем, сіздің отырған төбеңіз құлайын деп тұр екен. Сонан киімімді кигенше кешігіп қалады екенмін деп, тырдай жалаңаш күйімде жүгіріп келіп, сізді орныңыздан сүйреп жүргенімнің мәнісі сол еді, – деп жауап беріпті.

Енді патша бұ шалға бұрынғыдан да ықылас қылып, көп сыйлық беріп, әр уақыт өз алдынан шығармайтын болыпты.

– Мен сендей балгерді өмірі көргенім жоқ, – депті. Күндерде бір күн патша түзге отырғалы далаға шықса, бір ақсақ шегірткені көреді.

Шегірткені ұстаймын деп қолымен басса, шегіртке секіріп түседі. Және ұстаймын десе және секіріп түседі. Үшінші мәрте шегірткені ұстап алады да: «Тұра тұр, балгерден сұрайын, қолымда не бар екенін білер ме екен», — деп ойлап, шалдан келіп сұрайды.

Шал аң-таң болып, не айтарын білмей, енді патшаға тұтылдым деп, өз турасында айтады. Өзін ақсаған шегіртке қылып: «Бір секірдің — құтылдың, екі секірдің — құтылдың, үшіншіде тұтылдың», — дегенде, «Бәлі, шалым, білдің!» — деп, алақанын ашып, шегірткені көрсетеді. Шал мұнан соң патшаға:

— Тақсыр, өзіңізге оңашада айтатын бір арызым бар, — дейді.

Патша алдындағы адамдарды шығарып жіберіп, шалға:

— Не арызың бар, айтыңыз, — дейді.

Сонда шал:

— Тақсыр, мен балгер емес едім, басыма іс түскен соң балгермін, — деп, өткеннің бастан-аяқ бәрін айтып, патшаның көңілін нандырады. Патшаға:

«Тақсыр, мен қызметкер шалыңызды не қылсаңыз да өзіңіз біліңіз» деген соң патша: «Аққа — Құдай жақ» деген, Құдайдың өзі сізді жақсы жолға бастаған екен. Сізді өлгенше бағамын», — деп, бір елдің беретін қаржысын беріпті. «Соны жеп, байғұс ақпейіл шалым, жата бер», — депті.

Бақа

Баяғыда Бақа деген қой аузынан шөп алмайтын бір шал болыпты. Ол шал еш уақытта да бір адамға «Сені ме!» деген сөз айтпапты.

Оның үстіне қыдыру дегенді, көпке қосылу дегенді білмепті. Осы мінезіне қарай Бақаны жұрт келемеждеп «Әулие» деп атапты. Осыдан былай қарай «Бақа» деген ат ұмытылып, «әулие» деген ат тағылыпты.

Бақа бір күні көптің артына еріп қалаға шығып, қаладан қайтып келе жатқанда нөсер жаңбыр жауып, көпшен бірге жолдағы бір үйге қонуға мәжбүр болыпты. Солардың қонған үйіне ел қыдырып, қазақтың қатын-қалашын алдап, сауда істеп, мал тауып жүрген бір бақалшы⁷⁵ саудагер ноғай қонады.

Қонған үйлері бір даукес байдың үйі болса керек. Қасындағы жолдас-тары Бақаны мазақтап «Әулие» деп атап отырғанда, есік жақта отырған шалға үйдің иесі көңіл аудара қоймайды.

Таң атады. Шай ішіліп, жұрт жолға аттанайын деп жатқанда бақалшы ноғай шу шығарады.

— Бір тай⁷⁶ матам ұрланды, — дейді. — Ұры емес. Мата табылғанша осында боласындар, табылмаса, төлейсіңдер. Сендерден басқа алар адамның жөні жоқ, — деп, бұларды жібермейді.

⁷⁵ Бақалшы — уақ-түйек сатумен айналысушы.

⁷⁶ Тай — тең, көлемді бума, байлам.

Әрі керісіп, бері керісіп келгенде, қасындағы жолдастары Бақаны куәлікке ұстап беріп, кеткісі келеді. Сөйтеді де:

— Мынау отырған біздің жолдасымыз — көріпкел әулие, кім алса да, ұры кісіні тауып береді. Таба алмаса — ұрыны жасырғаны. Осы кісінің түп етегінен ұстап, айырылмаңыздар, — дейді.

Бақа ыршып түседі.

— Бай-еке, бұлар қалжың айтады. «Әулие» деп, мені мазақ қылады. Менің ондайлық ешбір өнерім жоқ, — дейді.

Бай отырып:

— Жарайды, әулие болса, ұрымды тауып берер, тауып бермесе, астындағы аты біздікі. Басқаларыңа ұлықсат, — дейді.

Бақа әрі ойбайлайды, бері ойбайлайды. Қисайған бай болмайды. Ақырында: «Матаны алған — сен», — деп, жанжал салады.

— Әй, Құдай-ай! Жасымнан-ақ осы заманның із аңдыған адамдарына жолдас болмасам деп ем, бір түн жолдас болғанда, көрген пайдам — мынау, — деп, Бақа тұтқын болып, жолдастарынан айырылып, жолынан бөгеліп қала береді.

Бай кешке дейін Бақаны әурелейді.

— Жоқты табасың, таппасаң, төлейсің, — дейді. Бақа қарғанып-сіленіп, өлердегі сөзін айтады:

— Әулие де емеспін, матаны да көргенім жоқ, — десе де болмайды. Тінтіп, әрі-беріден соң:

— Сөзге түсінбейтін, кезерген неме екенсің, — деп, бай қамшылап та алады.

Бақа өкінішпен, сөздің жай-мәнісін айтумен құтылмайтынын біліп, құтылудың басқа жолын ойластырады.

Ақырында:

— Жарайды. Мен ұрланған матаны табайын. Кешке бір бөлек үйді маған оңаша беріңдер. Таң атқанша соған түнеймін. Атымды үйдің артына байлап қойыңдар. Таң атқасын жоқтың ізінен хабар етем, — дейді.

Бай:

— Жарайды, — деп, бір үйді оңашалап, кешке Бақаны ішіне кіргізеді.

Бақа олай бір, бұлай бір дөңбекшіп жатып, түнімен өзін әлекке салған халықты да, Құдайды да қарғаумен болады. Таң қараңғысы болды-ау деген кезде сыртқа шығады. Шықса, аты байлаулы тұр екен. Бірақ байда Бақаның қулығындай қулық жоқ па, ер-тоқымын тығып қойған екен. Кедей сорлыда дұрыс ер-тоқым болған ба, ер-тоқым біреудікі екен.

— Тастап кетсем, ұят болар, — деп, ер-тоқымды іздей бастайды.

Ана жерді бір, мына жерді бір қарап жүріп, үйдің жыртығынан шамның сәулесі келіп тұрған бір үйдің желкесіне келеді. Келсе, ішінен күбір-күбір дауыс шығады. Тыңдап тұрса, сөйлесіп жатқан әйел мен еркек екен.

— Құдай, ұрым-ау, ана әулие дегені шын әулие болып, ашылып қалса, не бетімізді айтамыз? — дейді еркегі тұрып.

— Әй, қойшы әрі! Ол қайбір әулие дейсің, жоқты айтқаны несі? Мына

қарашы, шегінен бір сүйемдей жыртып алып едім, өзі сәтен⁷⁷ бе, қалай? — дейді әйел.

— Қанша дейсің?

— Бірталай, бұзылмаған.

— Оны тыққан жеріңнен біреу-міреу тауып алмай ма?

— Әй, Құдай-ай, кім табар дейсің? Шұқыр тастың түбіндегі ағаштың түбін кім қазар дейсің...

Ер-тоқым іздеген Бақа қуанып кетіп:

— Жарайды, — деп, үйге қайта келеді. «Бір сапарға бәледен аман құтылдым», — деп ойлап, тыныш ұйқыға кетеді.

Ертеңіне бай Бақаның бетіне қараса, кешегі Бақа емес. Бақаның көңілі жай, мінезі салмақты болып қалыпты. «Осы Құдай атқанның, шынында да, бірдеңесі болып жүрмегей еді», — деп ойлайды ішінен.

Шай ішіп, жайланып болғаннан кейін:

— Ал, әулие! Көрген-білгеніңнен сөйле! — дейді.

Бақа азырақ назданып отырып:

— Осы ауылдың қатын-қалаштарына дейін қалдырмай жина, — дейді.

Ауыл адамдары жиналып болғаннан кейін:

— Мата алысқа кете қоймаған екен. Қатын-қалаштың істеп жүрген істері болар. Отырған адамдардан сұрастырып көріңіз, бәлкім, өздері де мойнына алар, — дейді Бақа салмақты.

Жұрт біріне-бірі қарасады. Бай отырып:

— Әулие сөзін естіп отырсыңдар ғой, ойнап алғандарың болса, өздерің-ақ айтыңдар, — дейді.

Жұрт бірінен соң бірі:

— Құдай сақтасын. Бес-онды қарамыздың игілігін көрсетсін, — дейді. Соның ішінде бір жастау қатын қызарақтап, Бақаға алақтай береді. Бақа: «Әй, сен қатынсың-ау», — деп ойлайды ішінен.

— Әулие, көріп отырсың ғой! Мына жұрт қарғанып отыр. Енді не айтасың? — дейді бай Бақаға.

Бақа азырақ үндемей отырып:

— Жарайды, олай болса, матаның жатқан жерін өзім-ақ айтайын. Осы ауыл маңында бір шұқыр тас болуы керек. Сол тастың жанында жалғыз ағаш болуы керек. Соның түбін қазса, мата табылар. Бірақ бір сүйемдей жыртылып алынған болар, — дейді.

Мұндай хабарды естіген жұрт отыра ма, шуласып, тұра жүгіріседі. Барып, қазса, айтқанындай, мата шыға келеді. Оның үстіне бір сүйемдей жері жыртылған болады.

Жұрт жағасын ұстап, таңғалысады.

— Мынау нағыз көріпкелдің өзі екен, — деседі.

Матаны алып, жұрт байдың үйіне келеді. Әулиенің айтқаны дәл болғанын айтысады. Баяғы жас қатынның жүзі қуарып кеткенін Бақа көз жіберіп байқайды. «Әй, осы сенсің-ау», — деп ойлайды тағы да ішінен.

⁷⁷ Сәтен — сапалы мақта жібінен тығыз етіп тоқылған жылтыр мата.

Жұрт біраз шуласқаннан кейін манадан бері мата өз ауылының ішінен шыққанға тұнжырап отырған бай:

— Жарайды, әулием! Жоқтың үстінен дәл түстің, мұның жақсы. Енді ұрлаған кісіні айтып бер, — дейді.

Бақа біраз кідіріп отырып:

— Жоқ табылды ғой. Бала-шағаның істеген ісі болар. Ар жағын қазба-лап, біреу-міреуді ұялтып қайтеміз, — дейді.

— Әлде өзің тығып қойып, әулиелік қылып отырсың ба? — дейді бай кекетіп. Осы байдың өзінің қай жағынан шығып кетем деп мүдіріп отырған Бақа бұл сөзге кейіп кетеді.

— Олай болса, жарайды. Бірақ, өзіңізге ұят келіп қалып жүрмесін, — деп, Бақа ептеп басын көтеріп, манағы дүдәмалды әйелге қарайды. Әйелдің көзі тайсалып, жерге қарайды. «Дәл өзі екен», — дейді ішінен Бақа.

— Матаны алған... — деп келе жатқанда Бақаның сөзін бөліп, жігіт ағасы болған бір кісі:

— Біздің үйдегі келініңіз екен, мына ноғайға ерегесіп, тығып қойып жүрген, — деп күңк ете түседі.

Байдың беті көлдей болып, төмен қарайды. Манадан бері алақтап отырған жұрт біріне-бірі пыш-пыштап, теріс қарап күле бастайды.

Матаны ұрлаған байдың інісінің әйелі екен.

II

«Бақа көріпкел әулие екен, жұрт ойнап айтам деп ойлап айтып жүр екен. Сөйтіпті, сөйтіпті, солай болыпты» деген лақап осыдан былай жұрттың бәріне жайылады. Өтірігін қосып, көпірте біреуден біреуге айтылып, Бақаны нағыз Құдайға қол тапсырып келген қылып шығарады. «Әулие» деген ат шыңдап тағылады. Қой ұрланса да, бұзаудың бас жібi ұрланса да, біреу-міреу ұрласа да, жұрт Бақаға шабатын болады. Жұрттың лақабын, нанымын пайдаланып күнін ойлайтын Бақа сияқты адамдар ма, Бақа бәріне де ұрсып жауап беріп, қуып жіберіп жүреді. Кей адамдар «әулие» деген атаққа құштар болса, Бақа тосыннан тағылған атақтан қашып құтыла алмайды.

Күндерде бір күн азуы алты қарыс ел билеген бір бидің жанынан артық көретін, өзі бір түлікке бағалайтын жақсы нары жоғалады. Нарды күні-түні іздеп таба алмайды.

— Нарды алған кісі бір күн ішінде әкеліп, үйімнің маңына тастап кетпесе, түбіне жетем. Ауыл-мауылымен шабамын. Еркегін құл қылып, қатынын күң қылып, Қоқанға айдатам. Заннам⁷⁸ түбіне жіберсе де бәрібір, ол нарды таппай қоймаймын! — деп, жарлық таратса да, нардың із-түзі білінбейді.

⁷⁸ Заннем (Жаһаннам) /а/ — діни ұғым бойынша, күнәға батқандар дүние салғаннан кейін баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады деген түсінік бар.

Ақырында, нардың өз бетімен табылуынан күдер үзгесін бақсы-балгер іздестіреді. Ақырында нағыз көріпкел бір әулие бар дегенмен Бақаға қос ат шаптырады.

— Келсе, алып кел, келмесе, сабап, айдап кел, — деп бұйрық береді.

Бидің жіберген кісілеріне «бәлен-түген» деп, Бақа ергісі келмеген екен, ту сырттан тиген екі қамшының зардабынан:

— Барсам, барайын, — дейді.

Бақа бидің үйіне келеді. Келісімен аттан түсер-түспестен би:

— Солай да солай! Түйемді табасың. Таппасаң, басыңды алам, — дейді.

— Биеке-ай! Елдің келемеж етіп, шашып жүрген лақабы ғой, әулиелік менде қайдан болсын? Мені босқа қыспаңыз, — дейді.

— Қаңғырған шақша бас бақалшыдан менің ауырлығым кем болғаны ма?! — деп, би тұра қамшының астына алады.

Бақа қорыққанынан:

— Құлдық, тақсыр, құлдық. Түйеңізді табайын, — дейді.

— Е, бәсе! Отпағаныңша манадан бері соны айтсайшы, — деп, би ашуын басады.

Бақа баяғысындай түнеуге оңаша үй сұрайды. Аттың үй артына байлануын тілейді.

— Жарайды, — деп, би үйін тігіп, бәрін әзірлеп, Бақаны оңаша үйге кіргізеді.

«Бүйтіп болған әулиелігің құрысын! Әулиелікті шығарған адамдар құрысын!» — деп, Бақа түнімен әулие-әнбиелерді қарғап:

— Енді өлген жерім осы болар! Мазақтың түбі — азап! Азабым осы емес пе? Ел мазағынан өлді деген осы емес пе?! — деп, қорланып, жылап шығады.

Таң қараңғысы болды-ау деген кезде ептеп үйден шығады. Аңдып тұрған адам жоққа ұқсайды.

— Жолым болған-ау, — деп, үй артына келсе, байлаудағы аты жоқ.

— Бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін қоймаған жалмауыз енді менің жалғыз атыма ауыз салдың ба? Жарлының жалғыз атын төлеуге алдың ба? — деп, жылап жібереді.

Бірақ, амал қайсы, аттан айырылса да, «бас — садаға» деп, Бақакең тайып отырады.

Қуғын болар ма екен деп, тұрып-жығылып, қашып келе жатып, қалың қамыс арасына кеп, адасып кетеді. Жол қарастырып жүріп, қамыстың ортасындағы балшыққа кездеседі. Балшыққа батып теңкиіп жатқан бір нәрсені көреді. Жақындап келіп қараса, балшыққа батып өлген бір қара нар екен. «Әй, дәу де болса, осы соның нары-ау» деп, біраз ойланып тұрып, қуанышы қойнына сыймай, бидің ауылына қайта қайтады. Қайтып келіп, білдірместен есікті бұрынғыша жауып, ұйықтап қалады.

Ертеңіне сәске уақытта тұрып, көңілдене, ешбір уайым жоқ, бидің алдына келеді.

— Ал, таптың ба? — дейді би.

— Нарыңыздың табылуы қиын екен. Алыс сапарға кеткен екен, — дейді Бақа.

— Өліп пе? — деп сұрайды би.

— Өліпті, — дейді.

Би сол жерде отырып, боздап тұрып жылайды.

— Түлікке балаған малым еді, — дейді.

«Мал деп құныққан, әй, ит-ай!» — дейді ішінен Бақа.

— Өлтірген кім екенін айт. Аспанға ұшса да, жерге батса да, жоқ қылам! — деп ақырады би.

Бақа тұрып:

— Нарыңыздың ажалы ешкімнен болмапты. Алладан болыпты. Алланың ісіне шара бар ма? — деп, Бақа көңіл айтып, нардың жатқан жерін айтыпты.

Би ат шаптырып, айтқан жеріне барып қараса, айтқанындай, балшыққа батып өлген сол нар екен. Сөйтіп Бақа бұл бөледен де құтылыпты.

— Бүйтіп болған әулиелігің құрысын! Бұған нанған елің құрысын! — деп, Бақа еліне қайтыпты. Басының аманында енді әулиелік құрмасқа ант етеді.

III

Мұндай хабар елде жатқан ба? Қырым мен Қытайға тарап, «әулие» деген атақ жұрттың бәріне жетіпті.

— Солай да солай болыпты. Жарықтық нағыз көріпкел екен. Бұлжытпастан айтып беріпті, — деп, бұрынғы бұрынғы ма, Бақаның әулиелігін көкке жеткізіпті. Елдегі өтірікші қулар ойдан қиыстырып, Бақаның басқа да түрлі істеген керемет әулиеліктерін айтып, қиыстыра беріпті.

«Көріпкел әулие» деген хабарды ханның бір әумесер баласы естіпті.

— Әулиелік ондай адамға қайдан келіп жүр? Мен оның әулиелігін көрсетейін, — деп, жеті жеңдетін шақырыпты.

— Тірі болса, өзін алып кел. Өлі болса, сүйегін алып кел, — деп, бұйрық беріп, Бақаға шаптырыпты.

Жеті жеңдетке Бақа:

— Әулие емеспін. Елдің өсегі, мазағы. Бармаймын, — деп, дәлел айтқысы келген екен.

— Сен оныңды бізге айтпа, хан баласына айт. Біздің міндет — сені өлі болсаң да, тірі болсаң да, алып бару, — деп, ары-бері жондап-жондап, ат құйрығына байлап, алып кетеді.

Еріккен хан баласы әулиені алып келе жатқанын көріп, атқа мініп, алдынан шығады. Жолда келе жатып, тырбаңдап, көлге қашып бара жатқан бір бақаға кездесіп, аттан түсе қалып, қамшының астына ала бастайды. Бақаны бір ұрады, қамшы тимейді, екі ұрады — тимейді. Үшіншіде барып тиіп, тыраң асады. Өлген бақаны тымағымен бүркейді де, әулиенің келуін күтеді.

Аттың құйрығында жетектеліп келген әулиені келісімен жағасынан алып:

— Сен «әулиемін» деп жұртты алдап, әулиенің атын қорлап-ақ болдың. Өлетін жерің енді келді. Алдайтын кісің мен емеспін. Тез айт! Мына тымақтың астында не бар? Тапсаң, жаныңның қалғаны, таппасаң — әулиелігіңмен бірге өңешіңді жұламын! — дейді.

— Дұрыс, шырағым! Менде әулиелік дегеннен түк те жоқ. Әншейін жұрттың келемежі. Мені қинама, шырағым, — дейді, Бақаның көзінен жас егіліп.

— Сөзіңді қой! Мынаның астында не барын айт! Айтпасаң да өлесің. Астында не барын таба алмасаң да өлесің! — деп, ханның баласы тартып-тартып жібереді.

Соққы батқан соң амал бар ма?

— Әй, Бақа-ай! Бұлай бардың — өлмедің, былай бардың — өлмедің, ақырында, енді ажалыңның жеткені ме? — деп, жүрелеп, жылап отыра кетеді. Бақа өзі жөнінде айтса, мұны хан баласы тымақ астындағы бақаны айтып отыр екен деп:

— Апырай, нағыз әулие екенсіз. Мен сізге шек келтіріп едім, онымды кешіріңіз. Тымақ астындағы бақа екенін білгеніңіз білген болсын, менің екі ұрғанымда өлтіре алмай, үшінші ұрғанымда өлтіргенімді қалай біліп қойдыңыз? — депті.

Бақа жоқ жерден ажалдан құтылып, аман қалғанына қуанып:

— Шырағым, бірін білгесін екіншісі өзі білінеді ғой, — деп жауап береді.

Сөйтіп мұны естіген ел тағы да «көріпкел, әулие» деп, жағасын ұстапты.

— Мұндай әулиелігіңнің тұқымы құрысын! — деп, Бақа үйіне қайтыпты.

Халықтың көз жасы

Бір хан өте қатты ауырып, ауруына ем сұрау үшін елін жинайды. Жиналған жұрт сырқатының не екенін сұрайды. Хан:

— Ішкен асым тоқтамайды, күндіз де, түнде де тыныштық жоқ, ұйықтай алмаймын, — депті.

Ханның өзі еліне тізесі батқан қатал, мейірімсіз, елдің тапқан-таянғанын барымталап, жай жатып алған жуан қарын мес екен.

Жиналған көптің ішінен біреу:

— Сырқатыңның емін таптым, мен айтқанды орындасаң, жазыласың, орындамасаң, сырқатыңның беті жаман, өлесің, — дейді.

Хан орындайтындығын айтқан соң әлгі адам:

— Көздің жасымен денеңді сұрт, көзінен жас ағып тұрған адамның көз жасын ал. Ол адамның көзінен жас неге төгіледі екен, оны сұрап, жазып алып отыр, — дейді.

Ханша:

– Сонша көп жас табылар ма екен? – дегенде бір шал:

– Ханеке, көз жасы денеңе жай сұрту тұрсын, шомылуыңа да жетерлік табылар, – депті.

Содан кейін хан көзінен жас ағып тұрған бір шалды шақыртып, көз жасын алады да, неліктен көзінен жас ағатынын сұрайды. Шал:

– Еңбегімді хан қанады, тапқанымды хәм талады. Жылай-жылай екі көзімнен қан тамады. Жасым сел боп ағады, оны тағы хан алады, енді өзіме не қалады? – дейді.

Хан үндемей, жазып алып, тағы бірнеше адамнан жас алады. Соның ішінде бір әйел:

– Ханнан зиян тапқан соң жасым қалай ақпасын? Күйеуім – құлы, өзім – күңі, дамыл таппай, күн мен түн жылаудан бас көтере алмай, соқыр болдық енді, міне, – депті.

Хан тағы жылап жүрген бір балаға кездеседі. Көзінің жасын [алып], неге жылағанын сұрайды.

Бала:

– Әділетті хан бола ма, зар тарттырса жас балаға? Көзімнің жасын тағы алмақсың, дертіңе ем таба алмақсың. Елді жеуден тоймасаң, жебірлігің қоймасаң, дертіңе ем табылмас, өзіңе ел бағынбас, көздің жасын жетерлік көрдің, әділеттілікті ойласаң, – депті.

Сөйтіп хан жүздеген адамның көз жасын сұрап алады, қайсысынан сұраса да, көз жасының көл болу себебі ханның өзінің жауыздығынан екенін көреді. «Көздің жасымен денеңді сұрт» деген адамның айтқаны «Өз жауыздығын өз құлағымен естісін» деп айтылған ем екендігін түсініп, хан өз ісіне өзі өте ұялды дейді.

Алсабермес пен Берсеқоймас

Баяғы өткен заманда «Алсабермес», «Берсеқоймас» деген екі қу болыпты. Біріншісі – бір кісіден алған затын қайтып бермейді екен, сондықтан оны Алсабермес қойыпты. Екіншісі біреуге бір зат берсе, қайтып алмай қоймайды екен. Сол үшін аты солай болыпты. Екеуінің де аты жер жүзіне жайылыпты. Бір күні Бағдат шәрінде Алсаберместі естіп, оған Берсеқоймас бармақ болып, көз жанарын тартарлық етіп, түрлі алтын сапты кездік соқтырады.

– Барып, үйіне қонғанда көрсетейін, сұраса, берейін, – деп, соны алып, бірнеше күн жол жүріп, Алсаберместің үйіне келіп, қонады. Тамақ ішіп-жеп болған соң түрлі кездікті жайып салып, көрсете бастайды. Көріп-көріп, сұрамай қояды. Ертеңіне таң атады. Шай ішіп отырып, әйеліне айтыпты:

– Әй, мен бүгін базарға барып, жөні келсе, бір сиыр сатып әкелейін, – дейді.

Сонымен базарға барады, әлгі қонағы да барады. Барып, базардан бір сиырды сатып алатын болғанда, он тиыны жетпей қалады. Жан-жағына қараса, түнде үйіне қонған қонағы тұр екен.

— Әй, он тиының бар ма? — дейді.

— Бар, бар, — деп, әкеп бере салады. Сонымен сиырды алып, үйіне келеді. Кешке тамақты ішейін деп отырғанда Берсеқоймас: «Ассалаумағалайкүм», — деп кіріп келеді.

— Кел, кел, — деп, орын береді.

— Ал, мен жүремін, әлгі алған он тиының бар ма? — дейді.

— Ойбай-ай, қазір жоқ еді, — дейді.

— О, қиналмаңыз, табылғанда алам, — деп, шығып кетті.

Ертеңгісін шайды алдына ала бергенде:

— Ассалаумағалайкүм, — деп кіріп келді.

— Кел, кел, жоғары шық, — деді. Шайды ішіп болғанда ол:

— Бұйымыңды айт, — дейді.

— Ойбұй-ау, бұйым — өзің алған он тиының бар ма? — дейді.

— Ойбай-ай, жоқ еді, — дейді.

— О, онша сіз қиналмаңыз, табылған күні алармын, — дейді де, кетіп қалады. Түс болады, әйелі шайды әкеле жатып қараса, жүгіріп келеді екен. Оны көріп, әйелі күйеуіне:

— Не болды саған, осы бір ай өте он тиын түгіл, жүз сомның тамағын ішті, — деп ашуланады.

— Әй, олай болса, мен өтірік өлейін. Сен шашыңды жайып, қара киіп, бетіңді қанатып, жылай бер, — деп, төсекке құлап, серейіп, «өліп қалады».

— Ассалаумағалайкүм, — деп үйге кіріп келеді. Қатыны жылап отыр.

— Ой, не болды? — деп сұрайды.

— Көріп тұрсың ғой, күйеуім дүниеден кетті.

— О, олай болса, өзім-ақ тазалап, жуайын да, — деп, киімін шешіп, бір шәугім суды өзі от жағып, қайнатып әкеледі де, шешіндіріп, «бисмилда, оң жақ иығынан бастайын» деп, қайнаған суды құйып жібергенде, тыржың ете қалады. Сонда ақырын:

— Әй, он тиын бар ма? — деп, құлағына сыбыр ете қалады.

Тағы құйса, тағы да тыржың ете қалады.

— Әй, он тиын бар ма? — деп, құлағына сыбыр етеді. Жуып та болады. Несін айтасың, бар денесі күйіп те болады. Ақ шүберекке орап, ел жинап, ауылдан молаға көтеріп те барады. Апарып, ақымға қояйын деп көтеріп қойып жатып:

— Әй, — дейді құлағына, — ал, жан керек пе саған, он тиын керек пе? Он тиынды бересің бе, жоқ па? Бермесең, ал енді көмегіміз. Өлсең де өлдің, өлмесең де өлдің, — дейді.

— Әй, ағатай, өлгенше жақсылық еткеніңді ұмытпайын. Мені көмбе, — дейді. — Қатын келсін, он тиыныңды берейін, — дейді.

Онан соң көрден шығып:

— Ал, сіздер қайта беріңіздер, көмуін өзім-ақ көсем, — дейді. Ел қайтып кетеді.

Қатыны келеді, сонда он тиынды алады да: «Қош, аман сау бол», — деп, Берсеқоймас үйіне қайтады.

Осы хабар елге жайылып, елден алған қарызын түгелдей қайырып беріпті дейді. Сонан бастап «Береген» деген атқа ие болыпы.

Қаңбақшал

Қаңбақшалдың жеңілдігі сондай, жел болған күні ұшарын жел, қонарын сай біледі екен. Бір сайға келіп қонып жатып, бір батырмен кеңеседі, екеуі достаспақ болу үшін ең әуелі күштерін сынасады.

— Мен тепкенде жердің миын шығарам, — дейді шал.

— Қане, тепші, — дейді батыр.

— Мақұл, — деп, бұрыннан жерге көміп қойған құстың үш жұмыртқасын басып қалып, бырс еткізеді.

— Міне, жердің миын шығардым ба? — дейді.

— Сен, кәне, тас лақтыршы, — дейді шал батырға. Батыр лақтырса, көзкөрім жерге барып түседі.

— Мен лақтырсам, ертең осы уақыт әрең түседі, — дейді шал. Тасты лақтырып жібереді. Кеш болып, ұйқыға кетеді. Түн ортасы алдында шал тұрып, малта таспен батырды маңдайға дәлдеп тұрып қойып кеп кетіп, өзі жата қалады. Батыр шошып оянса, шал жатып:

— Кешегі менің тасым ғой, жаңа кеп түскен, — дейді.

Батыр шалды қонаққа шақырады.

— Жүз қой сойсаң, мен тоямын, — дейді шал.

— Менде жүз қой жоқ. Тойдыру үшін емес, дәм тату үшін ғана шақырам, — дейді батыр. Бірер қойын сойып, тамақтанып алып, жатарға таянғанда:

— Мен сыртқа жатам, — дейді шал. Батыр онысын мақұл көріп, төсекті сыртқа салдырып береді.

Шал ел жатқасын орнына тас қойып, өзі тың тыңдайды. Батыр:

— Түбіме осы шал жетпей қоймас. Онан да өлтірейін, — деп, қылышын қайрап алып барып, бір салғанда, қылышы сынып кетеді. Батыр жайғап салған болармын деп, үйіне жайланып жеткен кезде шал тасты лақтырып тастап, өзі орнына жата қалады.

Ертеңінде таңертең ас ішуге батырмен бірге дастарқанға отырады.

— Қонағым, қалай түнеп шықтың? — дейді.

— Арқамды маса шаға бергендей болды, — дейді.

Ертеңінде өз орнына томар қоя қояды. «Қайнаған сумен бырыстырдым» деп, батыр жайланып орнынан тұрса, шал аман екен.

— Қонағым, жақсы ұйықтадың ба? — деп сұрайды батыр.

— Жаңбыр себелеңкіреді, — дейді шал. Батыр шалға ат басындай алтын береді. Шалдың оны көтеріп алып кетуге шамасы жоқ. Онысын сездірмей:

— Сіз де біздің үйден дәм татыңыз, оныңызды сол барғаныңызда ала келерсіз, — дейді.

Өзі үйіне бұрын келіп, қатынына ақылын үйретіп-үйретіп қояды. Батыр келеді. Амандасады. Бәрі жым-жырт отырады. Шал отырып:

— Қатын, қонағыңа қазан ас, — дейді.

— Ет жоқ, немді асайын? — дейді қатын.

— Қара қойдың санын ас, қызыл қойдың басын ас, ол екеуі болмаса, мына батырдың өзін ас! — деуі-ақ мұң екен, батыр қаша кеп жөнеледі.

Төрт ұры

Ертеде бір төрт ұры адам мал, жылқы ұрлап алуға жолаушы болып шығыпты. Біреуінің аты — Қағанақбас, біреуінікі — Шибұт, тағы біреуінікі — Қылкеңірдек, төртіншісінің аты Тұз екен. Қолдарына ештеңе түспеген соң, ақыры жүріп, біреудің бір ешкісін ұстап алып, бір бұлақтың бойына келіп, сол жерде әлгіні сойып, тамақ қылуға асыпты. Шибұт түрегеліп, Қағанақбасқа:

— Сен мына майлы тоқ ішекті қарныменен қоса суға апарып жуып келе ғой, — депті. Қағанақбас барып, ішектерді жуып отырса, оның басына, бетіне шыбын, маса қонып, тынышын алған соң, Қағанақбас ыза болып, қолыменен масаларды қуамын деп, басына салып қалғанда басы жарылып, өліп қалады. Сонан соң Қылкеңірдек Шибұтқа:

— Әлгі шіркін неғып кешігіп кетті? Сен барып оған болысып, жылдам алып келіңдер! — дейді. Шибұт барып қараса, Қағанақбастың басы жарылып, өліп жатқанын көреді.

— Апырай, бұл неғып өлген?! — деп, екі санын екі қолымен салып қалған екен, екі аяғы үзіліп кетіп жығылып, ол да өледі. Біраздан соң Тұз Қылкеңірдекке айтады:

— Әлгілер не болып кешікті, сен барып, шақырып келе ғой, — дейді. Қылкеңірдек барып, олардың өліп жатқандарын көріп: «Ойбай, бұлар неғып өлген?!» деп, қатты «Еһ» деп өңешін тартқан екен, кеңірдегі үзіліп кетіп, ол да сол жерде өледі. Бұл уақытта жолдастары келмеген соң:

— Бұларға не болды? — деп, Тұз өзі барады. Не бетімен қарасын, жолдастарының өліп жатқандарын көріп, не деп айтарын білмей таңғалып, қимылдай алмай қарап тұрса, сол мезгілде қатты жаңбыр жауып кетіп, Тұз сол жерде еріп кетеді. Сөйтіп асқан тамақтары біреуіне де бұйырмапты.

Шынында біреудің адал ақысы арамзаларға бұйырмақ па еді?

Ұрының қолы

Бір ханның қолы ауырып, дәрігерлер:

— Енді қолың жазылмайды, кесу керек. Ал, қолсыз қалғың келмесе, жұртыңды жинап, бір оң қол сұра. Егер оң қолын беруші болса, онда

ауру оң қолыңды кесіп, орнына сала қоярмыз, — дейді. Хан жұртын жинап, дәрігерлердің айтқанын айтып:

— Біреуің жәрдем етіп, оң қолыңды бер, — дейді.

Хан еліне қадірлі, елін жақсы ұстаған адам екен, жиналған халық қол тауып бермек боп тарады.

Хан:

— Қол берушіге жарты дүниемді берер едім, — дейді. Сол елде бір ұры адам болыпты. Ол өмірі еңбек етпей, жалқаулыққа салынып, тек ұрлықпен күнелтеді екен. Ханға уәде берген халық әлгі ұрыны шақыртып алып:

— Ханымыздың қолы ауырып, қолсыз қалғалы отыр. Елімізге жақсы хан еді. Оның кемтар болуы хандығына кемістік келтірер. Дәрігерлердің айтуы бойынша, оның ауру оң қолын кесіп тастау керек, беруші болса, басқа біреудің оң қолы да жарайды екен. Ал сен болсаң, қолыңды еңбекке пайдаланып жүрген жоқсың, құр ұрлықпен елге жексұрын болдың. Сен ол қолыңды ханға бер, хан саған жатып ішуіңе өміріңе жетер мүлік береді, — дейді. Ұры жатып ішер малға қызығып:

— Менің қолымның түрі қара, оның қолы ақ қой, менің қолымды алмас, алса, берер ем, — дейді.

Бұл туралы ханға хабарлаған соң хан:

— Терінің ақ-қарасына қарамаймын, сұрағанын беремін, — деп, көп мал беріп, ұрының қолын алады. Сөйтіп хан қолды болады.

Бір кездері хан қонаққа барып келсе, әйелі оның шешкен киімінің қалтасынан әлгі шақырған үйдің үстелінде көрген ұсақ-түйек заттарды тауып алатын болады. Ханға «қайдан алдың?» десе, хан: «Алғам жоқ, сол үйдің балалары салған шығар», — дейді.

Күндерде бір күн «Хан ұрлық қылатын болыпты» деген өсек дүңк ете түседі. Хан да, ханым да намыстанады. Сонан соң ханша: «Әлде хан шын ұрлайтын болды ма, шынында, жұрттың жоғалтқаны осының қалтасынан шығып жүр ғой», — деп ойлап, хан қайда барса, бірге барып, бақылап отыратын болады. Сол уақытта барған жерде де, өз үйінде де оң қолының тыныш тұрмай, ылғи бірдеңені алып, оң қалтасына салып жүргенін көреді. Алғашқыда ханша тауып алған заттарды да ханның оң қалтасынан алған болатын. Сонан соң ханша ханға:

— Е, жаным, ханзада, жұрттың өсегі рас екен. Өз көзіммен көрдім. Мен оң жағыңда отыр ем, оң қолыңмен жан-жағыңнан нәрсе ұрлап, қалтаңа салдың. Тіпті, менің сол қалтамдағы қол орамалымды да ұрлап, қалтаңа салдың. Мұның не, тегі, қияли шығарсың. Ел ішіндегі дәрежеңнен айырылдың, — дейді.

Хан бұған таңғалады.

— Есің ауысқан шығар. Осынша дәулетіммен неге ұрының ісін қылайын? — дейді.

Бірақ ханша нандырып айтқаннан кейін ойланып отырып, оң қолының өз қолы емес екендігі есіне түсіп, халықты жинап:

— Е, менің құрметті халқым, сендердің ұлы құрметтеріңді қырық жыл көріп ем, енді төрт-бес жылдан бері «хан — ұры» дегендеріңді де естідім.

Бұл сөзді әйелім де айтты. Енді сендерден тілегім сол — мына менің екі қолымды қараңдар, не айырмашылық бар? — дейді.

Жұрт қарап: «Бірі — ұзын, бірі — қысқа. Оң қолың — қара, сол қолың — ақ», — деген жауап айтады.

Хан:

— Жоқ, сендер қолдың ақ-қарасын, ұзын-қысқасын айттыңдар. Бұл дұрыс емес, әуелі осы екі қол екеуі де менікі ме, осыны айтыңдар. Оң қолды қандай адамнан алдыңдар, соны жасырмай айтыңдар, — дейді. Сол жерде жұрт:

— Ойбай, ол оң қолыңыз біреуден алған қол еді-ау!

— Ойбай, оны берген атышулы ұры еді ғой!

— Бәсе, хан ұрлық қылушы ма еді, сол ұрының қолы сізге ұят келтірген екен ғой, — дейді.

Бұдан кейін хан өзінің оң қолын сол қолымен жұлып алып: «Ұрыдан қол сұрама, бұғыдан жол сұрама» деген осы», — деп, лақтырып тастайды. «Ұры қол бір бас тұрсын, екі басқа сыйымсыз» деген мақал осыдан қалған екен.

Қырық ақымақ

Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты. Бай өте сараң екен. Бір малы өлсе немесе жоғалса, тамақ ішпей, жер бауырлап жылаумен болады екен. Байдың қырық баласы болыпты. Бай сараңдығынан балаларының алды қырықтан асқанша қатын әпермепті. Төңірегіндегі ел байды да, қырыққа келгенше қатынсыз жүрген балаларын да мазақ қылысыпты. Байдың қырық ұлы бұл мазаққа шыдай алмай: «Далада жүріп, қоңыз теріп жегеніміз жақсы», — деп, қаңғырып кетіпті. Көздеріне көрінгенді жепті. Ең кішісі бір тасбақа тауып алып, ағаларына бермей жепті. Ағалары оны біліп қойып, кіші інісін сабап-сабап, қуып жіберіпті. Кіші інісі жалғыз өзі келе жатып, бір тастың үстінде қонып отырған үлкен құсты көріпті. Құсты көрген соң ақырын бұғып барып, құстың сирағынан ұстай алыпты.

Құс оны көтеріп, таудың ең басындағы бір үңгірге апарып тастапты. Әлгі үңгірдің ішінде үлкен сандық бар екен, сандықтың іші толған алтын екен. Бала қалтасына ептеп салып алыпты да, сандықты қайта жауып, мақтану үшін баяғы отыз тоғыз ағасын іздепті. Бірнеше күн жүріп, ағаларын тауып, алтынды көрсетіпті. Ағалары:

— Мұны қайдан алдың? — депті.

— Сонау үлкен таудың басында бір үңгір бар екен, үңгірде бір сандық бар екен. Соның іші толған алтын екен. Содан алдым, — депті.

— Сен оған қалай бардың? — деп сұрапты екінші ағасы таңдана.

— Сендерден бөлінген соң бір құс тастың басында отыр екен, соның сирағынан ұстап едім, сол апарып тастады.

— Ойбай, сол құсты табасың ба? — депті үшінші бір ағасы.

— Табамын, — депті інісі масаттанып.

Қырқы да бірдей баяғы құс отырған тасқа келсе, құс сол баяғы орнында отыр екен.

Баяғы әдетінше кіші бала құстың сирағынан ұстапты. Қалғандары бірінің сирағынан бірі ұстапты. Құс бәрін алып ұшып, тауға жақындап қалғанда ең төмендегі үлкені тұрып, айғай салыпты:

— Ей, сандықтың аузы қандай екен?

Сандықтың аузы мынадай екен, — деп, кіші бала екі қолын жайып көрсете беремін деп, құстың аяғынан айырылыпты. Сөйтіп қырқы да құлап өліпті.

Сараңның сазайы

Ілгері өткен заманда Ташкент пен Қоқан аралығындағы шатқал тау бөктерінде Паркент, Заркент деген қыстақта Ішіқара деген бай болыпты. Ол өте сараң болыпты. Сараңдықта Шыршық пен Сыр бойында алдына ешкімді салмапты. Күндердің күнінде бір қойшысының құрып қойған тұзағына жалғыз күшік түлкі түскен екен.

— Түлкі менің жерімнің түлкісі, — деп, Ішіқара бай қойшыдан тартып алыпты. Бай түлкіні алып, Алтынбелдегі тымақ тігетін азғана үй қырғыздарға барыпты. Ішіқара бай қолындағы бала түлкінің терісін көрсетіп:

— Осыдан маған бір тымақ тігіп бер, — депті. Тымақшы таңырқай бір қарапты да:

— Мақұл, — деп келісім беріпті.

Тігінші шебердің тымақ тігіп беруге бірден келісе қойғанына күмәнданған Ішіқара бай: «Түлкім бір тымақ емес, екі тымақ шығар ма екен?» — деп ойлапты да, күшік түлкінің терісін қайтып алып, Созақ аулындағы шеберге апарыпты. Тымақ тігетін шеберге түлкінің терісін көрсетіп:

— Мына түлкінің терісін өзіме лайықтап, тымақ тігіп бер, — депті. Бұл тігінші де таңырқай қарап:

— Болады, тастап кетіңіз, — дей салыпты. Бұған да күмәнданған Ішіқара: «Бірден келісімге кеп, тымақ тігіп бергісі келді, екі тымаққа жететін болар», — депті де, күшік түлкінің терісін одан да қайтарып алыпты. Одан шығып, бай қазақтар көпшілік боп қоныстанған Сәмсерек ауылына қарай жол тартыпты. Ауыл аралап, қона жатып, екінші күні әрең дегенде Сәмсерекке жетіпті.

Сәмсеректегі қалың қазақ арасында бармағынан жез оймақ түспеген, иненің көзінен қыл өткізген, қайшысы тері түгіл қаңылтыр кескен атақты бір тігінші шебер ұстаға келіп:

— Мына түлкінің терісі талай шебердің алақанын жалап, саусағының арасынан сусып өтті. Бұрап, сілкіп, илеуін де көрді. Өзіндей шебердің қолына түссе игі еді деп, мен де тілеуін тілеумен болдым. Бүгін ауылымнан аттанғалы алты күн болды. Шеберлердің біразын ұнатпай, екі күн жүріп, үш күн дегенде саған жеттім. Мына түлкі терісінен үш тымақ етіп тігіп

бер, — депті. Бай абайлап, өз қолымен түлкі күшігінің терісін шебердің қолына салыпты.

Сәмсеректің шебері: «Сараңның сараңы, құдың сұмы, сұмның сұмпа-йысы сен боларсың», — деп ойлапты да, ішінен: «Сенің сазайыңды тарттырып, жылаған, сықтаған, зарлаған, зорлық көрген бейшаралардың кегін сенен қайтармасам, тігінші атым құрысын!» — деп қарғаныпты.

— Мақұл, үшеуін үш күнде бітірейін, — деп, алып қалыпты.

Арада үш күн өткеннен кейін Ішіқара бай тігінші шебердің үйіне келіп, пішіліп тігілген тымақтарды көріп, есі ауып қала жаздапты. Өз басына болжалдап тіктірген тымақтары жас қыздардың қуыршағына лайық өлшеп тігілгендей болыпты да қалыпты. Сараң Ішіқара бай іс-міс жоқ, өз заманының биіне барып, жүгініпті. Билер шабарман, жасауылдарын жіберіп, Сәмсеректің шебер тігіншісін айдап әкеліпті. Билер ақ-қарасын тексеріп отырмай-ақ:

— Мына байекеңнің үш тымағының ақшасын төлейсің, — депті. Шебер:

— Тақсыр, биеке! Былай болған істің мән-жайын сұрасаңызшы, — деп өтініпті.

— Иә, болған істің мән-жайын айта ғой!

— Ішіқара байекең бір күшік түлкінің терісін әкеліп: «Үш тымақ тігіп бер», — деді. Бала түлкінің терісінен үш тымақ шықпайтынына көзіңіз жетіп тұрған болар. Мен өлшеп, піше келіп, бай ұзатылатын қыздарының болашақ ұлдары мен қыздарына қуыршақты да қазірден дайындап беретін шығар деп, үш күн бойы отырып, қуыршаққа шақ тымақ тіктім. Менің сізден өтінішім, мына байдан үш күндік еңбек ақымды өндіріп берсеңіз.

Билер лажсыз бітімге келіп, тігінші шебердің үш күндік еңбек ақысын өндіріп беріпті. Сөйтіп Ішіқара сараң бай сазайын тартқан екен.

Ақылсыздың сазайы

Бұрынғы өткен заманда еңбекті сүймейтін, еріншек, жалқау бір жігіт болыпты. Ол жалқау күні-түні: «Қалай бай боламын?» — деп армандайды екен. Күндердің бірінде ол бір данышпан адамға жолығып, арманын айтыпты. Әлгі данышпан оңай олжа іздеген еріншек жігітке былай кеңес беріпті.

— Бай болу үшін көп еңбек ету керек. Береке деген тауға барасың, ол жерде мол байлық бар, керегінше аласың. Тек қана ақылыңды істете біл, ақыл болмаған жерде байлық та жоқ. Еңбек етпеген жігітке есе де болмайды, — депті.

Данышпанның осы кеңесінің байыбына жетпеген жігіт: «Ал, жолын таптым ғой, енді бай болып кетсем керек», — деп, Береке тауын іздеп, сапарға шығыпты. Мидай дала, шөліккеген сусыз шөл даланы кезіп жүріп, дала сойқаны бір қасқырға жолығыпты.

— Ал, жігітім, жолың болсын! Қайда барасың? — деп сұрапты қасекең.

— Береке тауына бара жатырмын. Байлық, дәулет алып қайтам, — деп жауап беріпті. Мұны естіген қасқыр көк ми жігітке мейірбаншылық еткендей сүзіле қарап, өтініш етіпті. «Күні-түні желе-жортып, сандалмамен жүргенім мынау. Анау-мынау кездеспей, ауым болмай қалса, апталап, он күндеп түк таппай жортамын. Сол Береке тауына менің тілегімді айтып көрші. Менің де несібеме лайықты иелері бар ма екен?» — депті.

Жігіт: «Мақұл», — депті де, жолынан қалмапты. Жол-жөнекей күнге күйіп, беті-жүзі қарауытқан, шөл далада жүрген сақал-шашы ағарған бір шалға кездесіпті. Ол жігіттен:

— Жол болсын! — деп жөн сұрапты.

Еріншек жігіт арманы мен мақсатын айтып, тышқан аңдыған мысықтай тыңдап тұрады. Сол кезде әлгі қария:

— Балам, ана жақта біраз жүзім бауым бар еді, күтімі жетпегендей жөнді өнім бермейді. Соның мән-жайын Береке тауынан сұрап, біле келші, — депті.

Жігіт қартқа өз қолынан беретіндей уәде жасап, бет алған жағына қарай тарта беріпті. Енді біраз жүріп, екі-үш қыр асқан соң аң аулап жүрген патша мен уәзірлерге кездейсоқ тап болады.

Патша ол жігіттің шама-шарқын танып, Береке тауына беттеп бара жатқанын байқағаннан кейін оған қарсы тұра қап:

— Жігітім, тыңда мына сөзімді. Менің аңда жүріп атқан әрбір он оғымның тоғызы босқа, зая кетіп жүр. Соның себебін біле келші, — депті. Жігіт оған да ойланбастан «мақұл» деп жауап беріпті. Ол күн-түн демей ұзақ жол жүріп, арып-ашып, шаршап-шалдығып, әбден болдырдым дегенде Береке тауына жетіпті. Бірақ ол тауда үміт еткен байлықты да, дәулетті де таба алмапты. Адасқан жас балаша еңіреп тұрып, тағы да ілгерілей түсіпті.

Береке тауының бөктерінде төңкеріліп жатқан үлкен бір қара тастың қуысында белі мерткіккен қояндай бүкшиіп отырған бір қартты көріпті. «Енді табатын шығармын», — деп, аузынан сілекейі ағып, шапшаңдай басып, шалдың қасына барып, сәлем де жоқ:

— Ата, мен бұл тауға байлық іздеп келіп едім, байлық түгіл, күн көрісім де қиын болып бара жатыр, — дей келіп, жолда жолыққан бағбанның, қасқырдың және патшаның сөздерін айтып беріпті.

Ол бір данышпан, көреген қарт екен. «Еріншектің ертеңі толмас, жалқаудың жан рақаты болмас» дегендей, қаңғыбас, еріншек жігіттің сұрауларына байсалды түрде анықтап жауап беріпті. «Қасқырға дайын тұрған несібе жоқ, сен құсап қаңғырып жүргенге кез келіп, күші жеткенін бас салып ұстап, жей берсін», — депті.

«Бағбан қарияның жүзім бауының ішіне төрт құмыра алтын көмілген екен. Соған менменсіген бағбан соңғы кезде жүзімдерін жөндеп күтпеген соң жүзім бұтақтары беталды бойлап өсіп кетіпті де, өнім бермей қойыпты. Оған айт, ақылға жүгінсін, мастанбай, менменсінбей, еңбекке жүгінсін», — дейді.

«Ал, патшаға келсек, оның еркек киімінде жүрген бойжеткен қыз баласы бар екен. Ол ертерек күйеуге тисе, тұрмыс құрса, көз жарып болса, ұлды болады. Қызынан туған бала ауы жүргіш, тамаша мерген, атқан оғы айнымай, қатесіз дәл тиетін мерген болады. Енді түсінген шығарсың? Бұл Береке тауындағы байлықты еңбек пен ақыл арқылы табасың. Сенің байлық пен бақытың алдында», — депті шал.

Жігіт:

— Еңбек пен бақыт, байлық алдымда болса, ол табылады екен, оны қайтсем де іздеп табамын, — деп, жүре беріпті. Ақыл парасатпен сөздің мәнін шешкен ол жоқ. Қайтып келе жатып, патшаға данышпан шалдың сөзін айтқан екен, патшаның өзі қыз екен. Ол:

— Бұл сырды сен екеуіміз ғана білейік, басқалар сезбесін. Сен мені әйелдікке ал, қосылайық, — депті. Жігіт оған да болмай, құралақан жайып: «Жоқ, менің іздеген бақытым, үлкен арманым алдымда екен», — деп, қаңғырып жүре беріпті. Онан соң бағбанға кездесіп, есіткен әңгімесін бұлжытпай түгел айтыпты. Оған бағбан:

— Бәрекедді, балам, жөн екен! Жүр, алтындарды қазып алайық, менің ұлым бол, осында қала ғой. Бойжеткен бір қызым бар, соны саған қосайын, — депті.

— Жоқ, байлық әлі алдымда екен, — деп, дүниеге көңілі ауған сорлы жігіт тағы да жол тартып, ілгерілей түсіпті. Ең соңында қасқырға тап болыпты. Жігіт аңқылдап, ашықауыздық жасап, данышпанның сөзін айта бастаған екен, ашығып отырған Қасекең жауаптаспай-ақ:

— Кез келіп, күшім жететін әзірше сен екенсің, — деп, ақылсыз, аңқау, еріншек, жалқау жігітті бас салып, жұлма-жұлма етіп қызыл қанға бояп, мал сойған қасапша боршалап, жей бастапты.

Ақылсыздың мағынасыз өмірі осымен тыныпты.

Шықбермес Шығайбай мен Алдаркөсе

Баяғыда бір Шықбермес Шығайбай деген бай болыпты. Аты өзінің сараңдығынан «Шықбермес» деп аталған екен. Сол заманда Жиренше деген шешен болыпты. Күндерде бір күн Алдаркөсе мен Жиренше екеуі бәстеседі. Жиренше Алдарға:

— Сен, Алдаркөсе, сол Шығайбайдың үйінен тамақ ішсең, қалағаныңды берейін, — дейді.

Содан Алдаркөсе Шықбермес байға жөнеледі. Бір күні үйіне жақындап келіп қараса, үйді айналдыра қамыс төсеп қойған екен. Егер біреу келе жатса, сылдырлағанынан біліп, қылып отырғанын, жеп отырғанын, тамағын жиып қояды екен.

Есік алдындағы қамысты ақырын-ақырын басып, үйге амалдап жетіп, тесіктен қарап тұра қалса, Шығайбайдың бәйбішесі қаз жұлып, күңі — сирақ үйітіп, қызы қамыр илеп, байдың өзі бас үйітіп отыр екен дейді.

Соны көріп алып, Алдаркөсе үйге кіріп келсе, бәрі қолындағыларды астарына тыға қойыпты.

Бай Алдаркөседен жөн сұрайды.

— Жол болсын, Алдаркөсем, қайдан келесің? Не көрдің, не білдің? — дейді.

Сонда Алдаркөсе:

— Бұл күні осы жаққа келе жатқанымда бір жылан көріп, қуып жете алмадым, — дейді. Оған бай нанбайды. Сонда Алдаркөсе растығына ант ішеді:

— Осы бәйбішенің астындағы қаздай, жуандығы өзіңнің астындағы бастай жұлынайын, қазыққа шаншылайын, қызыңның астындағы қамырдай иленейін, жыланның ені күңнің астындағы сирақтай, — деп, ант береді. «Бұл бәрін көрген екен», — деп, әлгілердің бәрін де қазанға салып жатып, байдың айтқаны:

— Піс, қазаным, бес ай, — дейді. Сонда Алдаркөсе екі етігін шешіп тастап, екі босағаға екеуін жіберіп:

— Отыр, к...ім, он ай. Кершабанның терісін келер жылы киейін, — дейді.

Сонан соң үй иелері де, Алдаркөсе де бірін-бірі аңдып, өтірік ұйықтаған болып жатып, үй иелері шын ұйықтап қалады. Оны біліп, Алдаркөсе қазанның ішіндегі етін тойғанынша жеп, қалғанын тығып, қазанға күңнің ескі тері белдемшесін турап-турап салып қойып қояды. «Мұны білсе, маған қастық қылар» деп, байдың қорасына барып, байдың қасқа атына боқ жағып қасқасын жоғалтып, өз атының маңдайына бор жағып қасқа қылып, өзі ұйықтап қалады.

Онан соң бай оянып, қорбаң-қорбаң етіп, үйінің ішін оятып, қазанын түсіріп, жеп қараса, ет емес, белдемше екенін біліп, қатты ашуланады. «Тым болмаса, мұның атын жарып, ит қылып алайын», — деп ойлап, далаға шығып, барып, өз атын жарып тастап, таңертең Алдаркөсені оятып:

— Атыңның ішіне қазық кіріп, өліп қалыпты, — дейді.

Сонда Алдаркөсе «Егер боқ қасқа болса, сенікі шығар, бор қасқа болса, менікі болар» деген соң далаға шығып қараса, өз атын өлтірген екен.

— Япырмай, мұнан қайтып құтыламын? — деп, бай қойға кететін болды. Сөйтіп тұрып:

«Тым болмаса, нанымды алып барып, далада жейін», — деп, қатынына: «Пештен нан шығарып бер», — деп сыбырайды. Оны Алдаркөсе біліп, нанын қойнына тыққан уақытта жүгіріп келіп, құшақтап көріскен болады.

Ыстық нан байдың төсін күйдіргеннен соң:

— Әй, антұрған, осы нанды сен жеші, — деп, лақтырып тастап, қойдың артынан жүре береді. Оның артынан Алдаркөсе келіп:

— Бізінді алып, етігімді тігіп алайын, — дейді.

— Жарайды, — деп, бай жүре береді. Бай дауыс жетер-жетпес жерге барғанда, байдың үйіндегілерге: «Бізбелдікті маған берді», — дейді.

Байдың қызының аты Бізбелдік екен. Оған бәйбіше көнбеген соң, байдың артынан:

— Бізбелдікті бермейді, — деп айғайлапты. Бай жөндеп есітпей: «Беріп жібер құрғырға», — депті. Сөйтіп Алдаркөсе қызды артына мінгізіп, жүріп кете береді.

Сөйтіп бәстескен Жиренше шешенге келеді. Жиренше:

— Сен мені аддасаң, не сұрағаныңды аямаймын, — деді.

— Мені арманыма жеткіз, — дейді.

— Жарайды, — деп, екеуі жүріп кете береді. Жиреншенің аты бар, Алдаркөсе — жаяу. Бір жерге келгенде Алдаркөсе тұра қалып, өкініп айтады:

— Ой, әттеген-ай, менің кісі алдайтұғын ала қабым үйде қалыпты. Енді қайтейін? — дейді. Онда Жиренше ойында ешнәрсе жоқ:

— Мінеки, менің қара арғымағым, мініп барып, қабыңды алып келе қой, — деп атын береді.

Жиреншенің атына Алдекең мініп алып:

— Алдаған осы, — деп, айдалаға Жиреншені жаяу тастап, «Қалағаным — осы» деп, жүре береді. Жиренше жүгіріп, аулына барып, өзін сөйтіп Алдаркөсенің алдап кеткенін қатынына айтады.

Қатыны бір бос бесікті қолына ала салып жүгіріп, Алдаркөсенің алдынан шығады. Сөйтіп екеуі бір өзен суға келе жатып, жаяу өтпекші болған соң Алдаркөсе:

— Ап кел бесігіңді, мен өткізейін, — дейді. Қатын айтады:

— Жоқ, мен өзім өткіземін. Әйтпесе, бала оянып, жылап, жолда ығыр қылады, — дейді.

Соған Алдаркөсе иланады да, атынан түсіп, қатынға береді. Қатын атқа мініп, бесікті алдына алып, суға түсіп кетеді. Судың ортасына барған соң бесікті суға тастап жіберіп:

— «Бір асқанға бір тосқан осы» деген, бәлем, әлі жас екенсің, сақал-мұртың шыққанда мені алдарсың, — деп, жүре беріпті.

Алдаркөсе мен Қу бала

Күндерде бір күн «Алдаркөсе деген алдауыш бар, ешкім оны жеңе алмайды» деген хабарды естіп, сол кезде аты шыққан Қу бала деген бала іздеп шығады. Қу бала Алдаркөсені іздеп табады. Екеуі амандасып, көріседі. Алдаркөсе баланың жөнін сұрайды. Қу бала:

— Алдаркөсе деген сіз боласыз ба? Мен сізге жолдас болайын деп келдім, — дейді.

Алдаркөсе:

— Маған жолдас болсаң, әуел бастан бір сомға бір қой алып кел, — деп, Қу балаға бір сом береді. Бала бір сомды алып, жүгірумен қыр астындағы қойшы қартқа келеді. Қартқа амандасқан соң, қарт баланың жұмысын сұрайды. Қу бала:

— Ата, маған бір лағыңды сат, — дейді. Қарт:

— Бір сомға ал, — дейді. Қу бала лақты алып шығып, аз жүреді де, кері барып, қартқа:

— Ата, лағым да саған кетсін, бір сомым да саған кетсін, маған бір тоқты бер, — дейді.

Қарт:

— Ала ғой, шырағым, — дейді. Бала тоқтыны алып шығып, аз жүреді де, кері барып, қартқа:

— Ата, лағым да саған кетсін, бір сомым да саған кетсін, тоқтым да саған кетсін, маған бір қой бере ғой, — дейді. Оқымаған, сан білмейтін шал өзінше бұның бәрі көп сықылды көрінген соң:

— Жарайды, бір қой ала ғой, — дейді.

Қу бала бір қойды алып, Алдаркөсеге келеді. Алдаркөсе:

— Жарайсың, маған жолдас болсаң бола аларсың, — дейді.

Бұл екеуі көп уақыт жолдас болып, түрлі қызықтарды бастарынан кешірген екен дейді.

Күндерде бір күн Қу бала еліне қайтпақ болып айырылысады. Бірақ Қу баланың азғана заты (ақшасы) Алдаркөсеге ауысып кетеді. Біраз уақыттан кейін Қу бала келіп, алып кететін болады.

Күн артынан күн, ай артынан ай өткен соң Қу баланың да келетін келісімді күні болып қалады. Бүгін Қу бала келеді деген күні Алдаркөсе «ауырып өледі».

Қу бала да келісімді күні Алдардың үйіне келіп жетеді. Қу бала Алдардың үйіне кірсе, бұрышта бүркеніп, бұғып отырған Алдардың әйелін көреді.

Қу бала:

— Жеңешеке, есен-амансыңдар ма? Көсекем сау ма, үйде ме? — деп сұрайды. Алдаркөсенің әйелі жыламсырап:

— Көсекем бүгін дүниеден қайтты, молаға апарылған жоқ, — дейді.

Қу бала: «Көсекемді өз қолыммен қоямын, менің жан жолдасым еді», — деп, өтірік жылай түседі де, сол маңдағы елден төрт-бес қартты жинап, Алдаркөсені арулауға кіріседі. Қу бала Алдардың денесіне ыстық суды батыра құйып жібереді. Табытқа Алдаркөсені салып, бетін ақ шүберекпен жауып, бірнеше кісі болып көтеріп молаға әкеледі.

Ол кезде мола үй сияқты салынған, төбесі жабылған, есігі, терезелері бар екен дейді. Өліктерді табытпенен апарып, жарға қатарластыра сүйеп қояды екен дейді. Қу бала мен оның қасындағылар Алдаркөсені де табытыменен жарға сүйеп қояды. Келгендер «өлікті» қойып, үйлеріне қайтып жатқанда, Қу бала:

— Өзім Көсекемді жайғастырып барам, — деп, мола ішінде қалады.

Қу бала Алдардың өтірік өлгенін біліп, бір басқа табыттың артына жасырынып отырады. Сол кезде моланың ішіне түстері қашқан алты адам дүниелерді арқалап кіреді. Олар ұрылар екен, алған ұрлық заттарын өзара бөлісе бастайды.

Бөлісте ұрылардың ортасында бір қылыш артық қалады. Алтауы: «Бұны қалай бөлісеміз?» — деп кеңеседі. Біреуі ортасына шығып:

— Кімде-кім қылышпен мына өліктердің біреуін шауып түсірсе, қылышты сол алсын, — дейді. Шетте отырған батырсынған біреуі қылышты қолына алып, бір өлікке жақындап барады. Қалғандары:

— Жас өлікті тап, қылыш өтеді, ескі өлікке қылыш өтпес, — дейді. Қолындағы қылышы бар ұры өліктерді байқай келсе, жас өлік — Алдаркөсенің табытына келеді. Енді қылышын көтеріп, шабайын деп жатқанда, Алдаркөсе қысылып кетіп:

— Oh..., ah... ah... — деп, бақырып жібереді. Үрейі ұшып жүрген ұрылар зәресі ұшып, ұрлық заттарының бәрін тастай, моладан шыға қашады.

Алдаркөсе де жалма-жан бетіне жапқан ақ шүберекті алып тастап, ұрылардан қалған заттардың шетінен ұстай бергенде:

— Көсеке, тіріліп те үлгердің бе? — деп, Қу бала да заттардың бір шетінен ұстай кетеді.

Кеткен ұрылар қарасын да көрсетпестен кетеді. Алдаркөсе мен Қу бала ұрылар қалдырған заттарды бөліседі. Бөлісте Қу бала да Алдаркөседен алажағын алып, қош айтысып, еліне келеді.

Сөйтіп Алдаркөсе де Қу баланы алдай алмаған екен дейді.

Жүз ауыз өтірік айтқан тазша

Баяғыда бір хан болыпты. Ханның сұлу қызы бар екен. «Кімде-кім жүз ауыз өтірік айтса, қызымды беремін», — деп, хан жар салыпты. Талаптының бәрі де өтірік айтамын деп, одан-бұдан құрап айтса, не дәмін келтіре алмай, не жүзге толтыра алмай, ханға басын алдырта беріпті.

Күндерде бір күн сиыр баққан тазша бала ханға: «Мен жүз ауыз өтірік айтамын», — деп мәлімдепті. Хан: «Айт», — деп рұқсат қылған соң тазша бастап кетіпті.

— Болмаған бозбала күнімде, тумаған ту атамның жылқысын бақтым. Атам арнап, ұрғашы ала тайға ен сап берді. Ала тайым ай жасап, жыл жүріп ала байтал болды. Байталымды айғырға қостым, буаз болды.

Бір күні желіні жетіп жүрген ала бием бошалап кетіпті. Әкемнің Сары биігіне шығып, көздесем, көрінбейді. Көк дөненіме мініп, төбеге шықсам, көрінбейді. Атым үстіне құрығымды шаншып, шығып қарасам, көрінбейді. Құрығымға қамшымды шаншып, шығып қарасам, көрінбейді. Қамшыма пышағымды шаншып, шығып қарасам, көрінбейді. Бізіме тебенімді шаншып, шығып қарасам, алты дарияның ары жағында, бес дарияның бері жағында айға қарап құлындап, күнге қарап оттап тұр екен. Құлын биенің белінен бұлай бір аттап, бұлай бір аттап түседі. Құрығымды қайық қылып, әлгі дариялардан «а» дегенше сыр етіп өте шығып, қасына жетіп бардым. Енесіне мініп, құлынды өңгеріп едім, көтере алмай, омақаса жығылды. Құлынды мініп, енесін өңгеріп алып, алты дарияны аттап, бес дарияның бер жағына өте шықтым, — дегенде, хан:

— Ой, ол дария деп, дардай қып отырғаның шұқанаққа жаңбырдан іркілген шалшық-малшық дағы, — депті.

Тазша:

— Шалшық-малшық емес екенін содан байқаңыз, бері жағынан ертемен ұшқан тұрымтай кешке ары жағына әзер шығып қонды.

Хан:

— Ой, оның тұрымтай емес, қанаты жетілмеген балапан-салапан дағы, — депті.

Тазша:

— Балапан-салапан емес екенін содан біліңіз, тұғырға байлағанымызда, томағасы тоғыз қанат үйдің шаңырағынан асып тұрды.

Хан:

— Ой, оның үй емес, балалардың ойын-күркешігі де, — депті.

Тазша:

— Күркешік-мүркешік емес екенін содан байқаңыз, есігінен өкірген өгіздің дауысы төріне естілмеді.

Хан:

— Ой, оның бір тайынша қашқанның бұзау-мұзауы да.

Тазша:

— Оның бұзау-мұзау емес екенін содан біліңіз, бір сонарда алпыс кісі мінгесіп жүріп, кісі басы алпыс алтыдан қоян соғып алдық.

Сонда хан:

— Ой, өгіздің құрысын, бағанағы биені өңгеріп, құлынмен қайда кеттің? — депті.

Тазша:

— Дариядан өтіп келе жатсам, өспеген қоян өре қашты. Тебеніммен түйреп ұрып, инеммен екі салып, біреуін соғып қалдым. Пісіріп жейін деп, бір етек тезек теріп әкелсем, барлығы да бөдене екен. Ұйықтап ши түбінде жатқанда, теріп ала беріппін, теріп ала беріппін. Әкеліп төге салғанда ұшты да кетті. Қайта барып, шын тезек теріп әкеліп, қоянымды қақтап жеп, майын етігіме жағып, биемді бір қазыққа байлап жатсам, ұйықтап қалыппын. Бір мезетте жау шапқандай тарс-тұрс төбелес шығады. Шошып ояна келсем, аяқ жағыма тыққан екі етігім қызыл шеке болып төбелесіп жатыр. Бір етігім біріне: «Маған су жақты, саған май жақты», — дейді. Жанжалы — осы. Ұрыстың басының былжырамадан шыққанын білдім де, екеуін екі қойып, орын-орнына тығып қойдым. Тағы ұйықтап қалыппын. Таң қылаңда түрегелсем, май жаққан етігім жатыр, су жаққан етігім өкпелеп, қашып кетіпті.

Шіркін, қанша ұзады дейсің деген оймен сыңар аяқтап, ізімен қуып кеттім. Бием қазыққа байлаулы қала берді. Желе-жортып жеті күн қуыппын. Ең аяғында, етігімнің ізі шармяқ шиырдың үлкеніне соғып, адастырды да кетті. Не болса да, осы елден жөнін сұрайын деп, жақын жердегі бір ауылға келсем, шыбын-шіркейдің рулы елі екен. Атақты бір адамы қаза болып, қасқа шыбын сойып, ас беріп жатқан екен. Сұрастырсам, қашқан етігім сол аста табақшы болып, табақ тартып жүр екен.

Көрінген жерден көзімді алартып едім, қорыққанынан қос табақ, сасқанынан сан табақ әкеп тартты. Етті жеп, етігімді екі құлағынан тартып, тебіне киіп, қайтып келе жатсам, бағанағы еттің тұзы ащы болып, қатты шөлдеп кеткенім.

Күн ми қайнаған ыстық. Су ішейін деп, құдыққа барсам, құдықтың суы қатып қалыпты. Балталасам, ойылмайды. Теселесем, ойылмайды. Тепкілесем, болмайды. Шекеммен ақырын ғана нұқып қалып едім, мұз ойылып кетіп, мөддір суы көріне кетті. Ішіп, жұтып, қанып алып, қайтып ауылға келе жатсам, жолдағылар:

— Жаным-ау, қашан жарты бас болғансың, шекеңнің жартысы қайда? — деп күліседі.

Бұлар не айтады деп, сипап қарасам, шекемнің жартысы бағанағы мұз ойған құдықта қалып қойған екен. Қайта жүгіріп келсем, шекемнің шарасына алпыс үйрек ұялап, қырық қаз жұмыртқалап қалған екен.

Барлығын үркітіп жіберіп, шекемді орнына орнатып, биеме қайтып келе жатсам, алдымнан алпыс құмырсқа: «Ауылға жүріп, түстеніп кетіңіз», — деп, жік-жапар болғаны. Қабырғама кеңесіп едім, үйі-түзін көре кетейік дегендей қылған соң, құмырсқаның ауылына келдім. Төмендегі үйдің төрінен, тоғыз бөлмелі үйдің көрінен орын беріп отырғызды. Үй иесінің «Мына кісіге бураның санын бұзып, қазанға сал!» дегеніне: «Бұл шіркіндердің бурасы қайсы?» — деп отырсам, шегірткенің сүрлеген саны екен. Алдыма әкеліп қойғанда, қара кездікпен жамбасты қайшылай турағанымда, қайқайма табақ ет шықты. Артылғанын асатып, қалғанын қатын-баласына беріп, қайтып келе жатсам, жамбасымнан жанжал шықты.

— Бұл не? — деп, құлағымды салсам, қыным мен пышағым күңкілдесіп, ұрысып келеді екен. Қын пышаққа:

— Ішіп-жеп аласың да, ішіме жатып аласың, — дейді. Пышақ:

— Тұмсығымды томағалап, танауымды пышылдатып, ішкен-жегенімді мұрнымнан шығарып келесің ғой, — дейді. Ұрысы — осы. Мұртымнан мырс етіп күліп, жүре бердім. Бияда⁷⁹ — бес күн жаяу жалғыз жүріп баяғы бие байлаған жерге келсем, бие байлаған қазығым шоңқайған қасқырдың мойыны екен, құлынымен қоса бір жапырағын қалдырмай жеп кетіпті.

Осымен тамам, жүз ауыз болды, ханеке, — депті тазша.

Хан сонда тазшаны арқаға қағып, қызын қосыпты.

Құтайба өтірікші

Бұрынғы заманда Бағдат шаһарында Перімәлік деген бір үлкен бай болыпты. Өзі алтын, күміс, асыл тастарын сауда етеді екен. Әйелі перзент көрмегендіктен, ұлы да, қызы да болмапты. Соншалық сауда

⁷⁹ Бияда (Пияда) /п/ — жаяу.

жұмыстарын басқарып, реттеп жүргізетін, барлық шаруашылығын билеп, құл-құтандарын жұмсайтын билеуші бір адамы бар екен.

Бай әлгі адамына сондайлық сеніп кеткен. Барлық байлығы, қылған пайдасы мен залалдары туралы жоғарғы айтылған адамнан жылында бір мәрте есеп алады екен. Тіпті өзінен туған баласы сықылданып, байдың шаруашылықпен жұмысы болмайды екен.

Бір күні сол адамы ауырып, келтесінен өліп қалыпты. Әлгі адамы өлген соң барлық жұмысы тоқтап, қараң қалған сияқтанғандықтан, Перімәлік бай тұрмастан төсегіне жатып алыпты. Тамақ ішпей, бір жұма қайғырып, есінен тануға жуықтапты. Байдың мұншалық есеңгірегенін көріп, көршілері, туған-туысқан, дос-жараны жиылып келіп, байға ақыл айта бастапты.

— Байеке, мұныңыз Құдайға қарсылық емес пе? Жақсы жалшыңды өзі берген Құдай өзі алды. О баста сатып алған құлың емес пе еді?! Ақылдылығымен сіздің ырысыңызға қарап, құл болса да ұлыңыздай болып, барлық мүлкіңізді өзі билеп-төстеуші еді. Орныңыздан тұрыңыз да, тағы бір құл сатып алыңыз. Бағыңыз қалың, ырысыңыз мол кісісіз ғой. Бәлкім, одан да артық адам кез келіп қалар, — десіпті.

Тегі, анау адам да бала кезінде сатып алған құл болуы керек. Жатуға бола ма, бай тұрады да, қасына бір ер адам ертіп, құл алуға базарға шығады. Құл базарына барып, бір құл жаратпайды. Түгел Бағдат шаһарын аралап болып, басқа қалаға жол шегеді. Қала-қаланы кезіп жүріп, Милләтиа шаһарына келсе, бір мыңға таяу сатылатын қауым құлға кездеседі. Құлдарды сататын бастығына сөйлескен екен, қожайыны басқа құлдың бағасы үш жүз алтын, ана бір жастау құлдың басы бір мың алтын, жүз алтындығы да бар деген соң, барлық құлмен сөйлесіп, ұнатыңқырамай, қымбат құлға сөйлесейінші деп, қасына келіпті.

— Шырағым, сен сатылатын адамсың ғой, жақсы болсаң, ұл қыламын, жаман болсаң, құл бойыңмен жүре берерсің. Өзің тым қымбат екенсің, кәне, қандайлық өнерің бар, қолыңнан нендейлік іс келеді? Нағыз шыныңды айтшы. Сен жақсы құл болсаң, сатып алайын, — депті. — Ешбір құлды жаратпай, қала-қаланы аралап жүрген пендемін, — дейді. Байлығын, мырзалығын, абыройын, баласы жоқтығын, құл жұмысы емес, сауда өнері бар, шаруашылыққа лайықты, қолынан іс келетін құл болса ғана алатындығын айтады.

Әлгі құл тұрады да:

— Бай, сіз мені ала алмайсыз. Менің нарқым қымбат, арзандарын ала беріңіз. Мен сіз сияқты байларға сатылып, өтірікшілігімнен қайта қайтарылып жүрген адаммын. Тәңірдің берген, сүйегіме сіңген өтірікшілігім орнықтырмай қойды. Әйтпесе бір адамның істеген ісін атқарамын. Қолымнан келмейтіні жоқ. Сауда дейсіз бе, мал бағу, ұсталық дейсіз бе, барлығы да қолымнан келеді. Есепке қандай жүйрікпін! Асыл тастардың қай сортты екенін түгел білемін. Гауһар, жақұт, меруерт, інжу-маржандар — барлығы да маған түгел мәлім, — дейді.

Бай құлдың сөзіне сеніңкіремей, асыл тастардың түр-түрпатын, қай сорттысы қаншалық бағада болатындығын, есеп-қисап жөнінен, асыл тас шығатын жерлерді, сауда жайынан сұрастырып көріп еді, нағыз бір білгіш адам болып көрінді. Байдың өзін жаңылтады, білмегенін біледі. Несін сұрайсың, бай қызығып кетті. Он мың алтын десе де, алуға бейілі құлады. Сыртына шығармаса да, әлдекім қағып кете ме дегендей, бастығын шақырып алды да, алмақшы болды.

— Бүгін алып, ертең қайтып тастамайтын болып ал. Құлдың өзіне сөйлесіп, әбден ыраздасып, келісіп ал. Осы құл сегіз сатылып, сегіз қайтарылды. Үлкен бір айыбы болуы керек, — дейді бастық. Сонда құл тұрып:

— Жоқ, одан да көп сатылып, қайтарылдым. Алған кісі менің айтқан өтірігіме нанбайтын болып, өзіне өзі сеніп алады, — дейді.

— Ойбай-ау, саған сауда істетеді екем, мал баққызады екем, тәуір болсаң, мүмкін, құлдарға қожа етеді екем. Ал айтқан сөзіңе нанбайды екем, бұлай болғанда, мен де ала алмаспын. Ағып тұрған өтірікші болсаң, қалай үйлесе аламыз? — дейді бай.

— Иә, байеке-ау, сіз қалай ойлайсыз? Мен өтірік айтқанда, қисынсызды қиыстырып айтам. Адам нанбастай істі шын ғып айтам, менің өтірігімді естіген соң, сәл ойланып, ақылға салсаңыз, өтірік екені айқындалады. Ақылыңыз тапшы болмай, мол болса, өзіңізге өзіңіз сенсеңіз, менің бағамды беріп, аласыз да пайдаланасыз. Мүмкін бір мың емес, жүз мың сом пайда оралтатын шығармын. Егер алсаңыз, көрер едіңіз. Өтірігімнен қорықпауыңызға болады. Менің өтірігім бұл жүрген адамдардікіндей болмайды. Қоқыр-соқыр ұсақ өтірік айтпаймын. Атым — Құтайба. Құдай солай жаратты, өтірікті ысқыртпасам, ішім шертіп, жарылып кете жаздаймын, — дейді құл.

— Шырағым, саған бейілім түсіп кетті. Осы өтірігіңді тастауға ант ет. Тіпті, азат етіп жіберуге де қолымнан келеді. Атым — Перімәлік. Құдайға шүкір, Бағдат шаһарындағы байлардың ең байымын. Қабылқазы патша да үйіме қонаққа келіп тұрады. Араб халқындағы патшадай кісімін, — дейді бай. Құл тұрып:

— Өмір бойына ешкім алмай, қаладан қалаға кезіп, өтпей жүрсем де, өтірігімді тастай алмаймын. Айып етпеңіз, жарылып кетем, — дейді.

— Жаным, мен сатып алайын. Тым болмаса, он жыл өтірік айтпасқа ант ет, мешітке жүр, — дейді бай.

— Қой, байеке, бір жыл өтірік айтпайын. Менің сізге ықыласым түсіп кетті, көңіліңіз қалмасын, — дейді құл.

Сонымен саудаласа-саудаласа, құл бес жыл өтірік айтпасқа, бес жылдан кейін қисынсыз өтірігіне бай нанбасқа, мешітке барып, иман алдында ант етті. Бес жылға дейін өтірік айтып, антын бұзса, құл жауапты. Бес жылдан кейін қисынсыз өтірігіне сенсе, бай жауапты. Осылайша, сол шаһардың билеуші уәлиінің алдында екі қағазға жазылып, бірін құл алады, бірін бай алады. Бір мың сомды санап беріп, бай құлды үйіне (Бағдатқа) әкеледі. Келгеннен кейін бай бір қартаң сатушысына көмекші есебінде

қызмет істете бастап еді, байқап қарап тұрса, Құтайба құлдың атқарған жұмысы адам таңырқарлық. Бұрыннан әбден ысылған кісі сықылды. Жүріс-тұрысы өте жағымды болады, өйтіп-бүйтіп, байдың өзі һәм басқа орын тепкен сатушылары сын ретінде шамалы жердегі алыс-беріс саудаларына жіберіп еді, барған ісін тындырды. Өтпей жатқан абыройларын өткізді. Тым тиянақты, тындырымды болды.

Одан кейін бай көп мал беріп, асыл тас, алтын, күміс жиғыза бір айлық жерге жіберіп еді, алып барғанын артылта сатып, әкелгенін Бағдат халқы бір күнде он есе артық бағамен талап әкетті.

Қысқасы, Құтайба келгеннен кейін, азғана мезгілде-ақ байдың қазынасы молайып, пайданы шаш-етегіне дейін сыйғыза алмайтындай болды. Сөйте-сөйте, байдың өзінен кейінгі ең үлкен басқарушысы болды. Құл аты мүлде ұмытылды. Күннен күн, айдан ай асқан сайын «Құтайба-Құтайба» болып, «мырза» да десетін болды. Сауда ретінде Құтайбаның ақылынсыз байдың өзі де түк істемейтін болып кетеді.

Күн өтеді, ай өтеді, жыл өтеді, киген киімі, ат-тұрманы абыройлы байдың өзіне теңелді. Жай-жапсарын білетін жақын көршілері болмаса, басқа даладан келген саудагерлер, байбатшалар, Бағдаттың шеткергі жағында тұратын жете таныс емес адамдар Құтайбаны байдың баласы деп те ойлайтын.

— Осы бала байдың баласы ма? — деп біреу сұраса, «құл» деп еш пенде айта алмайтын еді. «Қызметтен шығарып жібере ме?» деп қауіптенетін еді.

Құтайба осылайша жүріп жатады. Құтайбаның суайттығын бай мүлде ұмытады. Бір күні Құтайба сырқаттанып, елеурегендей халге келіп, күнделік қызметіне араласа алмай, төсек тартып жатады. Бай келіп:

— Қарағым, бір жерің ауыра ма? — деп сұрап еді, «Жоқ, әншейін былайша» деп, аузын ашып есінеп, денесі тітіркеніп, «Ah-uh» деп, тұра келіп, жұмысына кетеді. Әйтсе де, Құтайба бұрынғысындай емес, жаңылшақ, бір нәрсені кем есептеп, кейде оқшау сөздерді де айтып қалатын болып жүреді.

Бір күні Перімәлік байды қонаққа шақырған бір үлкен байдан хабар келді.

— Ертең ерте жеті шақырымдағы бақшаға шақырыпты. Патша да, уәзірлер де сол бақшада болмақ.

Хабар келгеннен кейін бай Құтайбаны шақырып алып, ертең ертемен қонаққа бақшаға баратынын, қасына Құтайбаны бірге ертіп баратынын айтады. Патша, уәзірлер, үлкен байлар — барлығы да баратын жерде ат-тұрман, киімдері Айт күндеріндегідей толық болып, Құтайба мен байдың ер-тұрманын тазалатып, атты да сылап-сипап, жуып, құйрық-жалын тараттырып, қойшыға қосты.

Ертеңінде Перімәлік бай мен Құтайба қақпадан ерте шығып, асыл киімдерін киіп, ер-тұрмандары жарқырап, Бағдаттың батыс жағындағы шақырылған бақшаға жөнep бepеді. Бай мен Құтайба бақшаға барады.

Бай байлармен, патша, уәзірлермен амандасып, қонақта отырысады. Құтайба бай балаларымен, байбатшалармен әзілдесіп, ойнап-күліп, айттысады, ішеді, жейді.

Түскі тамақтан кейін жұрттың барлығы қонаққа шақырылған байдан ұлықсат сұрап, рақмет айтып, тармақшы болғанда, әлгі бай:

— Мен сіздерді түстікке шақырғаным жоқ. Бүгін осында қонасыздар да, ертеңгі түстіктен кейін қайтыңыздар, — деп өтінеді.

Жұрттың барлығы да қайтпай, қонатын болды. Перімәлік бай да қонатын болады. Қонатын болған соң Перімәлік бай Құтайбасын шақырып алып:

— Қайтам десең, қайта ғой, қарағым. Мүмкін шаруаң бар шығар. Егер қонам десең, менің атымды үйге апарып тастап, кешке келерсің, — дейді.

Құтайба құнжындап, «Құп болады, бай» деп, байдың атын жетелеп, қалаға қарай келе жатады. Байдың қорасына жуықтап келе бере ойбайды салып қоя берді. Есік алдында жүрген малайлар қақпаны ашқанда, қақпадан кіре бере атының теріс жағынан секіріп түсіп, өкіріп, жер бауырлап, жатып кеп жылайды.

— Ойбай-ау, не болдым, Перімәлік байдан айырылдым. Қап-қазандай қара бұлт... — деп, ойбайдан басқа түк айтпайды. Байдың бәйбішесі де егіліп қоя береді. Малайлар да тамсанады. Аң-таң, сұраса, «Байдан айырылдым. Қап-қазандай қара бұлт» дегеннен басқа ләм-мим демей, ботадай боздап, өз басын өзі төпелейді. Маңындағы көршілері шулаған дауысқа қарай жүгіріп келумен қора лық толады.

— Жарқыным, немене? — деп сұраса, «байдан айырылдымнан» басқа дым айтпай, еңіреген бойымен адамның сай-сүйегін сырқыратады. Тоқтаулы адамдар келіп:

— Шырағым, мауқыңды басып, бізге жөнін айтшы, не ғажап іс болды? — деп, қазып сұрап еді:

— Ойбай-ау, бай екеуміз қонақтан қайтып келе жатыр едік бар ғой, аспаннан қазандай бір қара бұлт сияқты бір нәрсе көрінгендей болып еді, бірдеме әп-сәтте жарқ еткендей болды. Жұлдыз ақты ма, жай атты ма, тақ төбемізден бар пәрменіменен тарс етіп еді, байды атынан жұлып алды да кетті. Мен сау екенімді біліп, түсе жүгіріп едім, байдың қол, аяғы, басы быж-тыж болып, быт-шыты шығып қалыпты. Содан есім шығып кетіп, әлім екі көзіме келіп, шапқан бойыммен жылап осында келдім. Енді қайттік, қайран әкемдей болған бай-ай! — деп, еңіреп, үстібасын, киімін жыртып, басын жұдырықтап жылап еді, жиылғандар да жылады. Бәйбіше бетін жыртып, қақпадан шыға ойбайды салып, бай қаза тапқан жерге жүгіре жөнелді. Қорадағы көп малай, қызметкер, сатушылар, барлық көрші еркек-әйелдер түгел шұбап, бәйбішемен бірге жөнеледі.

Бір қария келіп Құтайбаға:

— Әкең өлген жерге бастап алып жүр. Бәйбіше жылаумен теріс кетер, «Болған іске болат бол» деген, шырағым, әкең иманды болсын, — дегенді

айтады. Сонда Құтайба бауырын басып, лып етіп атына міне сала шауып келіп, шулап жылап келе жатқан халықтың алдын орағытып:

— Мінеки, осы жолмен келе беріңдер, — деп, өзі тайпалтқан бойымен қонақта отырған бақшадағы адамдарға жақындағанда ойбайды сала қоя берді. Ат-жалын құшып, өз басын өзі төпелеп, ботадай боздап, еңіреп: «Қайран, үй-сайман, қайран жиһаз, қайран бәйбіше, айырылдым, ойбай», — деуге әреңге шамасы келді. Өксіген бойымен аттан ұшып түсіп, жерге аунап, жылаумен болады. Мәз-мейрам болып отырған уәзір, бай, патшалар үрпиісіп, не екенін біле алмай, аңыраяды да қалады. Жылап жатқан Құтайбадан қандай іске душар болды деп, қайсыбіреулері сұрап еді. Жылаудан босамаған Құтайба ешқайсысына жауап бермеді. Үлкен адамдары орнынан тұрып келіп:

— Ой, шырағым, тоқта енді. Не болды, айтшы, ә? — деп, қадала сұрай жабырласып еді, Құтайба өксіп жылап отырып сөйлей бастады.

— Мен осы жерден шығып, байкемнің атын жетелеп, қалаға барып, өзіміздің үйге жаңа ғана жете бергенімде бар ғой, кішкентай ғана бір нәрсе жарқ еткендей болып еді, әлден уақытта тура төбеден бірдеме бар пәрменімен дүрс етіп кеп кетті. Есім ауып, атымды құшақтап, сілейіп қалыпшын. Қаншалық есеңгірегенімді білмеймін. Әлден заматта ұйқыдан оянғандай болып, есім енген екен, өзім жығылып, жерде жатыр екенмін. Есімді жиып түрегеліп, жалма-жан атыма мініп, үйге келсем, үй түгелімен жанып кетіпті. Зауазнай, магазин, қора-сайман, ішіндегі адамдар — барлығы да жанған-ау деймін. Құр орны қор болып жатыр. Өзім қорқып кетіп, үрейім ұшып, бері қарай байкеме шауып келгенім, — деп, қайта еңірей бастады. Отырған адамдар жағаларын ұстап:

— Япырмай, Құдай әмірі, ақыры, — десіп, Перімәлік байға көңіл айтысып жатыр. Үлкен патша Перімәлік байға өзі келіп, көңіл айтты.

— Ренжімеңіз, басқа Бағдат халқы, түгел араб жұрты аман болса, дәулетіңізді орнына келтіреді. Өзім қазынадан пәленбай сана беремін⁸⁰, — деп, қасындағы қазынашысына:

— Ертең Перімәлік байға пәлендей алтын бер, — деп, бұйрық қағазды жазып та береді.

Басқа байлар да бір мыңнан, он-он бес мыңнан — барлығы да ауызша мырзалық жылуларын беріп жатады.

Перімәлік бай жылай қоймаса да, еліткендей, есеңгірегендей, өте қатты қайғырып, орнынан тұрып, киімдерін киіп, қалаға қарай жаяу қайтпақ болып жүре береді. Ана игі жақсылар да байдан қалмай, жаяу шұбырып, баймен бірге аяңдайды.

Бұлар келе жатса, қаладан бұларға қарай құмырсқадай құжынаған, ағылып келе жатқан көп адам шулап, жылап келеді екен. Келе жатқан адамдар бір-біріне таяу келіп қалады. Ең алдында Перімәлік байдың бәйбішесі, бетін жыртқан, қып-қызыл ала, үсті-басында сау-тамтық жоқ. Шашы жайылып кеткен. Көзінен аққан жасы көл болып, алдындағысын

⁸⁰ Сана беремін — «дүние, байлық беремін» деген мағынада.

көрерлік емес, көрсе, танырлық емес. Ойбайдан ойбайды салып келеді екен. Бәйбіше Перімәлік байға қарама-қарсы кеп қалады.

Екеуі екі топтың ең алдында болғандықтан, оқшау жолыға кеткенде, бәйбіше байды танымай ілгері өте бергенде, Перімәлік бай бәйбішесін тани кетіп, шап беріп құшақтай алып, сонда ғана жылап қоя берді.

— Құдай қосқан қосағым, үй-сайман, жиһаз-малдың керегі жоқ. Тірі қалған екенсің, — деп, бетінен сүйіп, иіскелеп жатады.

Бәйбіше есін жинап алып қараса, Перімәлік бай өзін құшақтап жылап тұр.

— Ойбай, Құдай қосқан қосағым-ай, тірі қалдың ба? — деп, бәйбіше байды құшақтап, бай-бәйбіше құшақтасып, жабысады да қалады.

Сол мезгілде қарама-қарсы келген екі топ қалың кісі айқасып:

— Бұл не, бұл не? — десіп, бір-бірінен сұраса бастап еді, ақырында, Құтайбаның «бай өлді» деп, қорадағы байдың бәйбіше, малайларына ойбайлағаны, одан «үй, мал, жан өртеніп кетті» деп, бақшада отырған адамдарға айтқаны, қысқасы, жоғарғы айтылған өтірік түгел жұртқа мәлім болады. Сол уақта Қабдылқазы хан қатты ашуланады. Жиылып тұрған адамдарды беталды сөз сөйлеп, дабырламай, тыныш тұруға шақырды. Хазырхана деген бас қазысын алдырып, соғыс уағындағы тәртіппен Құтайбаны жауапқа тартуды бұйырды. Дар ағашын әкелдіріп, әлгі жерге орнаттырып та қояды. Жұмысын сол сағатта бітіртпек болады. Үлкен қазы дереу тексеруге Перімәлік байды алдына отырғызған соң Құтайбаны шақыртты. Құтайба ат үстінде нарттай болып алған екен.

— Құтайба, ей, қайда, тез, жылдам мұнда кел, — деп, ақырған айғайды ести сала атынан қарғып түсіп, қойқаңдап, балуан жүріспен кердеңдеп барып, жазалылар отыратын үстелге отырды.

Перімәлік бай Құтайбаны көрген соң шыдамай:

— Ту, шіркін, ақымақ, мұндайлық ақымақ болармысың?! — деп, Құтайбаның бетіне түкіріп жіберіп еді, Құтайба:

— Мен ақымақ емес, сен ақымақ. Мұндайлық ақымақ болармысың? Байдың барлығы надан болса керек. Бір ойланбай, өтірікке нанған осы Перімәлік бай не деген ит, — деп, жұртқа қарап сөйлей бастап еді:

— Үндемей отыр! — деп, Құтайбаға қазы жекіріп тастайды.

Іс тексерілді. Заң бойынша әуелі Перімәлік байдан жауап алынады. Анығында, іс патшаның өз алдында болған. Құтайбаның айтқан өтірігіне куәнің тіпті керегі де жоқ. Заң бойынша Перімәлік байдан бір-екі ауыз жауап алды да, Құтайбадан жауап сұрайды. Құтайба сотқа тесіле қарап, жанындағы Перімәлік байға қырын отырып, сұқ қолын шошайтып:

— Мен пәлен жасымда құл болып сатылып жүргенімде, мынау ақылсыз, мисыз шал сатып алған еді. Мені Құдай жаратқанда өтірікші ғып жаратқан. Бұл ақымақ жалынып-жалпайған соң бес жыл өтірік айтпасқа Мулатиа шаһарының уәлиінің алдында ант-суын ішіп едім. Бес жыл ішінде өтірік айтсам, жауапты болмақ едім. Құдай атымен берген антыма кір жұққызып, керексіз өтірік айтып, антымды бұзсам, өз обалым өзіме еді.

Ал, бес жылдан кейін менің өтірігіме нанса, мына кәрі ит жауапты еді. Көрмейсіңдер ме, қисынсыз өтірікке нанып, жұртты бұлдіріп, әбігерлеп отырғанын, — деп міз бақпайды. Онан ары:

— Қайтейін, тақсыр патша, өтірік айтпасам, жарылып өлем. Мұншалық жұрт қорқып кетерлік өтірікті қалай қиыстырып қисынын тапты дейсіздер ғой? Анау отырған Хабдылқазы ханды, араб елін, Бағдат халқын жанымдай жақсы көргендігімнен, ептеп қана айттым. Өзім өліп кетпес үшін түймедей-ақ қып айттым. Берген сертім толып, ішім шерттіп бара жатқан соң жан құрғырымды қорғадым. Егер де бұдан былай бүгін-ертең деп, өтірігімді кешіктірsem, өліп кетер едім, не болмаса, тау қаңбақтай, тас бұршақтай ұшарлық етіп айтатын едім. Болмаса, ең кемі Бағдат халқы қырылысатындай қып айтатын едім, — дейді де, қойнындағы қағазды алып, қазыға ұсынады. Қазы оқып көріп, тамсанып, айтқанының барлығы да шын, ант еткен бес жылдан бес күн асқан екен. Әлгі қағазды уәзірлер, патша бастатқан барлығы да кезекпе-кезек оқып көрді. Онан кейін оңаша барып, қазы мен уәзірлер кеңесіп, Құтайбаны жазадан босатты.

Перімәлік байға «Бұл Құтайбаның өтірігіне бекер нанғансыз ғой, бізге айтуыңыз керек еді» дегендей иек сүйкей салды. Патша Құтайбаны қасына шақырып алып, өз қолымен маңдайынан сипап, жиырма жыл өтірік айтпауға уәде беруін сұрады. Ең ақырында, Құтайба:

— Патшаеке, мен жиырма жылға шыдамаспын. Иә дүниені, иә өзімді бұлдіріп алармын. Сіздің көңіліңіз үшін он жыл өтірік айтпайын, — деп, уәдесін береді. Он жыл өтірік айтпасқа иман алдында ант еткізіп, патша Құтайбаны өз сарайын сақтаушы уәзір етіп алады. Перімәлік байдан түгел есебін әперді.

Таз, жалақ, сулы көз — үшеуінің жолдас болуы

«Қу да қу түстен кейін жолдас-ты» деген емес пе? Бір күні түс ауа берген мезгілде табиғат гүлденіп, нұр беріп тұрған шақта ат шаптырғандай оңаша ашық далада таз, жалақ, сулы көз — үшеуі кездесіпті. Олар басынан өткен қызықты әңгімелерін қыздыра айтып отырып, таз жолдастарына: «Бір нәрсе ойлап отырмын», — дейді.

— Айт, айт! Біз үшеуіміз жолымыз түсіп қосыла қалған екенбіз. Күнде мұндай бас қосылып, көңіл көтеру табыла бермес. Сондықтан қыз күнімізге дейін естелік болуы үшін мен ойлағанымды орталарыңа салайын.

Сендерді білмеймін, менің жолым алыс. Егер де мақұл көрсеңдер, маған біраз жерге серік болыңдар, бұл — бір. Екінші, сонау мұнарланған төбеге жеткенше мен басымды қасымайын, сулы көз көзін сүртпесін, жалақ ернін жаламасын. Міне, осыны орындаған күнде біздің қай жерде жүргенде де қулығымыз тірі жаннан кем болмайды, — деді. Сулы көз жалақ екеуі ақылдасады. «Мұның да айтқанын істеп көрейік. Осы бізден бұрын өткендер «өнерді үйрен де жирен» деп неге айтты дейсің? Ол

да осындай жастарына үйрене бер деген ақыл ғой, екеуміз де болады дейік», — деп, тазға келеді.

Таз:

— Не ойладыңдар, мырзалар?

— Жалақ екеуміз сіздің айтқаныңызды істейтін болдық, — дейді сулы көз. Таз:

— Жарайды, ендеше жүріңдер, — деп, үшеуі жолға түседі. Шамалы жүрген соң бір төбені белгі жасайды да: «Осы жерден бастап жаңағы айтқанды орындауға кірісеміз», — дейді таз.

Үшеуі мақұлдап, ұлы жолға түседі. Ет пісірімдей уақыт өтеді. Сулы көздің көзі жасаурап, жалақтың ерні, таздың басы қыши бастады. Көзді сүртуге, ерінді жалауға, басты қасуға болмайды. Оны біреуі бұзса, шартты уәдені бұзғанмен бірдей, енді бұларға белгілі төбеге жету қиын болады, аяқтарын басқан сайын біреуі тілін, біреуі қолын қозғағысы, енді біреуі көзін сүрткісі келіп, бүлініп келеді. Біраз мезгіл өтеді. Сулы көз көзін аша алмай жүруден қалды. Жалақтың еріні ашып отырады. Ал таздың самайынан сорасы аққандай қышынды.

Бір жерге торғай, сұр көбелек айналып ұшып барады. Таз ойланып тұрып:

— Әй, жолдастарым, менің ойыма бір қызық нәрсе келді. Сендер тыңдаңдар, мен айтайын, — деді. — Менің жас кезімде, жиырма бес шама-сында бір ағам бар еді. Мал баршылық. «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» деген емес пе, кешке таман шаппайтын жорғаны мініп алып, қолына тобылғы сапты қамшы, басына сусар бөрік [киіп] қызды ауылдың желкесінен өте бергенде, тамағын кернеп, жорғаны бір-екі нұқып жіберіп, бөрікті шекесіне былай бір, былай бір қойғанда, қыздар қарап қалады екен — деп, басын қасып-қасып алыпты.

Сулы көз:

— Мұның рас, ой, шіркін, әр нәрсе өз уақытында өнімді болады екен ғой! Жаңа сен айтқандай, менің бір жиенім мерген екен. Құдайдың құдіреті — көзіне көрінген аңды «пу» деп, былай атқанда да, «пу» деп былай атқанда да түсіреді екен, — деп, екі қолымен кезек-кезек көздеген болып, көзін сүртіп алады.

Жалақ екеуіне қарап тұрып:

— Бәлду-батпақ бәрі өтірік, бәлду-батпақ бәрі өтірік, — деп, тілімен біресе астыңғы ернін, біресе үстіңгі ернін жалап алады. Осы жерде бірінен бірі мін таба алмай, қоштасып, әрқайсысы өз бетіне кеткен екен деседі.

Жазасын тартқан айлакер

Бір ханның өзіне бек сенімді бас уәзірі бар екен. Не түрлі үлкен жұмыс болса да, бәрін сол уәзірі бітіреді екен. Хан өлімге бұйырған жазалыларды өлтіріп, ханның бұйрығын орнына келтіруін де ол тексеретін. Өзге уәзірлер оны көре алмай, әсіресе, екінші уәзірі өзі бас уәзір

болғысы келіп, бас уәзірді қайтсе де өлтірмек болады. Үнемі ханға бас уәзірін жамандайды екен. Оған хан көпке шейін нанбайды. Бір күні екінші уәзір ханға келіп: «Бас уәзірдің бір жұқпалы дерті бар, қасына жанасқан кісіге де һәм сізге де жұқса керек, уәзіріңіз дертін жасырып, сізге келіп жүреді, сөйтіп жүріп сізге дертін жұқтырар», — дейді. Және де: «Сізге келгенде дертін жасырмақ үшін, дертінің жаман иісі сіздің мұрныңызға келмесін деп аузын қолымен басып тұрады», — дейді.

Мұны естіген соң хан қорқады. Бірақ ол бұрын еш жамандық қылмаған еді. Сөйтсе де ханға: «Егер ол расында да дертті болса, мені де былғар һәм жұмыс та бітірмес, — деген ой келеді. — Егер де бас уәзірі ханның сенімін пайдаланып, ханның ғұмырына қастық қылса, оны аяп та керегі жоқ. Үлкен жазаға бұйыру керек». Хан сонда да: «Рас па екен, жоқ, өтірік пе екен?» — деп ойлайды. Бірінші уәзірді тексермек болады. Екінші уәзір хандікінен шығып кетіп, бірінші уәзірді қонаққа шақырды. Өртүрлі тамақтар даярлап, оған сарымсақты көп қосқан екен. Тамақ жеп болғаннан соң ханнан кісі келіп: «Бірінші уәзірді хан шақырады», — дейді. Бірінші уәзір: «Аузымдағы сарымсақ иісімен бұған қалай барамын?» — деп ойлайды. Амал жоқ, бармауға болмайды. Ханға келген соң қасына тақау тұрмауға тырысады. Қолымен аузын басып тұрды. Хан қасына жақын келіп: «Қолыңды аузыңнан тарт», — дейді. Аузынан қолын тартқанда жаман иісі шығады. Онан соң хан екінші уәзірдің айтқанына сенеді де, рас екен деп, жазаға кіріптар қылатын жерге: «Бірінші уәзірді өлтір», — деп бұйрық жаза бастады. «Үшбу бұйрықты апарғанды өлтір!» — дейді. Мұндағы «өлтір» деп жазғанын бірінші уәзір білмейді. Неге десеңіз, бұрынғы уақытта ондай ханның бұйрығын жазаға кіріптар қылатын жерге бірінші уәзір апарады екен. «Сондай ғой» деп алып кетеді. Келе жатқан уақытта екінші уәзір жолығып: «Қайда барасың?» — дейді. Сонда бірінші уәзір қолындағы конверттеген қағазды көрсетеді. Екінші уәзір: «Үшбу қағазды мен апарайыншы», — деп ойлап, һәм бірінші уәзірге: «Маған бер, мен апарайын» — дейді. Бұл: «Мені де сыйлап, қонаққа шақырып еді ғой», — деп ойлап, хатты беріп жіберді. Қағазды жаза көрсететін жерге әкелгеннен кейін, бағанағы ханның «Үшбу хатты апарған кісіні тез өлтір» деген сөзімен оны өлтірді де тастады. Екінші күні бірінші уәзір ханға келеді. Хан көрді де таңғалады. «Бұл қалай келді?» дегендей: «Менің бұйрығымды орнына келтірмеген екен», — деп ойлайды. Кейін екінші уәзірдің өтірік айтқанын біліп, өзінің сенімді адамы қалып, ғайбатшыл уәзірдің өлгеніне тәубә қылады. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген осы.

ۋار توقپاق

ۋار توقپاق

100
 120
 74
 17
 69

جودىنى و تگەن زاماندا بىر شال مەن كەمپىر
 بولدى شال مەن كەمپىر كە دەي بولدى شال
 مەن كەمپىر تۇزاق قۇيىپ كۆندى كۆردى مەن
 بىر كۆچى شال كە لىب تۇزاعىنا قاندا سا تۇزاعىنا بىر
 قاز تۇسىپ قالدى شال كە لىب قازدى تۇزاق
 بو ساقىب لىب باقۇن دايىن دەسە قاز شالدا ايتتى
 مەن دەسە نا بوسات مەن نە سورا ساقى سونى بىر
 جىلان كە پىن ال دەيدى شال ما قول دەپ قازدى جىلان
 قازدى پىنە كە لىب جاتماقنى ايتسا قاننى شالدى قۇدىسى
 شال قوي سەن نەنى بىلە لىب دەپ سوزدى تگەن ماچى
 جۇدە بەردەدى بىر جىل و تەدى شال قازعا بار ماقتى
 بولادى شال قازدىك و سىنە قازاب جۇدەدى بىر جەكە
 كە لىسە و تگەن قۇيە جاپىلىپ جۇدەكە ن كە لىب قۇيە شىدەن
 بول كەننىق قۇيەسى دەسە بول بايلىق قازى بايدىك
 قۇيەسى دەيدى شال و پىلاش جۇرپ كەتەدى
 بىر جەكە كە لىسە كۆپ قۇيە جاپىلىپ جۇدەكە ن
 شال كە لىب بول كەننىق



Ұр Тоқпақ.
 Орталық ғылыми кітапхананың
 сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (74-бума)


ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ




Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835–1865) — қазақ халқының ұлы ғалымы. Ол алғашында ауыл мектебінде сауат ашып, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгереді. Кейін Омбы кадет корпусына түсіп, еуропалық деңгейде жан-жақты білім алды. Бұл біліктілігін халқының игілігіне жаратып, оның әдебиетін, тарихы мен этнографиялық мұрасын жинап, зерттеп, жарыққа шығарып, әлемге танытуды мақсат етті. Шәкірт шағынан бастап әкесінің көмегімен «Қозы Көрпеш—Баян сұлу», «Егіге» жырларының алғашқы нұсқаларын хатқа түсіргі. Өзі жетекшілік еткен ғылыми экспедициялары кезінде қырғыздың «Манас» эпосын, қазақтың ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, халық поэзиясының үлгілерін көптеп жазып алып, орыс тіліне аударып, оларға қатысты зерттеулер жазды. Олардың қатарында «Қазақ поэзиясының түрлері», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздардан», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» т.б. еңбектері бар.



Потанин Григорий Николаевич (1835–1920) – Орта Азия елдерінің табиғатын, фольклоры мен этнографиясын зерттеген саяхатшы, ғалым. Ш. Уәлихановпен бірге оқыған және ғылым жолында әріптес, дос болды. Ол 1852 жылы Омбыдағы кадет корпусын бітіріп, 1853–1858 жылдар аралығында Семей мен Омбы өңірлерінде әскери қызмет атқарды. Кейін Санкт-Петербург университетінің табиғаттану бөлімінде оқып жүріп студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. Еркіндік алысымен Орыс география қоғамының мүшесі, астроном К. Струвенің басқаруындағы экспедицияға қатысып, 1863–1864 жылдары Шығыс Қазақстанның Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын зерттеді. Зайыбы А. Потанинамен бірге Орта Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. халықтарының фольклоры, этнографиясы туралы құнды материалдар жинап, қоныс-мекендерінің табиғаты, органикалық құндылықтары туралы жазған зерттеулері «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс сарындары» (1899) атты еңбегінде жарияланды. Ш. Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барған сапарында «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деген мақала жазды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың халық әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбек жазды.



Радлов Василий Васильевич (Фридрих Вильгелм) (1837–1918) – шығыстанушы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Берлин университетін бітіргеннен кейін жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарды. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және Сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинақтады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ фольклорының мол үлгілерін жариялады. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түп төркіні ортақ екенін дәлелдеді.



Пантусов Николай Николаевич (1849–1909) — көрнекті этнограф, археолог, филолог, шығыстанушы, фольклортанушы ғалым. Н. Пантусов 1874 жылдан бастап Верный қаласында (қазіргі Алматы) тұрып, Жетісу губерниясында жауапты қызметтер атқарды, қазақ билері съездерінің ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол 1880 жылы Құлжада болған тұста сол қалада түркі тілдерінен аудармашылар мектебін ашты. Өмірінің соңғы жылдары Орта Азия мен Қазақстанның ескі археологиясын, мәдениеті мен әдебиетін зерттеді. Әсіресе Ұлы жүз қазақтарының арасында көп жүріп, зерттеу жұмыстарына материалдар жинады. Н. Пантусовтың «Древности Средней Азии» (1902) атты көрнекті монографиялық еңбегіне «Памятник Козы Корпеш–Баян сулу» деген ірі зерттеу мақаласы енген. «Образцы киргизской литературы» деген атаумен бірнеше жинақтарды жарыққа шығарды. Бұл басылымдарда қазақ, ұйғыр ауыз әдебиеті, олардың әдет-ғұрпы туралы көптеген материалдар қамтылған.



Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы (1856–1932) — этнограф, фольклортанушы. Ресей империясындағы белгілі оқу орны Орынбор Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген соң 1876 жылдан Түркістан өлкесіне әскери қызметке жіберілді. Кейінгі бүкіл өмірін Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген түркі, мұсылман халықтары тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнады. Ташкент қаласында әскери-халықтық басқармада, Орта Азия университетінде, қазақ ағартушылары құрған «Талап» ғылыми-зерттеу қоғамында қызмет етті. Эпостық жырлар, ертегілер, балалар фольклоры, шешендік сөздердің түрлі үлгілерін жинап, «Этнографиялық материалдар. Сырдария облысы қазақтары» деген сериямен Ташкент, Қазан, Орынбор, Астрахань қалаларындағы мерзімдік баспасөзде, ғылыми қоғамдардың басылымдарында жариялайды, кейбіреуін орыс тіліне аударды. Өзі халық арасынан жинаған қазақ мақал-мәтелдерін «Киргизские пословицы» деген атпен 1900 жылы Ташкентте кітап етіп бастырды. Бұл кітапты толықтырып, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал» атты, 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақал-мәтелдері» атты кітаптарын жарыққа шығарды.



Көпеев Мәшһүр Жүсіп (Адамжүсіп) (1857–1931) — ақын, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса көрнекті өкілі. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялауға ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі. Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен кеңінен танысқан. Мәшһүр Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білген. Ол өлең жазумен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Сонымен бірге ол — күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсаған ағартушы.



Әлжанов Отыншы (1873–1918) – Алаш қозғалысының белгілі қайраткері, ағартушы. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында туған. Ол 1887 жылы Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған орыс-қазақ училищесін, 1890 жылы Омбының қалалық училищесін, 1894 жылы Омбы қалалық мұғалімдер семинариясын бітіргі. О. Әлжанов 1894–1895 жылдары Омбыдағы орыс-қырғыз училищесінің мұғалімі, 1895–1907 жылдары Ақмола округтік сотының аудармашысы, 1907–1909 жылдары Көкпекті қаласындағы орыс-қырғыз училищесінің директоры болып қызмет атқарды. 1907 жылдың қазан айында Санкт-Петербург қаласында Ресей халық ағарту министрлігі тарапынан құрылған «Бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы заң жобаларын қайта құру» комиссиясының жұмысына Дала генерал-губернаторына қарасты қазақтардың өкілі ретінде қатысады. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтерілісте, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі тұсында қазақ елінің бостандығы үшін күресіп, кейіннен қуғын-сүргінге ұшырап, соның салдарынан қаза тапты. Ол «Дала уәлаятының газетінде» «Орта жүз», «Бабай бүркіт» деген бүркеншік есімдермен көптеген фольклорлық мәтіндерді жариялады.



Байболов Қазанғап (1889—1946) — белгілі халық ақыны, жыршы. Қазіргі Түркістан облысының Төлеби ауданына қарасты Ұзынбұлақ ауылының аумағында дүниеге келген. Балалық шағында Бекасыл, Сайрам, Шымкент медреселерінде білім алып, ауылдық мектептерде ұстаздық етеді. Араб, парсы, көне түркі тілдерін біршама меңгеріп, аударма жұмыстарымен де айналысады. Ақындық, жыршылық өнерге де ден қойып, эпостық мұраларды үйреніп, оларды жадында сақтап, Оңтүстік өңірінің халқына кеңінен таратты. Қазақстан Жазушылар одағының 1934 жылғы тұңғыш съезіне қатысып, бүкіл қазақ еліне танылады. Отызыншы жылдардан бастап баспасөз беттерінде өлең, толғаулары жиі жарияланып тұрады. Оның бір топ шығармасы «Халық қаһары» (1949), «Халық ақындары» (1953), «Пернедегі термелер» (1965) т.б. жинақтарда басылым көреді. Ақынның соңында қалған әдеби мұраларының арасында өлең-толғауларынан бөлек «Төле бидің тарихы», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Өкірік Найман туралы» т.б. тарихи жыр, дастандар бар.




Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1904–1985) – аса көрнекті қазақ ғалымы, филология ғылымының докторы, профессор. ҚР Ғылым академиясының академигі, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, этнограф, тарихшы, фольклортанушы. Ол 1940–1941 жылдары «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Жамбыл Жабаев» т.б. еңбектері жарық көргі. 1941 жылы КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп, «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта кандидаттық (1943), «Қазақ халқының эпикалық жыр-дастандары» тақырыбында докторлық диссертация (1945) қорғады. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» (1959), «Шоқан және Манас» (1971) т.б. ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің тарихи тегін тануда сүбелі мұра болып табылатын 300-ден астам ғылыми зерттеу еңбектері бар.



Адамбаев Балтабай (1909–1995) – белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы, ақын. Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысушы. Ол 1945–1994 жылдар аралығында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеді. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинады. Зерттеу нысаны қазақтың шешендік өнеріне, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге қатысты болғандықтан, осы салаларда ірі-ірі зерттеу еңбектерін жазды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына, қолжазба қорларының қалыптасуына белсене араласты. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинастырды. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер т.б. фольклорлық жанрларға қатысты бірнеше зерттеу еңбектері жарық көргі.



Ысмайылов Есмағамбет Самыратұлы (1911–1970) — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Ол қазіргі Ақмола облысы Еңбекшілер ауданына қарасты Шоқытас ауылында дүниеге келген. Ғалым қазақ фольклорының өзекті тақырыптары жөнінде көптеген зерттеу еңбектер жазды. Отызыншы жылдардың ортасында қазақ аңыз-ертегілерін, эпостық жырларды жинау, жариялау істеріне атсалысты. 1957–1964 жылдары жарияланған «Қазақ ертегілерінің» үш томдығының жалпы редакциясын басқарып, ертегілерді сұрыптау, жүйелеу, ғылыми түсініктемелер жазу мен көрсеткіштер дайындау жұмыстарын атқарды. Е. Ысмайылов 1943 жылы «XX ғасырдың басындағы қазақтың демократиялық әдебиеті» деген тақырыпта кандидаттық, 1957 жылы «Қазіргі ақындардың шығармашылығындағы ұлттық дәстүр» тақырыбында («Ақындар» монографиясының негізінде) докторлық диссертация қорғады.



Қыдырәлі Саттаров (1941–2011) – фольклортанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол *Өзбекстанның Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданына қарасты Ақсақ ата ауылында* туған. *Қазақстанның оңтүстік өңірінен, әсіресе Өзбекстан аумағында, Сырдария мен Әмудария құйылыстары бойында өмір сүретін қазақтар арасынан халық мұраларын жинауға ұйытқы болып, олардың жүйеленуіне, зерттеліп, жариялануына басшылық жасады. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларға жетекшілік етті. Ел арасынан жиналған халық әдебиеті үлгілерін (200-ден аса жинақ) жанрлық тұрғыдан іріктеп, алғы сөзін, мәліметтерін жазып, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырды.*

СУРЕТТІ СӨЗДІК



Айдаһар – мифтік кейіпкер. Көне наным-сенімдер бойынша адамдарға апат әкелуші дүлей күштің иесі саналады. Ол қазақ ертегілерінде елден ауыр салық алып тұратын жалмауыз, алып жылан ретінде бейнеленеді. Ол алапат дауылды үйіріп әкеліп, адамдардың алдын ала дайындап қойған малын, кісілерін тірідей жұтады. Әсіресе жас қыздарды жемтік етіп, тіпті патшаның қызын жемек

болып жұрттың үрейін ұшырады. Онымен шайқасуға бел буған батыр-аңшылар қырық құлаш семсерімен бірге жұтылып, ішіне кіргенде оның қарынын жарып өлтіріп, елін азат етеді. Жекпе-жекте айдаһарды өлтіргенінің белгісі ретінде жонынан таспа тіліп алынады.

Айдаһар әлем халықтарының фольклорында жиі ұшырасады. Олар адамзаттың қас жауы, дүниедегі зұлымдықтың өкілі ретінде бейнеленеді. Қытай, Мысыр, Үнді секілді елдердің халық әдебиетінде аузынан от шашқан, қанатты, төрт сирақты, апатты жаңбыр жауғызып, найзағай ойнататын, елге апат төндіретін алапат күштің бейнесінде көрініс береді.

Алаңғасар мен Арсалаң — қазақ фольклорында көп кездесе бермейтін алыптар бейнесіндегі кейіпкерлер. Олар туралы сюжеттер қазақтардан бөлек татар, башқұрт, удмурт, марш, қалмақ, ноғай халықтарының фольклорында да кездеседі. Прозалық фольклорда Алаңғасарды дәу адам бейнесінде, оның баласы Арсалаң асқан күш иесі және айрықша қырсық адамның кейпінде суреттеледі. Олардың ерекше алып




болғандарын ертегідегі: «Сен тас лақтырып тұр, мен шаһар соға берейін» депті. Арсалаң тас лақтырып тұрды, атасы шаһар соға берді. Арсалаң әр лақтырғанда түйедей-түйедей тас лақтырар еді» деген жолдар айқындап береді. Алыптардың дене тұрпаты қанша зор болғанымен, жүректері нәзік болып бейнеленеді. Мысалы, Алаңғасар тілін алмаған ұлы Арсалаңды қолындағы тоқсан батпан күрзісімен қуып, ұстай алмай, қапалықпен өліп кетеді.



Албасты – кейбір фольклорлық шығармаларда әйел кейшінде берілетін, енді бірінде түлкі бейнесіне енетін, адам сипатынан гөрі демондық сипаты басым, адамға қас дүлей күштің бірі. Албасты – шығыс халықтарына кең танымал мифологиялық кейіпкер. Оның шығу тегін көп ғалымдар этимологиясына қарап түркі халықтарымен байланыстырады. Мұнда «ал» түркі тіліндегі «қол» мәніндегі сөзді білдірсе, «басты» кәдімгі түркі тіліндегі етістік, демек «қолмен басты» деген мағына береді. Қазақ фольклорындағы албасты туралы шығармалар әртүрлі болып келеді. Оларды сараптай келіп, халық прозасында албастының екі түрлі болатынын аң-

ғару қиын емес. Оның бірі – қара албасты да, екіншісі – сары албасты. Қара албастыны ешбір молда не бақсы қашыра алмайды, ал сары албастыны бақсының не болмаса қамшының күшімен қууға болады. Аңыз әңгімелерде қара албасты басқан әйел есін жия алмай қайтыс болады делінеді. Албасты көне мифтік кейіпкер болғанымен, ол туралы наным күні бүгінге дейін жетіп отыр. «Албасты бассын», «Қара бассын», «қара басқыр» деп қарғау, бір шаруа бітпей қалса, «не қара басты» деп ұрысу, ұсқынсыз, жағымсыз, сүйкімсіз, сұмпайы адамды «нағыз албасты екен» деп сипаттау ел арасында әлі кездеседі. Ғалым О.А. Сухареваның пікірінше бұл персонаждың шығу тегі – әйелдердің туу (босану) құдайы, тіпті көнеазиялық Анахита (Венера) құдайының трансформацияға түскен бейнесі. Албастының сыртқы келбетінің құбыжықтануы да оның жоғарғы құдай статусынан айырылумен байланысты деп түсіндіріледі. Көптеген хикаяларда албасты жалбыраған сары шашты, тісі ақсиган, кейде құс аяқты немесе өкшесі теріс қарап тұрған, үстін жүн басқан немесе керісінше, арқа жағы жоқ жалаңаш деп сипатталады. Ол тұлкіден бөлек ит, ешкі сияқты жануарлар кейпін қабылдай алады деген пікірлер кездеседі.

Алтын киік – қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін мүйізі алтын (кейде басы алтын), адамша сөйлеп, қаласа, адамға айнала беретін сиқырлы аң. Көбіне ертегілерде аңда жүрген патшалар мен хан балаларының



алдынан ұшырасып, қуғанда жеткізбей кетеді. Мұндай киікті көрген адам оны қолға түсіруге құмар болады, тіпті, есінен адасады. Шығарма соңында ұстатпай жүрген алтын киік бір патшаның сұлу қызы болып шығады. Мәселен, «Ай астындағы Айбарша сұлу» ертегісінде Айбарша сұлу хан баласының алдынан басы алтын киік бейнесінде кездеседі. Соңында желден жүйрік Қыран Қарақшы деген адамның көмегімен қызды алып, мұрат-мақсатына жетеді. Киік — қазақ ұғымындағы киелі аңдардың

бірі, ол әсемдіктің, сұлулықтың, еркіндіктің символы. Сондықтан фольклорда сұлу қыз бейнесін сипаттауы да осындай қасиетінен туындаса керек.

«**Алтын сақа**» — қиял-ғажайып ертегінің атауы. Қазақта сақа ұғымы асықтың ірісін, салмақтысын білдіргенмен, ауыспалы мағынада жиі кездеседі. Бұған тіліміздегі сақадай сай болу, сақа жауынгер, асығы алшысынан түсті деген сияқты сөз тіркестері дәлел болады. «Алтын



сақа» ертегісінде жалмауыз кемпірдің қолынан қылғынып, өлер халге жеткен бай жаны үшін баласын бермек болып, оны ұстап алудың амалы ретінде алтын сақасын жұртқа тастап кетеді. Сақасын іздеп барған бала жүйрік атының және төбеттерінің көмегімен жалмауыз кемпірден құтылып, еліне аман оралады. Жалмауыз кемпір — фольклортану ғылымында матриархат дәуірінің көрінісі. Ал бала — жаңа өсіп келе жатқан аталық қоғамның белгісі, алтын сақа — ел жақсысы, соны жауыз күштерден құтқарды, елін аман сақтап қалды деген қорытынды жасауға болады.

Аяз би — новеллалық ертегінің кейіпкері. Оның есімі кейінгі ұрпаққа «Аяз би» ертегісі мен «Аяз би, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» дейтін қанатты сөз арқылы жетті. Аяз бидің образы қазақ қоғамындағы қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген жандардың жиынтық бейнесін көрсетеді. Оның түп негізі қарапайым халықтың «елді осындай адам басқарса» деген арман-аңсарынан туындаған. Адамға тән даналық, батылдық, әділдік сияқты жақсы қасиеттердің бәрі де Аяз бидің бойынан табылады. Әділ билеушілер мен қазылар туралы ертегілерде айтушы көбіне шындық өмірде болған, бірақ өте ертеде өткен оқиғаны өзінше шынайы, көркем етіп көрсетуге тырысады. Оның шындыққа

жанасымдылығы нақтылы детальдардың енгізілуі арқылы өрбіп отырады. Шығарманың сюжеті де баршаға белгілі болып келеді және нақтылау үрдісі тындаушысын сендіруге бағытталады. Мұндай иллюзияның бой көрсетуі өткен өмірді әсірелеп көрсету тенденциясынан туған. Аяз би сияқты әділ билеушілер туралы ертегілер — елдің бәрі ақыл мен алғырлыққа бас иетін, даналық пен әділдік салтанат құрып, данышпан халық құрметіне бөленетін қоғамды армандаудан туындаған халық утопиясы.



Бәйтерек — қазақ фольклорында өлілер мен тірілер дүниесін байланыстыратын, тамырымен жерасты патшалығын, діңімен орта әлемді, ал бұтақтарымен аспан әлемін вертикальді түрде жалғап тұратын мифтік ағаш. «Бәйтерек» сөзі — ежелгі түркі сөзі, «бәй» (бай) — «үлкен» дегенді, ал «терек» — «ағаш» ұғымын білдіреді. Демек, екі сөз бірігіп, «зәулім ағаш» деген мағынаны ашады. Ғылымда

оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево) деп те атайды. Әдетте, бәйтеректің түбінде, яғни төменгі әлемде орасан жылан жатады, ал ұшар басында, құстар патшасы тұрады, ұялайды. Бұлардың бәрі мифтік батырдың өмірінде үлкен рөл атқарады. Бәйтеректің бірінші сипаты — адам аяғы баспайтын қиянда, бұлақтың қайнар көзінде өсіп тұруы. Оған жету үшін бас кейіпкердің темір етігі теңгедей, темір таяғы тебендей болып, әбден азып-тозады. Мәселен «Ер Төстік» ертегісінде жер үстіне шығатын есікке дейінгі алты айлық жолдың ауырлығына шыдамай қырылып, Күңке есімді бір күңі мен Шалқұйрық, Ер Төстік үшеуі ғана аман қалады. Бәйтеректің екінші сипаты оның ұшар басында құстың ұясы орналасып, ұяның ішінде шуылдаған балапандардың болуында жатыр. Үшіншісі — Бәйтеректің алыптығы мен мықтылығы.







Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс – ертегілерде ол ұзын сақалы бар, бойы бір тұтам ұсқынсыз шал түрінде сипатталады. Осыған қарамастан, өзінің жойқын күш-қайратымен ерекшеленеді. Оның сыртқы өлшемі қаншалықты кіші болса, адам баласына тигізетін залалы аса ауыр. Мәселен, «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталпаң» ертегісінде оның адам жегіш-жалмауыздық қырына баса мән беріледі. Енді бір ертегілерде адам аяғы баспайтын құлатүзде тұрса, екіншілерінде сусыз құдықтан басталатын тылсым әлемді мекендейді. Оның шапшаңдығы сондай, бір күндік жерге көзді

ашып-жұмғанша жетіп барады. Диюлар сияқты сұлу қыздарды ұрлап әкетіп, өзіне зорлықпен әйел етеді. Жаны кеудесінде емес, басқа жерде сақталады. Аталған ертегіде: «Мына үйде үш пеш бар, сол пештің біріншісінде жаны, екіншісінде кеудесі, үшіншісінде қол-аяғы бар», – деп суреттеледі. Ал «Алтын жүзік» туындысында: «Шалдың сиқыры басында, басынан қатты соққы алғанда ғана шал сиқырынан айырылады» делінеді.

Бозінген – қазақ фольклорының бірнеше жанрында көрініс тапқан киелі жануардың бейнесі. Ол – аналық махаббаттың, мейірімділік пен төзімділіктің символы. Бозінген бейнесі прозалық фольклорда да кездеседі. Мәселен, хайуанаттар жайлы ертегілерде ұзақ жылдар боталамаған бозінгенді, бір жетім баланың кеңесімен кедей кемпір-шалға бақтырады. Ингеннен алтын басты, күміс



бөкселі бота туады. Пайдакүнем адамдар кемпір мен шалды қорқытып, ботасын саттырады. Шығармада анасынан айырылған бота мен ботасынан айырылған інгеннің зары ана махаббатының құдіретін тұспалдап көрсетеді. Кейін бұл сюжет күйге түсіріліп, халық арасына кеңінен тараған. Ол қобызбен орындалады және мұңды әуенімен ерекшеленеді.



Дию — қазақ фольклорына шығыс әдебиетінен енген бейне. Диюлар да пері, жын, шайтандар тәрізді қауымдасып күн кешеді. Олардың өздеріне тән елі, құрған патшалығы болады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында жын, дию, пері — аспан әлемі мен жер беті аралығында өмір сүретін тылсым күш иелері. Фольклорлық шығармаларда олар адамдар секілді тамақ ішеді, үйленеді, өсіп-өнеді, өледі. Еркек диюлар сұлу қыздарды ұрлап әкетіп, зорлықпен некелесіп, жұптық өмір сүреді. Сол себепті оларды екі әлемнің де қасиеттері бар аралық бейнелерге жатқызарлық негіз бар. Кейбір фольклорлық туындыларда дию «жын» деген атаумен де көрініс береді. Мысалы, «Балықшы илә ғифрит қиссасы» дастанында кейіпкердің бейнесі аузынан от шашатын, кеудесі мұнарадай, аяғы үлкен теректей, бойы таудай алыптың бейнесінде көрінеді. Диюлар

сиқырлы күштің иелері болып саналады. Кейде олардың сиқырлы іс-әрекеттері бас кейіпкерді мұратына жеткізу үшін де қызмет етеді. Диюлар адам етімен қоректенбейді және перілер секілді тіршілік әлемінен аулақта күн кешеді. Негізінен диюды демонологиялық бейне түрінде таныған дұрыс. Ол көбіне шығыстық сарындағы қисса-дастандарда кездеседі.

Епті — ертегілерде өзге сиқырлы көмекшілерге қарағанда сиректеу кездесетін кейіпкер. Ол ептілігінің арқасында аса сақ құс — сауысқанның ұясындағы жұмыртқаны байқатпай алмастыра алады. Қазақ ертегілерінде мұндай ептілік қасиет Тазша баланың бойында ғана кездеседі. Кейбір сатиралық сарындағы ертегілерде осындай ептілік ұрылардың бойынан көрініс береді. В.Я. Пропп, С. Қасқабасов сияқты танымал фольклортанушылар қиял-ғажайып ертегілерінің бұл кейіпкерін табиғаттың дүлей күштері елесінің адам қалпына түскен бейнесі деген пікірлер білдіреді. Ертедегі адамдардың түсінігінде осы санаттағы кейіпкерлер табиғат күштерінің, рухтың иелері саналған. Әрқайсысының өзіне тән жеке-жеке мекені бар, олар өз қонысынан аспай, тиісті кеңістікте ғана билік жүргізе алады. Мифтік таным бойынша Көлтауысар — көл иесі, Желаяқ — жел иесі, Таусоғар — таудың



рухани иесі саналған. Ал ертегілерде епті бас кейіпкердің көп көмекшілерінің бірі ретінде ғана көрінеді.



Жалғыз көзді дәу — ертегілерде бас кейіпкердің негізгі қарсыласы ретінде көрініс беретін бейне. Әсіресе, «Жалғыз көзді дәу» ертегіде асқан дүлей күштің иесі образында суреттеледі. Шығарманың оқиғалар желісінде дәу қырық күн, қырық түн ұйқы көрмей, тамақ ішпей, ел шауып, халыққа зорлық-зомбылық жасағандығы баяндалады. Адам жегіш дәудің образы «Ақжан батыр» ертегісінде де кездеседі. Ертегілерде кездесетін мұндай қауіпті дәудің бейнесі Азия халықтарының әдебиетінде де кең тараған көне образ екендігін аңғаруға болады. Оның шығу тарихы сонау қола дәуірінде өмір сүрген адамдардың алғашқы наным-сенімдерінен бастау ала-

ды. Ғылымда жарық дүние құдайлары мен өлілер дүниесі билеушілерінің жалғыз көзді дәулермен болған соғыстары туралы исседондардың дуалистік мифінде кездесетін сюжеттер кейін скиф тайпаларына өтіп, одан еуропа халықтарына тарады деген пікір бар. Е. Тұрсынов: «Батыс пен Шығыс елдерінің көпшілігінде кездесетін жалғыз көзді дәу образы ежелгі түркілердің дуалистік мифінде айтылып, кейін скифтер арқылы гректерге өткен», — деген тұжырым айтады.

Жалмауыз кемпір — ашкөз, тойымсыз кейіпкер. Ол шығармаларда кемпір түрінде берілгенімен, оның адам сипатынан гөрі тылсым күші басым болып суреттеледі. Адамның бойында болмайтын жойқын күштің иесі. Оның көзін жою оңай емес. Г.Н. Потанин «жалмауыз» сөзін түркі тіліндегі «жалмау» және монғол тіліндегі «мангус (могус)» «құбыжық» деген сөздерден құралған десе, Е.Д. Тұрсынов бұл атауды қазақ тіліндегі «жалмай беретін, тойымсыз ауыз» — деген сөздердің бірігуінен жасалған деген пікір айтады. Шығарманың бас қаһарманына қарсы шығатын адам сипатынан гөрі құбыжықтық кейпі басым, қаскөй күштің бірі, атқаратын қызметі жағынан мыстан бейнесімен ұқсас демонологиялық кейіпкер. Оның басты



мақсаты — адамды жеу. Адам жалмауыз үшін қорек көзі болып есептеледі. Сондай-ақ жалмауыз кемпір құбылушылық қасиетке ие. Мәселен, Жалмауыз «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде сұлу қыз түріне өзгерсе, «Алтын сақа», «Алтын топай» ертегілерінде су бетінде қалқып жүрген шикі өкпе болып көрінеді.



Жартықұлақ — ертегілерде бойы бір тұтам болғанымен, қайрат-жігерге толы, елгезек, тапқыр бала ретінде суреттелетін кейіпкер. Оның бойында да басқа ертегілік кейіпкерлерге тән қасиеттер жинақталған. Ең алдымен ол ғайыптан пайда болады. Мәселен, «Құлақ» ертегісінде аңшының әйелі арыстанның құлағына жерік болып, содан 40 құлақ туып, сол құлақтың біреуі жабықта жасырын қалып балаға айналды. Ал «Жартықұлақ» ертегісінде шал мен кемпір бір перзентке зар болып, бұл солардың тілегінен пайда болады. Екіншіден, өзге мифтік кейіпкерлер сияқты жартықұлақтың да жаны сірі, ажалсыз. Ол түйе жұтып қойса да, қасқыр

жеп қойса да аман қала береді. Тіпті қасқырдың ішінде жатып, сыртқы дүниедегі тірліктен хабардар болып отырады. Басынан сан түрлі қиындықтарды өткізсе де, ата-анасына аман-есен оралады. Жартықұлақ — халықтың арман-тілегінен туындаған бейне. Ол өзінің бір-ақ тұтам бойына қарамастан, алға қойған мақсатына қол жеткізіп отырады. Ертегілерде Жартықұлақтың бейнесі арқылы қашанда дүлей қара күшті озық ой мен тапқырлықтың жеңіп шығатыны паш етіледі.

Жезтырнақ — қазақ фольклорында жиі кездесетін, оның көбінде әйел кейпінде суреттелетін, бойында жойқын күші бар, адамға қаскөйлік жасайтын кейіпкер. Ол тау мен тасты, болмаса орманды мекендеп, жұптасып өмір сүреді. Имек жез мұрынды, ұзын жез тырнақты, сұлу жас әйел кейпінде көрінетін жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ — ғаламат қара күш иесі. Оның ащы дауысы жер жаңғыртады. Өзінің айғайымен құстар мен ұсақ хайуанаттарды ажал құштыра береді. Ертегілерде, аңшылар туралы аңыз-әңгімелерде жезтырнақ бейнесі жан-жақты сомдалған. Оның қас дұшпаны ретінде сипатталатын халықтан шыққан батырлардан жезтырнақ үнемі жеңіліп қалып жатады. Ертегілердің көпшілігінде жезтырнақ ұзын бойлы, тырнақтары пышақтай өткір,




елсіз жерді мекендейтін жалғыз әйел бейнесінде суреттеледі. Дегенмен, кейбір ертегілер мен аңыздарда жезтырнақтар адам тәрізді жұптасып өмір сүреді, олардың отбасы, балалары да болады деп баяндалады.




Желаяқ — прозалық фольклордағы сиқырлы көмекшілердің бірі әрі ортаңғы және төменгі әлемдердің шегаралық мекенінде өмір сүретін мифтік бейне. Ертегідегі бас кейіпкердің төменгі әлемдегі жолыққан кедергілеріне көмектесіп, жеңіске жетуіне ықпал етуші. Ғалымдардың зерттеулерінде ол табиғаттың дүлей күштері елесінің адам қалпына түскен бейнесі ретінде қарастырылады. Ежелгі түркілер түсінігінде бұл көмекші кейіпкер табиғат күштерінің, рухтың иесі болып саналады, яғни желаяқ — жел иесі. Сондықтан ертегіде кездесетін көмекші кейіпкерлердің барлығы да осындай ұғымнан туындаған. Оның өзіне

тән шегаралық аймағы болады. Кейіпкер сол мекеннен басқа жерге шыға алмайды, оның билігі сол маңда ғана жүреді. Мәселен, Ер Төстік ертегісіндегі сиқырлы көмекшілер өз міндетін орындап, қайтар жолда алғашқы Төстікке жолыққан жерлерінде қоштасып, қалып отырады. Желаяқ кейде аңқау кейіпкер кейпінде де суреттеледі (кемпірдің алдап ұйықтатып тастауы т.б.). Алайда оның желден жылдам жүйріктігі жеңіске жеткізеді. Желаяқтың ертегілердегі ортақ типтік бейнесі тек жүйріктігін ғана көрсетпейді, ол әрдайым көмекке дайын тұратын ақкөңіл, ақылды тығырықтан жол таба білетін кейіпкердің бейнесінде көрініс береді.

Жын — қазақ фольклорындағы діни наным-сенімге байланысты туындаған бейнелердің арасында ерекше орын алатын, көп қырлы, көп іс атқаратын бейнелердің бірі. Жын діни шығармалардың кейіпкері ретінде шамандық дінде де, мұсылман дінінде де кездеседі. Қазақ бақсылары өз көмекшілерін «жын» деп атайды. Діни наным бойынша жын — пері, періште, шайтан тәрізді адамзат қауымымен қатар өмір сүретін, көзге көрінбейтін сиқырлы күшке ие болған тіршілік иелері. Жындарда екі рухани әлемнің қасиеттері бар. Олар да перілер тәрізді мұсылман және кәпір жындар болып екіге бөлінеді. Халық наным-сенімінде адамдар жындарды көрмегенімен, олар адамдарды көріп тұрады. Алайда оларды кейбір иманы, ислами білімі күшті адамдар көруі мүмкін деген пікір қалыптасқан.





Көк бөрі — түркі халықтарының мифтерінде кездесетін тотемдік образ. Халық арасында шығу тегін қаншық қасқырдан тарататын бірнеше аңыз бар. Көк бөріні тотем тұту қырғыз, қарақалпақ, өзбек халқының ғұрыптық фольклорында да жан-жақты көрініс береді. Қазақ халқының танымында көк бөрі көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздық символы, ерліктің тұлғасы болып табылады. «Өмірдегі жақсылықтың бәрі Тәңірінің нұрынан таралады, нұр — тіршіліктің бастауы» деп түсінетін халық үшін адалдық, әділеттілік, шыншылдық, қайсарлық тәрізді асыл қасиеттердің нышаны да көк бөрі болған.

Оғыз қағанның түсінде көктен жарқыраған сәуле құйылып, сәуледен көк бөрі бейнесінің сомдалуы тегін емес. Өзге аңыз бойынша бір кездері құт дарыған түркі даласын қара түнек басып, құзғындардың мекеніне айналыпты. Сонда Құдайдың құдыретімен иесіз далаға көк бөрі келіп ауыр жараланған ер баланы қан сасыған сайдан тауып алып, бағады. Кейін ержеткен соң осы қасқыр мен баладан ержүрек түркілер тарағаны баяндалады. Қазақ фольклорындағы көк бөрі бейнесі жас сәбилерді асырайды, қиын-қыстау кезеңде көмекке келіп, тығырықтан шығар жолды көрсетеді. Тұтастай халықтың ілкі ата-бабасы болып саналады және жеке адамның нағуалы — жебеуші пірі болып есептеледі.

Көк өгіз — жаратылыс туралы түсінікке негізделген діни наным-сенімнен туындаған мифтік бейне. Тәңірлік дүниетаным бойынша табиғат құпияларына табыну, көк аспанды, аспан түстес жан-жануарларды культке айналдыру жағдайында дүниеге келген, жаратылыстың бастауы туралы сыр шертетін ғажайып кейіпкер. Ол жердің жаратылуы туралы прозалық фольклорда ұшырасады. Соның бірінде: «Көк өгіз Жасаған жер мен көкті ең алғаш жаратқанда, әуелі айнадай дөңгелек, жерді тебінгідей төртбұрыш, жалпақ етіп жаратқан екен. Кейін бұлар бірте-бірте өсіп, үлкейе беріпті. Сонан соң Жасаған жерді көк өгізге көтертіпті. Бірақ жалпақ жер көк өгіздің арқасына тоқтамай, ауытқып, аударылып, төңкеріліп, қалтылдап, толқи беріпті. Мұның салмағын теңгеру үшін төңіректің төрт бұрышына талдарды әкеліп орнатып, тау мен жазықты реттеп, бекітіпті. Сонымен жалпақ жер көк өгіздің арқасында аумай-талмай тұратын



болған екен». Көк өгіз туралы сюжеттердің көпшілігі осы сарынға құрылған. Мұндай наным әлем халықтарында кең тараған. Тек бұл сарындағы мифтердің бірінде жерді көк өгіз көтеріп тұрса, енді бірінде кит, алып балық, тасбақа т.б. аңдар көтеріп тұрады. Мұндай тотемдік сананың жарқыншағы қазақ фольклорының жұмбақ айтысы тәрізді жанрларынан да қылаң береді. Мәселен, «Есентай мен қыз Болық» айтысында «Қара жерді көтерген немене» деген сауалға «мүйізімен жерді тіреп тұрған алып бір көк өгіз» деп жауап беріледі. Мифті арнайы қарастырған ғалымдар әлемнің жаралуы туралы мифтерде кездесетін типологиялық сарындардың бірі ретінде осы көк өгізді атайды.

Көлтауысар — қиял-ғажайып және батырлық ертегілерде кездесетін бас қарманның жеңіске жетуіне жәрдем беретін мифтік кейіпкер. Ертегілердегі көмекші кейіпкерлердің өздеріне тән жеке-жеке өнері бар. Олар кездескен кедергіге қарай сиқырлы қасиеттерін жүзеге асырып отырады. Сондықтан Көлтауысар да кедергі болған көлдің суын сіміріп алып, достарына жол ашады, алыс жолды жақындатады, өрт ішінде қалған серіктерін құтқарады. Бас кейіпкерге адал қызмет етіп, оқиғаның ең қызық, аса қауіпті, өте шиеленісті сәттерінде көмек қолын созып, жағымды әсер қалдырады. Ертегіде Көлтауысар, Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар сияқты ілкі кейіпкерлер бір-бірінен ажырамайды, әркім өз кезегінде ерекше қасиеттерімен танылады. Зерттеушілер ертегідегі бұл кейіпкерлерді табиғаттың дүлей күштері елесінің адам қалпына түскен бейнесі екендігін айтады. Ертедегі ұғым-түсінік бойынша Көлтаусар — тылсым күштің, рухтың иесі. Оның да өзіндік мекені бар, сол межеден аспайды. Қызметі аяқталғаннан соң өз мекенінде қалады және өз кеңістігінде ғана билік жүргізеді. Мифтік таным бойынша көл иесі болып саналады.



Қаңбақшал — қазақ ертегілерінде кездесетін ұнамды кейіпкерлердің бірі. Ол көбіне әділдікті жақтаған, сол жолда өзінің тапқырлық қасиетін қару ете білген типтік бейне ретінде суреттеледі. Сатиралық мазмұндағы «Қаңбақшал» ертегісінің бірнеше нұсқасы кездеседі. Бірақ ол нұсқалардың қайсысында болмасын Қаңбақшалдың бейнесі өзгермейді, тек жағымды болмысымен көрініс береді. Ол — сырт көзге дәрменсіз, бірақ алдыартын ойлап іс-әрекет ететін, келешегін болжай алатын, қысылғанда жол табатын, көреген, өзінің


адал еңбегімен күнін көріп жүрген қарапайым еңбек адамы. Сондықтан Қаңбақшал образы — жас ұрпақты қарапайымдылыққа, ақылмен адал еңбек етуге тәрбиелейтін, танымдық мәні аса маңызды бейне.



Қарадәу — ертегі кейіпкері. Ертегіде Қарадәуді: «Ол бір құлағын жамылып, бір құлағын төсеніп жатып күзетеді екен. Қарадәу айғайлағанда мал тұрмақ, құрт-құмырсқа да ол маңайға жоламайды екен», — деп суреттейді. Бұндай дәулер негізінен адам етімен қоректеніп, елсіз тау мен тасты мекендейді. Адам аяғы баспайтын және оның қолына түспейтін дүниені күзетеді. Түрлі дәулермен салыстырғанда Қарадәу ең қауіптісі болып табылады. «Еділ — Жайық» эпосында екі батыр — Еділ мен Жайықтың бірін-бірі түсінде көруі, бірге сапарға аттануы, жолда аңдармен кездесуі, Жезтырнақ, Қарадәу сынды қаскөй күштермен болған арпалысы жан-жақты баяндалады.

Бас кейіпкерлерге Қарадәу кедергі болып, арада үлкен күрес басталады. Жайық пен Қарадәудің айқасы әділдік пен зұлымдықтың майданы іспетті. Қарадәудің кескіні қорқынышты болып суреттеледі. Дәудің «Қарадәу» аталуын сыртқы бітімінен бөлек оның адамға деген қара ниетімен де байланыстыруға болады.

Қожанасыр — түркі халықтарының прозалық фольклорына ортақ кейіпкер. Ол туралы қызықты оқиғалар мен күлкілі әңгімелер аса қарапайым болғанымен, түйінінде астарлы мағына, тұспалды мән, ащы мысқыл жатады. Әсіресе анекдоттық туындылардың көпшілігі Қожанасырдың есімімен тығыз байланысты айтылады. Қожанасырға қатысы жоқ ертегілердің, аңыздар мен әңгімелердің өзі оның есіміне таңылып, соның көркем образы арқылы халық арасына кеңінен таралып отырады. Сырт



қарағанда оның бойынан аңғалдық мінез, тым қарапайым болмыс көрініс беріп тұрғанымен, асқан данагөйліктің, үлкен ақыл-парасаттың сипаттары сезіліп тұрады. Қожанасырды халықтың сүйікті қаһарманы еткен де осы ішкі еркіндігі мен сабырлы рухы. Қазақ халық прозасында да Қожанасыр бейнесіне жақын келетін Алдаркөсе, Тазша бала, Жиренше шешен т.б. сияқты кейіпкерлердің кездесетіні белгілі. Қожанасырға

қатысты әңгімелер қазақ фольклорына еніп, қалыптасып, дамыған тұсында оған ұқсас, мазмұндас ұлттық туындылардың көпшілігі трансформацияға ұшырап, оның атына таңылып кетті деуге толық негіз бар.

Қу түлкі – хайуанаттар туралы ертегілерде жиі кездесетін кейіпкер. Ол көбіне залым, алаяқ, қу, айлакер, ақылды болып та бейнеленеді. Қу түлкі әдемі, еліктіргіш, өзін қорғансыз және әлсіз етіп көрсете алады. Қалағанына жету үшін өзінің барлық айла-тәсілдері арқылы алдауды, азғыруды қолдануға дайын. Ертегілерде түлкі жағымсыз кейіпкердің рөлін атқарады, ол жағымды кейіпкерден айласын асыруға тырысып, ақыры өзі құрбан болады.



Мыстан кемпір – қазақ фольклорында мыстан мен жалмауыз кейде аражігі ашылмай біртұтас кейіпте көрініс береді. Бірақ фольклорлық туындыларға терең үңілгенде, мыстан мен жалмауыздың екі бөлек образ екені айқын аңғарылады. Мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, аузы опырайған, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнесіндегі озбыр. Бойында тылсым күші жоқ, бірақ айла-шарғысы мен қулық-сұмдығы басым. Бірақ қиындықсыз-ақ көзін жоюға болатын, көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер. Оның жалмауыздан ерекшелігі –

адамға жақын бейне екендігі. Алып бара жатқан ерекше қасиеті мен сиқыры болмаса да, өзінің дегеніне кісіні алдау, арбау арқылы жетеді. Мыстанның адамға тән екінші қыры – пендешілігі, дүниеқоңыздығы. Дүниеге қызығып, жауыз жандардың ығында жүреді. Сондықтан ол матриархат дәуірінен бері эволюциаланып келген небір айла-шарғы тапқыш зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандық үшін жұмсайтын жиіркенішті образға айналған фольклорлық кейіпкер болып саналады. Мәселен, «Мұңлық – Зарлық» жырында Шаншар ханның Қаншайымнан туған бір ұл, бір қызын көре алмаған алпыс қатынның жұмсауымен екі нәрестенің көзін құртуға араласады. «Ер Төстік» ертегісінде де Желаяқпен бірге жаяу жарысқа түскен мыстан оны айламен жеңбекші болады. «Ұшархан» ертегісіндегі мыстан да қулықпен күн кешкен айлакер әйел кейпінде суреттеледі. Ал «Алпамыс батыр» эпосында Тайшық хан алып кеткен жылқыны қуып келе жатқан Алпамыс батырды күшімен, болмаса сиқырымен емес, айласымен арбап қолға түсіреді.



Перілер — адамзатқа құпия тылсым дүниемен байланысты бейнеленетін эпостардың, халық прозасындағы хикая жанрының кейіпкерлері. Ай десе, аузы, күн десе, көзі бар, тал бойында бір міні жоқ сұлу бойжеткен сипатындағы сиқыр иелері. Олар негізінен орманды жерлерді, болмаса елсіз құла түзді мекендейді. Перілер — адамға дос та, қас та емес, аралық бейнелер. Олар адамзатқа көрінбей, бұл дүние мен ол дүние аралығындағы тылсым әлемде өмір сүреді. Қазақ жырларында да, шығыстық дастандарда да басты кейіпкер перінің қызын түсінде көріп, не суреттегі сұлу дидарын көріп ерекше ғашық болады. Көбіне олардың шаштары ұзын, дене бітімі сұлу, терісі аппақ және ұшатын қанаттары

болады. Фольклорлық туындыларда перілер бір қауым ел ретінде суреттеледі және олардың өмір сүру салты да адамзатқа ұқсайды. Олар — бір көргеннен ғашық қылатын ғажайып әсемдіктің иесі. Адамға ешбір зиян келтірмей, тылсым дүниеде өз бетінше тіршілік етеді. Адамға жолығып қалса, онымен шарт қоя отырып некелеседі. Ал шарты бұзылған жағдайда құсқа айналып, артына қайырылмастан көзден ғайып болады.

Саққұлақ — ертегідегі бас қаһарманға көмекшілік рөл атқаратын төменгі әлемдегі мифтік бейне. Оның өнері жерасты немесе жер үстіндегі болып жатқан оқиғаларға тікелей байланысты. Қажет кезінде бас кейіпкерге көмек қолын созып, оған жол сілтейді, алдынан кедергі келтіретін зұлым күштердің қастандық әрекеттерін алдын ала ескертіп, аман қалуына және арман-мұратына жетуіне ықпал етеді. Ертегілерде кездесетін Саққұлақ пен Қарадәудің бейнелерінде ұқсастық бар. Бірақ Қарадәу өзінің ерекше қасиетін зұлымдық әрекеттер үшін пайдаланатын болса, Саққұлақ күш-қайратын жақсылық жасау мақсатында жұмсайды. Бірінде құбыжықтық сипат, екіншісінде дегдарлық қасиет басым. Ертегіде Саққұлақ бас кейіпкерге үнемі жолда жолығады. Белгілі бір уақыт аралығында ғана оқиға сюжетінде көрініс беріп, нақты қызметті атқарғаннан кейін оқиғадан сырт қалады. Бас қаһарманға белгілі уақытта, межеленген мекенде ғана кездесіп, үзеңгілес жүріп тиісті жәрдемін көрсетеді. Қайтар жолда бастапқы мекенінде қалып қояды. Осы белгілеріне қарап, бұл сиқырлы көмекшіні көне ұғымдағы аруақтың трансформацияланған көрінісі деуге болады.





Самұрық — құс сипатындағы екі басы бар, бір қанатын жайғанда бір айшылық жерге жететін, қанатының екпіннен жел соғып, көз жасы жерге жауын болып құйылатын, жауына сұсты, сиқырлы зооантропоморфтық бейне. Шамандық түсінік бойынша әлем үш бөліктен тұрады. Жер бетін адамдар мекен етсе, жер асты мен аспанды адамға дос рухтар мен қаскөй

күштер мекен етеді. Нақтырақ айтқанда, бірінші бөлік — аспан — Тәңірі тұрағы; екінші бөлік — жер — адамдар мен сиқырлы киелердің мекені, үшінші бөлік — жер асты — зұлым күштердің қонысы. Осы үш әлемді байланыстырып тұратын зооморфты бейнелердің бірі — самұрық. Қай шығармада болмасын, самұрық ұясына қайтып келе жатқанда алдымен қатты дауыл тұрып, дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, жаңбырмен қабаттаса суылдаған дауыс естіледі. Ертегіде дауыл алып құстың қанатынан тұрған жел, жаңбыр — балапандарын жоқтап жылаған құстың көз жасы деп түсіндіреді. «Ер Төстік» ертегісінде: «Самұрықтың екі басы бар екен: бір басы адамдікіндей, бір басы құстыкіндей екен. Самұрықтың адам басы Төстікке тіл қатады», — деген үзіндіден самұрық бейнесін анығырақ елестетуге болады.

Тазша бала — сатиралық ертегілердің басты кейіпкерінің бірі. Тазша бейнесі өзбек, татар, қарақалпақ, түрікмен, хакас, бурят, монғол халықтарының фольклорында да кездеседі. Тазша баланың сыртқы кейпі ұсқынсыз, кейде тіпті жиіркенішті болғанымен, ішкі дүниесі терең, ақылға бай. Ертегілердің соңында мұратына жетіп, ойлағаны орындалып отырады. Қазақ халық прозасында «Қу тазша», «Ақылды тазша», «Айлалы тазша», «Тазшаның қырық ауыз өтірігі», «Хан қызы мен тазша» т.б. ертегілер сақталған. Оның бәрінде тазша өзінің ақыл-парасатының, тапқырлығының арқасында түрлі қиын-қыстау жағдайдардан сүрінбей өтіп, жеңіске жетеді. Өзі сіңірі шыққан кедей, жетім болса да, мансапты, бай адамдармен ымырасыз күреске түсіп, халық алдында олардың кемшілігін бетіне басып, мазақ етеді. Сондықтан да фольклордағы тазша бейнесін әділетсіздікке, зұлымдыққа қарсы тұрып, күншілдік, сараңдық, қызғаншақтық сияқты теріс мінездерді әжуалайтын, халық даналығы мен шешендігін бойына сіңірген типтік кейіпкер ретінде бағалауға болады.





Таусоғар — қиял-ғажайып ертегілер мен эпостық жырларда кездесетін алып күш иесі. Ол — көне мифтік түсінік бойынша «төменгі әлем» мен «орта әлемнің» шегаралық мекенінде өмір сүретін мифтік бейне. Таусоғар жерасты дүниесінің алыптарымен шайқасып, ертегі қаһармандарының жеңіске жетуіне көмек көрсетеді. Ол — негізгі қаһарманды мақсат-мұратына жеткізу үшін қиын жолда кездесетін сиқырлы кейіпкерлердің бірі. Таусоғар «Ер Төстік» ертегісінде жылан Бапы ханға Темір ханның қызын әкеліп бермек болып жолға шыққан Төстікке кездеседі. Ертегіде жұрттан асқан алып, жердің үстінде де, астында да оған шақ келетін адам кездеспей, қайраты бойына сыймағандықтан, тауларды көтеріп ермек қылатын дәу бейнесінде суреттеледі. Таусоғар «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісінде де ұшырасады. Ежелгі наным бойынша әр заттың өз иесі бар деген сенім болғандықтан, Таусоғардың бейнесі тау иесі болып саналады және есімі биік тауларға байланысты айтылады. Таусоғардың Толағайдан ерекшелігі оның өзге әлемде өмір сүруіне қатысты көне мифтік ұғымдарымен байланысты.

Ұр, тоқпақ! — ел арасында кең тараған сатиралық ертегінің бірі. Ертегінің «Ұр, тоқпақ!» атауы ертегі мәтінінде кездесетін сиқырлы таяққа байланысты аталған. Ертегінің оқиға желісі егде тартқан қария аңшылық құрып қазды ұстайды. Аңшылықпен күнелтіп жүрген қарт тұзаққа түскен қазды бәйбішесіне апармақ болғанда қаз адам кейіпіне



еніп, тіл бітіп, босатса, арманын орындауға серт береді. Күнкөрістің қамымен жүрген аңшыға қаз ханзадасы өз сарайына апарып қонақ қылып, өздігінен түрлі тамақ пісіретін сиқырлы қазан сыйға тартады. Сый-сияпатқа бөленген ол ауылына келе жатып жолай шаршауын басу үшін көрші ауылға тоқтайды. Сол ауылдың сотқар ұлдары қарияның қарай тұрындар деп қалдырып кеткен сиқырлы қазанның сырын ұққандықтан орнына өз қазанын ауыстырып қояды. Шаршауын басып, ауылға жеткен қария үйіне келген соң қазанның сиқырлығы жоқ екенін аңғарып, қайтадан қазға


барады. Қарттың көңілін қайтармай, қаз ханзадасы алтын құсатын сиқырлы есек береді. Бастапқы қазанын алдырғандай қария бұл жолы есектен айырылады. Үшінші рет келген қариядан мән-жайды анықтап білген қаз сиқырлы тоқпақ береді. Жолдағы сотқарлар сиқырлы тоқпақтан сыбағаларын алып, қариядан кешірім сұрап, барлық сыйды қайтарып береді.



Ұшқыш кілем — ерте замандағы адам баласының әуеде ұшу жөніндегі қиялынан туған мифтік көлік. Ол кілеммен ертегі кейіпкерлері кез келген жерге ұшып бара алады. Ұшқыш кілем иесінің немесе оның үстінде отырған адамның бұйрығымен ұшады және қалаған жеріне қонады.

Мұндай кілем шығыс халық әдебиетінде де, орыс фольклорында да жиі кездеседі. Олардың кейбірінде сиқырлы кілем, өзге тылсым әлемге де ұшып бара алады. Бұл ұшқыш кілемдердің барлығы да бірнеше күндік, айлық, тіпті жылдық қашықтықтағы жерлерге көзді ашып-жұмғанша жеткізетін көлік ретінде суреттеледі. Ұшқыш кілем — адамзаттың әуеде ұшу көлігін ойлап табуға деген талпыныстарының негізінде дүниеге келген қиял мен ойдың жемісі. Мәселен, «Төрт дәруіш және ұшқыш кілем» ертегісінен ежелгі адамдардың алыс жолды жақындатуға, өзге әлемге сапар шегуге, дүниені танып-білуге деген арман-аңсары айқын аңғарылады. Кейде перілер патшасының адамзат тұрағына сапарлайтын, керісінше өзі иелік ететін әлемге адамдарды жеткізу үшін пайдаланатын көлік құралы ретінде сипатталады. Ұшқыш кілем туралы оқиғалар қиял-ғажайып ертегілерде молынан кездеседі.

Үш дәу (үлкен дәу, ортаншы дәу, кіші дәу) — адамға қастығы да, достығы да айқын байқала бермейтін аралық бейнелер. Қазақ ертегілерінің көбінде дәулер үш ағайынды туыс ретінде суреттеледі. Бұлар «Қаңбақшал» ертегісінде де кездеседі. Дәулер — сиқырлы күштен гөрі



қара күштің иелері. Олардың атқаратын қызметі екі сипатты болып келеді, яғни бір сюжетте олар жақсы қасиеттерге ие болып, адамға көмектеседі, ал екінші бір сюжетте олар адамға қарсы күш ретінде бейнеленеді. Қазақ ертегілеріндегі Дәу алып денелі болғанына қарамастан, аңғал, ақымақ, үнемі өзгелердің арбауына түсіп қалатын ашықауыз болып сипатталады. Олардың образын жинақтап айтқанда, дене бітімдері ерекше дәу жаратылғанымен, ебедейсіз, аңғал, зиянсыз, о бастағы мифтік мазмұндардан бастау алатын кейіпкерлер деуге негіз бар.



Шайтан — жын кейпіндегі мифологиялық бейне. Бірақ бұл екі бейненің атқаратын қызметі мен көркемдік сипаты жағынан айырмашылығы бар. Жын да — шайтан сияқты адамзат қауымымен қатар өмір сүретін тылсым әлемнің кейіпкері. Бірақ ол өзінен қасиеті басым түсетін адамға көмекшілік қызмет атқарады. Жын — шаман дініндегі басты кейіпкерлердің бірі болса, шайтан бейнесі қазақ фольклорына мұсылманшылықпен бірге енген. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында жын-шайтан бейнесі қатар қолданылғанымен, жында ұнамдылық сипат басым, шайтан тек ұнамсыз қырынан көрінеді. Халық прозасында көбіне басында мүйізі бар, аяқ-қолы тұяқты, ұзын құйрығы бар, адамнан кішілеу, екі көзі мысықтың көзіне ұқсайтын мақұлық бейнесінде суреттеледі. Құранда «ібіліс» деген атпен беріліп, оның оттан жаратылғаны сипатталады. Халық арасында шайтан лас жерді, күл-қоқысты мекендейді, тура жолмен жүрмеген адамды иектейді деген наным бар. Шайтанның бойында да басқа фольклорлық кейіпкерлер сияқты құбылушылық қасиет бар. Бірақ ол қай бейнеге енсе де, антропоморфтық қасиеттерінен айырылмайды. Көзге көрінбейді, көрінгеннің өзінде жан-жануарлардың, адамның кейпінде байқалады. Қазақ ертегілерінде, әсіресе, Алдаркөсе туралы шығармаларда шайтан бейнесі жиі кездеседі. Олардың қайсысында болмасын, шайтан бас кейіпкерден жеңіліп, мазақ болып, күлкіге ұшырап отырады. Жақсылық пен жамандықтың мәңгілік күресінде адамнан жеңіліс тауып, әрқашан дәрменсіз халге душар болады. Сол себепті ақымақ, сұрықсыз кейіпте суреттеледі.


Шойынқұлақ — ертегідегі екі әлемнің шегарасын күзететін ұнамсыз кейіпкер. Ол жалмауыз кемпірдің жалғыз ұлы, алып қара күштің иесі ретінде суреттеледі. «Ер Төстік» ертегісінде перінің қызы Бекторы Төстікті қолға түсіру мақсатында Шойынқұлаққа жер асты патшалығынан жер бетіне шығатын жолды күзеттіреді. Төстікпен алысқанда күші басым түседі. Өйткені оның жаны тәнінен бөлек жерде сақталады. Төстік самұрық құстың ақылымен Шойынқұлақтың жанын бейнелейтін тоғыз балапанды қолға түсіріп, басын жұлып қана жеңіске жетеді. Қазақ фольклорында дәулер бейнесіне тән трафареттік қасиеттер кездеседі.

Шойынқұлақ — ертегідегі екі әлемнің шегарасын күзететін ұнамсыз кейіпкер. Ол жалмауыз кемпірдің жалғыз ұлы, алып қара күштің иесі ретінде суреттеледі. «Ер Төстік» ертегісінде перінің қызы Бекторы Төстікті қолға түсіру мақсатында Шойынқұлаққа жер асты патшалығынан жер бетіне шығатын жолды күзеттіреді. Төстікпен алысқанда күші басым түседі. Өйткені оның жаны тәнінен бөлек жерде сақталады. Төстік самұрық құстың ақылымен Шойынқұлақтың жанын бейнелейтін тоғыз балапанды қолға түсіріп, басын жұлып қана жеңіске жетеді. Қазақ фольклорында дәулер бейнесіне тән трафареттік қасиеттер кездеседі.



Дәулер жалмауыздың баласы, әкесі немесе күйеуі болып келеді. Олар адамның аяғы тимеген жерлерді мекендейді, асқан күш иесі болғандықтан, жанын оңайлықпен бере қоймайды. Көп ертегілерде жолаушыны алдап құрығына түсіретіні болмаса дәулермен екі араны бітістіретін дәулердің шешелері туралы сөз қозғалады. Фольклортану ғылымында дәулердің шешелері ежелгі матриархат дәуірінен қалған белгілер деген пікір-пайымдар айтылып жүр. Осы трафареттік қасиеттердің бәрі Шойынқұлақтың да бойынан табылады.

Шықбермес Шығайбай — үйіне ешкімді қондырмайтын, қондырса, дәм бермейтін, тіпті тастан да қатты сараң, өзі тойса да, көзі тоймайтын кейіпкерлердің типтік бейнесі. Сатиралық ертегілерде Шықбермес Шығайбай образы Алдаркөсе есімімен қатар суреттеледі. Көбінде Алдардың Шығайбайдан қулығын асырып, оның бермес затын алдап алғаны туралы баяндалады.



Ібіліс — халық шығармашылығында адамдарды Алланың ақ жолынан тайдырып, күнәға ұшыратқандықтан, көктен қуылған періштелердің бірі ретінде суреттелетін кейіпкер. Оның бұйрығын орындаушылар оттан жаралған шайтандарға теңеледі. Дінтанушылардың пікіріне қарағанда,

«Ібіліс о баста Құдайға көп құлшылық етуінің арқасында періштелік дәрежеге жеткен, еткен тағат-ғибадатының қарымына орасан зор ғылым мен білімді иеленіп, періштелерге дәріс берген. Соңында осынша терең біліміне мастанып, топырақтан жаратылған Адам атаға сәжде жасамаймын деп Алланың әмірінен бас тартып, лағынет қамытын киген, тозақ отына күйеу жазасына кесілген. Ол Құдайдың жаратылыстарын жек көреді, сондай-ақ Құдіреті шексіз Құдайға қарсы тұруды ұнатады». Қазақ фольклорында ібіліс үнемі адамдарға жамандық ойлап, тура жолдан тайдыруға талпынатын жағымсыз кейіпкер ретінде бейнеленеді.

Бижомарт Қапалбек,
филология ғылымдарының кандидаты

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Ертегілер. — Қазақ әдебиетінің тарихы, Т. 1. Фольклор. — Алматы, 1948.
 2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 73: Хайуанаттар туралы ертегілер. — Астана: Фолиант, 2011.
 3. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 74: Қиял-ғажайып ертегілер. — Астана: Фолиант, 2011.
 4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 75: Батырлық ертегілер. — Астана: Фолиант, 2011.
 5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 76: Новеллалық ертегілер. — Астана: Фолиант, 2011.
 6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 77: Сатиралық ертегілер. — Астана: Фолиант, 2011.
 7. Бегалин А. Бәйтерек // Қазақ халқының эпостық жырлары, тарихы мен дәстүрлері. Алматы: — ЖШС «Интерпринт». 2013.
 8. Дала уәлаятының газеті. — Алматы, 1989.
 9. Диалектологиялық сөздік. — Алматы, 2007.
 10. Диваев Ә. Тарту. — Ташкент, 1924.
 11. Дүзелханов А. Альбом. Алматы: "Өнер", 2005.
 12. Елқазынасы — ескі сөз. Құраст.: Б. Уахатов, С. Қасқабасов, К. Матыжан. — Алматы, 1994.
 13. Казахские народные сказки. Т. 1 — 3. — Алма-Ата, 1971.
 14. Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. — Алма-Ата, 1972.
 15. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. Т. I. — Алматы, 2008.
 16. Қазақ ертегілері. Т. 1 — 3. Құраст.: Е. Ысмайылов, Б. Адамбаев, Б. Ысқақов, Б. Уахатов, Г. Сұлтанғалиева. — Алматы, 1957 — 1964.
 17. Қазақ ертегілері. 2-бөлім: — Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2009.
 18. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2008.
 19. Қазақ фольклортануының тарихы: XVIII — XXI ғасырдың басы. — Алматы, 2017.
 20. Қазақ фольклорының поэтикасы. — Алматы, 2001.
 21. Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.
 22. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Ертегілер. Т.1 — 4. — Алматы, 1988 — 1989.
 23. Қазақ халық ертегілері. Құраст.: О. Қанафин, З. Сәнік. — Шыңжаң халық баспасы, 1980.
 24. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984.
-

25. Құлжабасы сілемінің жартас өнері. А. Сәдуақасұлы, Б. Железняков, Л. Херманн. Фотоальбом / қорық-музей «Таңбалы». - Алматы: «Жамыл» басп. - 2017. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде.
26. Мори ауданының аңыз ертегілері. — Іле, Іле халық баспасы, 1999.
27. Сауан ауданының аңыз-ертегілері. — Іле: Іле халық баспасы, 1994.
28. Турсунов Е. Д. Генезис казахской бытовой сказки. (В аспекте связи с первобытным фольклором). Алма-Ата, 1978.
29. Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері. Құраст.: С.А. Қасқабасов, Е.А. Костюхин, Н.С. Смирнова, Е.Д. Турсунов. — Алматы, 1979.
30. Алтын киік. <https://ozornik.net/wp-content/uploads/2018/06/Zolotaya-antilora.jpg>
31. Алтын сақа. https://www.zharar.com/uploads/posts/2020-07/1594644576_saka.jpg
32. Аяз би. https://ds05.infourok.ru/uploads/ex/0e12/00034261-54fa4014/hello_html_54660f21.png
33. Бозінген. <https://bilim-all.kz/uploads/images/2019/11/05/400x276/36f3fee036718e562ca4b3af2e84fda.jpg>
34. <https://kk.wikipedia.org>
35. Ұшқыш кілем. <https://data.atomiyme.com/image/b372993370100e9b.jpg>
36. Шықбермес Шығайбай. https://fsd.multiurok.ru/html/2018/10/28/s_5bd5c1378a755/979961_2.jpeg
37. Ібіліс. <https://i1.wp.com/fb.ru/misc/i/gallery/22718/698377.jpg>

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжает издание 10 томов «Антологии Степного фольклора», которая является частью программы «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»), предложенной Первым президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым в програмной статье «Семь граней Великой степи». Ключевым моментом этой статьи явилось поручение издать антологию «Тысяча лет казахского фольклора и музыки», с наиважнейшей воспитательной целью — показать молодому поколению истоки духовного богатства народа.

Результатом этого начинания и является издание антологии избранных образцов казахского фольклора.

В седьмой том антологии вошли лучшие образцы жанра сказки, одного из самых распространенных образцов казахского фольклора, истоки которого — в народной прозе, в древних мифологических представлениях человека о мироздании, в охотничьих рассказах и повествованиях, в дидактических поучениях и наставлениях. Сказка как жанр в процессе эволюционного развития вобрала в себя и сохранила важнейшие особенности жанрового содержания и структуры. Сказки сохранили и донесли до современного читателя и исследователя картины прошлой жизни, передавая образно моральные и духовные ценности, присущие каждому этапу развития общества, особенно кочевой цивилизации.

Значительное внимание в сказках уделено картинам жизни Казахского ханства, во времена которого жанр сказки стал неотъемлемой частью народной литературы и развивался в тесной взаимосвязи с другими фольклорными жанрами, представляя единую систему фольклора.

Среди ученых сформировались разные мнения об особенностях и видах данного жанра. В ходе составления и редакторской подготовки данного тома была избрана классификация казахской сказки, предложенная академиком С.А. Каскабасовым, общепризнанная и получившая в свое время поддержку ведущих ученых-фольклористов и экспертов. Это сказки о животных, волшебные, героические, новеллистические и сатирические сказки.

Структура тома выстроена согласно требованиям, поставленным перед изданием десяти томной «Антологии степного фольклора». Тексты сказок сверены с оригиналами рукописей, устранены ранее допущенные ошибки при чтении рукописных текстов на арабском и латинском алфавитах, приведены в соответствие с оригиналом допущенные в предыдущих изданиях редакторские правки.

Поскольку антология адресуется студенческой молодежи и широкому кругу читателей, составители сочли необходимым вместо встречающихся нецензурных слов ставить многоточия либо брать их в квадратные скобки. В том включены научные объяснения и толкования непонятных и малоизвестных иностранных слов (на арабском, фарси, русским и других языках). При описании разновидностей сказочного жанра широко привлекались труды С.А. Каскабасова.

В Приложении к данному тому даются краткая характеристика поджанров, биография собирателей и фиксаторов фольклора, Словарь с иллюстрациями образов главных сказочных персонажей, библиография. Включены фотоснимки и иллюстрации.

Подготовлены также электронный и аудио варианты тома, с этой целью для звукозаписи текстов были приглашены известные артисты и дикторы страны. Специальный штрих-код доступа помещен на обложке книги. Электронная версия книги размещена на известных сайтах и вебпорталах.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues publication of 10 volumes of the "Anthology of Steppe Folklore", which is part of the "Rukhani Zhagyru" ("Spiritual Revival") program, proposed by the First President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in the program article "Seven Facets of the Great Steppe". The key point of this article is the assignment to publish the anthology "Thousand Years of the Kazakh Folklore and Music", which has the most important educational goal - to show the origins of national spiritual wealth to the young generation.

The result of this activity is publication of the anthology of selected patterns of Kazakh folklore.

The seventh volume of the anthology includes the best patterns of the fairy tale genre, which is one of the most widespread patterns of Kazakh folklore, which origin roots back in folk prose, in the ancient mythological ideas of human about the universe, in hunting stories and narrations, in didactic lessons and instructions. In the process of evolutionary development the tale as a genre has absorbed and retained the most important features of the genre content and structure. Tales have preserved and conveyed the pictures of the past life to the modern reader and researcher, figuratively conveying moral and spiritual values inherent in each stage of development of society, especially nomadic civilization.

Considerable attention in the tales is paid to the pictures of life of the Kazakh Khanate, during which the genre of tales became an integral part of folk literature and developed in close relationship with other folklore genres, representing a single folklore system.

Scientists have formed different opinions about the features and types of this genre. During the compilation and editorial preparation of this volume, the classification of the Kazakh tale, proposed by academician S.A. Kaskabassov was chosen, and is generally recognized and supported by leading scientists, folklorists and experts. These are tales about animals, fairy, heroic, novelistic and satirical tales.

The volume is structured in accordance with the requirements for publication of the ten-volume "Anthology of Steppe Folklore". The texts of the tales have been verified with the original manuscripts, previous mistakes in reading handwritten texts in Arabic and Latin alphabets have been eliminated, editorial amendments made in previous editions have been brought in line with the original.

Since the anthology addresses young students and a wide range of readers, the compilers found it necessary to put ellipses or brackets instead of common obscene words. The volume includes scientific explanations and interpretations of obscure and little-known foreign words (in Arabic, Farsi, Russian and other languages). The description of the varieties of the tale genre are based on the works of S.A. Kaskabassov.

The Appendix to this volume includes brief description of the subgenres, biography of collectors and recorders of folklore, Dictionary with illustrations of images of the main tale characters, and bibliography. Photographs and illustrations are included.

Electronic and audio versions of the volume are also prepared, for this purpose well-known artists and presenters of the country were invited to record the texts. A special access barcode is placed on the cover of the book. The electronic version of the book is available on well-known sites and web portals.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан.....	7
Хайуанаттар туралы ертегілер	11
Қарлығаштың құйрығы неге айыр?	12
Бөдененің құйрығы неге қысқа?	14
Мысық неліктен тышқан жейді?	14
Ит неліктен ырылдайды?	15
Қоянның құйрығы қалайша шолақ?	16
Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды?	17
Қасқыр неге ұлиды?	18
Ит пен мысық адамға қалай үйренді?	18
Ит пен мысық неге араз?	20
Суыр сұңқар, су қайда?	21
Әтеш пен тоты	22
Жылқы мен бұғы	22
Сүлеймен патша мен байғыз	23
Сауысқан мен көкек.....	24
Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан	25
Түлкі мен бөдененің жолдас болуы	27
Залым түлкі	30
Ақымақ қасқыр	31
Қырық қасқыр, екі ешкі	32
Қасқыр мен лақтар	33
Қартайған арыстан	34
Айлакер қоян	35
Тапқыр қоян.....	36
Мақта қыз бен мысық.....	36
Құмырсқаның қанағаты	37
Қарға баласын «апшағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер	38
Бозінген	39
Ботаның кешірмесі	49
Домбырашы теке.....	50
Қошқар мен теке.....	52
Кім неден күшті?	61
Торғай мен адам	61
Қотыр торғай	62
Ұлар мен қарға	63
Қиял-ғажайып ертегілер	69
Жүсіп мерген.....	70
Алтын құс пен сұр қасқыр.....	72
Алтын сақа.....	78
Арзы саудагер.....	80
Жылан қабықты жігіт	85
Әуезханның қырық ұлы	91
Асан батыр	94
Сұрмергеннің ажалы	95



Сиқырлы тас	97
Күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құс	101
Көк сиыр	107
Адам болған жылан	112
Майлықарашаның ертегісі	120
Күн астындағы Күнікей қыз	123
Алтын жүзік	128
Түс көрген патша	131
Қасқыр мен жігіт	134
Бекболат	141
Қаратай	145
Алтын жүзікті қыз	149
Ай астындағы Айбарша сұлу	151
Жақсылық пен Жамандық жолдас болған	157
Аққоян	160
Ұшар ханның баласы	163
Жеті өнерпаз	173
Патша мен бүркіт	175

Батырлық ертегілер..... 183

Ер Төстік	184
Керқұла атты Кеңдебай	207
Жерден шыққан Желім батыр	213
Желкілдек	216
Әлібек батыр	229
Байғұлан	239
Құламерген	245
Нан батыр	246
Көкжан батыр мен айдаһар	251
Тотан батыр	256
Ақжан батыр	259
Боз атты Боран батыр	261
Қараүйрек	263
Аламан мен Жоламан	268
Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталпаң	271
Делдаш батыр	278

Новеллалық ертегілер 291

Аяз би	292
Қыпша	303
Қарға Шаһизат	314
Минуар мен Бибәтима	318
Мұңсыз хан	326
Бай мен диуана	329
Бала патша Алдияр	333
Жас баланың сапары	336
Мұңлық-Зарлық	343
Жетім Қапшас	348
Опасыз молда	357
Сүлеймен мен диқаншы	362



Ат бағушы құл.....	364
Жомарт.....	367
Уәзір мен шал.....	374
Тұрсынханның үш ұлы.....	375
Әуеде қаз қаңқ етті.....	377
Ғылманның өнері.....	380
Ақылды етікші.....	381
Сатиралық ертегілер.....	385
Ұры.....	386
Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек.....	387
Момынбай мен жеті қарақшының хикаясы.....	389
Ұр, тоқпақ.....	394
Шайтандардың Алдарға кез келуі, шайтанмен соғысуы.....	396
Шайтан мен Алдардың айтысқан сыры.....	405
Қойшы мен шайтан.....	407
Шал Шияз.....	409
Еріксіз балгер.....	411
Бақа.....	414
Халықтың көз жасы.....	420
Алсабермес пен Берсеқоймас.....	421
Қаңбақшал.....	423
Төрт ұры.....	424
Ұрының қолы.....	424
Қырық ақымақ.....	426
Сараңның сазайы.....	427
Ақылсыздың сазайы.....	428
Шықбермес Шығайбай мен Алдаркөсе.....	430
Алдаркөсе мен Қу бала.....	432
Жүз ауыз өтірік айтқан тазша.....	434
Құтайба өтірікші.....	436
Таз, жалақ, сулы көз — үшеуінің жолдас болуы.....	443
Жазасын тартқан айлакер.....	444
Жинаушылар туралы мәлімет.....	448
Суретті сөздік.....	460
Әдебиеттер.....	479
Резюме.....	481
Summary.....	482



ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН



ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ

7-ТОМ

ПРОЗАИЧЕСКИЙ ФОЛЬКЛОР
СКАЗКИ

(на казахском языке)

Утверждено Ученым советом Института литературы и
искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай
Корректор Ө. Әбдішүкірұлы
Компьютерде терген Е. Сманова
Аудио мәтінді оқығандар:
С. Жақан, А. Сериков, Ж. Толғанбай, Д. Есимбеков, Г. Тутова.
Аудио мәтінді дайындаған Е. Елгезек
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 02.11.2020 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70 × 108 ¹/₁₆. Көлемі 30,5 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды